84.7Коп
Г21 и

Габриэль Гарсиа
МАРКЕС

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛҒЫЗДЫҚ



Габриэль Гарсиа
МАРКЕС

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

"Елорда"
Астана - 2002

84.7Кол.

ББК ~~84(0)~~
~~М 21~~ Г21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Маркес Габриэль Гарсиа.
М 21 Жүз жылдық жалғыздық. Роман.
Аударған Кенес ЮСУП.
Астана: Елорда, 2001. - 432 бет.

ISBN 9965-06-103-3

Адамзатты айырықша толғандырып отырған проблемаларды көркем тілмен кестелеп, аңыз бен ертегіні бүгінгі өмір шындығымен шебер үштастыра білген колумбиялық көрнекті жазушы Габриэль Гарсиа Маркеске "Жүз жылдың жалғыздық" романы үшін 1982 жылы Нобель сыйлығы берілген.

Кітапты орыс тілінен аударған белгілі жазушы, аудармашы Кенес ЮСУП. Аталмыш кітап қазақ тілінде "Жалын" баспасынан 1985 жылы жарық көрген, екіншi рет басылып отыр.

37363

М $\frac{4703000000-114}{450\ (05)-01}$ -01 ББК 84 (0)

012

ISBN 9965-06-103-3 © Маркес Габриэль Гарсиа, 2001

КЕСТЕЛІ СӨЗ, КЕСЕК КЕСКІНДЕР

Габриэль Гарсиа Маркес! Бұл есім бүгінгі күні бүкіл әлемге әйгілі десек, асылық емес. Бұған жазушыға 1982 жылы әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының берілуі айғақ. Ол бұл атаққа ие болған Колумбиядағы тұңғыш, ал Латин Америкасындағы төртінші жазушы. Оған дейін дүние жүзіндегі ең айтулылар қатарында осы әдеби жүлдені Чили ақындары Габриела Мистраль мен Пабло Неруданың, гватемала жазушысы Мигель Анхель Астурнастың иемденгені мәлім.

Сыйлық лауреаттарының есімдері аталғанда, бұл хабарды әркімнің әр түрлі қабылдары хақ. Дәл бірақ Габриэль Гарсиа Маркеске осы атақ берілді дегенде таңырқағандар, біздің ойымызша, болмауға тиіс. Өйткені, оның творчествосымен азды-көпті таныстығы бар адамға бұл хабардың тосын естілмесі айдан анықты. Майталман жазушының заманымыздың аса көрнекті ақыны, абзал жүректі азамат Пабло Неруда "ең тамаша роман" деп баға берген бір ғана "Жүз жылдық жалғыздық" туындысын қолына алғандардың өзі бірі таңданған, бірі тамсанған, енді бірі күйінген, енді бірі сүйінген, баз біреулері кіжінген, бірақ та самарқау қалған адам болған емес. Онымен таласуға болар, бірақ қай-қай құбылысты да тамырынан тартатын терең толғанысын, жан-жүйесімен жазған астарлы жолдарын табан асты ету, жазушылық шеберлігін шет қақпай қылу қиын. Ал енді бұл сөзімізге романның он миллион дана болып басылып, 32 тілде сөйлеуінің өзі жақсы куә. Бір кітабының басына ғана бақыт құсы қонақтай қойса бірсәрі, қаламынан туған дүниенің бәрі тегіс жұрттың аузының суын құртып жүргені тегін бе? Мысалы оның "Ел ағасының еңкейген шағында" романына атақ-даңқын жаһанға жайған "Жүз жылдық жалғыздықтан" жоғары баға бергендер де көп, немесе "Боларын күні бұрын бәрі білген бір өлімнің тарихы" романын алыңыз. Ол да барлық құрлықтағы көзі ашық адамдардың жүрек қылын тап басқан дүниеге айналып отыр.

Сонда ізгі ойлы адамзат баласының осы жазушының туындыларына деген ыстық ілтипатының сыры неде, себебі неде? Габриэль Гарсиа Маркес дегеніміз кім?

Жалпақ жұртты аузына қаратқан Габриэль Гарсиа Маркес алтын мен зүбәржатқа әлемдегі ең бай ел — Колумбияның

солтүстігіндегі Аракатака деген шағын селенде 1928 жылғы 6 наурызда дүниеге келіпті. "Жыл сайын наурыз туа селеннің шетіне жалаңаш-жалпы сыған тобыры келіп шатырын тігетін" (романнан). Әйгілі романының оқиғаларын жазушының тура осы айдан бастап өрістетуінің сыры да осында ма екен, әлде? Мұндайда және амалсыздан картаға қарайсың. Оның кіндік қаны тамған жерін іздейсің. Журналистер де, сыншылар да бірауыздан: "Жүз жылдық жалғыздық" романының оқиғалары негізінен осы төңіректе өрбиді, жазушының "Макондо" деп отырғаны сол "Аракатака" деседі.

...Оңтүстік пен Солтүстік Американы жалғастырып жатқан жіңішке "мойынның" астын ала, бір шеті Тынық Мұхитқа, бір шеті Кариб теңізіне қарай құлап Колумбия жатыр. Міне, романда айтылатын әйгілі Риоача. Бірақ Аракатака жоқ. Мейлі, картада болсын, болмасын, бірақ бұл араның табиғаты, жері, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, жазушының туып-өскен ортасы романда сайрап жатыр. Оны оқушы қауым бірден көз алдына елестетеді. Аспан айналып жерге түскендей аптабы, айлап көз аштырмай шелектеп құятын нөсері, қара-қошқыл теңіз... Бәрі де осында.

Жазушының анасы Луиса Сантьяга Маркес де Гарсиа бірде интервью бергенде, ұлы туралы былай деген екен:

– Ол да басқа балалардай өсті, көп жүгіріп, көп ойнағанды жақсы көретін. Ал үзақты кеш бойы атасы полковник Геринельдо Маркестің алдына отырып алып, оны-мұны сұрастырып ауыз жаппайтын. Сөйлеп отырып, сурет салатын. Сонда да суреттері тәп-тәуір болып шығушы еді.

Журналистердің айтуынша, анасы өзін әлемге танымал жазушы ұлының творчествосына үлкен ықпал жасадым деп санайды екен. Мұның жаны да бар сияқты. Шынында да, Луиса Сантьяганың ертелі-кеш балаларына айтып берген ертектері мен аңыздары Маркестің сыншылар айтатын "тылсым реализмінің" түтқасы болып жүрмесіне кім кепіл. Сонымен бірге ана өзінің екі жазушы ұлы – Габриэль мен Элихионың үй-ішінің, көрші-қоланның төңірегіндегі көрген-білген жайттарды жазып қойып, ел-жұрттың алдында ұятты қылып жүргенін де жасырмапты. Жазушының айтуынша, жиырма бес жыл бойы анасы Колумбияның терістігінде өздері тұрған қалашықта болған бір оқиға туралы жазуға рұқсат етпей келіпті. Ақыры, анасының ақ батасын алғаннан кейін барып "Боларын күні бұрын бәрі білген бір өлімнің тарихы" романын жариялайды.

Ол балалық шағын, өндір кезін атасының үйінде өткізді. Оның өткен соғыс жайлы естеліктерін, әжесінің шытырман қорқынышты оқиғаларға, елестер мен аруақтарға толы

ертектерін, анасының аузынан испан, үнді мен африкан аңыздарын тыңдап өседі. Сірә, оны заң ғылымын зерттеуден бойын аулақ салғызып, қолына қалам ұстатқан бірден-бір себеп те осы тәрізді. Он жеті жасында тұңғыш әңгімесі жарияланған Габриэль Гарсиа Маркес алпысыншы жылдардың басына дейін журналистикамен шұғылданды. Боготадағы "Эль Эспектадор" ("Шолушы") либералдық газетінің, содан кейін кубалық Пренса Латина баспасөз агенттігінің тілшісі ретінде әлемнің біраз елдерін аралап, сан қилы оқиғалардың куәсі болды. Ол Вьетнамнан, Анголадан, Кубадан талай саяси репортаждар жазды.

Жазушының өз пікіріне келсек, ол баспасөзде жасаған қызметіне дән риза. "Кейбір сыншылардың газеттегі жұмысы менің тілімді қысқа қайыратын қасаң етіп жіберді деуі бекер. Қайта оқушыны әңгімелеп отырған жайыма иландыратын біраз әдіс-тәсілдерді меңгергенім соның арқасы. Жазушының қалай жазам десе де еркі, тек оқушыны өзіне сендіре білуі керек. Ол үшін газетшінің әдіс-тәсілдерін қолданғанның еш ерсілігі жоқ" – дейді жазушының өзі.

Габриэль Гарсиа Маркестің кинода да бақ сынап байқағаны бар. Сонау 1954 жылы "Эль Эспектадордың" Европадағы тілшісі бола жүріп ол Римдегі Эксперименттік Кинематография орталығының жанындағы сценаристер курсын тәмәмдайды. Содан кейін араға жеті жыл салып Мексикаға барып үш жылдан аса уақытын сценарийлер жазуға сарп етеді. Алайда уақытым текке кетті деп налып отырған жазушы жоқ. Әр жер-әр жерде жарияланған пікіріне қарағанда, қайта бұл шаруа жазушылық шеберлікті шыңдауға көмектесті, роман жазуға мүлде бел шешіп кірісуге себеп болды деуге бейіл.

Сөйтіп, жазушы Аракатакадан Макондоға, "Жүз жылғы жалғыздыққа" – өзіне атақ-даңқ әперіп, жер басып жүрген қырық жылының ішінде тұңғыш рет "ертеңгі күні не ішем, не кием" деген қам-қайғыдан арылтқан алғаш кітабына қарай дұрыс бағдар алып, беттеп келе жатты. Бірақ бұл оңай жол болған жоқ. Журналистерге берген бір интервьюінде Маркес: "Жүз жылдық жалғыздық" романын жазуға он жеті жасымда кірістім. Алайда, төрт кітабым жарық көргеннен кейін ғана оны жазуға әлім жетті"– деген екен. Ал енді романның жазушы қырықтың қыркасына көтерілгенде ғана жарық көргені белгілі. Демек, бұл жазушы оған от кешіп, су жалдап, ел кезіп, жер шарлап жетті деген сөз. Оң-солын танып, орасан мол рухани, адамгершілік, саяси тәжірибе жинақтап барып кірісті деген сөз.

Романның бас-аяғы, желісі жазушы көкірегінде әбден қайнап, жетіліп піскен кез – 1965 жыл. Сонда Маркес сценарий жазуды да доғарып, журналистиканы да жайына қалдырып, тас

бекініп жазу үстелінің қасына отырады. Сол бетінде ол бір жарым жыл бойы белін жазбай, таңғы тоғыздан күндізгі үшке дейін, демалыс жоқ, мереке-мейрам жоқ, машинка басады.

Бұл туынды алдымен 1967 жылы аргентиналық "Судамерикана" баспасында жарық көрді де, содан бұл кітап Испанияда, Латын Америкасы елдерінде үсті-үстіне қайтадан басылып келеді. Сол сол екен, теңіздер мен мұхиттардан асып басқа құрлықтарға жол шекті. Небір құдыретті көркемсөз шеберлерінің уәлі аузынан жазушы талантына тамсанып танырқаған, тамашалаған пікірлер жауып кеткенін де айтқан жөн.

Ендігі жерде Габриэль Гарсиа Маркестің жұмыр жердің түкпір-түкпіріндегі тілі басқа, тіршілігі басқа, түсінігі де, түйсінуі де сан алуан халықтардың көкірегіне тіке жолды таба білуінің сыры неде деген сауал туады. Ойлап қарасақ, мұның жауабы осы сауалдың өзінде жатыр екен. Байсалды байлам жасаған адамға байтақ жер кең екен де тар екен, оны мекен еткен жандардың түсі өзге болса да жүректегі ақ тілеуі мен армان-мүддесі талай тұста түйісіп жатады екен. Міне, Маркестің құдыреті де сол бір аспан астындағы адамдардың көкейіндегі көксеген ең қастерлі сезімді, ізгі ниетті тамыршыдай тап басуында.

Бірде Нобель сыйлығын алғаннан кейін Габриэль Гарсиа Маркеске журналистер мынадай сұрақ береді:

— Сізге бұл сыйлық жазушы ретінде берілді ме, әлде саясатшы ретінде берілді ме?

Бұған Маркестің қайтарған жауабы:

— Мен бұл екеуінің арасында ешқандай айырмашылық көріп отырғаным жоқ. Біздің заманымызда жазушы болу деген сөз — саясатшы болу деген сөз. Өйткені шындықты жазудың өзі — үлкен де маңызды саяси акт.

Маркес творчествосының кілті, міне, осында. Расында да, тәуелсіздік пен демократия жолында империализмге қарсы қалам сілтеп келе жатқан жазушы АҚШ империализмінің Орталық Америкадағы қаскөй әрекеттерін әрқашан батыл айыптап келеді. Чилидегі әскери хунтаның атына лағнет айтқан Маркес революцияшыл Никарагуаны қолдап, Сальвадор мен Гватемаланың патриоттарына дем беріп, талай жалынды мақалалар мен репортаждар жазды. Оның әдеби шығармалары да оның берік азаматтық позициясын, адамға деген ілтипатын, гуманизмін бейнелейді. Жер бетіндегі миллиондаған адамдардың сүйіспеншілігі мен ынта-ықыласын өзіне аударған да жазушының шығармаларының бетінен мен мұндалап тұрған шыншылдығы, оның әлемнің әр түкпірінде болып жатқан оқиғаларға адам ретінде, азамат ретінде үн қосуы, аса ірі толғақты мәселелерді биік парасат тұрғысынан көркем кестелеуі еді.

"Біздің әдебиетіміздің тарихында тұңғыш рет Колумбия романы шын мәніндегі ұлттық, халықтық шығарма ретінде күллі адамзатқа ортақ рухани қазына қатарына қосылып отыр". Бұл жолдардың иесі – колумбиялық сыншы Альваро Дельгадо.

Оның атақты романға берген осындай бағасына қарсы дау айту қиын. Талай халықтарға ортақ проблемаларды толғай отырып, Габриэль Гарсиа Маркес оның бәрін де туған топырағына тән суреттер, елінің туған халқының тағдыры арқылы әдіптейді. "Жүз жылдық жалғыздық" – кең ауқымды, сан қырлы шығарма, астары қалың, аңғары көп туынды. Оның идеялық маңызы, көркемдік ерекшеліктері туралы талай-талай зерттеулер, мақалалар жарық көріп жатыр. Сондықтан да оларға пәлендей еш нәрсе алып-қосу қиын. Сол себепті де романды кеңінен талдауды әдебиетші сыншылардың еншісіне қалдырып, Маркестің өз сөзімен айтқанда "ең жақсы оқушы – аудармашы" ретінде көкейге ұялаған бірді-екілі пікірімізді ғана айта кетпекпіз.

Ең алдымен, романдағы жалғыздық, оқшаулық проблемасы. Бұл да Маркес ойдан шығарып отырған проблема емес. Мұндай тақырып Колумбия әдебиетінде Маркеске дейін де таңсық емес екен. Байқап отырсақ, Хосе Эустасио Ривераның атақты "Иірім" романында да жалғыздық үлкен әлеуметтік қасірет ретінде суреттелген. Мұнда каучук жинаушыларды тілмен айтып жеткізуге болмайтын айуандық езгі, оның адамды мәңгіртіп, жалғыздыққа, оқшауланға итермелейтін әсері жан-жақты суреттелген болатын. Бертінде бұл проблема Эдуардо Кабальеро Кальдеронның шығармаларында да көрініс тапты. Табиғат жағдайы мен ауа райы құбылмалы, жиі-жиі алмасып жататын жерде, жартылай феодалдық қатынастар дамыған, капитализммен сіңісіп кеткен ірі өнеркәсіптік қалалар шағын, шаруашылығы шайқалған мекендермен қатар қонған елде бұл да тарихи алыптасқан ұлттық белгі емес пе? Жалғыздықтың адам жанын тоздырар мерездерін бір семьяның тарихы арқылы мүшелеп, асыл шыны арқылы көрсеткендей бадырайтып бейнелеп берген жазушы бірлікке, теңдікке, елдікке үндейді. Жалғыздық, оқшаулық дегеніңіз –әлеуметтік теңсіздік орын алып, адамдар сай-сайда, адамдарша бас қосу, күш біріктіру, пікірлесу, араласусыз өздіөзімен болып кеткен жерде, сөз жоқ, төбе көрсететін індет. Әсіресе, бұл Латын Америкасы үшін айрықша маңызы бар мәселе секілді.

Романдағы үлкен бір тақырып – соғыс тақырыбы. Оны да Колумбия топырағы туғызып отыр. Мәселен, шығарманы аудару үстінде таусылып бітпейтін бұл неткен соғыс деген оймен "Елдер мен халықтар" аталатын ғылыми-көпшілік, географиялық-этнографиялық басылымға көз салған едік.

"Капитализмнің Колумбиядағы дамуы әрдайым ірі жер иелерінің табан тірескен қарсылығына кезігіп отырды. Колумбия тарихына тән толып жатқан төңкерістер, азамат соғыстары (олардың ұзын саны 70-тен астам), бүліктер, міне, осыдан келіп туып жатты. Бүкіл XIX ғасырдың өн бойында және XX ғасырдың бірінші жартысында мұнда ірі жер иелерінің мүддесін қорғаған консерваторлар мен капитализмнің дамуына серпін берерлік реформалар жүргізуді талап еткен либералдар арасындағы кескілескен күрес бір тынған емес.1899-1902 жылдардағы консерваторлар мен либералдар арасындағы "мың күндік" азамат соғысы кезінде ғана 100 мыңнан астам колумбиялық қаза тапты". Біздің пікірімізше, полковник Аурелиано Буэндианың отыз екі соғысының төркіні осылайша ел тарихынан, нақтылы шындықтан өрбиді.

Соның тағы бір дәлелі ретінде, ақыры, мыңдаған бейкүнә адамдардың қанын төгумен тынған банан дүрбелеңін алайық. Бұл да тарихи шындыққа толығынан сай. Өткен ғасырдың аяғында Колумбияға сыналап кіріп, Магдалена өзенінің аймағындағы плантацияларда банан өсіріп, ел байлығын сүліктей сорып, арзан жұмыс қолын аяусыз қанаған солтүстік американдық "Юнайтед фрут комани" компаниясының оқиғасы бірден ойға оралады. Мұнда да бәрі түп-тура Маркес жазғандай болған екен. 1928 жылғы 12 қарашада адам айтқысыз ауыр жұмыс пен төзгісіз түрмыс халіне ашынған жұмысшылар кәсіподақтардың басшылық етуімен өндіріс қожайындарына бірсыпыра заңды талаптар қойып, ереуіл жариялайды. Мұның ақыры немен тынғаны романнан белгілі. Вокзал алаңына алдаусыратып жұмысшыларды жинап алып, жан-жағынан сытылып шығатын саңылау қалдырмай қоршап тастайды да, әдейі әкелінген әскерлер кәрі-жас демей мыңдаған адамдарды қырып салады.

Шығармада сонымен бірге жазушы тозудың, азудың көрінісін бейнелеген кезде қызыл құмырсқа мен тарақанды қаптатып қоя береді. Буэндиалар әулетінің соңғы тұяғы шығармада қызыл құмырсқаға жем болады. Мұның сыры, жасырары жоқ, көпке дейін беймәлім деректерге ұшырастым. Галапагос аралдарында, мысалы, ғалымдар төңіректегі тірі және өлі табиғатты қатар жалмап, түк қоймай келе жатқан пәлекетті — кішкентай қызыл құмырсқаны қалай құртудың амалын таба алмай әлекке түсуде көрінеді. Ал енді жалғыздық дертіне шалдыққандардың мұндай пәлекеттер алдымен жерін тоздырып, мекенін жалмап, соңынан өздеріне ауыз салмасына кім кепіл.

Рас, романда киял-ғажайып өлкесіне қарай көбірек ойқастайтын сәттер көп. Алайда, солардың көбі, менің пікірімше, жазушының айтпақ ойын неғұрлым өткірлеп, оқушы санасына сыналап енгізу үшін қолданып отырған әдеби айла-тәсілдері сияқты. Басынан бастайық.

Хосе Аркадио Буэндианың қолынан қаза тапқан Пруденсио Агиляр күнде келіп, өзін ол дүниеге аттандырған жанның мазасын алады. Бұл — әдеби тәсіл ғана. Адам қанын мойнына жүктеген адам асқан аяр, жауыз болмаса, әсіресе Хосе Аркадио Буэндиадай кісілігі, адамшылығы біреуден кем емес, абайсызда арын қорғаймын деп, қата тимей бата тиіп, кісі өлтірген жан тыныш ұйқтай алмаса керек. Ол ар сотының азабын тартады. Бұл арада әжесінің "аруақтар жайлы, елестер туралы" қорқынышты әңгімелерін тыңдап өскен жазушының өз тәжірибесін пайдалануының несі сөкет. Немесе Ребеканың ата-анасының сүйегін жерге табыстамай тыныш таппайтынын бейнелейтін түстарды алайық. Мұнда да талай халықтар мен тайналар тоғысқан елде туған сан-түрлі нанымдар мен сенімдерді халықтың рухани дүниесін суреттеп отырған жазушының қолдануы заңды. Қаламгердің әдейі гротескіге барып отырғаны айдан анық. Мұнысы әр жолдың өзінен шаң беріп қалады. Солай бола тұрса да, ол шындық әлемінен бір сәт қия басып, ауа жайылған емес.

Мынадай бір дерек. Бір әлеуетті, күн нұрына малынған самал желдің ақ жаймаға ілестіріп, әсем Ремедиосты көкке көтеріп әкететін түсты алып көрелік. Осыған орай жазушының былай деп мәлімдегені бар: "Аргентинаның оңтүстігіндегі бір оңаша Комодоро Ривадавиа деген жерде терістіктен соққан жел тұтас циркті көтеріп алып кеткені бар. Ертеңінде балықшылар теңізден балық орнына арыстандардың, жирафтардың, пілдердің өлексесін ұстаған болатын. Оңтүстік Америка секілді ғажайыптар өлкесінде, көкке үшып кетудің несі қиын". Жазушы сөзінің астарында әзіл жатса да, айтпағы шындықтан алыс емес еді. Ақиқатында Әсем Ремедиос секілді күнәдан пәк періште жанға бұл жалғанда орын жоқ. Еркек кіндікті бір жан ешбір пасық пиғылсыз, мекерліксіз, шын көңілмен құлай сүйгенде, оның жерде қалары күмәнсіз еді деген астарлы ой түйеді жазушы.

Байқап қарағанға жалғыздық та Буэндиалар әулетінің пешенесіне жазылып қойған зауал емес. Хосе Аркадио Буэндиа мен Урсула Игуаран — орасан зор рух иелері. Біреуін кейінгі ұрпағы тамшын түбіне байлап қойса, екіншісін қуыршақ етіп ойнайды. Бұл не? Ата мен Ана дәстүрінен безгендік пе? Әлде, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті жоғалтқандықтан ба? Ал, бұлардан айрылған адам тамырынан солған ағаш сияқты қурамай тұра ма?

Демек, Буэндиа әулетінің оқшаулығы үлкен әлеуметтік дүмпулердің салқыны сияқты. Гүлденіп, көркейіп келе жатқан мекенге коррехидор келді, ізінше шіркеу жетті. Азамат соғысы шарпыды. Банан дүрбелеңі басталды. Әйтпесе, Буэндиалар бойындағы күш-қайраты енді өрбіп келе жатқан ұрпақ емес пе еді. Соғыс. Оның лаңы үлкен. Ол алдымен осы әулеттің екі ада-

мын бәрінен де жүрдай етті. Полковник Аурелиано Буэндианы тік жоғары көтеріп алып, қайтадан төмен тастап, сүле науқас етті. Қарапайым тірліктің қуаныш-қайғысынан айырып, сүйегіне дейін ызғар қарып тұратын рухани дертке ұшыратты. Басында әділет іздеп, қолына қару ұстаған қайратты азамат атақ-даңқтың дақпыртына былғанып, ел қамын, ел мұратын бөлек қалдырып, асқақтап, қара басының қамымен кетті.Солай болуға тиіс-ті. Өйткені, оның о баста биік мұраты, айқын мақсаты болмаған. Жазушы оны талшын түбіндегі әкесінің сүлбесін көрмейтіндей жадау, ізгі қасиеттен жұрдай күйге түсіреді. Сондай-ақ Хосе Аркадионы түтқындауға келген офицер де, ол да соғыстың қан-жынына былғанған адам, Мелькиадестің бөлмесіндегі басқа лепті аңғармайды.

Ал, полковниктің шаруақор, іске ыждағатты он жеті ұлын компанияның қамын күйттеген жалданды жаналғыштары бірақ түнде жер жастандырды. Сойтіп, бұл тармақ үзілді.

Оның ағасы Хосе Аркадио мен баласы Аркадио да азулы адамдар болатын. Олар да мезгілінен бұрын қас күштердің көріне ұшырады. Атақ пен күлкынның құрбаны болды. Ал енді бұлардың ұрпағы Екінші Хосе Аркадио мен Екінші Аурелиано тағдырына да сырт күштер ықпал етті. Екінші Хосе Аркадио вокзал басындағы қырғынның ішінде болып, маңдайы тасқа тиіп, өнбейтін тірлікті күйттеп кетті. Екінші Аурелиано. Бойында оміршең күш мол осы әулеттегі бір жан осы еді. Ол да тағдыр сандалтқанда, оқшау қалған, өлезі болып құрып бара жатқан әулеттің қызына үйленіп, өз ұрпағының болашағын қырқады. Дәлірек айтсақ, күні өткен кертартпа, жасанды, адам бойындағы оміршең күштерді бұғаулайтын тар түсінік иесі, жалған намыстың құлы, таңдап алған қосағы Фернанда дель Карпио оның тұқымын құртады...

Роман бастан-аяқ үлкен гуманистік нұрға бөленіп тұр. Аурелианодай азаматтың соғыстың салдарынан азуы, вокзал маңындағы қырғын, қазақ оқырманына анайылау көрінетін махаббат оқиғалары – мұнда бәрі-бәрі де айқын астар мен орасан зор сүйіспеншілікпен, адамға деген ыстық ықыласпен суреттелген. "Бұл бес сезіммен бірдей" жазылған дүние. Жазушы бірде ызамен, бірде нәзік сезіммен, бірде келемеждеп, бірде құлай сүйіп құрметпен тогілте жазады. Сойтіп отырып, оқырманын жүректе мың сан сезім туғызатын бір әдемі күй тыңдап отырғандай халге жеткізеді.

Романның байыбына бармай, бетінен қалқыған оқушыға анайылау әсер беретін тұстары да жоқ емес. Несін жасырайық, аудармашыға да алғашында жазушының адамзат баласына тән асыл сезім-махаббатты әңгімелеген парақтары ерсі көрінгені рас. Содан үңіле келе, жазушының таптаурын, стереотип атаулыны

тәрк етіп, өз көзқарасын төтеннен тартып, өзінше, өзіндік өрнектермен бейнелейтін қас талантқа тән бедерлі ойларын ұғына келе, басқаша пікір қалыптасады. Жазушы гуманизмнің айрықша алау беретін сәттері де осы жер. Қай нәрсені де қайшыластыра жер мен көк, шың мен шыңырау арасындағыдай әдейі алшақтатып ширықтыра суреттейтін жазушы мұнда да осы әдісінен айнымайды.

Романда махаббаттың сан көрінісі бар. Ақ сүйек тәрбие бойына сіңірген, шарттылық шырмауынан шыға алмай, табиғи сезімін тұмшалап, соның салдарынан дертті болған, ішінен шыққан перзенті Мемені шырылдатып сүйгенінен айырған кіді Фернанда дель Карпио, семья құруға құдіреті жетпей, табиғатқа бас июден тайсақтап, дүниеге келгендей пәк күйінде баз кешкен Амаранта Буэндиа, асыл жар болуға жаралып, арманда өткен кішкене Ремедиос, көкірегінде алаулаған махаббат кілтін ашатын көңілі кіршіксіз бір еркек кіндік табылмай көкке үшып кететін Әсем Ремедиос... Осы образдарды жасағанда жазушы табиғат берген құдіретті сезімнің қадір-қасиетін білейік, қастерлеп өтейік деген ой түйеді.

Пилар Тернера образы қызық. Буэндиалардың өшіп-жанып түрған ошағына май тамызып, маздатып жіберіп отыратын да осы зинақор әйел. Жазушы карта ашып, қалаулысын тосып, көңілі қартаймай аласұрып жүз жасаған әйелдің бір қарағанда тұрлаусыз, тұрақсыз тірлігін үлкен мейіріммен, жүрек жылуымен суреттейді. Буэндиа ошағының отын өшірген Фернанда дель Карпиоға қарағанда ол әлдеқайда биік. Махаббат машақатына таңдаусыз, талғаусыз бойлады екен, оған кінә қойма! Өскен ортасы, әлеуметтік ортасы кінәлі, адамның тәнін де, жанын да сата беретін қалта билеген әлеуметтік құрылыс кінәлі. Анау балауса махаббатын ұрлап, алдап кеткен еркек, шырылдатып содан айырып әкеткен ата-анасы кінәлі... Әйтпесе, жүрек–жалыны алаулаған әйел Ұлы ана болуға жаратылған еді. Маркес өмірдің қай саласындағы сияқты махаббатта да тоғышарлықтың аса қауіпті екенін, әлеуметтік теңсіздік орын алған жерде сезім гармониясына жетудің оңай еместігін ашына, әдейі бадырайтып көрсетуге тырысады. Негр қыз хикаясы, Катариноның құмар үйіндегі оқиғалар – соның көрінісі.

Жазушы шеберлігінің жан-жақтылығы, тереңдігі сонша, оқиға өрби келе, бір әулеттің тарихы бүкіл ғаламдық маңыз алып шыға келеді. Мәселен, вокзал басындағы қанды оқиғаны ертеңінде елдің бәрі ұмытып қалады. Бұл не ғажап деп ойлайсың, кеше ғана тапа тал түске таман елдің көз алдында болған оқиға бүгін есте жоқ. Жазушының бұл жолдарды ашына жазып отырғаны айдан анық. Адамдар-ау, тарихты неге ұмытамыз, "қара киімділердің" көкейіндегісін іске асыруға жетіп жүргені

осындай енжарлығымыз, өзді-өзімізбен болып былайғы дүние бүл болмаса түл болсын дейтін өзімшілдігіміз, зердеміздің қысқалығы емес пе деп налып отыр.

Роман соңындағы махаббат көріністерін алайық. Мұнда да уытты келемеж бар. Қызыл құмырсқа үйлеріңді кеміріп жеп қойғанша желігетін сендердікі не, нәпсінің мұнша құлы болудың жөні кәне, жарандар-ау, деген астар жатыр. Осылайша Маркес пенде баласының бойындағы ізгілік пен қатыгездікті, арлылық пен арамдықты және басқа да жақсы қасиеттер мен кемшіліктерді бадырайтып көрсетіп берген қаламгер.

Сөйтіп Макондо жер бетінен тып-типыл жоқ болып кетті. Буэндиалар әулетінің шаңырағы ортасына түсті. Бірақ бойда сары уайым қалмайды. "Пешенесіне жүз жылғы жалғыздық жазылған адамзат әулетіне екінші қайтара өмірге келуді жазбаған" деп жазушы шегелеп айтса да, адамзат баласының рух күшіне, парасатына деген сенім қалады. Оның ар жағында: "Адамдар–ау, оқшауланбайық, қара күштерге, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресейік, сосын қайғысыз-мұңсыз өмір сүрейік, күлейік, еңбек етейік", деген ізгі мұратқа шақыру естілгендей болады.

Кенес ЮСУП

Әкесі өзін мұзды көруге ерте барған сол бір алыс кешті полковник Аурелиано Буэндиа кейін, арада талай жыл өткен соң, атыларының алдында қабырға қасында тұрып есіне алған. Макондо дегеніңіз – онда жып-жылтыр аппақ қойтастар арасымен арқырап ағып жататын мөлдір сулы өзеннің жағасындағы балшық пен бамбуктен өрілген жиырма шақты лашығы бар шағын селен. Дүние жаңа ғана жаралған қалпындағыдай, мынау еді деп түртіп көрсетпесең, тіпті, көптеген заттардың әлі атауы да жоқ кез. Жыл сайын наурыз туа, селеннің шетіне жалаңаш-жалпы сыған тобыры келіп шатырын тігетін де, кернейлете-сырнайлата жүріп, Макондо жұртын оқымыстылардың соңғы кезде ойлап тапқан жаңалықтарымен таныстыратын. Сығандардың алғашқыда әкелгені – магнит. Еті қайтқан салалы саусақтары буын-буындарынан құс топшыланып бүгіле бастаған, өзін Мелькиадес деп таныстырған қалың қауға сақалды, месқарын сыған Македония алхимиктері ашқан әлемнің сегізінші ғажайыбы осы деп, магниттің қасиеттеріне жиналған жұртты таң-тамаша етті. Екі қолына темірдің қос кесегін ұстаған ол лашық-лашықтың арасын қуалай өтуі мұң екен, зәре-құты қашқан жұрт шылапшын, тегене, тістеуік, табақ біткеннің жатқан орындарынан сарт-сұрт көтеріліп, тот басқан шегебұрандалардың қағылған жерлерін қақыратып шығардай қаңсыған тақтайларды сақыр-сұқыр еткізгенін көріп, қайран қалды. Әлдеқашан із-тозсыз жоғалдыға саналған заттар да бұдан бұрын талай іздегенде таптырмаған тұстан шығып, Мелькиадестің сиқырлы темірлерінің соңынан ұбырып-шұбырып ере жөнеледі. “Заттың да жаны бар”, – деп шарылдақ дауыспен сыған жар салып жүр. – Тек оларды оята білу керек”. Ұшқыр қиялы қашанда жаратылыстың жасам-

паз парасатының шамасы жетеді-ау дейтін шектің өзінен арыға елестер мен ғажаптар аулына қарай жетелеп кетіп жүретін Хосе Аркадио Буэндиа әзірге пайдасыз осы ғылыми жаңалықты жер қойнауынан алтын алуға бейімдесе деген ойға қалды.

Мелькиадес задында адал адам болатын, салған жерден "бұл шаруаға магнит жарамайды" деп ескертіп-ақ еді. Соған қарамастан сығандардың адалдығына ол кезде сенімі аз Хосе Аркадио Буэндиа қашырын жетелетіп, үстіне бірнеше лағын қоса беріп, магнит кесектеріне айырбастап алды. Осы бір-екі түяқтың арқасында үй-ішінің кетеуі кеткен шаруасын бір оңдап алуды ойлаған әйелі Урсула Игуараның қарсылығына да қараған жоқ. Қайырған жауабы жалғыз: "Түбінде сені алтынның астында қалдырам, қайда қоярыңды білмейсің әлі". Бірнеше ай бойы Хосе Аркадио Буэндиа табанынан таусылып жүріп, берген уәдесін орындауға тырысып баққан. Айнала төңіректі түк қоймай түгел сүзіп шықты, тіпті, өзеннің түбін де қалдырған жоқ, магниттің қос кесегін сүйретіп, Мелькиадес үйреткен дұғаны күңірене оқи жүріп, су кешті. Сондағы іліктіріп, жалғанның жарығына шығарған жалғыз дүниесі – үрсаң ішіне тас толтырылған асқабақ сықылды күңгірлеген дыбыс шығаратын, он бесінші ғасырдың тат басқан сауыт-сайманы. Осынау жорықтарында өзіне серік болған төрт ауылдасымен бірге Хосе Аркадио Буэндиа әлгі сауыт-сайманды бұзған кезде ішінен мойнына бірнеше тал әйел шашы салынған мыс тұмар ілінген белгісіз жанның сүйегінен басқа ештеңе шыққан жоқ.

Наурыз туа сығандар қайта жетті. Бұл жолы олар Амстердам еврейлері ашқан ең соңғы жаңалық десіп, сыңар көз дүрбі мен көлемі дағырадай үлкейткіш шыны әкелді. Дүрбіні шатырларының қасына орнатып, көшенің келесі басына сыған әйелін отырғызды. Бес реал төлеп, алма-кезек дүрбіге сығаласқан жұрт көз ұшындағы сыған әйелінің қол созым жерге дейін жақындағанын көріп, жағаларын ұстады. "Ғылым алысты жақындатты, – деп жар салды Мелькиадес. – Көп ұзамай үйден шықпай-ақ дүниенің төрт бұрышында не болып жатқанын көретін боламыз". Бірде аспан айналып жерге түскендей шаңқай түсте сығандар тағы да бір таңғажайып қызық көрсетті: көшенің қақ ортасына қураған бір құшақ шөп тастап, әлгі лып шынылары арқылы күн сәулесін

түсіруі мұң екен, шөптің лап ете түскені. Магниттің опығынан әлі оңала алмай жүрген Хосе Аркадио Буэндианың санасында үлкейткіш шыныны айбынды қаруға айналдырса деген ой жылт етті. Бұл жолы да Мелькиадес баяғыдай оны айнытуға әрекет жасап көрді де, көнбеген соң алып шынысын магниттің ежелгі екі кесегі мен үш алтын теңгеге айырбастауға келісімін берді. Қапаланған Урсула көзінің жасын бір сығып алды. Әкесі марқұм ішер ас, киер киімге жарымай жүрсе де, ғұмыр бойы тірнектеп жинаған ескі алтын теңгелері салынған сандықшаны татырлық бірдеңе бола қалса, іске жаратып ұқсатармын деп, төсегінің астына тығып ұстайтын, қинала-қинала соны ашты. Хосе Аркадио Буэндиа әйелін жұбатуға да жараған жоқ, бірден тәжірибе жасауға қойып кетті, бұл іске ол нағыз ғалымдарша өзін де, өзге дүниені де ұмытып, өміріне төнген қауіп-қатерді де қаперіне алмай білек сыбана кірісіп кетті. Әлгі үлкейткіш шыныны дұшпан әскерлеріне қарсы қалай қолдануға болатынын дәлелдеймін деп жүргенде, өз тәнін өзі күн сәулесіне күйдіріп алып, соңынан онысы жараға айналып, ұзақ уақыт жазылмай жанына да батқан. Қауіпті қарекетіне әйелі жан ұшыра қарсылық көрсетпегенде, ол, тіпті, өз үйін өртеп жіберуден де тайынбайтын еді. Жасаған жаңа қаруының стратегиялық мүмкіндіктерін ойластыру үстінде Хосе Аркадио Буэндиа талай сағат тапжылмай үйінде отырып, оны қолдану жөнінде бұлтартпайтын дәлелдерге негізделген, әрі таңданарлықтай түсінікті тілмен баяндалған нұсқаулық та әзірледі. Бұл нұсқаулығын ол жүргізген мың сан тәжірибесінің жөн-жосығы баяндалған сипаттамаларымен және бірнеше парақ түсіндірме сызбаларымен қоса тіркеп, хабаршы арқылы өкімет орындарына жөнелтеді, ал анау болса сеңгір-сеңгір таулардан асып, жан аяғы баспаған батпақтардан, өткел бермес асау өзендерден өтіп, ит пен құсқа жем бола жаздап, жалғыздықтан өзегі өртеніп жапа шегіп, ақыры, іш сүзекке ұшырай жаздап барып қана өлдім-талдым дегенде почта тасылатын күре жолға шығады. Ол кезде қалаға жету дегенің қиямет болатын, соған қарамастан Хосе Аркадио Буэндиа өкімет адамдары емеурін білдірсе-ақ жетем, әскер басыларына қаруымның қалай қолданылатынын көрсетем, күн сәулесінің күшімен соғыс жүргізудің күрделі өнерін өзім келіп үйретемін деп сәлем жолдады. Сонан кейін талай жыл бойы

аландап жауап күтіп жүрді. Күте-күте тағаты таусылғанда ғана барып, Мелькиадеске өзінің бағы жанбаған бір сорманда-дай екенін айтып, мұңын шақты, сыған өзінің адамгершілігі жоғары жан екенін бұл жолы да бұлтартпай дәлелдеді. Үлкейткіш шыныны қайтып алып, алтын теңгелерді қайтарып берді, оған қоса Хосе Аркадио Буэндиаға португалдықтардың бірнеше теңіз карталары мен әр түрлі навигация құралдарын сыйлады. Сонымен бірге Мелькиадес өз қолымен Герман монахтың еңбектерінің қысқаша мазмұнын жазып шығып, астролябияны[1], буссольді[2], секстантты[3] пайдалануды үйретпек ниетпен Хосе Аркадио Буэндиаға қалдырып кетті. Іздегенге сұраған, Хосе Аркадио Буэндиа жаңбырлы маусымның ұзақ айларында есікті іштен іліп алып түкпірдегі кішкентай бөлмеден шықпай омалып отырды; бұл тәжірибе жасауға қолайлы, әрі ешкім бөгет жасамайтын тыныш бөлме еді. Бұдан кейін үй-жайды да ұмытты, түн баласын құрғатпай аулада жүріп, жұлдыздардың қозғалысын бақылайды; күндізгі қарекетіне келсек, бірде тал түс болған мезгілді айқындау тәсілін табам деп жүргенде күн өтіп өліп қала жаздағаны да бар. Аспаптарын әбден игеріп алған кезде, оның кеңістік туралы түсінігінің кеңігені сонша, бөлмесінен шықпай-ақ ойымен көзі көрмеген теңіздерді кезіп, жан аяғы баспаған жерлерді зерттеп, қайдағы ғажайып мақұлықтармен байланыс жасап жүреді. Урсула мен балалар бел жазбай далада жеміс-жидек, жүзімдерін күтіп—баптаумен әлектенсе, мұның онда шаруасы жоқ, ешкімді көзіне ілмей, үйдің ішінде сенделіп жүріп өзімен-өзі сөйлесетінді шығарған кезі де осы. Көп ұзамай Хосе Аркадио Буэндианың таусылып бітпейтін күйбеңі кенеттен сап тыйылып, түсініксіздеу күйге ауысты. Бірнеше күн қатарынан ол мәңгірген адамша жүрді: біресе таңданған, біресе күмәнданған кейіппен күбір-күбір етіп, әр түрлі болжамдар жасайды. Ақыры, желтоқсан айының бір сейсенбісінде түскі астың үстінде көкірегін кеулеген күмән-күдікті ақтарып тастап бір-ақ жеңілейді. Талай таңды көзімен атырып, санаменен сарғайып, тілеп алған мазасыз тірлігінен әбден қалжыраған әкелерінің безгегі ұстаған адамдай тұла бойының қалтырап тұрғанына қарамастан, еңселеніп, әрі маңғазсып

---

[1] Астролябия - жұлдыздарды бақылайтын құрал.
[2] Буссоль - геодезиялық аспап.
[3] Секстант - бұрыш өлшейтін аспап.

төрге келіп отырып, оларға ашқан жаңалығын жайып салғандағы кескін–келбеті балаларының көкірегінде өле–өлгенше сақталып қалады:

– Жер де мынау апельсин сияқты жұмыр, – деді әкелері. Урсула ызадан жарылып кете жаздады. "Жындансаң, өзің жындан. Өзіңмен кетсін. Бірақ балаларға соқтықпа, құдай атқыр сығанның сандырағын ендігәрі айтушы болма!" – деп шар ете қалды. Хосе Аркадио Буэндиа қозғалған жоқ, әбден ашынып, ашуға булыққан әйелі астролябиясын жерге атып ұрғанда да қыңбады. Ертеңінде тағы бір астролябия жасап алып, өзінің бөлмесіне селеннің еркектерін жинады да, ешқайсысы түсінбесе де, оларға теориялық тұжырымдарға сүйеніп, егер бағытыңды өзгертпей ылғи шығысқа қарай жүзіп отырсаң, онда сапарға аттанған жеріне қайтып оралуға болатынын дәлелдеп берді. Макондодағылар Хосе Аркадио Буэндиа, сірә, есінен ауысқан шығар деген ойға да қалған, абырой болғанда осы кезде Мелькиадес қайтып оралып, күбір – сыбырды тыйып тастады. Ол тамам жұрттың көзінше тек астрономиялық байқауларға ғана сүйеніп, бүгінге дейін Макондо жұртына беймағлұм болып келгенімен, тәжірибе жүзінде баяғыда дәлелденген қисынды өз бетінше ашқан адам парасатының атына асқақ сөздер айтып, сол ілтипатының белгісі ретінде Хосе Аркадио Буэндиаға кейіннен күллі селеннің тағдырының күрт өзгеруіне себеп болған сыйлығын – алхимия лабораториясының жабдығын ұсынды.

Мелькиадестің аяқ астынан күрт қартайып, шөгіп кеткені де осы түс. Деревняға алғашқы келген кезінде оны Хосе Аркадио Буэндиамен құрбы ма дер едің. Ал анау болса жойқын күшін әлі жойған жоқ, құлағынан ұстап құнанды жығатын қайраты қазір де бойында, есесіне сығанды іштен бір дерт жеп жатқан сияқты. Шынында, Мелькиадестің бүйтіп құлдырауына бір ғана аурудың емес, тоқтау – толассыз жаһан кезіп жүргенде жанына жамалған сан дерттің салқыны еді. Хосе Аркадио Буэндиаға лабораторияны жабдықтауға жәрдемдесе жүріп, ажал – тажалдың өзін өкшелегеніне де біраз болғанын, бірақ әлі де тап беріп ауыз салуға бата алмай жүргенін айтқан. Адамзат басына түскен небір кесепат пен зұлматтың бел ортасында талай болса да, аман қалып жүр. Персияда күстанамен, Малайя аралдарын-

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

да діңгенемен, Александрияда алапеспен, Жапонияда шеменмен, Мадагаскарда безді обамен ауырды, талай адамның жанын жалмаған Сицилиядағы жер сілкінуді, Магеллан бұғазындағы кеме апатын бастан кешті, бірақ өлген жоқ. Нострадамустың[1] да құпиясы маған мәлім деп мардымситын осынау ала бөтен тіршілік иесінің кескін–келбеті де өзгеше еді: аты шулы атағына сай түсі де ызбарлы болатын, азиялықтарға тән жанары да сүсты, бақайшағыңа дейін көріп түрғандай, өңменіңнен өте қарайтын. Ол қарғаның қаққандағы қанаты тәрізді жалпақ қара жиекті қалпақ, уақыт көгі шалған көнетоз барқыт кеудеше киіп жүретін. Керемет кемеңгерлігіне, тылсым құпия иесі екеніне қарамастан Мелькиадес те күнбе–күнгі тірліктің қам–қарекеті мен ауырт-палығынан жер тарта бастаған, ет пен сүйектен жаралған пенде болатын. Ол да кәрілік жетіп, қауқарынан айрыла бастағанына налитын, ақшаның, оны–мүнының жетіспеушілігі де оның жанына бататын, оның үстіне діңгенемен ауырғаннан кейін тістен айрылып, көптен бері күлкіден де қалған еді. Хосе Аркадио Буэндианың айтуынша, екеуінің арасындағы айнымас достықтың басталған сәті Мелькиадестің сол бір қапырық түс әлетінде өзіне келіп сырын ашқан күн. Сығанның ғажайып әңгімелері балаларға да қатты әсер еткен. Төрт бұрышты терезеден түскен жарықпен нұрланып, алдарында отырған Мелькиадес әлі беске де келе қоймаған Аурелианоның санасында мәңгі жатталып қалады, оның органның үніне ұқсас қоңыр даусы бала санасының түкпір–түкпіріне бойлап, самайынан ыстықта еріген сары майдай тер тамшыларын сорғалатады. Ал Аурелианоның ағасы Хосе Аркадио осы ғажайып бейне туралы естелігін әлі үрім–бұтағына ауыздан–ауызға көшетін мұра етіп қалдырады. Сығанның келуі тек Урсулаға ғана ұнамсыз әсер қалдырған, оған себеп болған жайт бөлмеге ол кірген сәтте Мелькиадес абайсызда хлорлы сынап құйылған құтыны сындырып алған еді.

– Мынау не, албастының иісіндей, – деп Урсула тыжырынған.

– Тіпті де олай емес, – деп Мелькиадес қарсылық білдірген. – Албасты күкірт сасыса керек, ал мынада сәл – пәл алмас иісі ғана бар.

---

[1] Нострадамус (1503-1566) - француз астрологы, дәрігер, адамзат болашағын пайымдайтын "Ғасырлар" деген кітаптың авторы.

Бұдан кейін де ол сол ақылгөй даусымен ашудастан қайнатылған бояудың небір керемет қасиеттері жайында үзын–сонар әңгіме қозғаған. Урсула оның сөзіне құлақ қойған жоқ, балаларды құлшылық етуге ертіп кетті. Бірақ, осы бір жағымсыз иіс Урсуланың есіне әрдайым Мелькиадесті салатын болады.

Лаборатория деп аталған бөлмеде тегене–тегеш, құйғы, қайнатқы, елек пен сүзгі сияқты түрлі ыдыстарды айтпағанда, кәдуілгі көрік пен өзінше философиялық тұтастықты бейнелейтін қыл мойын қолба мен заманында Жөйт Мария[1] пайдаланды–мыс деп саналатын, кейіннен сығандар үш шүмекті бүйірлі зат айырғыш шыны кеспектің ең соңғы қалпына салып, өз қолдарымен қайта жасаған су тазартқыштан басқа дәнеңе жоқ еді. Мелькиадестің Хосе Аркадио Буэндиаға бергені бұл ғана емес, оған қоса жеті жаһанның белгісі саналатын жеті металл, алтынды көбейту үшін айтылатын Мұса мен Зосымның дұғаларын, құпиясын ашқан адам әлемге тұтқа асыл тастың[2] қасиетін табады деп саналатын зат жайындағы жазбалар мен сызбалар да сыйлаған. Алтынды молайтудың оңай жолы еліктірген Хосе Аркадио Буэндиа әлгі құтты сандықшадан ежелгі теңгелерді алып беруін қиылып өтініп, оларды түп-тура шашылған сынап түйіршіктеріндей көбейтетінін айтып, бірнеше апта бойы Урсуланың қыр соңынан қалмай қойған. Қашанғыдай күйеуінің қадалған жерінен қан алатын қайсарлығына Урсула тағы да қарсы тұра алмады. Қолына тиісімен Хосе Аркадио Буэндиа отыз теңгені тегенеге тастап, бояумен, мыс жоңқасымен, сынаппен және қорғасынмен қоса балқытты. Сонан соң балқыманы ішінде майсана бар қазанға құйып, қанша қайнатқанымен көбейген алтын жоқ, қайта иісі қолқаны ататын, алтынға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сірке секілді бір қоймалжың тұнба пайда болды. Тазартуға, жеті жаһанның металын қосып қайта қорытуға, Гермес сынабымен[3] және тотияйынмен өңдеуге тырысқан жанкешті,

---

[1] Жөйт Мәрия — алхимик әйел (б.з.д. Ш.ғ. соңы)

[2] Асыл тас (философский камень) — алхимияда металды алтынға айналдыратын ерекше зат.

[3] Гермес сынабы — алхимиктердің алтын жасауда қолданған сынабы. Алхимия аталарының бірі саналатын Гермес Трисмегистің атымен аталған.

әрі қатерлі әрекеттерінен де түк шыққан жоқ, шомыр майы да болмай, шошқаның майына салып қайнатып та көрді, амал не, Урсуланың әкесінен қалған қымбат қазына қырсаң да алынбайтын қара күйік болып қазан түбінде қалды.

Сығандар келесі қайтып оралғанша, Урсула күллі деревняға сығандардың жаман атағын жайып үлгерген еді. Амал не, қорқыныштан қызық құмарлық үстем түсті, сығандар сан түрлі музыкалық аспаптарын құлақ тұндыра даңғырлатып көшені көктей өтіп, жаршылары назианздықтардың[1] ең ұлы жаңалығын көруге шақырып жар салды. Сол—ақ екен, бәрі де жапа—тармағай сыған шатырына ұмтылысты, бір—бір сентаво төлеп, ішке кірген жұрт жүзінде әжім жоқ, аузында отыз тісі жарқырап, жасаңғырап сау—сәләмәт отырған Мелькиадесті көрді. Бұдан бұрын оның алжа—алжа кейпін: діңгене жып—жылмағай қылып кеткен қызыл иегін, суалған жағын, опырайған аузын көрген жұрт өзін қайта жасартуға жараған сыған құдіретінің жаңа дәлелін көргенде қатты шошынды. Мелькиадес бір сәт баяғы өздері көрген қаусаған қартқа айналып, тізілген маржандай бір мүкісі жоқ аппақ тістерін аузынан жұлып алып көпшілікке көрсеткенде, содан онысын қайта орнына салып, бір жымиып қойып, көздерінше жасарып шыға келгенде, жұрттың бойын үрей биледі. Тіпті, Хосе Аркадио Буэндианың санасына Мелькиадестің танымы адамзат баласына шақталған шамадан арыға кеткен жоқ па деген күмән да кірген еді, алайда оңаша қалып, сыған өзінің жасанды тістерінің сырын түсіндіріп бергеннен кейін көңілі орнына түсіп, шері тарқағанша күлген. Мұның бәрі Хосе Аркадио Буэндиаға әрі қарапайым, әрі ғаламат көрінген, сөйтіп келесі күні—ақ оның алхимияға деген ықыласы қайтып салқын тартқан, тағы да салы суға кетіп, не ішіп, не қойғанын білмейтін күйге түсіп, қайтадан үйі ішінде сенделіп жүруді шығарған. "Дүниеде небір ғажайыптар болып жатыр, — деп Урсулаға мұңын айтқан. — Дәл іргемізде, өзеннің ар жағында неше түрлі керемет аппараттар бар, мақұлық қалпымызда қалған тек біз ғана". Хосе Аркадио Буэндианы Макондоның іргесі қаланған кезден білетіндер оның Мелькиадестің ықпалымен адам танығысыз болып өзгергенін көріп қайран қалған.

---

[1] Назианздықтар — Кіші Азиядағы ежелгі қаланың тұрғындары.

Бұрынырақта Хосе Аркадио Буэндиа мүлде басқа адам еді, жастығына қарамастан осы қауымның егін егіп, мал өсіру, бала тәрбиелеу жөніндегі жалғыз ақылшысы да, солардың қамы үшін әркімге қол ұшын беруге әзір, қандай қара жұмысты да қомсынбайтын бас көтерер азаматы да өзі болатын. Осы ауылдағы ең еңселі үй де Буэндиа шаңырағынікі болатын, өзгелер де өз тұрақтарын соның үлгісімен салуға тырысқан–ды. Оның үйінің кең де жарық қонақ бөлмесі, айналасына айшықты гүлдер өсірілген шынылы асханасы, екі жатын бөлмесі бар, ауласында алып талшын өсіп тұр, үйдің іргесінде мұқият өңделген егін жайы, оның жанында ешкі–лағы мен шошқа, тауығы аралас қашасы бар. Тек бір өзгешелігі бұл үйде, жалғыз бұл үйде ғана емес, бүкіл ауылда ешкім де төбелестіретін әтеш ұстамайтын.

Урсула да күйеуіне сай қосылған шаруақор адам еді. Өмірінде әу деп дауыс шығарып ән айтпаған, осы бір байсалды да ұстамды, шынашақтай ғана әйел темірдей төзімді, аса тындырымды жан еді, голландық кездемеден тігілген, крахмалданған көйлегі сусылдап, ертеден қара кешке тізе бүкпей жүріп, жүз шаруаны қатар тындырып үлгеретін. Урсуланың арқасында балшықпен сыланған еден, әктелмеген қыш қабырғалар, қолдан жасалған қарапайым үй мүліктері қашан көрсең де мұнтаздай жарқырап тұратын, киім–кешек сақтайтын көне сандықтардан да хош иіс аңқитын.

Ауыл арасындағы шаруаға ең икемді Хосе Аркадио Буэндиа үйлерді орналастырғанда ешкім де суды алыстан тасып әуре–сарсаңға түспейтіндей етіп, оларды өзенге бірдей қашықтықта салу жағын қадағалады, көшелерді белгілегенде де ең ыстық сәтте әр үйге күн сәулесі бірдей түсетіндей етіп шамалап, ерен ықтияттылық көрсетті. Ірге көтергеніне бірер жыл өтпей жатып–ақ, Макондо тазалығы мен көркейтілуі жөнінен ең ілгері мекенге айналды, оның үш жүз тұрғыны бұрын–соңды көрген бір де бір мекен оған тең келе алмайтын. Шынында да, бұл тұрғындарының жасы отыздан аса қоймаған, әлі өлім–жітім көрмеген құтты қоныс еді.

Сол Макондоға қоныс тепкен алғашқы күндерден–ақ Хосе Аркадио Буэндиа құстарға арнап торкөздер мен клет-

тер жасай бастаған-ды. Көп ұзамай ол өз үйін ғана емес, ауыл үйлерін түгелдей шымшық, сарғалдақ, балторғай, қызыл тамақ сияқты неше түрлі әнші құстарға сықан тастап еді. Толып жатқан құстардың сан түрлі шықылығы мен шырылы құлағын түндырған Урсуланың есімнен жаңылып қалармын деп қорқып, құлағына балауыз тығып жүрген кездері де болған. Мелькиадестің тобыры алғаш рет келіп, бас ауруының дауасы деп доп-домалақ шыны дәрілер сатқанда, Макондо тұрғындары шексіз-шетсіз алқаптың бір қойнауында, тасада, тып-тыныш жатқан шағын ауылды сығандардың қалай тауып келгеніне қайран қалған, сөйтсе сығандар құстардың даусын бетке алып жүріп отырыпты. Алайда, жұрт пайдасы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимейтін Хосе Аркадио Буэндианың санасынан ел қамын магнит шырғаланы, астрономия сергелдеңі, алтын алу үміті мен әлемдегі ғажайып біткенді танысам-білсем деген құмарлық тықсырып тастаған еді. Әрдайым ширақ, жинақы Хосе Аркадио Буэндиа біртіндеп нағыз кер жалқаудың кебін киді, алқам—салқам болып, сақалы өсіп жүретінді шығарды, онысын Урсула анда-санда, кісі қарағысыз болған кезде, қашанда қылпып тұратын ас пышақпен бір қырып беруші еді. Ауыл адамдары Хосе Аркадио Буэндианы біреу-міреу дұғалап тастаған-ау деген болжам жасады. Сөйте тұра оның есінен айрылғанына зәредей күмән келтірмеген адамдардың өзі анау күрегі мен кетпенін арқалап, Макондоны ұлы жаңалықтар болып жатқан жермен жалғастыратын соқпақ тартуға көмектесуге шақырғанда, үй-күйін, қатын-баласын қалдырып, салпақтақ соңынан ерген-ді.

Хосе Аркадио Буэндиа айнала төңірегінің жағрафиясынан мүлдем бейхабар болатын. Бір білетіні: шығыста асу бермес асқар таудың, оның ар жағында Риоача деген көне қаланың бар екені; өзінің атасы, бірінші Аурелиано Буэндианың айтуынша, бағзы заманда сэр Фрэнсис Дрейк сонда су аждаһаларын зеңбірекпен атқылауды ермек етеді екен, өлтірілген хайуандардың терісін сыпырып, жамап-жасқап, ішіне сабан тығындап тұлып жасап, Елизавета ханымға жөнелтетін көрінеді. Жас кезінде Хосе Аркадио Буэндиа бастаған бір топ еркек қатын-балаларын ертіп, дүниемүліктерін артып, малдарын айдап, теңізге жетпек ниетпен осы асқардан бері асып түскен болатын, ақыры екі жыл екі

ай адасып, әбден арып-аршыған соң, бәрін де қойып, қайта қайтпаудың қамымен осы Макондоға тұрақтаған. Өткенге, кейінде қалғанға қайтып апаратын Шығысқа қарай кететін жолға көз тікпегені де сондықтан. Оңтүстікте мәңгі көк болып жататын мүк басқан сор және сығандардың айтуынша өзінше тұтас бір дүние құрап, ұшы-қиырсыз кең жазира жатса керек. Бұл алқап батысқа қарай ойысқанда, шексіз-шетсіз айдынға ұласып кететін көрінеді, ал онда басы мен мықыны әйел сияқты терісі жұмсақ бір жайын тәрізді мақұлық мекендейді екен, сол мақұлық өзінің ғажайып сұлу анарларымен арбап, сан теңізшінің түбіне жеткен деседі. Әйтеуір, сығандар почта тасылатын тас жол өтетін қара жерге жеткенше тура жарты жыл жүзіпті. Соған қарап Хосе Аркадио Буэндианың пайымдауынша, мәдениетті ел-жұртпен түйістіретін жалғыз бағдар – терістікте жатуға тиіс. Сөйтіп ол заманында өзімен бірге Макондоның іргесін көтерген ер-азаматтардың қолына күрек пен кетпен, аңшы мылтығын ұстатып, бағдарлағыш-өлшегіш аспаптары мен картасын қапшығына салды да, қауіпті жорыққа аттанды.

Алғашқы күндері олар пәлендей қиындық көрген жоқ. Жартасты-тасты болып келетін өзеннің жағасымен құлдилап келіп, баяғыда өздері сауыт-сайман тауып алған тұсқа дейін жетті, жабайы апельсин ағаштарының арасымен өтетін сүрлеу арқылы орманға енді. Аптаның аяғына қарай олар сәтін салғанда бұғы атып алды, оның жарты етін қақтап жеп, қалған жартысын тұздап, кейінге қалдырды. Бұл ертеңгі күні тотының күлімсі иісі бар көк шандыр етіне қарап қаламыз ба деген келешек қамымен жасалған қадам болатын. Содан олар тура он күн бойы күн сәулесін мүлде көрген жоқ. Біртіндеп аяқтарының астындағы топырақ жанартау атқылағанда түсетін күл түстеніп жұмсара, ылғалдана бастағанын сезді, ілгері жүрген сайын орман қоюлана, түнере түсті, құстардың даусы мен маймылдардың айғай-шуы да алыстан талып естілетін болды, дүние қуанышы мен қызығын жоғалтқан тәрізді, төңіректі тек қара түнек басты. Сірә, пенде баласы алғаш күнәға батқанға дейінгі жұмақ осындай болған шығар, әйтеуір, осынау түнерген тыныштық пен дымқыл тұмшалаған дүниеде етіктерін әлсін-әлсін буы бұрқырап жатқан май тәрізді ойдым-ойдым шалшықтарға тығып алып, айбалталарын оңды-солды сілтеп, ағаштарды,

алқызыл гүлдер мен алтын түстес кесірткелерді қоса кескілеген адамдарды оның үстіне әлдеқашан ұмытылған естеліктер титықтатты. Тура бір апта бойы олар мәңгүрт болған адамдарша бір–бірімен тіл қатыспай, жас қанның жүрек айнытар иісі бастарын айналдырып, жылт–жылт етіп жылтырақ қоңыздар ғана көрінетін уайым үйездеген қараңғы қапастың арасымен алға қарай ілбіді де отырды. Кері қайтатын да жол жоқ, өздері аршыған сүрлеуді көз алдарында қайтадан қаулай көтерілген жасыл басып қалып жатыр. "Сабыр, сабыр,– дейді Хосе Аркадио Буэндиа.– Бағытымыздан айрылып қалмасақ болғаны". Компасының тілін қалт еткізбей қадағалаған ол осы қараңғы қапастан құтылып шыққанша адамдарды бұрын өздері көріп–білмеген терістікке қарай бастады да отырды. Аспанда жұлдыз жоқ, көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түн, бірақ бұл көкіректі бірден ашып жіберген саумал ауаға толы өзгеше қараңғылық еді. Ұзақ жолдан әбден діңкелеген, әрі соңғы екі апта бойы дұрыстап бел шешіп дамылдай алмаған адамдар аспалы төсектерін іле–іле салып, бірден тыншып, қалың ұйқыға батты. Ертеңінде олар күн арқан бойы көтерілгенде ғана барып оянды, тура келгендерінде таңданғандары соншалық, бәрі де бір сәтке тілден айрылды. Тура қарсы алдарында таң шапағына малынып, жайқалып өскен пальма мен қырыққұлақтың арасында ағарандап, әбден тозығы жеткен орасан зор испан кемесі тұрды. Кеме оң қанатына қарай сәл қисайыңқыраған, бүтін қалпында қалған діңгектерінің ара–арасынан желкеннің алба–жұлба жыртықтары салбырайды, басқа құрал–жабдықтарының үстіне гүл өсіп кетіпті, қатты жерге нығыздала кірген корпусын ұлутас қабыршақтары мен жұмсақ мүк басып қалыпты. Уақыттың не нәрсені болса да құртпай тынбайтын құдіреті де, қала берді қонған жерін базар ететін ұшқан құс та жетпейтін, өзге дүниеден оқшау, бәрінен де тысқары кеңістікте қалған тәрізді. Жолаушылар бойларын билеген тағатсыздықты әрең тежеп, кеменің іші–сыртын мұқият қарап шықса да, жайқала өскен гүлдерден басқа еш нәрсе таба алған жоқ.

Теңіздің жақындығын дәлелдейтін кеменің кезігуі Хосе Аркадио Буэндианың аптығын бірден басып тастады. Мұны ол әрдайым өзін әжуа етіп жүретін өз тағдырының тағы да бір тәлкегі деп ұқты, енді қалай, көрмеген азап көріп

іздегенде таптырмаған теңіз керегі жоқ кезде міне өткел бермес от дария болып қарсы алдынан шықты. Арада талай жыл өткеннен кейін, почта тасылатын тас жол тартылған кезде, дәм айдап осы жаққа келген полковник Аурелиано Буэндиа да жайқала көкнәр өскен алқапта әбден тозығы жеткен кеме қаңқасын көреді. Сонда ғана барып, бұл оқиғаны әкесінің ойдан шығармағанына әбден көзі жеткен ол кеменің теңізден мұнша қашыққа қалай келіп қалғанына қайран қалады. Ал Хосе Аркадио Буэндиа оны ойлап басын қатырған жоқ-ты, ол тағы да төрт күн жол жүріп, кемеден он екі шақырым жерде теңізді көрді. Оның бар арман–үміті де осынау көбігі бұрқыраған күл түсті лай теңіздің жағасында жалп етіп сөнді, өзінің де, өзгенің де басын қауіп–қатерге байлап, қанша әуре–сарсаңға салғанда жеткен жері осы болғанына күйзелді.

– Атасына нәлет, – деп өзегі өртене күрсінді Хосе Аркадио Буэндиа, – Макондоның жан-жағының бәрі су...

Осы жорықтан оралған Хосе Аркадио Буэндиа жасаған күмән туғызар тұстары көп картаның негізінде көпке дейін Макондо түбекте орналасқан деген пікір үстем болып келеді. Бұл картаны ол қоныс тебетін жерді сайлаған кезіндегі парықсыздығы үшін өзін-өзі жазғырып, зығырданы қайнап отырып сызған еді, сол себепті мұнда былайғы дүниемен қарым-қатынастың қиындығы да әдейі асыра көрсетілген болатын. “Біз бұл арадан енді ешқайда шыға алмаймыз,– деп ол Урсулаға ауыр мұңын шақты. – Ғылым-білімнің игілігін көрмей, осында тірідей іріп-шіріп құримыз”. Кірген кісі айнала алмайтын тар лабораториясында бірнеше ай бойы осы ойын сарсыла суыртпақтап, ақыры Макондоны неғұрлым қолайлы жерге қоныстандыру жөнінде ұйғарым жасады. Алайда, оның пиғылын таныған әйелі айласын асырып кетіп, есуас жоспарын жүзеге асырмай тастады. Ол басқан ізін сездірмей, құмырсқа күйбеңмен жүріп-ақ, біртіндеп ауыл әйелдерінің бәрін көш көлігін сайлай бастаған еркектердің есер қылығына қарсы азғырып шықты. Қайда, қашан және қандай дұшпан күштің жоспарын сан түрлі кедергілер мен сылтау-себептердің шырғалаңына шырмап, ақыры қол жетпес арманға айналдырып жібергенін Хосе Аркадио Буэндианың өзі де сезбей қалды. Бір күні таңертең Урсула күйеуінің көшу жайлы күндегі сандырағын қайта-қайта міңгірлеп, ла-

бораториясының жабдықтарын жәшіктерге салып, күйбеңдеп жүргенін көргенде, тіпті оған жаны ашып кетті, бірақ сыр бермей, түк білмеген адамша аңысын аңдады. Содан анау шаруасын жайғап болғанша жұмған аузын ашпады. Күйеуінің естілер-естілмес күңкілдеп, ауыл еркектерінің бір де бірінің өзіне ергісі келмейтініне ренжіп жүргенін түсінсе де, ол жәшіктерді шегелеп, қыл қаламды си-мим деп ренішін сездірген жоқ. Тек Хосе Аркадио Буэндиа бөлменің есігін топсасынан ырғап шығара бастағанда ғана батылы барып, мұнысы несі екенін сұрады, "әйтеуір, ешкімнің кеткісі келмейді екен, ендеше өзіміз-ақ кетеміз", – деп жауап қатты күйеуі күйінішпен. Сонда да Урсула байсалды қалпынан жазған жоқ.

– Ешқайда да кетпейміз, – деді сабырмен. – Ұлымыз осында туған, осында қаламыз.

– Е, бұл жерде әзірге біздің ешкіміміз де өлген жоқ қой, – Хосе Аркадио Буэндиа қарсылық білдірді. – Адамды жермен байланыстыратын аруақ қана.

– Осында қалу үшін біреудің өлуі шарт болса, онда мен–ақ өлейін, – Урсула байыппен, бірақ батыл айтты.

Әрдайым көнбіс әйелінен мұндай қайсарлық күтпеген Хосе Аркадио Буэндиа сенер-сенбесін білмеді. Ол зайыбына қиялынан туған неше түрлі кереметтерді гөйітіп, қаласаң болды, сиқырлы сұйықпен суарсаң ағаштары қолма-қол жеміс беретін жерге барамыз деп, онда сырқаттарды емдеу үшін небір дуалы дәрілерді су тегін сатып алуға болатынын айтып, арбап та көрді, алдап та көрді. Бірақ оның бәріне селт еткен Урсула болған жоқ.

– Ертеден қара кешке дейін өзіңнің әуейі ойларыңмен әлектенгенше, балаларға көз қырын салмайсың ба, – деп айтып-айтып тастады.– Ит екеш ит те күшігін тағдырдың талқысына тастамайды ғой. Қарамайсың ба бір мезгіл.

Хосе Аркадио Буэндиа әйелінің сөзін тура мағынасында ұқты. Терезеге қараған ол, шынында да, Урсуланың зарына орай сол сәтінде ғайыптан пайда болғандай күн шуақта ойнап жүрген жалаң аяқ, жалаң бас екі баланы көрді. Кенеттен жан-дүниесі төңкеріліп түскендей болып, әлдебір күш өзін түп-тамырымен өмір сүріп отырған уақытынан жұлып алып, еріксізден-еріксіз естеліктер иіріміне апарып,

атып жібергенін сезді. Енді өле-өлгенше осы үйден кетпейтініне көзі жеткен Урсула еден сыпырып жатқан кезде, балаларына әлсін-әлсін таңдана қараған Хосе Аркадио Буэндиа өзінен-өзі жасауған көздерін қолының қырымен бір сипап өтіп, бәрін де тәрк еткен раймен ауыр күрсінді.

– Жарайды. Балаларға айт, келсін, заттарды жәшіктен алуға көмектессін,– деді.

Үлкендері Хосе Аркадио он төрттен асып бара жатқан. Ол тікірейіп тұратын қайратты қалың шашты, қауға бас, әкесіне тартқан бір бет мінезді бала болатын. Оның да әкесі сияқты алып денелі, жойқын күш иесі болып өсетіні байқалатын, бірақ оған әкесінің қиялшылдығының дарымағаны қазірдің өзінде көріне бастаған-ды. Ол асу бермес асқарлардан асып Макондоға беттеп келе жатқан ауыр жолдың үстінде бойға бітіп, дүниеге келген еді, нәрестенің хайуанға тән белгісіз, кәдуілгі пенде баласындай болып туғанын көрген ата-анасы қатты қуанып, құдайға құлшылық еткен. Ал Макондо топырағында туған тұңғыш адамзат перзенті Аурелиано алдағы наурыз айында алтыға толмақ. Бұл – үндемейтін түйық бала. Ол шешесінің жатырында жатқанда жылап, дүниеге көзін ашып туыпты. Кіндігін кесіп жатқанда бөлмедегі заттарға қарағыштап, басын ол жақ, бұл жаққа бұра беріпті, жан-жағында тұрған адамдарды да таңырқап, бірақ қаймықпай, зер сала шолып шығыпты. Содан кейін өзін көре келген адамдардан жанарын аударып әкетіп, шелектеп құйған нөсер әні-міне опырып кете жаздап тұрған пальма жапырақтарымен жабылған шатырға кірпік қақпай қарап жатыпты. Міз бақпай тесіле қарайтын көзқарасты Урсула күндердің күнінде тағы да есіне алады, бір күні үш жасар Аурелиано ас үйге кіре бергенде, өзі жаңа қайнаған көже құйылған қыш тегенені оттан алып столға қойып жатқан. Табалдырықтан қорғаншақтай аттай берген бала: "қазір құлайды" деді. Тегене үстелдің дәл ортасына орнықты-ақ қойылған болатын, алайда баланың осы сөздерді айтуы мұң екен, ішінен бір күш итергендей тегене үстелдің шетіне қарай жылжи жөнелді де, құлап күл-талқаны шықты. Зәресі кеткен Урсула болған жайды күйеуіне айтып еді, ол бұған төтен еш нәрсе болмағандай, мән берген жоқ. Оның әрқашанғы әдеті осы еді: бір жағынан балалық шақты адамның ақыл-

ойы толыспаған кезі санап ден қоймайтын, екіншіден, өзінің әлгі парықсыз әуестіктерінің әлегімен жүрген Хосе Аркадио Буэндиа балаларының жай-күйіне мүлде көңіл бөлмейтін.

Бірақ өзі лабораторияның аспаптарын алып, жиыстыруға шақырған сол кештен бастап, Хосе Аркадио Буэндиа ұлдарына өзінің ең тамаша сағаттарын арнады. Қабырғаларына ілінген неше түрлі шытырман карталар мен таңғажайып жоба-сызбалар күннен-күнге көбейе берген кішкентай оңаша бөлмеде ол балаларын оқу-жазуға, есепке үйретіп, оларға көкірегіне оқып-біліп тоқыған жәйттерден ғана емес, ұшқыр қиялының шексіз мүмкіндіктерін пайдаланып, ойдан қиыстырған әлемдегі сан-алуан ғажайыптар туралы хикаялар шертетін. Әкесінің айтқандарынан ұлдары Африканың түстік шетінде ертеден-кешке дейін ойланып отырғаннан басқа түк бітірмейтін ақылды, әрі момын халық тұрады, ал Эгей теңізін тура Солоники портына дейін аралдан–аралға секіріп жүріп жаяу кесіп өтуге болады деген пікір түйген. Ауыздың суын құртатын алуан оқиғаға толы осынау кешкі хикаялардың балалардың санасына сіңгені сонша, арада талай жыл өткен соң, үкімет әскерлері офицерінің солдаттарға "Атыңдар" деп бұйрық береріне қас қағым сәт қалғанда – қабырғаның қасында тұрған полковник Аурелиано Буэндиа бұл жолы, ауылға Мемфис кемеңгерлері ашқан таң қаларлық соңғы жаңалық жайлы жар сала қайтып оралған сыған таборынан талып жеткен сырнай мен кернейдің, даңғыраның үнін естіген әкесі физикадан өткізіп отырған сабағын кілт тоқтатып, қолын көтерген қалпында, жанарын аудармай мелшиіп тұрып қалған сол бір жылымық наурыз кешін жаны елжіреп тағы да еске алады.

Бұл келген басқа сығандар болатын. Беттеріне май жағып жылтыратқан, қолдары епті жылпып тұрған сыған жұртының тек өз тілінде ғана сөйлей білетін тамаша өкілдері – жас еркектер мен әйелдер көше-көшені ығы-жығы көңілді думанға, ән-күйге, биге бөледі, олардың өздерімен әкелмеген дүниесі жоқ: сан түспен құбылып итальян романстарын айтатын тотылар, қоңырау күмбірлесе алтын жұмыртқа табатын (бірден жүзін табатын) тауық, ойынды айнытпай айтып беретін оқымысты маймыл, түйме қадап беретін, керек десең, науқастың ыстығын басатын күрделі машина, ауыр ойлардан арылтатын ішірткі, уақыт өткізуге жәрдемдесетін

бұласыр дейсіз бе, әйтеуір, небір айшықты, небір жетік мың сан нәрселер, олардың бәрін есте сақтап қалу үшін Хосе Аркадио Буэндиа қолынан келсе зерде машинасын ойлап табудан да аянбас еді. Бір сәттің ішінде ауыл бейнесі өзгеріп сала берді. Осы апыр-топыр жәрмеңке бастарын айналдырған Макондо тұрғындары күнде көріп жүрген көшелерінде өз үйлерін таба алмай қалатындай күйге ұшырады.

Мынау ту-талапайдың ішінде көз жазып қалмау қамымен балаларын қолынан ұстап алған Хосе Аркадио Буэндиа біресе тісіне алтын қаптаған алдамшы емгерге қағылып, біресе алтықолды сиқыршыға соғылып, адамдардың ығы-жығы тобырынан шыққан көң мен әтір иісіне тұншыға жүріп, ертегідегідей мына жарқ-жұрқ дүниенің сансыз сырын білмек үшін есінен айрылған адамша аласұрып, Мелькиадесті іздеп бармаған жері қалған жоқ. Мелькиадес жайында сығандардан сұрап көріп еді, олар мұның тілін түсінген жоқ. Әрең дегенде, әдетте Мелькиадес шатырын тігетін жерге де жеткен еді, бірақ оның орнында адамды көтсетпей жіберетін әлдебір дұғаны күбірлей оқып, мұңды жүзді армян сығанының отырғанын көрді. Хосе Аркадио Буэндиа көз алдарында болып жатқан тамашаға тәнті болып тұрған көпшілікті кимелей кіріп, осының алдында ғана стақан толы сарғыш түсті сұйықты бір-ақ жұтып салған сығанға өзінің сауалын қойды. Сыған оған таңданған жанарын бір қадады да, қас пен көздің арасында ғайып болып, түтіндеп жатқан иісі қолқаны қабатын қара май шалшыққа айналды, тек оның "Мелькиадес өлген" деген жауабы ғана әуеде қалқып қалды. Тосын хабар төбеден ұрғандай Хосе Аркадио Буэндиа қалшиып қатты да қалды, көпке дейін қайғылы халінен арыла алмай, басқа сиқырлы көріністер көңілдерін аулаған төңірегіндегілер түгел тарқап кеткенше, мұңды жүзді армян сығанының орнында қалған шалшық соңғы тамшысына дейін кеуіп кеткенше тұрған орнынан тапжылған жоқ. Сығандардың біреуі Мелькиадестің Сингапур батпақтарында безгектен қайтыс болғанына растап, сүйегінің Яваның маңында теңіздің ең бір терең жеріне тасталғанын айтты. Балаларға бұл хабардың пәлендей әсері бола қойған жоқ. Олар әкесін Мемфис кемеңгерлері ашқан жаңалықты көруге шақырған жарнама ілінген, сыртындағы жазуы рас болса, заманында Сүлеймен патшаның өзі пайдаланған шатырға қарай

жетеледі. Ұлдары қыңқылдап қоймаған соң, отыз реал төлеген Хосе Аркадио Буэндиа оларды ертіп, ішінде мұрнының желбезегіне мыс сақина өткізген, дәл қызыл асығына ауыр темір шынжыр байлаған, үсті-басын жүн басқан тақыр бас алып сыған теңіз қарақшылары қазынасын сақтайтын жәшікке ұқсас сандықты күзетіп отырған шатырға кірді. Әлгі алып сыған сандықтың қақпағын ашып жіберген кезде ішінен дене тітіретер ызғар есіп қоя берді. Сандықтан кешкі күн сәулесі түскенде сан түсті жұлдызшалармен сәуле шашып құлпырып қоя беретін айналасына аппақ-аппақ мың сан ине шаншылғандай үлкен мөлдір кесектен басқа еш нәрсе жоқ екен.

Хосе Аркадио Буэндиа абдырап қалды, алайда балаларына мұның не зат екенін қолма-қол түсіндіруі керек екенін ұғып, естілер-естілмес күңк етті:

– Бұл – дүниедегі ең үлкен гауһартас.

– Жоқ. Бұл – мұз, – деді алып оның сөзін түзетіп.

Ештеңе ұқпай қалған Хосе Аркадио Буэндиа кесекке үмтыла беріп еді, алып оның қолын ығыстырып тастады.

"Ұстап көргің келсе, тағы бес реал төле" – деді. Бес реалын суырып беріп, алақанын мұздан алмай бірнеше минут ұстаған Хосе Аркадио Буэндианың құдіретті құпияны сезген жүрегі қорқыныш пен қуаныштан атша тулады. Бойын кернеген таңғажайып сезімді балаларына қайтып түсіндірерін білмей, өздері ұстап көрсін деп, тағы да он реал төледі. Кішкене Хосе Аркадионың ұстағысы келмеді. Қайта Аурелиано қаймықпай еңкейіп, мұзға қолын салды да лезде тартып ала қойды. "Қайнап тұр ғой өзі",– деп үрейлене тіл қатты. Әкесі оған назар аударған да жоқ. Көз алдындағы мынау ғажайыпқа масайраған ол сол сәтте өзінің талай есірік ойларының күйрегенін де, Мелькиадестің денесінің бақа-шаянға жемге тасталғанын да ұмытқан еді. Тағы да бес реал төлеп, сот алдында Тауратқа қолын салып тұрып түсінік беретін күәгерге ұқсап, Хосе Аркадио Буэндиа мұз кесегіне алақанын қойып:

– Бұл – заманымыздың ең ұлы жаңалағы, – деп масаттана тіл қатып еді.

Теңіз қарақшысы Фрэнсис Дрейк XVI ғасырда Риоачаны қоршаған кезде тынымсыз қағылған шіркеу қоңыраула-

рының күңіренген үні мен зеңбіректердің гүрсілінен қатты шошынған Урсула Игуаранның үлы әжесі есі шығып жүріп жанып тұрған пешке отыра кетеді. Тәнінің қатты күйгені сонша, ұлы әжей бұдан былай өле-өлгенше зайыптық парызын өтеуге жарамай қалған екен. Бір жамбасына болмаса, оның өзінде құс жастық төсемесе, отыра алмайтын халге ұшырайды, әмбе қираландап қинала қозғалатын болған соң, жұрт көзінше жүріп-тұрудан да қымсынады. Бойымнан үнемі қоңырсық иісі шығып тұрады деген ой санасына ұялаған ол елмен аралас-құралас болудан да қорынады. Кеш болса бөлмесіне еніп, үйқтаудан қорқып, таң атқанша көз шырымын алмай аулада жүреді, жата қалса-ақ, түсіне қабаған иттерін арсылдатып терезеден кіріп, тәнін қызған темірмен қарып, қорлап жүрген ағылшындар енеді. Арагоннан шыққан саудагер қос ұл сүйген қосағының азабын аз да болса жеңілдету үшін жиған-тергенінің тура жартысын дерлік дәрігерлер мен дәрі-дәрмекке жұмсады. Ақыры, ол лажы таусылған соң дүкенін сатып, үй ішін теңізден шалғайға, қақ-соғы жоқ тыныш үндістердің тау жотасының бір сілемінде жатқан аулына көшіріп әкетті, мұнда ол әйеліне тағы да теңіз қарақшылары түсіне кіріп, шырқын алмас үшін терезесіз жатын бөлме салып берді.

Елеусіз-ескерусіз қалған бұл ауылда көптен бері темекі өсірумен шұғылданатын Хосе Аркадио Буэндиа дейтін бір креол[1] тұратын, Урсуланың ұлы атасы сонымен бірлесіп, пайдалы бір істің көзін тауып, қысқа мерзімнің ішінде екеуі де әжептәуір дәулет жиып алады. Арада бірнеше ғасыр өткен соң, креолдың шөбересі арагондықтың қызына үйленеді. Ерінің кезекті келеңсіз қылығы шымбайына батқан кезде Урсула екі ортада қилы-қилы заман өткен арадағы үш жүз жылды бір-ақ ысырып тастап, Френсис Риоачаны қоршауға алған сол бір мұнар күнді қарғап-сілейтін. Мұны да, әншейін, іштегі шерін бір тарқатып алу үшін жасайтын, әйтпесе күйеуі мен оның күллі өмірін махаббаттан да берік дәнекер — екеуін де іштей мүжіген ар азабы жалғап тұрған. Урсула мен күйеуі немерелес болып келетін. Олар ата-бабаларының ақ адал аяусыз еңбегі мен адамгершілігі, ізгілігі сол маңайдағы ең ілгері мекенге айналдырған ауылда бірге

[1] Креол — Латын Америкасына алғаш қоныстанушы испандар мен португалдардың урпағы.

туып өсті. Тегінде екеуі дүниеге келген кезде-ақ, осылар түбінде түрмыс құрады-ау деп тұжырым жасауға толық негіз болғанмен, өсе келе екі жас қосылуға тілек білдіргенде, ата-аналары өре түрегеліп, қарсы шыққан. Олар масқара болғанда ғасырлар бойы қыз алысып, қыз берісіп келген екі атаның сау ұрпағы келе-келе азып, мақұлық туып жүре ме деп сескенген. Мұндай қорқынышты жағдайдың болғаны да бар. Хосе Аркадио Буэндианың әкесінің інісіне шыққан Урсуланың әпкесі кемтар ұл туған-ды. Өле-өлгенше ешкім кимейтін кең шалбарын бұтынан тастамай, қырық екі жыл әйел затын иіскемей, күнәдан пәк өмір кешіп, қан кетіп өлген ол сорлы ұшы күлтеленіп тұратын, имектеле біткен шеміршек құйымшақпен дүниеге келген болатын. Оның түбіне жеткен де сол, көзі тірісінде бір де бір әйел затына көрсетпей, қасапшы досына өзі жалынып барып ет бұзатын балтасымен шаптырып тастайтын түп-тура торай құйрықтың өзі болатын. Он тоғыз жасар Хосе Аркадио Буэндиа ата-аналардың қарсылығын жастыққа тән бейқамдықпен айтқан "Маған салсаңдар, торай туса да мейлі, тек өзі сөйлей білсе болғаны" деген бір-ақ ауыз сөзімен тыйып тастады. Үш күн бойы той болды, ән шырқалды, күй тартылды, аспанға мылтық та атылды. Енді жастардың тату-тәтті өмір сүруіне еш кедергі жоқ еді, алайда шешесі болашақ үрім-бұтақтары туралы қайдағы—жайдағы сәуегейліктер айтып, әбден шошытып тастаған Урсула тіпті неке қиылғаннан соң табиғат заңына бас июден ат-тонын ала қашады. Алапат күш иесі, адуын мінезді күйеуі үйықтап жатқанда күштеп жүре ме деп қауіптенген Урсула төсегіне жатпас бұрын шешесі қалың кенептен тігіп берген іш киімді киеді екен. Іш кимнің жер-жерден байланатын толып жатқан баулары болса керек, олардың бәрі де алдыңғы жақтан қолақпандай темір айылбаспен бекітіледі екен. Жұбайлар осылайша талай ай өткізеді. Күндіз күйеуі төбелестіретін әтештерін баптайды, әйелі шешесімен екеуі кергіш тартып, кесте тігеді. Ал түн баласын жұбайлар діңкені құртатын арпалыспен, әлекпен өткізеді; келе-келе бұл арпалыс екеуінің махаббат қызығының орнына жүретін дағдылы ермегіне айналды. Көршіден көршінің сыры қағыс қалған ба, олар да екеуінің арасында бір гәптің барын аңдап қалса керек, ауыл ішінде түрмыс құрғанына бір жыл болса да күйеуінің кінәсынан Урсула әлі қыз қалпында жүр екен

деген қаңқу тарады. Ақырында, бұл сөз Хосе Аркадио Буэндианың өзінің де құлағына жетті.

– Урсула, біз туралы елдің не деп жүргенін естідің ғой, – деді әйеліне сабырмен.

– Айтқан жұрт айта берсін, – деп жауап қатты Урсула. – Өтірік сөз екені өзімізге мәлім ғой.

Содан бұлар Хосе Аркадио Буэндианың қоразы Пруденсио Агилярдың қоразын жеңген сол бір кесепатты жексенбі күніне дейін тағы да қамсыз-мұңсыз жарты жыл өмір сүрді. Қоразының жеңілгеніне ызадан жарыла жаздап, әрі қан көріп қозған Пруденсио Агиляр Хосе Аркадио Буэндиадан әдейі әрірек барып тұрды да, сөзін жиналған жұрттың бәрі естілердей қылып:

– Құттықтаймын, сені, – деп гүж ете түсті. – Түбінде әйеліннің бағын осы қоразың ашар әлі. Көрерміз.

Хосе Аркадио Буэндиа асықпай-саспай қоразын көтеріп, қолына алды. Елдің бәріне естірте: "Мен қазір қайтып келем", – деді. Сосын Пруденсио Агилярға бұрылып :

– Сен де үйіне барып, қаруыңды алып кел, көзіңді құртам, – деді.

Ол он минуттан кейін атасынан қалған жуан сапты найзаны үстап қайтып келді. Пруденсио Агиляр жарты ауыл жиналған қораз төбелестіретін сарайдың есігінің аузында тұрған. Ол қорғанып үлгермеді. Ғаламат күшпен, әрі заманында осы маңда қабылан қалдырмай қырып салған бірінші Аурелиано Буэндианың мүлт жібермейтін қапысыз мергендігімен сілтенген Хосе Аркадио Буэндианың найзасы оның алқымын тесіп өтті. Түнде, қораз төбелестіретін сарайда марқұмның табытының қасында туған-туысқандары күзетте тұрған кезде, өзінің жатын бөлмесіне кірген Хосе Аркадио Буэндиа әйелінің әлгі пәктік іш киімін киіп жатқанын көрді. Найзасымен жасқап тұрып: "Шеш, мына пәленді!"– деп бұйырды. Ерінің қас-қабағынан қаймыққан Урсула қарсылық білдірген жоқ. Тек: "Егер оқыс бола қалса, кінә сенен", – деп сақтандырған болды. Хосе Аркадио Буэндиа найзасын кірш еткізіп, жер еденге қадады да:

– Тіпті маңдайымызға жазғаны сол болып, жылан тапсаң да, қайтеміз, соны өсіреміз. Бірақ сенің кінәңнан бұл ауылда бұдан былай ешкім өлмеуге тиіс, – деді.

Маусымның жанға жайлы қоңыр салқын айлы түні еді. Олар үйқы көрмей, есік-терезесі ашық бөлмелерінен ескен самал арқылы жеткен Пруденсио Агилярдың туған-туысқандарының сыңсыған жоқтауын да елемей, таң бозарып атқанша төсектерін солқылдатып шықты.

Былайғы жұрт бұл оқиғаны ар үшін болған жекпе-жек деп ұққан еді, өздерін кінәлі сезінген жұбайлардың көңілінде қаяу қалды. Бір күні түнде үйқысы қашқан Урсула су ішуге аулаға шыққан еді, үлкен қыш құмыраның қасында тұрған Пруденсио Агилярды көрді. Аппақ шөлмектей жүзінде арылмас мұң, тамағындағы қанды жараны шүберекпен тығындап тастамақ болады. Аруақты көргенде Урсула қорыққан жоқ, қайта бойын аяушылық сезімі кернеді. Көргенін айтпақ болып, бөлмеге қайта кірді, бірақ мұның сөзін күйеуі елеген жоқ. "Өлгендер қайтып моладан шықпайды, – деді ол. – Тек біздің арымыз тыншымай жүрген соң елестеген ғой". Екі түн өткеннен кейін, Урсула Пруденсио Агилярды жуынатын бөлмеде кезіктірді: бейшара қолындағы шүберекпен мойнына қатқан қанды жуып жатыр екен. Келесі күні түнде оның жауын астында жүргенін көрді. Әйелінің лес туралы айтқандары құлағын сарсыетқан Хосе Аркадио Буэндиа найзасын ұстай сала аулаға шыққан еді. Аруақ сол бір аянышты қалпында аулада тұр екен.

– Жоғал, – деп ақырып жіберді оған Хосе Аркадио Буэндиа. – Қанша қайтып келсең де, келген сайын өлтірем де отырам.

Пруденсио Агиляр кетпесе де, Хосе Аркадио Буэндианың найза сілтеуге батылы бармады. Сол күннен бастап ол бұрынғы тыныш үйқысынан айрылды. Жауын астында тұрған аруақтың өзіне аса бір шарасыздықпен, кінәлай қараған кейпі, жанарларында мөлдіреген тірілерге деген терең қимастық, аңсаушылық сезімі, қолындағы шүберегін батырып алатын су іздеп Пруденсио Агилярдың жан-жағына жаутаңдап қарай бергені көз алдынан кетпей, жанын жегідей жеді. "Пақыр, қатты қиналып жүр екен-ау, – деді Хосе Аркадио Буэндиа әйеліне. – Жалғыздық жанына батады-ау, сірә". Урсула аруақты қатты мүсіркейтінді шығарды, келесі бір кезіккенде оның қазанға үңілгенін көріп, не іздеп жүргенін сезе қойды да, содан былай үй ішінде айнала су құйылған ыдыс қоятын болды. Ақыры, бір түнде аруақтың

тура өзінің жатын бөлмесіне келіп жарасын жуып отырғанын көрген Хосе Аркадио Буэндианың басқа лажы қалмады.

– Жарайды, Пруденсио. Біз бұл ауылдан көз көріп, құлақ естімеген, қайтып мұнда келмейтін жаққа кетейік. Сен де енді тып-тыныш өз жөніңді тап, – деді.

Мінеки, олардың таудан асып, теңіз іздеп жол тартқан жорығы осылай басталған еді. Дүние көрмекке, шытырман оқиғаларға ынтыққан Хосе Аркадио Буэндианың бірнеше көңілі жақын құрбылас жора-жолдастары қатын-баласын ертіп, онымен бірге жерұйық іздеуге аттанған. Ауылдан шығар алдында Хосе Аркадио Буэндиа аулаға апарып найзасын көмді, содан кейін аз да болса құрбандық беріп, Пруденсио Агилярдың аруағын жай таптыру үшін өзінің төбелеске салатын айтулы қораздарының басын бір-бірлеп шауып тастады. Урсула жолға жеңіл шықты: тек өзімен бірге қалындық көйлегі салынған сандықты, бір-бір қабат киім–кешек пен ыдыс-аяқ, және әкесінен қалған мұра алтын теңгелер салынған сандықшаны ғана алды. Тіпті іштерінде қалай қарай жүретіндерін, қайда баратындарын алдын-ала ойлаған жан да болған жоқ. Оған бас қатырып жатпай, тамыр-таныстардың көзіне түспей, із-түзсіз жоқ болып кету үшін Риончаға қарсы бағытты бетке алып, тәуекелдеп тартып кетті. Мұның өзі бұрын-соңды адам баласы естіп-білмеген ерепейсіз көші-қоң болды. Сөйтіп жүргенде маймыл еті мен жылан сорпасынан асқазаны әбден бүлінген Урсула бір жыл екі ай дегенде басқа пенде баласынан айырмасы жоқ, бір ұл туды.

Аяқтары ісініп, тамыр-тамыры адырайып шығып кеткен Урсула сапарларының басым көпшілігін екі жағынан екі еркек иықтарына ұдайы салып көтеріп жүрген үсті шатырланған зембілдің үстінде жатумен өткізді. Көш бойы асыр салып ойнаумен болған балалар ата-аналарына қарағанда жол ауыртпалығын онша сезіне қойған жоқ, әйтсе де олардың да оңып тұрғаны шамалы еді, аштықтан көздері шүңірейіп, іштері шермиіп кетті. Екі жыл тентірегеннен кейін жолаушылар бір күні таңертең жұмыр басты адамзат баласының ішінде алғашқылар болып, тау жотасының бұрын жан баспаған батыс қапталын көрді. Олар қанша әуреленгенмен, ақыры теңізге жете алмады. Тағы бірнеше ай бойы жолдарында тірі жан кезіктірмей, қалың батпақты

жерге кіріп кетіп, адаса-адаса жүріп бір күні түнде суы қатып қалған сүйық шыныға ұқсас тастақты өзеннің жағасына жетіп, қос тікті. Арада талай жыл өткен соң, екінші азамат соғысы кезінде, полковник Аурелиано Буэндиа Риоачадағы гарнизонға тұтқиылдан тиіп, басып алмақ ниетпен дәл осы жолмен жүруге әрекет жасайды, тек алты күннен кейін ғана барып, мұнысының тағы ақымақшылық екенін ұғады. Өйткені өзеннің жағасына алғаш қос тіккен әкесінің жолдастары кеме апатына ұшыраған жандар сияқты, бастарына түскенге амалсыз көнген кісілер болатын, ал мұның әскерлері біріншіден жорық кезінде тым өсіп кеткенді, әрі солдаттары қия басқысы келе бермейтін, қиындыққа барғысы жоқ, ұзақ өмір сүрсек дейтін (бұл тілектеріне олар жетті де) адамдар еді. Сол түні Хосе Аркадио Буэндиа түс көрді, түсінде қостарының орнына үйлерінің қабырғалары әлдеқандай мөлдір, жалт-жұлт еткен заттан қаланған у-шуы көп қала пайда болған екен дейді. Ол бұның қандай қала екенін сұрайды, алған жауабы құлаққа тосын, түсініксіз, мән-мағынасыз бір атау болды, бірақ түсінде естігендіктен бе, "Макондо" деген сөз жан-дүниеңді арбайтын ерекше әуенге толы сияқты елестеген. Ертеңінде ол қанша іздегенмен теңізге енді жете алмайтындықтарын айтып, бұған серіктерін әбден сендірді. Өзен жағасының бір қоңыр салқын түсін таңдап алып, сол араны ағаштардан аршыттырып, алаңқай әзірлеттіріп, ақыры, сол жерге мекен-жай салып тұрақтап қалды.

Хосе Аркадио Буэндиа мұз дегенді көргенше қабырғалары мөлдір үйлер туралы түсін неге жорырын білмей жүретін. Мұзды көрген соң ғана сол сұңғыла түсінің сырына қаныққандай болған, су секілді қол астындағы дүниені ұқсатып, мұз кірпіш жасауды тезірек жүзеге асыруды да ойлаған. Онда ыстықтан есік-терезелерінің кәсектері мен жақтаулары қаңсып, қисайып кететін, қашанда қайнап тұратын Макондо мәңгі қоңыр салқын қалаға айналар еді-ау. Абырой болғанда ол кезде Хосе Аркадио Буэндиа бойындағы барын салып, ұлдарының, әсіресе ә дегеннен алхимияға айрықша бейімділік танытқан Аурелианоның тәрбиесімен шұғылданып жүрген, әйтпесе мұз фабрикасын жасау жөніндегі әуейі пиғылын жүзеге асыру үшін тағы да арпалысуы мүмкін еді. Лабораториядағы жұмыс қайтадан

қызды. Бұл жолы әке мен бала бұрынғыша әдетте жаңалық атаулы туғызатын асығып-аптығушылыққа бой алдырмай, Мелькиадестің жазбаларын сабырмен қайта-қайта байыбына барып оқып, қазан түбіне қатып қалған Урсуланың алтынын табандарынан таусылып жүріп қайта айырып алуға тырысты. Кіші Хосе Аркадио бұл жұмысқа мүлде араласпады десе де болғандай. Әкесі көріктің қасында жан-тәнімен өзінің шаруасымен әлек болып жүрген кезде, денесінің ірілігінен ежелден-ақ тұстастарынан ересек көрінетін елден ерек мінезі бар түңғыш ұл соқталдай бозбалаға айналған еді. Оның даусы жуандап, иегі мен жағын түк басқан-ды. Бірде Урсула жатайын деп шешініп жатқан ұлының бөлмесінен кіріп келіп, бұған дейін күйеуінен басқа жаланаш еркек кіндікті көрмеген әйел қатты қысылған, жүрегінде оған деген бір түрлі аяушылық сезімі оянған, әрі ұлының қоладан құйғандай сұлу мүсінін көріп үрейленген де еді. Үшінші балаға аяғы ауыр Урсуланың бойын баяғы алғаш тұрмыс құрған кезіндегідей қорқыныш қайта кернеген.

Сол кезде Буэндиалардың үйіне жұтынып тұрған, ақ жарқын, тілі мірдің оғындай бір әйел жиі келгіштеп жүретін, Урсулаға үй-ішіндегі оны-мұны шаруаға қолғабыс жасайды, картаға қарап бал ашатын өнері де бар. Урсула ұлы жайындағы уайымын соған айтқан. Ұлының тым ерте ер жетуі әлгі туысқанының торай құйымшақты ұл туғаны сияқты мүлде тосын көрінген. Әлгі әйел мұның айтқандарына үйді басына көтеріп, күміс қоңыраудай сыңғырлап, ішегі қатқанша күлген. “Ол не дегенің, қайта бақытты болады екен”, – деген күлкісін тыя алмай.

Бірнеше күннен кейін өз болжамының дұрыстығын дәлелдемек ниетпен әйел бір колода карта әкеліп, Хосе Аркадионың ас үйдің жанындағы шошалаға кіргізіп, іштен іліп алады. Сосын карталарын көне үстірік үстелдің үстіне асықпай жайып жатып, жанында картаға құлқын білдірмей, іші пысқан адамша өзімен-өзі тұрған бала жігітке оны-мұны айтып алдаусыратқан. Кенеттен балгер қолын созып, мұның денесін сипап жіберді. Сөйтті де “ойпырмай” деп дауыстап қалды, шын шошынған жанның кейпі, содан қайтып тіл қатпады.

Хосе Аркадио сүйек-сүйегінің балқып езіліп бара жатқанын сезді, бойын үрей биледі, жылап жібере жаздап,

өзін-өзі әрең тежеді. Әйел емеурін білдіріп оны өзіне икемдеген де жоқ. Бірақ ол түні бойы аласұрып оны іздеп шықты, түні бойы әйелдің қолтығынан шыққан қоланса иісі мұрнынан кетпей қойды, бұл иіс бойына енді қайтып кетпестей болып сіңіп қалған сияқты. Оның дәйім соның қасында болғысы келді, сол әйел өзінің анасы болса екен деп аңсады, сол әйелмен бірге ешқайда шықпай шошалада отырғысы келді, сол әйел қайта-қайта қолын денесіне тигізіп, "ойпырмай, ойпырмай" дей берсе екен дейді. Ертеңінде іштей күйзелісі әбден жанына батқан соң шыдай алмай, салып ұрып әйелдің үйіне барды. Оның бұл жүрісі бір түрлі ыңғайсыздау, оғаштау болып шықты, баруын барғанмен Хосе Аркадио кете-кеткенше ләм-мим деп жағын ашпаған. Бірақ бүгін кешке ынтызарлығы басылып қалған тәрізді. Кешегі көргені басқа да, мынау бір басқа, иісі мұрнына келсе бойын меңдеп әкететін, әлдебір сезім туғызатын әйел тіпті де бұл емес сияқты. Кофе ішіп болған соң жаны жабырқап үйіне қайтты. Түнде қайтадан үйқысы қашып, бойын тағы да кешегідей ынтызарлық пен анайылау аңсау сезімі кернеді, бұл жолы ол кешегі шошалада бірге болған әйелді емес, осы кешқұрым өзі қарсы алдында отырған әйелді аңсады.

Бірнеше күннен кейін ойда жоқта әйел картамен бір қызық хикмет жасауды үйретем деген сылтаумен Хосе Аркадионы үйіне шақырып алды, келісімен әйел шешесі отырған бөлмеден басқа жатын бөлмесіне бозбаланы жетелеп кіргізді. Кірген бетте әй-шәй жоқ қысылып-қымтырылмай-ақ денесіне қол салды, бозбала бүкіл денесімен селк ете түсті, көңілі құлазып, рақаттанудың орнына тіксініп қалды. Сосын әйел: "Түнде кел", – деді. Енді қайтып келуге қауқары жоқ екенін біле тұрса да, одан тезірек құтылудың қамымен Хосе Аркадио уәде берді. Түнде төсегінде ыстықтап, аунақшып жатып, тіпті, бұған жарамаса да бәрібір баруға тиіс екенін ұқты. Қараңғыда сипаланып киініп жатып, ол інісінің бір қалыпты тынысын, көрші бөлмедегі әкесінің күркілдеп жөтелгенін, аулада қонақтап отырған тауықтардың анда-санда баяу қыт-қыттағанын, масалардың ызыңын, өз жүрегінің атша тулап дүрс-дүрс соққанын – мынау ғаламның бұрын өзі аңғармаған қым-қуыт дыбысын айқын естіді. Ақырын басып тыныштық құшағында мүлгіген көшеге шықты. Ол ішінен есік жабық болса екен деп тіледі, ал

әйел есіктің ілгегін салмай жай жауып қоям деген. Саусақтарының ұшымен сәл ғана түртіп еді, есік топсалары дыбыс шығара зарлап қоя берді де, мұның тұла бойы мұздап кетті. Ол бір қырындап ұрлана басып үйге кіргенде, бірден мұрнына сол иіс келді. Хосе Аркадио алдымен әйелдің інілері түн баласында аспалы төсектерін іліп жіберіп жата-жата кететін кіре берістегі бөлмеде бұлардың қайсысының қай жерде ілінгенін, енді қалай қарай жүрерін білмей дағдарып тұрып қалды, машақаттың үлкені – мына қараңғыда жатын бөлменің есігін адаспай тауып, ішке кіру бағдарынан жаңылмай барып іздеген төсегіне жетуде болып тұр. Ол аттай бере өзі төменірек тұр ма деп жорамалдаған төсектің басына соғылды. Осыған дейін жайбарақат қорылдап ұйықтап жатқан кісі көңілі қалған адамның даусымен ұйқысырап: "Сәрсенбі болатын", – деді бір жақ жамбасына аунап түсіп. Хосе Аркадио итерген кезде жатын бөлменің есігі кедір-бұдыр еденді сызып зар қақсап қоя берді, бұған қылар қайраны жоқ еді. Тас қараңғыда мүлде абдырап қысылған ол, құдай ұрғанда, әбден шатасқанын білді. Аядай бөлмеде шешесі, күйеуімен және екі баласы мен кіші қызы жатыр, өзін күткен-күтпегені неғайбыл әйелдің де осында екенін біледі. Иісімен де іздеп тауып алар еді, бірақ осы үй толған осы иіс өзіндік ерекшелігімен мұның да бойына әбден сіңіп қалған тәрізді. Қалай ғана осындай бейшара күйге түскеніне опынып, Хосе Аркадио біраз уақыт тапжылмай тұрып қалды, әлден уақытта қараңғыны қармаған біреудің қолының кенеттен бетіне келіп тигенін сезді. Ол таңданған жоқ, неге екені белгісіз, әйтеуір, өзі де осылай болар деп тосқан, әбден қалжыраған ол өзін төсекке жетелеп әкеліп, шешіндірген сол қолдардың ырқына берілді, содан кейін оны көзге түртсе түк көрінбейтін қараңғыда құдды ішіне картоп толтырылған қапшық құсатып, оңды-солды аунатып, ырғай бастады, сол сәтте оған өзінің қолдары да артық сияқтанып кетті, дәл қазір әйелдің бұрынғы иісі де жоқ болып кеткендей, мұрнына аммиак иісі келді, оның түрін де көрген жоқ, көзіне кескін-келбетін елестетпек болып еді, Урсуланың жүзі елес берді, әйтеуір, көптен бері жасап көрсем деп құмартып жүрген, әрі қолынан келе қоятынына өзі де сеніңкіремейтін шаруаны жасап жатқанын еміс-еміс сезінді және мұны қандай дәрежеде жасап жатқанын да аңғарған жоқ, басының, қол-

аяғының қайда екенін де және олардың кімнің басы-аяғы екенін де аңғарған жоқ; келесіге әлінің келмейтінін де шамалады, қашып құтылсам деген ой да, осынау тылсым тыныштықта, осынау оқшау оңашада мәңгіге қалсам-ау деген қуатты құштарлық та бойын қатар кернеді.

Оның есімі Пилар Тернера еді. Ата-анасының ықтиярымен ол соңы Макондоны салумен тынған ұлы көштің бел ортасында болған; ата-анасы қыздарын он төрт жасында абыройынан айырып, содан бұл жиырма екіге жетер-жеткенше онымен қатынасын үзбей келген адамнан бөліп әкетуге әрекет жасаған, ол адам басқа ауылдікі болатын, сондықтан да некеге отыруға жүрегі дауаламаған ол жер шарын шарлап шықса да мұны іздеп табатынын айтып, ант-су ішкен, тек кейінірек, азын-аулақ шаруаларын реттеп болған соң, жолға шықпақ болған; бұл содан бері оны екі көзі төрт болып күткен, күте-күте үміті тозған; содан карта ашуды шығарған; карта оны сан алуан еркектермен: аласа-биігімен, ақ құба, қара торысымен жолықтырмақ болған, біреуін теңіз, біреуін дала арқылы, біреуін үш күннен кейін, біреуін үш айдан, келесісін үш жылдан кейін келтірмек болған. Сөйтіп жүрген кезінде мықын қуаты қайтып, анарлары бұрынғы қол батпайтын тығыздығынан айрылған, тіпті еркек баласының аймалауына да тосырқап кеткен, алайда ала құйын жүрегінің желігін сол қалпында сақтап қалған еді. Бұл таңғажайып ойынға әбден көңілі құлаған Хосе Аркадио енді күн сайын түнде шым-шытырық бөлмелердің ішінен соны іздеуге шығатын болды. Бірде келгенде есіктің ілулі тұрғанын көріп, есікті қатты-қатты қаққылай бастады, енді ол, әйтеуір, батылы барып бір рет қаққаннан ақырына дейін қағу қажет екенін ұққан еді... Есік ол күте-күте, күдерін үзген кезде барып әрең ашылды. Ұйқысы қанбай қанша қалжырап жүрсе де, өткен түнді есіне түсіріп ол күндіз шексіз ләззат табатын. Әрқашан жайдары жүретін, парықсыздау, әжуәшіл Пилар Тернера Буэндиалардікіне келе қалғанда, Хосе Буэндиа бұрынғыдай өзінің қобалжығынан жасыра алмай қиналмайтын болды, өйткені сыңғырлаған күлкісі аулаға қонған кептерлерге шейін үркітетін осынау әйелдің мұны тынысын ішіне тартып, өзінің жүрегінің соғуын санауға үйреткен, еркектердің неге өлгісі келмейтінінің сырын ұқтырған құдіретті күшке ешқандай

қатысы жоқ-ты. Өзінің ішкі уайым-қайғысымен әлек болып жүрген ол әкесі мен інісі амалын тауып қазан түбіндегі металл күйіктерінен Урсуланың алтынын қайта айырып алғандықтары туралы хабарларымен үй-ішін бір дүрліктіргенде, елдің неге қуанып жүргенін де ұққан жоқ.

Олар мұндай нәтижеге талайдан бергі тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде жетіп еді. Төбесі көкке жеткен Урсула алхимияны ойлап тапқан тәңірге ақ алғысын жаудырды, ал осы тамаша оқиғаның құрметіне тұсап қосып қарма пісіріп, лабораторияға жиналған ауыл адамдарының алдына дастарқан жайды, отағасы Буэндиа бірінен соң біріне, алтынды табан астында тура өзі ойлап тапқан адамдай масаттанып, айырып алған алтынын көрсетіп шықты. Ол жағалап жүріп келіп, соңғы кезде лабораторияға мүлде бас сұғуды қойған үлкен ұлының жанына келіп тоқтады. Ол ұлының дәл көзінің алдына жалқын түсті құрғақ күлді әкеліп: "Көрдің бе, қандай, ә?" – деп сұрады.

– Иттің боғындай. – Хосе Аркадио шын көңілімен жауап қатты.

Әкесі оны алақанының қырымен ауызға салып жіберді, қатты ұрғаны сонша, Хосе Аркадионың аузынан қан, көзінен жас бұрқ ете түсті. Түнде қараңғыда сипалақтап жүріп дәрі құйылған кішкене құты мен мақта тауып алып, Пилар Тернера оның ісіп кеткен ерніне арникадан бұлау басты, не керек, жанын салып, Хосе Аркадионың көңілін табуға тырысты, сылап-сипап, ауырсынып қалмасын деп бәйек болып жүріп, құмарын да тарқата білді. Олар шексіз ләззатқа бөленіп, дүниенің бәрін ұмытты, түнде қанша кездесіп жүрсе де жақ ашпайтын, бүгін алғаш рет сыбырласып сөйлесе бастады.

– Тек сенімен бірге болғым келеді, – деп сыбырлады ол. – Бүгін-ертең жұрттың бәріне жаям, осынша уақыт тығылмақ ойнағанымыз да жетер.

Пилар Тернераның да оны райынан қайтарғысы жоқ.

– Жақсы-ақ болар еді, – деп қоштап қойды. Екеуден-екеу қалсақ, тым құрымаса, шам жағып қойып, біріміздің түрімізді біріміз көріп жатпас па ек, былайғылар естиді-ау деп қорықпай, аузыма түскенді айғайласам да ерік өзімде болмас па, сен ерсі екен деп именбей, ойыңа келгенді қымсынбай-ақ құлағыма сыбырламас па ең. Шіркін!

Екеуінің осы әңгімесі, көкірегіндегі әкесіне деген қыжыл мен ыза, қайткен күнде өзінің заңсыз да болса, осынау махаббатын ешкімнің тартып ала алмайтынына нық сенімі Хосе Аркадионың бойына байсалдылық пен батылдық бітірді. Ол болған мән-жайды мәймөңкелемей інісіне жайып салды.

Алғашында кішкене Аурелиано Хосе Аркадионың жүрісінен секем алып, тек ағасына үлкен қатер төнгенін сезген, бірақ оның не құдіреттің осынша арбап тастағанын ұқпаған. Бірте-бірте Хосе Аркадионың ақыл-есін алған жан тебіренісі мұны да баурай бастаған. Ағасына бастан кешкендерін бүге-шігесіне дейін айтқызып, оның күйініші мен сүйінішін бірге кешіп, әрі қорқып, әрі тамсана тыңдайтын. Енді ол өзінің тар төсегінде ыстық шоқтың үстінде жатқандай аунақшып, таң атқанша кірпігін ілмей Хосе Аркадионың келуін тосатын болды, содан ағайынды екеуі орындарынан тұрып кеткенше сөйлесіп жатады, ақыры, екеуі де үйқылы-ояу күйге түсті, екеуі бірдей алхимиядан да, әкелерінің ғалымдығынан да жеріп, түйықталып кетті. "Балалардың түстері салыңқы... Өңі келіспей жүр, – деді Урсула. – Құрт тимесе игі". Шешелері күлдей етіп үнтақталған мексикалық шайдан түрінің өзі жүрек айнытатын ішірткі дайындап берді. Екі ұлы да дәріні өздерінен күтпеген көнбістікпен ішіп салды, екеуі де іштеріндегі қызғылт түсті пәлекетті қуып шығу үшін дәл сол күні он бір рет дәрет сындыратын сауытқа отырып және оларын жұрттың бәріне қымсынып-қымтырылмай көрсетіп шықты, сөйтіп өздерінің сүлесоқ, жүнжіген күйлерінің сырын жасырып, Урсуланы алдап соққандарына масайрасты. Аурелиано ағасының әуре-сарсаңын өз басының қуаныш-қайғысындай қабылдап, онымен қосыла уайымдады. Бірде ағасы махаббат машақатын бастан-аяқ сипаттап отырған кезде Аурелиано оны тоқтатып қойып: "Сол кезде не сезінесің?" – деп сұрады. Хосе Аркадио мүдірген жоқ:

– Тура жер сілкінгендей болады, – деді.

Ақпандағы бейсенбілердің бірінде түнгі сағат екіде Амаранта туды. Бөбектің дене бітімін мұқият қарап шыққанша Урсула бөлмеге жан баласын кіргізген жоқ. Нәресте жеп-жеңіл, тал шыбықтай ғана екен, бар мүшесі де сау, өзге адам баласынан айырмасы жоқ, орны-орнында. Болған оқиға туралы Аурелиано үйге көрші-қолаң қаптап

кеткен кезде ғана барып білді. Абыҥ-гүбінді пайдаланып, төсегі түнгі он бірден бос тұрған ағасын іздеуге зыта жөнелді; аяқ астынан осындай үйғарым жасаған ол Хосе Аркадионы Пилар Тернераныҥ жатын бөлмесінен қалай алып шығатынын да ойлаған жоқ. Аурелиано уағдалы белгі беріп қайта-қайта ысқырып бірнеше сағат бойы сол үйдіҥ төҥірегін торуылдап жүре-жүре, ақыры таҥ бозара бастаған соҥ кері оралған. Қайтып келсе Хосе Аркадио туған қарындасына емірене қарап, анасыныҥ бөлмесінде отыр екен.

Нәресте қырқына да толмаған кез, тағы да сығандар келген. Бұлар сол баяғыда мүз әкелетін көз бояушы, айлашыл сығандар екен. Көп ұзамай-ақ олардыҥ Мелькиадестіҥ тайпасы сияқты ғылым-білім жаршылары емес, қызық көрсетіп, күнелтетін жандар екеніне көз жеткен. Олар әу баста да әкелген мүзын адамға пайдалы зат есебінде емес, кәдімгі цирк аттракционы етіп алдыға тартқан. Осы жолы олар басқа тамашаларымен бірге ұшатын сырмақ ала келген екен. Бұл жаҥалықты да олар қатынас құралдарын жақсартуға қосылған үлес деп білмей, тек көҥіл аулар ермек санаған.

Халық тартынған жоқ, ауыл үстімен бір ұшып өту қызығы үшін қалталарын аямай қаққан. Жұрттыҥ делебесін қоздырып қойған қым-қуыт қызыл сүреҥніҥ ішінде не істейім десе де ерік өздеріне тиген Хосе Аркадио мен Пилар да құмарларынан бір шыққан. Олар көптіҥ көзін ала бере қауыша кетуге аҥсары ауып тұратын, жаҥа қосылған жас жұбайлардай күйге түскен, тіпті, махаббат дегеніҥізге өздері бастан кешкен құпия түндердегі адуын, алды-артына қаратпай ала жөнелетін тыз етпе ләззат қана емес, әлдеқайда тереҥ, буын-буыныҥды балқытып, шексіз рақатқа бөлейтін байсалды сезім деп пайымдаған. Осынау іҥкәр сәттіҥ шырқын бұзған Пилардыҥ өзі. Хосе Аркадионыҥ өзіне деген ынтызарлығына елтіп, мәселеніҥ сыртқы сәніҥ ішкі мәнімен шатастырған әйелдіҥ сөзі бозбалаға аспан төҥкеріліп төбесіне құлағандай әсер еткен. “Енді сен нағыз еркексіҥ”, – деген оған. Бұл сөздіҥ қандай астары барын ол ә дегенде аҥдамай қалған соҥ, әйел ежіктеп түсіндіріп берген.

– Ұлды боласыҥ енді, – деген.

Хосе Аркадио бірнеше күн бойы тысқа шығуға жүрексініп жүрді. Ас үй жақтан Пилардыҥ сыҥғырлаған

күлкісі құлағына шалынса, заматта зып беріп лабораторияға кіріп кетуге асығады. Урсула өзі пейіл танытқан соң, мұнда жұмыс та қайнап жатқан еді. Адасқан ұлының қайтып оралғанына Хосе Аркадио Буэндиа қалбалақтап қатты қуанған, келген бетте оны өзі таяуда, әйтеуір, оңтайы бір түсіп, қолына алған шаруасы – даналық дәнегін іздестіру құпиясына қанықтырмақ болған. Бірде кешке ағайынды екеуі терезенің тұсынан ағып өте шыққан, үстінде делбеші сыған және өздеріне жамырай қол бұлғаған бірнеше ауыл балалары отырған ұшатын сырмақты көріп қатты таңырқап тамсанған, Хосе Аркадио Буэндиа болса, терезе жаққа мойнын да бұрмаған. "Мейлі, көңілдерін ауласын, – дей салған. – Біз олардан жақсы ұшатын боламыз және жаман тулақпен емес, ғылыми тәсілмен ұшамыз әлі". Бер жағымен даналық дәнегі дейтінге қызыққан сыңай танытқанмен, оның қандай құдіреті барына Хосе Аркадионың миы жетпей, көңіл түкпірінде оны қалай болса солай жасалған шөлмек деп қана білген. Лабораториядағы жұмыс та оны жанын жегідей жеген ауыр ойлардан арылта алған жоқ. Асқа зауқы, іске құлқы болмай, ұйқысы қашып, берекесі кетті, бұл да кезекті ойға алған шаруасы күйреген кездегі әкесінің мең-зең күйін құшты, ұлының сүлесоқ сиқы бірден көзге ұрып тұрғанын байқаған Хосе Аркадио Буэндиа оны әлде алхимия жанына батып жүр ме деген оймен лабораториядағы шаруадан да босатты. Әкесі аңғармағанды Аурелиано аңдаған, ол ағасының дертінің даналық дәнегін іздестіруге ешбір қатысы жоқ екенін бірден ұққан, бірақ Хосе Аркадио оған да ләм-мим деп сыр бермеген. Бұрынғыдай емес ағасы енді ағынан жыралмайтын болған. Қашанда ақ көңіл, ақ жарқын жан кенеттен тұйық, ашушаң адамға айналған. Айнала дүниеге деген ащы ыза бойын буып, жалғыздықтан жапа шеккен ол бір күні түнде тағы да төсегінен тұрып сыртқа шыққан, бірақ бұл жолы Пилар Тернерға беттеген жоқ, сыған шатырларын төңіректеп, бейсауат жүрген топтың ішіне сүңгіп кетті. Неше түрлі қулық-сұмдықты көлденең тартатын аттракциондарды біраз аралап, ешқайсысын қызықтауға құлқы болмаған, сөйтіп жүргенде топ ортасынан – шыны моншақтарын көтере алмай майысып тұрған, әлі де балиғатқа толмаған нәзік сыған қызына көзі түсті. Бұдан өткен сұлуды Хосе Аркадио бұрын-соңды көрген емес. Қыз ата-анасының қарғысына ұшырап,

жыланға айналып кеткен адам туралы қайғылы оқиғаны көріп, көкіректері қарс айрылып, күрсіністен қалың көптің ортасында тұрған.

Хосе Аркадио жылан болып кеткен бейбаққа көз қырын да салған жоқ. Жиналған жұрт ол сорлының бастан кешкен қапалы оқиғасының жай-жапсарына қанығып жатқан кезде, жас Буэндиа киіп-жарып бірінші қатардағы сыған қызының қасына келіп, оның ту сыртынан тура қалды. Денесіне денесін тигізіп жанаса тұрды. Қыз ығысып кетпек болып еді, Хосе Аркадио одан сайын жақындап, жабыса түсті. Қыз оның күдіретін бірден сезе қойды. Тәнімен сезінгеніне сенер-сенбесін білмей, әрі таңырқап, әрі жатырқап, бойы қалтыраған қыз бір орнында тұрып қалды, сосын зорға дегенде бұрылып, жасқаншақтай жымиып Хосе Аркадиоға қарады. Сол сәтте екі сыған жылан-адамды торға салып, шатырға алып кетті. Жаршы сыған тағы да айғайға басты: – Ал енді, ханымдар мен мырзалар, сіздерге өте қорқынышты нөмірімізді – көрмеуге тиіс нәрсені көргені үшін жүз елу жыл бойы қатарынан әр түн сайын дәл осы сағатта басын кесіп отыруға кесілген әйелді көрсетеміз.

Хосе Аркадио мен қыз бас алу сәтін көрген жоқ. Бойларын кернеген ала қуйын сезім құшағында қыздың шатырына қойып кеткен екеуі сүйісіп жүріп апыл-ғұпыл шешіне бастады. Бірінің үстінен бірі тартылған белдемшелерін ағыта салып, бірінің үстінен бірі киілген, шет-шетіне ұсталған шілтерлері сарғая бастаған толып жатқан көйлектерін жан-жаққа ытып жіберіп, шыны моншақтарының салмағынан сытылып шығып, ақыры, тіпті қажеті жоқ сым белдемшесін лақтырып тастап жалаңаш қалған қыз көрер көзге қораш екен. Алайда төсінде тұтам еті жоқ, сидам сандары Хосе Аркадионың білегінен жіңішке, құрбақа сияқты тырбиған осынау жанның бойындағы келсең-кел дейтін батылдығы мен басылмас құмарлығы сол кемшіндердің бәрін әлденеше орап тұрғандай. Өкінішке қарай, қайта Хосе Аркадио қызға дәл сондай құштарлықпен жауап қата алған жоқ, цирктің түрлі керек-жарақтарын алып кіріп-шығып жатқан, осында келіп оны-мұны шаруаларын жайғап жүрген, әредігінде төсектің дәл қасына отыра-отыра қалып, сүйек тастап ойнайтын сығандардан именді. Оның үстіне шатыр ортасындағы бақанға ілінген шам да жағалай жарық қылып

тұрған. Аймаласа-аймаласа арыға бара алмай амалы таусылған жалаңаш Хосе Аркадио бір әредікте қыздың қайта-қайта өзін серпілтпек болған әрекетіне де қарамай, әлі құрып көсіліп жата кеткен. Осы кезде шатырға қасына бұрын сығандар тобында көрінбеген, әрі жерґілікті адамдарға да ұқсамайтын бөгде еркекті ерткен толық денелі сыған әйелі келіп кірді, екеуі төсектің дәл қасына келіп шешіне бастады. Ойда жоқта жалаңаш Хосе Аркадиоға көзі түсіп кеткен әйел оның ұйқыдағы "жыртқышын" көріп, қайран қалды.

– Балапан, – әйел емірене үн қатты. – Тәңірім, осынды аман сақтағай!

Хосе Аркадионың серігі мазаларын алмауын өтінген соң, екеуі төсектің жанына жерге жата кетті. Бөтен жандардың ләззаты ақырында Хосе Аркадиоға да жан бітірді. Оның алғашқы шабуылынан-ақ қыз сүйектері сатыр-сұтыр етіп дойбының тастарынша жан-жаққа шашылып кеткендей болды, тұла бойы ащы терге балқып, жанарларын жас жуды, бұла тәні ыңырана ах үрып, терең тыныс алды, денесінен болмашы балдыр иісі есті. Обалы бекер, оның адуын әрекетінен сыған қызы тайсалған жоқ, таңданарлық төзім мен табандылық көрсетті. Хосе Аркадио ұжмақтың көгінде қалқып жүргендей күй кешті, көмейінен жан-жүрегін жарып шыққан небір нәзік, сәл-пәл тұрпайылау сөздер төгілді, қыздың құлағына құйылған бұл сөздер оның тіліне аударылып, аузынан қайта сорғалады. Бұл бейсенбі күні болған оқиға. Ал сенбіге қараған түні басын қызыл шүберекпен таңып алған Хосе Аркадио сығандармен бірге Макондодан кете барды.

Ұлының жоқ болып кеткенін байқаған Урсула оны іздеп бүкіл селенді шарлап шықты. Бұрын сыған шатырлары тұрған тұста ол әр жер-әр жерде үйілген қоқыс пен әлі түтіні шығып жатқан өшірілген ошақтардың күлінен басқа ештеңе көрген жоқ. Қалып қойған шыны моншақ табылып қала ма деген оймен қоқыстарды ақтарып жүрген селен тұрғындарының бірі Урсулаға алдағы түні оның ұлын сайқымазақтардың арасынан көргенін, Хосе Аркадионың жылан адам отырған тор қойылған қол арбаны итеріп бара жатқанын айтты. Урсула келе, тұңғышының жым-жылас жоғалғаны кәперіне кіре қоймаған күйеуіне: "Ол сыған болып кетті енді", – деп сарнап қоя берді.

– Оның несі жаман, – деді Хосе Аркадио Буэндиа, бұған дейін жүз қайтара түйіліп, жүз қайтара қыздырылып қайнатылған әлдебір затты қайтадан келіге салып, тағы да түйгіштеп отырған қалпы. – Енді ол нағыз еркек болады.

Урсула алдымен сығандардың қалай қарай кеткенін біліп алып, сол жолға түсіп тартып отырды. Ол тобырды қуып жетем деген ниетпен кезіккен жандардан жағалай жөн сұрастырып жүріп, селеннен мүлде ұзап кетті, ақыры, тым алыстап кеткенін білген соң, енді қайтып оралудың қажеті жоқ екенін ұғып, алған бетімен жүре берді. Хосе Аркадио Буэндиа әйелінің жоқтығын кешкі сағат сегізде, түйген затын қыздырмақ үшін көң төсеніштің үстіне қойып, осы уақытқа дейін жылап-жылап сілесі қатып, даусы шықпай қалған кішкентай Амарантаның жайын білмек болып келгенде ғана білді. Ол көп ойланып жатпастан қолма-қол жақсы қаруланған ауыл адамдарынан шағын топ жасақтап, Амарантаны емізіп тұрайын деген әйелдің қолына тапсырып, Урсуланы іздеп, жан баспаған сүрлеулерге түсті. Аурелианоны өзімен ала шықты. Елең-алаңда жолыққан тілдері түсініксіз үндіс балықшылар бұл маңнан ешкімнің өтпегенін оларға ыммен түсіндірді. Үш күн бойы шарқ ұрып іздегенмен таба алмаған олар ауылға қайтып оралды.

Хосе Аркадио Буэндиа көпке дейін уайымдап жүрді. Ол кішкентай Амарантаны дәл анасындай аялап бағыпқақты. Өз қолымен шомылдырып, өз қолымен бөледі, күніне төрт уақыт емізетін әйелге апарып отырды, тіпті Урсуланың қолынан келмейтін өнер танытып, бөбекті кеш бойы әнмен әлдилейтін болды. Бірде Пилар Тернера Урсула келгенге дейін үй-ішінің шаруасын мойнына алмаққа ыңғай танытқан. Осындай қиын сәтте бойындағы көрегендік құдіреті қоза түскен Аурелиано үйге кіріп келе жатқан Пилар Тернераны көргеннен-ақ ойына бәрі сап ете қалған. Ағасының үйден безіп кетуіне, одан кейін шешесінің жоғалып кетуіне әлдеқалай осы әйелдің себепші болғанын сезген ол оған үнсіз тесірейе, әрі жеп жіберердей жек көре қараған сонша, қайтып әйел бұлай қарай аяқ басқан емес.

Уақыт бәрін орын-орнына қойды. Хосе Аркадио Буэндиа мен ұлы өздерінің қашан, қалай лабораторияға кіріп, оның шаңын сүрткенін, көріктің отын жағып, бірнеше ай бойы тезектің үстінде қозғаусыз тұрған затпен тынымсыз әуре-

сарсаңдарын қайта бастағанын өздері де аңғармай қалған. Сынап буы ауасына әбден сіңіп кеткен шағын бөлменің ішінде сәмбі талдан тоқылған кәрзеңкенің ішінде жатқан Амаранта әкесі мен ағасының не істеп жатқанын кәдімгідей құлық қойып бақылап жатады. Урсула жоғалып кеткеннен соң бір айдан кейін лабораторияда бір түсініксіз құбылыстардың болып жатқаны байқалды. Көптен бері шкафта жататын бос шөлмек орнынан қозғауы қиын зіл қара тас болып ауырлап шыға келді. Жұмыс үстелінің үстінде түрған тегештің ішіндегі су кенеттен отсыз-түксіз бүрқ-сарқ қайнай бастады, содан тамшысы қалмай буланып ұшып кеткенше жарты сағат бойы өзінен-өзі сақылдап қайнап жатты. Хосе Аркадио Буэндиа мен ұлы ғажайып өзгерістерге мәз-мейрам болып қуанысқан, олардың сырын ұқпаса да, мұны жаңа субстанцияның пайда болуының жаршысы деп топшылаған. Күндердің күнінде ішінде Амаранта жатқан кәрзеңке ешкімнің көмегінсіз, аңырып тұрып қалған Аурелианоның көз алдында бөлмені айнала ұша жөнелген, сасып қалған Аурелиано оны қолма-қол тоқтата қойды. Бірақ бұған қынған Хосе Аркадио Буэндиа болған жоқ. Ол кәрзеңкені бұрынғы орнына қойып, үстелдің аяғына байлап тастады. Кәрзеңке хикаясы оны өз мұраттарының жүзеге асар сәті жақын екеніне сендірген. Оның:

— Құдайдан қорықпасаң да, металдан қорық, — дейтін сөзін Аурелиано сол кезде естіген.

Жоғалып кеткеніне бес айдай уақыт өткенде, Урсула қайтып келді. Ол үстіне бұрын селенде ешкім киіп көрмеген киімдер киіп, жасарып, жайрандап оралды. Хосе Аркадио Буэндианың қуаныштан есі ауып қала жаздады. "Көрдіңдер ме? тура мен ойлағандай болды да шықты", — деді ол самбырлап. Шынында да, солай еді, әлгі затпен әлектеніп тәжірибе жүргізіп, ұзақ уақыт бойы қамалып лабораторияда отырған кезде ол көкірегінің терең түкпірінде тәңірдің өзінің сарғайып күткен ғажап жаңалығы: даналық дәнегін ашуда емес, тіпті құлыптарды, есік-терезелердің топсаларын алтынға айналдыру тәсілін ойлап табу да емес, тек Урсуланың қайтып оралуы болса екен деп тілеген. Алайда оның шексіз шаттығында Урсуланың шаруасы жоқ адам сияқты. Осыдан бірер сағат бұрын ғана үйден шығып кеткен кісідей күйеуінің бетінен ерні тиер-тимес сүйе салды да:

– Сыртқа шығып кетші, – деді.

Үйінің алдында жиналып тұрған бір топ адамды көріп абдыраған Хосе Аркадио Буэндиа көпке дейін өзіне-өзі келе алмай қойды. Бұлар сығандар емес, Макандо тұрғындары сияқты қолаң шашты, қоңыр жүзді, өздерімен бір тілде сөйлейтін, тірлік тауқыметін дәл өздеріндей тартып жүрген кәдімгі еркектер мен әйелдер екен. Олар азық-түлік артқан қашырлар, күнбе-күнгі тұрмыс заттарын сатушылардан ақ адал ақысына алынған, тіршілікке ауадай қажет еш құйтұрқысыз қарапайым әрі игілікті дүниелер – мебель мен түрлі үй жиһаздары тиелген арбаларға жегілген өгіздер жетелепті.

Бұл адамдар өздері мекендейтін алқаптың келесі жақ бетінен келіпті. Екі орта небәрі екі-ақ күншілік жол екен. Ол жақта ай сайын почта келіп тұратын, адамдардың тұрмыс-тіршілігін жеңілдететін машиналар пайдаланатын қалалар бар көрінеді. Сөйтіп Урсула сығандарды қуып жете алмағанмен, ұлы жаңалықтардың ізіне түскен күйеуі қанша іздесе де таба алмаған жолды тауып қайтты.

Пилар Тернераның ұлы атасы мен әжесінің үйіне жарық дүниеге келгеніне екі апта өткен соң әкелінді. Буэндиалар әулетінің ұрпағын тағдыр талқысына тастау деген ойдың өзін жанына жуытпаған күйеуінің қайсар мінезіне бұл жолы да қарсы келе алмаған Урсула қинала тұрып бөбекті бауырына салып алуға мәжбүр болған. Алайда ол өз тарапынан нәресте ғұмыр бойы өзінің қалай дүниеге келгені туралы шындықты білмеуге тиіс деген шарт қойған. Балаға Хосе Аркадио деген есім берілген-ді, дегенмен көп ұзамай шатастырып алмас үшін бәрі де оны тек Аркадио деп атап кетті. Сол кезде Макондодағы тірліктің айрықша бір дәуірлеген шағы еді, Буэндиа үйі де сондай қарбаласқа түсіп, бала-шағаға қарауға да мұршалары болмай кеткен кез. Сондықтан да балалар туып-өскен жерлерін бірнеше жыл бойы жайлаған аса қатерлі, әрі жұқпалы дерт – ұйқысыздықтан бас сауғалап ағасымен бірге Макондоға келген, гуахиро тайпасынан шыққан үндіс әйел Виситасьонның тәрбиесіне тапсырылған еді. Ағасы да, қарындасы да елгезек, шаруақор адамдар болған соң, оларды Урсула үй шаруасына көмектесуге жалдап алған. Аркадио мен Амарантаның испан тілінен бұрын гуахиро тілінде сөйлей

бастауы да, кесіртке мен өрмекшінің жұмыртқасынан пісірілген көже ішуге дағдыланғаны да содан, пайдасы шашетектен болар деген оймен түрлі аң мен құстың кейпіндегі кәмпиттер жасаумен әлектеніп жүрген Урсула мұны тіпті аңғарған да жоқ. Макондо мүлде өзгеріп кетті. Урсула алып келген адамдар оның тұрған тұсының өте қолайлы, айналасындағы жерлердің аса шұрайлы екенін айтып, ауыздарының суы құрып мақтаған, айтса айтқандай көп ұзамай-ақ кішкентай сален дүкендері, қолөнершілер шеберханалары және келе сала шыны моншақтарын тоты құстарға айырбастай бастаған, аяқтарына сірілігі жоқ кебіс киіп, құлақтарына сырға таққан арабтар келген сапырылысқан сауда жолы бар қайнаған қалашыққа айналған. Хосе Аркадио Буэндиа да демалыс дегенді мүлде ұмытты. Қиялындағы кең дүниенің, өзінен де ғажап болып көрінген айналасындағы қайнаған өмір көңілін аулаған, оның алхимиялық лабораторияға деген іңкәрлігі басылып, бірінен біріне толып жатқан ауысуларының барысында сарқыла бастаған затты ысырып тастады, ол ешкімге де артықшылық жасамай, қай жерден жол тартуды, қай үйді қалай салуды өз қолымен шешіп берген баяғы парасатты да пысық адамға айналды. Жаңа қоныстанушылар оған аса зор ілтипатпен қарайтын, оның ақыл-кеңесінсіз бір де іргетас қаланып, бір де бір дуал тұрғызылған жоқ, сондықтан тіпті жер бөлісі де соның қазылығына тартылған. Бұл уақытта құмар ойындардың орасан зор мекемесіне айналған жылжымалы жәрмеңкелерімен қайтадан сау ете қалған көз бояушы сығандармен бірге Хосе Аркадио да келген шығар деген үмітпен оларды бәрі де қуана қарсы алған. Алайда Хосе Аркадио оралмады. Урсуланың ойынша, ұлының қайда жүргенін білетін жалғыз тірі пенде жылан-адам да комендианттардың арасында болмай шықты, сондықтан да сығандарға Макондода тоқтауға рұқсат етілген жоқ, ол ол ма, ашкөздік пен кесепат атаулыны таратушылар деген айып тағып, сығандарға енді қайтып бұл жаққа аяқ басушы болмандар деген ескерту де жасалды. Дегенмен Хосе Аркадио Буэндиа мыңдаған жылдар бойы жинақтаған керемет кемеңгерлігімен және ашқан ғажайып жаңалықтарымен Макондоның да көркейіп көтерілуіне көмегі тиген Мелькиадестің ежелгі тайпасын құшағымызды әрдайым айқара ашып қарсы аламыз деп тағы бір ойының ұшығын

шығарған. Амал не, Макондоға соға кететін кейбір кезбелер мен қыдырмалардың айтуына қарағанда, ғылым-білімнің адам парасаты жетуге тиіс шегінен де шығып кеткені үшін Мелькиадестің тайпасы жер бетінен құртылып жіберілсе керек.

Қалай дегенде де, әйтеуір, біраз уақытқа болса да аласапыран ойларының азапты шеңгелінен арылған Хосе Аркадио Буэндиа қысқа мерзім ішінде бүкіл қаланы бір қалыпты еңбек жолына салған; бірде оның сол жап-жақсы ырғағын бұзған да Хосе Аркадио Буэндианың өзі, бұл ретте ол Маконда ірге көтерген күннен бері сыңғырлаған әуезді үндерімен уақытты білдіріп отырған құстарды тегіс босатып жіберіп, олардың орнына әр үйде әуенді сағаттар орнатқан. Бұл арабтардан тоты құсқа айырбастап алынған оюлы ағаштарға орнатылған әсем сағаттар еді. Олардың жүрісін әр жарты сағат сайын қаланы үнге бөлеп, бір вальстің бірнеше ырғағын және әр ретте жаңа ырғақтарын ойнайтындай, ал тура тал түсте бәрі бірдей ешбір мүкіссіз, жаңылмай түтас вальсті орындап шығатындай ғажайып дәлдікпен реттеп берген де Хосе Аркадионың өзі. Сондай-ақ көше-көшеге бозқараған орнына бадам отырғызуды бастаған да, сол ағаштарды мәңгі ету тәсілін тапқан да Хосе Аркадио Буэндиа болатын, амал не, сол құпиясын өзімен бірге көріне ала кетті де. Талай жыл өткен соң, ақ қаңылтырмен шатырланған ағаш үйлер тұрғызылған кезде, Макондоның көне көшелерінде діндерін шірік шалып, бұтақтары сынған бадам ағаштары әлі де ұшырасатын, алайда олардың кімнің қолымен отырғызылғанын ешкім білмейтін.

Әкесі қаланы тәртіпке келтіріп, шешесі кішкентай таяқшаларға қондырылған, дәмі тіл үйіретін кәмпит әтештер мен балықтар жасап, күніне екі рет көшеге шығарып сатып, шаңырақтың дәулетін түзеп жүрген кезде Аурелиано ұзақ сағаттарын қаңырап қалған лабораторияда өткізіп, жай ғана әуестікпен зергерлік өнерді меңгеруді қолға алған. Ол булығып тез өсті, көп ұзамай-ақ ағасынан қалған киімдер сыймай қалды да, әкесінің заттарына көшті, Виситасьонның оған әкесі мен ағасының көйлек-шалбарын тарылтып беруіне тура келді, Аурелиано оларға қарағанда арық, әлжуаздау еді.

Бозбала шағына аяқ басқан Аурелианоның даусы жуандап, үндемейтін, ешкімге жуыспай оқшау жүретін, шыр

етіп дүниеге келген күні-ақ Урсуланы таң қалдырған тапжылмайтын ауыр көзқарасымен тағы да тесіле қарайтынды шығарған. Аурелианоның зергерлік іске берілгені сонша, тамақ ішуге шыққанын айтпағанда ұзақты күнге лабораториядан қия баспайтын. Оның томаға-түйық жүрісіне алаң болған Хосе Аркадио Буэндиа әлде бүл әйел затын аңсап жүр ме екен деген оймен ұлының қолына қақпаның кілті мен азын-аулақ ақша да ұстатып көрген. Ақшаға тұз қышқылын сатып алған Аурелиано одан патша арағын жасап, кілт біткенге алтын жалатып шықты. Алайда Аурелианоның әуейілігі Аркадио мен Амарантаның түсініксіз қылықтарының қасында түк емес еді, сүт тістері түсіп болса да олар әлі күнге дейін үндістердің етегінен ұстап айрылмай, ертелі-кеш салпылдап соңдарынан еріп жүретін, ол ол ма, бұрынғысынша испанша емес, қасарысып гуахиро тілінде сөйлейтін. "Бұл үшін кімді кінәларсың, – деген Урсула күйеуіне. – Ата-анасының есуастығы балаларының бойынан шығатыны рас". Ұрпақтарының көрер көзге ерсі әдеттерінің торай құйымшақтан оңып түрғаны шамалы деп ұққан Урсула тағдырына нали бастаған, алайда дәл сол сәтте өзіне қадала қараған Аурелианоның жанарынан тіксініп, абдырап қалды.

– Біздің үйге біреу келе жатыр, – деді ол.

Ұлы жорамал жасай бастайтын кездегі қашанғы әдетімен Урсула оның сәуегейлігін күнбе-күнгі тіршіліктен түйген дәлелдерімен басып тастауға тырысқан. Келсе қайтеді, келмей жүрген кісі ме. Махондо арқылы құдайдың құтты күні ондаған бөгде адамдар өтіп жатыр, оған кімнің несі шығыпты, олар келеді-кетеді-ау деп сәуегейсіп арам тер болып жүрген кім бар. Шешесінің ақылын құлаққа ілген Аурелиано болған жоқ, айтқанын тағы да қайталады:

– Анық кімнің келетінін білмеймін, – деді тағы да Аурелиано.

– Бірақ ол адам қазір жол үстінде.

Айтса айтқандай, жексенбі күні Ребека келді. Он бірлер шамасындағы кішкентай қыз екен. Ол тері-терсек сатушы саудагерлерге ілесіп, Манаурадан ауыр жол жүріп өтіпті, әлдекімдер хат жазып беріп, оны Хосе Аркадио Буэндианың үйіне жеткізіп салуды сұрапты, алайда аманат иесінің кім екенін саудагерлер қанша талпынғанмен түстеп айтып бере алмады. Кішкентай жолаушының бар жүгі: көйлек-көншегі

салынған сандықша, айшықты гүлдердің суретімен әшекейленген кішкентай ағаш әткеншек пен қозғалып кетсе салдырлаған дыбыс шығатын қапшықтан тұратын: оның ішіне қыздың ата-анасының сүйегі салынған екен. Хосе Аркадио Буэндианың атына жолданған хат арада талай жыл өткеніне, алыста жатқанына қарамастан өзін баяғыдай ыстық ықыласпен жақсы көретін және қарапайым адамгершілік парызын өтеу міндетімен бір адамның қолымен ерекше ілтипатпен жазылыпты. – Урсуланың жиені болып келетін, демек, алыстан қосылса да құдіреті күшті құдай жандарын көкке әкеткен, һәм сүйектерін христиан ғұрпы бойынша көму үшін қоса жолдап отырған мұның мәңгі ұмытылмас досы Никанор Ульоа мен оның жарасып қосылған қосағы Ребека Монтиэльдің қызы болған соң, Хосе Аркадио Буэндиаға да бөтені емес, түбі бір туысы болып шығатын сор маңдай панасыз жетімекті өздеріне жөнелтуді борышы санапты. Хат ішінде аталған екі адамның есімі де, дүғай сәлем иесінің қолы да тайға таңба басқандай анық жазылса да, Хосе Аркадио Буэндиа да, Урсула да мұндай туыстарын, иә алыстағы осындай хат жолдаушы таныстарын ары ойлап, бері ойлап естеріне түсіре алмаған. Қыздың өзінен қандай да бір қосымша мағлұмат алу мүлде мүмкін болмай шықты. Үйге кірген бетте ол әткеншегіне отырып алды да, өзінен не туралы сұрап жатқанын ұқпайтын меңіреу адамша жұрттың бәріне ұялы жанары жаутаңдай үрейлене қарап, саусағын соруға кірісті. Үстіне қараға боялған көнетоз көйлек, аяғына лағы жарылып кеткен башмақ киген. Желке тұсынан қақ жарып таралған шашы қара бантиктермен түйілген. Мойнында сыртындағы суреті терден езіліп бедерін жойған тұмары бар, оң білегіне тіл-көзден сақтасын деген болу керек, мыс баулы әлдебір жыртқыш аңның азуы тағылған. Оның терісінің көгістеніп, қарнының тырсия қампиып тұрғанына қарап, денсаулығының нашар екенін, тоя тамақ ішіп көрмегенін аңғару қиын емес-ті, соған қарамастан ол алдына ас әкеліп қойғанда да қозғалмай отыра берді, тіпті, тізесіне қойылған тәрелкеге де қол тигізген жоқ. Бәрі де бұл, сірә, мылқау шығар деген ойға келген еді, алайда үндістер өз тілінде су ішкің келе ме деп сұрағанда, қыз оларға таныған адамша жанарын қадап, содан кейін келіскендей басын изеді.

Басқадай лаж болмаған соң, қызды алып қалуға тура келді. Оны Ребека деп атауға үйғарым жасалды, өйткені хатта жазылғаны рас болса, оның шешесінің есімі де осындай екен, содан кейін Аурелиано ерінбей-жалықпай қыздың қасында отырып, қасиетті кітаптағы есімдердің бәрін атап шыққан, алайда оның бірде-біріне қыз үн қатпаған. Ол кезде Макондода зират та жоқ, мұнда әлі дүние салған адам болмаған, сондықтан да қабірге лайық орын болғанша деп, қыздың ата-анасының сүйегі салынған қапшық тығып тасталынған, дегенмен жұмыртқа басып отырған тауықтың құрқылындай үн көпке дейін ойламаған жерден естіліп қалып жүрді. Ребека үй-ішіне бауыр басып кеткенше тағы да бір талай уақыт өтті. Алғашында ол көзден тасалау жерде өзінің әткеншегіне отырып алып, саусағын соратын дағдысынан арыла алмай жүрді. Еш нәрседе шаруасы жоқ, өзімен өзі, тек әр отыз минут сайын сағаттар әуенін ойнай бастаған кезде әуеде қалқып жүрген дыбыстарды көріп қалатындай, жан-жағына жалтақтай, үрейлене көз тігетін. Көпке дейін оған тамақ ішкізе алмай әлек болғандары және бар. Ертелі-кеш үй-ішінде дыбысын білдірмей еппен басып ілгері-кейінді сан рет өтетін үндістердің Ребеканың ылғалды топырақ пен қабырғадан тырнақтарымен сыдырып алатын әкке құмарлығын байқап қалғанша, оның қалай аштан өлмей жүргеніне таңданбаған жан жоқ. Тегінде ата-анасы, иә болмаса оны тәрбиелеген адамдар осы жаман әдеті үшін жазалаған да сияқты, өйткені ол бұл қылығы үшін өзін кінәлі сезінетін, топырақ пен әкті жанға көрсетпей жейтін, тіпті, төңірегінде ешкім жоқта еркінірек қарпып қалу үшін қор жасай қоятын. Ребеканың соңынан қия басқанын қадағалайтын бақылау қойылды. Қызды осынау әбес әуестігінен арылту үшін аулаға айнала сиыр запыраны төгілді, қабырға біткен тіл күйдіретін ащы үнді бұрышымен сүртілді, алайда "тамағын" тауып жеу үшін Ребека небір айла-тәсіл жасап, алдап кете берген соң, Урсуланың бұдан да ықпалды шараларын жасамасқа лажы қалмаған. Апельсин шырыны мен рауағаштың қоспасы құйылған тегенені таң атқанша суық шықтың астында ұстап, таңертең осы ішірткіні Ребекаға аш қарынға ішкізбек болған. Мұндай қоспа топыраққа құмарлықты тыятын мың да бір ем деп Урсулаға ешкім айтпаса да ашөзекке түскен ащы сұйық, сірә, бауырға шауып

құсқызатын шығар-ау деген өз долбары. Әлжуаз, арық кейіпне қарамай, жеме-жемге келгенде Ребека қайратты да қайсар екен, оған дәрі ішкізу де қиынға түскен. Сүзеген бұзауша жан баласын жанына жолатпай,тістелеп, тырнап, түкіріп, жата қалып жер тепкілеп айғайлап, қайдағы бір түсініксіз сөздерді айтқан, әбден ыза болған үндістердің айтуынша, боқтық сөздер және анау-мынау емес гуахиро тіліндегі барып тұрған дөрекі былапыт сөздер екен. Мұны біле салысымен Урсула қолма-қол емге қайыс белдікті қосқан. Дәрінің бе, белдіктің бе, қайсының дәру болғаны беймәлім, әйтеуір, бірнеше аптадан кейін-ақ Ребеканың бойынан айығудың алғашқы нышандарының көрінгені анық. Енді ол өзіне әпкесіндей бауыр басып кеткен Аркадиомен және Амарантамен бірге ойнап, шаңышқы мен пышқты ел қатарлы үстап, тәбеттене ас ішетін күйге жетті. Біраздан кейін оның үндістер тілінде сөйлегендей, бір кісідей испан тілін білетіні, ісмерлікке ерекше бейімділігі, әрі өзі ойдан шығарған тәптәуір өлеңіне қосып, сағаттар вальсін нақышымен орындай алатындығы да байқалды. Көп ұзамай-ақ Ребека осы үйдің өз адамындай болып кетті, Урсуланы туған балаларынан бетер аймайлайтын, Амарантаны сіңлім, Аркадионы інім Аурелианоны ағатайым дейтін, ал Хосе Аркадио Буэндианы ататайым деп атайтын. Яғни Ребеканың Буэндиа болып аталуға басқалардан қақысы ешбір кем емес-ті, расында, оның маңдайына біткені де жалғыз осы есім ғой, обалы нешік, ол бұл есімді өле-өлгенше абыроймен алып жүрді де.

Топырақ жейтін жиренішті әдетінен арылған Ребека Амаранта мен Аркадионың бөлмесіне көшірілгеннен соң, бір күні түнде балалармен бірге ұйықтайтын үндіс әйел өзінен-өзі оянып кетіп, бұрыш жақтан үзіліп-үзіліп шығатын, бір түрлі бейсауат дыбыс естиді. Шошып кеткен әйел бөлмеге мал кіріп кеткен бе деген қауіппен төсегінен ұшып түрегелгенде, қараңғыда көздері мысықтың жанарларындай жылтылдап, саусағын аузына салып, әткеншегінде отырған Ребеканы көреді. Зәре-құты қашқан Виситасьон бұл жанарлардан ағасы мен екеуін бас сауғалатып өздері тақ мұрагерлері болып табылатын көне жұртын мәңгі-бақи тастап кетуге мәжбүр еткен қатерлі дерттің нышандарын байқап қалды. Бұл үйге үйқысыздық дерті іліккен еді.

Үндіс Катауре Макондодан таң атпай-ақ тайып түрды. Қарындасы қалып қойды, мандайға жазғанды көрерміз дейтін көнбісті жан қара жердің қай бұрышына барып тығылса да бәрібір осы жан жегіш сырқаттан қанша қашқанмен құтыла алмаспын деп ойлаған. Алайда Вистасьонның неге мұнша абыржығанына ешкім түсінген жоқ. "Ұйқтамаймыз дейсің бе? Оның несі бар? Тіпті жақсы – деді Хосе Аркадио Буэндиа мерейленіп. – Өмірден көбірек қармап қалатын боламыз". Үндіс әйел қауіпінің мәнісін түсіндірген: бұл дерттің басты қорқынышы ұйқысыздықта да еме, одан адам тәні шаршап-шалдықпайтын көрінеді, ең қатерлісі – ұйқысыздыққа ұшыраған жан қайткенде де ұмытшақтыққа ұрынады екен. Әйел сөзінің астарына қарағанда, ұйқысынан айрылған адам өзінің осы халіне көндіккен кезде оның санасынан алдымен балалық шақтың естеліктері, содан кейін заттардың атаулары, олардың неге қажет екені ғайып болса керек, соңыра ол адам танудан қалатын көрінеді, ал келе-келе тіпті өзінің кім екенін де білмейтін, өткенінен бейхабар нақұрыс жанға айналады екен. Шегі түйілгенше күлген Хосе Аркадио Буэндиа мұның бәрі ырымшыл үндістердің ойдан шығарған көп қуйтырқыларының бірі деп пайымдаған. Әйтсе де секемшіл Урсула Ребеканы басқа балалардан бөлек ұстағанды жөн көрген.

Біраз уақыттан кейін Виситасьонның қорқынышы басылып, сабасына түскен кезде, Хосе Аркадио Буэндиа түн ортасы ауса да өзінің дөңбекшіп көз шырымын ала алмай жатқанын сезді. Урсуланың да ұйқысы келмей жатыр екен, оның саған не болған деген сұрағына: "Тағы да Пруденсио Агилярдың ойыма түсіп жатқаны", – деп жауап қатты бұл. Көз ілмей шыққа да екеуі ертесінде сергек түрды, көп ұзамай-ақ мазасыз түн туралы ұмытып та кетті. Азанғы ас үстінде Аурелиано Урсуланың туған күніне арналған сый моншаққа алтын жалатам деп түні бойы лабораторияда отырып шыққа да өзінің көңіл-күйінің кәдімгідей сергек екенін айтып таңданған. Алғашында бұл оғаш жәйттерге ешқайсысы онша мән бермеген, тек екі күннен кейін ғана Буэндиа әулеті жататын уақыт әлдеқашан жетсе де ешқайсысының ұйқысы келмегенінен ғана секем алған, сонда да ары ойлап бері ойлап, кірпік айқастырмағандарына тура елу сағаттан асқанын да аңғармаған.

– Балалар да үйқы көрмей жүр. Бұл індет бір кірді екен, ешкімді де құтқармайды, – деген үндіс әйел әдеттегі көнбістігімен.

Айтып, айтпай не керек, үй-іші болып ұйқысыздыққа ұшырады. Шешесінен шөптердің емдік қасиеттерінің шет жағасын біліп қалған Урсула акониттен ішірткі әзірлеп, бәріне де ішкізді, алайда одан кейін де ешкімнің ұйқысы келе қоймады, тек бәрі де күндіз ояу жүріп түс көргендей әрі-сәрі күй кешті. Ұйқылы-ояу бір одағай күйде жүрген олар өздерінің түстеріне енген бейнелерді ғана емес, басқалардың көзіне елестеген адамдарды да көрді. Үйге қонақ толып кеткен сияқты. Ас үйдің бұрышындағы әткеншегіндегі отырған Ребекаға үстіне ақ кенеп костюм киген, көйлегінің жағасына алтын запонка қадаған өзіне өте ұқсас ер адамның раушан гүлінің бір шоғын ұсынып тұрғаны елестеді. Оның қасындағы қолы мамықтай жұмсақ әйел раушанның бір талын алып Ребеканың шашына қыстырып қойды. Урсула бұл еркек пен әйелдің қыздың әке-шешесі екенін бажайлады, алайда ары ойлап, бері ойлап, бұларды тани алмады, ақыры, екеуінің де бұрын көрмеген адамдары екеніне көз жетті. Ол кезде үйде жасалатын неше түрлі кейіптегі мұз кәмпиттер бұрынғысынша сатуға шығарыла берген-тін, міне, осы ағаттығына Хосе Аркадио Буэндиа өзегі өртеніп, қатты өкінді. Үлкен де, кіші де ұйқысыздық әкелетін аса дәмді жасыл әтешті, ұйқысыздық сыйлайтын тамаша қызғылт балықты, ұйқысыздыққа душар ететін тіл үйіретін сары аттарды құмарлана сорып еді, сөйтіп дүйсенбі күні таң шапағын бүкіл қала болып кірпік ілмей қарсы алған. Алғашында бұған әбіржіген жан болған жоқ. Көпшілігі қайта қуанған, ол кезде Макондода шаруа бастан асып жататын да уақыт жете бермейтін. Жұмыла кіріскен жандар не қойсын, ұзаққа созбай сан шаруаны тындырып тастап, таңғы сағат үш уағында қолдарын қусырып қарап отырудан зерігіп, сағат ойнайтын вальсте қанша ырғақ барын санауға көшкен. Шаршап-шалдықпаса да, ұйқының өзін аңсап, көз шырымын алғысы келген кейбіреулер өздерін қан сорпа етіп қалжырату үшін сан түрлі амалдарды қолданып баққан. Олар алқа-қотан жиналып, ауыз жаппай сөйлеуге көшкен, бір айтқан мысалдарын сан сағат бойы қайталай берген, тіпті тарттырылған ақ әтеш туралы ертекті

түрлендіріп, құйқылжытып айта—айта ауыш болып кете жаздаған еді. Бұл бас—аяғы жоқ, таусылып бітпейтін ойын еді, әдетте ойын жүргізуші басқалардан тарттырылған ақ әтеш туралы ертегі тыңдағыларың келе ме деп сұрайтын, егер оған "иә" деп жауап қатса, ол "иә" деп жауап бер деген кім бар, сендерге ақ әтеш туралы ертек тыңдағыларың келе ме деген сауал қойылған деп қасарысатын, ал енді "жоқ" деп қалса, оу "жоқтарың" не, сендерден ақ әтеш туралы ертегі тыңдайсыңдар ма деп сұрадым ғой деп қиқаятып, ал ешкім тіс жармай қойса, тағы да пәле, онда жүргізуші "бұларың не, неге үндемейсіңдер, түге, ақ әтеш туралы ертегі тыңдағыларың келе ме, жоқ па, айтпайсыңдар ма" деп шұқшиятын, ешкімнің шығып кетуге де қақысы жоқ, өйте қалса жүргізуші тағы да кетуге рұқсат бергем жоқ, ақ әтеш туралы ертегі тыңдағыларың келе ме деп сұрағам деп қитығатын. Осылайша бас-аяғы жоқ бұл ойын таңнан таңға ұласатын.

Індеттің бүкіл қаланы жайлап алғанына көзі жеткен соң, Хосе Аркадио Буэндиа отағасыларын жинап кеңес құрды, бұл дерт жайлы естіген-білгенін ортаға салып, оны көршілес ауылдарға, қалаларға таратып алмаудың қамын ойласқан. Арабтардан кезінде тоты құстарға айырбастап алынған қоңыраушылар серкелердің мойындарынан жаппай сыпырылды да күзетшілердің ақыл-кеңесіне жалынып-жалпайғанына құлақ аспай, қайтсе де қалаға кірмек болған адамдар үшін кіре беріс қара жолдың бойына ілініп қойылды. Бұл күндері қалаға сырттан келе қалған кісі науқастарға сау адамның келе жатқанын білдіріп, қоңырау қағып жүруге міндетті болатын. Ондай адамдарға қаладан кетер-кеткенше нәр татуға, тіпті сусын ішуге де рұқсат етілмейтін, себебі аурудың ас арқылы таралатыны да әбден айқын болған, Макондодағы ау-су атаулының ұйқысыздықпен уланғанына да күмән келмеген. Әйтеуір, бұл шаралардың індеттің қаланың айналасынан арыға тарамауына себі тиді. Әрі тыйым салған шаралар қатаң сақталды, уақыт өте келе төтенше жағдайға көпшіліктің еті үйреніп кетті, тіршілік қалыпты арнасына түсіп, елдің бәрі бәз-баяғыдай жұмысын істей бастады, тіпті, келе-келе ұйқы сияқты пайдасы шамалы әдеттен арылғанына ренжіген жан болған жоқ.

Ұйқысыздықпен ілесе келетін ұмытшақтық сияқты зұлматтың көпшілікке айлар бойы бойларына дарытпаудың

жалғыз дәруін Аурелиано тауып берген. Әрі оны ойда-жоқта тапты. Ұйқысыздық уытына алдымен ұшыраған және бұл дерт жөніндегі тәжірибесі өзгелерден озық Аурелиано зергерлік өнерді бүге-шігесіне дейін меңгеріп алған еді. Бірде оған өздері екі күннің бірінде темір соғып жүретін кішкене төстік қажет бола қалғанда ары ойлап, бері ойлап сол пәленің атын есіне түсіре алмай қиналды. Сонда: "Төстік емес пе", – деп әкесі айтып жіберген. Аурелиано бұл сөзді сол заматында қағазға жазып алып, төстіктің бүйіріне жапсырып қойды. Енді қайтып бұл сөзді ұмытпасына көзі жеткендей болған. Алайда мұны ол ұмытшақтықтың алғашқы белгі беруі ғана деп тіптен де ойламаған. Көп ұзамай-ақ ол лабораториядағы қай-қай заттың болсын атауын әрең-әрең есіне түсіретіндей күйге жеткенін аңғарды. Сонда ол заттардың бәріне жағалай атауы жазылған қағаздар жапсырып шықты, енді жазуды оқысаң болды, не екені бірден еске түседі. Бірде балалық шағының ең балауса сәттерін есіне түсіре алмай абыржыған әкесі мұңын шақ қанда, Аурелианоның оған өз амалын айтып беруі мұң екен, Хосе Аркадио Буэндиа алдымен бұл тәсілді өз үй-ішінде, сосын бүкіл қалаға енгізді. Қыл қаламды сияға батырып алды да үй ішіндегі әрбір затты "үстел", "орындық", "сағат", "есік", "қабырға", "кереует", "тегене" деп тегіс түстеп, жазып шықты. Содан кейін қораға барып, "сиыр", "ешкі", "шошқа", "тауық" деп мал мен құсты, аулаға шығып, "маниока", "банан" деп өсімдіктерді таңбалап тастады. Біртіндеп ұмытшақтықтың ұзын сонар қилы-қилы бітімін пайымдай келе адамдр күндердің күнінде жазуына қарап, заттың атауын ауызға алғанмен, оның қандай қажеті барын аңғара алмастай күйге түсетін сәттің де тууы ғажап емес екенін түсінген-ді. Бұдан кейін жазулар күрделене түсті. Макондо тұрғындарының ұмытшақтық дертіне қалай қарсы тұрғанынан сиыр мойнына ілінген тақтайша да хабардар ететін, онда мынадай жазу бар-ды: "Бұл сиыр, сиыр сүт береді, сүт алу үшін сиырды күнде таңертең сауу керек, ал сүт қатқан кофе әзірлеу үшін алдымен сүтті қайнатып алу керек". Осылайша қала тұрғындары өң мен түстің арасындай бір тұрлаусыз дүниеде күн кешті, әйтеуір, сөздің көмегімен әзірге аз ғана сәтке болса да мына фәниді азды-көпті пайымдау қабілеттерінен айрылған жоқ, ал енді күндердің күнінде әріптердің мән-мағынасы ұмытылған кезде, шынайы

тіршіліктің қысқа көріністері де қайырылмасқа мүлде кеткелі тұр еді.

Қалаға кіре берісте "Макондо" деп жазылған жарнама ілінді, "құдайдың бары қақ" деген жазуы бар екінші көлемдісі орталық көшеге қойылды. Барлық үйлердің қабырғаларына түбі заттар мен сезімді еске оралтар деген ниетпен әр түрлі шартты белгілер соғылды. Дегенмен мұндай белгілер әркімнен айрықша байыптылықты, әмбе орасан зор адамгершілік күш-қуатты талап ететін, сондықтан да адамдардың көпшілігі шынайы болмыстан гөрі өздері ойдан шығарған қиял дүниесіне ойысып кетті. Мұның күнбе-күнгі тіршілікке еш қатысы болмаса да, әйтеуір, жабырқау көңілге жұбаныш әкелетін. Осындай өзін-өзі алдаусыратудың кеңінен таралуына бәрінен бұрын Пилар Тернера көбірек түрткі болған, ол бұрын карта ашып болашақты болжап сәуегейленсе, енді дәл солай өткенді жыр етіп айтуға әбден әккіленіп алып еді. Осы әйелдің қыбын тауып келтірген қисынды қулығымен Макондоның үйқысыз түрғындары карта айтты деген шым-шытырық болжамдардан пайда болған дүниеге қойып кетті, ал бұл дүниеде осы араға маусым шыға келіп жеткен қара шашты еркек қалпында бейнеленетін әкеңізді, сол қолын алтын сақина салған қара торы әйел еді деп суреттелетін анаңызды танып алу тіпті қиынға түсетін, ал туған күніңіз көз алдыңызға пәлен айдың шынар ағаш бұтағына қонған бозторғай ән салған соңғы сейсенбісі емес пе еді деп есіңізге салынатын. Көңіл тыншытудың осынау күйтүрқы әдісі жынына тиген Хосе Аркадио Буэндиа ерегіскенде зерде машинасын жасап шығаруға бекінді, оның баяғыда—ақ сығандар ашқан жаңалықтарды көкейге тоқып қалу үшін сондай машина жасауды арман еткені белгілі. Бұл машинаның қызметі өмірде алған білім-ілім атаулыны күнбе-күн қайталап отыру қағидасына негізделуге тиіс болатын. Хосе Аркадио Буэндианың пайымдауынша, бұл механизм айналмалы сөздік сияқты болуға тиіс, мәселен қалаған адам оның айналым кіндігінің тұсында тұрып, түтқасының көмегімен айналдырады, сөйтіп қас қағым сәттің ішінде оның көз алдынан тіршілік үшін қажет мағлұматтар тізіліп өте шығады. Өнертапқыштың он төрт мыңдай деректер жазылған тақтайшаны толтырып үлгерген шағында, жазық жақтан келетін жолда үйқысын жоғалтпаған жан екенін

білдіріп, қайғылы қоңырау үнін күмбірлете қағып, жіппен шандылған шермиген шамаданы бар, қара шүберекпен жабылған арбашасын итеріп келе жатқан кескін-келбеті ала бөтен карт көрінді. Ол тура Хосе Аркадио Буэндианың үйіне беттеді.

Картқа есік ашқан Виситасьон оны жыға тани алмады, ұмытшақтықтың түпсіз түңғиығына батып түншыққан қалада еш нәрсе сатып мандытпайтынын естімеген кездейсоқ саудагер шығар деп шамалаған. Келген кісі әбден кәрілік жеңіп қаусаған адам еді. Даусы дірілдеп сенімсіздеу шықса да, қолдары қарманып бірдеңе ұстай алмастай қалтырап түрса да бұл карттың адамдар үйқы мен ойлауды ұмытпаған дүниеден келгені айдан анық-ты. Хосе Аркадио Буэндиа қонақ бөлмеге кірген кезде карт тозығы жеткен қара қалпағымен желпініп, қабырғаға жапсырылған жазуларды жанашыр пейілмен ықылас қоя оқып отырған. Сірә, бұл адамды бұрын білуім де ғажап емес, ал қазір қара басып ұмытып қалуым кәдік деген қауіппен Хосе Аркадио Буэндиа картқа айрықша құрмет білдіре сәлемдесті. Әйткенмен қонақ бұл қулығының астарын аңдай қойды. Ол өзінің ұмыт болғанын сезді, бірақ мұның "көзден тайса, көңілден таса" дейтін ұмыту емес, бұл өзі сырын жақсы білетін, ажал сияқты жұтып әкететін қатыгез ұмытшақтық дертін бірден аңғарды. Сонда барып ол бәрін де түсіне қойды. Аттарын атай берудің өзі қиынға түсетін не түрлі заттарға сықай толы шабаданын ашып, қопсыған көп дүниенің арасынан толып жатқан кішкене сауытша салынған тағы бір шағын ғана шабаданды алып шықты. Сосын ішінен түсі көңілге хош бір сұйық құйылған сауытшаны алып үй иесінің қолына ұстатты, сұйықты жұтып жіберген сәтт-ақ оның жан сарайы жарқырап шыға келді. Әр заттың аты аталып жазылған осынау ерепейсіз бөлмеде тұрғанын сезінбес бұрын, қабырғалардағы қайдағы бір қолайсыз жазуларды ұяттан қызарып оқымас бұрын, тіпті, қонақты тани кеткенде қуаныш лебі көкірегін қарып өткендей болған сәттен де бұрын Хосе Аркадио Буэндианың жанарларын қайғы жасы жуып өтті. Бұл келген – Мелькиадес еді.

Бүкіл Макондо ұмытшақтықтан арылғанына ұлан-асыр той жасап жатқанда, Хосе Аркадио Буэндиа мен Мелькиадес ежелгі достықтарын естеліктермен қайта жаңғыртты.

Сыгаңның қалада қалмақ ойы бар екен. Оның о дүниеде болып-қайтқаны да шын болып шықты, тек жаныма батқан жалғыздыққа шыдай алмай кері оралса керек. Тайпаластары табалап, өмірге деген шамадан тыс құштарлығы үшін жазаланып, сиқырлы күшінен айрылған ол ажал аяғы әлі аттап баспаған осынау жер түкпірінен тыныш тұрақ тауып, қалған күндерін дагерротипияға арнамақ ойда көрінеді. Хосе Аркадио Буэндиа мұндай жаңалықтан мүлде бейхабар-тын. Ал енді үй-іші, балашағасымен бірге түрі-түсі мың құбылып ойнап тұратын темір табақшаға мәңгі-бақиға бейнеленіп қалған өзінің кескінін көргенде, оның таңданғаннан тілі байланып қалды, Хосе Аркадио Буэндиа шашы тікірейіп, үстіне мыс қыстырғышпен түймеленген қатырма жағалы көйлек киген, маңғаздана да, таңдана да қараған қалпында бейнеленген тот басқан мына дагерротип те осы уақытта жасалған-ды. Оның осы кейпін көрген Урсула сонда "құдды зәре-құты қашқан генерал сияқтысың" деп, ішек-сілесі қатқанша күлген. Жасырары не, Мелькиадес дагерротип жасаған желтоқсан айының сол бір шыңылтыр таңғы шағында Хосе Аркадио Буэндианың бойын, шынында, үрей билеген: адамның бейнесі біртіндеп темір табақшаға түсірілген сайын оның бойынан күш-қуаты да сарқыла береді деп ырымдап зәресінің кеткені рас. Бір ғажабы бұл жолы ғылымға Урсуланың өзі ара түсіп, күйеуінің көкейіндегі құбыжық ойды қуып тастаған. Көңіліндегі бұрынғы қыжылдың бәрін ұмытып, Мелькиадесті үйлерінде қалдыру жөнінде ұйғарым жасаған да Урсуланың өзі. Алайда сөйткен Урсула өзінің дагерротипін жасауға сол бетінде рұқсат бермей-ақ қойды: соңыра күнде немерешөберелеріме мазақ болар жайым жоқ (айна-қатесіз аузынан шыққан сөз) деп кесіп айтты. Ал дәл сол тілге тиек болып отырған күні таңертең ол балаларының үстіне бар жақсысын кигізіп, беттеріне опа жағып, олардың Мелькиадестің ғажап камерасының алдына екі минут бойы кірпік қақпай қалшиып тұруы үшін қоярда-қоймай бас сүйектен қайнатылған бір-бір қасық сорпа ішкізіп жіберді. Бұрын-соңды үй-іші болып түскен осынау жалғыз суретте қара барқыт костюм киген Аурелиано Амаранта мен Ребеканың ортасында тұр. Сол баяғыдай жүзі шаршаңқы, тек сұңғыла жанарлары ғана сұқтана қарайды, арада талай жыл

[1]Дагерротипия - фотоға түсірудің ертеде болған әдісі.

өткен соң өзін атуға кескен үкімнің орындалуын тосып қабырға қасында тұрғанда да оның көзқарасы дәл сондай өткір еді деседі. Бірақ суреттегі бозбала өз тағдырының болашақ бұралаң-бұлтарыстарынан әлі бейхабар. Ол әзірге төңіректегі қалалар мен селендердің тұрғындары ісмерлігі мен ықтияттылығы үшін қадір тұтатын шебер зергер ғана. Әрі шеберхана, әрі Мелькиадеске лаборатория болып жүрген кішкене бөлмеде Ауреалианоның, тіпті, бар-жоғы сезілмейтін. Мынау қып-қызыл бүліншіліктің арасында: қышқылдар төгіліп, ыбырсыған қоқыстың ішінде бромды күміс шашылып текке рәсуә болып жататын жерде, әкесі мен сыған сан түрлі шөлмектердің сылдыры мен келсаптың тарсылының арасында Нострадамустың болжамдарын сан-саққа жүгіріп, қызыл кеңірдек болып таласып жатқан кезде, ол өзімен өзі әлдебір қиял жетегінде жүреді. Аурелиано жанын салып жұмыс істеді, сөйте тұра өз басының қамын да естен шығарған жоқ, айтса айтқандай, ол көп ұзамай-ақ Урсула әр түрлі жан-жануарлар кейпіндегі кәмпиттерді сатудан түсіретін қаржыдан да көп табыс таба бастады. Бірақ бәрін таңдандырып жүрген бір жайт, оның есейіп кемеліне келген еркектің, күні осы уақытқа дейін әйел затын иіскемегені еді. Шындығында, ол әлі күнге дейін әйел құшып көрмеген-ді.

Бірнеше айдан кейін Макондоға шамамен екі жүз жас жасаған кезбе қарт Франсиско Адам қайтып оралды. Ол қалаға жиі келіп тұратын, келген сайын өзі шығарған өлеңдерін әкелетін. Өлеңдерінде сонау Манаурадан бастап осы өлкенің қиыр шетіне дейінгі жердегі қарт жыршының жолында жатқан барлық селендер мен қалаларда болған оқиғалар егжей-тегжейлі жыр арқылы айтылатын. Тамыртаныстарына аман-саулық білдіргісі, яки үй ішіндегі үлкен бір уақиға жайлы жамиғатқа жар салғысы келгенде Франсиско Адамға екі сентаводан төлеп, жырына қосқызатын. Ұлы жайлы бір хабар алып қалам ба деген үмітпен жыршыға құлақ түрген Урсула бір кеште ойда-жоқта анасының қайтыс болғанын естиді. Шын аты жан баласына беймәлім, тек өлең шығарудан албастымен айтысып жеңіп шыққаны үшін Франсиско Адам атанған қарт жыршы Макондоға үйқысыздық дерті таралған кезде ұшты-күйлі жоғалып кеткен еді, енді, міне, ойда-жоқта Катариноның сауық үйінде қайта пайда болды. Жұрт жапа-тармағай қартты тыңдап, жарық

дүниеде болып жатқан жаңалыққа қанбаққа солай жөңкілді. Франсиско Адаммен бірге Макондоға жуандығы сондай: төрт үндіс тербемелі зембілге салып, әрең алып жүретін бір әйелмен оған күн түспесін деп төбесінен қол шатыр ұстаған кескін-кейпі елеусіздеу жап-жас мулат қыз ере келген. Бұл жолы Катаринонікіне Аурелиано да барды. Ентелеген топтың ортасында – алып жайындай арбиған Франсиско Адам. Ол сонау заманда сэр Уолтер Рэли[1] өзіне Гуайянада сыйға тартқан баяғы ескі аккордеонына қосылып қарт адамның қарлығыңқы даусымен өлеңдетіп отыр, теңіз тұзынан жарылып, жаяу жүре әбден мүйізденіп кеткен жалпақ табанымен ырғаққа орай жерді теуіп-теуіп қояды. Түкпірде еркектер бірінен кейін бірі кіріп-шығып жатқан тағы бір есік көрінеді, оның алдында зембілге салып көтеріп әкелген әлгі жуан бәйбіше отыр, үнсіз-түнсіз желпуішпен желпініп тұр, қолы қалт етсе болды, еркектерге келіп жұғысады, олардың "тыйым салынған" түстарына қол жүгіртеді. Түн ортасына қарай үй-іші жан шыдатпастай ысып кетті. Бар жаңалықты ақырына дейін тыңдап шыққан Аурелиано өз шаңырақтарына қатысты дәнеңе ести алған жоқ. Қайтуға енді ыңғайлана бергенде, әлгі семіз әйел саусағымен ишара жасап өзіне шақырды.

– Сен де кіріп шық, – деді ол. – Бар-жоғы жирма сентаво түрады.

Хуан әйелдің тізесіндегі күрішкеге тиын тастап, өзін не күтіп тұрғанынан бейхабар Аурелиано есікті ашты. Төсекте тыр жалаңаш, анарлары салбырап кеткен әлгі жап-жас мулат қыз жатыр. Аурелианоға дейін де мұнда алпыс үш еркек кіріп шыққан. Тер мен қоланса иісі мұрын жарады, алқына соққан сонша өкпеден өткен ауа да иленген балшықтай коюланып қалған тәрізді. Ақ жамылғыны сыпырып қолына алған қыз оның бір үшын Аурелианоға ұстатты. Жамылғы су сіңген кенептей ап-ауыр. Екі жақ шетінен ұстаған екеуі жамылғыны қайтып қалпына келіп жеңілейгенше бұрап сығумен болды. Содан кейін олар төсенішті сілкігенде одан да тер тамшылады. Аурелиано іштей осы шаруа бітпей-ақ қойса екен деп тілеп тұр. Махабаттың түп-төркінінде не жатқанын жақсы түсінгенмен жүрегі дауаламай, тізесі қал-

[1] Уолтер Рэли (1522-1618) - ағылшын теңізшісі, Оңтүстік Америкаға жасалған бірнеше экспедицияға басшылық еткен.

тырап, құлауға шақ тұр. Қыз төсекті салып болып, ал енді шешінсеңші дегенде, әбден қысылған Аурелиано: "Мені болмай кіргізді. Жиырма сентаво тастап, аялдамай тез кіріп шығуымды сұрады", – деп бір айтқанын қайталай берді. Қыз болса оның жайын қолма-қол түсіне қойды. "Кетерінде тағы да жиырма тиын тастасаң, әлі де біраз бола тұруына рұқсат", – деді ақырын ғана. Ұяттан өртеніп бара жатқан Аурелиано киімін сыпырып тастады, ағасына қарағанда жаланаш қалпында өзінің тым қораш көрінетінін ойлап қорынды. Қыз қанша аймалап, өліп-өшкенмен, қауқарсыз Аурелианоның көңіл-хошы сәт сайын құлдырай берді, бойын енжарлық билеп, жалыз қалған жандай құлазыды. Әбден шарасы таусылып, кірерге тесік таппаған соң: "Тағы да жиырма сентаво тастармын", – деп міңгірледі. Оған деген ризашылық сезімін қыз үнсіз ұқтырды. Қыздың құр сүлдері қалған терісі сүйегіне жабысып жатыр. Арқасы қажала-қажала, қанталап кеткен. Әбден титықтап біткен бйшара қыз қинала тыныстайды. Осыдан екі жыл бұрын Макондодан жырақ бір жерде қара басып, шырақты өшірмей қалғып кеткен екен. Ояна келсе айналаны түгел жалын жайлап алыпты. Сөйтіп, өзін тәрбиелеп өсірген жекжат кемпірмен екеуі бірге тұратын үй жермен–жексен болып өртеніп кетті. Содан бері әлгі қатын мұны ертіп қалалар мен селендерді аралап жүріп, өртеніп кеткен үйдің құнын қайтару үшін жиырма сентавоға қыздың қасына еркек салады. Қыздың есебінше күніне жетпіс еркектен қабылдап отырғанның өзінде әлі он жыл осылайша тіршілік кешу керек, өйтпеске амал жоқ, қарызды өтеумен қатар, жол шығыны мен азық-түлік, үндіс-зембілшілердің ақы-пұлын көтеру қажет. Семіз қатын есікті қайтара қаққан кезде, ештеңе тындыра алмай, өңешіне өксік кептелген Аурелиано сүмірейіп сыртқа шықты. Бұл түні ол кірпік ілген жоқ, аунақшып әлгі қызды ойлаумен болды, көкірегін аяушылық пен аңсау сезімі қатар кернеді. Ұйқысыз, беймаза түннен титықтаған ол таңертең осы қызға үйленбекке бекем бел байлап түрегелді, сөйтіп ол байғұсты әлгі әйдік әйелдің өңгір таяғынан құтқармаққа және оның әр түн сайын жетпіс еркекке беретін ләззәт-қызығына жалғыз өзі қанбаққа бекінді. Алайда таңғы сағат ондардың шамасында Катаринонның сауық сарайына келгенде, қыз Макондодан кетіп те қалған болатын.

Уақыт бозболаның алып ұшқан аңғал ойын біраз сабасына түсіргенмен, іске аспаған арманы көңіліндегі қайғысын ұлғайта түсті. Ендігі бар бейілін бағыштаған жалғыз жұбанышы – жұмысы. Жұртқа таба болмас үшін жарамсыздығын жасырып, ғұмырында әйел сүймей өтетін еркектің күнін кешу пешенеме жазылған шығар деген де көнген. Ал осы кезде Мелькиадес Макондодағы көңіл тұшытады-ау деген көріністің бәрін өзінің мыс тақташаларына түсіріп бітіп, дагерротипия лабораториясын Хосе Аркадио Буэндиаға өзінің тыраш тәжірибелерін жүргізу үшін басыбайлы берген еді, ол болса дагерротипияның көмегімен құдайдың бар екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге кіріспекші. Ал ол өзінің ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір үйдің әр тұсында түсірілген суреттерді бірінің үстіне бірін қабаттау арқылы көп сатылы құбылыстың көмегімен егер бар екені рас болса, қайткенде жасайтынына, немесе тәңірінің бары хақ екені туралы түрлі қаңқудың түп-тамырына балта шабарына сенімді. Мелькиадеске келсек, ол бел шешіп Нострадамусты зерттеуге кіріскен. Үстінде оңып кеткен барқыт бешпенті, бұрынғы жарқылы қайтып, тат шала бастаған сақиналар салған, еті қашып буындары құрысқан күс саусақтарымен қағазға әлденелерді шимайлап, алқына дем алған Мелькиадес түннің бір уағына дейін отырады. Бір күні кешкілік ол Макондоның болашағы туралы болжамның үстінен шыққандай болған. Сонда Макондо мөлдір шыныдан салынған зәулім үйлері бар ғажайып шаһарға айналады екен де, бұл шаһарда Буэндиа әулетінің ізі де қалмайтын көрінеді. "Бұл не сандырақ, – деп Хосе Аркадио Буэндиа ашуға булыққан: – Әуелі қала шыныдан емес, мұздан салынады, мен мұны түсімде көргем, сосын заман ақыр болғанша Буэндиалардың зәузатының бірі болмаса бірі осы мекенде қалады". Осынау өңшең әуейдің тұрағында аз да болса болмысқа жанасымы бар жақсы ауан туғызу үшін, Урсула жанын салып бақты. Ол үлкен пеш салдырып алды, хайуанаттар тұрықты мүз кәмпиттерге қоса нан, сондай-ақ себет тола тоқаш, бұрама, қарма пісіріп, жазыққа апаратын жолдың бойына шығарса болды, бірнеше сағаттың ішінде түк қалдырмай сатып алып кететін. Қолын жылы суға малып отыратын жасқа жетсе де, Урсула қайта күн өткен сайын қақшаңдап дүниенің бәрін ұмытып, пайдасы шаш-етектен осынау шаруасының әлегімен жүретін. Тек бір күні кешке үндіс

әйел қазанға қант тоғытып жатқан кезде, сыртқа самарқау ғана көз салған ол — аулада кешкі шапаққа бөленіп кесте тігіп отырған мөлдіреген жас, әрі көркем, бейтаныс екі бойжеткенді көріп қайран қалған. Бұлар Ребека мен Амаранта еді. Олар үш жыл бойы әжесінің қазасын аза тұтып киген қаралы киімдерін күні кеше шешкен-ді, түрлі-түсті матадан тігілген көйлектер қыздарды құлпыртып жіберіпті. Осылай болады-ау деп ешкім күтпеген, әйтсе де Ребеканың сұлулығы Амарантадан асып түскен. Ол аршыған жұмыртқадай аппақ, нұрлы жүзді, түнжырап қарайтын ұялы үлкен көзді, кесте бізін ұстаса-ақ қолынан зер төгілетін. Кіші Амарантаға нәзіктік жетіспейтін, алайда бойындағы адамгершілігі мен тәкаппарлығы жағынан ол марқұм әжесінен айнымайтын. Олардың қасында дене бітімі өсе келе әкесі сияқты аса қайратты болатынын айқын аңғартып тұрса да баладай көрінетін Аркадио отыр. Оны Аурелиано зергерлік өнерге баулыды, әрі оқып-жазуды да үйретті. Урсула балаларының ер жетіп, үлдың ұяға, қыздың қияға қонатын шағының жеткенін, енді әрқайсысының жеке шаңырақ құрап, бала сүйер, енші бөлісер кезінің де алыс емес екенін іштей сезді. Сонда мына үйдің тарлық ететінін ойлады. Ойлады да, сандығын ашып жылдар бойғы жанкешті еңбегімен тірнектеп жинаған сомасын шығарып, шеберлер шақырып үй кеңейту қамына кірісті. Оларға алдымен жапсарластырып қонақ қабылдайтын үлкен салтанатты бөлме, содан кейін үй-ішінің өзіне арнап, тағы бір қолайлы қоңыржай бөлме, он екі адамға арналған асхана, оның үстіне терезелері аулаға шығатын тоғыз жатын бөлме, ортасында гүлді алаңқайы бар, жалпақ жақтауларына қырыққұлақ пен әсем алажапырақ өсетін құмыралар қойып, тал түсте шақырайған күн көзі түспейтіндей етіп ұзын дәліз салуды табыстады. Сондай-ақ екі пеш қоюға лайықтап ас үйді кеңейтуді, үй ішінде әрдайым азық-түліктің жеткілікті қоры болу үшін баяғыда Пилар Тернера Хосе Аркадиоға болашағын болжап бал аш-қан кілетті бұзып, бұрынғысынан екі есе үлкен жаңасын салуды да ұйғарды. Урсула ауладағы алып талшынның саясында бірін әйелдерге, екіншісін ерлерге арнап шомылатын екі хауыз, үйдің сыртынан керегеленіп өрілген сымнан қоршалған кең ат қора мен тауық қора, сиыр сауатын шетен, олай-бұлай ұшып өткен құс қонып сайраңдап кетсін деп төрт құбыласы ашық үлкен тор салуды бұйыр-

ды. Соңынан топ-тобымен тас қалаушылар мен балташыларды ертіп, күйеуінің қиянпұрыс қияли ойлары жұққандай Урсула абыҥ-күбіҥ: мына арадан жарық түсуі, ал мына түстан жылу келуі керек деп, шеті-шегімен шаруасы жоқ, кеҥістікті өзінше кесіп-пішіп жүрді. Макондо ірге тепкен кезде түрғызылған қоҥыржай үй құрал-сайманға, құрылыс жабдықтары мен өздерінің өзгелерге бөгет болып жүргенімен ісі жоқ, үй-ішіндегі кісілермен аяққа оралғы болдыҥдар деп, жақ-жақ болып ұрсысып, қара терге малынып жүрген қаптаған жұмысшыларға толды да кетті, оның үстіне әлгі ішіне адам сүйегі салынған қапшық қаҥғырлап қайта-қайта қарсы алдарынан шығып, жұмысшыларды ызасырықтан өткізген. Ақыр соҥында бәрі де осы апалаҥ-топалаҥның: күйдірілмеген әк пен қайнаған қара майдан шыққан бу мен түтіннің арасынан бұрын-соҥды Макондода салынған үй біткеннің ішіндегі еҥ алып үйдіҥ, әрі осы маҥайдағы қонақжай да қоҥыр салқын үйдіҥ қалай ғана қалқайып шыға келгенін аҥғармай, аҥырып қалған. Не болып, не қойғанын бәрінен бұрын осы қызыл сүргіннің қайнаған ортасында жүрсе де қапелімде күдіретті құдайдың өзін көріп қалсам деген әуресін қоймаған Хосе Аркадио Буэндиа да ұқпай қойған. Жаҥа үй дайын болуға шақ қалған кезде Урсула күйеуін зәҥгі күйінен арылтып, әреҥ дегенде оған үйдіҥ сыртын өздері ұйғарғандай аққа емес, көгілдір түске бояу жөнінде жарлық түскенін түсіндірген. Ол кәдімгідей қағазға жазылған ресми жарлықты көрсеткен. Әйелінің не туралы баяндап тұрғанының байыбына әлі де бойлап бара алмаған Хосе Аркадио Буэндиа әуелі қағазға қойылған қолға біраз қарап тұрды да:

– Мынауыҥ кім ей? – деп сұрады әлден уақытта.

– Коррехидор, – деп жауап қатты зілмауыр уайымға батқан Урсула. – Жұрт бастық деседі, тегі үкімет жіберсе керек.

Коррехидор дон Аполинар Москоте Макондоға ыҥ-шыҥсыз келген еді. Ол баяғыда оны-мұны заттарға тоты құстарды айырбастап алуға келген алғашқы арабтардың бірі салғызған "Хакобтың отелі" аталатын мейманханаға тоқтап, келесі күні Буэндиалардың үйінен сәл қашықтағы есігі тура шығатын бөлмені жалдап алды. Ол бөлмесіне Хакобтан сатып алын-ған үстел мен орындықты кіргізіп, есігінің сыртына "Коррехидор" деген жазу ілді. Оның алғашқы жасаған жар-

лығы ұлттық тәуелсіздіктің бір жылдығының құрметіне үйлерді жағалай көгілдір түске бояу жөніндегі бұйрық еді.

Қолына бұйрықтың көшірмесін ұстаған Хосе Аркадио Буэндиа коррехидорға келгенде, ол өзінің жұпыны кеңсесіндегі аспалы төсегінде түскі астан кейін дамылдап жатқан. "Мына қағазды сіз жаздыңыз ба?" – деп сұрады бірден Хосе Аркадио Буэндиа. Бір қарағанға момындау көрінетін, дене бітімі олпы-солпы, кекселеу тартқан дон Аполинар Москоте өзінің жазғанын айтты. "Оған қандай хақың бар?" – деп Хосе Аркадио Буэндиа қайыра сұрады.

Дон Аполинар Москоте үстелінің суырмасынан бір қағаз алып, ұсынды. "Осы аталған қалаға коррехидордың міндетін атқаруға жіберіледі" деген сөзі бар кепіл қағазға Хосе Аркадио Буэндиа самарқау көз тастады да қойды. Сосын:

– Бұл қалаға қағаздың билігі жүрмейді, – деп жайбарақат тіл қатты. – Ендігәрі есіңізде болсын: бізге атқару үшін ешкімнің керегі жоқ, себебі ақтарылып жатқан ештеңе жоқ.

Содан кейін даусын көтермей сол сабырлы қалпын сақтаған күйінде дон Аполинар Москотеге өздерінің бұл мекенді қалай салғандарын, қайтып жер бөліп, жол тартқандарын бастан-аяқ әңгімелеп берді, сонда ғой бұлар ешбір үкіметтің мазасын алмай, бәрін өз қолдарымен істеген, үкіметтің де бұларда шаруасы болмаған. "Біз бір жуас халықпыз, тіпті, әлі мұнда ақ өлімімен өлген жан жоқ, – деді Хосе Аркадио Буэндиа. – Өзіңіз көрдіңіз. Тіпті, мұнда күні бүгінге шейін зират жоқ". Әлбетте оның үкіметке титтей де өкпесі жоқ, қайта емін-еркін өсіп-көркеюлеріне кедергі жасамағанына разы, алдағы уақытта да солай бола берсе екен деп тілейді, олар Макондоны тұрғызғанда көлденең келген көк атты не істеу керектігін үйретіп кетсін деп салмаған.

Дон Аполинар Москоте сол баяғы сыпайы қалпынан жазбаған күйі қаудырлаған мақта-мата бұлдан тігілген шалбарының түсіндей аппақ кеудешесін киді.

– Тегінде қаланың кәдімгі қарапайым тұрғыны ретінде осында қалғыңыз келсе, құшағымыз ашық, – деп сөзін түйген Хосе Аркадио Буэндиа. – Ал енді үйлерді көк түске боятып, адамдарды әурелеп, шырқ бұзуға келсеңіз, онда мына көкір-шүкіріңізді жинаңыз да келген жағыңызға тайып тұрыңыз. Ал менің үйім аққудай аппақ болады...

Дон Аполинар Москоте сұрланып кетті. Бір аттап кейін шегінді де сәл-пәл толқып, тістеніп айтты:

– Ескертейін, менің қаруым бар.

Жалынан ұстаған жылқыны жалпасынан түсіретін жас кезіндегі ересен күшінің бойында қайтып ойнап шыға келгенін Хосе Аркадио Буэндианың өзі де байқамай қалды. Ол дон Аполинар Москотені тік көтеріп алды да бетінебетін тақады:

– Енді қалған өмірімде соңымнан тағы бір өлексе сүйретіліп еріп жүрмес үшін, – деді ол, – тірі адамды сүйреп тастағаным жөн шығар деп тұрмын.

Ол дон Аполинар Москотені жағасынан ұстап тік көтерген күйінде көшеге алып шықты да Макондодан жазыққа қарай апаратын қара жолдың нақ ортасына табанымен дік еткізіп қоя қойды. Бір аптадан кейін ол винтовкамен қаруланған жалаң аяқ, жаланаш-жалпы алты солдат ілестіріп қайтып келді, соңдарында үстіне қаздай тізіп, қатыны мен жеті қызын отырғызған бірнеше өгіз жеккен лау бар. Кейінірек мебель, сандықтар секілді үй-ішінің басқа да керек-жарағы тиелген екі лау тағы да келіп жетті. Коррехидор қолайлы мекен-жай тауып алғанша үй-ішін уақытша "Хакобтың мейманханасына" жайғастырып, қайтадан кеңсесін ашып есігінің аузына екі күзетшіні қойды. Шақырусыз келген қонақтарды қайтадан қуып тастауға бел байлаған Макондоның байырғы тұрғындары қастарына үлкен ұлдарын ертіп, қолымызды өзі бастар деген дәмемен Хосе Аркадио Буэндиаға келген. Алайда Хосе Аркадио Буэндиадон Аполинар Москоте бұл жолы әйелімен, қыздарымен келіп отыр, олай болса үй-ішінің алдында азаматтың абыройын төгіп абиыр таппайтынын айтып, олардың бұл пиғылына қарсы шыққан. Шаруаны дау-дамайсыз шешкен дұрыс.

Аурелиано әкесіне ере баруға тілек білдірді. Бұл кезде ол екі ұшын тікірейте қайырып, үнемі жылтыратып майлап жүретін қоғадай қара мұрты бар, соңыра соғыста өзінің атын шығаратын зор дауысты салиқалы жігіт болған. Қолдарында ешқандай қару жоқтығына қарамай, олар күзетшілерге көз қырын да салмастан тіке коррехидордың кеңсесіне кіріп келген. Дон Аполинар Москоте титтей де қысылып-қымтырылған рай танытқан жоқ. Оларды осының алдында ғана кеңсеге кездейсоқ кіре қалған екі қызы-

на: шешесіне тартқан қара шашты он алтыдағы Ампаро мен жанарлары жап-жасыл, өңі аппақ, үріп ауызға салғандай соншалықты сүйкімді перизат, таяуда ғана тоғызға толған Ремедиосқа таныстырды. Екеуі де үлбіреп түр, әрі сондай әдепті. Буэндиалар кіре салысымен, тіпті, әкелері оларды таныстырып болмай жатып, қыздар келгендерге орындық ұсынған. Алайда олар тізе бүккен жоқ.

– Былай, достым, – деп Хосе Аркадио Буэндиа тіл қатты. – Сіздің мұнда қалуыңызға бізден қарсылық жоқ, алайда мұны қару асынып, қалқайып есігіңіздің алдында жүрген қарақшыларыңыздан қыңғанымыздан емес, сіздің зайыбыңыз бен қыздарыңызды құрметтегендіктен істеп отырмыз. Осыны біліп қойыңыз.

Дон Аполинар Москоте күбіжіктеп бірдеңе дейін деп еді, Хосе Аркадио Буэндиа оның аузын аштырған жоқ.

– Дегенмен сізге қояр екі шартымыз бар, – деп сөзін жалғады ол. – Біріншісі: әркім өз үйін өзі қалаған түске әктейді. Екіншісі: солдаттар осы қазір Макондодан кетсін. Қаладағы тәртіп үшін өзіміз жауап береміз.

Коррехидор ант берген ишара жасап қолын көтерді.

– Ердің сөзі ғой?

– Жоқ, қастың сөзі, – Хосе Аркадио Буэндиа сөзін келте қайырды. Сосын қынжыла тұрып, – Амал не, айтпасқа амалым жоқ. Сіз бен біз бұрынғыша жау болып қаламыз, – деді.

Сол кеште-ақ солдаттар қаладан кетті. Бірнеше күн өткен соң, Хосе Аркадио Буэндиа коррехидордың отбасына үй тауып берді. Аурелианодан басқа жанның бәрі де сабасына түсті. Жас шамасы жағынан өзі әкесі болуға жарайтын коррехидордың кіші қызы Ремедиостың бейнесі Аурелиано көкейінен кетпей, жан-жүйесін ыңырантты да қойды. Табанға түскен тастың аяқ басқызбай ауыртатыны сияқты бұл сезім де оның кәдімгідей жанына батып қинады.

Үйдің шағаладай ақ шаңқан күйге түсіріліп, қайта жаңғыртылуының құрметіне той жасалды. Той-томалақ өткізу жөніндегі ой Урсуланың көкейіне Ребека мен Амарантаның бой жетіп, есейіп қалғанын көрген кезде келген. Тегінде үй салып тыраштанудың басты себебінің өзі – қонақ-қоңсы келе қалса, бойжеткендер оларды жөн-жосығымен

қарсы алатындай үй-күй болса деген ниет-ті. Қолға алған ісін көкейден шығатындай сән-салтанатпен жүзеге асыру үшін Урсула күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, тыным таппай, үй жаңаланып жатқан кезде, тіпті, құрылысы бітіп болмай-ақ, ол тәтті мен нан сатып жүріп-ақ, үйдің ажарын да, базарын да келтіретін небір қолға түспейтін қымбат жиһаздарға жетерлік қаражат жинаған болатын, басқа да керек-жарақтың ішінде күллі қаланы таң-тамаша қылып, әсіресе жастар жағын шаттыққа кенелткен ғажайып өнер табыс – пианола сатып алуға ниет етті. Оны бөлшектеніп, бірнеше жәшікке бөлініп салынған қалпында, Вена мебелі, Богема хрусталі дейсіз бе, қымбат ыдыс-аяқ, Голландия кездемесінен тігілген ақ жайма және толып жатқан неше түрлі шамдал шамдар мен шырағдан, гүл құмыра, жапқыш, түс кілем секілді жүктермен бірге жеткізілді. Осының бәрін жөнелткен сауда үйі өз есебінен пианоланы құрастырып, құлақ күйін келтіріп беруге, сондай-ақ тілек еткендерге онда ойнауды үйретуге, әрі алты цилиндр түріндегі қатты қағазға кішкене-кішкене тесіктермен жазылған ең жаңа музыкаға билеуді дағдыландыруға тиіс итальяндық шебер Пьетро Креспиді қоса жіберіпті.

Пьетро Креспи сарғылт шашты, өрімдей жігіт еді. Макондо жұрты мұндай сұлу, мұндай тәрбиелі азаматты бұған дейін көрмеген. Өзінің сыртқы көркін қатты қадағалайтын кербез жан екен, тіпті, шіліңгір ыстықтың өзінде күміс әшекейлі жарғақшасы, қалың қара мәуітіден тігілген жамылғысын тастамай жұмыс істеді. Істегенде қандай, баяғы кезде зергерлік өнермен шұғылданған шақтағы Аурелиано құсап, жан-тәнімен беріліп бірнеше апта бойы қонақ үйде қамалып, сүмектеп терлей жүріп атқарды, көргенде ізетті ишарасын жасағанмен, үй иелерінің көзіне де көп түсе қойған жоқ. Арайлы таңдарда қонақ бөлменің есігін ашпай, тіпті, мына кереметтің куәсі болуға да ешкімді шақырмай Пьетро Креспи пианолоға бірінші цилиндрді қойған, сөйтіп күн сайын ығыр еткен балғаның тықылы, жүйкеге тиетін құлаған ағаштың тарсылы аяқ астынан тына қалған да, тыныштықта нәзіктігі, пәктігі жан дүниені жайлап өткен әсем үн естілген. Бәрі де қонақ бөлмеге жетіп-жетіп келген. Хосе Аркадио Буэндиа аңырып қалыпты, ол әуеннің әуездігіне елтіген жоқ, оны қайран қалдырған өз-өзінен көтеріліп-ба-

сылып тұрған күйсандық тілдері. Ол тіпті, көзге көрінбейтін пианисті суретке түсіріп алу үшін бөлмеге Мелькиадестің камерасын да орнатып көрді. Итальяндық сол күні таңертең үй-ішімен бірге отырып ас ішті. Дастарқанға қызмет көсеткен Ребека мен Амаранта мынау періште пішінді адамның сақина салмаған сүйрік саусақтарының пышақ пен шанышқы ұстаған сәттегі сыпайы сұлу қозғалысын көргенде өз-өздерінен қымсынып, төменшіктеген. Сол күні Пьетро Креспи қонақ бөлмеге көршілес кішілеу дәлізде қыздарға би сабағын бере бастаған. Ырғақты қағып тұрған метрономның үніне еріп, қыздары би үйреніп жатқан кезде бүгіжектеп бөлмеден екі елі аттап баспай қойған Урсуланың бақылауымен қыздарға тіпті жақындап, жұғыспай-ақ оларға бидегі қимыл-қозғалыс әліппесіп үйреткен. Бұл күндері Пьетро Креспи балға киетін кебіс пен етімен-ет болып жабысып тұратын тар балақ шалбар киіп жүрді.

"Өз-өзіңнен сенікі не, мұнша мазасызданып, – деген сонда Хосе Аркадио Буэндиа әйеліне. – Мынауың, тіпті, еркек дейтін еркек те емес". Алайда Урсула итальяндық сабағын бітіріп, Макондодан кетер кеткенше сол орнынан тырп етіп қозғалған жоқ. Мерекеге әзірлік те осы кезде ғана қолға алынған. Урсула таңдап-талғап шақырылуға тиіс адамдардың шағын тізімін жасады, бұл тізімге осы Макондоның іргесін көтерген адамдардың отбасылары ғана кірді, оған тек кімнен екені бір құдайға мәлім, әйтеуір, осы уақытқа дейін тағы да екі ұл тауып алған Пилар Тернераның үй-іші ғана кіргізілген жоқ. Шақыруға ең алдымен достық сезімнің себепші болғаны хақ: өйткені шақырылғандардың дені, шынында да, бұрыннан осы Макондоны салумен тынатын сапарға аттанарға дейін Буэндиамен көңілі жақын, үй-іштері аралас-құралас, балалары мен немерелері Аурелианомен, Аркадиомен тай-құлындай бірге өскен, қыздары Ребека мен Амарантаға бірлесіп кесте тігуге бірден бір серік болған жандар еді десек те, жасырары не, іріктеу кезінде іріліктің де шаң беріп қалғаны бар. Макондоның бос белбеу әміршісі Аполинар Москотенің билігі қағаз жүзінде болғанмен, іс жүзінде жоқ-тын, жазғанның бар жұмысы – жиған-терген азын-аулақ қаржысына айбар үшін ағаш таяқпен қаруланған екі полицей ұстауға саятын. Қысқа жіп күрмеуге келмей, қыздары тігін шеберханасын ашқан, сонда кейде қағаздан

гүлдер де жасап, гуайяводан тәтті-дәмді де пісіріп, ал кейбір жағдайларда ғашықтық хаттар да жазып беріп, жан сақтаудың қамын жасаған-ды. Сыпайыгершілігі мен елгезектігі айтып жүрерліктей болса да, бұл қалада сымбат жағынан да, жаңа билерді орындау жөнінде де оларға теңесер жан болмаса да осы қыздар тойға шақырылған дүрмектен сырт қалды.

Урсула, Амаранта, Ребека үшеуі мебельді жинастырып күміс біткенді ысып, тазалап, тас қалаушылар қалқайтып кеткен қабырғалардың арасындағы қаңыраған қуысқа жан бітіру ниетімен гүл толы қайық үстінде отырған қылымсыған қыздар бейнеленген суреттер іліп әлектеніп жатқан кезде, жаратушының кескін-келбетін мысқа жапсырып алсам деген пиғылынан безініп, сол құдіретіңнің өзі жоқ-ау, сірә, деген берік байлам жасаған Хосе Аркадио осы пәленің сиқыры қайда екенін білмек үшін пианоланың ішек-қарнын ақтарып тастаған еді. Қайдан шыққаны белгісіз қаптаған бұрандалар мен қалақшалардың арасында, бір жағын жазып жатса екінші жағы қайтадан шиыршықталып қалып ызасырықтан өткізген ерсілі-қарсылы шектердің ортасында олай бір, бұлай бір шабылып жүріп тойға тура екі күн қалғанда өліп-талып аспапты әрең жинап үлгерген. Буэндиа босағасында бұрын-соңды мұндай абыр-сабыр болған емес, не керек, ақыры, айтылған күні, айтылған сағатта жаңа кәресін шамдар жағылған. Әлі ағаш шәйірі мен кеппеген әктің иісі қайта қоймаған жаңа үйдің есігі айқара ашылып, Макондоның байырғы тұрғындарының балалары мен немерелері қырыққұлақ пен алажапырақ өсірілген шынылы дәлізді, әзір тек тұрғын бөлмелерді, раушан гүлдердің иісі мұрын жаратын бақты аралап көріп шыққаннан кейін, қонақ бөлмедегі ақ жаймамен жабылған сиқырлы заттың жанына жиналған. Жазықта жатқан бірсыпыра қалаларда пианола деген онша таңсық дүние емес-тін, сондықтан оны бұрыннан көргендер жағы едәуір қоңылтақсып қалды, әсіресе Амаранта мен Ребекаға тойды бастата қоймақ болып алғашқы цилиндрді салып ойнатып кеп жібергенде, күйсандығы түскір үн шығармай қойғанда, Урсуланың өзегі өртенген. Көзі мүлде көруден қалған, әбден қаусап, шашылып қалуға шақ тұрған Мелькиадес бәз-баяғы саусағынан от ұшатын құдіретті кезі есіне түсіп, жөндеп жібермек болып пианолаға ұмтылған. Ақыры, Хосе Аркадио Буэндианың өзі басы артық бір

бөлшекті байқаусызда басып қалғанда, күйсандық баж ете түскен де, алдымен гүр-гүр еткен дыбыс шықты, содан кейін әр түрлі әуендедің бірінің басы, бірінің аяғы ойналды. Құдіреттің өзі ретін таба алмастай етіп шым-шытырық тартылған шектердің үстінен ұрғылаған қалақшаларды бұрандалары ұстай алмай шашыла бастаған. Алайда теңіз іздеп, құзар қия арқылы қаймықпай тіке тартқан жиырма екі жау жүрек жанның қайтпайтын бір беткей әулеті әрі-беріден соң сол шым-шытырық әуеннің де ыңғайын тауып, таң аппақ атқанша ойын-сауық құрған.

Пьетро Креспи пианоланы жөндеп беруге Макондоға қайтып келген. Шатысқан шектерді қалпына келтіруге оған Ребека мен Амаранта көмектескен, үшеуі жиылып, қиюы қашқан әуендерді тыңдап мәз-мейрам болған. Итальяндық сондай ақ жарқын көрінген, әрі өзін соншалықты салмақты ұстаған, соған қарап Урсула бұл жолы бақылауын доғарған. Ақыры, оның жүрерінің алдында қайтара жөнделген пианоланың әуенімен би ұйымдастырылып, Пьетро Креспи Ребекамен жұптасып, осы заманғы биді орындауда айрықша шеберлік көрсетіп еді. Бұл билеуде жалт-жұлт еткен жарасты қимылымен Аркадио мен Амаранта да ол екеуінен қалыспаған. Амал не, би тамашасын тыюға тура келді, есік аузында әйелдер мен бірге қызыққа қарап тұрған Пилар Тернера аңдаусызда кіші Аркадионың бөксесі әйелдердікі сияқты жалпақ екен деп қалған біреудің шашына жабыса кетіп шырқ бұзған... Түн ортасы тақаған шақ. Пьетро Креспи жанжүйеңді босататын қоштасу сөзін айтып, көп ұзамай қайтып келуге уағда берді. Ребека оны ауызға дейін шығарып салды, сосын есік-терезе жабылып, шам сөнген соң, бөлмесіне келіп жатып алып, өксіп-өксіп жылаған. Содан бірнеше күн қатарынан тоқтаусыз көзінің жасын бұлаған, оның себебін тіпті, былайғыларды айтпағанда, қасындағы Амарантаның өзі де білмей дағдарған. Ребеканың тұйық екені үй-ішіне тегіс мәлім еді. Бір қарағанға ашық-жарқын, жайдары көрінгенмен, шындығына келгенде Ребека ішкі дүниесіне жан жуытпайтын тым бұйығы адам-тын. Сұлу да сұңғақ, қайратты қыз болып бой жетсе де, Буэндиалардың үйіне ала келген, әлденеше рет жөнделсе де, қол қояр жақтау ағашына дейін қирап біткен әткеншек орындығына отыра қалатын әдетін күні осы уақытқа дейін қалдырмаған еді.

Осы жасқа жеткенше Ребека саусағын сорады-ау деген ой да пенде баласының көперінде жоқ-ты. Сол себепті де сәті түсе қалса жуынатын бөлмеге кіріп алып маңдайын қабырғаға төсеп үйқтауға дағдыланған-ды. Міне, қазір жауынды күндері құрбыларымен жиналып кесте тігіп отырған кейбір сәттерде ол аяқ астынан өзімен-өзі болып кетіп, бақ ішінің батпақты жолына, жауын құрттары үйіп тастаған балшық төбешіктерге қарап қамығып, бетін жаспен жуатын. Ал енді жылауды шығарғаннан бері, кезінде апельсин шырынымен, қымыздықпен емдеп, әзер дегенде арылтып алған әлгі жаман әдеттері қайтадан бойын билеп алған-ды. Ребека қайтадан топырақ жей бастаған. Алғаш рет ол мұны топырақтың жиреніштi дәмі-ақ әлсін-әлсін аңсарын аудартып жүрген дертке дауа болмай ма деген әуестікпен жасай салған. Айтса айтқандай табан астында қайта түкіріп тастады. Дегенмен жанын сыздатқан сағыныш әбден сағын сындырған соң, сол әрекеттерін қайталай берген де, ақыры, оның осынау жаратушы минералдарға деген бәз-баяғы жанын жеген құмарлығы қайтып оянған. Ол қалталарына топырақ толтырып алатын да құрбыларын кесте салудың аса қиын өрнектеріне үйретіп, немесе дәл солар үшін топырақ пен әк жеуге тұрмайтын не түрлі тұрлаусыз еркектер туралы әңгіме қозғап отырған кезде сездірмей ғана шөкімдеп аузына салып, рақат, әрі күйініш сезімі үстінде таусылып біткенше қылғи беретін. Топырақтың осынау шөкімдері қалай кішірейгеніне де татитын жаһандағы жалғыз еркекті тұтас тұрпатымен жанына әкелетіндей, жақындата түсетіндей еді, мына дүниенің бір түкпірінде ол өзінің қалақтай әдемі етігімен таптап жүрген топырақтың аузын өртеп, жүрегіне жұбаныш ұялататын ашқылтым дәмі арқылы Ребекаға оның қанының қызуы мен тәнінің жылуы жетіп жататындай еді. Бір күні кешкілік Ампаро Москоте жаңа үйді көріп шығуға рұқсат сұраған еді. Коррехидордың үлкен қызының тосын келуін тосырқаған Амаранта мен Ребека оны салқын, әрі самарқау қарсы алған болатын. Қыздар оған қайта салынған үйді аралатып шықты, пианола ойнатып, алдына лимонад пен печенье қойып, сый көрсетті. Ампаро қыздарға көргенділіктің үлгісін көрсетіп, ақ жарқын мінез бен әдептілік танытты, тіпті, бөлмеге бірер минутқа бас сұққан Урсуланы да баурап алды. Екі сағат өтіп, әңгіме жібі босаңси бастаған сәтте, назары

басқа жаққа ауған Амарантаның көзін ала бере Ребеканың қолына хат үстата қойды. Ол хат сыртынан пианоланы пайдалану ережесін жазған сол бір түп-түзу әріптермен, сол бір жасыл сиямен сөздерін маржандай етіп тізетін қолмен жазылған құрметті донья Ребека Буэндианың есімін байқап қалды да, Ампаро Москотеге шетсіз-шексіз алғысқа толы, өле-өлгенше сырласың болып өтермін дегенді үнсіз ұқтыратын жанарлармен жалт етіп қарады да, үшкіл хатты саусақтарының ұшымен омырауына сүңгітіп жіберді. Ампаро Москоте мен Ребека Буэндиа арасында табан астында пайда болған достық Аурелианоның жүрегінде де үміт отын тұтатты. Кішкентай Ремедиостың бейнесі көз алдынан кетпей, жүрегін дәйім сыздатып жүрсе де өзін көрудің сәті түспейак қойған. Өзінің ең жақын достары – осы Макондоның іргесін қалаған адамдардың ұлдары, әрі әкелерінің есімін тікелей енші еткен жандар Магнифико Висбаль және Геринельдо Маркеспен қалада серуендеп жүргенде де аңсаған жанарлары соны іздеп, тігін шеберханасының ішін тінтіп шыққанымен таба алмай, тек оның әпкелерін ғана көретін. Ампаро Москотенің үйлеріне келуін ол игі ырымға жорыды. "Ол әпкесіне еріп келуге тиіс. Келуге тиіс", – деп күбірледі өзіне-өзі Аурелиано. Оның осы сөздерді қапысыз сеніммен, сан рет қайталай бергені сонша, бір күні кешкілік шеберханасында алтын балық соғып отырып, қарадан-қарап өз тілегіне Ремедиостың үн қатқанын жан-тәнімен айқын сезінді. Расында да, көп ұзамай-ақ ол сыңғырлаған кішкене қыздың даусын естіп селт етті, басын көтергенде есіктің аузында тұрған үстіне қызғылт жібек көйлек, аяғына ақ кебіс киген қызды көріп, сасқанынан жүрегі аузына тығылды. – Ремедиос, онда баруға болмайды, – дәліз жақтан Ампаро Москоте дауыстады. – Жұмысқа бөгет жасайсың.

Бірақ Аурелиано бұл сөздерді балғынның санасына жеткізбей бөліп жіберді. Жіп-жіңішке шынжырмен желбезегінен ілінген алтын балықты жоғары көтере көрсетіп:

– Кіре ғой, – деді.

Жүрексіне кірген Ремедиос балық туралы әлдене сұраған еді, кенеттен тынысы тарылып, дем ала алмай қалған Аурелиано оның сұрағына жауап қатуға шамасы келмеді. Оның ғұмыр бақи осы аппақ тәнді сезіп, мына мөлдір інжу жанарларға қарап, туған әкесіне тіл қатқандай ізетпен әр

сұрағына "сеньор" деген сөзді қосарлап айтатын осы нәзік дауыска құлақ түріп өткісі келді. Бұрышта жан баласы ұқпайтын шимайын салып Мелькиадес отырған. Аурелиано сол сәтте оны иттің етінен жек көрді. Қорқып кеткен Ремедиос шеберханадан тезірек кетуге тырысты, әйтеуір, Аурелиано оған ескерткішке деп алтын балықты ұстатып қана үлгерді. Сол кештен бастап, оның Ремедиоспен кездесуді тосып іштей тынып келген тағаты мүлде таусылған еді. Тіпті, жұмысын да тастады. Тағы да талай рет ақыл-ойын бағыттап, санасымен Ремедиосты шақырып алуға талпынып көріп еді, анау құлақ асқан жоқ. Бір көрсем деген үмітпен әпкелерінің шеберханасына телмірді, оның үйінің шілтер түтылған терезелеріне де тесіле қарады, әкесінің кеңсесіне де көз тігумен болды, бірақ кезіктіре алған жоқ, тек ол әрдайым жүрегінде жүрді, осы бейне жан шошытарлық жалғыздық жүгін жеңілейтіп, жанына жай таптырады. Енді Аурелиано талай сағаттарды Ребекамен бірге пианолада ойналған вальстерді тыңдап, қонақ бөлмеде өткізетінді шығарды. Ребеканың тыңдайтын себебі: осы әуенге қосылап Пьетро Креспи өзіне би үйреткен-ді. Аурелианоның көкейіндегісі дүние біткеннің бәрі, тіпті, музыкаға дейін оның есіне Ремедиосты түсіретін.

Үй-ішін ғашықтық жайлады. Аурелианоның махаббаты басы жоқ, аяғы жоқ өлең болып өрілді. Ол өлеңдерін өзіне Мелькиадес сыйлаған қатты пергаментке, жуынатын бөлменің қабырғаларына, қолының сыртына жазды, өлеңдерінің бәрінде де Ремедиостың асыл бейнесі: тал түстегі маужыр сәтте де Ремедиос, раушан гүлінің түнжыр тынысында да Ремедиос, жаңа піскен нанның таңертеңгі хош иісінде де Ремедиос, қашан да қайда болса да Ремедиос. Ребека өзінің махаббатын күн сайын сағат төртте терезе қасында кесте тігіп отырып күтетін. Қашырмен қияннан тасылатын почтаның Макондоға айына екі-ақ рет келетіні оған жақсы мәлім, сонда да шатасып кетіп, кез келген күні келіп қалар деген оймен әрқашан көзін сүзіп жүргені. Қырсыққанда керісінше болып шықты, бірде уағдалы күні қашыр келген жоқ. Қайғыдан есінен танған Ребека түн ортасында тұрып, баққа шықты да жанын қиған адамның аярлығымен ыза мен қападан жылап жүріп, қызыл иегін ұлутас жарықшақтарының тілгілегеніне де қарамастан топырақты уыс-уысы-

мен қомағайлана асай бастады. Содан таң атқанша құсып шықты. Бейшара ала күйін күйге түсіп, есінен айрылып қалды, сөйтіп сандырақтап жүргенде жүрегі бар құпияны ашып тынды. Ашуға булыққан Урсула сандықтың құлпын бұзып ашып, түбінен қызғалт лентамен буылған, әтір иісі аңқыған он алты хатты, ескі кітап беттерінің арасына салынған жапырақтар мен бүршіктерді және қол тиген сәтте-ақ тозаңға айналып жүре берген кептірілген көбелектерді тауап алды.

Ребеканың мұншалықты торығуын түсінген жалғыз жан Аурелиано ғана. Урсула Ребеканы қатерлі күйінен арылтпаққа әлек болып жатқан күнгі кеште Магнифико Висбаль және Геринельдо Маркеспен бірге ол Катаринонын әйгілі мекен-жайына бас сұқты. Бұл кезде оның іші тақтаймен аядай бөлме-бөлмеге бөлініп тасталған дәліз жалғанып салынған еді, оларда үстерінен солған гүлдің иісі шығатын салт басты әйелдер тұратын. Аккордеоншы мен барабаншылардан тұратын ансамбль Макондоға келмегеніне де біраз жыл болып кеткен Франсиско Адамның өлеңдерін орындады. Үш дос құрақтан қайнатылған шарапқа заказ берді. Аурелианомен құрдас болса да оған қарағанда әлдеқайда тіс қаққан, өмір көріп қалған Магнифико мен Геринельдо тізелерінде отырған әйелдермен аспай-саспай шарап тартуда. Алтын тісті, өңі қайтқан бір әйел Аурелианоның көңілін таппақ болып еді, бұл оны итеріп тастады. Бір байқағаны көбірек ішкен сайын, есіне Ремедиос түсе береді, сөйтсе де жан азабы әлдеқайда жеңілейе түскендей сезінді. Әлден уақытта Аурелиано өзінің қалқып бара жатқанын аңдады, өзінің қалай, қашан бұл күйге ұшыраганын да аңғарған жоқ. Көп ұзамай өз достарының да, әйелдердің де бейнелері көмескі, жеп-жеңіл тартып, күңгірт сәуленің арасында қалықтап жүргенін байқады, олар бірдеңе-бірдеңе деп сөйлейтін сияқты, бірақ дауыстары ауыздарынан шықпай ма қалай, бір-біріне құпия белгілер жасайтын тәрізді, бірақ олары қимыл-қозғалыстарына, тіпті сай келмейтін секілді. Қасына Катарино келіп, иығына қолын салып: "Сағат он бір болып қалыпты", – деді. Мойын бұрған Аурелиано үп-үлкен болып кеткен көмескі бет-жүзін, құлағының түбіне қыстырып алған жасанды гүлді көрді, сосын ұмытшақтық індеті жайлаған кездегі сияқты есінен жаңылып қалды, содан ертеңінде өзіне мүлде таныс емес бөлмеде тұрғанда ғана ба-

рып есі кірді, қарсы алдында жалаң аяқ, жалаң бас шашы дудырап үстінде іш көйлегі ғана бар Пилар Тернера түр екен, ол мұның бетіне шам жарығын түсіріп, өз көзіне өзі сенер-сенбесін білмей.

— Аурелиано! — деді таңырқап.

Аурелиано бойын жиып, басын көтерді. Ол өзінің мұнда қалай келіп қалғанын білмейді; алайда қандай пиғылмен келгені есінде, өйткені бала шағында-ақ осы ниетті көкірек түкпіріне ұялып сақтап келген еді.

— Сізбен ұйқтасам ба деп келген едім, — деді ол.

Аурелиано үсті-басы балшық пен құсыққа былғанып-ты. Бұл кезде өзінің кішкентай екі ұлымен тұрып жатқан Пилар Тернера ләм-мим деп тіс жарған жоқ. Аурелианоны жетелеп әкеп төсекке жатқызды. Бет-аузын дым шүберек-пен сүртіп, киімін шешіндірді, ояна қалса ұлдары көріп қоймасын деген оймен маса-шыбынға тұтылған шымылдық-ты түсіріп, үстіндегі киім біткенді сыпырып лыпасыз қал-ды. Ол баяғыда, туған селенінде екеуін әзәзіл айдап ажырастырған әлгі бір еркекті, келеміз деп уағда байлап, қайтып көрінбей кеткен басқа да еркектерді, карта ашқанда аян беріп, бірақ бұған жетер жолды таппай шатасқан өзге де толып жатқан еркектерді өзегі талып, аңсай-аңсай әбден шаршаған еді. Тоса-тоса төсі со-лып, еті босап, жүрек тасуы да басылған-ды. Пилар Тернера қараңғыда Аурелианоны тауып алды да алақанымен қарны-нан сипап, аналық мейіріммен мойнынан өпті. "Байқұс ба-лақаным-ай", — деп сыбырлады. Аурелиано қалтырап кетті. Еш кідірмей байыпты да батыл түрде уайым-қайғының сұр жартасты сүрқай жағалауын тастап шығып, түз тағысы мен жаңа жуылып үтіктелген іш киімнің иісі аңқитын шетсіз-шексіз миға айналған батпақта Ремедиоспен кезікті. Сапа-рға шығып бара жатып та, көз жасын тыя алмады. Алға-шында өзін-өзі тежей алмай амалсыздан өксіген. Содан кейін ағыл—тегіл жылады да, ішінде сыздап ауыртып жүрген бір ісіктің сарт етіп жарылғанын сезді. Шашын саусақтарымен салалап сипап жатқан әйел жігітке жарық дүние көрсетпей тәнін құрсаулап келген қырсықтан бойының арылуын асық-пай тосты. Сонда ғана Пилар Тернера: "Ол кім өзі?" — деп

сұрады. Аурелиано ағынан жарылды. Әйел күлді, дүние-ай. кезінде күлкісінен қонақтап отырған кептерлер үркіп үша жөнелуші еді, бұл жолы үйқыдағы үлдары да оянған жоқ. "Бәле, алдымен қалыңдығыңды әлдилеп өсіріп алуың керек екен-ау", – деп әзілдеді. Алайда әзіл астарынан Аурелиано өз мұңына мұная білген жанды аңғарды. Өзінің еркектік қабілетіне деген күдігіне қоса талай ай бойы көңілін күпті еткен уытты жүгін қалдырып, бөлмеден шыға берген кезде, Пилар Тернера жұлып алғандай:

– Ол қызбен сөйлесіп көремін, әлі-ақ алақаныма салып әкеп, алдыңа тартам. Қара да тұр, – деп кесімін айтты.

Ол сөзінде тұрды. Мұның өзі Буэндианың үй-іші баяғы бейқам қалпынан айрылған бір қолайсыз уақыт еді. Бұл тұста Ребеканың өліп-талған іңкәрлік сыры ашылып қалған-ды, оның махаббат машақатын жасыру мүмкін болмаған. Ребека сандырақтап айғайлап сөйлеп жатып, бар сырын өзі жайып салған, дәл осы кезде Амаранта да көтеріліп ауырған. Ол да махаббат дертіне шалдыққан еді, ал мұнысы іштен тынған, қайырымсыз махаббат-ты. Амаранта да жуынатын бөлмені іштен жауып алып, өзегін өртеген ынтызарлық шерін хат-қағазға шертумен болған, айырмасы сол, бұл өзінің аманаттарын ешкімге жолдай алмай, бір-бірлеп сандығының түбіне тыға берген. Екі аурудың ортасында Урсула бір қолын екі ете алмай, басы қатқан. Урсула олай-бұлай орағытып қанша шыжымдап сыр тартса да, Амаранта өз басындағы шырғалаң жайлы шынын алдырмаған. Аяқ астынан санасына сап ете түсті: дереу сандықтың құлпын бұзып, арасына жас лала гүлі салынған, бел ортасынан қызғалт лентамен буылған Пьетро Креспиге арналса да жөнелтілмеген қалпы жатқан, тіпті, үстіне тамған көз жасы әлі кеппеген хаттарды тауып алды. Ызадан жылап жіберген Урсула сорлы басына пианола сатып алмақ болған ой түскен күнді, сағатты қарғады, табан астында кесте тігу сабақтарына тыйым салды, тіпті, ел аман, жұрт тыныштта аза тұтқызғандай болды, қыздары әуей үміттерінен арылмайынша, қаралы күндердің созыла беретінін білдірді. Пьетро Креспи қақындағы әуелгі көзқарасын өзгертіп, оның музыка машиналарын қолында ойнататын шеберлігіне құлай тәнті болған Хосе Аркадио Буэндианың бұл мәселеге килігуінен де күткендей нәтиже шыққан жоқ. Сондықтан да Пилар Тернера келіп, Ремедиостың өзіне тұрмысқа шығуға келісім

бергенін білдіргенде, Аурелиано бұл хабардың ата-анасының қайғысына қайғы жамайтынын бірден-ақ сезді, сөйтсе де басқа түскенді көріп алмаққа бекінді. Кеңінен отырып кеңесуге қонақ бөлмеге шақырылған Хосе Аркадио Буэндиа мен Урсула ұлдарының сөзін қалт етпей тыңдап шықты. Алайда қалыңдықтың атын ести сала Хосе Аркадио Буэндианың ашудан шеке тамыры адырайып шыға келді. "Оу, сен өзі махабаттан мәңгүрт болып кеткенсің бе? – деп айғайға басты. – Айналаңда небір сұлу, ибалы қыздар толып жүр. Сен басқа адам таппағандай, қайдағы бір жауымыздың қызына үйленбексің". Ұлының қалауын Урсула құптады. Ол Москотенің жеті қызының да шетінен сұлу, шаруақор, ізетті, тәрбиелі екенін айтып, ұлының ақылынан айналды. Әйелінің жер-көкке сыйғызбай мақтауына тоқтаған Хосе Аркадио Буэндиа енді жалғыз ғана шарт қойды: бірін-бірі шын ұнатып, бір-біріне іңкәр болған екен, онда Ребека Пьетро Креспиге түрмысқа шығуға тиіс. Соңыра қолы сәл-пәл босай салысымен Урсула Амарантаны жер көріп, ел көріп, қапалы көңілін сейілту үшін провинцияның қаласына апарып қайтады. Осы ұйғарым құлағына тиген сәтте-ақ Ребека сауығып сала берді, қолма-қол құштарына хат жазып, оны ризашылығын алу үшін ата-анасына бір көрсетіп алды да, араға делдал салмай-ақ өзі почтаға апарып тастады. Амаранта үлкендердің ұйғарымына келіскен сыңай көрсетті, біртіндеп дертінен де айықты, алайда көңіл түкпірінде бұл фәниде тірі тұрғанда Ребеканың күйеуге шығуына кедергі келтіреріне серт берді.

Келесі сенбіде Хосе Аркадио Буэндиа қара мәуіті костюмін киіп, қатырма жағасын салып, анада той болған күнге арнап тіктірген күдері етігін киді де, Москотенің үйіне құдалыққа жөнелді. Коррехидор мен оның әйелі ойда жоқта келе қалған қонақты қалбалақтап қарсы алды, әрі оның себебін білмей мазасызданды, түсінісе келе олар ә дегенде Хосе Аркадио Буэндиа болашақ қалындықтың атын шатастырып алған екен деп ойлады. Жаңылыс жайды түсіндірмек ниетпен шешесі төсекте жатқан Ремедиосты көтеріп алып қонақ бөлмеге әкелгенде де, кішкене қыздың үйқысы ашылған жоқ. Одан күйеуге шығуға келісім бергенің рас па деп сұрағанда да ол: тек мазамды алмаңдаршы, ұйқым келіп тұр деп қыңқылдады. Ерлі-зайыпты Москотелердің күдігінде

негіз барын ұққан Хосе Аркадио Буэндиа істің анық-қанығын білмекке Аурелианоға қайта жөнелді. Ол қайтып келгенде, ерлі-зайыпты екеуі мына жағдайға байланысты жөндім киімдерін киіп, қонақ бөлмедегі мебельдердің орнын ауыстырып, вазаларға жас гүлдер салып, бойжеткен қыздарымен бірге мұны тосып отыр екен. Қолайсыз күйге түскеніне қиналып, әрі қатты жағасы мойнын бұрғызбай мазасы кеткен Хосе Аркадио Буэндиа өздерінің қалап отырған адамдарының, шынында да, Ремедиос екенін құптады. "Ойбай—ау, мұның өзі ақылға сыймайтын жайт қой, — деді үнжырғасы түсіп кеткен дон Аполинар Москоте. — Біздің одан басқа да алты қызымыз бар ғой, бәрі де ұзатылар жасына жетіп желкілдеп отыр, соның қай-қайсысы да сіздің баладай ұстамды, азаматқа жар болуға қуана-қуана ризашылығын берер еді, ал Аурелианоның солардың ішіндегі ең кішкенесі, әлі төсегіне кіш деп қоятын құйтақандайын қалағаны несі?" Оның әйелі де сынын бермеген, жанарына мұң тола қарайтын, бипаз қимылды бәйбіше мұның сөзін ерсілеу көріп, кейіс білдірді. Ақыры, жеміс шырыны ішіліп болғаннан кейін, Аурелианоның алған беттен қайтпайтын қайсар мінезіне қанығып, риза болған ерлі-зайыпты екеуі де келісімін берді. Тек сеньора Москоте өзіне бір кішкене кеңшілік жасап, Урсуламен жүзбе-жүз оңаша әңгімелесуге мүмкіндік беруін өтінді. Әдепкіде Урсула еркектердің шаруасына бізді несіне араластырады деп күңкілдегенмен, іштей қипақтап қалған екен, ертеңінде әрі қобалжып, әрі қысылақымтырыла Москотенің үйіне жетті. Жарты сағаттан кейін Ремедиос әлі жар сүйер шағына жетпепті-ау деген хабармен қайта келді. Аурелиано мұны пәлендей кедергі санаған жоқ. Ол ұзақ тосып үйренген жан, қалыңдығы перзент көтерер жасына жеткенше әлі де қанша болса сонша күтуге әзір.

Қалыпты арнасын тапқан өмір ағысын Мелькиадестің қазасы ғана бұзды. Мұндай оқиғаның, әйтеуір, бір болары белгілі еді, дегенмен оның баз кешуінің төңірегінде ойламаған оқиғалар болды. Қайтып келгеніне бірнеше ай өткен соң, Мелькиадес күрт қартайып, қаусауға айналды, әрі тоқтаусыз, күн санап, сағат санап шөге бастады, көп ұзамай-ақ сыған аяғын сүйрете басып, құр сүлдері бөлме-бөлмені кезіп жүріп, баяғы жарқын заман жайлы жақ жаппай зарлайтын, жан баласына қажеті жоқ қарттардың біріне айналды, әдетте мұндай шалдарда ешкімнің шаруасы да жоқ, бір күні таңер-

тең төсегінде тырайып жатқанының үстінен түскенше оларды еске алатын да құдайдың құлы жоқ. Дагерротипия мен Нострадамустың көрегендігіне көңілі қатты құлаған Хосе Аркадио Буэндиа алғашында Мелькиадестің оны-мұны шаруасына көмектесіп-ақ жүрді. Келе-келе шалмен сұхбаттасу қиындай бастаған соң, оны жалғыз қалдырып кетуді жиілетті. Мелькиадестің көз нұры қайтып, құлағы керең тартты, ол тіл қатыса қалған адамдарды баяғыда өткен тарихи дәуірлерде жасаған таныстарымен шатастырып тұрған секілденетін, сұрақ беріле қалса сан түрлі тілдерде шатпақтап, жан баласы ұқпайтын жауап қайырады. Ол үй ішінде әрдайым алға созған қолымен ауадан қармап жүреді, әрі еш нәрсеге соғылып қалмай, қақшаңдап жүретін ептілігі қайран қалдырады, бойында бағдарынан жаңылдырмай, таяудағы нәрсені сездіріп тұратын қасиеті бар сияқты. Ол бірде кереуетінің қасында тұратын стақандағы суға түнге қарай малып қойған жасанды тістерін салып алуды ұмытып кетті де, содан кейін оны-сын қайтып киген емес. Урсула үйді кеңейтуді қолға алған кезде, Аурелианоның шеберханасының қасынан, абыр-сабыр мен шудан аулақ жерде Мелькиадеске арнап терезесі үлкен, жарық, ішінде кітап сөресі бар бөлме салдырып, шалдың шаң басып, күйе жеген кітаптарын, түсініксіз белгілермен толтырылған қаудырлап қалған қағаздарын, кішкене сарғыш жапырақты әлдеқандай су өсімдігі тамыр жая бастаған стақандағы жасанды тістерін сонда көшіріп, өз қолымен жинап берген. Жаңа жайы Мелькиадестің жанына жаққан болуы керек, ол енді асханаға келуін де доғарды. Шал бұдан былай Аурелианоның шеберханасында ғана ұшырасатын болды, талай сағаттарын бір кезде өзімен ала келген кепкен қамырдай қатпарланып, бөлініп жататын әлдебір қатты, әрі қураған заттан жасалғандай пергаментке құпия иректерін түсіріп осында өткізеді. Күніне екі мәрте Виситасьон әкеп беретін тамағын да шеберханада отырып ішетін, әрі соңғы кезде тәбеті қайтып, көкөністен басқа нәр сызбайтын болған-ды, содан да көп ұзамай ет жемейтін адамдарға ұқсап, жүзі жадау тартқан. Ғұмырында үстінен тастамаған көнетоз кеудешесін жауып кеткен көк секілді, оның денесін де жұмсақ күс басқан болатын, жатқан малдың бой-

ынан мүңкіп жататын жағымсыз иіс сияқты тынысы да сасып тұратын. Өлең жазумен әуреге түскен Аурелиано күндердің күнінде сыганнның бар-жоғын бағамдаудан қалған болатын, тек бірде Мелькиадестің ұзын сонар күбірінің арасынан түсінуге болатын бірер сөз құлағына шалынды. Аурелиано құлағын түрді. Оның мән-мағынасыз сөздерінің арасынан жалғыз ғана ұққаны, тырс-тырс еткізіп балғамен ұрғандай, қайта-қайта айтылған "күн мен түннің теңелуі", "күн мен түннің теңелуі", "күн мен түннің теңелуі", – деген сөздер мен Александр фон Гумбольд[1] деген есім. Қартпен неғұрлым етене тіл табысып кеткен жалғыз адам Аркадио. Аурелианоның зергерлік шаруасына жәрдемдесіп жүрген бозбаланың әңгіме-дүкен құруға деген сыңайын таныған Мелькиадес оныменсөйлесуге талпынып, кей кездерде жеке сөздерді испанша айтатын, алайда ол сөздердің төңіректегі тіршілікке титімдей де қатысы болмаушы еді. Сондай кештердің бірінде сыған кенеттен айрықша тебіренген күйге түсті. Талай жыл өткен соң, Аркадио атыларының алдында, қабырғаның қасында тұрып, Мелькиадестің тұла бойы қалтырап өзіне жан баласы ұқпайтын жазбаларының бірнеше парағын оқып берген сәтті есіне алады, әрине, одан Аркадио еш нәрсе ұғып жарытқан жоқ, бірақ қарттың даусын шығара мақаммен оқығандары оған әнмен айтылатын әлдебір дұғадай естілген. Жазбасын оқып бітіргеннен кейін Мелькиадес езу тартып, талайдан бері тұңғыш рет испан тілінде: "Мен өлгенде, үш күн бойы менің бөлмемде сынап жағыңдар", – деп өтінішін білдірген. Аркадио оның тілегін Хосе Аркадио Буэндиаға жеткізген, ол келіп қарттан мұның сырын сұрағанда, сыған шал: "Мен мәңгі жасайтын болдым", – деп келте жауап қайырып, басқа ештеңе айтпаған, Мелькиадестің тынысынан сасық иіс шыға бастағанда, Аркадио әр бейсенбі сайын ертеңгілік оны өзенге шомылуға ертіп апарып жүрді, шал біртіндеп сауығайын деді. Мелькиадес шешініп балалармен бірге суға түсетін, бағдарынан айнытпайтын құпия қасиеті оны терең, қауіпті тұстарға түсіп кетуден сақтайтын. Бірде ол: "Біздің бәріміз де судан шыққанбыз", – деп мәлімдеді.

Уақыт өтіп жатты, шалдың үйде бар-жоғы белгісіз, жантәнін салып пианоланы түзеп беруге тырысқан түнде ғана бір рет көрінген, одан басқа уақытта Аркадиомен бірге

[1]Александр фон Гумбольдт (1769-1859) - немістің белгілі саяхатшысы, натуралист.

бейсенбі күндері сүлгіге оралған кепкен асқабақ пен пальма сабынын қолтығына қысып өзенге бара жатқанда болмаса, көзге түспейді. Сондай бейсенбілердің бірінде Аркадио Мелькиадесті шомылуға шақырардың алдында шалдың өзінен-өзі: "Мен Сингапур батпақтарында безгектен өлген едім", – деп күбірлегенін Аурелианоның құлағы шалып қалды. Бұл жолы Мелькиадес суға түскен бетте аяғын шалыс басты, содан ол ертеңінде таңертең ағыспен құлдилағанда бірнеше шақырым төменде, мөлдір иірімнің қасындағы қайранда жатқан жерінен табылды, тәні таза, тек бармақтай ғана құс саңғағы қарнына жабысып қалыпты. Сыған шалды дәл бір туған әкесіндей жоқтаған Урсула қанша ашу шақырып, қарсылық білдірсе де, Хосе Аркадио Буэндиа мәйітті жерлеуге рұқсат берген жоқ. "Мелькиадес мәңгі, өлгенді тірілтудің формуласын тапқан да өзі болатын", – деді ол, содан қаңсып жатқан көрігін үрлеп, жағылған отқа әр жерәр жері күлдіреп көгере бастаған өліктің қасында қайнап жатуы үшін сынап құйылған тегешті қойды. Дон Аполинар Москоте зорға батылы барып, Хосе Аркадио Буэндиаға жерленбеген мәйіттің қоғамның денсаулығы үшін қауіпті екенін айтқан еді. "Ештеңе етпейді, ол өлген жоқ", – деп Хосе Аркадио Буэндиа қарсылық білдірді, содан тура жетпіс екі сағат бойы өлікті сынап буында ұстады. Бұл кезде бүйрек сияқтанып көкпеңбек болып ісініп кеткен өліктен ысылдаған дыбыс шығып, үйдің ішін сасыта тарсылдап жарыла бастаған-ды. Сонда ғана Хосе Аркадио Буэндиа оны көмуге, қалай болса солай емес, Макондоның аса мархабатты қамқоршысына лайық салтанатпен жерлеуге мүрсат берді. Бұл осы қаладағы алғашқы әрі ең көп адам қатысқан жерлеу рәсімі еді, сән-салтанаты жағынан бұл рәсімнен бұдан жүз жыл кейін өткізілген Ұлы Ананы еске түсіруге арналған карнавал ғана сәл-пәл асып түскен-тін. Сыганның денесі зиратқа арналған ашық алаңқайдың дәл ортасынан қазыл-ған қабірге түсірілді, құлпытасқа марқұм туралы мағлұм жалғыз дерек "Мелькиадес" деген есімі ғана жазылды. Содан кейін дәстүр бойынша тоғыз күн күзеті өткізілді. Күн сайын көршілер кофе ішуге, анекдоттар айтып, карта ойнауға жиналатын ауладағы абыңкүбің қарбаласты пайдаланған Амаранта қолайлы сәтін таулып, Пьетро Креспиге көңілін білдірген еді. Осыдан бірнеше апта бұрын Ребекамен уағда, байласқанын жария қылған ол

қазір халық арасында Түріктер көшесі деп аталып кеткен, бұрынырақта арабтар ұсақ-түйекке тоты құстарды айырбастап алатын жерде музыкалық аспаптар мен бұраса қозғалатын ойыншықтар сататын дүкен ашу қамымен жүрген. Майлап қойғандай жып-жылтыр бұйра шашы талай әйелдің көңілін күпті етіп күрсідірген итальян жігіті Амарантаның өзіне де, сөзіне де ерке өскен қыздың оспадар қылығы деп ұғып, мән бермеген.

– Менің бір інім бар, – деген ол әлденені меңзеп. – Маған жәрдемге келмекші.

Іштей қорланған Амаранта ашы мысқылмен қайткен күнде де, қажет болса өлігін көлденең тастаса да, әпкесінің тойына кедергі жасауға тырысып бағатынын айтты. Мұндай қоқан-лоққыдан абдырып қалған Пьетро Креспидің мәнжайды Ребекаға айтпай қоюға дәті шыдамады. Урсуланың қолы босамай, үнемі кейінге шегеріле берген Амаранта сапарының жайы бас-аяғы бір аптаның ішінде шешіліп, оның тап-түйнақтай әзір етілуіне де осы себеп болған еді. Амаранта қарсылық білдірген жоқ, тек Ребекамен қоштасып тұрып, құлағына сыбыр ете түсті:

– Текке үміттенбей-ақ қой. Жер түбіне апарып тастаса да, мейлі, бәрібір тойынды болдырмай тастаймын. Мені ештеңе тоқтата алмайды, тіпті, сенің көзінді құртудан да тайынбаймын.

Урсуланың жоқтығынан ба, әлде бөлме-бөлмені көзге көрінбей аралап жүруін әлі қоймаған Мелькиадестің осында бір жерде тұрғандығын сезгеннен бе, әйтеуір, үйдің іші қаңырап бос қалғандай. Ребекаға – шаруашылыққа бас-көз болу, үндіс әйелге наубайхана тапсырылған-ды. Кешкілік әтір иісі аңқып, әрдайым сый-сыяпатымен, әйтеуір, бір бұрандалы ойыншық ұстап келетін Пьетро Креспиді қалындағы күн сайын қонақ бөлмеде қарсы алатын, жұрт өсектеп, пыш-пыштап жүрмесін деп, есік-терезені әдейі шал-қасынан ашып тастайтын. Бұл басы артық сақтық еді, итальян жігіті өзін сабырлы, ізетті ұстады, енді жылға жетер-жетпес уақытта өзінің жары болар қыздың, тіпті, қолынан ұстауға да батылы бармады. Біртіндеп үйдің іші неше-түрлі ғажайып ойыншықтарға толып кетті. Бұраса қимылдайтын бишілер, акробат маймылдар, сайқымазақ барабаншылар, шауып келе жатқан арғымақтар – Пьетро Креспи әкелген осынау темірден жасалған жан-жануарлар әлемі Мелькиадес өлген

күннен Хосе Аркадио Буэндианың жанына батқан қайғыны сейілтіп, оны баяғы алхимиямен әуестенген кезіне қайта әкелген. Механизмдерін бөлшектеп, ішек-қарнын ақтарып тастаған ойыншықтардың ішінде ол өзін жұмақтағыдай сезінеді, енді ол сағат тілінің ілгері-кейін қозғалатыны секілді ойыншықтарды да мәңгі жылжып тұратындай етіп жетілдіруге талап қылды. Ал Аурелиано шеберханасын жайына қалдырып, кішкентай Ремедиосқа оқу-жазуды үйрете бастады. Алғашында кішкентай қыз күн сайын келетін осы бөтен еркектен гөрі өзінің қуыршақтарымен ойнағанды тәуір көретін, ал ол келсе болды, оны ойыншықтарынан айырып, жуындырып, киіндіріп, қонақ бөлмеге отырғызады. Ақыры, Аурелианоның шыдамы мен шынайы көңілі кішкене қыздың ықылас-ынтасын әбден баурап алды, ендігі жерде ол әріптерге көзін қанықтырып, дәптеріне түрлі-түсті қарындаштармен үйлердің, шетенге қамалған сиырлардың, тіп-тік сарғыш сәулелерін шашыратып, дөңдердің ар жағына батып бара жатқан күнбағысқа ұқсас күннің суреттерін салып, ұзақ сағаттарды онымен бірге өткізетін болды.

Көңілі құлазып жүрген жалғыз Ребека ғана, сіңлісінің қоқан-лоққысы көкейінен кетер емес. Амарантаның мінезі, өршіл менмендігі Ребекаға мәлім, кек қайыра ма деп қауіптенді. Ол шомылатын бөлмеге кіріп алып, күн ұзаққа саусағын соратын болды, бойындағы жігерін жанып, тағы да топырақ жеуге итермелеген нәпсімен арпалысты. Ақыр аяғында жанын жеген осы бір беймаза күйінен арылам ба деген оймен, болашағымды карта ашып болжап берсін деп Пилар Тернераны шақырып алды. Тұрлау-тиянағы жоқ талай-талай сөздерді шұбырта келіп Пилар Тернера: – Ата-ананың сүйегін көмбейінше, бақытты болады екем деп ойлама, жарқыным, – деп кесіп айтты.

Ребека қалтырап кетті. Баяғыда көрген бұлдыр түстей өзінің кішкене кезінде Буэндиа үйінің босағасынан аттаған сәті, сандықшасы, ағаш әткеншегі, ішінде не бары күні осы уақытқа дейін өзіне құпия болып қалған қапшық көз алдынан өте шықты. Есіне кенеп костюм киген, жейдесінің жағасын алтын қыстырғымен түймелеген, қызылайыр корольге мүлде ұқсамайтын қасқа бас мырза түсті. Картадағы қызылайыр мәткесінің домбығып кеткен саусақтары оның ыпыстық, үнемі әтір иісі аңқыған қолынан садаға кетсін дейтін

жап-жас, әрі жаннан асқан сұлу әйелді есіне алды, ол әйелдің өзін кешкі қаланың жап-жасыл көшелерімен серуендетіп қайту үшін шашына гүл қыстырып тұрған сәті елестеді.

– Түк түсінсем бұйырмасын, – деді Ребека.

Пилар Тернера қысылып қалды:

– Өзім де ұқпаймын. Бірақ картаның айтуы осы.

Осы түсініксіз болжам әбден тынышын кетірген Ребека мән-жайды Хосе Аркадио Буэндиаға айтқан еді, ол картаның шатпағына сенесің бе деп өзіне зекіп тастады, үрсуын үрысқанмен басқаларға сездірмей, сүйек салынған қапшықты іздеп, сандық пен шкаф біткенді ақтарып шықты, мебельді қозғап, еденнің тақтайын қопарды. Байқап қараса, үйді қайта салғаннан бері қапшығы түскір көзіне түскен емес. Ол ешкімге сездірмей тас қалаушыларды шақырып алып, сұрастырып көрсе, біреуі қапшықты қайта-қайта аяққа орала берген соң жатын бөлмелердің бірінің қабырғасының ортасына қалап жіберсе керек. Олардың бірнеше күн бойғы бар шаруасы қабырға-қабырғаны тықылдатып тың тыңдау болды, ақыры, талып естілетін сырт-сырт еткен дыбысты құлақтары шалды. Содан қабырғаны тесіп, сол қалпында жатқан сүйек салынған қапшықты тауып алды. Оны сол күні апарып, Мелькиадестің бейітінің қасынан қабір қазып, құлпытас қоймай көміп тастады, дәл Пруденсио Агиляр құсап, көп уақыт бойы көзіне елестеп қиналғанмен, бұл да біраздан бері жанына жай таптырмай жүрген Хосе Аркадио Буэндиа иінінен ауыр жүкті аударып тастағандай, үйіне жеңілейіп қайтты. Ас үй арқылы өтіп бара жатып, Ребеканы мандайынан сүйді.

– Қайдағы-жайдағыны ойлап басыңды қатырма, – деді оған. – Сен бақытты боласың.

Ребекамен арадағы достығы Аркадио туғаннан кейін Урсула Пилар Тернераның алдынан тарс жапқан есікті қайта ашты. Пилар Тернера жүрмейтін жері жоқ ешкі малы сияқты бойын кернеген, тарқамаған жалынды ең ауыр деген үй шаруасына салып басатын. Анда-санда шеберханаға кіріп, Аркадиоға дагерротип табақшаларын өңдеуге мейіріммен елпілдеп көмектесетіні сонша, бала жігіт қысылатынды шығарды. Әйел жақындаса-ақ оның басы айналып жүре береді. Ып-ыстық еті, бойынан тараған түтін иісі, қараңғы бөлмеде келіспейтін, қатты шығатын күлкісі көңілін аударып, ол қайта-қайта шатаса беретін.

Бірде Пилар Тернера шеберханада өзінің балықтарымен әуре болып отырған Аурелианоны көріп, үстелінің жанына келіп сүйеніп тұрды, оның асықпайтын байыпты, мүлт жібермейтін дәл қимылын сүйсіне тамашалады. Сыр ашылған жер осы. Аркадионың көрші бөлмеге шығып кеткеніне әбден көзі жеткенде ғана басын көтерген Аурелианоның жанары Пилар Тернераның жанарымен түйісті, ішкі ойы мен мұндалап тұрған, тал түстегі күн нұры жарқыратып тұрғандай бүкпесіз көзқарас.

– Иә, не айтайтын деп едің? – деп сұрады Аурелиано.

Пилар Тернера ернін тістелеп, мұңая жымиды.

– Сен соғыс үшін жаралған жансың, – деп жауап қатты. – Нені көздесең соған дөп тигізесің.

Көңілін күпті еткен долбары расталған Аурелианоның бойы бір жеңілейіп қалды. Ол ештеңе болмағандай қайтадан үстеліне еңкейді, даусы сабырлы әрі нық шықты:

– Мен оны мойындаймын, – деді ол. – Менің есімді алады.

Хосе Аркадио Буэндиа ақыры дегеніне жетті: ойыншық-биші әйелге сағат механизмінің серіппесін жалғап, оны ойыншықтың өз қозғалысы арқылы шығатын музыка әуеніне ілестіріп үш күн ұдайы билетті. Бұл жолғы ойлап тапқаны Хосе Аркадио Буэндианы бұрынғы тыраш қылықтарынан гөрі әлдеқайда қатты өрекпітті. Ол тамақтан да, ұйқыдан да қалды. Қасында қақпайлап, тежеп отыратын Урсула да жоқ, ес-елесінің жетегінде кеткен ол үнемі сандырақтап сөйлеп жүретін күйге түсті, содан бұл халінен қайтып арыла алған жоқ. Ол түні бойы бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, сағат тілінің тербелісін арбаға, соқаға, әйтеуір, адамға пайдалы жүруге, қозғалуға тиіс нәрсенің бәріне қолдану тәсілдерін ойлап, күбірлеп сөйлеумен болады. Ұйқы көрмей әбден қалжыраған Хосе Аркадио Буэндиа бір күні ертеңгілік жатын бөлмесіне есіктен жасқаншақтай енген басы аппақ қардай қартты танымай қалды. Бұл Пруденсио Агиляр еді. Қонағын әрең дегенде таныған Хосе Аркадио Буэндиа дүниеден қайтқан жандардың да қартаятынына қайран қалып, қатты қапаланды. “Пруденсио – деп таңдана тіл қатты ол, – мұнда қалай жеттің?” Өлілер елінде болған ұзақ жылдар ішінде оның тірілерді сағынғаны сонша, бір тірі пендемен тіл қатысуды аңсағаны сонша, әрі бір өлмек бар жерде екінші қайта-

ра өлмек бар, ажалдың тағы да тақағанынан қорыққаны сонша, Пруденсио Агиляр, тіпті, өзінің ең қас дұшпанына іңкәр болды. Ол мұны іздегелі қашан? Ол туралы Риоачадан келген өлілерден де, Вальеде-Упар мен жазықтан жеткен марқұмдардан да сұрастырып бағады, бірақ ешкімнен қайыр болмайды, ақыры Мелькиадес келіп, ажалдың ала шұбар картасында қаранүктемен белгілеп бергенше, Макондо бақыл болғандарға белгісіз-тін. Хосе Аркадио Буэндиа Пруденсио Агилярмен таң атқанша әңгімелесіп шықты. Ұзақ уақыт дамыл алмай әбден әлі құрыған ол бірнеше сағаттан кейін Аурелианоның шеберханасына кіріп: "Бүгін қай күн? – деп сұрады. Аурелиано сейсенбі екенін айтты. "Басында мен де солай ойлаған едім, – деді Хосе Аркадио Буэндиа, – содан кейін бақсам, кешегі дүйсенбі әлі бітпепті. Аспанға қарашы, қабырғаға қарашы, мына өсімдікке қара. Бүгін тағы да дүйсенбі". Әкесінің әуейілігіне қанық Аурелиано оның бұл сөздеріне мән берген жоқ. Келесі күні сәрсенбіде Хосе Аркадио Буэндиа тағы да шеберханаға бас сұқты. "Бұл жақсылық емес, – деді ол. – Ауаға қарашы, тыңда, күннің шыңылдап тұрғанын естисің бе, дәл кешегідей, дәл алдыңғы күнгі сияқты. Бүгін тағы да дүйсенбі". Кешінде Пьетро Креспи оны дәлізде кезіктірді: Хосе Аркадио Буэндиа өңі бұзылып, қарттарша сұңқылдап жылап Пруденсио Агилярді, Мелькиадесті, Ребеканың ата-анасын, өзінің әке-шешесін, ажал шеңгелінде жалғызілік қалған, есіне түскен барлық жандарды жоқтап отырды. Пьетро Креспи көңілін аулап, артқы аяқтарымен сымның үстімен жүретін бұрандалы аюды ұстатып еді, Хосе Аркадио Буэндиа сол ішқұса қалпынан арыла алған жоқ. Сонда Пьетро Креспи одан адамның ауада ұшуына арналған тербелісті тілді машинаның өзі таяуда айтқан жобасы қандай күйде екенін сұрады, оған Хосе Аркадио Буэндиа ондай машина жасау мүмкін емес екенін, өйткені мұндай тербеліс тілінің не дүниенің бәрін көтергенмен, өзін көтере алмайтынын айтып жауап қатты. Бейсенбі күні Хосе Аркадио Буэндиа тағы да шеберханаға кірді, әбден тауы шағылған адамның кейпі. "Уақыт машинасы істен шықты, – деді ол еңкілдеп жылап тұрып. – Ал Урсула мен Амаранта алыста жүр". Ауелиано оған кішкене баладай зекіп тастап еді, мүләйім күйге түсіп, үндемей қалды. Ол алты сағат бойы кешегіге қарағанда түр-түсінде өзгешеліктің бар-жо-

ғын анықтау үшін айналадағы заттарды мұқият тексеріп шықты, кірпік қақпай қадалып, уақыттың жылжуының белгісі – өзгешелік іздеді. Ол түні бойы көзін жұмбай, бедірейіп жатып, Пруденсио Агилярді, Мелькиадесті және басқа дүние салғандардың бәрін өзін билеген қауіп-қатерге ортақтасуға шақырды. Алайда ешкім келген жоқ. Жұма күні таңертең, үй-іші әлі ұйқтап жатқан кезде ол қоршаған дүниенің бет-бедерін қайтадан үңіле зерттеп шықты, ақыры, уақыттың әлі де дүйсенбіден ілгері жылжымай тұрғанына зәредей де күмәні қалған жоқ. Сонда барып, есіктердің бірінің көлденең темірін жұлып алып, алапат ызамен бойына біткен бар жойқын күшін жұмсап, алхимиялық аспаптардың күл-талқанын шығарды, дагерротипия лабораториясы мен зергерлік шеберхананы түк қалдырмай қиратты, темірін оңды-солды сілтеп жүріп жын буған адамдай әлдебір әуезді, салтанатты, бірақ жан баласы ұқпайтын тілде бірдеңе-бірдеңе деп айғайлаумен болды. Аурелиано көмекке көршілерді шақырмағанда, оның бүкіл үйді қиратып шығатын түрі бар еді. Хосе Аркадио Буэндианы жығу үшін он адам, қол-аяғын байлау үшін он төрт адам, ауладағы үлкен талшынның қасына апарып тастау үшін жиырма адам қажет болды, ағаштың діңіне арқанмен айналдыра байланған қалпында да ол аузынан жап-жасыл көбік ағып, өзінің беймәлім тілінде бірдеңе деп балағаттап жатты. Урсула мен Амаранта қайтып келген кезде, ол әлі қол-аяғы байланған қалпында, жауыннан малмандай су болып, жұп-жуас, жан баласын жәбірлемес пұшайман күйде жатқан. Екеуі тіл қатып еді, бұл оларды таныған жоқ, ұғыныксыз жауап берді. Урсула оның білегі мен қызыл асығын қанын шығара қажап тастаған арқанды босатып алып, белінен байланған арқанды ғана қалдырды. Біраздан кейін оны жауын мен күннен қорғау үшін төбесіне пальмадан қалқайма тұрғызылды.

Аурелиано Буэндиа мен Ремедиос Москоте наурыз айының бір жексенбісінде падре[1] Никанор Рейнаның нұсқауы бойынша қонақ бөлмеде арнайы жасалған мехраптың алдында некеге отырды. Бұл күні Москотенің үй іші кішкентай Ремедиостың сәбилік әуестіктерінен арылмай жатып, көмелетке келуіне байланысты туған әуре-сарсаңнан арылып бір "ух" деген. Шешесі оны бой жете келе қыз бойында бола-

[1] Падре - діни адам.

тын өзгерістерге әбден қанықтырған-ақ еді, соған қарамастан ақпанның бір кешінде қонақ бөлмеде Аурелиано әпкелерімен әңгімелесіп отырған кезде, шошынған даусы шыққан Ремедиос жүгіріп кіріп, қызғылт дақ жүккан іш киімін көрсетті. Үйлену тойын бір айдан кейін жасау үйғарылды, қалыңдықты өздігінен жуынып-киінуге, үй ішінің жеңіл-желпі шаруаларын істеп тастауға дағдыландырды. Төсекті сулап қоймауы үшін оны зорлап ыстық кірпішке кіші дәрет сындыртуға тура келді. Оны жар төсегінің құпиясын сақтау қажеттігіне иландыру да қияметке түсті, әсіресе алғашқы түннің жай-жапсарын түсіндірген кезде Ремедиос қатты таңырқағаны сонша, естіп білгенін кез келген адамға айтып салудан тайынбайтын сынай танытып әбден састырған. Оның біраз әуреге салғаны рас, алайда той болатын күнге дейін түрмыс жайлы түсінігі жөнінен әпкелерінен бір де кем емес дәрежеге жеткен. Дон Аполинар Москоте қызын қолынан жетелеп ракеталар сарт-сүрт атылып, бірнеше оркестр музыка ойнап жатқан кезде гүлдермен және түрлі-түсті қағаз әшекейлермен безендірілген көшені бойлап жүрді; Ремедиос терезелерінен басын сұғып, өзіне бақыт тілеген көрші-қоланға қолын бұлғап, жарқын күлкісімен ризашылығын білдірді. Бірнеше жылдан кейін өзін атуға бұйырған үкімнің орындалуын тосып, қабырғаның қасында тұрғанда да үстінде болған қара мәуіті костюм мен аяғына темір айылбасты лактелген қара бәтіңке киген Аурелиано қалыңдығын есік алдында қарсы алып, мехраптың жанына бастап әкелді, өңі күп-ку, қайта-қайта жұтына береді. Ремедиос өзін еркін, әрі ізетпен ұстады, тіпті, Аурелиано саусағына кигізе бергенде сақинаны қолынан түсіріп алғанда да сабырлы қалпынан танбады. Мұны көрген қонақтар жағы абдырап, айналадағылар күбірлесе бастаған, тек Ремедиос қана кестелі жеңін түре көтеріп, сақиналық саусаған ұсынған күйінде есікке дөңгелеп кеткен сақинаны аяғымен басып қалып қана тоқтатқан күйеуі қызарақтап мехраптың қасына қайтып келгенше қабақ шытпай тосып тұрды. Ремедиостың шешесі мен әпкелері рәсім үстінде ол бірдеңені шатастырып алып жүрер ме екен деген үреймен естері шығып жүріп, күйеуді алдымен сен сүй деп ақыл беріп өздері жаңсақтық жасады. Дәл осы күні Ремедиостың бойындағы жауапкершілік сезімі, табиғатына біткен ақ жарқындығы,

өзін-өзі ұстай білуі көзге шалынған, ол осы ізгі қасиеттерінен қандай қиын сәттерде де ешқашан жазған емес. Тойға арнап пісірілген самсаның ең жақсы жерінен өзі үйғарып кесіп алып, шанышқысымен қоса тәрелкеге салып, Хосе Аркадио Буэндиаға апарып берді. Пальмадан жасалған қалқайманың астындағы ағаш орындықта аптап пен жауын өтінде, өңі қашып, белінен талшын діңіне байланып бүктетіліп отырған алып карт ризашылықпен езу тартып, түсініксіз бір аятты күбірлей оқып, самсаны қолымен жей бастады. Дүйсенбінің таңына дейін тарқамаған ұлан-асыр тойда өзін бақытсыз сезінген жалғыз жан Ребека Буэндиа ғана. Оның тойы болмай қалды. Урсуланың рұқсатымен ол да дәл сол күні некеге отыруға тиіс болатын, алайда жұма күні Пьетро Креспидің қолына анасының әл үстінде жатқанын хабарлаған хат тиген. Сөйтіп той кейінге қалдырылған-ды. Хат алысымен бір сағаттын кейін Пьетро Креспи провинцияның басты қаласына аттанған, ал анасы сенбіге қараған түнде Макондоға кешеуілдемей келіп жетіп, Аурелианоның тойында ұлының үйленуіне арнаған мұңды жырын аңыратып айтып берген. Алайда екеуі бір жолмен жүріп, жолыға алмай қалған. Өзінің тойына үлгермекке асығып, кері салған Пьетро Креспи бес атты зорықтырып жексенбіге қараған түнде болары болып, бояуы сіңген кезде келіп жетті. Сол атың өшкір хатты кімнің жазғаны ақыры табылған жоқ. Урсула болса, ызадан көз жасын төгіп жіберіп, балташылар әлі бұзып үлгермеген мехраптың алдына келіп күнәсіздігіне ант-су ішкен Амарантаны қысқан.

Неке қию рәсімін атқаруға дон Аполинар Москоте көрші қаладан падре Никанор Рейнаны әкелген, бұл тәңір жарылғасыны шамалы шаруасынан қытымырланып кеткен қарт еді. Ол бас сүйегіне терісін кептей салғандай еті қашқан сұрғылт жүзді, кішкентай қозы қарны бар, әулие кейітпес пішінінен мейірімнен гөрі мәңгілік нышаны көбірек аңғарылатын адам болатын. Ол тойдан кейін дереу қайтып кетпек ойда еді, алайда күнәға белшесінен батса да бейқам тоқ өмір сүріп жатқан Макондо тұрғындарының бірлігін көріп жағасын ұстады: оларда құдай жоқ, құлшылық жоқ, бала шоқынусыз, шіркеу мерекелері мүлде атаусыз қалуда, тек табиғат заңына ғана бас иеді. “Бітер істің басына жақсы келер

қасына" демекші, ол Макондода тағы бір апта кідіріп, сүндеттелгендері бар, пұтқа табынушылары бар – бәрін жағалай шоқындырып шығуға, заңсыз тұрып жатқандарын некеге отырғызуға, өлгендерін күнәдан арылтып, жөнелтуге талап қылды. Алайда оған құлақ асқан адам жоқ. Шүкіршілік, священниктің рақымынсыз-ақ өмір сүріп жатқынымызға талай жыл, жанымыздың жанатта болуын бір құдайдың тіке өзінен өтінерміз, тозаққа түсердей күнәміз және жоқ десті.

Қу медиенде құлшылық қылуға шақыра-шақыра шаршаған падре Никанор ендігі жерде күш-қуатын, тіпті, адамдар сонау Римнің өзінен Макондоға құдайға сыйынуға келуі үшін дінсіздіктің діңгегі болған дәл осы жерде әулиелердің бейнесі тура өз бойындай етіп жасалған, жан-жағы шынылы бұл ғаламда теңдесі жоқ ғибадатхана салдыруға жұмсауға бел шешті. Ол қолына мыс тәрелке ұстап жағалай жүріп пітір жинады. Бәрі де барын беріп жатыр, алайда бұл берген үстіне бере түсіндер дейді, өйткені ғибадатханаға үні суға кеткенді су бетінде шығаратындай қоңырау керек дейді. Сұрай-сұрай даусы бітіп қалды, жүре-жүре қалжырап, сүйегі сырқырады.

Сенбі күндерінің бірінде жиған-тергенін санап шығып, басқасын былай қойғанда оның, тіпті ғибадатхананың есігіне де жетпейтінін көргенде, шарасыздықтан жерге кіре жаздады. Содан қала алаңына мехрап жасатып, жексенбі күні әлгі жұқпалы ауру жайлаған кездегідей көше-көшені аралап, қоңыраулатып жүріп жұртты ашық алаңда құлшылық етуге шақырды. Оған елдің дені қызық көріп келген. Баз біреулері іші пысқаннан келген. Іштерінде өз өкіліне дұрыс қабақ танытпағандары үшін тәңірі ашуланып жүре ме деген қауіппен келгендері де бар. Не керек, таңертеңгі сағат сегізде қаланың жарты халқы алаңға жиналды, падре Никанор ақша сұрап жүріп қарлықтырып алған даусымен інжілді оқыды. Құлшылық қылу аяқталғанда, ол қолын көтеріп тарқай бастаған жұртты тоқтатты.

– Сәл ғана сабыр етіңдер, – деді ол. – Қазір сіздер қақ тағаланың құдіреті шексіз екеніне көз жеткізесіздер.

Мінәжәт үстінде падре Никанорға қолғабыс жасаған бала бір кесе буы бұрқырап тұрған қою шоколад әкеліп берді. Священник оны салған жерден жұтып жіберді. Сосын қара

жамылғысының қалтасынан орамалын алып аузын сүртті де, қос қолын көкке жайып, көзін жұмды. Келесі сәтте падре Никанор жерден тура он екі сантиметр жоғары көтеріліп кетті. Осыдан кейін-ақ көпшілік оның уәжіне құлай сенген. Священник бірнеше күн бойы қала аралап, ыстық шоколад ішіп, көкке көтерілетін құдіретін қайталаумен болды, оның қолбаласының қолындағы қапшыққа қыруар ақша құйылып, арада ай өтпей-ақ ғибадатхананың құрылысы басталып кетті. Падре Никанор көрсеткен ғажайыптың құдайдың құдіретімен болғанына Хосе Аркадио Буэндиадан басқа еш пенде күмән келтірген жоқ. Тағы бірде таңертеңгілік кезекті көкке көтерілуді тамашаламаққа талшынға таяу жерге жиналған топтың ішінде байсалды қалпынан жазбаған жалғыз адам Хосе Аркадио Буэндиа ғана, падре Никанор орындығымен қалқи көтерілген кезде, ол тек дұрысталып отырып алып, ыығын қиқаң еткізді:

– Hoc est simplicissimum, – деді Хосе Аркадио Буэндиа. – Homo iste statum gecartum material invenit".[1] Падре Никанор қолын көтерді, орындық төрт аяғы бір мезгілде жерге тиді.

– Nego, – деп қарсылық білдірді ол. – Factum hoc ehistehtiam Dei provat sine duvio.[2] Хосе Аркадио Буэндианың жан ұқпайтын сандырағы кәдуілгі латыншаның өзі екенін жұрт енді ғана түсінген. Ақыры онымен де тіл табысатын адам табылды, енді падре Никанор қолайлы сәтте қыбын тауып, оның бүлінген санасына тәубешілік нұрын құюға тырысқан. Күнде кешкілік ол талшынның қасына отырып, латынша уағыз оқитын, оның бал тамған уәжіне де, шоколад ішіп, көкте қалқуына да Хосе Аркадио Буэндиа қылп етпеген, жаза бастырмайтын жалғыз дәлел ретінде қақ тағаланың дагерротипке бастырылған суретін көрсетуді сұраған. Олай болса деп падре Никанор құдай кесіндерін, ойып жасалған суреттерін, Вероника орамалының көшірмесін әкеліп көрсеткенде, Хосе Аркадио Буэндиа мұныңыздың бәрі де жалған, жаман қолөнершінің қолынан шыққан дүниелер, бұлар ғылыми дәлел емес деп мойындамай қойған. Оның айтқанынан қайтпайтын, көңілі, көзі жетпеген дүниеге мойынсұнбайтын райын таныған падре Никанор өзінің оны

---

[1] Таңданатын түгі де жоқ. Бұл адам материяның төртінші бітімін ашқан екен.

[2] Дұрыс емес. Бұл факт құдайдың бар екеніне кепіл.

құдай жолына түсірсем деген пиғылынан қайтқанымен, қарапайым қайырымдылықтың жетегімен қартқа келіп-кетіп әңгімелесіп тұруын қоймаған. Хосе Аркадио Буэндиа бұл арада тізгінді өз қолына алған, неше түрлі құйтұрқы, әрі дәлме-діл дәлелдер тауып, тіпті священниктің өзінің сенімін шайқалтуға айналған. Бірде падре Никанор дойбысы мен кереге көз тақтасын ала келіп Хосе Аркадио Буэндианы ойынға шақырғанда, анау маңызды-маңызды мәселелерге келгенде көзқарастары бір жерден шығатын екі қарсыластың ойынында ешқандай қызық, мән-мағына жоқ деп бас тартқан. Бұған дейін дойбы ойнаудан ешқандай мағынамәніс іздеп көрмеген падре Никанор оны көндіре алмай-ақ қойды. Келе-келе Хосе Аркадио Буэндианың ақыл-парасатына әбден тәнті болған ол оны неліктен ағашқа байлап қойғанын сұраған еді:

– Hoc est simplicissimum, – деп жауап қатқан ол. – Жынды болған соң байлап қойды да.

Осы әңгімеден кейін бүйте берсе құдайға сенуден қалармын деп қорыққан священник келуін доғарып, ғибадатхана құрылысын қолға алған. Мұның өзі Ребеканың көкейінде үміт отын қайта тұтатқан. Бірде, жексенбі күні падре Никанор үйлерінде түстік үстінде, дастарқан басында төрт көзі түгел отырғанда ғибадатхана салынып біткеннен кейін рәсім атаулының айрықша салтанатпен аталатынын айтқан соң, ол өз болашағын осы ғибадатхананың бітуімен байланыстырған. "Бәрінен бұрын Ребеканың жолы оңғарылды", – деген Амаранта. Бұл сөздің ар жағында қандай астар жатқанын Ребека аңдамаған, сонда Амаранта пәк кейіппен езу тартып:

– Шіркеу сенің тойыңмен ашылатын болды, – деп ойын тиянақтай түскен.

Бұл мәселені талқылаудан тартынған Ребека әңгіме арқауын басқа арнаға аударуға тырысқан-ды. Құрылыс барысы мүлде баяу, мұндай өгіз аяңмен ғибадатхананың енді он жылда бітпейтін түрі бар. Падре Никанор оның бұл ойын құптамаған, құдай дегендердің қолы ашылып, құдайы - садақаны көбейткеніне қарағанда, ерте біте ме деген үміт барын айтқан. Урсула да Амарантаның ойын қоштап, жұмысты жеделдету үшін өзі де үлкен енші қосуға сөз берген, бұған іштей ашынған Ребека алдындағы асын ішусіз қалдырды. Падре Никанор айтты: енді осындай үлкен садақа-

ның сәтті түссе, ғибадатхана енді үш-ақ жылда дайын болмақ. Сол күннен бастап, Ребека Амарантамен тіс жарып, тіл қатыспаған, Амаранта мейлі мүләйімси-ақ берсін, алайда сіңлісінің бұл қылығы оған онша бейкүнә көрінбеген. "Бұдан басқа жаман бірдеңе істеп қоймағаныма рақмет айт, – деген Амаранта сол күні кешкілік екеуі қызыл шеке болып керісіп қалғанда. – Тым құрығанда таяудағы үш жылда сені өлтіріп күнәға батпайтын болдым". Енді Ребека да сенен келген керді көріп алайынға көшкен.

Тойдың тағы да кейінге шегерілгенін естіген Пьетро Креспидің мүлде салы суға кетті, қайта қалыңдығы көңілін аулап, оған деген өз көңілінің пәктігін дәлелдеді. "Қажет десең, қалаған күнінде қашып кетейік осыннан", – деп жұбатты. Амал не, Пьетро Креспи үрт қимылға жоқ адам-тын. Қалыңдығының бойындағы шалт мінез бұған бітпеген, оның ойынша берілген сөз де ақша сияқты, оңды-солды шаша беруді көтермейді. Мұны көрген Ребека белден басып батыл қарекетке көшкен. Содан қайдан кіретіні белгісіз жел үріп, қонақ бөлмедегі шамдарды жалп-жалп өшіреді де, Урсула қашан да қараңғыда сүйісіп отырған күйеу мен қалыңдықтың үстінен түсетін болды. Пьетро Креспи міңгірлеп, көресін шамдардың соңғы кезде, тіпті сапасыз шығарылатынына налиды, тіпті, ол қонақ бөлмеде жарық беретін сенімді жүйе орнатуға да көмектесті. Бұдан кейін шамдардың біресе көресіні бітіп, біресе білтесі бітетінді шығарды, енді Урсула Ребеканың күйеу жігіттің тізесінде отырғанын көретін болды. Ақыры, Урсула олардың анау-мынау сылтауларына құлақ асқанды қойды. Наубайханадағы барлық шаруаны үндіс әйелдің мойнына артып, өзі әткеншек орындыққа отырып алып атастырылған екі жасты аңдитынды шығарды, біздің жас кезімізде-ақ қыбы ашылған қулық–сұмдықпен мені алдай алмайсыңдар деген адамның кейпі. "Байғұс шешем-ай, – дейді мұндайда ыза-сырықтан өткен Ребека іш пыстыратын көңілсіз ұзақ отырыстардың үстінде есінеп отырған Урсуланы көріп. – Өлген соң, күнәләрі үшін дәл әткеншек орындықтың үстінде жазасын тартып жүрер, сірә". Үш ай бойғы бақылаудан бас алдырмаған осынау махаббаттан зыкысы шыққан, әрі күн сайын тексеріп жүрсе де жұмысы бір мандымаған ғибадатхана құрылысы қытығына тиген Пьетро Креспи басталған істі тезірек байыбына жеткізу үшін

падре Никанорға жетпей түрған соманы бермекке үйғарды. Бұл жаңалық Амарантаның кәперіне кіріп шыққан жоқ. Күнде кешке тоқыма тоқып, кесте тігуге дәлізге жиналатын құрбыларымен әңгіме-дүкен үстінде ол талай-талай аярлық амалдарын ойластырумен болды. Амарантаның өзі қатты үміт артқан, тырп еткізбеуге тиіс бір есебінен алжасып, айласын іске асыра алмай-ақ қалды, ондағы пиғылы: Ребека қалыңдық көйлегін сақтайтын қонақ бөлмедегі сандықтан нафталин түйіршіктерін алып тастау болатын. Амаранта бұл пиғылын ғибадатхана құрылысының бітуіне екі ай қалғанда жүзеге асырған. Алайда үйлену тойы тақаған сайын тағаты кеткен Ребека той киімін алдын-ала Амаранта мөлшерлеген мерзімнен көп бұрын дайындап қоймақ болады. Сандықты ашқан Ребека ішінде жасауы жатқан буманың алдымен қағаз, содан кейін кенеп орауын жазғанда, көйлекке деген атлас кездеменің, шілтерлі сәукеленің, тіпті, торғыннан тігілген әшекейіне дейін қара күйе жеп, түте-түте болып кеткенін көрді. Орауының ішіне өз қолымен қос уыс нафталин түйіршіктерін сеуіп тастағаны дәл бүгінгідей есінде, дегенмен мына кесірдің ойда жоқта кезіккені сондай, Амарантаны кінәлауға аузы бармады. Тойға дейін айға жетпес уақыт қалса да Ампара Москоте той көйлегін айналасы бір аптада тігіп бермек болды. Содан бір жауынды күні коррехидордың қызы сабын көпіршігіндей үйме-үйме аппақ шілтерлердің арасынан әрең көрініп, Ребекаға соңғы рет шақтау жасауға кіріп келгенде, Амаранта есінен танып қала жаздаған. Тілі байланып, жонынан шыққан суық тер жылға тауып төмен жылжыды. Ұзақ айлар бойы Амаранта осындай сәттің, әйтеуір, бір күні туарын ойлап, қорқыныштан қалтырап жүруші еді, өйткені тойды болдырмай тастайтындай бір тұрарлық тосқауыл таппаса, барлық амал-айласы таусылатындай күн туа қалса, Ребеканы уландырып өлтіруден өзінің тайынбайтынына титтей де шүбә келтірмейтін. Ампаро Москоте мың сан түйреуіштің көмегімен, үстіне кигізіп таң қаларлық төзіммен олай-бұлай да өлшеген атлас кездеменің ішінде Ребека ыстықтан ынданы кеуіп түрғанда, Амаранта тоқымасының шалмаларын санай алмай сән мәрте шатасты, саусағына біз сұғып алды, соған қарамастан жан шошытарлық салқын қанды шешім қабылдады: күні — той қарсаңындағы соңғы жұма; тәсілі — ішіне бармақтай қатты апиын салынған бір кесе кофе.

Алайда шарасыз да дауасыз, әрі тосын оқиға тап болып, тойды тағы да белгісіз уақытқа шегере түруға тура келді. Ребека мен Пьетро Креспидің некелесуіне тура жеті күн қалғанда, кішкентай Ремедиос түн ішінде кекірік сияқты қатты үн шығарып, ішінен ақтарылған әлдеқандай ыстық қоймалжыңға малшынып оянып кеткен, содан ол тура үш күннен кейін бойына біткен егіз бала ішінде көлденең түрып қалып, өз қанына өзі уланып дүние салған-ды. Әсіресе Амаранта жан азабын тартқан. Бір бәленді жіберіп бөгет жасай гөр, әйтпесе Ребеканы у беріп өлтіріп жүрермін деп тәңірге жалбарынған да өзі, содан Ремедиостың өліміне өзін кінәлі сезініп қатты опық жеген. Жоқ, оның тәңірден сұрағаны бүл емес-тін. Ремедиос келісімен үй ішінде қуаныш лебі ескен. Күйеуімен екеуі шеберхананың қасындағы жатын бөлмеге кірген соң, ол күллі бөлмені күні кешегі бөбек кезінің белгісі, – қуыршақтармен, ойыншықтармен безендіріп тастаған, оның бойындағы өмірге асық асқақ сезім төрт қабырғадан асып төгіліп, гүлді дәлізді бойлап шипалы самалдай есетін. Ремедиос күн шыға ән салушы еді. Ребека мен Амарантаның арасындағы кикілжіңге кірісуге үй-ішінде батылы барған жалғыз адам да өзі еді. Хосе Аркадио Буэндианы бағып-қағудың бар тауқыметін тартқан адам да сол. Қарттың тамағын беретін, тәнін жөкемен ысып жуындырып, шайындыратын, қала берді, сақал-шашының сіркелеп, биттеп кетпеуіне шейін қадағалады, шалдың төбесіне қойылған қалқаймаға дейін күтіп ұстап, жауын-шашын бола қалса, пальма жапырақтарының үстінен су өтпейтін кенеп жауып жүреді. Өмірінің соңғы айларында, тіпті, Хосе Аркадио Буэндиамен латынша түсінісіп, тіл қатысуға да жарап қалған. Пилар Тернера Аурелианодан бала туғанда, ол үйге әкеліпіп, бөтен бір жан жоқ, өз орталарында ғана азан шақырылып, оған Аурелиано Хосе есімі берілгенде, оны Ремедиос тұңғышындай аялап, бауырына басқан. Оның аналық сезімі, тіпті, Урсуланың өзін қайран қалдырған еді. Аурелианоға келетін болсақ, оның бұған дейінгі мағынасыз тірлігіне мән берген де Ремедиос. Ол күні бойы шеберханасынан шықпай жұмыс істейтін, ал Ремедиос оған қантсыз қара кофе апарып тұрады. Кешке қарай екеуі Москотелердің үйіне жөнеледі. Аурелиано отырып алып қайын атасымен қайта-қайта домино ойнайды, бүл кезде Ремедиос әпкелерімен, шешесімен үй-

күй жайын сөз қылады. Буэндиалар семьясымен туыстасуы дон Аполинар Москотенің Макондода беделін көтере түскен. Провинцияның бас қаласына жиі-жиі барып-келіп жүрген ол өкімет орындарын Макондода мектеп салуға көндірген, онда атасының ұстаздық дарыны бойына дарыған Аркадио сабақ беретін болып келісілді. Сонымен қатар дон Аполинар Москоте ұлттық тәуелсіздік күніне орай үйлердің басым бөлегін көгілдір түске бояуға қоярда қоймай үгіттеп жүріп көндірген. Падре Никанордың өтініші бойынша ол Катаринонын аты шулы мекенжайын бір түйық көшеге көшіруге, содан кейін қаланың қақ ортасында өркен жайған бірнеше сойқандық ұяларын жауып тастауға нұсқау берген. Ал енді бірде дон Аполинар Москоте провинцияның бас қаласынан винтовка асынған алты бірдей полицейді ертіп әкеліп оларға тәртіпті сақтауды тапсырғанда, Макондода қарулы адамдар ұстамау жөніндегі әуелгі келісімді ешкім кәперіне алмаған. Қайын атасының қарымды қарекеті Аурелиано көкейіне қонады. "Келе-келе сен де қайын атаң секілді кебежедей боласың", — деп қалжыңдайтын оған құрбылары. Үнемі шеберханадан шықпай тапжылмай отырғандықтан, оның шықшыты шығыңқырап, көздері бұрынғыдан жылтылдап тұратын болды, бірақ салмақ қосқан жоқ. Мінезі де бұрынғы ұстамды қалпынан өзгерген жоқ, қайта түйықтығының, қайрылмайтын қайсарлығының белгісі — езуінің тұсынан жалғыз сызат пайда болды. Аурелиано мен әйелі екі үйдің де терең махаббатына бөленді, ал Ремедиос аяғы ауыр екенін айтқанда, тіпті, Амаранта мен Ребека да араздықтарын ұмытып татуласты, әбігерге түсіп сәбиге арнап екі түсті жүннен: егер ұл туса деп — көгілдірінен, ал енді қыз дүниеге келе қалса деген оймен қызғылтынан киім тоқи бастаған. Арада бірнеше жыл өткен соң, ату үкімін тосып, қабырғаның қасында тұрғанда Аркадионың есіне соңғы сәтте түскен адам Ремедиос болатын.

Урсула қатаң аза жариялады, барлық есік-терезені жауып тастады, тығыз шаруасы болмаса үйге бейсауат кіруге де, шығуға да рұқсат етілмейді. Урсула бір жыл бойы қатты сөйлеуге тыйым салды, жерлейтін күні марқұмның денесі салынған табыт қасына қойылған қабырғаға қара лентамен оралған Ремедиостың дагерротипін іліп, оның астына үнемі жанып тұратын шырағдан қойды.

Шырағданнан от үзбей келген Буэндиа әулетінің келесі ұрпақтары бүрмеленген етекше, ақ бәтеңке киіп, шашына қатырма бант таққан кішкене қыздың келбетін көргенде, ынғайсыз күйге түсуші еді, себебі бұл тұлға ұлы әже туралы түсініктен мүлде қиыспайтын. Амаранта Аурелиано Хосені өз тәрбиесіне алды.

Оған қырсыққанда тілеуіне қайшы,бірақ өзі тәңірден жалбарынып сұраған апиын түйірінің Ремедиостың кофесіне түскені үшін жай таптырмай жанын жеген азаптан арылтар ұлым болар, жалғыздықтан жабырқағанда панам болар деп үміт артқан. Күнде кешкілік үйге аяғының ұшынан басып, қалпағына қара лента таққан Пьетро Креспи кіреді, бұл оның сөлбірейген жеңі қолының басына дейін түсетін қара көйлек киіп, әбден ұсқыны кетіп, қан-сөлсіз қатып қалған Ребеканың сүлдеріне үнсіз-түнсіз ізет білдіре келгені. Мұндай жағдайда қайтадан той күнін тағайындау туралы ойлаудың өзі шектен шыққан күпіршілік болар еді, сөйтіп бұлардың арасында байласқан сөздің өзі екеу ара мәңгілік міндеттілікке, екеуін де зеріктіріп, екеуін де жеріткен басы артық махаббатқа айналған, баяғыда қайта-қайта шамды өшіріп, қараңғыда құмарлана сүйісетін ғашықтардың тағдыры енді ажал еркіне түскендей-тін. Үміті үзілген Ребеканың еңсесі мүлде түсіп кетті де тағы да топырақ жей бастады.

Аза түту басталғаннан бері де бірқыдыру уақыт өткен, қыздар бұрынғыша дәлізге жиналып, айқыштап кесте тігуге қайта кіріскен кез, тура сағат екіде аспан айналып жерге түскендей тымырсық ыстықта, кенеттен біреудің кіре беріс есікті қатты итергені сонша, бүкіл үй шайқалып кетті; құрбы қыздарымен дәлізде отырған Амарантаға, өз бөлмесінде саусағын сорып отырған Ребекаға, ас үйдегі Урсулаға, шеберханадағы Аурелианоға, тіпті, жалғыз талшын түбіндегі Хосе Аркадио Буэндианың өзіне – бәрі-бәріне жер сілкініп, үй қақырап бара жатқандай көрінген. Түр-түрпаты таң қалдырғандай бір адам табалдырық аттады. Екі иығына екі кісі мінгендей алып екен, есікке кептеліп қала жаздады. Бұқа мойнына Әулие қыздың кескіншесін іліп алыпты, қолдары мен кеудесі толы күпия піспе жазу-сурет, оң білегін мыс білезік-дұғалық қысып тұр. Жауын-шашын,

жел өтінде көп жүріп, көңтеріленіп кеткен шашы қысқа, қашыр жалданып тікірейіп тұр, бет-әлпеті батылдықты аңғартады, алайда жанары мұңды. Келген адамның белінде кәдімгі айылдан екі елі қалың белдік, аяғында темір тақа қаққан батқысы бар биік қоныш етік, аттаған сайын айналаның бәрі жер сілкінген кездегідей діріл қағады. Қолында көп ұсталып көнетоз тартқан қоржыны бар, қонақ бөлме мен кіре беріс арқылы, дүниені күн күркірегендей дірілдетіп, гүл өскен тып-тыныш дәлізге келіп кірді, мұны көрген Амаранта мен оның құрбылары инелерін шошайтқан қалпы қатты да қалды. Ол шаршаған дауыспен: "Қайырлы күн", – деді де қолындағы қоржынын олардың алдындағы үстелге атып ұрып, түкпірге қарай беттеді. Үрейлі жүзбен жатын бөлмесінен үрпие сығалаған Ребекаға да: "Қайырлы күн", – деді. Дәл осы сәтте бар ынтасы алдындағы шаруасына ауған Аурелианоға да "Қайырлы күн" дей салды. Ол тоқтамастан тура ас үйге қарай тартты, сөйтіп әлемнің келесі бір қиырында басталған сапарын дәл осында келіп тірелгенде бір-ақ тәмәмдады. Тағы да: "Қайырлы күн", – деді. Урсула қас қағым сәтке ғана аузын ашып аңырды да қалды, содан кейін келген адамның көзіне көзі түсіп кетуі мұң екен, қуаныштан дауыс салып жылап, мойнына асыла кетті. Келген – Хосе Аркадио еді. Ол мұнан қалай жаланаш–жалпы кетсе, дәл сол қалпында қайтып оралды, өзгені былай қойғанда, жалдаған атына төлеу үшін Урсуладан екі песо алды. Ол теңізшілерге тән сөз араласқан испан тілінде сөйлейді. Ал қайда болдың деген сауалға "ана жақта" деп қолын сілтей салды. Содан кейін өзіне бөлінген бөлмеге аспалы төсегін іліп жіберді де үш күн, үш түн ұйқтады. Ояна келе, он алты піскен жұмыртқаны бірден соғып алып, түп-тура Катаринонның мекенжайына тартты, онда алпамсадай айдынды түркы айналасындағы әйел біткенді ah ұрғызып таңырқатты. Ол жиналған жұрттың бәріне өз есебінен музыка ойнаттырып, арақ алдырды, бәрің жиналып үстелге тіреген бір қолымды жыға алмайсыңдар деп, бес еркекпен бірдей бәстесті. "Түк шығатын түрі жоқ, – десті олар, бұның қолын қозғай алмасын сезген соң. – Көрмейсіңдер ме, қолына сиқырлы білезік киіп алғанын". Небір жойқын күшті көрсететін ойындарға сене бермейтін Катарино дүкен-сөрені орынан қозғай алмайсың деп Хосе Аркадиомен он екі пе-

соға бәс тікті. Ол сөрені еденді қақырата жұлып алып, төбесіне тік көтерген қалпында далаға алып шықты. Оны қайтадан кіргізу үшін тура он бір жігіт мықшыңдады.

Жұрт әбден қызған кезде, ол көпшіліктің көзіне өзінің еркектігінің ерен белгісін – сан тілде піспелеп қызылды-жасылды жазулар жазылған сала құлаш ғауратын көлденең тартты. Әйелдердің ындыны құрып шыға келген еді, бұл "кәне, қайсың қанша төлейсің" деп бұлданды. Ішіндегі ең қалталысы жиырма песо тікті. Сол сәтте ол мүмкін әр билетін он песодан қойып, лотерея тартсақ деген ой тастаған-ды. Бұл мүлде құқайсыз баға, көптің аузының суын құртқан әйелдің өзі бір түнде әрі кеткенде сегіз песо табатын, соған қарамастан бәрі де құлдық ұрып келісті. Бір-бір жапырақ он төрт қағазға аттарын жазды да қалпаққа салып, алма–кезек тарата бастады. Қалпақтың ішінде шиыршықталған екі-ақ қағаз қалғанда, оларды жазып, ішіндегі аттарды оқысты.

– Әрқайсың тағы да бес-бес песодан төлеңдер, – деді Хосе Аркадио тасы өрге домалаған екеуге. – Екеуіңе де қызмет көрсетем.

Оның күн көрісі осы болды. Ол өзі сияқты қағынды-соғындылармен бірге матрос болып, алпыс бес рет жер шарын айналып шығатын алыс жүзу сапарларына шыққан болатын, ал сол күні Катариноның мекенжайында онымен төсек бөліскен әйелдер оны жұртқа көрсету үшін би залына тыр-жалаңаш алып шыққанда, денесі мойнынан башпайына дейін, желкесінен өкшесіне дейін сынық сүйем сау жері жоқ, неше түрлі піспе жазу-суретке толы еді.

Үй-ішінде Хосе Аркадио өзін оқшау ұстайды. Күндіз ұйқтайды да, түн баласын зинақорлық жайлаған үйлерде өткізеді. Ал анда-санда анасы әрең дегенде дастарқан басына отырғыза қалғандай жағдайда, ол өзінің алыс елдерде бастан кешкендерін әңгімелеп бәрін өзінің аузына қарататын. Кемесі қирап, суға батқан кезде ол жел қайық үстінде күн өтіп өлген жолдасының теңіз суында әбден тұздалып, күнге қақталған, қасаңдау әрі жып-жылымшы етін талшық етіп, екі апта бойы Жапон теңізінде күнелткені бар. Ал енді бірде шайдай ашық тал түсте Бенгал шығанағында жүзіп келе жатқанда ішінде өзі болған кеме экипажы – қарнынан Крест жорығына қатысушының дулығасы, айылбасы мен

қару-жарағы шыққан теңіз аждаһасын атып алғаны бар. Кариб теңізінде ол ажал желі желкенін жырым-жырым етіп жыртып, тұғыры мен желкендерін теңіз тарақандары мүжіп тастаған Виктор Югтің[1] қарақшылық кемесінің сұлбасын да көргені бар, кеме қайта-қайта бұрылып, Гваделупаға қайтуға тырысады, бірақ жазмыштың өзі оған бағытынан жаңыла беруді жазған. Урсула дастарқан басында-ақ өзі сарғайып тосқан, бірақ қанша күтсе де қолына келіп тимеген, ішінде Хосе Аркадио өзінің батырлығы мен батылдығы, басынан кешкен шым-шытырық жайлары туралы жазған хаттарды енді алып оқып отырған адамша көз жасын сығып-сығып алған. "Балам-ау, қаңырап тұрған үлкен үй-жай болса мынау, – деп күрсінген. – Сен сүйтіп жүргенде, біз қанша тамақты шошқаға тастадық". Бірақ ана байғұс баяғыда сығандар ертіп кеткен бала мен бір отырғанда торайдың жарты етін жеп, ішінен үй-ішіндегі өсімдік атаулы иісінен солып қалатын күшті жел шығаратын мына жабайы жанның бір адам екенін ұқпай-ақ қойған. Басқалар да осындай екіұшты күйді бастан кешкен. Амаранта болса, оның дастарқан басында отырып кекіретін әдетінен қатты жеркенетінін жасыра алмаған. Өзінің дүниеге келу күпиясын мәңгі-бақи білмей өткен Аркадио болса, балаң жігітті ішіне тартып, баурап алғысы келетіндігі салған жерден сезілген Хосе Аркадионың сауалдарына ернін ғана жыбырлататын. Аурелиано ағасының есіне өздерінің бір бөлмеде ұйқтап, бірге өткізген бал дәурен балалық шақтарын қанша түсіргісі келсе де, Хосе Аркадио бәрін тарс ұмытқан еді, теңіз үстіндегі өткен өмірі оның санасын толып жатқан оқиғаларға сықай толтырып тастаған–ды. Көрген беттен-ақ оған бірден құлап түскен жалғыз Ребека. Хосе Аркадио өзінің жатын бөлмесінің есігінің жанынан өткен сәтте-ақ тыныстағанының өзі жанартау атқандай үйдің қай тұсынан да шуылдап естіліп тұратын мынау ерек жаратылысты еркектің қасында әлекей-шәлекей киінген Пьетро Креспи бала қораздай қораш екен-ау деген ойға келген. Оны-мұны сылтауратып сонымен кездескісі келіп тұрады. Бірде Хосе Аркадио оның денесін бастан–аяқ шімірікпей сұқтана шолып шығып: "Тіпті, өзің әжетке жа-

[1] Виктор Юг – француз Конвентінің Гваделупа аралындағы комиссары (1793). Ағылшындарға қарсы қарақшылық соғыс жүргізген. Куба жазушысы Алехо Карпентьердің "Зиялы ғасыр" романы соған арналған.

рап қапсың-ау, қарындасым", – деді. Содан кейін-ақ Ребека өзін-өзі билеуден қалды. Бәз-баяғыдағыдай тойымсыздықпен әк пен топырақ жеп, қажалып, қалжырап қалғанша саусағын сорған. Бірде ішінде өлі сүліктері бар жап-жасыл запыран құсты. Безгек тигендей бойы қалтырап, жанын жайлаған ессіз құмарлықпен іштей арпалысып ағарып таң атқанша көзін ілмей, Хосе Аркадионың келгенін сездіріп үй дірілдеген сәтті тосып жатады. Бірде түскі дамыл кезінде Ребека шыдай алмай оның бөлмесіне басын сұққан. Ол қайық байлайтын жуан арқандармен керегеге ілінген аспалы төсегінде көзі ашық, үстінде іш киімнен өзге лыпасы жоқ, ұзыннан түсіп жатыр екен. Мына шөккен нардай жалаңаш денеге Ребека таңдана қарады, райынан қайтып, шығып кеткісі келді. "Айып етпеңіз. Сіздің мұнда екеніңізді білмей қалдым", – деп кешірім сұрады. Біреу-міреу оянып кетер деп ақырын айтты. "Бері кел", – деді Хосе Аркадио. Ребека жанына жақындады. Аспалы төсектің қасына келген оның тынысы тарылып, тәнін суық тер жуды, "Әй, қарындасым-ай, қарындасым-ай", – деп сыбырлаған Хосе Аркадио саусақтарының ұшымен алдымен қызыл асығынан, содан кейін балтырынан, соңынан санынан сипалай берді. Ақырында дауылдайын әлдебір долы, бірақ оңды күш өзін белінен ұстап қаңбақтай көтеріп алған бетте, екі-үш тартып киімін сыпырып тастап, шыбын құрлы көрмей жаншып бара жатқанда, Ребека тіршілік тірсегіне тас болып жармасып әрең жаны қалды. Жарық дүние сыйлағаны үшін жаратушыға ақ алғысын жаудырғаны сол еді, келесі сәтте-ақ адам түсініп болмайтын рақатпен қоса келген жанын шығарып жібере жаздаған аурудан есі ауып қалған ол бойынан кеткен қанды сия сорғыштай сіңіріп алған іші терге толы аспалы төсекте шоршып жатты.

Арада үш күн өткеннен кейін кешкі намаз кезінде екеуі неке қиды. Хосе Аркадио неке қарсаңында Пьетро Креспидің дүкеніне кіріп шықты. Итальяндық жігіт цитрада ойнаудан сабақ өткізіп жатыр екен, Хосе Аркадио оны оқшау алып та шыққан жоқ, ойындағысын табан астында айтып тастады. "Мен Ребекаға үйленетін болдым", – деді. Құп-қу болып кеткен Пьетро Креспи цитраны оқушыларының бірінің қолына ұстата салып, сабақтың біткенін хабарлады. Олар музыка аспаптары мен бұрандалы ойыншықтарға толы үй ішінде екеуден-екеу қалған кезде Пьетро Креспи:

– Ол сіздің қарындасыңыз ғой, – деді.

– Онда тұрған не бар, – болды Хосе Аркадионың жауабы.

Пьетро Креспи әтір себілген орамалымен маңдайын сүртті.

– Бұл жараталысқа жат нәрсе, – деді ол содан кейін, – әрі бұған заң да тыйым салған.

Бәрінен бұрын Хосе Аркадионың жынына тигені – Пьетро Креспидің жауабы емес, оның бозарған жүзі.

– Жаратылысыңа менің түкіргенім бар ма, – деп кесіп айтты ол. – Мұны сізге жеткізіп тұрғаным: бұдан былай өзіңіз де әуре-сарсаңға түспеңіз, Ребеканы да оны-мұны деп мазаламаңыз.

Пьетро Креспидің жанарындағы мөлдіреген жасты көргенде ғана ол басылайын деді.

– Жә-жә, – деді жұмсақ үнмен, – тіпті, біздің үйге сонша бауыр басып кетсең, еншіңе әлі Амаранта бар емес пе?!

Жексенбі күнгі уағызында падре Никанор Хосе Аркадио мен Ребеканың ағалы-қарындасты адамдар емес екенін жалпақ жұртқа жария етсе де, Урсула олардың некелесуін кешіре алмай-ақ қойды. Олардың бұл қадамын ол шектен шыққан көргенсіздік деп ұғып, сол күні жас жұбайлар шіркеуден келген бойда да, содан кейін де оларды қайтып табалдырығынан аттатқан жоқ. Мен үшін енді сендер жоқсыңдар деп бір-ақ қайырды. Жас жұбайлар амалсыздан зираттың қасынан бір үйшік жалдап, сонда қоныстанды, қолдарындағы бар мүлік-мүкәмәлі Хосе Аркадионың аспалы төсегі әйтеуір, өйтіп-бүйтіп күнелте бастады. Алғашқы түні қалыңдықтың аяғын кебісіне түскен бүйі шағып алып, Ребеканың тілі байланып қалған, бірақ жас жұбайлардың бал айын бабымен өткізулеріне бұл да кедергі бола алған жоқ. Осы үйден шыққан қиқудан төңіректегі көршілер түн баласында сегіз ретке дейін, ал түскі дамыл кезінде үш ретке дейін шошып оянып жүрді, содан кейін мынау құтырынған, қайнаған нысапсыз нәпсі аруақтардың мазасын ала көрмегей деп құдайға жалбарынатын болды.

Жас жұбайларға қамқорлық жасаған жалғыз жан Аурелиано ғана. Ол жастарға оны-мұны мебель сатып әперді, Хосе Аркадио ішер ас, киер киім жайын ойлайтын халге жетіп, үйінің қасындағы бос жатқан жерлерді өңдеуге кіріскенше ақша беріп қарасып тұрды. Ал Амарантаға кел-

сек, көктен сұрағаны жерден табылып, өмірдің өзі қанағат тұтарлық тартуын ұсынса да Ребекаға деген өшпенділігін баса алмай-ақ қойды, қарабет болдық-ау деп қапаланып, осы масқараны жуып-шаймақ болған Урсуланың тілегін құп алған Пьетро Креспи бұрынғысынша әр сейсенбі сайын келіп түстеніп тұрды, ол басына түскен бақытсыздықты байыппен, қыңқ етпей көтере білді. Тіпті, осы отбасыға деген құрметінің көзіндей етіп, қалпағындағы қара лентаны да тастаған жоқ, онымен қоймай Урсулаға айрықша ізет білдіріп, оған португал сардинасы, раушан гүлдің бүрінен қайнатылған түрік тұсап сықылды неше түрлі таптырмайтын сыйлықтар ұсынудан рақат табатынды шығарды, ал бірде әдемі мәніл шәліні де тарту етті. Амаранта да оған жылы пейіл, шын ықылас танытты. Оның қас-қабағына қарап, қалауын табуға талпынды, жеңінің тарқатылған жібіне дейін қыркып тастап отырды, ал туған күніне арнап бір бума қол орамалдың шетіне оның аты-жөнінің бас әріптерін тігіп берді. Сейсенбі күндері түстіктен кейін Амаранта дәлізде кесте тігуге отырғанда, бұл да барын салып оның көңілін аулауға тырысатын. Пьетро Креспи бұл кезде өзі балаң санаған осынау бойжеткеннің бойынан бұрын аңғармаған жаңа қасиеттер аңғарды. Біраз тік бақайлау екені рас, есесіне нәзік инабат пен көзге көрінбейтін мөлдір мейірім иесі. Ендігі жерде Пьетро Креспидің Амарантаға сөз саларына ешкімнің де күмәні қалған жоқ. Расында да, тағы бір сейсенбіде жігіт оның өзіне жар болуын өтінді. Бойжеткен жауап қатуға асыққан жоқ, жұмысын істей берді. Құлағының дуылдағаны басылғанда ғана барып, көпті көрген адамның байсалды, нық даусымен тіл қатты.

— Әлбетте, Креспи, мен қарсы емеспін, — деді ол. — Әуелі бір-бірімізді әбден білісейік. Асығыстық арты қайырлы бола бермейді.

Урсуланың әбден басы қатты. Пьетро Креспиді іштей қанша ұнатса түрса да, оның Ребекамен ұзын сонар сөз байласуының ақыры анадай шатақпен тынды, ал енді мұнысы қалай деген ойға қалды, бұны не жақсылыққа, не жамандыққа жорырын білмей дал болды. Ақыр соңында, ешкім күмән білдіріп, көкейіне күдік түсірмеген соң ол құдалықты құдайдың өзі қалаған ісі деп қабыл алды. Алайда, үй-ішінің бас көтерері болып қалған Аурелианоның жұмбақтап болса да, жалт бергізбейтіндей қадап айтқан жалғыз ауыз сөзі дүдәмәлін күшейте түскен:

– Қазір үйлену жайын ойлайтын уақыт емес, – деген ол.

Бұл сөздердің мәнісі Урсуланың санасына арада біраз ай өткен соң барып бір-ақ жеткен, ойлап қараса, сол сәтте Аурелианоның үйлену былай тұрсын, соғыстан өзге қандай оқиға жайлы болса да басқалай пікір айтуы мүмкін емес екен. Қабырғаның қасында өзін атуға кескен үкімнің орындалуын күтіп тұрғанда Аурелианоның өзі де қара басын қаңғыртып, осы арадан әкеліп бір-ақ шығарған, көзге көрінбегенмен кес-кестеп жібермейтін кездейсоқ оқиғалардың қалайша бір-бірімен қабысып шыға келгенін түсіне алмаған. Ремедиостың өлімі езіп кете ме деп еді, егілді, бірақ еңсесін баса алған жоқ. Басында іштей бәріне нәлет айтқан, келе-келе баяғыда әйелдерден көңілі қалып, қайтып оларға жоламаспын деген сәтіндегідей бейжай күйге түскен. Тағы да жан-тәнімен жұмысына бас қойған, сөйтсе де қайын атасымен домино ойнайтын дағдысын сақтап қалған. Аза тұтып, абыр-сабырдан ада болған үйде күн сайын кешкілік мәслихат құру еркектердің достығын бекіте түскен. "Үйленуің керек, Аурелиано, – дейтін оған дон Аполинар Москоте. – Тағы да алты қызым бар. Қалағаныңды ал". Сайлау жақындап қалған кез, Макондоның коррехидоры өзінің кезекті бір сапарынан елдегі саяси ахуалға қатты алаңдап қайтты. Либералдар соғыс ашуға әзірлік жасап жатыр екен. Аурелианоның либералдар, консерваторлар жайлы сол кездегі түсінігі тым күңгірт-ті, сондықтан қайын атасы бұл партиялардың арасындағы айырмашылықты қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Либералдар, оның айтуынша, массондар, құдай ұрған адамдар екен, оларға салсаң, барлық священниктерді дарға асып, шіркеусіз-ақ азаматтық жолмен неке қиып, ажырату-ды жүзеге асырмақ, некелі туғандар мен некесіз туған балаларды теңестірмек, жоғарғы үкіметті құлатып, елді бөлшектеп, федерация етіп жарияламақ. Оларға қарағанда, консерваторлар дегенің билік тізгінін тәңірінің өз қолынан алғандар, олар қоғамдық тәртіп пен отбасылық моральдың мүлтіксіз сақталуын жақтайды, Ғайсаны, билік жүргізу негіздерін қорғайды, елді бөлшектеуге де жол бергісі жоқ. Әсіресе некесіз туған балалардың правосына қатысты тұста Аурелиано таза пендешілік сезіммен либералдарды іш тартады, бірақ соншалық сынар езулеп, қолмен ұстап көруге болмайтын, тек көкейде көлеңкесі бар әлдене үшін соғыс ашудың қажеті

қанша екенін ұқпай-ақ қойды. Қайын атасының сайлау кезінде саяси айтыс-тартыста ешқандай шаруасы жоқ қалашыққа сержант бастаған винтовкамен қаруланған алты солдат алдырып, сонша қызыл танау болғаны оған басы артық шаруа болып көрінді. Солдаттар келіп қана қойған жоқ, үйді-үйді аралап жүріп аңшы мылтықтан бастап, балта-пышаққа дейін түк қалдырмай сыпырып алды, содан кейін жасы жиырма бірден асқан еркектерге консерваторлардың кандидаттарының аты жазылған көгілдір парақтар, либералдардың кандидаттарының аттары бар қызғалт парақтар таратып берді. Сайлау қарсыңындағы сенбі күні дон Аполинар Москоте түн ортасынан бастап қырық сегіз сағат бойы ішімдік сатуға, егер бір отбасының мүшелері болмаса, үш адамнан артық топ құрап жиналуға тыйым салатын декретті өз аузымен оқып берді. Сайлау тыныш өтті. Жексенбі күні таңертеңгі сағат сегізде алаңға ағаш урна қойылып, оны алты солдат күзетіп тұрды. Дауыс беру мүлде еркін өтті, бұған ұзақ күн бойы қайын атасының қасында тұрып, біреу-міреудің екі қайтара дауыс беріп қоймауын қадағалап тұрған Аурелианоның титтей күмәні болған жоқ. Тура сағат төртте дауыс берудің аяқталғанын әйгілеп барабан қағылды, дон Аполинар Москоте өз қолы бар мөрімен урнаны жауып, таңбалап тастады. Кешке ол Аурелианомен домино ойнап отырып, сержантқа урнаны ашып, дауыстарды санап шығуға бұйырды. Қызыл қағаздардың саны көк қағаздармен бірдей екен, алайда сержант он шақты ғана қызыл қағаз қалдырып, қалғандарын көгімен алмастырды. Содан кейін урнаны қайтадан жауып, мөрлеп, ертеңінде таң атар-атпаста провинцияның бас қаласына жөнелтіп жіберді.

"Либералдар енді соғыс бастайды-ау", – деді Аурелиано. Дон Аполинар алдындағы тастарына қараған қалпы басын да көтерген жоқ. "Сеніңше, бюллетеньдерді ауыстырып салғанымыз үшін деп ойлайсың ба, қателесесің, – деді. – Урнада біраз қызғалт қағаздар қалғанын көрдің ғой, ендеше олар ертеңгі күні шу шығара алмайды". Аурелиано оппозициядағылардың жағдайының мәз емес екенін аңдады. "Егер мен либерал болсам, – деді сөз арасында, – осы қағаздар үшін-ақ соғыс ашар едім". Қайын атасы көзілдірігінің үстінен сүзіле қарады.

– Әй, Аурелито-ай, – деп басын шайқады. – Сен либерал болсаң, онда қағаздардың ауыстырылғанын көрмес едің ғой. Мың жерден күйеу балам болсаң да көре алмас едің.

Қалада шу шығартқан сайлаудың қорытындысы емес, солдаттардың өздері сыпырып алған мылтық, пышақ атаулыны қайырып бермей қоюы еді. Әйелдер жағы қайын атаңа айтып, тым құрыса, ана бір-бір қырғышымызды қайтартып берсеңші деп, Аурелианоға қолқа салды. Дон Аполинар Москоте солдаттардың сыпырып алған қару-жарақтарын либералдардың соғысқа әзірленіп жатқандығының көз көрер куәсі ретінде өздерімен ала кеткенін құпиялап құлағына айтты. Оның сөзінен Аурелиано қатты тіксініп қалған. Бүл жайында ол жұмған аузын ашпаған, алайда бірде Геринельдо Маркес пен Магнифико Висбаль дос-жарандардың ортасында ас пышақтардың хикаясын қозғап отырып, одан сен кімсің либералсың ба, әлде консерваторсың ба деп сұрағанда, Аурелиано ойланбастан, табан астында жауап қатты.

– Міндетті түрде солардың бірі болу шарт екен. Онда менің либерал болғаным мың есе артық. Байқасам, консерваторларың алаяқ көрінеді.

Ертеңінде ол достарының қолқалауымен бауырым ауырадыны көз қылып, Алирио Ногере деген дәрігерге кіріп шыққан. Ал бұл өтіріктің неге, кімге қажет болғаны Аурелианоға беймәлім. Қолында қоржын толы дәрі-дәрмегі мен аузында жүрттың көкейіне онша қоныңқырамаған "удың басын у алар" деген дәрігерлік қағидасы бар дәрігер Алирио Ногера осыдан біраз жыл бүрын ғана Макондоға келген-ді. Шынтуайтқа келгенде Ногераның дәрігерге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын. Ол бағы жанбаған бейкүнә дәрігер атын жамылған бүлікшіл болатын. Оның үзын қоныш байпағы бес жыл айдауда жүргенде қызыл асығына кісен салған тартықтарды жасырып тұратын. Федералистердің алғашқы бүлігі кезінде тұтқындалған ол өмірдегі ең жек көретін киімі – дін басының жамылғысына оранып, әрең дегенде Кюрасаоға қашып құтылған еді. Ол – шалғайда шарасыз шырмалып, ұзақ жүріп қалған, ақырында Кариб теңізіндегі барлық аралдардан Кюрасаоға ағылып келіп жататын саяси қоныс аударушылар жеткізген қуанышты хабарларға желігіп, алыпсатарлардың кемесіне отырды да, ішіне таза қант толтырылған толып жатқан құты салған қоржынын арқалап, қалтасына өз қолымен жасап алған Лейпциг университетінің дипломын салып, Риоачадан келіп бір-ақ шықты. Риоачада өректіген көңілі ортайып, көзіне жас алған. Қоныстанушы-

лар кезінде жарылғалы түрған оқ-дәрі қоймасындай деп көпірткен федералистердің сайлау алдындағы күңгірт үмітінің аяғы аспаннан келді. Сәтсіздіктен еңсесі езіліп, бұдан былай тықырсыз, тыныш қартаяр тұрақ табуды көксеген жалған дәрігер Макондоға келіп жасырынған. Ол бірнеше жылдан бері қала алаңының қасындағы үйдің іші бос құтыларға толы аядай бір бөлмесінде, ем біткеннен күдер үзіп, ендігі жерде дәру табамыз ба деп, қанттан жасалған, бұршақтың үлкендігіндей шарларды ермек еткен үмітсіз науқастардың есебінен күнелтіп жатқан. Аполинар Москотенің билігі жүрмей тұрғанда, дәрігердің үгітшілік қабілетіне қолдау табылмаған. Ол уақытының бәрін өткен күндерді еске алумен, демікпеге қарсы ем іздеумен өткізіп жатты. Тек жақындап қалған сайлау оның алдынан үміт отын жағып, тіреуді құлататын түтқаны қайтадан қолына ұстатқандай болды. Ол саясаттан сауаты аз қала жастарымен қатынас жасап, жанын салып жасырын жану, айдап салу науқанын жүргізді. Дон Аполинар Москоте жастыққа тән жеңілтектіктің жемісі деп бағалаған урнаның ішінде қаптап кеткен қызғылт қағаздар Ногера жоспарының бір жағы еді, сайлаудың тек көз бояу екеніне көздерін жеткізу үшін де ол шәкірттерін жаппай дауыс беруге жұмсаған. "Көріңдер, мәселені күш қана шешеді", – деген оларға. Аурелианоның достарының көпшілігі консерваторлық құрылысты құрту мүддесіне құнығып қалған-ды, алайда бір жағынан Аурелианоның корреxидормен туыстығынан секем алып, әсіресе оның бұйығы, бұқпантай мінезінен қауіптеніп, оны өз жоспарларына қанықтырудан қашқақтаған. Әрі Аурелианоның қайын атасының ақылымен көгілдір қағаз тастағаны да баршаға мәлім. Сөйтіп, оның кімге көңіл бұратынын кездейсоқ оқиға ашқан, үшқалақтық жасап, ойдан шығарған өтірік аурудан емделуді желеу етіп, дәрігерге баруды қызық көрген. Ол шошқа қорадай лас, өрмекшінің өрмектері салбыраған, әлдебір дәрінің мұрын жаратын иісі аңқыған бөлмеде құр сүлдері қалған кесірткедей имиген арса-арса, дем алған сайын көкірегі сыр-сыр еткен біреуді көрді. Дәрігер қай жерің ауырады деп сұрамастан, Аурелианоны терезенің қасына

жетелеп әкелді де, астыңғы кірпігін айналдырып қарады. Жолдастарының берген кеңесі бойынша Аурелиано: "Бұл жерім ауырмайды", – деді. Содан кейін бармағының басымен бауырының тұсын басып: "Мына жерімнің ауырып жүргені, түн баласында ұйқтатпайды", – деп қосып қойды. Сол-ақ екен, дәрігер Ногера күн түсіп болмады ғой деген желеумен терезені жауып, неліктен әр патриоттың борышы консерватордың көзін құртуда екенін қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Бірнеше күн бойы Аурелиано қалтасынан кішкене құтыны тастаған жоқ. Анда-санда сонысын суырып алып, бұршақтай-бұршақтай үш түйірін алақанына қағып түсіреді де аузына бірден көміп жіберіп, асықпай тіліне салып сора бастайды. Оның "неден ауырсаң, сонымен емдел" дейтін дәрігер сандырағына сенетінін дон Аполинар Москоте келемеждеп жүрді, есесіне оны ұйымдасушылар тобы өз адамы деп таныды. Осы топқа Макондоның байырғы тұрғындарының бәрінің дерлік ұлдары кірген-ді, алайда солардың бірде-бірі алдағы уақытты өздерінің не істеуге тиіс екенін анық-қанық біле бермейтін. Алайда дәрігер Аурелианоға алдағы атқарылар шаруаны айғақ еткенде, ол топтан бірден шығып кетті. Рас, Аурелиано консерваторлардың билігін құрту қажеттігіне күмән келтірмеген, сөйтсе де дәрігердің пиғылын білгенде, оның төбе-құйқасы шымырлап кетті. Алирио Ногера жеке-жеке ойран салуды пір тұтатын кісі еді. Оның жоспарына сайсақ, алдын-ала келісіп алып, бір ғана дәл соққымен жер бетінен консерваторизмнің ұрығын қалдырмай өшіріп жіберу үшін барлық үкімет әкімдерін семьясымен, әсіресе еркек кіндікті ұрпақтарымен бірге бір мезгілде бауыздап тастау керек. Әрине, бұл тізімнен дон Аполинар Москоте де, оның бәйбішесі де, алты қызы да тыс қалған жоқ.

– Мен сізді либерал екен деп жүрсем, – Аурелиано сыр алдырмас сабырлы қалпында айтты. – Барып тұрған қасапшы екенсіз.

– Олай болса,– дәрігер дәл сондай байсалды кейіпте жауап қатты. – Құтыны қайтарыңыз. Оның саған қажеті бола қоймас.

Дәрігердің өзін жалпы батыл қарекет жасауға жарамсыз, жасық, не нәрсенің де сәтін таппас салбөксе, боркемік, қазірдің өзінде жалғыздыққа бейім жігіт деп жария еткенін Аурелиано тек жарты жылдан кейін барып білген. Қалайда

өздерінің қастандық тобын әшкерелеп жүре ме деген қауіппен жолдастары Аурелианоны қорқытып қоймақ та болған. Алайда Аурелиано қыңған жоқ, иә ол ешкімге тіс жармайды, бірақ бұлар Москотенің семьясын өлтіруге келген күні ол ешкімді табалдырықтан аттатпайтынын, сол үйді қорғайтынын айтқан. Оның беталысынан кәдімгідей ығып қалған қастандық құрушылар жоспарларын жүзеге асыруды белгісіз мерзімге кейінге қалдырған.Урсуланың Пьетро Креспи мен Амарантаның тойы жайлы ақылдасуға келіп, оған той жайын ойлайтын уақыт бұл емес деп жауап қататын кезі де осы түс. Содан бір апта бойы Аурелиано да қалтасынан ескілеу тапаншасын тастамай достарынан көз жазбай қадағалап жүрді. Түскі тамағын ішкеннен кейін ептеп-ептеп түрмысын түзей бастаған Хосе Аркадио мен Ребеканың үйіне келіп кофе ішеді, кешкі алтыдан кейін қайын атасымен домино ойнайды. Күнде таңертең ас үстінде соқталдай жігіт боп қалған Аркадиомен әңгімелеседі, сөз аңысын аңдаса, бұл да күн өткен сайын соғыстың болмай қоймайтынына көз жеткізіп, тіпті, масаттанатын сияқты. Былдырлап енді-енді сөйлей бастаған балалармен қатар оқып жатқан жасы өзінен де үлкен алпамсадай-алпамсадай азаматтарға сабақ беріп жүрген Аркадиоға да мектепте либерализм дертінің мықтап жұққаны анық. Оның қашанда падре Никанордың көзін құрту керек, шіркеуді мектепке беру қажет, махаббат бостандығын жариялаған жөн, – деп гөйітіп отырғаны. Аурелиано оның аптығын басуға бірді-екілі әрекет жасап та бақты. Аяғыңды аңдап бас, оң-солыңды бағдарла деп ағалық ақылын да талай айтқан. Алайда Аурелианоның байсалды кеңесі мен парасатты пайымдарына құлақ асқан Аркадио жоқ, қайта айылын жимай, көптің көзінше оны қорқақсың деп қорлаған. Аурелиано әліптің ақырын бақты. Желтоқсан айы жаңа туған кез, шеберханаға қатты алаң болған Урсула асыға кірді.

– Соғыс басталды.

Шынтуайтқа келгенде соғыстың жүріп жатқанына үш ай болған. Бүкіл елде соғыс жағдайы енгізілгелі қашан. Макондода бұл хабарды сол заматта естіген жалғыз адам – дон Аполинар Москоте ғана, алайда оның өзі де қалаға түтқиылдан кіруге бұйрық берілген әскери отряд келіп жеткенше бұл жаңалықты жанындағы жарына айтуға батпаған. Қашыр

сүйреткен екі жеңіл зеңбірегі бар солдаттар қалаға таң қараңғысында тықыр шығармай кірген, келе мектепті казармаға айналдырған. Тағы да үйден үй қалдырмай бұрынғыдан бетер қатал тінту жүргізген, тіпті, бұл жолы балта, пышақты былай қойғанда, жер өңдейтін құрал-сайманнан түк қалдырмай тартып алған. Дәрігер Ногераны үйінен сүйреп шығарып, қала алаңындағы ағашқа байлап, тергеу-тексерусіз атып тастады. Падре Никанор көкке көтерілетін ғажабын көрсетіп, әскерлерге ықпал жасамақ болып еді, солдаттардың бірі мылтықтың дүмімен басына бір салып, оның да аузын жапты. Либералдардың өрекпуі су сепкендей басылып, зәре-құты қашты. Іштен тынып, жүзі солғын тартқан Аурелиано ғана қайын атасымен домино ойнауын қойған жоқ. Ол қаланың азаматтық, әрі әскери әміршісі деген атақ берілгеніне қарамастан дон Аполинар Москотенің билігі баяғыдай бекершілік екенін ұқты. Барлық билік гарнизонды басқаратын капитанның қолында, ол қоғамдық тәртіпті қорғаушылардың қажеті үшін деп, күнде таңертең төтенше алым-салықтың жаңа түрін шығарады да тұрады. Бірде оның төрт солдаты құтырған ит қапқан әйелді ағайын-туғандарынан тартып алып, тура көшенің ортасында мылтықтың дүмімен ұрғылап өлтірді. Қаланы әскерлер басып алғаннан кейін тура екі апта өткенде, Аурелиано Геринельдо Маркестің үйіне келді, бір шыны кофе сұрап ішті, тамақты аз ішетін әдетімен онысын қантсыз-түксіз ұрттай салды. Екеуі ас үйде жүзбе-жүз қалғанда, бұрын мұндай әдеті жоқ Аурелиано өзге мінез танытып, әмірлі үнмен бұйыра сөйледі. “Жігіттерді сайла, – деді ол, – соғысқа барамыз”. Геринельдо Маркес оның айтқанына сенбей, аңырып қалды.

– Қаруды қайтемз? – деп сұрады.

– Аналардікін аламыз, – деді.

Сейсенбінің түнінде көзсіз батыл шабуыл жүзеге асырылды. Аурелиано Буэндиа бастаған пышақпен, қайралған темірмен ғана қаруланған жасы әлі отызға жетпеген жиырма бір жігіт алаңсыз жатқан гарнизонға атой салып, винтовкаларын тартып алды да, капитанды және әйелді өлтірген төрт солдатты алаңға алып шығып, табан астында атып тастады.

Алаңдағы атыс тоқталмай жатып, нақ сол түнде Аркадио Макондоның азаматтық әрі әскери әміршісі болып та-

ғайындалды. Көтерілісшілердің ішіндегі үйленгендері тағдырдың талқысына тастап бара жатқан әйелдерімен әрең қоштасып үлгерді. Қуғын-сүргіннен құтылған қала халқы қиқулап қошемет көрсеткен Аурелианоның отряды таң атар-атпаста соңғы хабарларға қарағанда Манаура жақта келе жатқан революцияшыл генерал Викторио Мединаның әскеріне қосылмақ оймен Макондодан аттанып кетті. Аттанарының алдында Аурелиано дон Аполинар Москотені шкафтан шығарып алды. "Қам жемеңіз, қайын ата, – деді ол. – Жаңа үкімет Сізге және сіздің үй–ішіңізге қол ұшын тигізіп, қандай да қиянат жасамайтынына уәде береді". Дон Аполинар Москоте ұзын қоныш етік киіп, винтовка асынған көтерілісшінің өзімен күнде кешкі сағат тоғызға дейін домино ойнайтын күйеу баласы екенін әрең айырды.

– Аурелито, мұның есуастық қой, – деп күрсінді.

– Жоқ, бұл есуастық емес, – деп жауап қатты Аурелиано. – Бұл – соғыс. Бұдан былай мені Аурелито деп атамаңыз, мен бүгіннен бастап полковник Аурелиано Буэндиамын.

Полковник Аурелиано Буэндиа отыз екі қарулы көтеріліс жасады, соның отыз екісінде бірдей жеңіліс тапты. Ол он жеті әйелден он жеті ұл сүйді, ұлдарының бәрі бір-ақ түнде бірінен кейін бірі өлтірілді, ол кезде үлкенінің өзі отыз беске толып үлгерген жоқ-ты. Ал өз басы өміріне жасалған он төрт қастандықтан, тасадан құртпақ болған жетпіс үш тосқауылдан, бір рет атылып кетуден аман қалды, кофенің ішіне салып берілген үлкен жылқының өзін сеспей қатыратын удан да тірі қалды. Ол республика президенті ұсынған Құрмет орденінен бас тартты. Ол елдің бір шетінен екінші шетіне дейін созылып жатқан аралықта сот және әскери билікті өз қолында ұстаған революциялық күштердің бас командашысы болды, ол үкімет өле қорқатын адамдардың бірі еді, сөйте тұра өзін суретке түсіруге бірде-бір рет рұқсат берген жоқ. Ол соғыстан кейін ғұмыр бойына берілген пенсиядан да бас тартты, әбден қаусап қартайғанша Макондодағы шеберханасында өз қолымен жасайтын алтын балықтардан түсетін табысын талшық етіп өмір сүрді. Ол әрдайым солдаттарының алдында жүріп соғысса да тәніне түскен жалғыз жарақатты, тура жиырма жылға жуыққа созылған

азамат соғысын ақырына жеткізген Неерландтағы жеңілісті мойындау сәтінен кейін, өз қолымен салған еді. Сонда ол өзін өзі тапаншамен өкпе түстан атып салған-ды, алайда арқасынан шыққан оқ тіршілікке қатерлі тұстарға тимей өткен болатын. Міне, осының бәрінен қалған жалғыз белгі – Макондодағы оның есімімен аталған кішкене көше.

Қартайған шағында, өлерінен аз-ақ бұрын өз аузымен айтуынша, генерал Викторио Мединаның әскерлеріне қосылу үшін жиырма бір адамды бастап Макондодан аттанғанда, алдағы уақытта осындай ирелең-ирімі көп өмірді бастан кешем-ау деген ой оның қаперіне кірмеген. Жалғыз-ақ кетіп бара жатып Аркадиоға:

– Қаланы саған қалдырып барамыз. Бүлінбеген қалпында қалдырдық. Байқа, байыппен ұста, қайтып келгенімізше дәулетін-сәулетін асыр, – деген.

Аркадио болса, оның бұл ақылын өзінше ұққан. Мелькиадестің кітаптарының біріндегі қызылды-жасылды суретті көріп, көзіне құрт түскен ол оқалы-өрнекті маршал мундирін тіктіріп киіп, әлгі атылған капитанның алтын балдақты қылышын беліне байлап, шәниіп шыға келген. Содан кейін қалаға кіре берісте екі зеңбіректі бірдей орнаттырып, сырттан қараған адамға қаланы алынбас қамал етіп көрсетіп, ықтырып қою үшін өзінің өзеуреген шақыруларына өрекпіп шыға келген шәкірттерін әскерше киіндірді де, қолдарына қару ұстатып, сап түзетіп, қала көшелерінде ойнатып қойды. Оның бұл қылығының бір ұшы май, бір ұшы қан болып шықты, шынында, үкімет бір жылға жуық Макондо қамалына шабуыл жасауға бұйрық беруге батпай жүрді; ал ақыры оны алуға бекінген сәтте, қалаға көп күш төккені сонша айқас жарты-ақ сағатта тынды. Билік жүргізген сәтінен бастап, Аркадио жарлық жасауға құмарлық байқатты. Тіпті, кейде ойына келгенді істеп, күніне төрт жарлыққа дейін жариялап жүрді. Ол он сегізден былайғыларға әскери міндеттілік енгізді, кешкі алтыдан былай көшеде қалған мал ортақ мал болып табылады деп жариялады, жасы ұлғайған еркектерге жеңіне қызыл белгі тағып жүруді міндеттеді. Былай-былай аттап бассаң атыласың, деп, падре Никанорды үйінде қамап ұстады, шіркеу қоңырауын қағып, құлшылық қылуға либералдардың жеңісі тойланған кездерде ғана рұқсат берді. Ол ешкімнің де еркінсуін көтере

алмайтынын көрсетіп, ықтырып қою үшін бір бөлімше солдатқа әдейі қала алаңында қарауыл қарақшы атып жаттығуға бұйрық берді. Мұның бәріне алғашқыда ешкім пәлендей мән бермеген. Сайып келгенде мына солдат дегендерің ересек болуға асыққан күні кешегі есірік балалар, оқушылар емес пе? Аркадио бір күні түнде Катаринонның мекенжайына кіргенде, оркестрдің трубада ойнаушысы кекірейген жас бастықты келемеждеп дабыл ойнап, жиналған жұртты ду күлдірген. Аркадио өкіметке ілтипат көрсетпегені үшін трубада ойнаушыны атып тастауға бұйырды. Қарсылық білдіруге батылы барғандардың бәрін бұғаулап, мектептің бір бөлмесіне қаматтырып тастап, қара су мен қара наннан басқа нәр татырмай қатырды. Оның бірінен-бірі өтетін сорақылығын естіген сайын Урсула зар илейді, "Қанішер неме. Бұл қылығынды тек Аурелиано естісін, сені атып тастаса игі еді, елдің алдымен сонда мен қуанамын".

Ол бұған да қыңған жоқ. Аркадио қажетсіз қатыгездігінің қыл бұрауын бұрынғыдан бетер бұрай берді, бұрай берді, ақыры, ол Макондо бұрын-соңды көрген билеушілердің ең бір сойқанына айналды. "Енді өздері де байқаған шығар оң мен солын", – деген бірде Аполинар Москоте. – Либералдар уағда еткен ұжмақтың қандай екенін көрсін бәлем". Бұл сөздер Аркадиоға жеткен. Ол қарауындағы солдаттарды қасына ертіп, дон Аполинар Москотенің үйіне атойлап кіріп, мебель атаулыны шағып тастаған, содан кейін оның қыздарын шыңғыртып сабап, бұрынғы коррехидордың өзін көшемен сүйретіп казармаға әкелген. Мұны естіген Урсула ұят пен ызадан ышқына айғайлап, қолына ұстаған қара маймен сыланған қамшыны сермеп, қаланың бір шетінен екінші шетіне дейін өкпесі ұшып жүгірген; ол өліп-талып казарманың ауласына кіргенде, дон Аполинар Москотені атуға оқталған бөлімше сап түзеп, Аркадионың өзі "атыңдар" деп әмір бергелі тұр екен.

– Тоқтат, жексұрын неме! – деп жан ұшыра айғайлады Урсула.

Абдырап қалған Аркадио өзіне-өзі келгенше қолындағы өгіз таспадан өрілген жуан дыраумен қайқайта салып жіберді. "Тоқтат жаныңның барында, жан алғыш ит, – деп айғайлады. – Мені де өлтір, салдақыдан туған сапалақ неме. Сендей кәззәпті өсіріп-өндіргенім үшін ұяттан өлмейтін болай-

ын, тым құрыса". Ол ауланың бір бұрышына тығылып ұлуша жиырылып жан сауғалағанша Аркадионың басың-көзің бар демей аяусыз төпелей берді. Бұған дейін шұрқ-шұрқ оқ тескен қарақшы ілінген діңгекке байланған дон Аполинар Москоте есінен танып қалыпты. Урсула қалған ашуын бізден алар ма деп қауіптенген бөлімшедегі басқа сабаздар тымтырағай тарап кеткен. Бірақ оларға Урсула көз қырын да салған жоқ. Жанына батқан соққы мен ызадан ыңыранған Аркадионы жайына қалдырды да, дон Аполинар Москотені босатып, үйіне алып кетті. Казармадан кетпес бұрын бұғауда отырғандардың бәрін босатып жіберді.

Сол күннен бастап қала билігі Урсуланың қолына көшкен. Ол жексенбілік намазды қайтадан қалпына келтірді, жеңге байлайтын қызыл шүберектерді құртқызып, Аркадионың айбарлы жарлықтарының заңсыздығын жариялады. Батырға тән батыл қарекет жасаса да Урсула іштей тағдырына налыды. Өзін жапан түзде жалғыз қалған жандай сезініп, талшын түбінде, тасада қалған шалына келіп мұңын шағатынды шығарды. Маусымның толассыз жаңбыры ағызып кете жаздап тұрған пальма жапырақтарымен жабылған қалқайманың астындағы күйеуінің қасына отырып: "Көрейік дегеніміз осы ма еді? Үй қаңырап бос қалды, ұлдар кетті бет-бетімен, екеуден екеу қалдық қой, жазған", – деп налиды. Ақыл–есінен әбден адасқан Хосе Аркадио Буэндианың оның шаққан мұңында қандай шаруасы болсын. Қайта алғаш көтеріліп ауырған сәтінде үй-ішіндегілерге өзінің оны-мұны қажеттіктері туралы баяғыдағыдай әмірлі үнімен латын тілін бұрай сөйлеп жеткізуге жарап жүрген. Ал ақылы кіре қалған қысқа сәттерде ас әкеліп жүрген Амарантаға ауру-сырқауларын айтып шағынатын, арқасына қыңқ етпей ыстық салғызып, қыша басқызатын. Ал Урсула талшын түбіне уайымын айта келгенде, ол төңіректегі тірліктен мүлде уысын жазып қалған еді. Орындығында қашанда мелшиіп отырғаны, ал Урсула оның қол-аяғын кезекпен жуып жатып, оған үй-ішінің ахуалын әңгімелейді. "Аурелианоның соғысқа кеткеніне де, міне, төрт ай, содан хабар-ошар жоқ, – дейді Урсула сабынды шүберекпен отағасының арқасынан ысып жатып, – айтпақшы, Хосе Аркадио келген, бойы сенен де биік, тәнінде қым-қиғаш жазудан сау жер жоқ, бірақ қайтейін, біздің үйге ол иттен ұяттан басқа келіп-

кетер ештеңе болмады ғой". Бір байқағанда жаманат хабар жұбайының жанына бататындай көрінген. Содан кейін-ақ Урсула алдаусыратуға көшкен. "Мен де кейде аузыма келгенді оттай салам, сен оған сене берме, – дейді қарттың қалдықтарының үстіне күл сеуіп, күрекпен қырып алып жатып. Құдайдың қалауы шығар, Хосе Аркадио мен Ребека қосылған, шүкіршілік, тату-тәтті тұрып жатыр". Келе-келе алдап айтқандары аузынан шығып кеткен соң, тіпті, өз құлағына ақиқаттай естіліп, жанына жағатынды шығарды. "Аркадио болса, байыпты, батыл жігіт болып өсті, – дейді тағы бір әңгімесінде. – Мундирін киіп, қылышын асынып шыға келгенде тура сурет дерсің". Хосе Аркадио Буэндиа бұл кезде қуаныш, қайғы дегеннің бәрін білмейтін халге жеткен еді. Сонда да Урсула шалымен шүйіркелесуін қойған жоқ. Оның момақан, мүләйім, дүниенің бәрін мансұқ еткен кейпін көріп, байлаған жібін шешіп жіберген. Аяқ-қолы босағанмен, ол отырған орындығынан қозғалған жоқ. Жіп шешілсе де, көзге көрінер шырмаудан да шымыр бір құдіретті күш талшынның діңіне шегелеп тастағандай, жауын мен жел өтінде тапжылмай отыра берді. Тамыз айында, жұрт қажып, қыс бітпейтіндей көрінген шақта Урсула шалына тағы бір жаңалықтың шет жағасын шығарған. Бұған өзі де іштей сенген еді.

– Бізге де бақыт қонайын деген сияқты, – деді ол. – Амаранта мен әлгі пианоланы жөндеген итальян жігіті бар ғой, сол екеуі таяуда үйленбек.

Шынында да, Амаранта мен Пьетро Креспи арасындағы достық қарым-қатынас бұрынғыдан да жақын тартқан еді, бұған Урсуланың сенім көрсетіп, итальян жігітінің басқан ізін аңдуын қойғаны да себеп болған бір жағынан. Жігіттің бұл жолғы күйеушілеуі ымырттағы күңгірт түске боялған. Пьетро Креспи өңіріне гүл тағып күнде кешкісін келетін, келген сайын Амарантаға Петрарканың сонеттерін аударып оқиды. Олар қас қарайғанша раушан гүлі мен киік отының хош иісіне толы дәлізде отырады, шыбын-шіркей шығып зықыны алғанда ғана қонақ бөлмеге көшеді, жігіт тағы да сонеттер оқиды, қыз керме тартып, шілтер тоқиды, екеуінің де соғыстың салған лаңы мен ауыртпалығында шаруасы жоқ. Амарантаның сезімталдығы, оның ұстамдылығы мен жанды ұйытатын жөні бөлек нәзіктігі күйеу жігіттің

бойын өрмекшінің торындай байлап-матап тастайтын, кешкі сағат сегізде қайтуға жиналғанда ол осынау көзге көрінбейтін жіптерді әрең үзіп орнынан көтерілетін. Ол Амарантамен бірге Италиядан алынған әшекейлі ашық хаттардан әдемі альбом жасаған еді. Әдетте әрбір әшекей хатта жасыл бақтың ішіндегі екі ғашықтың суреті болады, ал шет-шетінен жебе тескен жүректің бейнесімен немесе екі үшынан екі кептер тістеген айшықты алтындаған лентамен көмкеріледі. Әшекей хаттарды ақтарып отырып Пьетро Креспи: "Мынау Флоренциядағы бақ. Мұнда болғаным бар. Қолыңды созсаң болды, сол сәтте дән іздеген құс келіп қонады" – дейтін. Кей-кейде көзіне түрлі-түсті оқушы бояумен салынған Венеция көріністері түсе қалса, бойын туған жерге деген сағыныш билейді, сол сәтте әдетте каналдардан таралып жататын шіріген балдыр мен ұлудың иісі ол үшін гүлзардың хош иісіне айналып жүре береді. Амаранта оған қосыла күрсініп, қосыла күледі, балаларша былдырлап сөйлесетін өңшең сұлу еркектер мен әйелдер өмір сүретін осынау алыс ел туралы армандайды, қазір жұртында қоқыс тырмалаған мысық қана қалған бір кездегі ұлы қалаларды көзіне елестетеді. Ақыры, Пьетро Креспи махаббатын тапты, оған арып-аршып мұхитты қиып өтіп әрең жетті, оған Ребекамен өліп-өшіп, ұрлана сүйісіп жүріп, шын сезімді бір сәткі өткінші құмарлықпен шатастырып ала жаздап, әрең жетті. Бақытқа байлық ілесе жүреді деген рас. Бұл кезде Пьетро Креспидің дүкені түтас бір көшені алып, құдды қиял қоймасына айналған еді, онда жоқ нәрсе жоқ-ты, сағат сайын қоңырау қағатын Флоренция мұнарасының дәл көшірмесі дейсіз бе, Соррентодан әкелінген күй қобдишалар, қақпағын ашсаң, бес әуезді әуен ойнайтын қытай опа салғыштар дейсіз бе, пенде баласы білетін барлық музыка аспаптары да, адам ойлап тапқан бұрандалы ойыншық атаулының бәрібәрі де осында болатын. Дүкеннің бар шаруасы музыка мектебінде сабақ беруге бейімі жоқ інісі Бруно Креспидің мойнында. Неше түрлі жарқырауық заттардың көрмесіндей болған Түріктер көшесінің келген адамға Аркадионың зорлық-зомбылығын, алыста жүріп жатқан соғыстың зары мен зардабын ұмыттыратын құтты мекенге айналуы да соның арқасы. Урсуланың әмірімен жексенбілік намаз қалпына келтірілгеннен кейін, Пьетро Креспи шіркеуге неміс фис-

гармониясын сыйға тартты, осында балалар хорын ұйымдастырып, оларға грегориандық діни өлеңдерді түгел айтқызып үйретті, ал мұның өзі падре Никанордың қарапайым қызметін көркейте түскендей болды. Амарантаның итальян жігітімен қосылып, өз бақытын табарына да шүбә келтірген жан жоқ. Екі жас та асып-таспай, арынды сезім ағысын асықтырмай, ақырын тосқан, уақыт ырғағының өзі әкеліп оларды неке қияр күнді белгілейтін кезеңге жеткізген. Олардың бұл қадамына көлденең түрып, кедергі келтіруді ойлаған пенде баласы жоқ. Көңіл түкпірінде үйлену тойын кейінге шегере-шегере Ребеканың өмірін өксіттім-ау деп өкінетін Урсула бір басына жетерлік уайымын тағы да үстеп алармын деп қауіптенген. Оған қоса соғыстың қайғы-шері, Аурелианоның жоқтығы, Аркадионың қатыгездігі, Хосе Аркадио мен Ребеканың үйден қуылуы Ремедиостың қазасына байланысты азаны да көлегейлей берген. Үйленеріне әбден көзі жеткен Пьетро Креспи өз кіндігінен көрген перзентіндей бауыр басып кеткен Аурелиано Хосені ұл орнына ұл етпек ойы барын да сездірген. Оқиғалардың даму барысы Амарантаның құтты мекеніне қонар күннің енді алыс еместігін көрсеткен еді. Бірақ бұл Ребекадай емес, толқып-тебіренгені білінбейді, бәз баяғы байсалды қалпы. Жапқыштардың бетіне қалай сарсылып отырып айшықты кестелермен небір ғажап ою—өрнектер мен тоты құстардың бейнесін салса, дәл сондай салқын сабырмен Пьетро Креспидің жүрегінің әміріне төтеп бере алмай, алдына келіп тізе бүгер сәтті тосқан. Қазан айының қара жаңбыры құйып тұрған бір күні сондай сағат та туған. Пьетро Креспи кестекұрақ толы себетін Амарантаның тізесінен алып жерге қойып, қолдарынан қапсыра қысып ұстады. "Тоса-тоса тағатым таусылды, енді төзімім жетер емес. — Жігіт жалына сыбырлады. —Осы айда той жасайық". Жігіттің сүп-суық саусақтары тәніне тигенде де қыз селт еткен жоқ. Қолдарын жігіттің уысынан шоршыған балықтай лып еткізіп суырып алды да, қайтадан шаруасына кірісті.

— Мұнша аңқау болудың қажеті не, Креспи, — деді Амаранта езу тартып. — Саған шыққанша өлгенім артық.

Содан кейін-ақ Креспи өзін-өзі билеуден қалды. Дардай басымен ұялмай солқылдап жылады, қапаланып, саусағын бұрап сындыра жаздады, алайда Амаранта айтқанынан

қайтқан жоқ. “Текке уақытыңды кетірме. – Амарантаның қайтарған жауабы. – Егер мені шын сүйетін болсаң, осы үйдің табалдырығынан екіншілей аттаушы болма”. Урсула үяттан жерге кіре жаздады. Пьетро Креспи жалынып, жалбарынып-ақ бақты. Аяғына бас ұрып, адам айтқысыз кішіреюге дейін барды. Урсуланың етегіне балаша бетін басып кеш бойы жылады, ол байғұс шерменде жігітті жұбату үшін жанын жұлып беруге бар еді. Оның жауынға қарамай, жібек шатырын төбесіне көтеріп, жеті қараңғы түнде Амарантаның терезесінде жарық бар ма деп қарайлап жүргенін көргендер бар. Пьетро Креспи бұрын-соңды дәл сол кездердегідей нәзік талғаммен киінген емес. Оның шаршапшалдыққан шахзаданың кейпіндей айрықша нұрлы дидары көз тартарлықтай еді. “Амарантаны райынан қайтарсандаршы”,– деп қиылып, қыздың дәлізге кесте тігуге жиналатын құрбыларын да ол запы қылған. Ол шаруасына қарауды да қойды. Ертеден кешке дейін дүкеннің түкпірдегі бөлмесіне тығылып алып, шатпақтап хаттар жазады, оның арасына гүл жапырақтары мен кепкен көбелектер салып, Амарантаға жолдайды, хаттары ашылмаған қалпы өзіне қайтып келіп жатты. Немесе есікті іштен іліп алып, күні бойы цитрада ойнады. Бір күні түнде ол ән салды. Бұл фәниде жоқ цитраның ғажап үні мен жер бетіндегі пенде баласының аузынан шықты деуге сену қиын ғашықтық зарға толы даусы арбаған күллі Макондо үйқысынан оянған. Пьетро Креспи сонда қаладағы бар үйдің терезелерінен жарық көрді, бір ғана терезеден – Амарантаның терезесінен жарық көрінбеді. Қарашаның екісінде өлгендерді еске алатын күні, дүкеннің есігін ашқан інісі барлық шамдардың жанып тұрғанын, барлық күй қобдилардың ашық қалпында әуен ойнап тұрғанын, барлық сағаттардың толассыз соғып тұрғанын көрді, осы беймезгіл даңғыр-дүңгір дыбыс астында түкпірдегі бөлмеге кіріп келсе, білектен төмен буынның түсынан тамырлары пышақпен шорт қиылған екі қолы таңғы шыққа жуылған жүпар шөп толы шіләпшіннің үстінде – Пьетро Креспи қисайып жатыр.

Урсула марқұмның денесі салынған табытты өз үйлеріне қойғызды. Падре Никанор өзіне қол салған адамды құдай жолымен жөнелтуге, қасиетті жерге көмуге қарсылық білдірген. Онысына Урсула көнбей, дау айтты. “Бұл адам

енді әулие, – деген ол. – Пақырдың неге бұлай істегені сізге де, маған да беймәлім. Енді қалай десеңіз де мен оны Мелькиадестің қасына қойғызам". Урсула айтқанын істеді, марқұмды сән-салтанатпен жөнелтті, оның мұнысын тайлы-тұяғы қалмай мұқым қала жұрты қоштады. Амаранта ғана жатын бөлмесінен шыққан жоқ. Ол төсегінде жатып Урсуланың өксіп жылағанын, келгендердің аяқ басқан тықыры мен күбірін, жоқтау айтқан әйелдердің зарын естіді, содан кейін құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады, мұрнына аяқ астында тапталып қалған гүлдердің иісі келді. Көп уақытқа дейін кеш сайын Амаранта сол иістен қашып құтыла алмай жүрді, тіпті, әрең дегенде онда да қайраттылығының арқасында ақылынан адаспай аман қалды. Урсула мүлде сырт айналып кетті. Тіпті, Амаранта ас үйге кіріп, қоздап жатқан ыстық шоққа қолын басып, аурудың жанына қанша батқанына қарамай, күйген етінің иісі қолқасын қауып, құлай жаздағанша ұстағанда да, Урсула аяп-мүсіркеу былай түрсын, қызына көз қырын да салмаған. Амаранта үшін бұл ар сотына қарсы айтулы ем болды. Ол бірнеше күн бойы қолын шикі жұмыртқаның сарысы толы тегешке салып жүрді, бірте-бірте күйген жері жазылып кетті. Онымен бірге оған да жұмыртқаның сарысы дәру болғандай, жан жарасы да жазылып, бітіп кетті. Тек басынан кешкен қайғылы оқиғаның куәсіндей қолында қара жібек орау қалады. Бұл орауын Амаранта күйген қолынан өле-өлгенше шешкен емес.

Аяқ астынан Аркадио абзал мінез танытты, ол Пьетро Креспидің қазасын ресми түрде аза тұту жөнінде декрет жариялады. "Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң" деп ойлаған Урсула. Алайда ол қателескен еді. Аркадио енді ол үшін жоғалған жан еді. Урсула біле білсе одан анау үстіне әскер киімін кигенде емес, алғаш асырап алғанда-ақ айрылған еді. Урсуланың ойынша, оны өз жатырынан шыққан балаларынан кем көрген емес, Ребека сияқты оны да бетінен қақпай, еш нәрседен тарықтырмай, зарықтырмай өсірген. Дегенмен Аркадио тұйық, тұрлаусыз бала болып өсті, өйткені оның өндір шағы ұйқысыздық дерті жайлаған уақытпен, Урсула құлшына құрылыс салдырған, Хосе Аркадио Буэндиа ақылынан алжасқан, Аурелианоның бәрінен безініп, өзімен өзі болып кеткен,

Амаранта мен Ребека бірімен бірі өлердей өштескен мезгілмен түспа-түс келген. Рас, оны оқу-жазуға үйреткен де Аурелиано, амал не, ол кезде жігіттің ойы басқада жүрген де, мұнысы балаға бөтен адамның жасаған жақсылығындай ғана болған. Рас, ол балаға өз киімдерін де сыйлаған, оны Виситасьон бойына шақтап тігіп берген, алайда өзіне жарамай қалған жаманын сыйлағаннан не қайыр. Өкшесін қажап зықысын кетірген үлкен аяқ киімінен, шалбарындағы қабат-қабат жамаудан қапаланып, әрі әйелдердікіндей жалпақ, болбыр бөксесінен ұялып, Аркадио бетін басатын. Ол Виситасьон мен оның ағасы Катауремен ғана солардың тілінде сөйлесетін. Оған шын пейілімен көңіл бөлген жалғыз адам Мелькиадес қана, ол балаға өзінің түсініксіз жазбаларын оқып беретін, әрі оны дагерротипия өнеріне де баулыған. Аркадио шалдың өлімін тірі пендеге сездірмей күнірене қайғырып, оның жазбаларын тауалы шағылғанша оқып, қартты қайта тірілтіп алуға аласұра амалдап көрген еді. Барлығы бірдей алдында күрмет көрсетіп, құрақ ұшып тұратындай күйге жетіп, мектепте мұғалім болуы, үстіне оқалы мундир киіп, қатал-қатал жарлықтар жариялауға құқын жеткізген биліктің қолына тиюі Аркадионың еңсесін көтертпей келген көңіліндегі қыжылдан айықтырған еді. Бірде Катаринонын мекенжайында әлдекімнің батылы барып: "Сен әулетіннің атына лайық емессің",– деп бетіне басқаны бар.

Аркадио мына әкіреңдеген немені атып тастар деп ойлаған көпшілік, олай болмады.

– Абырой болғанда, мен Буэндиа емеспін ғой, – деген ол сабырмен.

Осыдан кейін оның дүниеге келу құпиясына қанық адамдар бұл бар мән-жайдан хабардар деп топшылаған, шынтуайтқа келгенде Аркадио өзінің ата-анасының кім екенін ғұмыр бақи білген емес. Хосе Аркадио мен Аурелиано сияқты оның да өзінің туған анасы Пилар Тернераға айрықша аңсары ауған, әйел өзі дагерротипиямен шұғылданып отырған қараңғы бөлмеге кіре қалса-ақ, көзі қарауытып қаны басына тебетін. Бұл кезде бұрынғы қылықты сиқыр күлкілі Пилар Тернера жоқ, әйтсе де әлдебір күш, оның бойынан таралатын ащы түтін иісі мұны өзіне тартады да тұрады. Бірде, соғыстың аз-ақ алдында Пилар Тернера түс әулетінде кіші ұлын алып кетуге мектепке күндегіден біраз

кешігіңкіреп келген. Аркадио оның келуін кейіннен өзі ағаш бұғаулар қойғызған түскі демалыс бөлмесінде күткен еді. Баланы аулаға ойнатып қоя беріп, аспалы төсегіне қисайып жатып, тағатсыздана, бойы тоңазып тосқан, ол Пилар Тернераның тек осы бөлме арқылы ғана өтетінін жақсы білетін. Әйел кіріп келген бетте білегінен шап беріп ұстаған Аркадио оны бірден аспалы төсегіне алып ұруға әрекеттенеді. "Болмайды, ойбай, болмайды, – Пилар Тернераның шошынған жан даусы шықты. – Сенің бір қызығыңа жарасам, жолында садаға кетейін, бірақ болмайды, тәңірі куә, болмайды". Аркадио Буэндилар әулетіне біткен жойқын күшпен әйелді белінен қапсыра қысып өзіне тартты, әйел денесі бойын жанап кеткенде, көзі қарауытып жүре берді. "Неменеге періште бола қалдың – деді ол. – Сенің салдақы екенінді екінің бірі біледі". Пилар бақытсыздығына, тағдырына налыды, өзінен-өзі жиренді.

– Тұра тұр, балалар көріп қояды, – деп сыбырлады ол. – Одан да бүгін түнде есігіңді ашық қалдыр.

Түнде Аркадио аспалы төсегінде тісі-тісіне тимей сақылдап тосып жатты. Ол дамыл таппайтын шегірткенің шырылына, алдын-ала кесіп-пішіп қойғандай, оқтын-оқтын бір мезгілде дыбыс беретін оқпақтың үніне құлақ түріп, кірпік қақпай жатты, уақыт өткен сайын әйелдің өзін тотитып кеткеніне көз жеткізгендей болды. Тоса-тоса толқыған ол ызадан жарылардай күйге жеткенде, кенеттен есік ашылды. Арада біраз айлар өткен соң, атыларының алдында қабырғаның қасында тұрып, Аркадио тағы да осы сәттерді басынан кешіреді: әуелі көрші бөлмеде сипалақтап жүрген әлдекімнің абайлап басқан аяғының тықыры естілді, әлгі адам соғылып қалса керек, сарт етіп орындық құлады, содан кейін бөлменің ішінде қараңғылық қоюлана түсті, қаранда адам сұлбасы көрінді, дүрс-дүрс соққан жүректен ауа дірілдеді, алайда бұл Аркадионың көкірегінде аласұрған жүрек емес, басқа жүректің соғысы еді. Ол қолын созып, бір саусағына екі сақина салған өзге қолды кезіктірді, уақтылы созған екен, сәл болғанда қараңғылық қайта жұтып әкетіп, ауа қармап қала жаздады. Оның қолдары тарам-тарам тамырларды, оның жиілете соққанын сезді, алақанының ортасындағы өмір сызығы мен бас бармағының бүгілісіндегі өлім сызығын тап-

ты. Ол мұның күткенінен басқа әйел екенін аңдады, мұның бойынан ащы түтін иісі емес, гүлмайдың исі аңқыды, мұның төсі де ерлердікіндей етсіз еді, анарларының ұштары да, кіндік тұсы да жаңғақтай тып-тығыз, қап-қатты еді, мұның құмарлық билеп қызынғанмен, қызыққа кенеліп көрмегені де байқалады. Бұлалығы да бойында екен, есімі де естіген құлаққа ерсілеу Санта София де ла Пьедад екен. Оған бұл келгені үшін Пилар Тернера өзінің тірнектеп жиған-тергенінің тура жартысын – елу песо төлеген еді. Аркадио бұл қызды бұрын да азық-түлік дүкенінде әке-шешесіне қолғабыс жасап жүргенін талай көрсе де көзіне ілмеген, өзі де керек бола қалып іздемесең, жайшылықта көзге түсе бермейтін бұйығы жан еді. Сол түннен бастап ол жылы жерді жайлайтын мысықтай дәндеп алды да, жігіттің қолтығынан шықпайтын болды. Тіпті, ол түскі дамыл кезінде де мектептен кетпеуге айналды. Мұны ол әуелгіде жиған-тергенінің қалған жартысын беріп, Пилар Тернера аузын алып қойған әке-шешесінің рұқсатымен істеген болатын. Кейініректе үкімет әскерлері келіп, Аркадио мен Санта Софья де ла Пьедадты мектептегі бөлмелерінен айдап тастаған соң, олар махаббат шаруасымен дүкеннің түкпіріндегі шошалада, сары май салынған жәшіктер мен жүгері толы қапшықтардың арасында шұғылданып жүрді. Соңынан Аркадио әскери және азаматтық билеуші болып тағайындалған кезде олар перзент сүйіп, қызды болған еді.

Ағайын-туғаннан бұл жайында білген Хосе Аркадио мен Ребека ғана, сол кезде олармен жақын қарым-қатынас жасап тұрған жалғыз Аркадио, әрі туыстықтан емешелері үзіліп табысқан жоқ, бастарын біріктірген ортақ мүдде. Хосе Аркадио қосақтық тірлікке әбден көндіккен бұл кезде. Ребека мінезінің қаттылығы мен тән тойымсыздығы, бірбеткей менмендігі байының алды бар, арты жоқ аусарлығын ауыздықтап, еріншек, қатынқұмар немені ерінбейтін, күшті, көнбіс қара өгізге айналдырған. Олар үйлерін мұнтаздай таза, әрі жинақы ұстады. Күнде таңертең Ребека есік-терезені шалқайта ашатын, сонда бейіт жақтан соққан самал терезеден еніп, дүние мүлікте, қабырғаларда мәйіт тозаңын қалдырып, есіктен есіп шығатын. Бір кездегі топырақ жеуге құмарлығы, әке-шеше сүйегінің салдыры, бойының қызынып-суынып, қанының тасыған сәттері, Пьетро Креспидің

құр көзін, іштен мүжіліп жүрген кездері — бәрі де ұмыт болғалы қашан. Соғыс қатері қаперінде жоқ Ребека күні бойы терезе алдында отырып кесте тігеді, тек сөрелердегі қыш құмыралар дірілдей бастаған кезде ғана түрегеліп, ас қамдауға кіріседі, бір уақытта ентелеп, үсті-бастары былғаныш арсаландап тазылар жетеді, ізімен батқылы етік киіп қосауыз асынған алып жетеді, құр келмейді, кейде бұғы арқалап келеді, бірақ көбінесе үйме-жүйме қоян-үйрек әкеледі. Бірде кешқұрым үйлеріне ойламаған жерден ендіенді билік жүргізе бастаған Аркадио келе қалды. Өздері үйден қуылып кеткелі көріспеген еді, сөйтсе де анау жалпылдап, іші-бауырларына кіріп кеткені сонша, жатырқамай, асқа шақырған.

Ас ішіліп, алдыға кофе келген кезде ғана Аркадио өзінің бұйымтайын айтты. Хосе Аркадионың үстінен шағым түскен екен. Арызданушылар Хосе Аркадио өз учаскесін жыртып алғаннан кейін көршілерінің алқаптарына қол салғанына, төңіректегі құнарлы жерлерді түгел тартып алғанша, өзінің өгіз соқасымен қоршау біткенді қиратып, талай қора-жайларды тып-типыл етіп қиратып тынғанына шағынған. Ал жерлерін керексіз етіп, тонауына түспеген шаруаларға салық салып, сенбі сайын қосауызын асынып, үйірлі қабаған иттерін ертіп, соларын жинауға шығады екен. Хосе Аркадио ештеңені жасырған жоқ. Ол өзі тартып алған жерлерді кезінде Макондоның іргесі қаланған шақта Хосе Аркадио Буэндианың бөліп бергенін, сол уақыттың өзінде әкесінің есі ауысып қалып, Буэндиа әулетінің меншігіндегі жерді жұртқа таратып жібергенін айтып ақталуға тырысты. Ант-су ішіп ақталудың, тіпті, қажеті жоқ-тын, Аркадионың көкейіндегісі — әділ төрелік айту емес, мүлде басқа нәрсе еді. Ол қайта Хосе Аркадио, егер жергілікті өкімет орындарына өзі алып келген алым-салықты жинауға рұқсат берсе, онда тіркеу мекемесін құрып, Хосе Аркадиоға тартып алған жерлерін заңдастырып беруге уағда етті. Екеуі де соған тоқталды. Арада бірнеше жыл өткен соң, полковник Аурелиано Буэндиа жер иелену правосын қайта қараған кезде, ол ағасының үйі тұрған төбешіктің төңірегіндегі көз жететін жер тегіс, тіпті, зиратты қоса, соның меншігіне жазылғанын және өзі билік жүргізген он бір ай ішінде Аркадионың қойны-қонышы салықтан түскен сомамен ғана емес, Хосе Аркадионың

иелігіндегі жерге өлгендерді қоюға рұқсат бергені үшін төленген ақшаға да сықай толғанын аңдады.

Арада бірнеше ай өтті, Урсула мұның бәрінен бейхабар жүрген, айнала жұрт көре-біле тұра, онсыз да уайым-қайғысы көп адамның жан азабын ауырлатып аламыз ба деп, оған айтпай келген. Алғашында оның ойында күдік оянды. Тіпті, бірде ерінің аузына бір қасық асқабақ шырынын тамыза беріп: "Аркадио өзіне үй салып жатыр", – деп, жорта мақтаньш білдірген. Сөйтсе де: "Неге екенін қайдам, әйтеуір, мұнысы жаныма жақпай-ақ қойды", – деп те күрсінген. Кейіннен Аркадио үй салғанымен қоймай, оған Вена мебелін жаздыртып алғанын естігенде, оның қазына ақшасын шашып жүргеніне күмәні қалмаған. Жексенбілік намаздан қайтып келе жатып, ол бірде Аркадионың жаңа үйінде офицерлерімен бірге карта ойнап отырғанын көрді. Көрген бетте: "Сен неме біздің әулетке таңба салдың", – деп шыжбыж болады. Алайда анау оның сөзіне де, өзіне де назар аударған жоқ. Урсуланың оның алты айлық қызы барын, некесіз тұрып жатқан Санта София де ла Пьедадтың тағы да аяғы ауыр екенін білгені де сол жолы. Урсула болғанның бәрін бастан-аяқ тізіп, қайда жүрсе де бір жетер деген оймен полковник Аурелиано Буэндиаға жазып жібермекке бекінді, алайда бұдан кейінгі оқиғалардың өрбуі бұл пиғылын іске асырмақ түгіл, сондай ниетте болғанының өзіне өкіндіріп кетті. Бұған дейін Макондо жұрты үшін алыстағы, анық-қанығы белгісіз бір жайларды білдіретін қаңқу сөз, құрғақ әңгіме ғана болып келген соғыс кесепатты шындыққа айналды. Ақпанның ақырында қала қақпасының алдына сыпыртқы тиелген есек мінген, үсті-басын шаң-тозаң басқан кемпір келді. Оның кейуана кейпін көрген қарауылдар басқа жақтан келген алыпсатардың бірі шығар деген оймен, оны-мұны сұрап мазаламай-ақ, қалаға кіргізіп қоя берген. Кемпір тура казармаға қарай тартты. Аркадио оны өздері соңғы кезде қоймаға әрі жатын орынға айналдырған: онда-мұнда ораулы немесе шығыршыққа ілінген аспалы төсектер ыбырсып жатқан, төрт бұрышына түгел бойралар үйілген, еденде қалай болса солай винтовкалар, карабиндер, тіпті, аңшы мылтықтарына дейін шашылып жатқан баяғы класс бөлмесінде қабылдады. Кемпір кенеттен қалшиып тік тұра қалды да қолын шекесіне апарып, өзін таныстырды.

– Полковник Грегорио Стивенсон.

Ол жайсыз хабар жеткізді. Оның сөзіне қарағанда, либералдардың әр жер-әр жерде көрсеткен соңғы қарсылықтары тегіс басылған көрінеді. Ұрыс жүргізе отырып, Риоачадан шегінген полковник Аурелиано Буэндиа оны аманат арқалатып Аркадиоға жіберіпті. Ол егер либералдардың өмірін, дүние-мүлкін сақтаймыз деген шынайы кепілдік беріле қалса, онда Макондоны қарсылықсыз беру қажет екенін табыстапты. Аркадио мына түріне қарап, шынында да, кейуана екеніне күмәнсіз сенуге болатын жайсыз хабар әкелген жаушыға жек көре әрі мысқылдай қарады.

– Әрине, сіздің қолыңызда жазбаша бұйрық бар шығар, – деді ол.

– Әрине, ондай қағаз менде жоқ, – деп салмақпен жауап қатты жаушы. – Мұндай жағдайда жаныңда басыңды байлап беретін еш нәрсе болмауы керектігі ақылы дұрыс әр пендеге аян.

Ол табан астында омырауына қолын жүгіртіп жіберді де кішкене алтын балықты суырып алып, столға тастады. "Осы да жететін шығар" – деді ол. Аркадио мұның, шынында да, полковник Аурелиано Буэндианың қолымен жасалғанын мойындады. Алайда бұл да кепілдікке жарамайды, оны соғысқа дейін біреу-міреуден сатып алуы да мүмкін ғой. Айтқанына иландыра алмаған жаушы ақыры шарасы таусылған соң әскери құпияны бұзуға дейін барған. Өзінің маңызды тапсырмамен Кюрасаоға бара жатқанын, онда шама келсе Кариб теңізінің аралдарынан айдалғандарды өз жағына шығарып, қару-жарақ, оқ-дәрі тауып алып, жыл аяғына қарай жағалауға келіп түсуге әрекет жасамақ ойлары барын жасырмай жайып салды. Полковник Аурелиано Буэндианың бұл жоспардың жемісті боларына кәміл сенетінін де, қазіргі кезде басы артық құрбандыққа баруды қажетсіз деп санайтынын да шегелеп айтты. Амал не, Аркадио ілікпеді. Ол істің анық-қанығына жеткенше жаушыны жауып тастауға бұйрық берді де, Макондо қамалын қасық қандары қалғанша қорғауды ұйғарды.

Жаманат көп күттірген жоқ. Либералдардың жеңіліс тапқаны жайлы хабар күннен-күнгерастала бастады. Наурыз айының аяғында мерзімінен бұрын басталған ақ жаудын Макондо көшелерін жуып тұрған қараңғы түнде құлақ

түрумен, аландаумен өткен соңғы апталардың тылсым тыныштығын кенеттен төбе-құйқаны шымырлататын трубалар дабылы бұзды, ізінше зеңбірек гүрс ете түсті де, оның оғы шіркеу мұнарасын жұлып әкетті. Қарсылық көрсетем деу, шынында, таза ессіздік болып шықты. Аркадионың қарауында не болғаны әрқайсысының жиырма-жиырмадан патроны ғана бар қалай болса солай қаруланған елу-ақ адам еді. Рас, олардың арасында Аркадионың даурықпа шақырулары ширықтырып, осынау бәтуасыз шаруа үшін жанын беретін шәкірттері көп-ті. Зеңбірек гүрсілінен жер селкілдеп, тарс-тұрс атылған мылтық, жүгірген адамдардың тапыр-тұпыр аяқ тарсылы астында, қым-қиғаш бүйрықтар беріліп, бей-берекет дабыл қағылып жатқанда өзін полковник Стивенсон мен деп атаған адам ақыры Аркадиомен жүзбе-жүз тіл қатысуға мүмкіндік алды. "Мойнымдағы бұғаумен, үстімдегі қатын жабумен қаза болып жүрермін, құтқар мені масқарадан, – деп жалбарынды ол. – Текке арам қатқанша, айқасып өлейін". Оның сөздері Аркадионың көкейіне қонғандай болды. Ол тұтқынға қару мен жиырма патрон беруді бұйырып, оны бес адаммен казарманы күзетуге қалдырды да өзі штабын алып, қала қорғанысын басқаруға шықты. Аркадио ойға апаратын жолға шығып үлгере алмады. Макондоға кіре берістегі тосқауыл талқандалып, қаланы қорғаушылар бір үйден бір үйге жүгіріп өтіп жүріп көше ішінде соғысып жатты; алғашында оқтары таусылғанша винтовкамен атысқан олар келесіде дұшпан винтовкасына қарсы тапаншадан оқ жаудырды, ақырында, қоян-қолтық айқасып кетті. Жеңіліс қаупі туған кезде, тіпті, көптеген әйелдерге шейін қолдарына ас пышақтарын ұстап, көшеге шықты. Осы алас-күлестің арасынан Аркадио аласұрып өзін іздеп жүрген Амарантаны байқап қалды: үстінде іш көйлек, қолында Хосе Аркадио Буэндианың ескі тапаншалары, құдды есі ауысқан адам сияқты. Аркадио винтовкасын өз қаруын ұрыс үстінде жоғалтып алған офицерге ұстата салды да, Амарантаны үйге жеткізіп салмақ оймен оның қолынан ұстай алды да, тұйық көшеге қойып кетті. Көз алдында көрші үйдің қақпасын қақыратып жіберген снарядтардың ысылына қарамай Урсула есік алдында тосып тұр екен. Жауын басылса да, жер дегдімеген, тайғақ, су тиген сабындай, миы шығып, езіліп жатыр, тас

қараңғыда сипалақтап әрең жетті. Амарантаны Урсуланың қолына тапсырған бетте қайта айналып, көрші үйдің бұрышынан өзіне оқ атқан екі солдатты кезеп, тапаншасын басып-басып жіберді. Шаң басып шкафта ұзақ жатқан тапанша от алған жоқ. Урсула Аркадионы денесімен қалқалап, итеріп үйге кіргізуге тырысты.

— Жүрші енді құдай ақына, — деп даусын көтерді. — Осы қағынғаның да жетер.

Солдаттар бұларға мылтық кезеді.

— Шеше, ана адамды жіберіңіз, — деді біреуі айғайлап. — Әйтпесе, атып жіберіп жүрерміз. Бізді кінәлі санамаңыз.

Аркадио Урсуланы итеріп тастап, солдаттардың қолына берілді. Біраздан кейін атыс басылды, азан-қазан шіркеу қоңыраулары қағылды. Қарсылық бас-аяғы жарты сағаттың ішінде басып-жаншылды. Аркадионың бірде-бір адамы тірі қалған жоқ, әйтсе де олар кеуделеріндегі демі біткенше, үш жүз солдатқа қарсы арыстанша арпалысып өлді. Олардың соңғы табан тіреп қорғанған жері — казарма. Үкімет әскерлері міне-міне ақырғы шабуылға шығады-ау деген кезде өзін полковник Грегорио Стивенсонмын деп атаған адам тұтқындағылардың бәрін босатып жіберіп, өз адамдарына казармадан көшеге шығып шайқасуды бұйырды. Терезеден терезеге лезде жүгіріп жетіп оқ ататын көз ілеспес шапшаңдығы, жиырма оғының бірде-бірін мүлт жібермеген ғажайып мергендігі казарма қапысыз бекінгендей әсер туғызып, шабуылдаушылар оны зеңбірекпен атқылап тас-талқан етті. Шабуылға басшылық еткен капитан казарманың қираған орнында үстінде іш киімнен басқа лыпасы жоқ, жалғыз өліктен басқа жан табылмағанына қайран қалды, әлгінің зеңбірек оғы жұлып кеткен қолы оқшантайы бос винтовка дүміне жабысып қалыпты. Өліктің әйелдің шашындай ұзынқою шашы тарақпен желкесіне түйіліпті, мойнында кіпкішкентай алтын балық қадалған тұмар бар. Түрін көрмек үшін етігінің тұмсығымен өлікті аударып тастаған капитан таңданғаннан тілсіз қалды. “Өңім бе, түсім бе?” Жанына басқа офицерлер жиналды.

— Бұл Грегорио Стивенсон, — деді оларға капитан. — Келіп шыққан жерін көрмеймісің.

Әскери-дала сотының үкімімен таң алдында зират қабырғасының қасында Аркадио атып тасталды. Өмірінің ақтық

екі сағатында ол өзінің бала кезінен бері бойын буып жүретін қорқыныштың қайда кеткенін білмей, таң болып өтті. Ол өзіне тағылған таусылып бітпейтін айыптау тармақтарын айрықша сабырмен тыңдады, мұнысы бойына күні кеше біткен батылдықты көрсетейін деген көкірек қағудан емес, өз-өзіне солай болды. Ол Урсула туралы, ол, сірә, қазір талшын түбінде Хосе Аркадио Буэндиамен бірге кофе ішіп отырған шығар деп ойлады. Өздері әлі ат қойып үлгермеген сегіз айлық қызы туралы, шамамен саршатамызда дүниеге келмек перзенті туралы ойлады. Санта Софья де ла Пьедад туралы ойлады, кеше өзі соғысқа бара жатқанда оның сенбі күнгі түстікке арнап, бұғы етін тұздап жатқанын есіне түсірді, оның иығына төгіліп түсіп тұратын сүмбіл қара шашын, бір қарағанда қолдан жасалғандай көрінетін ұзын, қою кірпіктерін аңсады. Туыс-жақын жандар жайлы ойлағанда ол езіліп-егілген жоқ, өткен өмірін қамықпай, қатал көзбен түйіндеді, өзінің соншама жек көрген адамдарын шындығына келгенде қаншалықты емешесі үзіліп сүйетінін енді-енді аңдағандай. Әскери-дала сотының председателі өзінің ақырғы сөзіне кірісті. Аркадио болса екі сағаттың өте шыққанын аңғарар емес. "Өзіміз жоғарыда тізіп шыққан айыптаулар мұншама айғақтармен діттелмеген күннің өзінде, – председатель сөйлеп тұр, – айыпталушының өз қарауындағы адамдарды жауапсыздықпен, қылмысты қыңырлықпен өлімге айдап салуының өзі-ақ оны өлім жазасына кесуге толық негіз". Осында, қираған мектепте, алғаш рет қолына тиген билік көкірегіне ұялатқан құдіреттілік дәмін татқан, алғаш рет махаббат алдында сенімсіздік сезімін, қобалжу сәтін бастан кешкен Аркадио, әйтеуір, өлтіретін болған соң, мұнша басы артық шаруаның не қажеті барына таңырқап отыр. Шынын айтқанда, ол өмір сонша мағыналы болғанда, өлім мұнша мәнсіз болар ма, өлдің, қалдың, деп ойлады ол, сонда да қорыққан жоқ, тек өмірді аңсады. Қандай соңғы тілегі барын сұрағанға дейін ол ләм-мим деп тіл қатқан жоқ.

– Әйеліме айтыңдар, – деді нық, әрі зор дауыспен, – қызымыздың атын Урсула деп қойсын,– біраз үнсіз тұрды да, ойын нақтылай түсті. – Әжесі сияқты ол да Урсула болсын. Тағы да айтыңдар, егер іштегі перзентіміз ұл болып туса, оған Хосе Аркадио есімі берілсін, ағасының емес, атасының құрметіне солай деп аталсын.

Аркадионы қабырғаның қасына әкелер алдында падре Никанор оны күнәдан аршып дұға оқымақ болған. Оған Аркадио "кешу-шешу ет дер күнәм жоқ" деді де, бір кесе қара кофе ішіп, ал енді қолдарыңнан келгенді істеңдер дегендей солдаттардың ырқына берілді. Ату үкімін жүзеге асыруға басшылық ету Қасапшы Роке деген капитанға жүктелді, оның бұлай аталуы тегін емес еді, ол жаппай жан алудың әйгілі маманы-тын. Тынымсыз себезгілеген жаңбыр астында зиратқа беттеп келе жатқан Аркадио көкжиек ағарып, сәрсенбінің ақ таңы атып келе жатқанын көрді. Түн түнегі түріле оның бойындағы мұң да сейіліп, жанын шексіз құмарлық сезімі баурады. Оған қабырғаға арқаңды беріп тұр деген бұйрық берілді, сол сәтте ол Ребеканы көріп қалды, шашы су-су, үстіне қызғылт гүлді әлдебір матадан тігілген көйлек киген ол терезені ашып жатыр екен. Аркадио бар ерік-жігерін жұмсап, ойша шүйіліп оның назарын өзіне аударуға тырысты. Шынында да, келесі сәтте қабырға жаққа жай ғана көз тастаған Ребека мына сұмдықты көріп, қатты да қалды, содан әрең дегенде бойын билеп, қоштасып қол бұлғады. Аркадио да қол бұлғады. Нақ сол сәтте оған винтовкалардың әбден ысталып кеткен оқпандары үңірейе кезелді, кенет құлағына әр сөзі ап-айқын болып, Мелькиадестің дұғалары жетті, класс бөлмесінде адасып жүрген Санта Софья де ла Пьедадтың аяғының тықырын естіді, о ғажап, баяғыда қайтыс болған Ремедиостың жүзіне үңіліп тұрғанда оның мұрнының қап-қатты мұздай болып жатқанын көріп таңырқаған, енді өз мұрнының сұп-суық болып бара жатқанын сезді. "Қап, бәл-әй, – деп ойлап үлгерді ол. – Қыз туа қалса, атын Ремедиос деп қойындар деп айтуды ұмытыппын ғой". Сол сәтте тұла бойын қақыратып, өмір бойы әурелеген қорқыныш сезімі төбесінен құлады. Капитан атуға бұйрық берді. Аркадио қара санын қарып бара жатқан ып-ыстық сұйықтың қайдан ағын жатқанын да аңдаған жоқ, әрең басын көтеріп, кеудесін керіп үлгерді.

– Малғұндар! – деп айғай салды ол. – Либералдар партиясы жасасын!

Көкек шыға соғыс бітті. Үкімет желбуаз сөздермен желпініп соғыстың біткенін жариялап, бүлік шығаруға ілік болғандарды аяусыз жазалайтынын айтып, ресми үндеу жариялардан екі апта бұрын, үндіс-емгердің киімін киген пол-

ковник Аурелиано Буэндиа батыс шекараға енді-енді іліге бергенде, қолға түсті. Соғысқа аттанғанда онымен жиырма бір адам ере кеткен еді, соның он төрті оққа ұшты, алтауы жараланып жатты, ол күйрей жеңілген сәтте оның қасында болған жалғыз серігі – полковник Геринельдо Маркес қана. Полковник Аурелиано Буэндианың тұтқындалғаны туралы хабар Макондоға арнайы декретпен жарияланды. "Ол тірі екен, – деді күйеуіне Урсула. – Енді дұшпандары оған мейірімді болсын деп, құдайдан тілей бер". Содан кейін үш күн бойы ұлын жоқтап, жылаумен болды, төртінші күні ас үйде кілегейден дәмді тоқаш дайындап жатқанда, құлағына дәл қасында тұрғандай ұлының даусы ап-анық келіп жетті. "Жаным-ау, бұл Аурелиано ғой, – мына ғажапты дереу шалына жеткізу үшін самбырлай сөйлеп талшынға қарай тартты. – Қандай құдіреттің оны құтқарғанын қайдам, әйтеуір, оның тірі екені анық. Көп ұзамай көріп те қалармыз". Дәл солай болатынына Урсула шәк келтірген жоқ. Едендерді жуғызып, мебельді қайта жинастыртты. Бір апта өткеннен кейін декрет шықпаса да ел іші полковник Аурелиано Буэндиа өлім жазасына кесіліпті, үкім қала тұрғындарын ықтырып қою үшін Макондода орындалады екен деген қайдан шыққаны белгісіз қатерлі де қайғылы сыбысқа толып кетті. Дүйсенбі күні таңертеңгі он жарымның шамасында Амаранта Аурелиано Хосені киіндіріп жатқан, кенет құлағына алыстағы айғай-шу, труба даусы шалынды, ізінше бөлмеге "әкеле жатыр" деп екпіндей сөйлеп, ентіге басып Урсула кірді. Солдаттар иін тірескен қалың топтың ішінде мылтықтарының дүмін оңды-солды сілтеп, жол салып келеді. Сығылысқан халықтың арасынан әрең сытылып өтіп, көрші көшеге шыққан бетте-ақ оны көзі шалды. Оның түрі құдды қайыршы құсап кетіпті. Жалаң аяқ, киімі жыртық, алба-жұлба, сақал-шашы ұйпа-тұйпа. Ол табанын қарыған ақ таңдақ жолдың ыстығын сезбей ілбіп келеді, қолы арқасына қайырып байланған, арқанның бір ұшы салт атты офицердің қолында. Онымен бірге полковник Геринельдо Маркесті әкеле жатыр, мұның үсті-басында да тамтық жоқ, кір, сауыс. Бірақ түрлерінен қамыққан ньшан байқалмайды. Қайта өздерін солдаттарды инаяттап-балағаттап сыбап тұрған жиналған қалың жұрттың қарекеті толғандырып келе жатқан секілді.

– Ұлым! – Айғай-шудың арасынан Урсуланың даусы саңқ ете түсті, ол алдын кес-кестеген солдатты салып жіберді. Офицердің астындағы ат тік шапшыды. Селк ете түскен полковник Аурелиано Буэндиа қалт тұра қалды, ол өзіне созған анасының қолынан шегініп кетті де, тура қадала көз тікті.

– Үйге қайтыңыз, мама, – деді ол. – Өкімет орындарынан рұқсат сұраңыз, сосын түрмеге келерсіз.

Ол жанарын Урсуланың ар жағында не істерін білмей, жасқаншақтап тұрған Амарантаға аударып, жымия қарап: "Қолыңа не болған?" – деп сұрады. Амаранта қараға оралған қолын көтеріп: "Күйдіріп алдым", – деді. Сосын Урсуланы итермелеп, осқырынған аттардан ары қарай алып кетті. Солдаттар аспанға бір дүркін оқ атты. Атты әскер тобы тұтқындарды оқшаулап алып, казармаға қарай шоқыта жөнелді.

Кешкісін Урсула полковник Аурелиано Буэндиамен жолығуға келді. Дон Аполинар Москотенің көмегімен алдын-ала рұқсат алуға әрекеттеніп көріп еді, нәтиже шығара алмады, барлық билік әскерилердің қолына көшіп, оның сөзінде салмақ қалмаған екен. Падре Никанор болса, бауырының дерті ұстап жатқан. Тіпті, өлім жазасына кесілмеген полковник Геринальдо Маркестің ата-анасы онымен жүздесуге әрекет жасап көріп еді, солардың өзін солдаттар мылтық дүмімен жасқап, қуып тастады. Дәнекер табылмасына көзі жеткен соң және Аурелианоны, сірә, осы таңнан қалдырмай атып тастар деген ойға келген Урсула ұлына апармақ заттарын буып-түйіп алды да, казармаға жалғыз тартты. Келе әй-шәй жоқ:

– Мен полковник Аурелиано Буэндианың шешесімін, – деп жария етті.

Қарауылдар жолын кес-кестеді. "Мен бәрібір кірем, – деді Урсула. – Ал "атыңдар" деген бұйрықтарың болса, осы қазір, табан астында атып тастаңдар". Ол қарсы алдындағы қарауылды бар пәрменімен итеріп жіберіп, бұрынғы класс бөлмесіне кіріп кетті, онда жалаңаш-жалпы бір топ солдат қаруларын тазалап отыр екен. Жорық киімін киген, қалың шынылы көзілдірігі бар торсық бет ізетті офицер оның соңынан тұра ұмтылған қарауылдарға ишара жасап шығарып жіберді.

– Мен полковник Аурелиано Буэндианың шешесімін, – деді тағы да Урсула.

– Сіздің, сеньора, – деп офицер жылы шыраймен жымиып оның сөзін түзетті,– тегі сеньор Аурелиано Буэндианың анасы едім дегіңіз келіп тұр ғой.

Оның сыпайы үнінен Урсула сөздерін созып сөйлейтін тау тұрғындары – качаколықтардың мәнерін аңдады.

– Мейлі, "сеньора-ақ" болсын. – Урсула басын изеді. – Не десең о де, тек өзін бір көрейінші.

Жоғарыдан берілген бұйрық бойынша өлім жазасына кесілген адамдармен жолығуға үзілді-кесілді тыйым салынған болатын, алайда офицер өз жауапкершілігіне алып, Урсулаға он бес минут жүздесуге рұқсат берді. Урсула оған түйіншегінде әкелгендерін: бір қабат таза киімді, ұлының үйлену тойында киген бәтеңкесін, қайтып келетінін сезген күннен бастап сақтаған тәтті-дәмдісін көрсетті. Анасы полковник Аурелиано Буэндианы бұғаулар тұратын бөлмеден тапты, қос қолтығы бірдей қолдырап ісіп кеткен ол екі қолын екі жаққа жайып жіберіп шалқасынан жатыр екен. Оның қырынып алуына да рұқсат берілген-ді. Ұшын ширатып қойған қалың мұрты оның жүдеп, шықшытының шығыңқы тартқанын айқындап тұр. Урсулаға ол бұрынғыдан да жағы суалып, бойы серейіп, әрі тұйықтала түскендей көрінді. Ол үйде болып жатқан оқиғаның бәрінен хабардар екен: Пьетро Креспидің өзін-өзі өлтіргенін де, Аркадионың заңсыз қарекеттерін де, оны атып тастағанын да, талшын түбіндегі Хосе Аркадионың әуейі қылықтарын да білетін болып шықты. Амарантаның өзінің толысқан, толықсыған шағын тұтас Аурелиано Хосенің тәрбиесіне арнап отырғанын да, жеткіншектің айрықша зеректік танытып, тілі шығысыменақ оқу-жазуды үйреніп алғанына да құлақтанған екен. Бөлмеге кіргеннен-ақ Урсула өзін қолайсыз сезінген, ұлының сақайған кескін-келбеті, бойынан ескен беймәлім өктемдік, тау тұлғасынан таралып тұрған қайрат-жігері күмілжіте берді. Анасы оның болған жайдың бәріне көзбен көргендей қанықтығына қайран қалды. Ол алдымен: "Ұлыныздың көріпкелі барын білмеуші ме едіңіз?" – деп әзілдеп алды. Артынша сабырлы үнмен: "Таңертең әкеле жатқанда, соның бәрін өзім бастан кешкендей болдым", – деді.

Шынында, жиналған жұрт улап-шулап жатқанда, ол өз ойымен өзі болған, әуелі қаланың бір жыл ішінде мұнша

---

[1] Качако (исп.) – кербез, сылқым деген сөз. Колумбияда елдің ішкі аудандарының тұрғындарын солай деп атайды.

көне тартып кеткеніне таңырқаған. Бадам ағаштарының жапырақтары жұлынып бітіпті. Біресе көк түске, сосын қызғылт түске, қайтадан көк түске боялған үйлердің сұрқы да әбден кеткен екен.

— Не шара? — Урсула күрсінді. — Уақыт шіркінде тоқтау бар ма?

— Солайы солай-ау. — Аурелиано құптай сөйледі. — Әйтсе де...

Қояр сауал, қайтарар жауаптарына дейін сан рет салмақтап, екеуі де сарыла тосқан жолығуларының соңы кәдуілгі күнбе-күнгі әңгімеге ауысып кетті. Қарауыл он бес минуттың өткенін хабарлаған кезде ғана Аурелиано жөке төсеніштің астынан шиыршықталып оралған тер сіңген қағаз парақтарын алды. Бұл өзінің өлеңдері еді. Ішінде үйден аттанарында ала кеткен Ремедиосқа арнағандары, кейіннен ұрысұрыстың арасындағы әредіктерде жазғандары да бар. "Сізден бір тілегім: біреу-міреу оқып қойып жүрмесін, — деді ол.— Бүгінгі кештен қалдырмай пешке жағып жіберіңіз". Урсула мақұлдап, орнынан түрегелді, ұлын сүйіп қоштаспаққа оңтайланды.

— Саған тапанша ала келдім, — деп сыбыр етті.

Полковник Аурелиано Буэндиа таяу маңда қарауыл жоқ па дегендей жан-жағына қарады. Естілер-естілмес қана күбірлеп: "Оның маған керегі не? — деді. — Мейлі, тастап кетіңіз, әйтпесе шығарыңызда аналар көріп қалып жүрер". Урсула омырауынан тапаншаны алып ұсынды, полковник Аурелиано Буэндиа оны зып еткізіп, жөке төсенішінің астына сұғып жіберді. "Ал енді менімен қоштаспай-ақ қойыңыз, — деді мейлінше сабырлы болуға тырысып. — Ешкімге де жалынып-жалбарынбаңыз, ешкімнің аяғына бас ұрып, кішіреймеңіз. Сізден сұрайтыным: мені баяғыда-ақ атып тастаған болатын деп ойлаңыз да, күдеріңізді үзіңіз". Жылап жіберуге шақ Урсула ернін тістеледі. Сосын:

— Іскен қолтығыңа ыстық тас басқайсың, — деді де бұрылып бөлмеден шығып кетті.

Қалың ойға батқан полковник Аурелиано Буэндиа есік жабылғанша бір орнында тапжылмай тұрып қалды. Сонда ғана барып, жан-жаққа қолдарын жайып, қайтадан жата кетті. Балиғаға жетіп, бойында көріпкелдік қасиеті барын бағамдағаннан бері бұл, әйтеуір, ажал жетсе өзінің жақындаға-

нын анық та айна-қатесіз белгі беріп сездіретінін кәміл сенуші еді, міне, мұны ататын сәтке дейін де санаулы сағаттар қалды, бірақ ондай белгі жоқ. Бірде мұның Тукуринкедегі қосынына үріп ауызға салғандай бір перизат келіп, қарауылдардан өзін половник Аурелиано Буэндиамен жүздестіруді қиылып өтінеді. Ол кезде ойына алғанды орындамай тынбайтын кейбір есірік аналардың тұқымымызды асылдандырамыз деген оймен қыздарын атақты әскербасылардың қойнына салатыны әмбеге аян, қарауылдардың қаперінде түк жоқ, қызды кіргізіп қоя береді. Сол күні кеште бөлмесіне қыз келіп кірген сәтте полковник Аурелиано Буэндиа жауынды күні жолынан жаңылған адам жайлы өлеңін аяқтағаны сол еді. Жазылған парақты бұрыннан өлеңдерін кілттеулі сақтайтын үстелдің суырмасына салуға ыңғайланып сырт айналған болатын. Сол сәтінде сезді. Суырмадағы тапаншаны қолына алды да:

– Атпаңыз, өтінем, – деді.

Келесі сәтте қаруын кезеніп, кілт бұрылғанда, өз тапаншасын төмен қаратып, қатты абыржып тұрған қызды көрді. Өзіне жасалған он бір қастандықтың төртеуінен тура осылай құтылған еді. Басқа да бір оқиғаны бастан кешті: ізінше ұстатпай, құтылып кеткен белгісіз біреу түн ішінде көтерілісшілердің Манаурадағы лагеріне ұрланып кіріп, мұның жақын досы – полковник Магнифико Висбальді қанжармен жарып кеткен-ді. Ол байғұстың безгегі ұстап, полковник Аурелиано Буэндиа оған өз төсегін берген болатын. Өзі дәл қасында аспалы төсекте жатып, естімей де, білмей де қалды. Бойына біткен осынау алдын–ала сезіну қасиетінің түп төркінін талдамақ болған талай әрекетінен еш нәтиже шыққан жоқ. Бұл сезім бойына кенеттен бітетін және аяндай ап-айқын, әрі санамен бойлап жетпейтін, көкірекке тапжылмастай ұялаған сенімдей қас қағым сәтте пайда болатын. Кейде мұндай сезім елеусіз келетін, полковник Аурелиано Буэндиа болары болғаннан кейін барып, сол жайды алдын-ала сезгенін аңдап қалады. Кей кезде ап-айқын-ақ сезінеді, бірақ күткені болмайды. Ал кей кезде өзінің сәуегейлік қасиетін кәдімгі жорамалшылдықпен де жаңылыстырып жүреді. Алайда өзін өлімге кескен үкімді оқып беріп, қандай соңғы тілегің бар деп сұрағанда сол сәуегей сезімнің қайтарар жауабын бірден аузына салғанын ұқты.

– Үкімдеріңізді Макондода орындауларыңызды өтінемін, – деді ол.

Трибунал төрағасы ашу шақырды.

– Бізді алдай алмайсың, Буэндиа, – деді ол. – Сенің бұл қылығыңның төркіні түсінікті. Уақыт ұтқың келіп отыр ғой.

– Бұлай істегілеріңіз келмесе, және өздеріңіз білесіздер, – деп полковник жауап қатты. – Сіздерге айтар ақтық тілегім осы.

Содан бері сол сәуегей сезім бойынан қашқандай. Урсула түрмеге келіп жолығып кеткен күні ол ойлана-ойлана дәл бұл жолы ажал өзінің жақындағанын, сірә, сездірмеуі де мүмкін-ау деген тұжырым жасаған, өйткені сәтін салса дейтін емес, тағдыры жендеттер қолында. Қолтығындағы жара жанына батып түні бойы көз ілген жоқ. Таңға жуық дәлізде аяқ тықыры естілді. "Келе жатыр" деді ол өзіне өзі, неге екені белгісіз, дәл осынау таң алдындағы түнерген ала қараңғы сәтте талшын түбіндегі орындығында бүк түсіп, өзі туралы ойлап жатқан Хосе Аркадио Буэндианы есіне түсірді. Полковник Аурелиано Буэндиа қамыққан да, қаймыққан да жоқ, тек өзі бастап тиянақтай алмаған істің немен тынарын білмей ерте өлетінін есіне алып ызаға булықты. Есік ашылып, бір шыны кофе алып солдат кірді. Ертеңінде, дәл сол сағатта полковник Аурелиано Буэндиа жарасы ауырып, жанын қоярға жер таппай тұрғанда, сол оқиға тағы да қайталанды. Бейсенбі күні Урсула әкелген тәтті-дәмдіні күзетшілерге таратып беріп, өзіне тарлау келген таза іш киімдерін, лактелген бәтеңкесін киді. Жұма күні де ол атылмай аман қалды.

Шынтуайтқа келгенде әскери билеушілердің үкімді орындауға батылы бармады. Бүкіл қаланы кернеген наразылық оларға үлкен ой салған, полковник Аурелиано Буэндиа атылатын болса, тек Макондода ғана емес, осы төңіректе түгел саяси ахуал асқынып кетер деп қорыққан да, аймақтың бас қаласынан ақыл сұратқан. Жауап келмей тұрып сенбіге қараған түні капитан Касапшы Роке басқа офицерлермен бірге Катаринонның мекен-жайына барған еді. Тамам әйелдің ішінен буреуі ғана, ол да мұның қоқан-лоққысынан қорыққанынан ғана, оны өз бөлмесіне апаруға әрең келісті. "Адам қанын арқалаған жанмен кімнің жатқысы

келеді, – деген әйел ағынан жарылып.–Қалай боларын қайдам, әйтеуір, бәрі де полковникАурелиано Буэндианы атқан офицер де, оның барлық солдаттары да жер түбіне барып тығылса да бәрібір күндердің күнінде бірінен кейін бірі ешқайсысы қалмай өлтіріледі десіп жүр". Капитан Қасапшы Роке естіген-білгенін басқа офицерлерге айтқан, олар оны өз бастықтарына жеткізген. Бұл туралы жан баласының аузынан бір сөз шықпаса да, Макондода орнаған тоңторыс тыныштықты әскерлер тырс еткен әрекеттерімен бұзбаса да, офицерлердің бәрі де қандай да бір сылтау тауып, үкімді орындаудан сытылып кетуге тырысып, жауапкершілікті мойнына алудан қашқақтайтыны жексенбі күні-ақ күллі қалаға аян болған. Дүйсенбі күні қағазға басылып қатталған бұйрық жеткізіледі: үкім жиырма төрт сағаттың ішінде орындалуға тиіс. Кешкілік офицерлер алқақотан жиналып, аттары жазылған алты қағазды қалпаққа тастап, жеребе тартты, тағы да тағдыр ит капитан Қасапшы Рокені қарық қылып, "ұтысты" билетті ұстатты. "Жазмыштан озмыш жоқ, – деп капитан өзегі өртене күрсінді. – Салдақыдан туған шата сорлының өстіп өксіп өтуі өмірдегі еншісі де". Таңғы бесте тағы да жеребе тастап таңдап алған бір бөлімше солдаттарды аулаға шығарып сапқа қойды да, баяғы жаттанды сөздерімен өлімге кесілген жанды оятты.

– Кеттік, Буэндиа, – деді ол. – Уақыт жетті.

– Е! Неге десем, – полковник үн қатты. – Түсімде жарам жарылып жүр еді, осыған көрінген екен ғой.

Аурелианоны ататынын білгеннен кейін Ребека күн сайын таңғы сағат үште түрып алатынды шығарды. Хосе Аркадионың қорылынан діріл қаққан кереует үстінде отырып, қою қараңғылықта тарс жабылған терезе саңылауынан зират қабырғасынан көз алмай қараумен болады. Кезінде Пьетро Креспидің хаттарын қалай іштей сарсылып күтсе, бұл жолы да бір апта бойы дәл сондай төзіммен тосты. Хосе Аркадио оған: "Бұл арада атпайды деймін. Кімнің атқанын ешкімге білдірмес үшін түн ішінде казарманың өзінде жайғайды да, сонда көміп тастайды", – деген. Сонда да Ребека тосқанын қоймаған. "Ондай ардан безген сұрқиялар, қара да тұр, тура осында әкеп атады", – деп айтқанынан қайтпады. Осы жорамалына өзінің сенгені сонша, тіпті, ажалға бара жатқан жанмен есікті қалай ашып, қалай қол бұлғап қоштасатынына дейін ойластырып қойды. "Айтпады деме, зәресі кеткен

алты солдаттың айдауымен көшеде алып жүрмейді, – Хосе Аркадио өрекпіді. – Олар ақымақ деп пе ең, халықтың неден болса да қаймықпайтынын біледі". Күйеуінің сөзіне Ребека құлақ асқан жоқ, терезеден көз алмай қарайлаумен болды.

– Әлі-ақ көресің, олардың ардан безген малғұндар екенін, – деп қайталай берді.

Сейсенбі күні таңертеңгі сағат бесте Хосе Аркадио кофесін ішіп болып, иттерін босатып жіберген кезде, Ребека терезені сарт еткізіп жапты да, құлап кетпес үшін кереуеттің басынан қарманды. "Әкеле жатыр, – деді әрең тыныс алып.– Ажарлысын-ай өзінің!" Салған жерден денесі қалтырап кеткен Хосе Аркадио терезеге көз салғанда сібірлеп атып келе жатқан көмескілеу таң жарығында інісін көрді, үстінде бозбала кезінде Хосе Аркадио киген шалбар. Қабырғаның қасына жетіп үлгеріпті, қолтығындағы асқынған жарасы қолын төмен түсірткізбей, мықынын таянып тұр. "Апырмай, не үшін сонша азаптандық, сонша қиналдық десеңші, – деп күбірлейді полковник Аурелиано Буэндиа. – Әй жоқ, шәй жоқ, мынау алты малғұнның қолынан өлу үшін бе, бәрінен түк істей алмайтының қиын екен". Ол осы сөздерін күбірлеп қайталай берді, ал капитан Қасапшы Роке оның іштен тынған наласын тәубесіне түсіп, тәңірге сиынғаны деп ойлап, іші жылып қалды. Солдаттар винтовкаларын көтеріп, кезенген сәтте полковник Аурелиано Буэндианың бойын кернеген ыза-кек кенеттен тілін күрмеп, көзін аштырмай қойған әлдебір жылбысқы, ашқылтым иіс сияқты нәрсеге айналды. Кенеттен сұрғылт таң көзден ғайып болды да, ол өзін қысқа шалбар киіп, мойнына бант таққан бала кейпінде көрді, шуақты кеште әкесінің өзін сығандардың шатырына жетелеп кіргенін көрді, мұзды көрді. Кенет шыққан айғайды полковник Аурелиано Буэндиа солдаттарға берілген соңғы бұйрық деп ойлап қалды. Жанарларының қазір дәл өзіне қарай жосылатын оқтардың айқыш-ұйқыш іздерімен жолығатынын қызық көріп көзін аша қойған, алайда екі қолын көтеріп тұрған капитан Касапшы Рокені, сәл қимылдан атылып кетуге әзір қорқынышты аңшы мылтығын кезеніп көшені қиып өтіп, өздеріне қарай жүгіріп келе жатқан Хосе Аркадионы көрді.

– Атпаңыз, – деді капитан Хосе Аркадиоға қарап. – Сіз маған тәңірінің өзі жіберген хабаршыдай көрініп тұрсыз.

Сөйтіп, тағы да соғыс бұрқ ете түсті. Капитан Қасапшы Роке мен алты солдат полковник Аурелиано Буэндиаға еріп, Риоачада өлім жазасына кесілген революцияшыл генерал Викторио Мединаны құтқаруға аттанды. Уақыт ұту мақсатымен олар Макондоны салар сапарында Хосе Аркадио Буэндиа жүрген жолмен алдарындағы асуды көктей өтпекке әрекет жасады, алайда апта өтпей жатып-ақ, бұл пиғылдарынан еш нәтиже шықпасын ұқты. Ақыры, олар қолдарында үкімді орындау үшін солдаттарға бөлінген саусақпен санарлықтай патрондары ғана болса да, амалсыздан қауіпті жерлермен – тау-тауды бөктерлей жүруге мәжбүр болды. Қалаларға жақын маңдарда қос тігіп, бірді-екеуі киім ауыстырып киіп, тапа-тал түсте көше-көшені кезеді, қолдарынан алтын балықтарды белгі етіп ұстап, бой тасалаған либералдармен байланыс жасайды, ал олар ертеңінде аңға шыққан болып кетеді, сол беттерімен жым-жылас жоғалады. Сөйтіп олар арып-ашып таудан асып, Риоачаның төбесін көрген кезде генерал Викторио Медина атып тасталған еді. Полковник Аурелиано Буэндианың жақтастары оны Кариб теңізі жағалауындағы революцияшыл күштердің генерал дәрежесіндегі командашысы деп жариялады. Ол лауазымды міндетті атқаруға келісім бергенмен, генерал шенінен бас тартты, консерваторлар үкіметі құлатылмайынша бұл дәрежені алмауға өзіне-өзі іштей ант берді. Үш ай ішінде мыңнан астам адамды сапқа қоюға қол жеткенмен, олардың басым көпшілігі оққа ұшты. Аман қалғандары шығыс шекарасы арқылы ары өтіп, жан сауғалады. Көп ұзамай олардың Антиль аралдарынан жүзіп шығып Кабо-де-ла-Вела мүйісіне келіп түсіп, туған жерге оралғаны мәлім болды; ізінше елдің түкпір-түкпіріне телеграф полковник Аурелиано Буэндианың өлімі туралы үкіметтің масайраған хабарын таратты. Арада екі күн өтпей жатып, алдыңғының ізін ала, оңтүстіктегі үстіртті алқапта көтерілістің бұрқ ете түскенін білдірген ұзын-сонар телеграмма да жетті. Полковник Аурелиано Буэндианың бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ деген аңыз дүниеге осылай келген еді. Сол сол екен, ел ішінде полковник Вильянуэведе жеңіске жетіпті, Гуакамайяледе жеңіліп қалыпты, оны мотилонес тайпасы-

ның үндістері жеп қойған екен, ол үстірттегі селендердің бірінде өлген екен, Урмитеде тағы да көтеріліс жасаған екен деген неше түрлі алып-қашпа сыбыс кеулеп кетті. Сол кезде либералдарды парламентке кіргізу жөнінде келіссөз жүргізіп жатқан либералдар партиясының көсемдері ол бір жүрген алаяқ, біздің партияның өкілі бола алмайды деген мәлімдеме жасады. Үкімет оны қарақшылар санатына қосып, басына бес мың песо бәйге тікті. Он алты рет жеңіліс тапқаннан кейін полковник Аурелиано Буэндиа жақсы жасақталған екі мың үндісті бастап, Гуахирадан шығып Риоачаға шапты; түтқиылдан тиген шабуылға төтеп бере алмай, гарнизон қаладан қашып кетті. Полковник Аурелиано Буэндиа өзінің штаб-пәтерін Риоачаға орналастырып, консерваторларға қарсы бүкілхалықтық соғыс жариялады. Үкіметтің оған жолдаған алғашқы ресми қағазында – егер көтерілісшілер әскері шығыс шекараға қарай дереу әкетілмесе, онда қырық сегіз сағаттан кейін полковник Геринельдо Маркес атып тасталады деген қоқан-лоққы көрсетілді. Бұл кезде штаб бастығы болып алған полковник Қасапшы Рокенің осы қағазды өз қолбасшысына жеткізген сәтте ииіні түсіп-ақ кеткен еді, керісінше қағазға көз салған полковник қуанып кетті.

– Мына тамашаны қара, – деді ол. – Біздің Макондоға телеграф тартылған екен-ау, ә?

Полковник Аурелиано Буэндиа жауапты келте қайырды. Үш айдан кейін ол өзінің штаб-пәтерін Макондоға көшірмек ойда. Сол кезде көзі тірі полковник Геринельдо Маркесті көрмейді екен, ешқандай тергеу-тексерусіз, сотсыз алдымен генералдарды, содан кейін дәл сол сәтте түтқында болған барлық офицер біткенді тегіс аттырып тастайды, өзінің барлық әскерлеріне соғыс бітер-біткенше тек солай істеуге бұйрық береді. Үш айдан кейін полковник Аурелиано Буэндианың жеңімпаз әскерлері Макондоға кірген кезде оны жазықтағы жол үстінде құшағына қысқан бірінші адам полковник Геринельдо Маркес болды.

Буэндиалардың үйі толған бала. Урсула Санта Софья де ла Пьедадты үлкен қызымен және Аркадио атылғаннан кейін бес айдан соң туған екі егіз ұлымен қоса қолына көшіріп алды. Аркадионың ақтық тілегіне қарамай ол қызға Ремедиос есімін берді. "Мен Аркадионың дәл солай істегісі келгеніне титтей күмәнім жоқ, – деді ол ақтала сөйлеп. – Урсула дегеннің несі жақсы, текке соңыра өмірі өксіп жүрер".

Егіздерге ол Екінші Хосе Аркадио, Екінші Аурелиано деген ат қойды. Олардың бәрін Амаранта өз тәрбиесіне алды. Ол қонақ бөлмеге кішкентай ағаш орындықтар қойып, көршілердің балаларын түгел жинап алып, тәрбие үйі сияқты бір мекеме ашқандай болды. Сарт-сұрт ракеталар атылып, азан-казан қоңыраулар қағылып жатқан кезде қалаға кірген полковник Аурелиано Буэндианы туған үйінің қақпасы алдында улап-шулап балалар хоры қарсы алды. Ағасына тартып зіңгіттей болып өскен, революцияшыл күштердің офицері киімін киген Аурелиано Хосе оған нағыз әскерлерше ізет білдірді.

Жайсыз жаңалықтар да жоқ емес екен. Полковник Аурелиано Буэндиа атудан құтылып, қашып кеткеннен кейін бір жылдан соң, Хосе Аркадио мен Ребека Аркадио салып кеткен үйге кіріп алған еді. Хосе Аркадионың полковникті құтқарып қалғанынан бәрі де сол қалпында бейхабар қалған. Бұл қала алаңының қолайлы, көрікті жеріне, ұялы үш құс таңдап қонақтаған бадам ағашының саясына салынған төрт терезелі, кең қақпалы, еңселі үй болатын. Ерлі-зайыпты екеуі оны өздерінің қонақжай қонысына айналдырды. Ішінде оң жақта отырып қалған Москотиенің төрт бірдей қызы бар Ребеканың баяғы көңілі жақын қыз-келіншектері өздері бұдан біраз жыл бұрын қойып кеткен гүлді дәлізде жиналып кесте тоқуды, әңгімедүкен құруды осы шаңырақта қайта жаңғыртқан. Хосе Аркадио тартып алған жерлерін сол күйі пайдаланып кетті, консерваторлар үкіметі сол жерлерді оның меншігіне мүлде берген. Кеш сайын оның қос ауызын асынып, қанжығасына үйме-жүйме ғып қояндар байлап, соңынан шұбыртып қабаған иттерін ертіп салт келе жатқанын көретін көршілері. Қыркүйектің бір күні ол күн күркіреген соң, жауын бола ма деп үйіне ерте қайтқан. Асханада жүрген Ребекаға амандық білдіріп, иттерін есік алдына байлады да, олжа қояндарын біраздан кейін түздатып қоймақ оймен ас үйге апарып тастады, содан киімін ауыстырмақ болып жатын бөлмеге кіріп кетті. Соңыра Ребека күйеуі онда кірген кезде өзінің жуынып жатқанын, еш нәрсе білмейтінін айтып ант-су ішкен. Ребеканың дәлелі көпке күмәнді көрінген, дегенмен ешкім ақылға сыяр бас-қадай болжам таба алмай тағы да дағдарған, Ребека өзін бақытты еткен адамды өз қолымен өлтірді

деудің қисыны кәне. Тегінде Макондодағы сыры ашылмай қалған жалғыз құпия осы ғана. Хосе Аркадио жатын бөлменің есігін жапқан бетте-ақ тарс етіп тапанша атылды. Есіктің астынан жолақ салып аққан қан көрінді, ол қонақ бөлмені қиып өтіп, далаға ағып шықты да ойқы-шойқы жақтау жолмен жылжыды, бір төмен құлдилап, бір жоғары көтеріліп Түріктер көшесінің ұзына бойын қуалай сырғып, алдымен оңға, сосын солға тартып бұлт ете түсті де, тұсына жеткенде тік бұрыш жасап, тура Буэндиалардың үйіне бұрылды, жабық есіктің астынан сығыла еніп, кілемдерді былғамас үшін қабырғаларды қапталдай жылжып, қонақ бөлмеден қиғаштай өтті, содан екінші қонақ бөлмеден асты, асханада ас үстелін айналып ақты, ирелеңдеп гүлді дәлізден ары тартты, Аурелиано Хосені есепке үйретіп отырған Амарантаның орындығының астынан аңдатпай ағып шықты да, шошаланы көктей өтіп, қамыр илеп қойған Урсула отыз алтыншы жұмыртқаны жара берген сәтте ас үйге кіріп тоқтады.

– О жасаған құдая! – Урсуланың даусы шығып кетті.

Қайдан ағып келгенін білмек үшін қан жолағын бойлап қарсы шошаладан көктей өтті, Аурелиано Хосе үшке үшті қоссақ алты, алтыға үшті қоссаң тоғыз болады деп әндетіп отырған гүлді дәлізді басып өтті, асхана мен қонақ бөлмелер арқылы жүрді, содан көшені бойлап тура жүріп-жүріп келіп, сосын бір бұрышқа жеткенде кілт оңға бұрылды, содан солға бұрылып, Түріктер көшесіне түсті, тіпті, қаланың орталық алаңына шыққанда да одан кейін де қала ішінде алжапқышы мен үй кебісін киген күйі жүріп келгенін аңғарған жоқ; бұрын-соңды өзі келіп көрмеген үйдің босағасын аттап, қатты итеріп жатын бөлменің есігін ашқанда күйген оқ-дәрінің иісі қолқасын қауып тынысы тарылды; етігінің үстінде (қашан шешіп үлгерген) етпетінен түсіп жатқан ұлын, оның оң құлағынан ағып шыққан, қазір тыйылған қан жолағын көрді. Хосе Аркадионың денесінен, тіпті, ешқандай жарақат ізі табылған жоқ, әрі оның қандай қарудан өлтірілгені де анықталған жоқ. Оның денесін жөкемен ысып, үш қайтара сабындап жуса да, содан кейін алдымен сірке суымен араластырылған түзбен, содан кейін күлмен араласқан лимон шырынымен ысып, алты сағат бойы көкшіл

хлор суы құйылған кеспекте ұстаса да мұрын жаратын оқ-дәрі иісі айықпай-ақ қойды. Оның денесі, тіпті, тәніндегі қым-қиғаш піспе жазу-суреттер солғын тарқанша ысқыланған. Ақыры, соңғы амал қолданып, денені бұрыштап, зите мен лөңгі жапырағын салып, күні бойы бұқтырып қайнатпақ болған сәтте мәйіттің бүліне бастағаны білінді де, тезірек жерлеу қажет болды. Өлікті ұзыны екі метр де отыз сантиметр, көлденеңі бір метр де он сантиметр, қалыңдығы бір елі темір топсалармен іштен бекітілген арнаулы табытқа салып, болат бұрандалармен ауа кірмейтіндей етіп тас қылып жауып тастаса да, маркұмды алып жүрген көшелердің бәрінде оқ-дәрі иісі мүңкіп тұрды. Бауыры үрген қарындай тырсия ісініп кеткен падре Никанор төсегінде отырып, маркұмның жаназасын шығарды. Кейініректе қабірдің үстінен бірнеше қабат кірпіш қаланып, ара-арасы күлмен, ағаш үгінділермен, күйдірілмеген әкпен тығындалып тасталса да, банан өсіретін компанияның инженерлері қабірді темір бетонмен қаптап тастағанша талай жыл қатарынан мола жақтан оқ-дәрі иісі аңқып тұрды. Табытты үйден алып шығысымен Ребека есікті жауып алды да, бүкіл әлемді тәрк еткен сезімге тас бүркеніп, өзін тірідей көмді, бұдан былай мына жалғанның қандай да қуаныш-қызығы сол бүркенішті сәл де болса ысыра алған жоқ. Содан ол көшеге қаусаған кемпір болған шағында аяғына ыс басқан күміс түсті туфли, басына бармақтай-бармақтай гүлдермен әшекейленген қоқайма қалпақ киіп бір рет қана шықты. Бұл Макондоға Мәңгі Жөйіт келіп, қалаға бет қаритын қатты ыстық жіберген жылы, үшқан құс жан сауғалап, терезелердегі темір торлардың арасынан еденге топылдап күйіп түсіп жатқан жылы болған еді. Соңғы рет Ребеканы жұрт үйінің есігін қиратып кірмек болған ұрыны ол жалғыз оқпен-ақ жайратып салған күні көрді. Содан кейін оны қызметшісі әрі сырласы Архенидадан басқа жан кезіктірген емес. Бір кезде Ребека өзінің немере ағасы санайтын епископқа хат жазып жатыр екен десіп жүрді, бірақ одан жауап алған-алмағаны жайлы еш хабар болған жоқ. Сөйтіп қала оны мүлде ұмытты.

Полковник Аурелиано Буэндиа сән-салтанатпен қайтып оралып, төрт құбыласы түгел көрінсе де көңілі көншіген жоқ. Үкімет әскерлері еш қарсылық көрсетпей, бір қамал-

дан бір қамалды тастап кетіп жатыр, мұның өзі либералдарға іш тартатын жұртқа енді жеңіс қолға әбден қонғандай әсер туғызған, әрі олардың бұл сеніміне секем түсіруге де болмаушы еді, алайда көтерілісшілердің қандай күйге түскенін түсінетін, олардың халінің шын шама-шарқын полковник Аурелиано Буэндиадай жақсы білетін жан және жоқты. Қол астында бес мыңнан астам солдаты болса да, жағалаудағы екі штатты қарауында ұстап тұрса да, ол елдің қалған бөлігінен қиылып қалғанын, теңізге тіреліп, қыспаққа түскенін, әрі-сәрі саяси жағдайға ұшырағанын бағамдайтын, үкімет әскерлерінің артиллериясы қиратқан шіркеу мұнарасын қалпына келтіру жөнінде өзі жарлық бергенде науқас падре Никанордың төсегінде жатып: "Түк түсінсем бұйырмасын! Христос дінін күйттеушілер ғибадатхананы қиратады, масондар оны қайтадан салғызуға бұйырады. Бұл не керемет", – деуі тегін емес-ті. Тұйықтан шығарар саңылау іздеген полковник Аурелиано, басқа көтерілісшілер құрамаларының командирлеріне ақыл салып, ұзақ сағаттарын телеграфта өткізетін және телеграф кеңесінен күн сайын соғыстың әбден тығырыққа тірелгеніне енді түсіне бастағандай сезіммен кететін. Либералдардың қолы жеткен болмашы жеңіс жайлы да дереу халыққа жарияланып отырды, сөйтсе де полковник Аурелиано Буэндиа сол жеңістердің шын ауқымын картаға салып, салмақтай келе, безгек тиіп, масаға таланған айбынды әскерлерінің қу медиенге лағып бара жатқанына, өздері аттандап алға ұмтылуға, шабуыл жасауға тиіс бағытта емес, оған қарама-қарсы бағытта жылжып бара жатқанына көз жеткізгендей болады. "Уақыт өтіп барады-ау, – деп офицерлеріне кейде мұңын шағады. – Біздің партиядағы миғұлалар конгрестегі орын үшін жалбақтап, мүләйімсіп жүргенде тоз-тозымыз шығады әлі". Таяуда ғана өзін атуға кескен үкімнің орындалуын тосқан бөлмедегі аспалы төсегінде шалқасынан жатып, көз ілмей шығатын түндерде де полковник Аурелиано Буэндиа бастан-аяғына дейін қара киінген сол бір заңшылдарды көз алдынан өткізеді: олардың таң елең-аланда президент сарайынан шығып, қақаған суықта дірдектеп, жағаларын құлақтарына дейін көтеріп алып, қолдарын ысқылайтынын, содан кейін пыш-пыштасып, президенттің "жә" дегенде не айтқысы келгенін, "жоқ" дегенде не айтқысы келгенін тал-

қылау үшін, тіпті, өзінің ойындағысына мүлде қарама-қарсы жайттарды айтқанда, президенттің не ойлағаны туралы болжамдар жасау үшін қара-күңгірт түнгі кафелерге тығылатынын елестететі, олар сөйтіп жүргенде, бұл, полковник Аурелиано Буэндиа, отыз бес градус ыстықта масаға таланып жатып, өзінің әскерлеріне теңізге қойып кетуге бұйрық беруден басқа амалы қалмайтын, тоқтаусыз ентелеп келе жатқан қорқынышты тағы бір таңның жақын қалғанын сезеді.

Күмән мен күдік қаумалаған сондай бір түні аулада солдаттармен бірге ән салған Пилар Тернераның даусын естіп, шақырып алды да, бал ашып беруін өтінді. "Аузыңды тый, – Пилар Тернераның үш рет жайып тастап, үш рет жинап алғанда картадан бар білгені осы болды. – Түк түсінсем бұйырмасын, онысы несі екенін қайдам, әйтеуір, аузыңды тый деп ап-анық сақтандырып тұр". Осыдан екі күн өткеннен соң ординарецтердің біреуіне әлдекім бір кесе қантсыз кофе ұстатады, ол оны екінші, ал екінші үшінші ординарецке береді, сөйтіп кофе қолдан қолға өтіп келіп, полковник Аурелиано Буэндианың кабинетінен бір-ақ шығады. Полковник кофе сұрамаған, бірақ алып келген соң, кәперінде түк жоқ іше салады. Кофенің ішінде атты сеспей қатыруға қуаты жететін у бар-ды. Полковник Аурелиано Буэндианы үйіне жеткізгенде, оның тамырлары тартылып, тілі аузына сыймай салақтап, денесі сіресіп қалған екен. Урсула ұлын ажалдан арашалап қалды. Аузына құсқызатын ішірткі құйып, ішін тазалады, сосын қыздырылған пүліш көрпеге орап тастады, содан ыстығы басылып, қалпына келгенше екі күн бойы жұмыртқаның сарысын ішкізумен болды. Төртінші күн дегенде полковниктің беті бері қарады. Өзінің тұрып кеткісі келіп-ақ еді, алайда Урсула мен офицерлер қолқалап, тура бір апта бойы қозғалтпай жатқызып қойды. Жазған өлеңдерінің өртелмей қалғанын білгені де осы күндері. "Асықпайын деп ойладым. – Урсула мән-жайды түсіндірді. – Сол күні кешке пеш тамызайын деп барғанымда: қой тоса тұрайын, өлігін көрмей өлеңдерін өртемейін деп бекідім". Ремедиостың шаң басқан қуыршақтарының ортасында, дертінен айыға бастаған полковник Аурелиано Буэндиа қолжазбаларын қайтадан оқып шығып, өткен өмірінің шешуші сәттерін тағы да ой елегінен өткізді. Қайтадан өлең жаза бастады. Тығырыққа тірелген соғыстың әуре-сарса-

ңынан арылып, ауруынан айығып келе жатқан ол өзінің ажалмен арадағы талай жылғы тығылмағының нәтижесінде жинақталған тәжірибесін қорытып, сұрыптап, өлең жолдарымен өрнектеді. Сол кезде оның санасы айқын жұмыс істейтіндей дәрежеге жетті, өлеңін қай тұстан, қалай оқыса да бәрі-бәрі көкірегінде сайрап тұратын болды. Бір күні кешке ол полковник Геринельдо Маркестен:

– Досым, сен маған мынаны айтшы, осы сен не үшін соғысып жүрсің? – деп сұрады.

– Достым, не үшін қан төгу қажет деп санасам, сол үшін, – полковник Геринельдо Маркес жауабын келте қайырды. – Ұлы либералдар партиясы үшін.

– Білесің, бақыттысың. Мен болсам не үшін соғысып жүргенімді білгенім жаңа, бақсам, тек өркөкіректігімнен ғана өрекпіп жүріппін.

– Мұның жаман екен. – Полковник Геринельдо Маркес қысылып қалды.

Досының абдыраған түрі полковник Аурелиано Буэндианың күлкісін келтірді.

– Солайы, солай-ау – деді ол. – Бірақ не үшін соғысып жүргеніңді білмегеннен гөрі тәуір ғой. – Ол жолдасының жүзіне тіктей қарап, жымиды. – Немесе дәл өзің сияқты ешкімге де қажеті жоқ бірдеңе үшін соғысқан жөн.

Ертеректе елдің ішкі облыстарындағы көтерілісшілер отрядтарымен тіл табысып, одақ құру қамын жасауға намысы жібермеді, либералдық партияның көсемдері өзін "қарақшы" деген сөздерін жұртқа жария қылып, қайтып алсын деп қасарысты. Ал өзі менмендігін жеңіп иліксе болды, соғысқа түрткі болған іріткі бірден жойылатынын полковник Аурелиано Буэндиа жақсы білетін. Ауырып жатқан кезінде ол осының бәрін ақылға салып, таразылап шықты. Ойлана келе, Урсуланы көндіріп, оның жиған-терген бірсыпыра қаржысын және қасиетті сандықтағы атадан қалған алтынның қалған-құтқанын қалтасына басты да, полковник Геринельдо Маркесті Макондоның әскери және азаматтық әкімі етіп тағайындап, ел ішіндегі көтерілісшілермен байланыс жасау үшін қаладан аттанып кетті.

Полковник Геринельдо Маркес полковник Аурелиано Буэндианың сенімді серігі ғана емес, Урсуланың үйінің өз

адамындай болып, бауыр басып кеткен еді. Ұяң, жуас, табиғатынан кішіпейіл бола түрса да, ол әкімнің кабинетінен гөрі өзін ұрыс даласында батылырақ сезінетін. Оның басын айналдырып, бағытынан адастырып, теорияның тереңіне түсіріп, малтықтырып қою кез келген саяси кеңесшінің қолынан келер еді. Есесіне ол Макондода полковник Аурелиано Буэндиа қартайғанда алтын балықтарымды жасап, алаңсыз өмір сүрсем деп аңсайтындай бейқам, тоқ, тыныш күн туғызды. Ата-анасының қолында тұрып жатса да, полковник Геринельдо Маркес аптасына екі-үш күн Урсуланікіне келіп түстеніп кететін. Ол жасы жетпесе де Аурелиано Хосені қару ұстауға, әскери өнерге баулып, бұғанасын қатырып, буынын бекіту үшін Урсуланың рұқсатымен бірнеше ай казармада ойнатқан. Осыдан талай жыл бұрын тұрымтайдай бала кезінде Геринельдо Маркес Амарантаға пәк махаббатын білдірген. Алайда онда Пьетро Креспиге деген атаусыз іңкәрлік жанын жайлаған Амаранта оны әжуа қылып еді. Сонда да Геринельдо Маркес төзуге, тосуға бел буған. Түрмеде отырған кезінде бірде ол бір бума бәтес орамалдардың шетіне әкесінің аты-жөнінің бас әріптерін әдіптеп беруді өтініп, Амарантаға хат жолдайды. Хатына қоса ақша жібереді. Бір аптадан кейін Амаранта оған түрмеге дайын орамалдарды ақшасымен қоса әкеп берді, сонда олар өткенді еске түсіріп, ұзақ отырып сырласқан. "Осыннан шыққан соң, сені аламын" – деді Геринельдо Маркес қоштасарда. Амаранта күлген де қойған, алайда содан былай балаларға сабақ оқытып отырып, үнемі оны еске алумен болды, соған арнап өз бойынан Пьетро Креспиге деген бір кездегі пәк сезімді қайта оятпаққа да талпынды. Тұтқындармен жолығуға рұқсат берілетін күні әр сенбі сайын ол жолай Геринельдо Маркестің ата-анасына соғып, солармен бірге түрмеге барады. Сондай сенбі күндердің бірінде Урсула ас үйде жүрген Амарантаны көрді, ол бисквит пісіріп жатыр екен, ойы – оның ең жақсы піскендерін іріктеп алып, сол үшін әдейі тіккен орамалға орап, Геринельдо Маркеске апарып бермек. Урсула қатты таңырқады.

– Енді соған түрмысқа шықсаңшы,– деп кеңес берді Урсула. – Мұндай адамды бұдан былай кезіктіреркезіктірмесің неғайбыл ғой.

Амаранта тыжырынды.

– Мені күйеу іздеп жүр деп пе едің, – қыз шамданып қалды. – Геринельдоға бисквит апарып жүр екен десең, аяғанымнан апарып жүрмін, ол сорлыны ерте ме, кеш пе атып тастайды ғой.

Айтуын айтса да өз сөзіне өзі сенген жоқ, алайда дәл сол тұста үкімет егер бүлікшілер әскерлері Риоачаны тастап кетпесе, полковник Геринельдо Маркесті атып тастайтындықтары туралы жұртқа хабар таратты. Сөйтіп түтқындармен жолығуға тыйым салынды. Амаранта жатын бөлмесіне кіріп алып, көз жасына ерік берді. Ремедиос өлгенде өзін кінәлі санап қанша егілсе, бұл жолы да абайсыз айта салған сөзімен ажал шақырғандай сезініп, қатты күйзелді. Анасы полковник Аурелиано Буэндианың атуға жол бермейтінін, бір амалын қайтсе де табатынын айтып қызын жұбатып бақты, тек соғыс бітсін, Геринельдоны қолына түсіріп беремін деп уағда етті. Урсула берген сертін белгіленген мерзімінен бұрын орындады. Геринельдо Маркес азаматтық және әскери әкімнің абыройлы дәрежесінде үйлеріне қайтып келгенде, ол оны туған ұлындай қарсы алды, байлап-матап ұстаудың амалын жасап, байқатпай қолпаш көрсетіп, бәйек болды, оның Амарантаны аламын деген сертін санасына сала көр деп көкке жалбарынды. Урсуланың тілегі тәңірінің құлағына жетсе керек. Сол күндері полковник Геринельдо Маркес Буэндиалардың үйіне түстікке келген сайын соңынан гүлді дәлізде Амарантамен дойбы ойнау үшін кідіріп қалып жүрді. Урсула оларға бисквит пен кофе әкеп береді, балалардың олардың оңаша сәттерінің шырқын бұзбауын да қалт жібермей қадағалайды. Амаранта балауса балғын шағында жүрегін өртеген, қазір қоза бола бастаған сол құдіретті сезімді қайта өршітуге тырысты. Күн өткен сайын полковник Геринельдо Маркестің дастарқан басына келетін, өзімен дойбы ойнауға отыратын сәтін тағаты таусылып, толқи тосатынды шығарды. Дойбы тасын жылжытқан кезде саусақтары сәл–піл дірілдеп тұратын есімі әуезді[1], мұнды жүзді осынау жауынгер жігіттің қасында уақыт шіркінге қанат біткендей өткені білінбейтін. Алайда полковник Геринельдо Маркес тағы да одан өзіне тұрмысқа шығуын өтінген күні ол тағы да бас тартты.

---

[1] Геринельдо - испан халық романсының кейіпкері, король қызы ғашық болатын сері жігіт.

– Мен ешкімге де, әсіресе саған тұрмысқа шықпаймын. – Амаранта қырсығып қалды. – Сен жан-тәніңмен Аурелианоны сүйесің. Оған үйлене алмайтын болған соң ғана, маған үйленгің келеді.

Полковник Геринельдо Маркес жер қозғалса қозғалмайтын шыдамды жігіт еді. "Мен әлі тоса тұрам, – деген ол сонда. – Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, сені бір көндірем". Ол бұрынғысынша келіп-кетіп жүрді. Амаранта ол келгенде бөлмесіне кіріп кетеді де, Урсулаға соғыс жайлы соңғы жаңалықтарды айтып отырған өзінен үміті жігіттің даусын естімес үшін саусақтарымен құлағын тас қып бітеп алады, өліп–өшіп оны көргісі кеп тұрса да, өзін зорға тежеп, бөлмесінен шықпай қояды.

Ол кезде полковник Аурелиано Буэндианың қолы бостау еді, екі апта сайын Макондоға іс барысы жайлы тәптіштеп, хабарлап тұратын. Ал Урсулаға тек бір рет, аттанып кеткеннен кейін шамамен сегіз айдан соң ғана хат жазды. Арнаулы шапқыншы ішінде полковниктің маржандай жазуымен: "Әкемді күтіңдер, ол көп ұзамай өледі", – деген бір ауыз сөз ғана жазылған бір жапырақ қағаздан басқа түк жоқ, сыртына сорғыш жапсырылып мөрленген үшбу хатты алып жетті. Урсуланың мазасы кетті: "Аурелиано айтса, біліп айтады". Қолма-қол Хосе Аркадио Буэндианы жатын бөлмеге кіргіздіру қамын жасады. Ол бұрын да алпамсадай ауыр болатын, оның үстіне жылдар бойы талшын түбінде тапжылмай отыра-отыра қалауына қарай салмақ қосу қабілеті бойына бітіп, мүлде зіл батпанға айналған еді, оны жеті еркек жабылып орнынан көтере алмай, ақыры, төсегіне дейін әрең сүйреп апарды. Күн қақтап, жауын сіңген алып қарт әкелінген бетте бөлме ішінде гүлдеген талшынның, саңырауқұлақтың және шіріген қоғаның иісі мүңкіп кетті. Ертеңінде Урсула шалының төсегінің бос жатқанын көрді. Бөлме-бөлмені аралап шыққан Урсула шалын талшын түбінен тапты. Оны төсекке жатқызып, байлап тастаудан басқа амал қалған жоқ. Баяғы жойқын күші бойында қалса да, ол еш қарсылық көрсеткен жоқ. Ол самарқау енжар күйге түскен еді. Талшын түбіне қайтып келіп жүргені де, парасат парығымен жасалған әрекет емес, денесі үйренген орын іздеген еді. Урсула шалын ба-

ғып-қағып, тамағын әкеп береді, Аурелиано туралы естігендерін айтып береді. Алайда айтылған сөз оған жетіп жатқан жоқ, ол жалғыз ғана жанмен – Пруденсио Агилярмен ғана тілдесіп, сөз қатысуға жарайтын күйде еді. Ажал құшағында әбден қаусап біткен Пруденсио Агиляр күніне екі уақ келіп онымен әңгімелесіп кететін. Әңгімелері көбінде қораздар туралы: соңыра тамаша құстар өсіретін қораз қора ұстамақ ойлары бар, бәсеке немесе жеңіс үшін емес, ондай нәрсенің қажеті не, тек ажал құшағындағы таусылып бітпейтін, іш пыстыратын жексенбі күндерінде ермек ету үшін өсірмек. Хосе Аркадио Буэндианы жуындыратын да, оған тамақ беретін де Пруденсио Агилер, әйтеуір, соғыста полковник болған Аурелиано дейтін бейтаныс біреу туралы қызық-қызық жаңалықтар айтып беретін де сол. Жалғыз қалғандағы алданышы – түс көру; түсінде ылғи бір таусылып бітпейтін бөлмелерді аралап жүреді. Түсінде төсегінен түрегеліп, есікті ашып, дәл өзі жатқандай бөлмеге – дәл сондағыдай жақтаулары сом темірден құйылған темір төсек, дәл сондай өріп жасалған кресло қойылған, төр қабырғасына дерт қайыратын құдаяның кішкене ғана бейнесі ілінген бөлмеге кіреді. Одан өтіп дәл сондай келесі бөлмеге кезігеді, кезекті есікті ашып, ары шыққанда тағы да дәл сондай бөлмеге ұшырайды, сөйтіп шексіздікке дейін кете бреді. Бөлме-бөлмені кезіп жүре беру өзіне ұнайды, қатар-қатар қойылған айналар галереясының арасында келе жатқандай сезінеді... Сол сәтте Пруденсио Агиляр иығынан түртіп оятады. Оның біртіндеп ұйқысы ашыла бастайды, ол өзі бері қарай өткен бөлмелер арқылы кері жүреді, ұзақ жүріп келіп өзі жатқан бөлмеге жетеді де, Пруденсио Агилярмен қайта кезіккенде ғана бір–ақ оянады. Хосе Аркадио Буэндианы төсекке әкеп жатқызғаннан кейін екі апта өткен соң, ол ең түкпірдегі бөлмеге жеткен кезде, Пруденсио Агиляр оны иыққа түртті, содан ол кері қайтқан жоқ, өзі жатқан бөлме осы екен деп ойлап, мәңгіге сонда қалды. Ертеңінде таңертең оған азанғы ас апаруға беттеген Урсула дәлізді бойлап өзіне қарсы бір еркектің келе жатқанын көрді. Бұл қара мәуіті шалбар-көйлек, дағарадай қара қалпақ киген тәпелтек, тығыншықтай адам еді. "Тәңірім-ау, мынау Мелькиадестің қай жағы, дәл өзі емес пе", – деп ойлады Урсула. Ол қателескен еді, бұл Виситасьонның ағасы – қала ұйқысыздық індетіне

ушырағанда қашып кетіп, содан үшты-күйлі жоғалған Катауре болатын. Виситасьон қайдан жүрсіз деп сұрағанда, ол өз тайпасының әуезді, әрі әпсетті тілінде:

– Корольді жерлеуге келдім, – деді.

Содан кейін олар Хосе Аркадио Буэндиа жатқан бөлмеге кіріп, оны жұлқылап та, құлақтарына айқайлап та көрді, тіпті мұрнының алдына айна да әкеліп қойды, бірақ оны тұрғыза алмады. Біраздан кейін ағаш шебері келіп, табыт жасау үшін марқұмның денесінің шама-шарқын шамалап жатқан кезде терезеден қарағанда, аспаннан бармақтай-бармақтай сары гүлдердің ат-нөпір жауып тұрғаны көрінді. Сол гүлдер шелектеп құятын ақ жауындай қалаға түні бойы толассыз төгіліп, шатырларды, есік-терезені тұтас басып қалды, ашық аспан астындағы мал біткенді түншықтырып тастады. Қалың түскені соншалық, ертеңінде күллі Макондо қалың гүл көрпенің астында жатты – марқұмды зиратқа апарып қою үшін қолға күрек пен тырма алып жол аршуға тура келді.

Тізесінде тіккен кестелері, тоқып жасалған орындыққа жайғасқан Амаранта иегі мен жағына көпіршіте сабын жағып, қайыс белбеуге жанып алған ұстарасымен тумасында түңғыш рет қырынуға кіріскен Аурелиано Хосеге қарап отыр. Жаңа тебіндеп келе жатқан жұп-жұмсақ селдіреген сары түкті күзеп, мұрт етем деген ол үстіңгі ернін кесіп алды, бірді-екі безеуі де сыдырылып қалды, сонда да бәз-баяғы балаң қалпынан өзгерген жоқ, алайда қырыну сияқты басы артық әуреге араласқан сәттен былай Аурелиано Хосе енді қартая бастайтындай көрінді Амарантаға.

– Айна-қатесіз Аурелианосың, сенің жасында ол да тура өзіндей еді, – деді ол. – Жігіт болдың енді.

Ол жігіт болғалы қашан, мұны әлі де бала санайтын Амаранта моншада көзінше именбей шешіне бастаған сол бір алыста қалған күннен бері оның бойына бөтен сезім біткен. Пилар Тернера баланы өздеріне тәрбиеге берген алғашқы күннен солай істеуге дағдыланған Амаранта оның өсіп кеткенін байқамапты. Алдымен көзінің түскен жері – анарларының арасындағы терең жылға. Періштедей күнәдән пәк балғын Амарантадан бұл арасының неге бүйтіп қалғанын сұрағанда, ол: “Тәңірі үңги берді, үңги берді, содан

өстіп қалды", – деп, қолымен қалай болғанын көрсеткен. Арада біраз уақыт өткеннен соң, Пьетро Креспидің қазасынан кейін өзіне-өзі келген Амаранта Аурелиано Хосемен қайтадан бірге жуына бастаған кезде, ол қайтып сол жылғаға көз салмаған, алайда қыздың қоңырқай үрпілі торсиған анарларын көргенде, бойына бұрын-соңды басынан кешпеген діріл біткен. Сонда бір ғажайып құпияға қаныққан жандай оның тәнін үңіле шолуын доғармаған, сол сәтте ол су тигенде әпкесінің денесі қалай құс еттеніп кететін болса, өз бойының да дәл осылайша тоңазып бара жатқанын сезеді. Кішкентай күнінде Аурелиано Хосенің таң атар-атпаста аспалы төсегінен түсіп, Амарантаның көрпесінің астына кіріп кететін әдеті бар-ды, әпкесінің жанына келіп жатса болды, қараңғыда бойын билеген қорқыныштан бірден айығатын. Әпкесінің жаланаш тәніне көзі түскен күннен бері ол әпкесінің төсегіне маса-шыбын кірмесін деп құрылған шымылдықты қараңғыдан қорыққанынан емес, таң алдында оның ып-ыстық тынысын бір сәт сезінуге аңсары ауып ашатынды шығарды. Бірде таң алдында – Амаранта полковник Геринельдо Маркестің тілеген тәркі еткен кез шамасы – Аурелиано Хосе дем ала алмай тұншығып бара жатқанын сезіп, оянып кетті. Ояна келе Амарантаның саусақтарының ып-ыстық, комағай жылан құрттарша қарнының үстімен жылжып бара жатқанын сезді. Олардың былай қарай еш кедергісіз жылжуы үшін Аурелиано Хосе үйқысыраған болып аунап түсіп, әдейі арқасына жатты. Екеуі де бірі білетін жайдың екіншісіне белгілі екенін сезе тұрса да, өздеріне мәлім нәрсені екеуі де білмейтіндей сыңай танытса да, сол түн Амаранта екеуін ортақ сырымен, ортақ құпиясымен ажырамастай етіп байланыстырған еді. Аурелиано Хосе ендігі жерде сағат түн ортасы болғанын білдіріп вальс ойнағанша көз ілмейді, ағып түсуіне аз-ақ қалған әбден піскен жемістей сағағына әрең ілініп тұрған, босап бара жатқан етіне қарап-ақ, күніне қырық күрсінетін бойжеткен мұның жалғыздықтан аз күнгі ғана алданыш екенінде де шаруасы жоқ. Өз қолымен өсірген мазасыз неме келіп көрпесінің астына қойып кеткенше, тынши алмай аунақшып жатады. Олар жаланаш күйлерінде аймаласып, иіскесіп түнде бірге жатумен тынбайды, тарқамаған құмарлықтың айтағымен күндіз де кез келген бұрышта, кез келген сәтте, тіпті, кейде жатын бөлмені

іштен бекітіп алып, өліп-өшіп сүйісіп жүреді. Бірде Урсула шошалаға кіріп келіп, енді сүйісе бастаған екеуінің аз-ақ үстінен түсе жаздады. Қаперінде түк жоқ, немересінен: "Осы сен әпкеңді өте жақсы көресің-ау деймін", – деп сұрады. Немересі бұл сөзін қоштады. "Мұның жақсы екен". Мерейі өсіп қалған Урсула нан пісіруге қажет ұнын өлшеп алды да ас үйге кетті. Осы кішкентай ғана оқиға Амарантаны бірден сабасына түсірді. Ол тым тереңге тартып кеткенін байқады, балиғатқа жетпеген жанмен сүйісіп ойнаймын деп жүріп, кеш оянған, һәм болашағы бұлдыр құмарлыққа бой алдырып, қатерлі батпаққа батып бара жатқанын түсінді, түсінді де бәрін бірден тыйып тастады. Сол кезде әскери сап түзеу ойындарын тәмәмдап қалған Аурелиано Хосе басқа түскен баспақшыл деп, казармада түнеп жүрді. Сенбі сайын солдаттарға ілесіп Катаринонын мекен-жайына барғыштады. Үстерінен солған гүлдердің иісі шығатын әйелдер ерте есейген Аурелиано Хосенің жалғыздықтан жабырқаған жанын жадыратты, жігіт те оларды қараңғыда құмарлана аймалап, көз алдына Амарантадай елестетіп, пір көтерді.

Осы оқиғалардан кейін біраз уақыт өткен соң, соғыстың барысы туралы Макондоға келіп жатқан хабарлар қымқиғаш өзгеріп шыға келді. Көтерілісшілердің жеңістен жеңіске жетіп келе жатқанын үкімет мойындап отырса да, Макондодағы офицерлердің құлағына түптің түбінде тізе бүгуге тура келетіндігі туралы құпия деректер жетті. Көкек туа полковник Геринельдо Маркеске шапқыншы келді. Ол, шынында да, либералдар партиясы жетекшілерінің елдің ішкі облыстарындағы көтерілісшілер отрядтарының көсемдерін келіссөз жүргізіп жатқанын расқа шығарды, көп ұзамай мынадай шарттардың: – либералдарға үш министрдің портфелі беріледі, парламентке либералдық азшылық құрылады және қаруын тастаған көтерілісшілерге кешірім жарияланады – негізінде бітімге де қол қойылмақ екен. Шап-қыншы бітім шарттарымен келіспеген полковник Аурелиано Буэндианың өте құпия бұйрығын жеткізді. Полковник Геринельдо Маркеске өзінің ең сенімді бес адамын іріктеп алып, солармен бірге елден кетуге әзір тұрсын делінген екен. Бұйрық аса құпия түрде жүзеге асырылды. Бітім ресми жарияланардан бір апта бұрын, Макондоны қым-қуыт қауесет кеулеп кеткен кезде, полковник

Аурелиано Буэндиа, ішінде Қасапшы Роке де бар, өзіне адал он офицермен бірге түн жамылып, жанға сездірмей қалаға келіп, гарнизонды үйді-үйіне таратты да қару-жарақты көміп, архивтерді құртып жіберді. Таң бозында олар полковник Геринельдо Маркеспен және оның бес адамымен бірге Макондодан аттанып кетті. Олардың шусыз, шапшаң қимылдағаны сонша, бұл жайында Урсула болары болып қойған кезде, әлдекім өзі жатқан бөлменің терезесін тықылдатып: "Полковник Аурелиано Буэндианы көріп қалғыңыз келсе, тезірек шығыңыз", – деп сыбырлағанда барып бір-ақ білді. Төсегінен атып тұрған Урсула үстінде іш көйлегі ғана бар, жалаң бас, жалаң аяқ қалпы далаға жүгіре шықты, бірақ ешкімді көре алмады, ала қараңғыда бар пәрменімен шауып бара жатқан ат тұяғының дүбірі естілді, будақ-будақ шаңға оранған салт аттылар Макондодан ұзап бара жатты. Аурелиано Хосенің әкесіне еріп кеткенін Урсула ертеңінде бір-ақ білді.

Үкімет пен опозиция соғыстың біткені жайлы бірлескен мазмұндама жариялағаннан кейін арада он күн өте сала, полковник Аурелиано Буэндиа батыс шекарада жасаған алғашқы көтеріліс жайлы хабар жетті. Айналасы бір аптаның ішінде адамы аз, қаруы нашар көтерілісшілердің отрядтарының тоз-тозы шығарылды. Алайда либералдар мен консерваторлар өздерінің қаяусыз бітімге келгендіктеріне елді сендірмекке тырысып, қолдан келгеннің бәрін істеп жанталасып жатқанда, полковник Аурелиано Буэндиа бір жыл ішінде тағы да жеті қарулы көтеріліс ұйымдастырды. Бір күні түнде ол кеме бортынан Риоачаны зеңбіректерден атқылады, бұған қырсыққан Риоачаның гарнизоны күллі қалаға әйгілі он төрт либералды түн ішінде төсектерінен тұрғызып алып кетіп, атып тастады. Келесіде шекаралық кеден күзетін басып алған полковник Аурелиано Буэндиа оны он бес күн бойы қолында ұстап тұрып, сонан бүкіл халыққа жаппай соғыс ашуға шақырған арнау жолдады. Енді бірде ол өзінің астананың іргесінде соғыс қимылдарын өршітпек үшін ит тұмсығы өтпейтін орман арасымен мың жарым шақырымдай жол жүріп бармақ болған әпербақан жоспарын жүзеге асырам деп, үш ай бойы қалың нудың арасында қаңғырып, адасып жүрді. Тағы бірде оның Макондоның дәл іргесіне жиырма шақырымнан да бері жа-

қындап келгені бар, алайда үкімет әскерлерінің шолғыншы отрядтары оны кері тықсырып, тауға қарай ығысуға, баяғы әкесі испан кемесінің діңгегін тауып алатын алаңға қол созым жерде тасалануға мәжбүр етті.

Дәл сол кездерде Виситасьон қайтыс болды. Оның бір кезде жасына жетпей қыршынынан қиылмас үшін тақтан да бас тартып, үйқысыздық індетінен қашып келгені мәлім, байғұс дегеніне жетіп, қартайып ақ өліммен көз жұмды. Марқұмның соңғы аманаты төсегінің астындағы сандықтан өзінің жиырма жылғы қызметі ішінде жиған қаржыны алып, соғысты әрі қарай жалғастыруы үшін полковник Аурелиано Буэндиаға жіберіңдер деу болды. Полковник Аурелиано Буэндиа провинцияның бас қаласының қасында жағалауға түсер кезде қаза тапты деген қауесет тарады да, Урсула бұл ақшаға қол тигізген жоқ. Полковник Аурелиано Буэндиа туралы алты ай бойы ешқандай сыбыс естілген жоқ, сондықтан оның өлгені туралы соңғы екі жылдағы төртінші хабар расқа шыққандай еді. Алдындағы аза тұтуларының мерзімі бітпеген Урсула мен Амаранта қайтадан қара жамылып, жоқтай бастаған кезде Макондоға тағы да таң қаларлық хабар жетті. Полковник Аурелиано Буэндиа тірі екен, алайда өз елінің үкіметімен күресуден бас тартқан сыңайы бар, сондықтан Кариб теңізінің басқа республикаларында жеңістен-жеңіске жетіп, шайқасып жатқан федералистерге қосылыпты. Ол бөтен адамдардың атын жамылып, оннан бір, мұннан бір шығып отырды, бірақ әр жолы туған жерден алыстай берді, алыстай берді. Осы уақыт ішінде оның Орталық Американың барлық федералистік күштерін біріктіріп, Аляскадан бастап Патогонияға дейін күллі құрлықта консерваторлар үкіметін құлату ниетімен рухтанып, қажыр-қайрат жұмсағаны кейіннен мәлім болды. Ұлының тікелей өзінен алғашқы хабарды Урсула ол Макондодан аттанып кеткеннен кейін арада талай жыл өткен соң алды, бұл сонау Кубадағы Сантьягодан қолдан қолға көшіп жеткен сиясы жайылып, оңып кеткен, әбден умаждалып қалған хат еді.

— Енді бізге Аурелиано жоқ. — Хатты оқып шыққан Урсула қатты қапаланды. — Бүйтіп жүре берсе, ол жазған енді бір жылда жер түбіне жететін шығар.

Урсуланың басқа жұрттан бұрын барып хатты көрсетіп,

осы сөздерін өз аузымен айтқан алғашқы адамы соғыс біте Макондоның алкальды болып тағайындалған генерал консерватор Хосе Ракель Монкада болды. "Әй, бұл Аурелиано ма, бұл Аурелиано, — деп таңдай қаққан генерал. — Әттең, оның консерватор болмағанын айтсаңшы". Ол, шындығында, полковник Аурелиано Буэндианы пір тұтатын. Консерваторлар партиясындағы басқа да көптеген адамдар сияқты Хосе Ракель Монкада партия мүддесін қорғаймын деп соғысқа қатысты, әскери қызметке онша құлығы болмаса да, ұрыс даласында жүріп генерал шенін алды. Басқаны былай қойғанда, партиялас басқа да жолдастары сияқты генерал Монкада да жан-тәнімен әскерилерді жақтырмайтын. Әскери адамдарды табансыз, тайғанақ, еміншек-еріншек, мансап-құмар, бір балық ұстаймын деп бүкіл айлақты лайлайтын ақылсыздар, бейбіт елдің берекесін кетіретін лаң санайтын. Жақсы тамақ ішіп, жақсы киінуге құмар, қораз таластыру қызығына тоймайтын, бір басының жүті жоқ аңқылдақ азамат, салауатты да салиқалы жан генерал Хосе Ракель Монкаданың заманында полковник Аурелиано Буэндианың ең қауіпті дұшпаны болғаны да рас. Жағалаудағы аумақты ауданда жаңадан шен тағып, шекпен киген әскерилердің арасында ол үлкен беделге ие болды. Бірде стратегиялық жағдай бір қамалды полковник Аурелиано Буэндианың әскерлеріне тастап шығуға мәжбүр еткенде, ол аттанып бара жатып, оған екі хат тастап кетті. Ұзын сонар бір хатында генерал соғыс жүргізудің ізгі тәсілдері жолында бірлесіп науқан ұйымдастыруды ұсыныпты. Екінші хат көтерілісшілер басып алған ауданда тұратын генералдың әйеліне жолданған екен, оған қыстырып кеткен тілдей қағазда генерал хатты иесіне тапсыруды өтініпті. Содан былай қарай, тіпті, соғыстың ең қайнап тұрған сәттерінің өзінде екі қолбасшы тұтқындар алмасу үшін уақытша бітім жасауды дағдыға айналдырды. Мерекелік көңіл-хош ұялайтын осындай үзілістерді генерал Монкада полковник Аурелиано Буэндианы шахмат ойынын үйретуге арнады. Екеуі жақындасып, достасып кетті. Тіпті, олар екі партиядағы қарапайым адамдардың күш-қимылын үйлестіріп, сол арқылы әскерилер мен кәсіпқой саясаттшылардың ықпалын жою және әр партияның өз жарғысындағы жақсы біткенді жинақтап, іске асыратын ізгі қоғамдық құрылыс орнатуды ойластыра бастады. Соғыс бітіп, полковник Аурелиано Буэндиа бүлікшіліктің таусылып бітпейтін тайғақ кешуіне түсіп қарасын батырғанда, генерал Монкада Макондоның коррехидоры болып тағайындалған-

ды. Ол өзінің де әскери киімін тастап, солдаттарды да қарусыз полицейлермен алмастырды, кешірім жайлы заңдарды мүлтіксіз орындатып, соғыста қаза тапқан кейбір либералдардың отбасына көмек көрсетті. Макондоны қоярда қоймай жүріп, муниципальдық округтің орталығы етіп жарияладып, коррехидордан алькальд болып өскеннен кейін ол қалада бейқам, тыныш тірлік орнатты, ел соғыс ылаңын алыста қалған ала құйын түстей ұмыта бастады. Ақыры, бауырының ауруынан әбден титықтаған падре Никанорды бірінші федералистік соғыстың ардагері, Макондо жұрты Күңкілдек атап кеткен падре Коронель алмастырды. Ампаре Москотеге үйленіп, ойыншықтар дүкенінің шаруасы бұрынғыша оңға басып тұрған шақта Бруно Креспи қалада театр салдырып, Испанияның театр труппалары өздерінің гастрольдік сапарларында бір аялдар жері етіп, Макондоны да белгіледі. Театр дегенде, бұл ішіне ағаш орындықтар қойылып, грек маскаларының суреті салынған, барқыт шымылдық құрылған, ырсиған аузы арқылы билеттер сатылатын арыстанның басы құсатып жасалған үш кассасы бар, төбесі ашық әжептәуір үлкен ғимарат болатын. Мектеп үйінің тәртіпке келтірілгені де сол кез. Мектепке жазықтағы қалалардың бірінен жіберілген қарт мұғалім дон Мельчор Эскалона қожалық етті, ол ата-аналар қоштаған соң, еріншек оқушыларды жұдырықтай-жұдырықтай тас төселген аулада еңбектетіп есін шығарды, ал сөзуарларға тіл қуыратын ащы үнді бұрышынан жегізіп сілесін қатырды. Санта Софья де ла Пьедадтан туған еркетотай егіз ұл Екінші Аурелиано мен Екінші Хосе Аркадио қолдарына борлары мен ағаш тақтасын, сырттарына аттары жазылған қалайы крүшкелерін ұстап, алғашқылардың бірі болып, класс табалдырығын аттады; олармен бірге анасына тартып ажарлы болып өсіп келе жатқан, әдемілігі ауызға ілініп, әсем Ремедиос атанған Ремедиос та келді. Жасы талайға жетіп, тамам қазаны бастан кешкен де, тіршілік тауқыметін бір адамдай тартса да, Урсула кәрілікке жеңгізбеген, әлі тың еді. Санта Софья де ла Пьедадтың көмегімен ол тәтті тағамдар өндіруді бұрынғыдан да өрістетіп, ұлы соғысқа шашқан қаражатты қалпына келтіріп қана қойған жоқ, кептірілген бірнеше асқабақтың ішіне саф алтынды сықай толтырып, жатын бөлмесіне тығып тастады. “Тәңірі дәм-тұзымды тауыспай тұрғанда, —

деп қояды ол анда-санда — есаландар жайлаған осы үйден әлі ақша үзілмейді". Жарау аттай таралып, сынды, сұңғақ әлуетті болып өскен, үндістер сияқты қара қошқыл жүзді, ұзын етіп шаш қойған Аурелиано Хосе Никарагуада федералистік әскерлердің қатарынан қашып, неміс кемесіне матрос болып жалданып, жүрек түпіріндегі Амарантаға үйленсем деген үмітпен үйге келгенде, мұндағы жағдай осындай еді.

Амаранта оны көрген бетте-ақ, өзіне ләм-мим деп тіл қатпаса да оның неге қайтып келгенін бірден сезе қойды. Үстел басында да олар бір-біріне қарауға қаймығып отырды. Алайда оралғанына екі апта өткеннен кейін, Аурелиано Хосе еш именусіз Урсуланың көзінше Амарантаға қадала қарап: "Ылғи да өзің туралы ойлап жүрдім", — деп қойып қалды. Амаранта одан қашқақтай бастады. Оның көзіне түспеуге тырысып, қасынан Әсем Ремедиосты екі елі қалдырмайды. Бірде Аурелиано Хосенің Амарантадан қолындағы қара шүберекті қашанғы шешпей жүресің деп сұрағаны бар, інісінің бұл сөзін қашанғы қыз боп жүресің деген тұспалы деп түсінген Амаранта қызарып кетті, содан кейін өзінің осы осалдығына іштей ыза болды. Аурелиано Хосе келгеннен бері ол жатын бөлмесінің есігін ішінен іліп алып жүретін, келе-келе оның түн баласында көрші бөлмеде қаннен-қаперсіз қорылдап ұйықтап жататынын біліп, бейқам қалған. Аурелиано Хосенің қайтып келгеніне екі айға жетер-жетпес уақыт өткен, Амаранта таң алдында оның өз бөлмесіне кіріп келе жатқанын сезді. Ол қашуға да, айғайлауға да әрекеттенген жоқ, әлдебір жылы сезім бойын буып, тырп ете алмай жата берді. Оның бөз-баяғыдағы, кішкентай бала кезіндегідей масаға құрылған шымылдықты сырып, сып беріп көрпесінің астына кіріп келгенін байқап, денесін сүп-суық тер басты, оның тыр жалаңаш екенін сезгенде, тісі-тісіне тимей, сақылдап кетті. "Кет деймін, кет, — деп сыбырлады ол, бойын бір қызықты көруге итермелеген сезім билеп. — Әйтпесе осы қазір айғай салам". Жоқ, енді не істеу керектігін Аурелиано Хосе білетін, ол бұрынғы сары ауыз балапан емес-тін, казарманың қақ-соғын көрген қандыауыз болатын. Сол түннен олардың боз ала таңға дейін аңдысумен өтетін алдырмайтын айқасы қайта басталған. "Мен сенің әпкең емеспін бе, арсыз. Жасым да үлкен — Амаранта

түншыға сыбырлады. — Ақ сүтін беріп асырамады демесең, анаң емеспін бе?" Түн туа қайтып келу үшін алагеуімде Аурелиано Хосе кетеді, келгенінде есіктің жабылмағанын көріп, бұрынғыдан да жаныға түседі. Иә, ол ғұмыр бойы Амарантаны аңсауын қойған емес. Ол оны бағындырылған қалалардағы қараңғы бөлмелерде, әрі небір сойқан, жынойнақ бөлмелерде кезіктірді, оның бейнесі жаралылардың жарақатына қатқан жылымшы қан-жын иісінен жүрегі лоқсыған кездерде, өміріне қатер төнген небір қиы-қыстау сәттерде, қайда жүрсе де, қашанда қасынан бір елі ажыраған емес. Көз көріп, құлақ естімеген алысқа кетіп, қарулас достары батырлық санайтын сананы улайтын қатыгездіктің арасында жүріп, оны тарс есінен шығару үшін қашса да, оның бейнесін соғыстың қан-жынына салып қанша былғаса да, сол сұм соғыстың өзі оның есіне Амарантаны сала берді. Сөйтіп, қашан екені белгісіз, әлдекімнің аузынан бір адамның аңдаусыз өзінің немерелес әпкесіне үйленіп, соңыра өз ұлы өзіне нағашы болып шығатын ежелгі есерлеу әзілді естігенше, ол сол бетімен Амарантадан қашып, ажал қуалап, небір ауыртпалықты бастан кешіріп, айдауда тақсырет тартып жүрді.

— Туған әпкесіне үйленуге бола ма екен? — деп сұраған сонда таңданған Аурелиано Хосе.

— Әпкең не? — деп ерепейсіз күлген солдаттардың бірі. — Сонда біз поптарға қарсы неге соғысып жүрміз дейсің? Қаласа әркімнің, тіпті, туған шешесіне үйлене алатындай болуы үшін.

Осы әңгімеден соң екі апта өткеннен кейін Аурелиано Хосе қашып шықты. Амаранта оған бұрынғыдай емес, солғын секілденді, уылжып пісіп, үзіліп түсер шағына жеткеніне қам көңіл ме, салқын тартыпты, алайда қараңғы бөлмеде бұрынғыдан да ынтық көрінеді, ылғи аңсаттырып, арпалыстырып арыға жібермей ындынын құртады. "Неткен хайуан едің, — дейді оның қыр соңынан қалмай қыдиғанынан әбден мысы құрыған Амаранта. — Рим папасының рұқсатымен ғана әпкесіне үйленуге болатынын білмеуші ме ең?" Аурелиано Хосе күллі Европаны еңбектеп өтсе де, Римге жетуге, әулие бекзаттың табанын жаласа да, рұқсат әкелетініне уағда байлайды, тек қақпадан өткіз, қанағат бер деп қиылады.

— Тәңірім-ау, рұқсатта тұрған не бар, — деп азар да безер болады Амаранта. — Мұндайдан торай күйымшақ бала туатынын білмеуші ме ең?

Алайда оның бір де бір дәлеліне құлақ асар Аурелиано Хосе жоқ.

— Мейлі, аждаһа туса да бәрібір. — Тағы да жалынып-жалпаюын қоймайды.

Құмары қанбай әбден құты қашқан ол бір күні таңға жуық Катаринонның мекен-жайына тартты. Онда анарлары салбырап, түсіңкірей бастаса да, аз уақытқа болса да көңілін аулауға жараған арзан әйел тауып, мауқын басты. Енді ол Амарантаны көзге ілмегенсіп, кенезесін кептіріп, қолға түсірудің қамын жасады. Дәлізде әпкесі қолдарынан өрнек төгіліп, тігін машинасын зырылдатып іс тігіп отырса, жанынан көрмегенсіп, тіс жармай кекірейіп өтеді. Амаранта иінінен зіл батпан жүк түскендей бойының жеңілейіп қалғанын сезді, неге екені белгісіз, сол сәттен бастап полковник Геринельдо Маркес туралы ойлай бастады, ақшам әлетінде оңашада дойбы ойнайтын сәттерін аңсады, жүрегінің терең түкпірінде полковникті жатын бөлмесіне кіргізуден де кет әрі емес еді. Өзінің ақылсыз айласының салдарынан оңбай ұтылғанын Аурелиано Хосе аңдамай да қалды. Одан әрі шалқақтай беруге шыдамы жетпей, тағаты таусылған ол бір түнде тағы да Амаранта бөлмесінің табалдырығын аттады. Бұл жолы Амаранта оны алды-артына қаратпай бірден айдап тастады да, есігінің ілгегін мәңгіге ілді.

Аурелиано Хосе Макондоға оралғаннан кейін, арада бірер ай өткен соң, олардың үйлеріне бестер шамасындағы еркек бала ерткен, үстінен гүл әтір иісі ескен етженді әйел келді. Әйел полковник Аурелиано Буэндиадан туған ұлды ат қойып, ақ батасын берсін деп Урсулаға әкелгенін айтты. Есімсіз перзенттің шыққан тегі ешкімнің күмәнін туғызған жоқ: баяғыда бала кезінде мұзды көрсетуге апарғанда полковник қандай болса, бұлда айна — қатесіз сондай екен. Әйел нәрестенің көзінің ашық туғанын, туа сала айналадағы адамдарға тәкаппар кейіппен көз тіккенін және не нәрсеге де кірпік қақпай қадала қарайтын дағдысынан қатты қорқатынын да жасырмай айтып берді. “Әкесі көз салғанда орындықтар өзінен-өзі қозғалып кететін, сонысы

жетпейді демесең, әйтпесе сойып қаптап қойғандай дәл өзі", — деп жатыр Урсула. Балаға Аурелиано деп ат қойылды да анасының фамилиясы берілді, өйткені әкесі ұлым деп танығанша оның фамилиясын алуға заң жүзінде рұқсат етілмейтін. Баланың кіндік атасы генерал Монкада болды. Амаранта баланы қалдырып кет, өзім тәрбиелейін деп еді, анасы көнген жоқ.

Урсула асыл тұқымды қораздарға мекиен қосатынын білетін, ал енді қыздарды атақты әскербасылардың қосынына жіберіп, қойнына салатын ғұрыптың барын ешқашан естіген емес, алайда бір жыл ішінде үйлеріне ат қойып, ақ бата алу үшін полковник Аурелиано Буэндианың тоғыз ұлы келтірілгенде, сондай дәстүрдің барына әбден көз жеткізді. Олардың үлкені әке жұртына түрі де, түсі де ұқсамайтын қара шашты, оғаш мінезді бала оннан асып қалған еді. Түрі басқа, түсі басқа талай бала келді, алайда олардың өздерін оқшау, менмен ұстауы бәрінің де Буэндиа тұқымына туыстығы барын бірден танытып тұрды. Қаздай тізіліп алдынан өткен өскіндердің екеуін ғана Урсула есінде сақтап қалыпты. Олардың біріншісі — жасына қарағанда сүйегі ірі баланың қолы тиген нәрсені қирататын қасиеті бар секілді, сәттің арасында Урсуланың гүл салатын вазасын, бірнеше тарелкесін күл-талқан етіп күйретіп шықты. Екіншісі — шешесіне тартқан көкшіл-сұрғылт көзді, қыздардікіндей күлтеленіп тұратын ұзын шашты ақ құба бала болатын. Ол осында туып, осында өскен жандай үйге жайраңдап еркін кірді, тіпті, қай жерде не жатыр, соған дейін білетін секілді, турадан тура Урсуланың жатын бөлмесіндегі әбдіренің қасына келіп: "Бұрандалы бишіні алып берші", — деп өтінді. Урсула тіпті шошып кетті. Ойыншықты баяғыда Пьетро Креспи әкеп берген, содан бері ұмыт қалған, Урсула әбдірені ашып, Мелькиадестің заманынан жатқан, ескі-құсқы шаң басқан заттарды ақтарып, ескі шұлыққа оралған биші қызды алып берді. Әйтеуір, он екі жылдың айналасында соғыс айдап барған жерлерде полковник Аурелиано Буэндиа қалдырған балалардың бәрі де Аурелиано атын, аналарының фамилиясын алып шықты, ал ұлдардың ұзын саны он жеті еді. Алғашында Урсула олардың қалталарына толтырып ақша салып беретін, Амаранта болса оларды алып қалуға тырысты. Ақыры, Урсула мен Амаранта оны-мұны заттарды сыйға тар-

тып, шоқындырып, өкіл шеше болумен шектелетінді шығарды. "Басқа не істейміз енді. Шоқындырдық, ат бердік, әйтеуір, бір парызды өтедік, — дейді Урсула, сосын бір бөлек дәптерге келген әйелдің аты-жөнін, тұрағын, баланың туған күнін жазып алып қалды. — Аурелианоның есепқисабы дұрыс түрсын. Қайтып келер, келген соң бұларының тағдырын өзі шеше жатар". Бірде түскі астың үстінде генерал Монкадамен арадағы әңгіме үстінде сөз арнасы өз әулетінің мына күмәнді өсімталдығына қарай ойысып, сонда Урсула полковник Аурелиано Буэндиа күндердің күнінде тірі келіп, шашылып жүрген ұлдарының басын бір шаңырақтың астына қосса деп армандайтынын айтқан.

— Қам жемеңіз, — деп жұмбақтай сөйлеген сонда генерал Монкада: "Ол сіз ойлаған кезден де ертерек келіп қалар, бәлкім". Түскі ас үстінде генерал Монкада ұшығын ғана қылтитып, шын мәнін ашпаған құпияның өзіндік сыры бар еді, полковник Аурелиано Буэндианың еліне беттеп келе жатқаны мәлім болған-ды, ол осы уақытқа дейінгі көтерілістердің ішіндегі ең ұзақ, ең батыл, ең қан төгісті болатын көтерілісін бастауға келе жатты.

Алғашқы соғыс қарсаңындағы айлардағы сияқты жағдай тағы да шиеленісе түсті. Алкальдтың өзі бас болып қолпаштайтын қораз таластыруға да тыйым салынды. Азаматтық өкімет билігі де, сайып келгенде, гарнизон бастығы капитан Акилес Рикардоның қолына көшті. Либералдар жағы оны іріткі салушы деп жариялады."Бір жаманшылық болатынын жүрегім сезетін секілді, — деді Урсула Аурелиано Хосеге. — Кешкі сағат алтыдан кейін үйден шыға көрме". Оның құдайдың зарын қылғанына қараған анау жоқ. Баяғыдағы Аркадио сияқты Аурелиано Хосе да жатбауыр болып кеткен еді. Үйге қайтып келгеннен кейінгі не ішем, не кием демеген қамсыз-мүңсыз тірлігі мұны да үлкен ағасы Хосе Аркадио секілді тек ләззат-рақатқа ғана құныктырып, еріншек етіп жіберген еді. Бұл күнде Аурелиано Хосенің Амарантаға деген құмарлығы да сап тыйылған. Оған да жүрегі жараланып жабырқаған бұл жоқ. Басы ауған жаққа бағыт ұстап, ойсыз тіршілік кешіп жатты, бар ермегі бильярд ойнайды, жалғыздықтан жабырқаған жанын жолай кезіккен әйелдермен жақындасып жадыратады. Урсула жиған-тергенін тығатын жерлерді тінтіп шығады. Ақыры, үйге киімін ауыс-

тыру үшін ғана келетінді шығарды. "Бұлардың бәрі бір қалыптан шыққандай, — деп күңіренеді Урсула. — Алдымен ел сияқты өседі, тіл алғыш, байыпты, қой аузынан шөп алмайтын жуас болады, ал сақал шыға өнер шығарды". Өзінің дүниеге келуінің жай-жапсарын білмей кеткен Аркадиодай емес, Аурелиано Хосе анасының Пилар Тернера екенін біліп алған: ол бұл дегенде ішкен асын жерге қояды, түстен кейін келіп демалсын деп үйіне соған арнап аспалы төсек құрып қойды. Олар ана мен бала ғана емес, жалғыздықтан жапа шеккен мұңдастар да еді. Пилар Тернераның жүрегіндегі үміт ұшқыны бұл кезде біржола өшкен болатын. Баяғы сыңғырлаған күлкісі орган үніндей көмескі тартып, шын ықыласты аймалау көрмей, дәйім бөтен қолдар сипалаған анарлары солып, қарны мен қара саны да көп еркек көрген жолбике әйел мүшесінің кебін киген Пилар Тернераның жүрегі ғана мұңсыз-шерсіз қартайды. Атаусыз қалған ашына әйел секілді семіріп, күйбеңі көбейген ол уәде еткені болмаса, уыстап берері жоқ, алдамшы картаны ашуды да қойып кеткен; енді ел махаббатын қызықтап, тып-тыныш күн кешіп жатқан. Сөйтіп Аурелиано Хосе демалатын үй көрші қыз-желең, кездейсоқ көңілдестерімен кезігетін ошаққа айналған. Олар әйшәй жоқ: "Ал, Пилар, саған келдік, бұрышыңды бер", — десіп, баса-көктеп кіре беретін. "Төрлет, төрлет", — деп қалбалақтап қарсы алатын Пилар. Бұл кезде бөтенбөгде адам бола қалса: "Өзгелер төсекте табысып, рақат тапса, менің де көңілім жай,"— деп жуып-шайып жатады.

Ол көрсеткен қызметі үшін ақы да алған емес. Бір кезде қартайып қызуы таусылғанша, анда-санда қасқағымдық рақатқа бөлегені болмаса, ақша да, махаббат та бере алмаған, өзіне көзін сүзіп, емінген қисапсыз көп еркектің бірде-бірінің көңілін жықпаған әйел бұлардың да ешқайсысының өтінішін жерде қалдырған емес. Анасының қайнаған қаны бойларына дарыған Пилар Тернераның бес қызы бірдей балиғатқа жетпей жатып-ақ, өмірдің бұралаңы мен бұлтағы көп жолдарына түсіп, жөндеріне кетті. Қолында өскен екі ұлының біреуі полковник Аурелиано Буэндианың туы астында соғысып жүріп қаза тапты, екіншісі он төртке жаңа толғанда жазықтағы қалалардың бірінде тауық салынған себетті ұрлай-

мын дегенде жарақаттанып қолға түсті. Жарты ғасыр бойы карта ашқанда қарға король болып елестеген "әне келеді, міне келедімен" тосқан ұзын бойлы қара торы еркегі — өз перзенті Аурелиано Хосе екенін Пилар Тернера енді түсінгендей, карта әкелуге тиіс басқа да көптеген еркектер секілді ол да жүрегіне тым кеш енді, аналық мейіріміне орап мауқымды басам дегенде, оны да ажал лебі шарпып тұрды. Мұны Пилар Тернера картадан оқып білді.

— Бүгін кешке ешқайда бармай-ақ қой, — деді ол баласына. — Осында ұйықта. Кармелита Монтель келем деген, көптен бері саған құмартып жүр.

Аурелиано Хосе анасының сөзінен қатты абыржушылықты, алаңдаушылықты аңғарған жоқ.

— Түн ортасында келем, тоссын деп айт, — деді.

Соны айтып ол театрға кетті, онда испан труппасы "Сорроның қанжары" пьесасын қойып жатқан, шындығында, бұл Соррильяның[1] әйгілі трагедиясы болатын, алайда либералдар консерваторларды "готтар" деп атайтын болған соң, капитан Акилес Рикардоның бұйрығы бойынша аты әдейі өзгертілген еді. Билетін көрсетіп, Аурелиано Хосе кіре бергенде, қасында қарулы екі солдаты бар капитан Акилес Рикардоның кіріп жатқандарды жағалай тінтіп шыққанын көрді. "Байқа, капитан, — Аурелиано Хосе оны сақтандырған болды, — маған қол көтерер адам әлі туған жоқ". Капитан күштеп тінтуге әрекет жасағанда, қасында қаруы жоқ Аурелиано Хосе қаша жөнелді. Сонда да солдаттар атпады, берілген бұйрыққа да бағынған жоқ. "Бұл Буэндиа ғой", — деп біреуі күңкілдеді. Зығырданы қайнаған капитан винтовкасын жұлып алды да қаумалаған жұртты киіп-жарып, көшенің ортасына шықты да кезене бастады.

— Өңшең қорқақ! — деп кіжіне айқайлады ол. —Тіпті полковник Аурелиано Буэндианың өзі болса да.

Мылтық даусы шыққан кезде, жиырма жасар бейкүнә бойжеткен Кармелита Монтьель әтір суымен сүртініп, Пилар Тернераның төсегінің үстіне гүл жапырақтарын сеуіп жатқан. Картаның айтуына қарағанда, Аурелиано Хосе Ама-

---

[1] Әңгіме испан ақыны әрі драматург Хосе Соррильяның (1817-1893) трагедияларының бірі туралы болып отыр, ол трагедия да шындығында "Готтың қанжары" деп аталатын.

ранта айырған бақытын осы қыздан тауып, онымен бірге алты бала өсіріп, жеткізіп, қартайған шағында соның қолында өлуге тиіс-ті, алайда арқасынан тиіп, кеудесін тесіп өткен оқ картаның болжауына бас ие қоймаған секілді. Есесіне пешенесіне осы түнде өлу жазылған капитан Акилес Рикардо, шынында, сол түннен қалған жоқ, тіпті, Аурелиано Хоседен төрт сағат бұрын көз жұмды. Мылтық даусы шыққан сәтте белгісіз бір қолдар атқан екі оқ қатарынан қадалған капитан сылқ түсті, аттандаған көп адамның даусы түн түнегін тілгіледі:

— Либералдар партиясы жасасын! Полковник Аурелиано Буэндиа жасасын!

Түнгі он екі шамасында Аурелиано Хосенің жарасынан аққан қан таусылып, Кармелита Монтьель тағдырының картасы қайта үлестірілген кезде, театр алдынан өткен төрт жүзден астам адам өз тапаншаларының оқтары көшенің ортасында қалған капитан Акилес Рикардоның денесіне қадап-қадап кетті. Су тиген нандай үгітіліп жатқан, қорғасыннан зіл батпан болған өлікті бірнеше солдат қол арбаға зорға көтеріп салды.

Үкімет әскерлерінің бас-көзсіз қылығына қынжылған генерал Хосе Ракель Монкада барлық саяси байланыстарын пайдаланып, шенді шекпенін қайта киіп, Макондоның азаматтық және әскери билігін тағы да қолына алды. Алайда елге үйтқы болуға тырысқан әрекетінің бұлтартпай төнген қатерді сейілтетініне оның өзінің де сенімі шамалы еді. Қыркүйекте түскен хабар қым-қиғаш-ты. Үкімет бүкіл елді бақылауда ұстап отырмыз деп мәлімдесе де, либералдар құлағына ішкі аудандардағы қарулы көтерілістер жайлы құпия сыбыс келіп жатты. Үкімет орындары соғыс болып жатқанын полковник Аурелиано Буэндианы сыртынан өлім жазасына кескен әскери трибуналдың үкімін ресми жариялаған кезде ғана барып мойындады. Полковникті тұтқынға алған алғашқы гарнизон сол сәтте үкімді орындауға міндетті болатын. “Ол қайтып келген екен-ау”, — деді қуанған Урсула генерал Монкадаға. Бірақ оның келген-келмегенінен генерал мүлде бейхабар екен.

Шынында, полковник Аурелиано Буэндиа елге айдан астам уақыт бұрын қайтып келген еді. Оның елге оралуына орай халық арасында неше түрлі қауесет тарап, бірінен бірі

жүздеген шақырым алшақ жатқан жерлерде оны бір мезгілде көрдік дескен сыбыс қаптап кеткен соң, генерал Монкаданың өзі де полковник Аурелиано Буэндиа жағалаудағы екі штатты басып алды деген ресми хабар жарияланғанша оның қайтып келгеніне сенбеген. "Құттықтаймын сізді,— деген сонда генерал Монкада Урсулаға. — Көп ұзамай оны осы жерден көретін боласыз". Сол сәтте Урсуланың көңіліне абыржушылық кірген. "Ойпырмай, сонда сіз не істемексіз", — деп сұраған ол. Бұл генерал Монкаданың өзіне-өзі талай қойған сауалы еді.

— Ол не істесе, соны істермін: мен де өз борышымды өтеуге тырысармын.

Қазан айының бірі күні таңертеңгі елең-аланда жақсы қаруланған мың солдатпен полковник Аурелиано Буэндиа Макондоға шабуыл жасады, қала гарнизоны ақырына дейін қарсыласуға бұйрық алды. Генерал Монкада тал түсте Урсуламен бірге ауқат ішіп отырған кезде көтерілісшілердің қала үстінде күндей күркіреген артиллериясынан атылған залп муниципалитет қазынасы үйінің кіре берісінің күл-талқа — деп күрсінді генерал Монкада. — Онымен қоймай жандарын салып соғысатынын қайтерсің". Тура сағат екіде артиллериялық атыстан жер солқылдап түрғанда, ол Урсуламен қоштасып шықты, бұл сәтте ол бәрібір жеңіліске ұшырайтын үрыс жүргізіп жатқанына әбден көз жеткізген еді.

— Құдайдан жалбарынып тілейтінім, дәл бүгін осы үйге Аурелиано келмей-ақ қойса екен, — деген ол Урсулаға кетіп бара жатып. — Ал солай бола қалған сәтте оны мен үшін құшақтап сүйіңіз, енді көре алмайтын сияқты болам да түрам.

Сол күні түнде генерал Монкада алдын ала полковник Аурелиано Буэндиаға өздерінің соғыстың мейлінше мейірімді тәсілдерін қолдану жайлы уағдаластықтарын есіне салып және әскерилердің парақорлығы мен екі партиядағы саясатшысымақтардың өз атақ-абыройын ғана күйттеген құйтырқылығына балта шауып, түпкілікті жеңіске жетуіне тілек білдірген ұзын сонар хат қалдырып, Макондодан қашып бара жатқанында қолға түсті. Келесі күні полковник Аурелиано Буэндиа Урсуланың үйінде генерал Монкадамен бірге түстенді, әскери-революциялық трибунал тағдырын шешкенше генералды күзет қойып, осында ұстауға үйғарым жасалған болатын. Бұл отбасы ошағының басындағы берекелі,

бейкам бас қосу еді. Кешегі қарсыластар бүгін қан майданды ұмытып, өткен күндер жайлы естеліктер тізіп рақатқа бөленіп отырғанда, Урсулаға ұлы осы жолы Отанына басқыншы болып оралғандай көрініп, сол жаман әсерінен арыла алмай-ақ қиналған. Бұл сезім полковник қауіп-қатер жоқ па деп үй ішін, бөлме-бөлмені аралап жүріп, астан-кестен қылып тінтіп шыққан, толып жатқан жасауылдарын ертіп, табалдырықтан аттаған сәтте-ақ пайда болған. Полковник Аурелиано Буэндиа бұған жол беріп қана қойған жоқ, басынан сөз асырмайтын өктем дауыспен жеке өзі бұйырып тұрды, үйді айнала күзет қойып шыққанша, бір де бір адамға, тіпті, Урсуланың өзіне үш метрден жақын жанына келуге рұқсат еткен жоқ. Үстіне қаудырлақ мақта-матадан тігілген, лауазым-шенін көрсететін ешбір белгісі жоқ әскери киім, аяғына қан қатып, балшыққа былғанған биік қоныш батқылы етік киіпті. Беліне байлаған ірі калибрлі тапаншасының қабы ашық, оның сабын сығымдай ұстаған салалы саусақтарынан да дәл жанарларындағыдай айрықша сақтық пен бекемдік белгісі сезіледі. Қос самайының үсті қасқа тарта бастаған басында қырым ет жоқ, әдейі отқа қақтап кептіргендей, сүйек пен тері ғана қалған. Кариб теңізінің тұзы шайған жүзі темір түстеніп семіп кетіпті. Тегі оны қартайтпай қорғаштап келе жатқан өмірлік күш көбінесе діңінің қаттылығында, жан дүниесінің салқындығында жатса керек. Қазір ол бұрынғысынан да сұңғақ, сүйекті, жүдеу көрінеді, сондай-ақ бойындағы туған-туыскандарына деген жылылық сезімін де сыртқа шығармауға тырысып тұншықтыра бастағаны да тұңғыш рет көзге түсті. "Тәңірім -ау — деп ойлаған көкірегіне үрей ұялаған Урсула. — Мынау не нәрседен де тайынбайтын жанның түрі ғой". Оның Амарантаға ацтек шәлі әкеп беруі, дастарқан басындағы естеліктері, езу жиғызбайтын әзіл әңгімелері бұрынғы Аурелианоны оттың күліне қарап, шоғын елестету қандай қиын болса, дәл солай еміс-еміс қана еске салатын. Өлгендерді ортақ молаға көміп үлгермей жатып, ол полковник Қасапшы Рокеге дереу соғыс трибуналын шақыруға бұйрық берді де, өзі консерваторлар орнатқан шайқалып тұрған тәртіпті түп-тамырына дейін қақырататын түбірлі реформаларды іске асыру жолындағы қиын-қыстау шаруаны қолына алды. "Либералдар партиясындағы саясатшысы-

мақтардың алдын орап кетпесек болмайды, — деді ол көмекшілеріне, — олар сабасына түсіп, сара бағыт сызғанша бәрін тып-типыл қылып тындырып қояйық". Соңғы бес жыл ішінде тіркелген жер пайдалану құқынын тексеруді де сол сәтте қолға алды, ол өзінің туған ағасы Хосе Аркадионың заңды жамылып, төңірегіндегілерді жағалай тонап алғанын білді. Осы мәселе жөніндегі жазбаларды қаламымен бір-ақ тартып, сызып жоққа шығарды. Содан кейін соңғы ілтипатын білдіріп, қабылданған шешімді қаперіне салу үшін бар жұмысын жиып тастап, бір сағатқа ғана кіріп шықпақ болып Ребеканікіне тартты.

Бір кезде пәк махаббатының мұндасы болған, таң атқанша талмай тосып жүріп, ажал шеңгелінен алып шыққан осынау қара күңгірт жатын бөлмедегі жабыққан жалғыз жесір полковниктің көзіне өткеннің елесіндей боп қана көрінген. Қара бақайына дейін қара жамылған, жүрегі баяғыда-ақ семіп, күл болып кеткен осынау әйел соғыстың жүріп жатқанынан да бейхабар еді. Полковникке оның сүйектерінен шыққан сәуле терісі арқылы өтіп жылт-жылт етіп тұрғандай көрінді, Ребека жанып-өшкен, өшіп-жанған жылтыраған оттарға толы ауада қалқып келе жатқандай елестеді: ағынсыз тұрған су сияқты тұнып қалған ауада әлі де оқ-дәрінің болар-болмас иісі бар. Полковник АурелианоБуэндиа оған ең алдымен аза тұтқаныңды осымен азайтсаң да болар, енді есік, терезеңді аш, Хосе Аркадионың қазасын кімнің мойнына жүктерсің, кешу-шешу етсеңші деп ақыл айтудан бастаған. Бірақ Ребека мынау тіршіліктің күйбеңін де, қызығы мен қуанышын да әлдеқашан тәркі еткен болатын. Оларды топырақтың ашқылтым дәмінен де, Пьетро Креспидің әтір аңқыған хаттарынан да, күйеуінің құшыры қанбайтын құшағынан да таппаған, тек тыншусыз қиялы өткен күндерден жетелеп әкелген елестер бітеу бөлмелерінде жан біткен адамдарша кезіп жүретін осынау үйде ғана ол сабасына түсіп дамыл тапқан. Әткеншек орындығына шалқая отырған Ребека полковник Аурелиано Буэндиаға өткеннен келген елеске қарағандай шұқшия көз тіккен, тіпті, Хосе Аркадио тартып алған жерлердің иелеріне қайтарылатынын естігенде де қабақ шықтан жоқ.

— Ойыңа келгенді істей берсеңші, Аурелиано, — деп күрсінді де қойды. — Әманда жақын-жұрағатыңа жатбауыр екеніңді білетін ем. Қателеспеппін.

Жер иелену правосын қайта қарау ісі полковник Геринельдо Маркестің председательдік етуімен өткен,

көтерілісшілер қолға түсірген офицерлерді бірін қалдырмай атып тастаумен тынған әскери-дала сотымен қатар жүргізілді. Ең соңынан генерал Хосе Ракель Монкаданы соттады. Урсула оны жақтап шықты. "Біздің үйге деген оның қайырымдылығын ілтипатын, мен айтпай-ақ, өзің де жақсы білесің, — деген ол полковник Аурелиано Буэндиаға. — Оның бәрін былай қойғанда, Макондоны билеген әкімдердің ішінде бұдан жақсысы болған емес". Полковник Аурелиано Буэндиа анасына кінәлай қарады.

— Әділ төрелігін айтар өкілдік менің қолымда жоқ, — деп қасарысты ол. — Егер айтар сөзіңіз болса, соғыс сотының алдында айтарсыз.

Урсула сотқа өзі ғана келген жоқ, Макондодан шыққан көтерілісші офицерлердің аналарын да ерте келді. Арасында заманында асу бермес асқардан асып, осында келетін ауыр сапарға қатысқан аналар бар, қаланың қадірменді қарт тұрғындары генерал Монкаданың жақсы қасиеттерін айтып, жағалай мақтап шықты. Сот процесінде Урсула соңынан сөйледі. Оның қайғылы, мейірімге толы жүзі, қадірменді есімінің өзі, адамның жанды жеріне дәл тиетін уәлі сөз бір сәтке сот таразысының басын басып бара жатқандай көрінді. "Сендер ғой мынау соғыс деген сұрапыл ойынға бардыңдар. Бұларыңды дұрыс делік. Борыштарыңды өтедіңдер, — деп трибунал мүшелеріне қадап-қадап айтты. — Бірақ мынаны ұмытпаңдар, дүниеде біз тірі тұрғанда, біз сендердің аналарыңызбыз, сөзімізден сәл аттап бара жатсаңдар, жүз жерден революционер болсаңдар да шалбарларыңды шешіп, шықпыртып аламыз, ешкім де сендерді біздің қолымыздан ала алмайды". Сот мүшелері мәжіліске кеткенде, казармаға берілген класс бөлмесінде осы сөздер көпке дейін жаңғырып естіліп тұрды. Түн ортасында генерал Хосе Ракель Монкада өлім жазасына кесілді. Полковник Аурелиано Буэндиа Урсуланың қарғап-сілегеніне де қараған жоқ, жазаны жеңілдетуден бас тартты. Таң атуға тақағанда, ол тұтқын отырған баяғы бұзаулар тұрған бөлмеге келді.

— Амал не, туысқан, — деді ол. — Сені ататын мен емес. Сені революция атады.

Ол кіргенде генерал Монкада төсегінен де тұрған жоқ.

— Атаңа нәлет сенің, ағайын, — деп жауап қатты.

Қайтып келген күннен бастап дәл осы сәтке дейін полковник Аурелиано Буэндиа генералға сәл де болса аяушылық білдірмеуге тырысып баққан. Енді оның қартайып кеткен жүзіне, дірілдеген қолдарына және өлімге басын байлаған көнбісті кейпіне таңдана қарады, өзіне-өзі жеккөрінішті

көрінді, бірақ өзін айыптап отырған жүрегінде оянған аяушылық сезімі екенін аңдай алмай қалды.

— Соғыс трибуналының қайсысын алсаң да, бет перде екенін сен менен кем білмейсің, — деді ол. — Шындығына келгенде сен өзгелердің қылмысы үшін отқа күйіп отырсың. Бұл жолы біз қайткенде де жеңіп шығуға бел байладық. Менің орнымда сен де осылай істемес пе ең?

Генерал Монкада жақтаулары тасбақа сүйегінен жасалған қалың шынылы көзілдірігін етегімен сүртпек болып орнынан түрегелді. "Мүмкін, солай істер едім, — деді ол байыппен. — Жоқ, сенің мені атып тастағалы отырғаныңа қынжылмаймын-ау, сайып келгенде біздің жағдайымыздағы адамдардың осылай өлуі заңды да шығар, бәлкім. — Ол көзілдірігін алып төсегіне тастады да, шынжыр бауынан сағатын ағытып алды. — Менің қынжылатыным — деп сөзін жалғады. — Сенің, соғысты кәсіп қылған әскерилерді өлердей жек көрген, соларға қарсы күрескен, соларға лағнет айтқан, сенің өзіңнің солардың аяғын құшқаның. Әлемдегі бірдебір парасатты ақыл-ой мұндай пасықтықты ақтап ала алмайды". Содан кейін ол неке сақинасы мен Әулие Қыздың бойтұмар бейнесін көзілдірігі мен сағатының қасына тастады.

— Егер осылай тарта беретін болсаң, — деп тағы бір қайырды ол. — Сен біздің елдің тарихындағы барып тұрған қатыгез, қанқұйлы диктатор болып қана қоймассың, күндердің күнінде өз арың жаныңды жегідей жей берген соң, Урсула шешейді атып тастарсың деп қорқам.

Полковник Аурелиано Буэндиа, тіпті, міз баққан жоқ. Мұны көрген Монкада көзілдірігін, бойтұмарын, сағаты мен сақинасын алып қолына ұстатты да, баяу ғана тіл қатты:

— Сені ұрсайын деп шақырған жоқ едім. Мына заттарды әйеліме табыс еткейсің деген өтінішімді айтайын дегем.

Полковник Аурелиано Буэндиа заттарды қалтасына салып қойды.

— Ол әлі Манаурада тұра ма?

— Иә, Манаурада, — генерал Монкада басын изеді. — Сол әлгі өзің өткен жолы хат жіберетін шіркеудің сыртындағы үйде.

— Бұл өтінішіңді үлкен ықыласпен орындаймын, Хосе Ракель, — деді полковник Аурелиано Буэндиа.

Ол көкшіл тұман торлаған далаға шыққанда, алыста қалған сол бір таңдағы секілді беттерін ылғал жуды, дәл осы арада ол өзінің үкімді зират қабырғасының қасында емес,

казарманың ауласында орындауға бұйрық бергенін түсінді. Есіктің қарсы алдында сап түзеген бөлімше мемлекет басшысына қандай қошемет көрсетуге тиіс болса, оған да дәл сондай қошемет көрсетті.

– Алып шыға беріңдер, – деп бұйырды ол.

Соғыстың жөн-жосықсыздығын алдымен аңдаған адам полковник Геринельдо Маркес. Макондоның азаматтық әрі әскери әкімі ретінде ол аптасына екі рет телеграф арқылы полковник Аурелиано Буэндиамен хабарласып тұрды. Бастапқыда олар сөйлескен кездерінде кәдімгідей жүріп жатқан соғыстың барысын бағдарлап отырды, ол кезде ұрыс қимылдарының шеті мен шегі айқын болатын, сондықтан да оның қай сатыда екенін анықтауға, бұдан былайғы беталысын бағамдауға мүмкіндік мол еді. Полковник Аурелиано Буэндиа әу бастан-ақ жақын достарының өзіне де ағынан жарыла бермейтін адам болса да, сол кезде олармен қарапайым, ашық-жарқын қарым-қатынасын әлі үзбеген, достары оны телеграфтың келесі басында тұрғанда осы ықыласбейілінен танушы еді. Алғашында ол қажеті болмаса да әңгімені созып, үй-ішінің, ауыл-аймақтың ұсақ-түйек жаңалықтарына дейін сұрастырып, біліп жататын. Бірте-бірте соғыс ауқымы кеңейіп, бұрынғыдан өршіп, шиеленісе берді, сонымен бірге оның бейнесі де көмескіленіп, көкіректен кетіп алыстай берді. Нүкте мен сызықша арқылы жететін даусы да солғын тартып ұзай берді, тіл қатыса қалған кезде айтатын сөздері де түсініксіз болып кетті. Мұндай кездерде полковник Геринельдо Маркес телеграф арқылы бөтен дүниеден келген бөгде адаммен сөйлесіп тұрғандай іштен тынып, үндемей тыңдайтын. Әңгіме бітерінде амалсыздан телеграф кілтін тырс-тырс қағып:

— Бәрін де ұқтым, Аурелиано. Либералдар партиясы жасасын! — деген сөздерді жөнелтетін.

Келе-келе полковник Геринельдо Маркес соғыстан мүлдем қол үзіп кетті. Алғашында соғыс нақтылы бір қимыл-қарекет жастық шағының, жалын жүрегінің лепірткен бір құштары еді, енді, міне, әуреге арзымайтын алыс елеске, қажетсіз қауызға айналды. Жай таппай аласұрған осындай сәттері жан сауғалайтын жалғыз саясы — Амарантаның іс тігетін бөлмесі. Күн құрғатпай кешке келеді. Әсем Реме-

диос іс мәшіннің құлағын айналдырғанда, голландтық ақ шаңқан кездемені бүрмелеп ызатын Амарантаның сүйріктей саусақтарына қарап жаны жай табады. Ұзақ сағаттар үнсіздікте өтеді, қыз да, қонағы да бір-бірінің осы арада барына риза. Амаранта оның өзіне деген адал көңіл алауының азаймағанына қуанады, ал ол болса, кілтін таптырмай жүрген қыз көңілінің құпия сырынан бейхабар. Полковник Геринельдо Маркестің Макондоғы қайтып келгенін естігенде қатты толқыған Амаранта өліп кетуге шақ қалды. Сөйткен Амаранта бір жағы айдаудағы азапты өмірден титықтап, екіншіден қатыгез уақыт пен үтімсіздік қатар діңкелетіп кексе тартқан, үсті-басы кір, шаң, тер сасып, бойынан ат-қораның иісі мүңкіп, сұры қашқан оның полковник Аурелиано Буэндианың шулаған көп нөкерінің бірі ретінде, жаралы сол қолын ақ дәкемен мойнына асып алып кіріп келгенде, оның мұндай кескінсіз кейпін көріп, көңілі қоңылтақсып, есі ауып қала жаздаған. "Тәңірім-ау, соншa тосқан адамым осы ма еді", — деп ойлады. Алайда ертеңінде ол қырынып, мұнтаздай тап-таза болып келді, жарасын таңған, қан қатқан дәкесін алып тастапты, мұртынан әтір иісі еседі. Ол Амарантаға тысы маржанмен әшекейленген иманшарт сыйлады.

— Сендер, еркектер, қызық халықсыңдар, — деді аузына басқа сөз түспей қалған Амаранта. — Өмір бойы өздерің діндарларға қарсы соғысып жүрсіңдер, сөйте тұра иманшарт сыйласаңдар.

Сол кезден бастап, ол, тіпті, соғыстың ең қысылтаяң сәттерінде де күнде келіп тұрды. Әсем Ремедиос орнында болмай қалған сәттерде іс мәшіннің құлағын айналдырып отыруға бар. Оның тұрақтылығы, адалдығы Амарантаның көңіліне көп медет, осындай үлкен билікке жеткен жанның алдына келіп бас игеніне тебіренеді, оның қылышы мен тапаншасын қонақ бөлмеде қалдырып, өзіне қарусыз кіретініне де іші жылып қалады. Сол төрт жыл ішінде полковник Геринельдо Маркес талай рет қиылып көңілін білдірді, Амаранта ылғи да оның тілегін қабыл алмай қалдырып отырды және ойын әрдайым жүрегіне дық қалдырмайын деп, ақырындап астарлап білдірді, полковникті құлай сүймесе де, ендігі жерде онсыз күні жоқтығын да әбден

ұқкан-ды. Геринельдо Маркестің адалдығы тебіренткен Әсем Ремедиос ойламаған жерден оны қорғап шыға келді, осы уақытқа дейін ол ешкімде, еш нәрседе шаруасы жоқ, өзімен-өзі жүретін, соныcына қарай былайғы жұрт оны, тіпті, ақылы кем санайтын. Өз қолымен өсірген кішкене қыздың кемеліне келіп бүршік атып, Макондо бұрын-соңды көрмеген ару болып жеткенін Амаранта сонда ғана аңдады. Амаранта өз жүрегінде бір кезде Ребекаға деген өшпенділіктің қайта тұтанып келе жатқанын сезіп, шошып кетті. Осы өшпенділікке бойымды алдыра көрме, жаманатқа жетелеме, әсем Ремедиоска өлім тілете көрме деп жалынып, жалпайып құдайға сиынған Амаранта бойжеткенді бөлмесінен қуып шықты. Бұл полковник Геринельдо Маркестің соғыстан жери бастаған кезі. Өмірінің ең аяулы жылдарын сарп етіп алған атақ-абыройын жалғыз Амарантаның жолына тігуге әзір ол ұзақ уақыт бойына бүгіп келген шексіз асыл сезімін үйіп-төгіп, қызыл тілдің өз қолындағы бар құдірет-күшін жұмсады. Алайда Амарантаны көндіре алмады. Тамыздың сол бір кешінде талай жыл бойы адал көңілін, ақ ниетін ұсынған айнымас адамға ақырғы жауабын берген Амаранта өзінің қайтпайтын, қайрылмайтын қырсық мінезіне қарғыс айтып, өле-өлгенше жалғыздылығына налып, жылап өту үшін жатын бөлмесіне кіріп, іштен жауып алды.

— Бір-бірімізді мәңгіге ұмытайық, — берген жауабы осы. — Екеуміз де кеш қалдық, қартайып кеттік.

Дәл осы кеште полковник Аурелиано Буэндиа полковник Геринельдо Маркесті телеграфқа шақыртты. Екеуінің арасында тапырақтап бір орнында тұрып қалған соғыстың барысына енгізер өзгерісі жоқ күндегі әңгіме болды. Айтылар сөз айтылып болғанда полковник Геринельдо Маркес терезеден бос қалған көшелерді шолып шықты, бадам ағашының бұтақтарындағы жаңбыр тамшыларын көрді, неге екені белгісіз, жалғыздықтан жаны жүдеп қалды.

— Аурелиано, — деді телеграф кілтін тырсылдатып, көңілі күпті ол. — Макондода жаңбыр жауып тұр.

Телеграф желісі біршама уақыт тыныш қалды. Содан кейін аппарат сырт-сырт еткізіп, полковник Аурелиано Буэндианың ашулы сөздерін сызықша-нүкте күйінде сыдыртып шықты.

— Неменеге тантырап түрсың, Геринельдо, — деді сызықшалар мен нүктелер. — Тамыз болған соң жауады да.

Көптен бері досын көрмеген полковник Геринельдо Маркес оның адуын жауабына сәл-пәл абыржыңқырап қалды. Ал екі айдан кейін полковник Аурелиано Буэндиа Макондоға қайтып келген соң абыржу былай түрсын, ол қатты таңырқады, тіпті, қорқайын деді. Ұлының соншалықты өзгергенін көріп, тіпті, Урсуланың өзінің де есі шығып кетті. Ол бұл жолы ыңы-шыңсыз, нөкерсіз, күннің ыстық болып тұрғанына қарамастан, плащқа оранып қымтанып келді, қасына үш ашына әйелін ертіп алыпты, үшеуімен бірге бір үйге түсті де, уақытының көбін сонда, аспалы төсекте жатумен өткізді. Тіпті, соғыстың барысы жайлы келіп түскен хат-хабарларды оқуға да мән бермейтін болды. Бірде полковник Геринельдо Маркес көтерілісшілер әскерінің бұдан былай шекаралас қалашықтардың бірінде болуы халықаралық ахуалға айтарлықтай салқынын тигізетіндей қауіп туған соң, сол қаланың халқын көшіру жөнінде оған қандай жарлық болатынын сұрай келген.

— Жоқтан өзгеге мазамды ала берме, — полковник Аурелино Буэндиа бұлқан-талқан болған. — Одан да көктен аян сұра.

Түптеп келгенде, бұл соғыстың ең ширыққан шағы еді. Алғашқы кезде революцияны қолдаған жер иеленуші либералдар жер иелену құқын қайта қарауға кедергі жасау үшін жер иеленуші консерваторлармен құпия ауыз жаласқан. Эмиграцияда жүріп-ақ соғыстан қыруыр пайда тапқан саясатшы либералдар полковник Аурелиано Буэндиа қолданған қатаң шараларды жалпақ жұрт алдында айыптағанда да ол селт еткен жоқ, сол енжар күйінде қалды. Көлемі бес томға жуықтап қалған өлеңдерін қайталап оқуды да қойып кетті, олары сандық түбінде шашылып, ұмыт жата берді. Түнде немесе демалыс кезінде ол қасына үш әйелдің біреуін шақырып алып, қарадүрсін қызыққа қанатын да қауіп-қатер барын ұмытқан жан секілді тас болып қатып, тұяқ серіппей ұйықтайтын. Тек қара тастай жүрегіне сенімсіздік деген дерт мәңгі-бақи түйнек болып батып, жанын сыздататыны ол жазғанның өзіне ғана мәлім-ді. Алғашында Отанына соншалықты салтанатпен дауылдата-дабылдата келгенін және өзінің адам таңғаларлық жеңістеріне насаттанған ол ұлылық

деген түбіне көз жетпейтін шыңыраудың шетіне келіп төмен үңілген. Соғыс өнеріндегі өзінің ұлы ұстазы, жолбарыс терісінен киген киімі үлкендерге таңдай қақтырып, кішкентайларды таңырқатқан герцог Марлбороның оң тізесін баса отыру бұған ұнап қалған. Бір де бір пенде баласын, тіпті, Урсуланың өзін үш метрден жақын жанына жуытпау жөнінде шешім қабылдағаны да сол кезде. Қай жерге келсе де, алдымен адъюданттары еденге бормен шеңбер сызады, шеңбердің ортасында тұрып сөйлеуге жалғыз оның ғана хақысы бар, сол жерде тұрып, полковник Аурелиано Буэндиа қыска, келте бұйрықтарымен әлем тағдырын шешеді. Генерал Монкаданы аттырып тастағаннан кейін ол Манаураға жолы түскенде бірден өз құрбанының ақтық аманатын орындауға асыққан. Генералдың жесірі көзілдірікті, бой-тұмарды, сағат пен сақинаны да алды, бірақ бұны табалдырығынан аттатқан жоқ.

— Кіруге болмайды, полковник, — деді әйел. — Сіз өзіңіздің соғысыңызда әмір етерсіз, өз үйімде мен өзім әміршімін.

Полковник Аурелиано Буэндиа ашуға булықса да сыр алдырмаған, алайда жеке басын күзетушілер жесірдің үйін тонап, тып-типыл етіп өртеп жібергенде ғана жаны жай тапқан. "Жүрегінді байқа, Аурелиано, — деп сақтандырған оны сонда полковник Геринельдо Маркес. — Сен тірідей іріп-шіріп барасың". Шамамен осы тұста — полковник Аурелиано Буэндиа көтерілісші әскерлер қолбасшыларының екінші кеңесін шақырған. Оған неше түрлі халық жиналған, ішінде идеалистер де, атақ-даңқ қуғандар да, небір сұмпайылар да, жер-көкке сыймаған соғындылар да, тіпті, кәдімгі қылмыскерлер де бар болатын. Не керек, араларында қазына қаржысын талан-таражға салғаны үшін жазадан басын сауғалап революция жағына шыққан бір чиновник-консерватор да жүрді. Көпшілігі тіпті, не үшін соғысып жүргенінен бейхабар. Көзқарастарындағы титтей бір қайшылық сәтінде жарылыс туғызуы мүмкін осы ала-құла тобырдың арасында құбыжық кейіпті, адуын, бір адам ерекше көзге түсетін, бұл генерал Теофило Варгас болатын. Таза текті үндіс дөрекі, сауатсыз жан, үндемей жүріп айласын асыратын арам, адамдардың басын айналдырып, өлген-тірілгеніне қарамайтын қайсар ететін пайғамбарлығы және бар. Полковник Аурелиано Бу-

эндиа кеңесте барлық көтерілісшілердің басшылығын біріктіріп, саясатшылардың қулық-сұмдығына қарсы күреске жұмылдыруға үміт артқан. Алайда генерл Теофило Варгас оның жоспарының быт-шытын шығарды, айналасы бірнеше сағаттың ішінде ол, тіпті, ең тәжірибелі командирлердің арасында алауыздық туғызып, бас қолбасшылықты өз қолына алып алды. "Мына періден абай болыңдар, — деді полковник Аурелиано Буэндиа өз офицерлеріне. — Біз үшін мұндай адам соғыс министрінен де қауіпті". Әдетте ұяң мінезімен көзге түсіп жүрген бір жап-жас капитан ақырын ғана сұқ саусағын жоғары көтерді.

— Мұның бір оңай жолы бар, полковник, — деді ол. — Оның көзін жою керек.

Полковник Аурелиано Буэндиа қалп ете түсті, оның жүрегіне дік ете қалған қас қағым сәтте өзінің дәл осындай ойының алдын орап кеткен ұсыныстың аярлығы емес, оның айтылу мәнері еді.

— Мен ондай бұйрық береді екен деп ойламаңыз, — деп жауап қатты ол.

Шынында да, ол мұндай бұйрық берген жоқ. Алайда он бес күн өткенде, генерал Теофило Варгас тосқауылға ұрынып қаза тапты, оны қанжармен күлдей қылып турап тастапты, сөйтіп бас қолбасшылық полковник Ауреалиано Буэндианың қолына көшті. Оның билігін көтерілісшілердің барлық командирлері жаппай мойындаған сол күні түнде ол қатты шошып оянды, дереу көрпе әкеліп берулерін талап етіп айғай салды. Содан кейін ішінен ескен бір суық әбден бойы үйреніп алғанша, тіпті, сүйегіне дейін сырқыратып, аспан айналып жерге түскендей ыстықта тұла бойын қалтыратып көп ай бойы адамша балбырап бір ұйықтауына мүмкіндік бермеді. Қолына тиген билікке бірде насаттанса, бірде өзіне-өзі көңілі толмады. Бойын жайлап алған суықтан арылу үшін ол өзіне генерал Теофило Варгасты өлтіруге кеңес берген жас офицерді атып тастауға бұйрық берді. Қалайда оның бұйрықтары тісінен шықпай жатып, тіпті, ойына алмай жатып орындалып қоятын және әдетте солай істеуге өзінің батылы бармастай шекке дейін жеткізіле жүзеге асырылатын. Қолына шексіз билік қонса да ол жалғыздықтың жалпақ шөлінде адасып, табан астындағы тиянағының тайқып бара жатқанын сезді. Ол өзі басып алған қалаларда

халықтың қуанышты у-шуына қарап та тыжырынатынды шығарды, оған бұл адамдар мұның жауларына да дәл осылай қошемет көрсеткендей елестейтін. Қайда барса да қадала қараған жанарлары құдды өзінен аумайтын, тіпті, сөйлеген сөздері мен дауыстарына шейін өзіне ұқсайтын, өзі қалай олармен қуыстана тіл қатысса, олар да бұған нақ солай жатырқай қарайтын, өздерін мұның ұлымыз дескен жас-өспірімдер қарсы алдынан шығып отырды. Ол басынан өзін талай дана етіп қайталап, көбейтіп қойғандай екі ұшты сезім кешті, жалғыздығы одан сайын жанына батып жабықты. Ол енді офицерлерінің өзін алдап жүргеніне әбден көз жеткізгендей болды. Ол герцог Марлбороға да салқын тартты. Сол күндері ол: "Ең жақсысы — өлген досың", — деген сөздерді жиі қайталайтын болды. Ол қадам басқан сайын жанын жайлаған күдік пен күмәннән, бір шыққан жеріне қайта айналып келе беретін, шын мәнінде таптаурын болған бір жерде тапжылмай тұрып алған, таусылып бітпейтін соғыстың шырғалаңынан шаршап шалдықты, қалай, не үшін, қашанға шейін деген сауалдарға жауап таппай шырмалып, титықтай берді, қартая берді. Өзі ішінде тұрған айнала төңіректен бормен бөліп тасталған кеңістіктің сыртында, әйтеуір, біреу-міреу болушы еді. Сыртында ақша жеткізе алмай әуреленген бір бейбақ, яки баласы көкжөтелмен ауырып дал болған бір сорлы, немесе мынау лаң соғыстан әбден діңкелеп, мәңгіге көз жұмсам деп ойласа да, соңғы күшін жиып қаз тұрып: "Бәрі де тыныш, полковник", — деп рапорт беруге жарайтын басының жұты жоқ бір пенде тұратын қашанда. Мынау шеті-шегі жоқ соғыста ең қорқыныштысы да сол тыныштық еді, оның мәнісі бәрі де бәз баяғы қалпында деген сөз еді. Айықпайтын жалғыздық жабуы жабылған, өзінің сұңғыла сезімдерінен ада болған, қара жер қойнына түскенше бойын қаритын ызғардан қашқан полковник Аурелиано Буэндиа Макондода соңғы баспана таппаққа талпынып, ескі естеліктерінің отына қыздырынып жауыраған жанын жылытпақ болды. Еңсе жаздырмайтын енжарлық бойын билеген ол өзімен аса маңызды саяси мәселелерді талқылауға либералдар партиясының делегациясы келгенін естігенде де екінші жақ жамбасына аунап қана түсумен тынды, тіпті, көзін ашқан жоқ.

— Бәрін салдақы әйелдерге алып барындар, — деп дүңк ете қалды.

Делегация мүшелері — сюртук пен цилиндр киген алты адвокат қарашаның қапырық ыстығына қыңқ етпей төтеп берді. Урсула оларды өз үйіне түсірген. Олар күн ұзаққа жатын бөлмені іштен жауып алып, жасырын кеңес құрумен болады да, кешке қарай күзет пен аккордеонистер ансамблін сұрап алып, Катаринонын мекенжайын тұтасымен өздеріне ғана арнап сатып алып жүрді. "Бөгет жасамандар, — деп бүйырды полковник Аурелиано Буэндиа. — Оларға не керегін білем". Желтоқсанның басында өткен көптен күткен келіссөздер бас-аяғы бір сағатқа жетер-жетпес уақытқа ғана созылды, көпшілік оны ұзаққа созылады, ақыры, ұзын-сонар дау-дамайға айналады-ау деп ойлаған.

Бұл жолы полковник Аурелиано Буэндиа адюданттары қапырық қонақ бөлмеде ескінің елесіне ұқсап, кебін сияқты ақ жаймамен жабулы тұрған көне күйсандықтың қасына бормен сызған шеңбердің ішіне кірген жоқ. Ол плащына қымтанып, саяси кеңесшілерінің қасына келіп отырды да, делегацияның қысқа-қысқа ұсыныстарын үнсіз тыңдап шықты. Оған қойылған тілектер мыналар: біріншіден, жер иелену құқын қайта қараудан бас тарту керек, бұл партияның жер иеленуші либералдардың қолдауына ие болуы үшін қажет, екіншіден, шіркеудің ықпалына қарсы күресті доғару керек, мұның өзі дін ұстаушылардың арасындағы тірегімізден айрылып қалмау үшін қажет, ақыр аяғында, некелі және некесіз туған балалардың бірдей құқықпен пайдалануын талап етуді қою керек, мұның өзі отбасылық ошақтың берекесі мен беріктігін сақтау үшін қажет.

— Сонда қалай болғаны? — Ұсыныстар оқылып болған кезде полковник Аурелиано Буэндиа жымиды. — Біздің тек билік үшін соғысып жүргеніміз бе?

— Өз жоспарымызға бұл түзетулерді біз тактикалық есеппен енгізіп отырмыз. — Делегаттардың біреуі қарсылық білдірді.

— Қазіргі кезеңдегі ең бастысы — халықтың арасындағы жақтаушыларымызды көбейтіп, тіренішімізді бекіту. Содан кейінгісін көре жатамыз.

Полковник Аурелиано Буэндианың саяси кеңесшілерінің бірі елдің алдын орап, сөзге араласты:

— Мұның өзі ақылға қонбайтын нәрсе, – деп мәлімдеді ол. — Егер сіздің түзетулерді дұрыс десек, онда консерва-

торлар орнатқан тәртіпті де дұрыс дегеніміз емес пе? Егер сіздердің түзетулеріңіз арқылы өзіңіз айтқандай халық арасындағы қолдаушыларымызды көбейтуге қолымыз жететін болса, онда консерваторлар үкіметінің халық арасында жаппай қолдау тауып отырғанын таныққанымыз ба? Сонда қалай, сайып келгенде біз жиырма жыл бойы ұлттың мүддесіне қарсы күрескен болып шықпаймыз ба?

Ол сөзін әрі қарай жалғастырмақ еді, полковник Аурелиано Буэндиа тоқтатып тастады. "Текке уақыт кетірмеңіз, доктор, — деді ол. — Ең бастысы дәл осы сәттен бастап, біз енді тек билік үшін шайқасатын боламыз". Сол жымиған күйінде ол делегация өзіне тапсырған қағаздарды алып, қол қоюға оңтайланды.

— Сіздер солай санасаңыздар, — деп тұжырды ол, — бізде қарсылық жоқ.

Бұл оқиғаға таң-тамаша болған оның офицерлері бір-біріне қарасты.

— Кешіріңіз, полковник, — деді ақырын ғана полковник Геринельдо Маркес, — мұның аты — сатқындық.

Полковник Аурелиано Буэндиа сияға матырып алған қаламсабын көтерген қалпында қалт тұрып қалды, келесі сәтте қолындағы биліктің құдіретін аярдың төбесіне төндірді.

— Кәнеки, маған қаруыңызды тапсырыңыз, — деп бұйырды.

Полковник Геринельдо Маркес түрегеліп, қаруын үстелге қойды.

— Енді казармаға кете беріңіз, — деп бұйырды полковник Аурелиано Буэндиа. — Енді сіз революциялық комитеттің қарауындасыз.

Содан кейін ол декларацияға қол қойды да, оны делегаттарға қайтарып беріп:

— Ал, мырзалар, қағаздарың, міне. Пайдасын тауып, пайдаланыңдар, әйтеуір, — деді.

Екі күннен кейін мемлекеттік опасыздық жасады деп айып тағылған полковник Геринельдо Маркес өлім жазасына кесілді. Қайтадан төсегінен тұрмай жатып алған полковник Аурелиано Буэндиа кешірім жасауын сұрап жалынып-жалбарынған өтініш-тілектің бір де бірін құлағына ілген жоқ. Үкім орындалар күннің қарсаңында Урсула ұлының мазаламаңдар деген бұйрығын бұзып, оның бөлмесіне баса-көктеп кірді.

Бастан-аяқ қара киім киген ол бұрынғыдан да асқақ, айбынды көрінді, тіл қатысқан үш минуттың ішінде тізесін де бүккен жоқ.

— Геринельдоны атып тастайтынынды да білем, — деді ол сабырмен түрегеп тұрған күйі. — Бұл қылығыңа көлденең тұрар қайраным және жоқ. Тек мынаны біліп қой: оның өлігін көрген сәтте, әке-шешемнің аруағын аузыма алып ант етем, Хосе Аркадио Буэндианың есімімен ант етем, тәңірінің алдында ант етем, сені далаға сүйреп шығарып, өз қолыммен бауыздап өлтірем. — Оның жауабын да тосқан жоқ, бөлмеден шығып бара жатып, шегелеп тұрып айтты. — Мұндай жаманат жасайтындай, сен, торай құйымшақпен туған жоқ едің ғой.

Таусылып бітпей қойған осы түні полковник Геринельдо Маркес Амарантаның бөлмесінде өткізген келмеске кеткен кештерін еске алып отырғанда, полковник Аурелиано Буэндиа жалғыздықтың тас қоршауын тесіп шығуа әрекеттеніп сағат санап үңги берді, үңги берді. Байқап отырса, әкесі өзін мұзды көрсетуге ертіп апарған сол бір алыс кештен бергі уақытта өзіне тағдыр сыйлаған жалғыз ғана бақытты шағы алтыннан балық жасап, зергерлік шеберханасында өткізген сәттері екен. Байқап отырса, қарапайым өмірдің артықшылығын білу үшін, тура қырық жыл кешігіп барып білу үшін мұның отыз екі рет қан төгіс соғыс ашуына, арадағы барлық келісімдерін бұзып, талай рет ажалды алдап кетуіне, атақ-даңқтың алдамшы шалшығына шошқаша аунап тұруына тура келген екен.

Таң алдында, үкімнің орындалуына бір сағат қалғанда, ұйқысыз өткерген түннен қалжыраған ол бұғаулар қойылған бөлмеге кірді. "Ойын бітті, досым, — деді ол полковник Геринельдо Маркеске. — Біздің маскүнемдер атып тастамай тұрғанда, мына жерден қарамызды батырайық". Полковник Геринельдо Маркес оның бұл қылығына деген жиренішін де жасыра алған жоқ.

— Болмайды, Аурелиано, — деді ол. — Сенің сатқын жалдамалыға айналғаныңды көргенше, өлгенім артық.

— Көрмейсің, саспа, — деді полковник Аурелиано Буэндиа. — Тұр, етігіңді ки одан да. Мынау құдай атқыр соғысты өшіруге көмек бер.

Бұлай дегенде ол соғысты бастаудан гөрі басу қиын

екенін әлі білмейтін. Оған үкіметті көтерілісшілер үшін тиімді бітім шартына көндіру үшін тағы да бір жыл қанішер қатыгездік көрсетуге тура келді, содан кейін өзінің жақтастарын осы шартты қабылдауға иландыру жолында тағы бір жылын сарп етті. Ол қолға келген жеңісті саудаға салуға көнбеген өзінің үзеңгілес офицерлерінің көтерілісін басып-жаныштау үшін небір сұмдық қаталдықтың шегіне дейін барды, тіпті, олардың қарсылығын ақыр-аяғына дейін күйрету үшін дүшпан әскерлерінің көмегін пайдаланудан да тартынған жоқ.

Өмірінде ол дәл осылай жанын салып соғысқан емес. Бұл жолы саясатшылар астары мен өңін қалауына қарай айналдыра беретін қайдағы бір күңгірт идеялар мен ұрандар үшін емес, өзінің қара басының азаттығы үшін айқасатынына көз жеткізгендей болып, бойына орасан зор күш-жігер бітті. Бұдан бұрын жеңіс үшін қандай қажырмен шайқасса, енді жеңіліс үшін де құлшына соғысып жүрген полковник Геринельдо Маркес оның бас-көзсіз батылдығы үшін кінәлай бастады. "Қам жеме, — деп күледі полковник Аурелиано Буэндиа. — Жұрт ойлағандай, өле салу онша оңай емес". Мұның жеке басына келгенде, бұл шындық еді. Ол өзінің пешенесіне жазылған сағаты барын және содан бұрын өлмейтініне сенетін, осы сенім оның үстіне оқ өтпейтін сиқырлы кіреуке кигізіп, дәм-тұзы таусылмайынша, соғыс сойқаны ала алмайтындай ажалсыз етті, сайып келгенде жеңілісті жеңіп алуына мүмкіндік берді, рас, мұның өзі жеңіске жетуден әлдеқайда қиынға түсті, әлдеқайда көп қан төгіп, құрбандыққа баруға мәжбүр етті.

Соғыста өткізген жиырма жыл ішінде полковник Аурелиано Буэндиа үйіне талай келіп, кетіп жүрді, бірақ әрдайымғы асығыстық, қасында үнемі толып жатқан нөкерлерінің болуы, тіпті, Урсуланың өзін енжар қалдыра алмаған атақ-даңқының жалпақ жұртқа жайылуы, оны ақыр аяғында жақындарының өзіне жат етіп жіберген еді. Әлгі үш ашынасына жеке үй жалдайтын, Макондоға соңғы рет келетін жолы ол туған-туыстарымен екі-үш рет жүздесуге ғана жарады, оның өзінде шақыруымен түстенуге ғана кіріп шықты. Әсем Ремедиос пен соғыс қақап тұрған кезде туған егіздер оны мүлде білмейтін. Амаранта болса жастық шағын алтыннан балық соғумен өткізген

ағасының бейнесін өзі мен қалған адамзаттың арасын тура үш метрге бөліп тастаған атағы жер жарған жаугердің бейнесімен ұштастыра алмай қиналған. Сөйтіп бітім туралы сыбыс тараған кезде бәрі де енді полковник көп ұзамай үйге — туған-туысқандарының сүйіспеншілігі жететін жерге қайтып оралар, қарапайым адамға айналып қалыпты тірлігін бастар деп ойлағанда, бәрінің бойындағы осы уақытқа дейін алып ұйқыда жатқан ағайыншылық сезімі айрықша күшпен қайта оянған.

— Шүкіршілік, – деген сонда Урсула. — Әйтеуір, үйде бір еркек болатын болды.

Оны мәңгілікке жоғалтқандарын алдымен Амаранта аңдады. Бітім жасалардан екі күн бұрын ол үйге қайтып келді, қасына ерген жалаң аяқ екі ординарецінен басқа еш нөкер жоқ, олар полковник Аурелиано Буэндианың патшаға тән барлық мүлік-мүкәмәлінен қалғаны — қашырдың ері мен әбзелін және жазған өлеңдері салынған сандықшаны дәліздің бұрышына әкеліп, үйе салды; Амаранта бөлмесінің қасынан өтіп бара жатқан ағасын атап тоқтатты. Полковник алдында тұрған адамды жыға тани алмай, қиналып қалған секілді.

— Мен Амарантамын ғой, — деді ағасының қайтып келгеніне қуанған ол жайраңдап. Сосын қараға оралған қолдарын көрсетті. — Мынаны көрдіңіз бе?

Полковник Аурелиано Буэндиа өлім жазасына кесіліп, Макондоның көшесінде жалаң аяқ, жалаң бас келе жатқан сол бір алыс таңда қара шүберекті көргенде жымиғандай езу тартты.

— Сұмдық! — деді ол. — Уақыт неткен жылдам еді.

Үкімет әскерлері үйдің жанына күзет қоюға мәжбүр болды. Полковник Аурелиано Буэндиа доска күлкі, дүшпанға таба, болып оралды, оған қымбатқа сатылу үшін, соғысты әдейі ұзаққа созды деген айып тағылды. Оның безгек пен суықтан денесі қалтырап, қайтадан қолтығы ісіп кетті. Осыдан алты ай бұрын, бітім туралы әңгіме шыққанда, Урсула ұлының жатын бөлмесін ашып, ішін жинастырып, бұрыш-бұрышына хош иісті май жағып көктен арылтты, қайтып оралар, сабасына түсер, Ремедиостың тозығы жеткен қуыршақтарының арасында жасына жетіп қартаяр деп ойлады. Шындығыда, өткен екі жыл ішінде ол тіршілікпен толық

есеп айырысып біткен еді, ол үшін, тіпті, кәріліктің өзі де артта қалған еді. Урсула әсіресе мұқият жинастырған зергерлік шеберхананың қасынан өткенде, ол есіктің аузында қалдырылған кілтке де зер салған жоқ. Үй-ішіндегі уақыт қалдырған белгілер, ұсақ-түйек болса да, өткен күндерді есінде қастерлеп сақтаған, сонша уақыттан кейін қайтып оралған кәдімгі пенде баласының ет жүрегін елжіретпей қоймайтын бүлінген, кетілген, сөгілген дүние оның санасына да жеткен жоқ. Қабырғалардың түскелі тұрған сылағы да, бұрыш-бұрышта салбырап тұрған өрмекшінің торы да, солып қалған гүлдер де, құрт кеміріп, шіріген керегелер де, есіктің мүк басқан көсектері де, бірде-бірі оның жүрегін селт еткізе алмады, алдынан қым-қуыт етіп құрған сағыныш торының ол бірде-біріне ілінбей, аттап өтті. Жауыншашыннан қорғалап, бас сұққан адам сияқты дәлізге кіріп, етігін де шешпей, плащына қымтанып, кеш бойы гүлдерге құйылып жатқан жауын суына мелшиіп қарады да отырды. Оның өз жанында көп тұрмайтынына Урсуланың көзі әбден жетті. "Тағы да соғыс болар ма екен, — деп ойлады ол. — Егер соғыс болмаса, онда ажал келгені". Бұл ой санасына еш шүбәсіз, ап-айқын сап ете түсті, Урсулаға ол пайғамбар берген аяндай көрінді.

Кешкі тамақ үстінде Екінші Аурелиано оң қолына нан алып, сол қолына қасық ұстады. Оған қарсы отырған сыңары Екінші Хосе Аркадио сол қолына нан алып, оң қолына қасық ұстады. Содан кейін айна — қатесіз бірдей қимыл-әрекет жасады, сырт көзге олар біріне-бірі қарсы отырған егіздер емес, алдында айна тұрған жалғыз кісідей көрінеді. Екеуінің бір-біріне айнымай ұқсайтынын дәл сол күні білген егіздер алыстан келген үлкен ағаларын бір таңырқатту үшін әдейі солай істеген. Бірақ полковник Аурелиано Буэндиа мұның бірін байқаған жоқ. Оның көңілі бұл маңда емес, әлдеқайда жүр, тіпті, жуынып шығып асхананың қасынан тыр жалаңаш өте шыққан әсем Ремедиосты да аңғармады. Оның қалың ой үстіндегі күйін Урсула ғана батылы барып бұзды.

— Егер қайтадан кетпек ойың болса, — деді ол ас ортала-на бергенде, — тым құрымаса бүгінгі кеште біздің қандай болғанымызды көріп алып, көңілінде сақтап қалуға тырысшы.

Сонда ғана полковник Аурелиано Буэндиа айналасындағы жұмыр бастылардың арасында жалғыз Урсуланың ғана мұның жанының сонша жадаулағанын іштей ұғып жүргенін аңдады, бұған ол таңданған жоқ, соңғы бірталай жылдың ішінде бірінші рет анасының жүзіне тіктеп көз салды. Бет-жүзін қатпар-қатпар әжім басыпты, тістері де мүжіліп, кетілген, шаштары қурап, оңып кетіпті, тек жанарлары өзіне таңдана қарайды. Ол қазіргі Урсуланы есінде қалған ең байырғы естелігімен, өзі баяғыда қайнап тұрған көже құйыл-ған құмыра қазір құлап түседі деп сұңғылалық көрсетіп, шынында, құмыра құлап, быт-шыты шығып қираған күнгі анасының кескін-келбетімен салыстырды. Ол анасының тәніндегі жарты ғасыр бойғы жанкешті құмырсқа күйбең мен тынымсыз еңбек түсірген сызаттарды, сүйелдерді, жарақаттарды, тыртықтарды бірден шалып қалды, осы қайғылы іздердің, басқаны былай қойғанда, өз жанында сәл де болса аяушылық сезімін тудыра алмағанын да аңдады. Сонда ол бар күшін бойына жинап, жүрегіндегі табиғатына біткен ізгі сезімдерді шірітіп алған тұсты тауып алуға тырысты, бірақ таба алмады. Бұрынырақта өз терісінің иісі Урсуланың иісін есіне салғанда, ол анасын ұмытып бара жатқанына сәл-пәл қысылып қалатын, анда-санда еске алып қоятын. Бірақ соғыс соның бәрін өртеп кетті. Тіпті, санасындағы зайыбы Ремедиостың бейнесі де мүлдем күңгірт тартып кеткен-ді, қызымен құрбы дерлік бөтен біреудей елестейтін. Өзі махаббат шөлінде кезіктірген және оның үрімін жалпақ жағалауға жайып жіберген толып жатқан әйелдердің бір де бірі жанына сызат қалдырмай кетті-ау. Олар әдетте түнде келіп, түн түнегі түрілмей тұрып кетіп қалатын, сөйтіп ертеңінде көзден де, көңілден де ғайып болатын, тек иінінен ауыр жүк түскендей бойы босап, дел-сал күйге түсетін. Уақытқа да, соғысқа да дес бермей бойында сақталып қалған жалғыз сезім — бала кезіндегі ағасы Хосе Аркадиоға арналған сезімі еді, оның өзі де сүйіспеншілік емес, тел өсіп, бал дәуренді тең бөліскен жақындық сезімі ғана еді.

— Ғапу етіңіз, — деді ол Урсуланың айтқан тілегіне қайтарған жауабы. — Соғыс бәрін құртып кетті.

Ертеңінде ол күні бойы бұл жалғанда қалдырған іздерін құртумен шұғылданды. Зергерлік шеберханада ол қара ба-

сының қатысы болмаған заттарға ғана тимеді, киім-кешектерін ординарецтеріне сыйлады, қару-жарағын баяғыда әкесі Пруденсио Агилярді өлтірген найзасын қалай көмсе, нақ сондай қам көңілмен аулаға апарып көміп тастады. Жанына жалғыз ғана оғы бар тапаншасын қалдырды. Урсула көлденең түрып, қолын қаққан жоқ. Тек бір рет қана ол қонақ бөлмедегі күні-түні жағулы шырағдан сәулеге бөлеп тұратын Ремедиостың мыс табақшадағы бейнесін алып тастамақ болғанда, қарсылық жасады. "Соқтықпа. Бұл сурет баяғыда-ақ сенікі болудан қалған, — деді Урсула. — Бұл — осы ошақтың сыйынар пірі". Бітімге қол қойылар күннің қарсаңында үйдің ішінде полковник Аурелиано Буэндианы енді еске салатын ештеңе қалмаған кезде ол Санта София де ла Пьедад пешке от жақпаққа қамданып жатқан наубайханаға өзінің өлеңдері салынған сандықшаны алып келді.

— Міне, мыналармен тұтатып жібер, — деп оған сарғайған қағаздардың бір бумасын ұсынды. — Мұндай ескі-құсқыдан жақсы тамызық жоқ.

Тұйық, тіпті, өз балаларын шай деп бетінен қақпайтын жуас Санта София де ла Пьедад өзін бұл кісі бір қылмысты іске итермелеп тұрғандай күмілжи берді.

— Бұл қажетті қағаздар ғой, — деді ол.

— Жоқ, — деп жауап қатты полковник. — Әркімнің өзі үшін жазатын шимайы ғой.

— Олай болса, өз қолыңызбен жаққаныңыз жөн болар, полковник, — келіншек күңк етті.

Полковник қағаздарды өртеумен ғана тынған жоқ, сандыққа шейін балтамен шауып ұсақтап, қоса жағып жіберді. Осыдан бірер сағат бұрын оған Пилар Тернера кіріп шыққан еді. Полковник Аурелиано Буэндианың оны көрмегеніне көп жыл өткен, қартайып, балпиып толып кеткеніне таңданды, бұрынғы сыңғырлаған күлкісі де жоқ, есесіне карта ашуда қайран қалдыратындай шеберленіп алыпты. Пилар Тернераның баяғыда: "Аузыңды бақ", — деп сақтандырғаны есіне түсті, атақ-даңқы дүрілдеп тұрған сол кездің өзінде мұның тағдырының қалай бағыт алатынын дәл болжап айтып бергеніне таңырқады. Пилар Тернерамен кездескеннен кейін көп ұзамай қолтығындағы ісікті іріңнен тазартқан жеке дәрігеріне жай сөз арасында жолай ғана сауал қойғансып, жүректің дәл қай түста екенін сұрады. Дәрігер үнсіз тыңдап алды да, йод сіңген мақтамен кеудесіне шеңбер сызды.

Бітімге қол қойылатын сейсенбіде күн суық, әрі жауынды болды. Күнде ас үйге таңғы бесте келетін полковник Аурелиано Буэндиа бұл жолы ертерек кірді, әдеттегісінше бір шыны аяқ қантсыз кофе ішті. "Дәл бүгінгідей күні сен дүниеге келгенсің, — деді Урсула. — Көзің ашық туып, бәрімізді шошытып едің". Ол естімегенсіді, таңғы тыныштықты бұзып, сап түзеп, сартсүрт басқан солдат аяқтарының тарсылына, дабыл үніне, қысқа-қысқа бұйрық берген дауысқа құлақ түрді. Сонша жыл соғыста болған полковник Аурелиано Буэндианың бұған еті өліп кетсе керек еді, дегенмен бозбала күнінде алғаш рет жаланаш әйелді көрген кездегідей тізесі дірілдеп, бойы қалтырап кетті. Қасіреттің қалың қопасына кірген оның санасында егер сол кезде сол әйелге үйлене салғанда, соғыс та жоқ, даңқ та жоқ, қолөнершінің бірі ғана, уайым-қайғысыз бақытты мақұлық болып дәурен кешер ме едім деген бір ой жылт етті. Осы титтей өкініш, қас қағым әлсіздік асқа тәбетін қашырды. Таңертеңгі сағат алтыда қасында бір топ көтерілісші офицерлер бар полковник Геринельдо Маркес оны ала кетуге келгенде, полковник Аурелиано Буэндиа бұрынғыдан да түйық, жалғызілік, еңсесін қалың ой езген адамдай көрінді. Урсула шығарында оның үстіне жаңа плащ жаппақ болған. "Мына түрінді үкіметке көрсетпе, — деп жалынып жатыр. — Бұл сорлының плащ алатын да ақшасы қалмаған екен, содан да тізе бүккен ғой деп ойлап қалар". Плащты алған жоқ, алайда аттап шыға бергенде шүмектеп жауған күнді көріп, Хосе Аркадио Буэндианың көнетоз қалпағын киіп алды.

— Аурелиано, — Урсула оны тоқтатып, өтінішін айтты. Егер жағдайың қиындап бара жатса, мені, ананды есіңе ал. Солай етем деп уәдеңді берші.

Ол бәрінен де безінген раймен зорлана күлімсіреді де, сөзімді бердім дегенін білдіріп қолын көтерді, содан кейін ләм-мим деп тіс жармай қаладан шығып кеткенше, қыр соңынан қалмай атына айтылатын қорлайтын, кінәлайтын, кіжінетін, табалайтын, қарғыс-лағнет сөздерге қарсы қадам басты. Урсула есікті тарс жауып, іштен бекітіп алды да, оны өле-өлгенше қайтып ашпауға бекінді. "Көз жасымызды көрсетіп, дүшпанымызды қуантып, пасықтарға таба болғанша, өңшең әйел осы төрт қабырғаның ішінде шіріп өлейік, тек күліміз қалсын", — деп ойлады ол. Ұлынан қалған бір

белгі жоқ па деп түске дейін үй-ішін тінтіп шықты, қарамаған қалтарыс-қуысы жоқ, бірақ еш нәрсе таппады.

Рәсім Макондадан жиырма шақырым жерде, соңынан айналасындағы Неерландия қаласы салынатын алып ағаштың саясында өткізілді. Үкімет пен партиялардың өкілдеріне және көтерілісшілердің қаруды тастап, тізе бүгуге өкілдік алған делегациясына жауыннан қорғалап пыр-пырлап ұшқан кептерлер секілді сопылық жолын қуған шымқай ақ киген бір топ қызмет көрсетті. Полковник Аурелиано Буэндиа жүні түскен, бас-аяғы былғаныш қашырға мініп келді. Сақалмұртын да алмапты, атақ-абырой аңсауды қойып, даңқ-дабыран табанға басқан адамның кейпі, бәрінен үмітін үзген жанның кейпі, арман-мұратының аяусыз күйрегенінен гөрі оның жанын қолтығындағы жарасының сыздағаны көбірек бататыны секілді. Оның тілегі бойынша музыка да, керней де, мерекелік қызыл танау даңғаза да, еліріп-ереуілдеген у— шу да, бітімнің қаралы сипатына қылау түсіретін басқа да шат-шадыман рай болған жоқ. Қаңғырып келе қалған бір фотограф полковник Аурелиано Буэндианы бір рет суретке түсіріп үлгерген еді, оны да шығартпай, негативін сәулелетіп тастатты, өйткені сол жалғыз суреттің болашақ ұрпақтың қолына түсуі кәдік-ті.

Бітім жасау рәсімі қас қағым сәтте бітті, барлығы қолдарын қойып шыққанған дейін ғана созылды. Делегаттар алба-жұлбасы шыққан цирк шатырының ортасына қойылған қолдан жасалған қарапайым үстелдің қасында отыр, оны жағалай полковник Аурелиано Буэндиаға адалдығын сақтаған соңғы офицерлері тұр. Қол қойдырмас бұрын республика президентінің өкілі тізе бүгу актісін жария қылмақ болған еді, полковник Аурелиано Буэндиа оқыттырмады. "Онсыз да белгілі нәрсеге уақыт кетірмейік", — деді де қағаздарға оқымай қол қоюға ыңғайланды. Сол кезде оның қасындағы офицерлерінің біреуінің даусы шатыр астындағы тыныштықты бұзды.

— Полковник, — деді ол, — сізден бір тілек: бірінші болып қол қоймаңызшы.

Полковник Аурелиано Буэндиа оның айтқанын істеді. Қаламұштың сықырын санап, қойылған қолдың неше әріптен тұратынын еркін айтып беруге болатын тылсым тыныштық ортасында документ үстел айналып келгенде қол қойыла-

тын жердегі бірінші жол бәрібір бос қалған еді. Полковник Аурелиано Буэндиа сол жолды толтыруға оңтайлана берді.

— Полковник, – дәл сол кезде офицерлерінің тағы да біреуі тіл қатты. — Әлі де өзіңізді мына масқарадан құтқаратын мүмкіндігіңіз бар.

Полковник Аурелиано Буэндиа селт еткен жоқ, актінің бірінші данасына қолын қойып жіберді. Шатырдың аузына екі сандық артқан қашыр жетелеген көтерілісшілер әскерлерінің офицері келіп тұра қалған кезде ол соңғы көшірмеге қол қойып жатқан. Қылшылдаған жастығына қарамастан жаңа келген офицерлердің көп сөзі жоқ, ұстамды адам екені көрініп тұр. Бұл Макондо округі көтерілісшілерінің қазынашысы болатын. Уақытында жетіп үлгеру үшін ол аштан өлуге жақын қашырды сүйрелеп, алты күн ауыр сапар шеккен. Ол айрықша сақтықпен қашырдың арқасынан сандықтарды түсіріп алды да ішін ашып, бір-бірлеп санап, үстел үстіне тура жетпіс екі алтын кірпіш шығарып қойды. Бұл бар-жоғын барша жұрт ұмытып кеткен өз алдына жатқан тұтас бір қазына еді. Соңғы жылы орталық командование тарап, революция жеке қолбасшылардың өзара қанды бәсекесіне айналған, ешкім еш нәрсеге жауап бермейтін болып, бәрі бет-бетімен кеткен. Сөйтіп бөлек–бөлек кесектерге құйылып, қышпен жабылған көтерілісшілердің алтыны еш бақылаусыз қала берген-ді. Полковник Ауреалино Буэндиа жетпіс екі алтын кесегін де қоярда-қоймай тізе бүгу актісіне енгіздіріп, бұл мәселені талқыға салуға дегбір бермей, қолын қойып берді. Алдында қалшиып тұрған шаршап-шалдыққан жас жігіт өзінің қайнатылған шекер шырынындай алтын түсті мөлдір жанарларымен оның көзіне шаншыла қарады.

— Енді не керек? — деп сұрады одан полковник Аурелиано Буэндиа.

Жас офицер тістене сөйлеп:

— Тілхат, — деді.

Полковник Аурелиано Буэндиа оған өз қолымен тілхат жазып берді. Содан кейін сопы қыздар әкеліп берген бір стақан лимонадты ішіп, бір тілім бисквитті жеп, дамылдағысы келсе деген оймен өзіне арнап тігілген жорық қосына беттеді. Қоска кірген ол көйлегін шешіп, төсегінің шетіне отырды да, түс ауған шақта тура сағат үштен он бес минут кеткенде өзінің жеке дәрігері кеудесіне иодпен сызып берген шеңбердің дәл ортасына тапаншасын тіреп, атып салды.

Дәл осы сағатта Макондода Урсула осынша уақыт тұрғанда қайнамағанына таңданып, пеш үстіндегі сүт құйылған құмыраның қақпағын ашқанда ішінде құжынап жүрген құртты көрді. — Аурелианоны өлтірген екен. — Урсуланың ащы даусы шықты.

Содан кейін жалғыздық бойына сіңірген дағдысы бойынша аулаға көз салды, жауын астында су болып отырған, өлген кездегісінен де қартайып кеткен, жүзін қайғы басқан Хосе Аркадио Буэндианы көрді. "Оны опасыздықпен өлтірген ғой, — Урсула ойын дәлдей түсті. — Көзін жабатын ешкімнің болмағанын қарашы".

Түнде Урсула жас жуған жанарларымен аққан жұлдыз сияқты, көк жүзін қиып өткен қызғылт сары жалт-жүлт еткен отты дөңгелектерді көрді, мұны ажал белгісі деп ұқты. Қан қатып қақайып қалған плащқа оралған полковник Аурелиано Буэндианы алып келгенде, Урсула әлі де талшын түбінде ақсақалының тізесіне бетін басып, егіліп жылап жатқан. Полковник Аурелиано Буэндианың ашық жанарларында ыза оты маздап жатты.

Оның беті бері қарады. Оқ тура тесіп өтіпті, полковниктің жеке дәрігері иод сіңген жіпті кеуде тұсынан жүгіртіп жіберіп, арқасынан оп-оңай суырып алды. "Бұл менің ең тамаша туындым, — деп масаттанды дәрігер. — Оқ адамның бірде-бір жанды жеріне тимей ағып өте шығатын жалғыз нүкте осы еді. Полковник Аурелиано Буэндиа есін жиып алған кезде айналасында өзін мүсіркеп, жанын жаннатқа жібере көр деп тәңірге жалбарынып, жоқтау айтып сыңсып отырған сопы қыздарды көрді, сонда ол өзін ауыздан атпағанына өкінді, алғашында іштей мырс етіп, Пилар Тернераның болжамына қасақана солай істесем бе екен деп ойлаған.

— Әттең, — деді ол өзінің дәрігеріне қарап, — қолымда биліктің тұтамдай ұшы қалғанда, мен сізді тергеусіз, сотсыз аттырып-ақ тастар едім. Аман алып қалғаныңыз үшін емес, ел-жұртқа күлкі қылғаныңыз үшін сөйтер ем.

Полковник Аурелиано Буэндианың ажалдан аман қалуы айналасы бірер сағаттың ішінде оның жоғалтқан абыройатағын қайтадан қалпына келтірді. Ол жеңісті қабырғасы алтыннан қаланған үйге сатып жіберді деген сыбыс таратқан адамдардың өздері оның өзін-өзі өлтірмек болғанын ізгі

әрекетке балап, полковник Аурелиано Буэндианы әулие көтеріп әкетті. Кейініректе ол республика президенті ұсынған Құрмет орденінен бас тартқан кезде либералдардың ішіндегі бұрынғы ең қаскөй қарсыластарына дейін келіп, бұрынғы бітім шарттарын жоққа шығарып, қайтадан жаңа соғыс бастауға өтініш білдірген. Үй-іші жан-жақтан саулап келіп түсе бастаған сый-сыяпатқа толып кетті, бұл да бір кезде өзіне қарсы жасалған оғаштықтарды жуып-шайғандықтың белгісі еді. Ештен кеш жақсы, қарулас достарының кешеуілдеп болса да көрсеткен қолдау-көмегіне тебіренген полковник Аурелиано Буэндиа олардың тілегін үзілді-кесілді итеріп тастаған жоқ, ұзын арқау, кең тұсауға салды. Бір уақ оның бойында жаңадан соғыс ашуға нық бекемдік байқалғандай да болған, полковник Геринельдо Маркеске тіпті ол соғыс жариялау үшін тек ілік таппай отырғандай көрінген. Шынтуайтқа келгенде ондай сылтау да табан астында табыла кеткен: республика президенті бұрынғы соғысқа қатысушы либералдарға да, консерваторларға да, әрқайсысының ісін арнаулы комиссия қарап шешпейінше, конгресс қаржы бөлу туралы занды бекітпейінше пенсия тағайындаудан бас тартқан болатын. Полковник Аурелиано Буэндиа: "Бұл неткен сорақылық. Бүйте берсе, ол сорлылар пенсия алғанша, қартайып, өліп бітеді", — деп терісіне сыймай қатуланып, қаһарына мінген-ді. Ол сауығып келе жатқан кезінде Урсула сатып әперген әткеншек орындықтан бірінші рет түрып, жатын бөлмесінің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, өз аузымен айтып жаздыртып, республика президентіне өңменінен өтердей етіп, аманат жолдаған. Сол бетінде жарияланбай қалған бұл телеграммада ол президенттің Неерландия бітімін бұзғанын бетіне басып, егер екі аптаның ішінде пенсияға қаржы бөлу мәселесін шешпесе, онда өліспей бітіспейтін соғыс жариялайтынын айтып доңайбат көрсеткен. Ол қара қылды қақ жарған әділ талаптар қойды, сондықтан консерваторлар партиясына кіретін соғысқа қатысушылардың өздері де оны қолдап шығатынына шүбә жоқ еді. Жауап берудің орнына үкімет Буэндиа үйінің қасындағы полковникті қорғау үшін қойылды-мыс деген әскери күзетті күшейте түсті, оған келіп-кетуге де тыйым салынды. Үкіметке қауіпті басқа да көтерілісші офицерлер хақында да сақтық үшін дәл осын-

дай шаралар қолданылды. Бұл шаралар ың-шыңсыз, уақтылы, әрі батыл жүргізілді, бітім жасалғаннан кейін екі айдан соң половник Аурелиано Буэндиа әбден айығып, жүріп-тұруға жараған кезде оның ең адал көмекшілерінен өлгені өліп, кейбірі айдауға кетіп, кейбірі үкіметке қызмете кіріп, ешкім қалмаған еді.

Желтоқсанның аяғында жатын бөлмесінен шыққан полковник Аурелиано Буэндиа төңірекке көз салғаннан-ақ соғыс туралы ойға алудың өзі әбестік екенін бірден ұқты. Қартайған жасына қарамай, Урсула тырысып-тырмысып жүріп, бүкіл үйді қайта жаңғыртып шыққан. "Мен әлі оларға өзімнің кім екенімді көрсетем, — деген ол ұлының тірі қалғаны туралы хабар жеткен күні. — Мына пері соққан үйден сәулетті, қонақжай үй бұл төңіректе болмайды әлі. Ол үйді жуғызып, сылатып, сырлатып шықты, мебельдерін ауыстыртты, бақтың ішін тәртіпке келтіріп, жаңадан гүлдер еккізді, жаз жарқылы тіпті жатын бөлмелерге дейін енсін деп, есік-терезенің бәрін ашқызып тастады. Содан кейін бір-біріне жамалып, көбейіп кеткен аза тұтудың бәрінің біткенін жария етті де, өзі бірінші болып қара киімін тастап, бар жақсысын үстіне жапсырып, жасанып шыға келді. Үйде қайтадан пианоланың көңілді үні шалқыды. Оны естіген Амаранта Пьетро Креспиді, ымырттағы гардение гүл шоқтарын, әтір иісін есіне түсірді, жүрек түкпірінде тағы да қысастық оты тұтанды, брақ бұл уақыт тазартқан, өкінішке суарылған бейкүнә сезім еді. Қонақ бөлмені жинастырып жүрген Урсула бір күні кешке үй күзетіп жүрген солдаттардан көмектесіп жіберуін сұрады. Олардың командирі жас офицер қарсы болған жоқ. Содан кейін Урсула оларға күн сайын жаңа тапсырма беретін болды. Дастарқан басына шақырып, оларды астан кенде қалдырған жоқ, артық-ауыс киім—кешектерді сыйға тартты, оқып-жазуды үйретті. Кейіннен үкімет үйге қойылған күзетті алғаннан соң, солдаттардың біреуі осында тұрып қалып, тағы да талай жыл Урсулаға қызметші болып жүрді. Ал Әсем Ремедиос көз қиығын да салмай, діңкесін құртқан жас офицер жаңа жылдың алғашқы күні таң шапағында қыз терезесінің түбінде санаменен сарғайып, дүние салды.

Тағы да талай жылдар өтеді, өлім аузында жатқан Екінші Аурелиано жаңа туған тұңғышын көру үшін жатын бөлмеге

бас сұққан маусым айының сол бір алыс жауынды күнін еске алады. Ұлы Буэндиалар әулетіне тартпаған арық жылауық екен, әкесі оған қандай есім беру керектігіне көп ойланып-толғанған жоқ.

— Біз оны Хосе Аркадио деп атайық, — деді.

Екінші Аурелиано осыдан бір жыл бүрын үйленген көркем келіншек Фернандо дель Карпио күйеуінің үйғарымын мақұлдады. Қайта Урсула әлденеге аландап, көкейіне күдік кіргенін жасыра алмады. Осы шаңырақтың шежіресінде ұрпақтан—ұрпаққа бір есімдердің қайталанып көше беруіне қарай Урсула өзінше бір жорамал жасаған. Байқап отырса, Аурелиано аталғандар жатбауыр, түйық, ақылды, алғыр болып өседі. Хосе Аркадиоларға тән қасиет-қызу қандылық, іскерлік, бірақ бұлардың пешенесіне қайғылы қазаға ұшырау жазылған. Алайда Екінші Хосе Аркадио мен Екінші Аурелиано да бұл жорамалға мүлде ұқсамайтын. Кішкентай кездерінде екеуі бірінен-бірі айнымайтын қағылез болып өсті, тіпті, Санта Софья де ла Пьедаттың өзі оларды жыға ажырата алмайтын. Оларды шоқындырған күні Амаранта әрқайсысының білегіне аттары жазылған білезік салып, үстеріне есімдер әдіптеліп тігілген әр түсті көйлекшалбар кигізген, бертін келе, мектепке барғаннан кейін олар білезіктерін, киімдерін, тіпті, аттарына шейін ауыстыратын әдетті шығарды. Екінші Хосе Аркадионы жайшылықта жасыл көйлегіне қарап танитын Мельчор Эскалона мұғалім бірде жасыл көйлек киген баланың қолындағы білезіктен "Екінші Аурелиано" деген жазуды көріп, ал оның ақ түсті көйлек киген сыңарының білезігіндегі жазу "Екінші Хосе Аркадио" деп тұрса да, өзін Екінші Аурелианомын деп болмай қойғанда әбден ызасырықтан өткен. Содан былай жұрт шатасып кетерміз деп, қайсысының кім екенін айтуды қойған. Олар бір-біріне ұқсамайтын зіңгіттей жігіт болып өскенде де қайсысының кім екенін тап басып айту қиын-ды, тіпті, Урсула осылар әлгі киімдерін шым-шытырық ауыстырып, ойнап жүрген кездерінде, шынында да, шатасып, мәңгілікке аттары ауысып кеткен жоқ па екен деп басын қатырады. Егіздер жасөспірім шағына жеткенше бір қалыптан шыққан механизмдер сияқты еді. Олар әрдайым бір мезгілде оянатын, екеуінің де бір сәтте жуынғысы келетін, екеуі де бірдей аурулармен науқастанды, ақыр аяғында бірдей

түстер көрді. Бұрын бәрі балалар әдейі ойын үшін солай істейтін шығар деп ойлап келген де, мұның ойын емес екенін кейін бірақ түсінді. Бір күні Санта София де ла Пьедад үлдарының біріне лимон салынған су береді, ол үрттаған кезде екіншісі тұрып "қышқыл екен" дейді. Санта София де ла Пьедад, шынында да, шекер салуды ұмытып кеткен еді, ол бұл байқағанын Урсулаға айтты. Урсула бұған таңданған жоқ: "Бұлар үрім-бұтағымен сондай. Туғанда қағынып туады", — деп жауап қайтарды. Уақыт өте жұрт одан сайын шатасты. Қым-қуыт киім, білезік ауыстырудан кейін Екінші Аурелиано есімімен қалғаны арғы атасы Хосе Аркадио Буэндиа сияқты алып болып өсті де, Екінші Хосе Аркадио есімін еншілегені полковник. Аурелиано Буэндиа сияқты арық, ұзын болып ер жетті. Екеуінде қалған жалғыз ұқсастық, ол осы әулетке тән белгі — әрдайым өгейсіп тұратын кескін-келбеттері. Урсуланың осылар кішкентай кезінде ауысып кеткен жоқ па екен деп үнемі күмәнданып жүретіні де осыдан, бойларының, мінез-құлқының аттарына үйлеспейтіндігінен еді.

Олардың арасындағы ең басты айырмашылық соғыстың ең бір түтеп түрған тұсында Екінші Хосе Аркадио полковник Геринельдо Маркеске ату жазасының қалай орындалатынын көрсетші деп қолқа салғанда-ақ аңғарылған. Урсула қарсы болса да оның тілегі орындалған. Керісінше кісі өлімі туралы ойдың өзінен Екінші Аурелианоның төбе құйқасы шымырлаған. Ол көбінесе үйде қалатын. Он екіге толғанда ол Урсуладан жабық бөлмеде не барын сұрады. "Қағаз, оны-мұны, Мелькиадестің кітаптары және оның соңғы кездері шығарып кеткен бір қызғылықты жазбалары", — деп жауап қатқан ол. Оның сөзін қанағат түтып, тыншу қайда, Екінші Аурелиано одан сайын сол бөлмеге құмарта түсті. "Ештеңеге тиіспеймін" деп ант-су ішіп, қыр соңынан қалмаған соң, Урсула оған ақыры бөлменің кілтін беріп құтылған. Мелькиадестің сүйегін шығарғаннан бері бұл бөлмеге пенде баласы бас сұққан емес, тіпті, есікке ілінген құлыпты тот басқаны сонша, барлық бөлшектері бір-бірімен тұтасып кеткен еді. Алайда Екінші Аурелиано күнде келіп жүрген адамдай, еркін кіріп терезені ашқанда, жарық күн сайын нұрға малынып тұрған бөлмеге

түскендей, айналаны тегіс жарқыратып жіберді: бөлме ішінде бір түйір шаң, не өрмекшінің торы жоқ, бәрі де мүнтаздай тап-таза, жинастырулы түр екен, тіпті Мелькиадесті жерлеген күнгіден таза, жинақы көрінеді, сия сауытта сия түр, қылау шалмаған металл заттар жалт-жұлт етеді. Хосе Аркадио Буэндианың сынап қайнататын көрігінің оты да өшпепті. Сөрелерде тозығы жетіп әр жер-әр жері қобырай бастаған күнге тотыққан адамның терісі түстес сарғылт қоңыр матамен тысталған кітаптар тізіліп тұр, олардың қасында көне жазбалар — манускриптер сол қалпында жатыр. Бөлменің талай жыл бойы жабық тұрғанына қарамай, үйдегі басқа жайлардың ауасынан гөрі мұндағы ауа таза көрінеді. Бірнеше апта өткен соң еденін жуайын деп, бір шелек суы мен шөткесі бар Урсула келгенде де мұнда ол істей қоятындай шаруа жоқ-ты, бәрі де бәз-баяғы қалпында, рет-ретімен, тап-таза күйінде тұр екен. Екінші Аурелиано бір кітапқа шұқшиып отыр, басын алар емес. Тысы болмаған соң бала кітаптың атын да білмейді, бірақ соған қарамастан, ішіндегі таң-тамаша оқиғаларды: үстел басына отырғанда күріштен басқа тамақ ішпейтін, соның өзінде оларды қос алтын түйреуішпен бір-бір дәннен алып жейтін әйел туралы, көршісінен ауына батырғы сұрап алып, ризашылықтан оған бір балық беріп, ол балықтың ішінен гауһар шығып өкініп қалған балықшы туралы, адамның кез келген тілегін орындайтын сиқырлы шам, ұшатын кілем туралы хикаяларды құныға құмарлана оқиды. Қатты таңырқаған ол Урсуладан осының бәрі шын ба деп сұраған, ол шын болса шын шығар деп жауап қатқан, сосын осыдан көптеген жыл бұрын Макондоға сығандардың сиқырлы шамдар мен ұшатын ши бойралар әкелгенін айтып берді.

— Солайы солай-ау, — деп күрсінген ол соңынан. — Енді қазір мұндай оқиғалар болады деймісің, замана өзінің ақырына бірте-бірте жақындап келеді-ау.

Беттері жоғалып қалған соң, көп оқиғалары аяқталмай қалатын кітапты тауысқаннан кейін Екінші Аурелино Мелькиадестің манускриптерінің сырын ашуға бекінді. Бірақ қанша талаптанса да тісі батпады. Әріптерді кептіру үшін іліп-іліп қойған кір сияқты, кәдімгі жазудан гөрі нотаға ұқсас. Бір күні тал түстегі ыстықта бар пейілімен қолжазбаның бетіне үңілген Екінші Аурелиано бөлмеде тағы да

біреудің барын сезді. Терезеден текшеленіп түсіп тұрған жарықтың қақ ортасында қолдарын тізесіне қойып Мелькиадес отыр. Қырыққа ілінбеген адамның кейпі. Үстінде сол баяғы көнетоз кеудешесі, басында жиегі қарғаның қанатына ұқсайтын қалпағы бар, құп-қу самайынан ыстықта еріген май сияқты жылт-жылт етіп тер тамшылары сорғалап тұр, сыған сол баяғыда, бала кезінде Аурелиано мен Хосе Аркадио көрген кездегідей қалпында екен. Екінші Аурелиано оны бірден тани кетті, әулеттерінде ұрпақтан ұрпаққа көшіп келе жатқан естелік-мұра мұның құлағына да жеткен-ді.

— Сәлеметсіз бе, — деді Екінші Аурелиано.

— Сәлемет бол, бозбала, — деді Мелькиадес.

Содан олар бірнеше жыл бойы күн құрғатпай, әр кеш сайын дерлік жүздесіп жүрді. Мелькиадес балаға ғалам жайын әңгімелейді, оның зердесіне өзінің көнерген ілім-білімін сіңіруге талпынады, бірақ жазбаларының сырын ұқтыруға баспай-ақ қойды. "Бұл жазбаларға жүз жыл толғанша, мұнда не жазылғанын ешкім білмеуге тиіс", — деп сырын айтты ол. Екінші Аурелиано бұл кездесулері жайлы құпияны өмірбақи ешбір жанға ашқан емес. Бірде бөлмеде Мелькиадес отырған кезде үстерінен Урсула кіріп келгенде, Екінші Аурелиано өзінің осы бір оқшау дүниесі қираған екен деп қатты қорыққан. Бірақ Урсула сығанды көрген жоқ.

— Кіммен сөйлесіп отырсың, — деп сұрады ол.

— Ешкіммен де емес, — деп жауап қатты Екінші Аурелиано.

— Марқұм бабаң сондай еді, — деді Урсула. — Ол да өзімен өзі сөйлесіп жүретін.

Нақ сол уақытта Екінші Хосе Аркадио адамды қалай ататынын көрсем деген арманына да жеткен. Содан кейін өмірінің соңғы сағаттарына дейін оның көз алдынан бір мезгілде алты мылтықтан ұшқан көкпеңбек жалын, таутауды күңіренткен жаңғырық, жазаға кесілген жанның жүзіндегі таңдану, оның қайғылана езу тартқаны, көйлектерін қан жуып кетсе де, құламай тұрғаны, оны бағаннан шешіп алып, әк толы үлкен жәшікке салып жатқанда да жүзінен қайғылы күлкі табының өшпей қойғаны кетпей қойды. "Әлі трі ғой, — деген ой келді. Екінші Хосе Аркадиоға. — Олар шынымен тірідей көмер ме екен". Бұл оқиға балаға қатты әсер етті, содан былай қарай ол өлім жазасын қолданғандары үшін емес, адамды тірідей көрге

тығатын сұрқи ғұрыптары үшін, әскерилерді де, соғысты да жек көріп етті. Ендігі жерде ол шіркеу мұнарасына шығып қоңырау қағып, Күңкілдектің орнына келген падре Антонио Исабельге құлшылық қызметін өтеуіне, мінәжәт үйінің ауласында таластыратын қораздарды күтісуге көмектесе бастады, оның бұл қылығын бастапқыда ешкім байқаймай қалған. Мұны алдымен байқаған полковник Геринельдо Маркес есі дұрыс либералдың ешқайсысына лайық емес ісі үшін оған қатты ұрысты. "Байқап отырсам, — деп жауап қатқан оған Екінші Хосе Аркадио, — мен өзі консерватор болып кеткен сияқтымын". Ол, шынында, іштей мандайыма жазылғаны осы шығар деп ойлаған. Полковник Геринельдо Маркес оның бұл қылығына Урсулаға барып шағынды.

— Тіпті, осынысы жөн, — ол шөбересінің қалауын құптады. — Священник боп кетсе жақсы-ақ болар еді. Сонда біздің үйге тәңірінің шарапаты тиер ме еді?!

Көп ұзамай Урсула падре Антонио Исабельдің өз шәкіртін алғаш шоқындыру рәсімін өткізуге әзірлеп жүргенін білді. Қораздардың желке жүнін жұлып жатып дін қызметшісі шәкіртіне сүрелерді жаттатады, ал мекиендерді жұмыртқа басуға отырғызып жүргенде қарапайым мысалдар негізінде құдай тағала дүниені жаратқан екінші күні неліктен балапандарды жұмыртқаның ішінде өсіруді ұйғарған себебін түсіндіреді. Сол кезде-ақ падре Антонио Исабель қартайып, алжи бастағанының нышанын сездіріп алған, ал арада бірнеше жыл өткен соң, аспанда албасты алланы жеңіп, ашық-ауыздарды өзінің торына түсіріп, теріс жолға салу үшін, кім екенін жасырып, көк тағына отырып алған секілді деп соққаны бар. Қақ тағаланың өзінен қаймықпайтын осындай жүрек жұтқан тәрбиешінің тәлімімен Екінші Хосе Аркадио айналасы бірнеше айдың ішінде дін ілімін арбағанда албастыңыздың өзінің қалпағын теріс кигізіп жіберетіндей дәрежеде меңгеріп алумен бірге қораз таластырудың ортан қолдай маманы ретінде де танылған. Амаранта оған әдейі арнап қатырма жағалы, галстукті кенеп костюм тігіп беріп, екі пар ақ туфли сатып әперді, шырақтың астына қоятын бантына алтындап есімін де жазды. Шоқындыру рәсімін өткізуге екі түн қалғанда падре Антонио Исабель шіркеудегі киінетін бөлмені іштен іліп алып, күнәлардың тізім кітабына үңіліп отырып, шәкірттің зілзаладан арылту рәсімін жасады. Үнемі

сағат алтыда жатуды дағды еткен қарт дін қызметшісі ұзын сонар тізімнің аяғына жетпей, отырған жерінде ұйықтап қалды. Бұл жауаптасу Екінші Хосе Аркадионың көп нәрсеге көзін ашты. Падре әйел затымен теріс қылық жасаған жоқсың ба деп сұрағанда ол таңданбады, ағынан жарылып, "жоқ" деді, ал енді жануарлармен мұндай қатынасың болды ма деген сауал қойылғанда қатты таңырқаған бала тілден қалды. Майдың алғашқы жұмасында рәсімнен өте сала бұл гәпті білуге үздіккен бала шіркеу мұнарасында тұратын, жұрт жарқанат жейтін көрінеді десетін өзі дімкәс діни қызметші Петрониоға түсінік алуға жүгіріп жетіп келген. Петронио бастапқыда іркілмей: "Кейбір құдай ұрған христиандардың қодықпен осы шаруамен шұғылданатыны рас", — деген. Алайда бұл жауап Екінші Хосе Аркадионы қанағаттандыра алмады, ол Петрониаға үсті-үстіне үйіп-төгіп сұрақтан-сұрақ қойып, есін шығарды, ананың запа болғаны сонша, шыдамы таусылды. Бала қыр соңынан қалмаған соң:

— Саған, сірә, көзіңе көрсетпесе болмас, — деп ол ағынан жарылған. — Тек ешкімге айтушы болма. Келесі сейсенбіде өзіммен бірге ала барам.

Айтқанындай, келесі сейсенбіде қолына қандай мақсатқа қолданылатыны осы уақытқа дейін беймәлім болып келген кішкене орындық ұстаған Петронио мұнарадан түсіп, Екінші Хосе Аркадионы жақын маңдағы мал қамайтын шетенге ертіп апарды. Түнгі жортуылдар балаға қатты ұнады, соның салдарын ол Катаринонның мекен-жайының есігін кеш, арада талай жыл өткен соң барып ашты. Оған қоса қораз таластыруға да құнығып алды. Бірде ол өзі баптап жүрген ең алғыр қораздарын үйге алып келгенде: "Мына пәлелерінді басқа жаққа алып кет. Біздің тұқымға бұлардан келген қасірет онсыз да аз емес", — деп Урсула азар да безер болған. Екінші Хосе Аркадио сөзге келген жоқ, үн-түнсіз "жауынгерлерін" алып жөнелді, содан бастап немересін көз алдында ұстау үшін не істеуге де бейіл Пилар Тернераның үйінде қораздарын баптауға көшті. Көп ұзамай-ақ падре Антонио Исабель үйреткен айла-амалдарды қолдану арқылы ол қораз таластырудан құс қорасын толықтырумен қоса өзінің еркек қажеттерін өтеуге жетіп артылатын қыруыр қаржы табатын болды. Сол кезде Екінші Хосе Аркадионы сыңарымен салыстырған Урсула бір-бірінен аумайтын егіздердің бір-біріне

ұқсамайтын мүлде басқа адамдар болып өскеніне қайран қалған. Алайда бұл сырды ашу үшін ол басын көп қатырған жоқ, біршама уақыт өтпей жатып-ақ Екінші Аурелианоның да жалқаулыққа, басқадай ырду-дырдуға, жеңіл жүріске бейімділігі білінді. Мелькиадестің бөлмесінен аттап баспай отырғанда бұл да жас кезіндегі полковник Аурелиано Буэндиа сияқты түйық, үнемі ой үстінде жүретін ұстамды жігіт болатын. Неерландия бітімінен біраз бұрын бір кездейсоқ оқиға оны тығылып отырған ұясынан алып шығып, өмірмен бетпе-бет ұшырастырған. Ұтысқа аккордеон тіккен лоторея билеттерін сатып жүрген бір жас әйел аяқ астынан Екінші Ауреалианомен ескі танысындай жалпылдап, жылы ұшырап амандасты. Бұл оған таңданған жоқ, бұрын да оны сыңарымен талайлар шатастыратын. Бірақ әйел дүрдараз кісідей тұрған бұған назданып, қылық көрсеткен кезде де, жетелеп бөлмесіне алып келген кезде де ол сыр ашқан жоқ. Әйел бірінші кездесуден кейін-ақ бұған бауыр басып кетті, тіпті аккордеон бұған тисін деп билеттерді ауыстырып салатынды шығарды. Екі аптадан кейін Екінші Аурелиано әйелдің біресе өзімен, біресе сыңарымен көңіл қосып жүргенін білді де, істің мәнісін ашуға тырысқан жоқ, қайта бәрін жасырып қоюға жанын салды. Мелькиадестің бөлмесіне содан қайтып аяқ басқан жоқ, аулада отырып, сол кезде аза тұтуға байланысты музыка ойнауға тыйым салған және Франсиско Адамның мұрагерлері — қаңғыбас музыканттардың аспабы санап, жек көретін Урсуланың күңкілдегеніне де қарамай, күні бойы шиқылдатып зердесімен аккордеон ойнап үйренуге тырысты. Ақыры Екінші Аурелиано аккордеонды өте шебер ойнауға жетікті, соңыра әйел алып, балалы-шағалы болып, Макондоның аса қадірмен адамдарының біріне айналғанда да ол аккордеон тартуын қойған жоқ.

Ол екі айға жуық сыңарымен бір әйелдің махаббатын бөлісті. Сездірмей ғана Екінші Хосе Аркадионың өзін бағып, оның жоспарларын бұзуға әрекеттенді, ортақ ашыналарына оның бармайтынын білген түні жымпиып өзі жөнеледі. Ол бір күні таңертең ауырып түрегелді. Екі күннен кейін жуынатын бөлмеде қара терге малынып, қабырғаға сүйеніп қыстығып жылап тұрған сыңарының үстінен түсті. Екінші Аурелиано болған жайды бірден сезе қойды. Сыңары бар сырын айтып берді, барып жүрген әйелі жаман ауру

жұқтырдың деп қуып жіберген екен. Өзін Пилар Тернераның қалай емдеп жүргенін де жасырған жоқ. Екінші Аурелиано жанға сездірмей ыстық марганцовкамен шайынып, зәр қуатын дәрі-дәрмек ішті, ақыры егіздер үш ай дегенде жаман дерттерінен өліп-талып әрең айықты. Екінші Хосе Аркадио бұдан былай әйелмен кезіккен жоқ. Екінші Аурелиано жалынып-жалпайып кешірім сұрай жүріп, әйелді бері қаратты да содан өле-өлгенше байланысын үзген жоқ.

Оның аты-жөні Петра Котес еді. Ол Макондоға соғыс кезінде, лоторейден түсетін кіріске күнелтетін, жол-жөнекей табысқан күйеуімен келген еді де, күйеуі дүние салғаннан кейін оның шаруасын өз қолына алған. Бұл ақ еркек пен қара әйелден туған, бойын күтіп ұстайтын кірпияз, сұлу жас келіншек еді, сарғыш көздері реңіне біршама адуындылық шырай беріп түрғанмен, дарқан жүректі, тек махаббат үшін жаралған жан еді. Екінші Хосе Аркадионың таластыратын қораз асырап, Екінші Аурелианоның өзінің ашынасының үйіндегі думан-сауықтарда аккордеон тартатыны құлағына жеткенде Урсула ұяттан өртеніп, кірерге тесік таппаған. Әулеттерінің бір де бір жақсы қасиеттері дарымай, тек жаман мінездері ғана осы екі егіздің бойларынан келіп шыққандай көрінген. Урсула сонда өз әулеттерінде енді бір де бір адамға Аурелиано мен Хосе Аркадио есімдерін бермеуге үйғарған. Алайда Екінші Аурелианоның тұңғышы туғанда нәрестенің әкесінің тілегін қабыл алмауға тағы да батылы бармаған.

— Жарайды. Айтқаның болсын, — деген сонда Урсула. — Бірақ жалғыз ғана тілегім бар. Баланы өзім өсірем.

Урсула жүзге жетіп, шел басып, көзі көрмей қалса да, әлі тың, баяғындай жігерлі, іскер, бір мінез, үлкен парасат иесі еді. Урсуланың нәретені тек өзінің ғана ізгілікті жан етіп өсіре алатынына көзі жеткен, өз шаңырақтарының шайқалған абырой-атағын қалпына келтіретін, өз ойынша, әулеттерінің түбіне жетіп келе жатқан төрт пәлені: соғысты, қораз таластыруды, сайқал қатын мен есерсоқ ой-ниетті білмейтін мейірлі жанды тәрбиелеуді өз қолына алуға бекіген. "Бұл ма, бұл священник болады, — деген мейірленген Урсула. — Егер тәңірі жар болып, біраз тірі тұрсам, бұл әлі папа да болады". Оның бұл сөзіне жатын бөлмеде жанында түрғандар ғана емес, бұл күні Екінші Аурелианоның сауық-

шыл достары бірі қалмай жиналған үй толы жан тегіс күлкіге батқан. Адам зердесінің ең бір жаман естеліктер сақталатын бір қалтарысында әлімсақтан шаң басып ұмыт жатқан соғыс сарт-сүрт шампандар атылғанда ғана қас қағым сәтке ойға келген.

— Болашақ папаның денсаулығы үшін, — деп Екінші Аурелиано айғай салды.

Қонақтар улап-шулап оның сөзін қайталады. Содан үй иесі құйқылжыта аккордеон тартып, аспанға ракеталар атылды, үйдің төңірегінде жиналғандар үшін барабан қағылды. Таң атарда шампанға әбден тойып алған қонақтр алты тайыншаны бірдей сойып, етін сырттағыларға жіберді. Мұндай мырзалық бір де бір адамды қынжылтқан жоқ. Екінші Аурелиано үй-ішінің қам-қарекетін өз мойнына алғаннан бері мұндай сауық-сайран папа болатын нәрестенің дүниеге келуі сияқты мықты сылтау жоқта да, бұл шаңырақта дағдылы шаруаға айналған. Бірнеше жылдың ішінде әуре-сарсаңға түсіп тырбанбай-ақ Екінші Аурелиано әншейін сәті түсті де, мал мен құсы ғажайып өсімталдықпен бықып көбейіп, байып шыға келді, осы маңайдың ең ауқатты адамдарының біріне айналды. Биелері үштен құлындап, тауықтары күніне қос-қостан жұмыртқа тауып, мегежіндері тез ет алып, торсиып шыға келетін, мұны бір сиқырлы күштің шалығы демеске шара жоқ еді. "Ақшаңды жинай бер, — деп қақсаумен болды Урсула өзінің жеңілтек, сауықшыл шөбересіне, — өмір ылғи өстіп сәтін сап тұрар деп пе ең". Екінші Аурелиано бұл сөзге де айылын жимайды. Дос-жарандарына шашылып шампан сауыттарын саудыратып ашқан сайын, бір басы екеу боп, малы көбейген сайын ол басына қонған мына құт өзінің қам-қарекетінен емес, бар гәп махаббатының тіршілік біткенді қосарлануға, қосақталуға итермелейтін бір сайтаны бар өзінің ашынасы Петра Котестің құшағында екеніне жан-тәнімен сенгеннен кейін, оны мыңғыртып өскен малының маңында ұстауға тырысқан ол үйленіп, үйлі-баранды болғанда да Фернанданың рұқсатымен ашынасымен байланысын доғармаған. Ол да аталары сияқты кеусердей әрі әлеуетті болып өсті, бірақ олардай емес, бұл ашық-жарқын сауықшыл мырза, жан баласын баурап алатын аңқылдақ болып еді. Петра Котесті ертіп мал қораға кірсе, немесе салт мініп шабын-

дықтарды аралап келсе болды, бұлардың жанары түскен жануар біткен көбею індетіне ұшырап шыға келеді.

Екіншгі Аурелиано мен Петра Котестің ұзақ өмірінде ұшырасқан барлық жақсылық атаулы сияқты бұл қисапсыз байлық та оларға көктен түскендей кенеттен келген. Соғыс бітпей тұрған кезде Петра Котес өз лотореясынан түсетін азын-аулақ кірісті талшық еткен, сондай-ақ Екінші Аурелиано да Урсуланың жиған-тергенінен азды-көпті ақша қақшып қалу үшін анда-санда лотерея өткізетін. Көңілдестер барымен базар, бейқам, дүниенің бәрін ұмытып, тезірек төсекке жетіп, таң атқанша көз ілмей ойнап-күліп, қызыққа батуды ғана көксеп тұратын адамдар, тіпті, бұған шіркеу тыйым салған күндерді де құр жібермейтін. Шөбересінің теңселіп, аяғын әрең-әрең сүйрете басып, мәңгіріп келе жатқанын көрген Урсула зығырданы қайнап: "Сенің түбіне осы қатын жетеді, сен неменің басынды айналдырып алған ғой тегі. Бүйте берсең, бір күні шегің түйіліп құларсың, қарныңа зәрдей құрбақа басамыз сонда", — деп айғайлап жерден алып, жерге салады. Орынбасары барын кешігіп білген Екінші Хосе Аркадио сыңарының бұл құмарлығының сырын түсіне алмады. Ол білетін Петра Котес төсекте біршама болбырлау, махаббатқа ықылас-ебі мүлде жоқ кәдімгі әйелдердің бірі болатын. Алайда Екінші Аурелиано Урсуланың ұрысқанын да, сыңарының келемежін де құлаққа ілген жоқ, есіл-дерті Петраның құшағы, қызық-шыжыққа толы бір күні соның қасында бақи болса арманы жоқ, ертелі-кеш соған арнап бір үй ұстауға мүмкіндік беретін шаруа тауып алуды ойлайды. Содан өмірінің бейуағында бейбіт тірлік кешуді аңсап, полковник Аурелиано Буэндиа шеберханасын қайта ашқан кезде, Екінші Аурелианоға алтын балық жасау ақшалы іс болуы мүмкін-ау деген бір ой келген. Полковник бар дүниеден түңілген адамның түсініп болмайтын төзімімен өңдеген тастай қатты металл табақшаларының көз алдында алтын балық қабыршақтарына айналғанын қадағалап қапырық бөлмеде қыруар көп сағаттарын өткізетін. Екінші Аурелианоға бұл жұмыстың машақаты тым көп көрініп, оның үстіне Петра Котестің бейнесі көз алдынан кетпей, өзіне шақырып, үш апта өтер-өтпесте ол шеберханадан ізім-қайым жоқ болды. Оның ұтысқа салсын деп, сүйіктісіне үй қояндарын

әкеліп беретіні дәл осы кез. Бұл пәлекеттің сонша балалағыш болатынын кім білген, тіпті, Петра Котес лоторея билеттерін әрең сатып үлгеріп жүрді. Алғашында Екінші Аурелиано олардың қатерлі көлемде көбейіп кеткенін аңдамай қалды. Қала халқы үй қояндарының лотореясынан жеріп, қолдарын сілтеген шақта ол бір күні түнде аула жаққа шығатын қабырғаның іргесінде тасыр-тұсырдан оянып кетті.

"Алаң болмай-ақ қой. Қояндар емес пе", — деді Петра Котес. Содан іргедегі тысырдан екеуі де таң аппақ атқанша көз іле алмады. Ертеңінде есік алдына шыққан Екінші Аурелиано жүндері күн нұрына шағылысып, көгілдір сәуле шашқан аула толы көжектерді көрді. Оның абыржыған түріне қарап, Петра Котес есі ауысқан адамша сықылықтап күле берген, тіпті, мұны тәлкек еткен.

— Бұл бүгін түнде ғана туғандары, — деген.

— Сұмдық қой, — деді шошынған Аурелиано. Сиыр ұстап көрсек қайтер еді?

Кешікпей Петра Котес ауланы тазарту үшін қоян атаулыны байлап-матап беріп, бір сиырға айырбастап алды, екі ай өтпей жатып, сиыр бұзаулап, бірден үш бұзау туды. Міне, бәрі де осыдан басталып кеп кетті. Қас қағым сәтте Екінші Аурелиано құнарлы жайылым, қора-қора мал иесі болды да шықты, ол ат қора, шошқа қораларын ұлғайтып, үлгере алмай жүрді. Мұның бәрі көрген түстей нәрсе еді, тіпті, Екінші Аурелианоның аяқ астынан біткен дәулетке күлкісі келді, содан да бойын бір жеңілдетіп алу үшін небір даңғаз қылықтар жасады. Ол: "Көбей малым, көбей, өмір қысқа", — деп айғайлап қоятынды шығарды. Сол, сол-ақ, Урсуладан маза кетті, оған шөбересі бір қылмысты шаруаға шырмалып, үрлық жасап, мал сатып жүргендей көрініп, бойын үрей билеген, оның жай ермек үшік шампан атып, басын көбігіне жуып отырғанын көріп, бұл қай кесірлігің деп күніне қырық үрсатын. Урсуланың ызыңынан әбден запы болған Екінші Аурелиано бір күні таң алдында қызулау келді де, бір жәшік ақша, бір құты желім мен қыл үш алып, Адам Франсисконың ескі әндерін даусы жеткенше әндетіп жүріп үйдің іші-сыртын түк қалдырмай жоғарыдан төмен, жағалай бір песолық қағаз ақшамен жапсырып шықты. Пианола әкелінген күннен бері үнемі ақпен сырланып келген көне үй түрі бұрын-соңды көз көрмеген әлдеқандай ғибадатхана

сияқты болды да шықты. Урсула мен үй-ішінің басқа жандары шыж-быж болып күйінісіп, мынау естіп-көрмеген дүние шашушылықты көруге келген көше толы жұрт күлісіп-шуласып тұрған кезде, Екінші Аурелиано кіре берістен ас үйге дейін, шомылу бөлмесін де ұмыт қалдырмай, жағалай жапсырып шықты да қалғандарын аулаға лақтырып тастады.

— Енді осы үйде, — деді ол сосын жайғасып отырып алып. — Мен ақша деген сөзді енді қайтып естімейтін шығармын.

Оның айтқаны болды да. Урсуланың айтуымен, қағаз ақша қабырғалардан сылақ-мылағымен сыдырылып алынып, үй қайтадан ақ түске боялды. "О, тәңірі, — деп сиынды Урсула. — Бізді қайтадан осы қаланы салған кезіміздегідей кедей ете көр. Мына кесірлігіміз үшін кешір, о дүниеге барғанда қинай көрме". Оның тілегі ұғынықсыз болып, сірә, басқаша қабылданса керек. Ақша сыдырып жүрген жұмысшылардың бірі байқаусызда соғыс бітер кезде әлдекім үйге кіргізіп кеткен әулие Жүсіптің үлкен гипс мүсінін қағып кетіп, оның күл талқаны шығып қирап қалды. Мүсіннің іші қуыс екен де және толған алтын теңге болып шықты. Бұл әулиенің үйге қайдан келгені әрең дегенде еске түсті. "Айтпақшы, — деді Амаранта біраздан соң, — оны бірде үш еркек алып келген, жауын басылғанша қоя тұрайық деп рұқсат сұрады, сосын мен ана бұрышқа қойыңдар, біреумміреу қағып кетіп жүрер дегем, олар еппен қойған да шығып кеткен, содан ешкім қайтып келген жоқ, мүсін сол қалпында тұра берді".

Соңғы уақытта Урсула мүсіннің алдына шырақ қойып, шоқынып жүретін, әулиеге емес, екі жүз килограмдай алтынға табынып жүргені қаперінде жоқ еді. Хаққа емес, пұтқа басын иіп жүргенін білгеннен кейін мүлде мазасы кетті. Содан кейін еденде үйіліп жатқан теңгелерді үш қапшыққа бөліп салды да, ерте ме, кеш пе әлгі үш бейтаныс бір айналып соғар, деген оймен, бір қаға беріс жерге апарып көміп тастады. Арада талай жыл өткеннен кейін, әбден қартайып қаусаған шағында Урсула үйге келіп-кетіп жатқан адамдардың сөзіне қыстырылып сіз осы баяғыда жауын басылғанша тұра тұрсын деп әулие Жүсіптің гипс мүсінін қалдырмап па едіңіз деп дәйім сұрастырып жататын.

Урсуланың мазасын алған молшылық сол кездегі қалыпты құбылыс еді. Бүкіл Макондо ертеректегідей тасып төгіліп

жатты. Қаланың ежелгі тұрғындарының заманында қамыс пен саздан соғылған тамдардың орнына бұл кезде ағаш күн қағарлары бар, тал түстегі ми қайнатар қапырықта салқын болсын деп, едендері цементтен төселген еңселі кірпіш үйлер орнаған-ды. Бағзы заманда Хосе Аркадио Буэндиа іргесін қалаған көне қоныстысеке салып тұрған талай-талай қиын-қыстау кездерде де құрып кетпей, өсе берген, шаң басқан бадам ағаштары мен арқырап ағатын мөлдір сулы өзен ғана болатын, ал оның үстіндегі тарих жазылмай тұрған кездегі алып жұмыртқалар тәріздес қойтастар Екінші Хосе Аркадио өзен арнасын аршып, су жолын ашуды ойға алған кезде тас қашаушылардың балғасы астында күл болып кеткендей. Бұл Хосе Аркадио Буэндианың баяғыдағы қияли ойларынан бір кем түспейтін мүлде баянсыз пиғыл еді, жолдағы тастақты қайрандар, құлама сарқырамалар кедергі болатын. Ойда жоқта алған беттен қайтпайтын қыңыр мінез көрсеткен Екінші Хосе Аркадио өз жобасын орындатам деп қасарысты да қалды. Осы уақытқа дейін оның бойынан қиялшылдықтың титтей қылтанағы да көзге шалынбаған еді. Петра Котенеспен араларындағы азын-аулақ оқиғаны былай қойғанда бұл әйелдермен жүріп те жарытпады. Урсула өзінің бұл шөбересін бұрын-соңды өткен Буэндиа әулетінің ішіндегі, тіпті, қораз таластыру қолынан келмейтін ең бір жасығы санайтын. Бірде полковник Аурелиано Буэндианың Екінші Хосе Аркадиоға теңізден тура он екі шақырым жерде құрғақта қалған испан кемесі жайлы, оның желкен тағатын бас діңін соғыс кезінде өз көзімен көргенін айтып бергені бар. Елдің бәрі ойдан шығардыға санап, баяғыда қолын бір сілтеп қоя салған бұл оқиға Хосе Аркадиоға ерен жаңалық болып көрінген. Ол өзінің барлық қоразын бірін қалдырмай сатып жіберді де, бұл ақшаға жұмысшылар жалдап, құрал-сайман алып, әйтеуір, адам баласы естіп білмеген бір шаруаны бастап кетті: тастарды жарып, қаналдар қазғызды, қайрандарды терендетіп, су астындағы тас жалдарын жайғыздырып тастады. "Мен жатқа білетін жай ғой, мынау, — деп Урсула жағасын ұстаған. — Уақыт алға жүре ме десем, айнала береді екен-ау. Бұлардың баяғы жыры қайта басталған екен". Өзен енді кеме жүруге жарады-ау деген кезде Екінші Хосе Аркадио сыңарына былайғы жоспар-жобасын айтып, одан соны жүзеге асыруға жетерлік қаржы алып кетті. Содан кейін Екінші Хосе Аркадио із-түссіз жоқ болды. Макондода оның кеме сатып алам деген жобасы небәрі сыңарынан алдаусыратып көп ақша сұрап алып, армансыз гөй-гөйге салудың қамы

ғана деген сыбыс тарай бастаған кезде, қалаға бір белгісіз кеме келе жатқан көрінеді деген қауесет сау ете түсті. Хосе Аркадио Буэндианың ақылға қонбайтын қияли қылықтарын атамзаманда ұмытқан Макондо тұрғындары жағалауға лап қойды, өз көздеріне сенер-сенбесін білмей, жағаға жақындап келе жатқан Макондоға бұрын-соңды тұмсық тіреген ең бірінші және ең соңғы кемеге таңдана қарасты. Бұл баржоғы ағаш бөренелерден байланған сал болып шықты, өзен жағалап жүрген жиырма еркек оны арқандармен жоғары сүйреп келеді. Салдың тұмсығында оның бұлталаңдаған жүрісіне бағыт сілтеп, бақытты жанарында нұр ойнаған Екінші Хосе Аркадио тұр. Ол өзімен бірге алуан-алуан гүлдерден тұратын тамаша бір шоғырдай француздың көңіл ашар сауықшыл әсем қыз-келіншектерін — гетераларды ала келді, олар шақырайған күн көзінен қорғалап, төбелеріне түрлі-түсті қолшатырлар ұстап, мамық иықтарына жібек шәлі жауыпты, беттеріне опа-далап жағып, шаштарын түз гүлімен әшекейлепті, білектеріндегі алтын білезік, ауыздарын ашса тістерінің арасындағы асыл тастар жарқ-жұрқ етеді. Ағаш сал Екінші Хосе Аркадио ағысқа қарсы жүзіп, Макондоға дейін жеткізген, соның өзінде өмір-ғұмырында бірақ рет жеткізген жалғыз жүзу құралы болып қалды, соған қарамастан ол үміт қиялының күлі көкке ұшқанын ешқашан да мойындаған емес, қайта бұл харекетін адамзаттың қайрат-жігерінің табиғаттың тылсым күшін түқырт-кан ұлы жеңісі деп даурықты. Ол шығындаған қаржысы туралы бір тиынына шейін шашау қалдырмай сыңарының алдында есеп берді де, қайтадан барын салып, талас қораздарын баптауға кірісті. Осынау сәтсіз бастамадан қалған жалғыз белгі — француз гетералары еді, олар Макондоға басқа бір өмірдің лебін әкелді, олардың тамаша өнерлері махаббатың дәстүрлі жөн-жосығына тамаша нәзік өзгерістер енгізді, ал қоғамның гүлденуі жөніндегі тынымсыз қам-қарекет көпшілікке Катаринонын ескірген мекен-жайын жермен-жексен еткізіп, түйық қараңғы көшеде қытай шамшырақтары маздап, кішкене органдардың мұңды әуезі төгілген қайнаған жәрменкеге айналдырды. Үш күн бойы Макондоны дүниенің бәрін ұмытып, сауық-сайран құруға итерген, Екінші Аурелианоға Фернандо дель Кариномен танысуға жағдай жасаған қантөгісті карнавалды ұйымдастыруға ұйтқы болған да сол француз гетералары еді.

Карнавал ханшасы болып Әсем Ремедиос жарияланды. Шөбересінің жан таңданарлық сұлулығы көңілін қанша күпті етіп жүре де Урсула бұған қарсылық жасай алмады. Күні осы уақытқа дейін ол шіркеуге аят тыңдауға бару керек болғанда да Әсем Ремедиосты Амарантаға ертіп жіберетін, соның өзінде қыздың бетіне қара перде түтпаса қия бастырмайтын. Священник болып киініп, Катаринонын мекенжайына барып, күлкі үшін күпір аяттар оқитын құтырық еркектердің өзі ертегідегідей ғажап сұлулығы жайлы хабар жазықтағы жалпақ жұртқа тарап, қалың ел аузының суы құрып, жағасын ұстап жыр етіп айтатын Әсем Ремедиостың дидарын бір көру үшін ғана шіркеуге келгіштеген. Осы бейнені көреміз деп ентелеген дүйім еркек бір ғана көз салу үшін талай уақыттарын сарп етіп тосатын, алайда олардың тосқанынан тоспағаны абзал еді, көзі бір түскеннен-ақ олардың көпшілігі үйқы-күлкіден айрылады. Ал олардың мақсатының орындалуына сеп болған жол-жөнекей соққан бір ер азамат, алайда соңынан ол сорлының өзі де шырқы кетіп, азып-тозып абыройынан айрылып, көп жыл өткен соң, рельстердің үстінде үйқтап қалған жерінде поезд басып кетіп, мерт болған. Үстіне ши барқыт жасыл костюм, оқалы желет киіп шіркеуге бас сұққан сәтте-ақ, жұрт оның Әсем Ремедиостың сиқырлы күшінің айдауымен алыстан келгенін бірден аңдаған, тіпті, басқа елден келуі де мүмкін-ау деген ойға қалған. Ол сұлу жүзді, сұңғақ бойлы тіп-тік мүсінді жігіт екен, тіпті, оның жанында Пьетро Креспидің өзі сиықсыз көрінер еді, өзін де ханзадалардай кербез ұстайды екен. Мұны көрген әйелдер үздіге сыбырласып, бетіне перде ұстайтын жігіт осы екен десті. Макондода ол танитын ешкім жоқ. Әдетте Макондоға жексенбі күні таң атар-атпаста ертедегі ханзададай күміс ер-тоқымды барқыт жабулы сұлу ат мініп келетін де, шіркеудегі құлшылық рәсімі біткеннен кейін жайына тартатын.

Оның шіркеуге келгенін ол кірген бетте-ақ елдің бәрі аңғарған, сондай-ақ бәрі де осы сәттен бастап, Әсем Ремедиоспен екеуінің арасында үнсіз тістескен, қатаң жекпежек басталғанын, құпия келісім жасалып, баянсыз махаббаттан гөрі, біреуінің өлімімен бітуге тиіс, ырымы жаман бәсеке басталғанын аңдаған. Алтыншы жексенбіде ол қолына сары раушан гүлін ұстап келді. Ол әдетінше аятты тұрып

тындады да, ол біткен мезетте Әсем Ремедиостың жолын кес-кестеп, қолындағы гүлін ұсынды. Осы сыйды күні ілгері күткен адамша қыз аққудай иіліп, әсем қимылмен гүлді алды, сосын бір сәтке ғана пердесін сырып, бейтанысқа көз салды. Бейтаныс үшін де, сорларына қарай дәл сол кезде осы маңда тұрған еркектер үшін де бұл қас қағым сәт мәңгі ұмытылмастай естерінде қалды.

Содан әлгі бейтаныс қасына кейде, тіпті, таң атқанша жалықпай ойнайтын оркестр ертіп, күн құрғатпай Ремедиостың терезесінің түбіне келетінді шығарды. Буэндиалар шаңырағында оған жаны ашып, мүсіркеген жалғыз адам Екінші Аурелиано қасарысқан жігітті райынан қайтаруға тырысты. "Текке тыраштанып қайтесің — деген ол бір күні түнде бейтаныс жігітке. — Бұл үйге біткен әйелдің бәрі есекмінез, бір қыңырайса қайтпайды". Ол бейтанысты үйге кіргізіп, шампанға шомылуға шақырып, ақ көңілден дос болайық дей келіп, әңгіме үстінде Буэндиалар әулетінің әйелдер жағының жүрегі тастан да қатты келетінін түсіндірмек болды, бірақ қанша қақсаса да оған ұқтыра алмады. Таусылмайтын түнгі концерттер әбден жүйкесіне тиіп титықтатқан полковник Аурелиано Буэндиа бейтанысқа бүйте берсең, мына дертіңнен тапаншаның күшімен айықтыруға тура келер деп қыр көрсеткен. Бірақ ғашық жігітті еш нәрсе райынан қайтара алмады, ақыры күндердің күнінде өзінен өзі күдерін үзіп, жүнжіп кетті. Қарасаң көз тоймайтын кербез, көркем жігіт бір-ақ күнде бейшараның кейпін киді. Оның алыстағы Отанында биліктен де, байлықтан да бас тартқаны жайында қауесет те тараған, алайда оның кім екенін, қайдан келгенін ешкім ешқашан білген емес. Ол күндіз-түні Катаринонның мекен-жайынан шықпайтын ұрыншақ, маскүнем, содырлы сойқанға айналды. Ол шіркеуге шахзадаша үлде мен бүлдеге ораныпп шікірейіп келіп жүрген кездің өзінде Әсем Ремедиостың онда титтей де көңілі болған емес, оның бар соры да осы қателігінде еді. Оның қолынан сары раушан гүлін алғанда да қыз көңілінде наздану, қылымсу болған емес, тек оның бұл қылығын қызық көрген, бет пердесін көтергенде де көркімді көрсетейін деген ойы болған емес, тек өзі оның түріне жақсылап бір қарап алмақ болған.

Жалпы алғанда Әсем Ремедиос жан баласына ұқсамайтын ала бөтен жаратылыс еді. Естияр болып қалған шағы-

ның өзінде Санта София де ла Пьедад оны өз қолымен жуындырып, киіндіріп жүрді, ал бұл шаруаны өзі атқара аларлық күйге жеткен кезде де қиына матырып алған шыбықпен қабырға-қабырғаға аң-құстың суретін салып тастамауы үшін бәрібір сыртынан бағып жүруге тура келді. Ол сөйтіп оқу-жазуды, дастарқан басында қасық пен шанышқыны дұрыстап ұстауды үйрене алмаған күйі жиырмаға жетті, адам өміріндегі өйтпе-бүйтпе деген шарттылықтарға жаны қас болып өсті, тіпті, үй ішінде тыр жалаңаш жүре беру ол үшін түк емес еді. Күзет бастығы жас офицер оған махаббатын білдіргенде де оның бұл қылығын ерсі көріп, бетін қайтарған. "Өзі ақымақ шығар, сірә. Сен үшін өлем дейді. Мен сонда іш бұрайтын түйнек пе едім?" — деп Амарантаға сырын айтқан. Терезесінің түбінен офицердің өлігі табылғанда да Әсем Ремедиос алғашқы ойын қайталаған.

— Айттым емес пе? Барып тұрған ақымақ деп.

Оның бойында заттардың сыртқы бейнесіне, қабыршағына зер салмай, дәнегіне, ішкі мәніне терең үңілетін тылсым сұңғылалық бар секілді. Полковник Аурелиано Буэндиа ол туралы дәл осындай пікірде, ол үшін Әсем Ремедиос жұрттың бәрі айтатындай, ақылы кем жан емес, қайта үлкен парасат иесі. "Оған қарасам болды. Жиырма жылғы соғыстың қағынан тазарғандай болам", — дейтін ол жүрегі елжіреп. Өздерінің шаңырағына осындай періштедей пәк жан сыйлаған жаратушыға Урсула да дән риза, тек шөбересінің айдай әсем көркі қымсындырады, бұл оған адамның табиғат берген жақсы қасиеті емес, азғыру үшін пері құрған тордай көрінеді. Сондықтан Урсула Әсем Ремедиосты адамдарға жолатпауға, бұзылып кетер деп рахат, қызықтан қақпайлап ұстауға тырысқан, ол шөбересіне ана жатырында жатқанда-ақ мәңгі бақи ешбір індет жұқпайтындай қасиет біткенінен бейхабар-ды. Сондықтан да Урсула карнавал дейтін қайдағы бір жынойнаққа шөбересін сұлулық тәңірісі етіп сайлайды дегенді естігенде-ақ ат-тонын ала қашқан. Карнавалда жолбарыс терісін жамылып қызыққа батуға көңілі кеткен. Екінші Аурелиано падре Антонио Исабельді үйге ертіп келіп, Урсулаға карнавалдың ол ойлағандай пұтқа табынушылардың мерекесі емес, католик шіркеуінің өзі батагөйі болған халық дәстүрі екенін түсіндіріп беруге көндірген.

Ақыры священниктің айтқанына иланған Урсула әрең дегенде шөбересінің басына сұлулық ханшасының тәжін кигізуге келісім берген.

Ремедиос Буэндианың мерекенің ханшасы болатыны жайлы хабар бірер сағаттың ішінде күллі аймаққа жайылды, бойжеткеннің жан баласына бітпеген көркі туралы дақпырт әлі жете қоймаған алыс түкпірлерге дейін тарап, әлі күнге шейін Буэндиа есімін бүлікшілдік белгісі деп ұғатындардың арасында абыржушылық туғызды. Олар текке қауіптенген еді. Дәл бір адам залалсыз болса, ол қартайып, бар дүниеден түңілген полковник Аурелиано Буэндиа болатын, ол бірте-бірте ел өмірінен мүлде қол үзіп кеткен еді. Ол ертеден қара кешке дейін қия басып ешқайда шықпай шеберханасында отырушы еді, былайғы дүниемен жалғыз байланысы алтын балықтар жасап, сату болатын. Бітім жасалған алғашқы күндері үйін күзеткен солдаттардың бірі оның жасаған өнімін жазықтағы қалалар мен селендерге апарып сатып жүрді, ол онан қойны-қонышына алтын теңгелермен бірге, сан сапалақ жаңалық хабарлар толтырып ала қайтатын. Неше түрлі хабарлар әкеледі: әр президент жүз жыл билік құруы үшін консерваторлар үкіметі либералдардың қолдауымен календарьды қайта жасамақ екен; Римдегі қасиетті тақ иесімен көп күттірген келісім жасалыпты, оған Римнен тек гауhардан өрілген тәж киген, тағы саф алтыннан құйылған кардинал келген екен; либерал министрлер оның алдында тізерлеп тағзым етіп, сақинасынан сүйіп тұрып суретке түсіпті, астанаға гастрольге келген испан труппасының басты биші әйелін беттерін тұмшалап алған белгісіз біреулер киінетін бөлмесінен ұрлап әкетіпті, ал, ертеңінде, жексенбі күні таңертең ол республика президентінің жазғы сарайында тыр жалаңаш билепті және тағысын-тағы. "Маған саясат жайлы айтып, аузынды ауыртпа, — дейді оған полковник. — Біздің шаруамыз — балық сату". Полковниктің елдегі жағдайда еш шаруасы жоқ екен, бар білгені алтын балық сатып, ақша табу көрінеді деген хабар жалпақ жұртқа жайылып өзіне жеткенде, Урсула еріксізден күлген. Оның шаруашыл, қамшыл парасаты полковниктің бұл саудасының жөн-жосықсыздығын баяғыда-ақ бағамдаған, алтын балықтарын ол алтын теңгелерге айырбастайды, алтын теңгелерінен қайтадан алтын балық жасайды, көп алтын ба-

лық жасау үшін көп алтын теңге керек, сонда тапқан пайдасы қайсы, тек әншейін айырбас, ақысыз әуре. Расын айтқанда, полковниктің күйттегені сауда емес, шаруа. Оның бар ынта-бейілі жұмысының үстінде, балықтың қабыршағын қалыбына салып, көздерінің орнына тарыдай-тарыдай жақут тастар жапсырады, желбезектерін жонып, құйрығын орнатып көп күйбеңге түседі, сөйтіп соғыс туралы, оның жанына салған жарақаты туралы ойлауға бір сәт те бос уақыты қалмайды. Аландамай, тапжылмай шұқшиып отыруды талап ететін, әрі дәл, әрі нәзік зергерлік өнер полковник Аурелиано Буэндианы аз уақыттың ішінде соғыста өткізген ұзақ жылдардан бетер қартайтып жіберді, отыра-отыра белі бүгіліп, қарай-қарай көзінің нұры тайды, есесіне жаны жай тапты. Соғысқа қатысты мәселемен полковник соңғы рет ішінде либералдары, консерваторлары бар ардагерлердің бір тобы үкімет уағда берген өмірлік пенсия алуға көмектесуін сұрай келгенде шұғылданған, өйткені оны тағайындау ісі баяғыдан бері сол жабулы қалпында қалып келген. "Ұмытыңдар пенсия дегенді, — полковник Аурелиано Буэндиа қолын бір-ақ сілтеді. — Өздерің көріп отырсыңдар, өле-өлгенше соны тосып әуре-сарсаңға түспейін деп, мен де содан мүлде бас тарттым". Алғашында оған күн құрғатпай кеш сайын полковник Геринельдо Маркес келіп жүрді, екеуі қақпа алдына шығып отырып, өткен-кеткенді еске түсіріп, ұзын-сонар әңгіме қозғайды. Алайда мандайының қасқасы қарақұсына тақап, жасына жетпей кәрілік түңғиығына бойлап бара жатқан осынау шаршаған адамның кейпі Амарантаның есіне қайдағы-жайдағыны түсіріп, қатты қинайтынды шығарды, әйелдің жаратпаған, мүсіркеген, келемеждей қарағанынан дік алған полковник Геринельдо Маркес содан кейін анда-санда ғана бас сұғатынды шығарды. Ақыры, сал ауруына ұшырап, мүлде сап тыйылды. Үй ішіндегі өмірдің жаңа лебін жатсынып, жападан жалғыз, өзімен өзі ғана болып тұнжырап жүретін полковник Аурелиано Буэндиа келе-келе бір ақиқатқа көз жеткізді, аландсыз кәрілік дегеніңіздің өзі жалғыздықпен ымыраласу екенін ұқты. Қазір үйқысы да қашқан, азын-аулақ қалғып алады да, таңғы сағат бесте тұрып ас үйге барып, әдетінше бір шыны қара кофе ішеді, содан шеберханасына кіріп алып, күні бойы бас көрсетпейді, одан орындығын сүйретіп,

күндізгі төрттің мөлшерінде дәлізге шығады, жалын атып, бүр жарған қан қызыл раушан гүліне де, төңіректі нұрға малған кешкі шапаққа да, Амарантаның менмен жүрісіне де, бойын жайлаған қайғының күн қоналқаға тақаған шақтағы тылсым тыныштықтағы қара қазандай бүрқ-сарқ қайнағаны құлаққа анық естілгеніне де назар аудармай есік алдына келіп, шыбын-шіркей талап, шырқын алғанша қалқиып отырады. Бірде өткен-кеткендердің бірі батылы барып, оның осы оңаша отырысының тыныштығын бұзды.

— Не істеп жатырсыз, полковник?

— Көрмей тұрсың ба? — полковник мырс еткен.

— Менің өлексемді салған табытты қашан осы арадан алып өтеді деп тосып отырмын.

Айтары не, Әсем Ремедиостың сұлулық тәжін киюіне орай полковник Аурелиано Буэндианың есімінің тағы да ел аузына ілігуіне байланысты кейбір топтарда туған мазасыздыққа ешбір негіз жоқ еді. Алайда басқаша пікірдегі адамдар да бар екен. Төбелеріне төнген қатер бұлтын аңдамаған Макондо жұрты шат-шадыман көңілмен қала алаңына толып кетті. Карнавалдың шалқып тасыған ыю-қию сән-салтанаты шырқау шегіне шығып, жолбарыс болып киінсем деген арманына жеткен Екінші Аурелианоның ұшы-қиырсыз гулеген топтың ішінде ырылдап-ырылдап даусы қарлыққан кезде, кенеттен жазықтан келетін жолда қызылды-жасылды киінген сән-салтанатты топ көрінді, алтын зембілге салып ажарын адам тілі айтып жеткізе алмайтын бір перизатты көтеріп келеді. Макондоның бейқам халқы көркі көз қарықтыратын, асыл тастан тәж киген, иығына ілген тайжақыдағы жылтырақпен емес, қас қабағымен әмір етуге жаралған мына ала бөтен жаратылысты бір көру үшін беттеріндегі перделерін бір сәтке сыпырып-сыпырып алған. Көп ішінде бұл тосын оқиғаның астарында бір аярлық барын аңдап қалған көкірек көзі ояу адамдар да аз емес-ті. Алайда Екінші Аурелиано көпшілік арасындағы аландаушылықты бірден басып тастады, келгендері құрметті қонақтар деп жариялап, Сүлеймен патшаға тән сұңғылалық көрсетіп, Әсем Ремедиос пен жұрт тағайындамаған ханшаны бір тұғырға отырғызды. Түн ортасына дейін бәдәуи болып киінген қонақтар жұртпен бірге сауық-сайран салды, мерекені әрлеуге өз үлестерін қосты, баяғыда ұмыт болған сығандардың өнерін

еске салған ғажайып алаулар жағып, ауыздың суын құртатын шебер акробатикалық өнер көрсетті. Бірақ көп ұзамай, ойын-сауық әбден қызған кезде, бір кілтипан шықты.

— Либералдар партиясы жасасын! — Әлдекімнің айғайы шықты. — Полковник Аурелиано Буэндиа жасасын!

Атылған оқтың жарқылы мерекелік алаулардың сәулесін басып кетті, үрейлі айғай-шу музыка үнін тұншықтырып тастады, көңілді думанды қым-қуыт дүрбелең алмастырды. Арада талай жыл өткен соң халық арасында шақырылмай келген ханшаның нөкерлері, шынтуайтқа келгенде, бәдәуилердің кең шапандарының астына уставтық үлгідегі бесатар мылтықтарын жасырған саптағы әскерлердің бір эскадроны екен деген сөз шығып жүрді. Алайда үкімет төтенше декрет жариялап, бүл айыптауды теріске шығарды да, қан төгіс оқиға хақында қатаң тергеу жүргізуге уәде берді. Әйткенмен ақиқат сол қалпында анықталмай қалды да, шақырылмай келген ханшаның нөкерлері өз командирінің белгісімен бір сәтте сап құрап, бейқам топты аяусыз оқтың астына алған екен деген болжам ел арасында кең тарап кетті. Не десе де тыныштық қалпына келген кезде жалған бәдәуилердің бірде-бірі қарасын көрсетпей кетті, ал аланда өлгені бар, жараланғаны бар бес масқарапаз, бес күлдіргі әйел, он алты карта королі, бір шайтан, Францияның екі ақсүйегінің, үш жапон император әйелінің киімдерін киген жандар, үш музыкант жатты. Осы айқай-сүрең мен апаланқопаланның арасында Екінші Хосе Аркадио Әсем Ремедиосты бір қауіпсіз жерге жасырып үлгерді, Екінші Аурелиано көйлегі жыртылып, сусар тайжақысы қанға былғанған, шақырылмай келген ханшаны үйіне көтеріп әкелді. Оның атыжөні Фернанда дель Карпио еді. Оны елдің ең сұлу деген бес мың қыз-келіншектерінің аса ажарлысы ретінде таңдап алып, Мадагаскардың ханшасы етіп жариялаймыз деп Макондоға әкелген екен. Урсула оны туған қызындай бағып қақты. Қала жұрты қызды жазғырудың орнына, жазықсыздығын біліп, аяушылық білдірді. Аландағы қан төгістен кейін жарты жылдан соң жаралылар жазылып, туысқандар молаcына қойылған соңғы гүлдер солған кезде, Екінші Аурелиано Фернанда дель Карпио әкесімен тұратын алыс қалаға аттанды, қызды Макондоға алып келіп, некесін қиып, жиырма күн тойын, жиырма түн ойын жасады.

Екі ай өткен соң жас жұбайлар ажырасып кетуге шақ қалды, бәрін бүлдірген Екінші Аурелиано, ол Петра Котестің алдындағы кінәсын жуып-шаю үшін оны Мадагаскар ханшасының киімімен суретке түсірткен еді. Мұны біліп қалған Фернанда бар жасауын қайтадан сандығына салып алады да, ешкімге қош деместен Макондодан кетіп отырады. Екінші Аурелиано оны жазыққа апаратын жолда қуып жетеді. Ол әйелінің алдында құрша жорғалап, жалынып, жалпайып, енді түзелемін деп ант-су ішіп, әрең дегенде қайтарып әкеледі, сөйтіп тағы да ашынасымен арасын үзіп алады.

Өзіне өзі сенімді Петра Котес бұған қыңқ еткен жоқ, әрі-беріден соң оны еркек еткен де өзі ғой. Мелькиадестің бөлмесінен суырып шығарып, өмірден өз орнын тауып берген, басы қиқы-шиқы қиялға толы, былайғы дүниеден мүлде бейхабар сары ауыз балапанды ортан қолдай азамат жасаған да өзі емес пе? Түйық, жұғымсыз, қам көңіл болып дүниеге келген жанға бұл мүлде басқа жаңа мінез сыйлады: ашық жарқын, жайдары, аңқылдақ етті, бойына өмірге іңкәрлік ұрығын сеуіп, сауық-сайраншыл, қолы ашық жомарт жан жасады, сайып келгенде, сырт көркі де, ішкі дүниесі де өзі бала кезінен арман еткендей ер-азамат түлетті. Содан кейін ол үйленді, ерте ме, кеш пе, бар еркектің маңдайына жазылған енші бұл. Үйленбек ойы барын бұған хабарлауға көпке дейін батылы бармай жүрді. Сонда ол мүлде бала мінез танытқан: бүйректен сирақ шығарып, қит етсе, өкпе-наз артып, әрі-беріден соң Петра Котестің өзі итеріп тастар деп үміт артқан. Тағы бірде Екінші Аурелиано өзінің көңілдесіне жөн-жосықсыз кінә таққан кезде, Петра Котес оны қайтып үндеместей етіп тыйып тастаған.

— Мәймөңкені қайтесің, — деген ол. — Одан да әлгі ханшаға үйленгің келіп жүргенін айтпайсың ба?

Ұялған тек түрмас, Екінші Аурелиано ашу шақырып, бұлқан-талқан болғансып, менің жанымды түсінбедің деп өкпелеп, ғашығына баруды доғарған. Сонда да Петра Котес сабасынан шығып, сабырын жоғалтпады, дамылдап жатқан жыртқыштай сыр берген жоқ, үйлену тойының кемерінен асып төгіліп жатқан қызыл танау қызығына, шалқыған музыка мен керней үніне сүлесоқ қана құлақ түрген, оны Екінші Аурелианоның көп оспадар қылығының біріндей ғана

көрген. Мүсіркей келгендерге бейқам күлкісімен жауап қатқан: "Қам жемеңдер, — деген оларға. — Ханшаларынды табаныма салып күң етем әлі". Тастап кеткен ашынаның суретінің алдына дұғаланған шырағдан жағайық деген көрші қатынның ұсынысына:

— Қайтеміз. Оны қайта айдап алып келетін жалғыз шырақ өшпей жанып тұр, — деп, сеніммен әрі жұмбақтай сөйлеген.

Дәл ойлағанындай болып шықты, бал айы өтер-өтпесте Екінші Аурелиано төбе көрсетті. Қасында дәмдес-тұздас достары, әлгі қаңғыбас фотограф бар, Фернанданың карнавалға келерде киген көйлек-көншегі мен қанға былғанған сусар тайжақысын өздерімен ала келіпті. Сауық қызған сәтте Екінші Аурелиано Петра Котеске қоярда қоймай ханшаның киімін кигіздіріп, суретке түсіртті, сосын суретті достарына таратып берген. Петра Котес бұртаңдап, бұлтаңдаған жоқ, айтқанына көне берді, мұны сүйіктісінің татуласу үшін әдейі тапқан амалы екенін ұғып, бұлайша кішірейіп келген екен, онда күйінің оңып тұрмағаны деп шамалап, іштей аяды. Сағат жетіге жетер-жетпестен, үстінен ханшаның киімін де шешпей Екінші Аурелианоны ыстық құшағына орады. Үйленгеніне екі ай болмай жатып ашынасын келіп аймаласа, яғни, жар төсегіндегі жағдайдың мәз болмағаны, осыны ойлағанда Петра Котестің кегі қайтқандай көңілі көншіп қалды.

Алайда екі күннен кейін Екінші Аурелиано өзінің келуге дәті шыдамай, делдал арқылы енді тыйылайық, тілегінді айт деп сөз салғанда, Петра Котес өзінің бір сәтке жаңылғанын ұқты, сүйіктісі сабасына түсіп, салиқалы адам болғысы келген екен, яғни әлі де біраз шыдам көрсетуіне тура келетінін пайымдады. Сонда да Петра Котес сара, сабырлы қалпынан жаңылған жоқ. Екінші Аурелианоның бар тілегін қыңқ етпей қабыл ала беруі оны көптің көзінде бір көтеріп тастаған, ол жайында таралған абыройын күйттейтін аяулы әйел деген пікірді тиянақтай түскен, әйелдің қолында сүйіктісінің көзіндей болып бір пар лактелген бәтеңке қалған, оның өзі табытқа салғанда осыны кигізіңдер деп жиі айтатын. Петра Котес бәтеңкелерді сүртіп шүберекке орап сандыққа салып тастады да, қапаланбай, қайғыланбай тосуға тастай бекінді.

— Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір келері хақ, — деген іштей өзіне-өзі. — Мына бәтеңкесін киюге келер.

Ойлағанындай да болмады, тағаты таусылып көп тосқан жоқ. Шынын айтқанда жар төсегінде түнеген алғашқы түні-ақ Екінші Аурелиано Петра Котеске көп ұзамай қайтып барарын, лак бәтеңкені кию қажеттігі туатын күннен көп бұрын ораларын бірден түсінді, өйткені Фернанда еркектің қара қажетін түсінбейтін бұл фәниде жоқ әйел болып шықты. Ол теңізден мыңдаған шақырым қашықта жатқан күн түспейтін қараңғы көшелерін түн баласында тек елестер кезетін, бұрынғы корольдердің елесі мінген пәуескелер доңғалағаның тарсылы естіліп тұратын қапас қалада туып өсті. Күн сайын кешкі сағат алтыда қаланың отыз екі мұнарасында бірдей қоңырау қағылып, солғын, күңіренген дыбыс шығаратын. Сұрқай түсті текше тастармен қапталған, отарлау заманында салынған ескі үйге күн сәулесі түскен емес. Ауладағы кипаристердің көлеңкесінен, бақтағы ақ гүлдерден, терезеге тұтылған оңып кеткен шілтерлерден көңілсіздік, тым-тырыс тыныштық лебі есетін. Естияр болғанға дейін сыртқы дүниеден Фернанданың құлағына көрші үйде күндізгі дамылды ұмытып, жылдар бойы тоқпақтап, әлдекім ерінбей-жалықпай пианинода ойнаған баяғы әуен, бір әуеннен басқа бөтен дыбыс жеткен емес. Шаң басқан әйнектерден түскен көмескі сәуле жүзін жасыл сары етіп көрсететін науқас анасының төсегінің қасында отырған Фернандаға бұл дыбыс алыс дүниеден келіп тұрғандай елестейтін, сондайда қаралы гүл шоғын түзіп, қапасқа қамалып отырған өзін аяйтын. Безгегі ұстап, қара терге малшынған анасы бойы сәл жеңілейе қалса, өз әулеттерінің дәулетіне сәулеті сай өткен өмірі жайлы әңгімелейді. Құйтақандай күнінде бір айлы түнде Фернанда бақ арқылы өтіп, мінәжатханаға беттеген ақ киінген айрықша әсем әйелді көрді. Қас қағым сәтте көз алдынан өткен елес кішкене қызды қатты толқытқан, өзінің осы әйелмен егіздің сыңарындай ұқсастығы барын сезінгендей болып, енді жиырма жылдан кейін қандай болатынын елестеткен. “Бұл сенің ұлы шешең, ханша болған, — деді жөтел қысып әрең сөйлеп отырған анасы. — Марқұм, бақта гүл кесіп алып жүріп, солардың иісіне уланып өлген еді”. Арада талай жыл өтіп, Фернанда өзінің ұлы шешесіне ұқсастығын қайтадан сезінген

шақта, бала кезінде оның көзіне елестегеніне күмән келтірген, бұған анасы ашуланып ұрсып тастаған.

— Біздің дәулетіміз бен құдіретімізде шек жоқ, — деген шешесі. — Ол текке елес берген жоқ. Сәтін салса сен де ханша боласың.

Үйінде жұқа жібек дастарқан жабылған, күміс ыдыс-аяқ қойылған үстелге ас дегенде суға қайнатқан бір шыны шоколад қана қойылып жүрсе де, Фернанда шешесінің сөзіне шүбәсіз сенді. Әкесі дон Фернанда қысқа жіп күрмеуге келмей, оған жасау алу үшін үйін алдын-ала бағалаттырып, ширек құнын алуға мәжбүр болса да, қызы түрмысқа шығар шыққанша әйгілі патшалық туралы армандауын қоймаған. Бұл аңқаулық та, атаққұмарлық та емес еді. Бұған алған тәрбиесі кінәлі-тін. Ес кіргеннен бері Фернанда сыртына әулеттерінің гербі салынған алтын құманға дәрет сындырып дағды алған-ды. Ол он екіге толғанда ғана үйінен аттап шыққан, онда да әдиярат мектебіне бару үшін шыққан, барғанда да үйінен екі көше жердегі мектепке пар жеккен күймемен барған. Кластас құрбы қыздары оның өздерінен оқшау, биік арқалы орындыққа отырғанына, тіпті, үзіліс кездерінде де өздеріне жуымай жеке жүретініне таң қалған. "Оның сендерден жолы да, жөні де бөлек, — деп түсіндірген монахиниялар. — Ол ханша болады". Құрбылары бұған құлай сенген, сол кезде-ақ Фернанда олар бұрын-соңды көрген қыздардың бәрінен де асылзатты, сымбатты, инабатты еді. Тағы да сегіз жыл өтті, латынша өлең жазуға, күйсандыққа ойнауға үйреніп, мырза жігіттермен құс салу жайлы, архиепископпен апологетика[1] жайлы әңгіме-дүкен құруға, шетел басшыларымен мемлекеттік істерді, ал папамен құлшылық қылу мәселелерін талқылауға өресі жетті-ау дегенде үйіне келіп, қайтадан зиратқа қойылатын гүлшоқтарын өруге кіріскен. Үйдің берекесі кеткен-ақ екен. Ең қажет деген мебель ғана қалған, мұның оқуына ақы төлеу үшін күміс шырағдан, ыдыс-аяқ тегіс сатылыпты. Анасы безгектен дүние салды. Тік крахмал жаға салып, бастан-аяқ қара киген, сағатының алтын шынжырын кеудесіне төгілтіп түсіріп жібергені әкесі дон Фернандо дүйсенбі сайын үйдің онысы-мұнысына деп қолына бір теңгелік күміс ақша ұстатады да,

---

[1]Апологетика - христиан дінінің артықшылығын, ақиқаттығын дәлелдеуді мақсат тұтатын діни ілім.

бір апта ішінде өрілген гүлшоқтарын алып қалаға кетеді. Уақытының көбін үйде, іштен іліп алып қабинетінде отырып өткізеді, анда-санда қалаға шыға қалса, қызымен бірге күлшылық ету үшін сағат алтыдан кешікпей қайтып келеді. Фернанда ешқашан ешкіммен дос болып көрген емес. Сондай-ақ көрші үйден шығатын күн сайынғы пианино үнін де естімей қалған емес. Біртіндеп ханша болам деген үміті де үзіле бастаған еді, бір күні ойда жоқта қақпа жақтан тықыр шығып, ауыз бөлменің алдындағы балға жеделдете екі рет соғылды; есік ашқан Фернанда бетінде тыртығы бар, омырауында алтын медалі жарқыраған мейлінше ізетті, ұстамды, келбетті әскери адамды көрді. Келген адам мен әкесі кабинетке кіріп, оңашаланды. Екі сағаттан кейін дон Фернандо қызының бөлмесіне бас сұқты. "Дайындал, қызым, — деді ол. — Алыс сапарға шығуыңа тура келіп тұр". Өмір бір-ақ сәтте ата-анасы жылдар бойы көлегейлеп, көрсетпей келген шынайы болмыспен бетпе-бет кезіктіріп, маңдайға ұрып, аяусыз қаталдықпен тауанын шаққан Макондоға ол ойда-жоқта осындай оқыс оқиғаның айдауымен келген-ді. Үйіне келісімен бөлмесін жауып алып, көз көріп, құлақ естімеген қорлықтан жүрегіне түскен жараны емдемек болған дон Фернандоның жалынып-жалбарынғанын, айтқан уәжін құлаққа ілмей ұзақ жылаған. Фернанда енді көзім жұмылғанша жатын бөлмемнен аттап бассам ба деп іштей бекінген, міне, дәл осы кезде Екінші Аурелианоның оны іздеп келе қалмасы бар ма! Оның ойы оңынан, күні солынан туған екен, әйтпесе ашу-ызадан есі кеткен, басына түскен масқарадан жүрегі қан жылаған Фернанда кім екенімді білмесін деп дұрыстап аты-жөнін де айтпай кеткен-ді. Бейтаныс аруды іздеуге аттанған Екінші Аурелианоның қолында екі-ақ дерек бар-ды: бірі — бейтаныс қыздың тау елінің түрғындарынша сөйлейтін әдеті, екіншісі — оның зиратқа гүл шоқтарын тоқумен шұғылданатыны. Ол барын салып, жанын салып іздеді. Екінші Аурелиано Макондоны саларда асу бермес асқардан асқан Хосе Аркадио Буэндианың көр соқыр менмендігімен, өз әулетінің отын өшірмеу үшін күрескен Урсуланың шексіз табандылығымен бір сәт те күдерін үзбей Фернанданы іздеді. Ол өлгендердің басына қойылатын гүлшоқ сатылатын жер қайда деп сұрады, осындай сауал қойғандардың бәрі ең сұлу осы деп, өз қыздарын көрсетті.

Ол белгісіздік шатқалында шатасты, көзден кетіп, көңілдің таса болғандардың қорығында адасты, сәтсіздіктің қуыс-қалтарыстарында сенделді. Сөзін емес-ау, тіпті, адамның ойының өзін жаңғырықтырып естіртіп тұратын сары шөлдің өтті, сағыныштан сарғайған сәттерінде көз алдында көгілдір елестер көлеңдеді. Ақыры, талай апта жүріп, іздегенін таппай тауы шағыла бастағанда, қоңырауларының үні өлген адамды жоқтағандай күңіреніп шығатын бейтаныс қалаға тап болды. Оны бұрын көрмесе де, ол туралы ештеңе естімесе де, бірден тани кетті, солтүстік желі мүжіп тастаған қабырғалары, ағашы қарайып шіріп кеткен көне балкондары, тіпті, кіре беріске қағылған, адамның жан—жүйесін шымырлататын дүниедегі ең мұңды "Зиратқа қойылатын гүлшоқтар сатылады" деген сөздерді жауып шайып, көрінер-көрінбес болып қалған бір тілім картон қағаз көзіне жылы ұшырай кетті. Міне, дәл осы сәттен Фернанда сопы ананың бақылауымен туған ошағымен мәңгіге қош айтысып шығатын ызғарлы таңға дейінгі аралықта қас қағым ғана уақыт өтті, монахиниялар оның жасауын тігіп, жинап, шырағдандарды, күміс ыдыс-аяқты, алтын құманды, осы әулеттің екі ғасырлық құлдырау жолының куәсі болған қалған-құтқан керексіз заттарды әрең буып-түйіп үлгерді. Дон Фернандо қалыңдыққа ере барудан бас тартты. Осындағы міндетті шаруаларын тыңдырып, бір демдеп тастағаннан кейін сәтін салса Макондоға барып қалатынын айтып, қызына батасын берген соң, кабинетіне кіріп жауып алды да, қайтып шыққан жоқ, тек соңынан шет-шетіне гүлді әшекейлер салынып, әулеттің гербі басылған қағаздарға жазып, андасанда қызына қысқа—қысқа хаттар жолдап тұрды, осы хаттар тұңғыш рет әкесі мен қызының арасындағы рухани дәнекерге айналды. Ұзатылған күн Фернанданың дүниеге қайта туған күнімен барабар еді. Ал Екінші Аурелиано үшін бұл күнді бақытының бастауы да, бақытының ақыры да десе болғандай еді.

Фернанда өзімен бірге алтын жалатылған гүлдермен әшекейленген әп-әдемі календарь ала келді: онда діни тәлімшісі зайыптық парызды өтеуден тартына тұратын күндерді көк сиямен белгілеп беріпті. Күнәдан арылу аптасы дейсің бе, жексенбілері бар, әр айдың алғашқы жұмасы, міндетті түрде мінәжат ету күні, ауыз бекіту, ұстамдылық

жасау, іш тазарту күндері бар, оған ай сайын келетін әйелдің етегі кірлейтін кезді қосыңыз, әйтеуір, не керек, көк сия айқыш-үйқыш сызғылаған календарыңызда қажетке жарайтын қырық екі-ақ күн бар екен, Уақыттың өзі бұл тікенек қоршауды құлататынына күмән келтірмеген Екінші Аурелиано той-думанды белгіленген мерзімінен ұзаққа созған. Шампан мен брендиден босаған шөлмектерді үйде жүретін жер қалмаған соң, күн сайын көше сыпырушыға тиеп беребере шаршаған және музыка ойнап, керней тартылып, мал сойылып, ет асылып, арақ-шарап дария болып ағып жатқанда, жас жұбайлардың әр кезде әр бөлек бөлмелерде үйықтап жүргенін көріп таңырқаған Урсула өзінің қара басының баяғыдағы тәжірибесі есіне түсіп, Фернанданы оңаша алып, күнә қағар қапшығың бардан сау ма деп сұрап, байқа, ерте ме, кеш пе, ел біліп қойып күлкі етіп, ақыры насырға шауып жүрмесін деп сақтандырған. Қысылып қалған Фернанда тойдан кейін екі апта өтсін деп тосып жүргенін, содан кейін ерімен төсекте бас түйістіруге қарсы болмайтынын айтып құтылған. Осы мерзім өте сала, ол, шынында, жатын бөлмесінің есігін ашып, күнәдан арылу жолында өзін құрбан етуге әзірлік білдірген, кіріп келген Екінші Аурелиано жәудіреген құралай көз, мыс түсті қолаң шашы жастықты жауып кеткен әлемдегі ең әсем әйелді көрді. Осы ғажап көрініске бойы балқыған жігіт ә дегенде Фернанданың ұзын жең, қызыл асығына дейін төгіліп түсетін, кіндік тұсындағы үлкен ойығы айнала неше қабат шандып тасталған көйлек киіп алғанын аңдамай қалған. Мұны көргенде Екінші Аурелиано еріксіз күліп жіберген.

— Бұрын-соңды мұндай келіссіз дүние көрсем көзім шықсын, — деп ол үйді басына көтере, қарқылдай күлген. — Сопы әйелге үйленгенімді білсемші.

Сол бетінде әйелін құрып кеткір ақ көйлегін шешуге көндіре алмаған ол бір айдан кейін ханша киімімен Петра Котесті суретке түсіруге барған еді. Кейіннен қашып кетпек болған әйелін үйге қайтарып алып келгенде, татуласу үстінде көңілі жібіген Фернанда күйеуінің ырқына көнген, алайда оның табанын тоздырып, отыз екі қоңыраулы мұнарасы бар қалаға іздеп барғанда көрем, қанам деген қызығына кенелтіп, көңілін көншіте алмаған. Әйелінен оның көңіліне желік емес, жеріну біткен. Тұңғыштары дүниеге келердің

қарсаңында бір күні түнде Фернанда күйеуінің өзіне сездірмей Петра Котестің құшағына қайтып барғанын түсінген.

— Иә, рас, — деп мойындаған ол. Өз кінәсін мойындап, басқа салғанға көндік деген раймен жайма-шуақтап түсіндіруге тырысқан. — Бұлай істемеске лаж болмады ғой, мал көбейсін десек, басқа амал жоқ.

Әрине, ол күйеуінің есі дұрыс адам сенбейтін бұл дәлеліне біразға дейін иланбай жүрген, дегенмен Екінші Аурелиано күмән туғызбайтын деректер келтіріп дегеніне жеткен, сонда Фернанда оған бір ғана шарт қойған, әйтеуір, ашынаңның төсегінде жатып өле көрме, осыған сөзінді бер деп, уәдесін алған. Сөйтіп, олар үшеу болып тұрып жатты, бір–біріне бөгеттері жоқ, Екінші Аурелиано екеуінің де тілін тауып, еш нәрседен кенде етпейді, Петра Котес өз жеңісіне масаттанса, Фернанда бәрінен де бейхабар адамның райында жүрді.

Күйеуімен жараса білген Фернанда басқа Буэндиалармен тіл табыса алмай-ақ қойды. Урсула құдайдың зарын қылса да Фернанда зайыптық парызын өтеп шыққан түні таңертең киетін қара жүн жамылғысын үстінен тастамай-ақ қойды. Бұл жамылғы көршілердің көзіне түсіп, күңкіл сөз көбейе бастаған. Сондай-ақ Урсула қанша қақсаса да, Фернанданы шомылатын бөлме мен әжетханаға баруға, ал дәрет сындыратын алтын құманын алтын балық жасау үшін полковник Аурелиано Буэндиаға қимасаң, ақшасына бер деп көндіре алмаған. Фернанданың таулықтарша сөйлейтін мәнері, турасын айтпай майдалап, астарлап сөйлейтін әдеті Амарантаны ызасырықтан өткізген, содан кейін қасақана қырсығып, бір қойыртпақ тілде сөйлеседі.

— Нсе ткение тынсыңқа ғанса йтсаңа ынаум тдепкө нсе итасына лаққұ пде, — Амаранта тақ-тақ етіп, таңдайынан сөйледі.

Әншейінде үндемей құтылатын, бұл жолы ашықтан-ашық келемежге шыдай алмаған Фернанда мына былдырлағын не деп сұрағанда, Амаранта мәймөңкелетпей белден басқан:

— Құлағың кәне десе құйрығын көрсететін сен неткен адамсың деп отырмын, ал, — деген.

Сол күннен бастап екеуі бір-біріне тырс етіп, тіс жарған емес. Аса қажет жағдайда қағаз-қаламмен немесе делдал арқылы қатынас жасайды. Күйеуінің туған-туыстарының өзіне іші жылып тұрмағанын көрсе де,

Фернанда Буэндиаларға өз бабаларының дағдыларын сіңіру пиғылынан қайтқан емес. Алдымен ол әркім қалай болса солай, қалаған уақытында ас пісіретін жерде тамақ ішетін әдетті тыйды, бәрін белгіленген сағатта мұнтаздай таза ақ дастарқан жабылып, шырағдандар мен күміс ыдыс-аяқ қойылған үстелдің басына жиналуға мәжбүр етті. Урсула күнбе-күнгі тірліктегі ең қарапайым шаруа санайтын ас ішудің өзін сән-салтанатты рәсімге айналдыру үй ішінде іш пыстырарлық ауан туғызып, тіпті, үндемейтін Екінші Аркадионың өзі бұлқанталқан болған. Соған қарамастан жаңа тәртіп орнығып кетті, жаңалық жалғыз жүре ме, онымен жағаласа тағы біреуі енді, аллаәкбәрін жасамай енді ешкім асқа отырмайтын болды, бұлары көршілердің көзінен қағас қалмай, Буэндиалар қалған пенделердей емес, қолын жайып құдайдан рұқсат алмай тамақтарынан ас өтпейтін болыпты деген қаңқу да шықты. Сөйтіп, қалыпты дәстүрі жоқ, қолы босап сәтін салғанда ғана құдайын аузына алатын Урсуланың өз сенімі не істеуі керектігі алдын-ала анықталған, бастан-аяқ белгіленген, атадан балаға көшіп, Фернандаға мирас етілген сеніммен текетіреске түсті. Урсуланың бес сезімінің сау кезінде кейбір ескі ғұрыптар сақталып келген еді, үй іші оның тізгін ұстаған қолының тегеурінін әлі де сезетін, ал көзі көруден қалып, жылдар дегенін істетіп ісінен айырған кезде, келген күннен бастап Фернанда үйді айналдыра сала бастаған қатал қоршау тарс жабылып, үй-ішінің тағдырын шешу билігі жалғыз ғана Фернанданың қолына тиді. Урсуланың айтуымен Санта София де ла Пьедад баяғыша кондитер тағамдарын, кәмпит-сәмпит сатып жүретін, Фернанда мұны затымызға лайық емес деп, тыйып тастады. Ертеден қара кешке дейін жандарының басы жастыққа тимей жабылмайтын үйдің есігі әуелгіде күн түсіп жатын бөлмелерді ысытып жіберді деген сылтаумен түскі дамыл тұсында іштен ілініп жүрді де, келекеле сол қалпында жабулы тұратын болды. Макондо салынған кезден бері керегеде ілулі тұратын бір уыс алой мен бидай сабағының орнына бір күні Ғайсаның жүрегі сияқты кішкене сөре қойылды. Бұл өзгерісті аңдап қалған полковник Аурелиано Буэндиа оның мәнісін бірден ұға қойды. “Бұл не тағы? Біз ақсүйек болып бара жатырмыз ба? — деп ашу шақырды. — Бүйте берсе, қайтадан консерваторларға

қарсы соғысатын шығармыз, тек мақсатымыз басқа болады, корольді таққа отырғызамыз ғой тегі". Фернанда оған қарсы келуге қаймығады, үндемей құтылуға тырысады. Оның өзін еркін ұстайтынына, орнатпақ қатаң тәртібіне қарсы келетініне іштей ыза болады. Тықырлатып таңғы бесте тұрып бір шыны кофе ішетініне, шеберханасының былығып жататынына, жыртық-жыртық ескі плащын үстінен тастамай, бейуақта есік алдына шығып отыратын дағдысына жыны кеп-ақ жүреді. Шаңырақ шырайын кетіріп тұрған осы бір тосын жаннан Фернанда қатты ығады, оның іс-әрекетіне амалсыз көнеді, өйткені полковниктің егделеп, есесі кетіп жабырқаған жан болса да, ашуға басса, осы үйдің іргесімен қопарып кететін қауқары бар қарт жыртқыш екенін түсінеді. Күйеуі тұңғыштарына арғы атасының атын береміз дегенде, түскеніне жыл ғана өткен Фернанда қарсылық білдіре алмаған. Ал тұңғыш қыздары туғанда Фернанда салған жерден оны өз шешесінің құрметіне Рената деп атайтынын айтып тастаған. Урсула нәрестеге Ремедиос есімін беруді қалаған. Екі ортада Екінші Аурелиано делдалдыққа жүріп, қызық көріп әдейі қыздырмалатқан ұзақ талас-тартыстан кейін сәбиге Рената-Ремедиос есімі берілді. Оны тек шешесі ғана Рената атап жүрді де, қалғандарының бәрі Ремедиосты кішірейтіп, еркелетіп Меме деп кетті.

Алғашында Фернанда ата-анасы жайлы ақтарылып ештеңе демейтін, көпіртіп көкке көтере әкесін мадақтауды кейін шығарды. Асханада отырғанда келсін-келмесін әңгімені әкесіне бұрып, оны өзгеше жаралған, тіршілік күйбеңіне көз салмай, әулие болып кеткен адам ретінде аузының суы құрып суреттейді. Қайын атасының көз алдында қол жетпес биікке көтеріліп кеткеніне қатты таңданған Екінші Аурелиано келіншегінің көзін ала бере оның атына қанша қыршаңқы сөздер айтпайын десе де аузына ие бола алмай қалған. Қалғандары да оны қоштаған, ақыры ошақ басының тыныштығын қатты қорғаштайтын, шыны аяқ сылдырласа жанына бататын Урсулаға шейін бірде өзін ұстай алмай кішкене шөмшегі жайында: "Папаның (әулие бабаның) тағына осы қарғам отырмағанда кім отырады, нағашысы — әулие, шешесі — ханша, әкесі — барымташы" — деп мырс еткен. Кішкентайлардың үлкендердің оспадар әзіл-оспағында шаруасы жоқ, дамыл-дамыл өсиет өлеңдерге толы хат жа-

зып, Жаңа жыл мерекесі сайын үйге әрең сүйреп кіргізетін, біртіндеп үлкейе берген жәшік-жәшік сыйлық жіберетін нағашыларын өз көңілдерінде пір тұтқан. Дон Фернандо жиендеріне әулетіне біткен дәулеттің қалған-құтқандарын жолдап жатты. Оның сәлем-сыйынан балалардың бөлмесінде екі жағына әулиелердің адам бойындай мүсіндері қойылған мінәжат тұғыр жасалды; әулиелердің шыны көздері, Макондо жұрты киіп көрмеген сапалы мәуітіден әсем тігілген киімдері оларды тірі жандай етіп көрсетіп, адамның зәресін алатын. Сөйтіп көне, қапас мырза үйінің еңсені езетін сәнсалтанаты бірте-бірте Буэндиалардың жарық-жарқын үйіне көшіп алды. "Бүкіл бір әулеттің зиратын жіберіп болды бізге, — деп бірде күңк еткен Екінші Аурелиано. — Тек құлпытастар мен оларды жағалай өсіретін сәмбі талдар ғана жетпейді". Нағашыларының жәшіктерінің ішінде ойын баласына жарайтын ештеңе болмаса да, балалар желтоқсан сайын асыға күтетін, айт, айтпа, көне, өздері көрмеген заттардың келуінің өзі оларға бір ғанибет, бір өзгеріс. Кішкене Хосе Аркадионы семинарияға жіберуге дайындап жатқанда, оныншы жаңа жыл мерекесі алдында нағашыларынан әдеттегіден ертерек, ызғардан сақтау үшін жік-жігіне қарамай құйылып, берік етіп шегеленген, бұрынғылардың бәрінен де үлкен жәшік келді, сыртына готика әріптерімен жазылған жазу оның асыл текті мәртебелі донья Фернанда дель Карпио де Буэндиаға арналғанын аңғартып тұр. Фернанда жатын бөлмеде хатты оқуға кіріскенде, балалар таласа-тармаса жәшікті ашуға ұмтылды. Екінші Аурелиано әдетінше оларға көмектесе бастады. Алдымен олар жәшіктің қарамайын қырып тастап, шегелерін суырып ала бастады, содан арнайы салынған ағаш ұнтағын сыпырып тастағанда, жәшіктің ішінен мыс бұрандалармен тас қып бекітіп тасталған ұзын сандық шықты. Сегіз бұрандасын бірдей бұрап алып, сандықтың қорғасын қақпағын ашып жіберген Екінші Аурелиано ыршып түсті, даусының қалай шығып кеткенін де байқамай қалды, балаларын бір шетке әрең ығыстырып үлгерді, сандық ішінде бастан—аяқ қара киген, кеудесінде крестке керіп тасталған жаратушы бейнесі, быжынаған құрттың арасында, қайта-қайта кекірек сияқты дыбыспен сасық иіс шығарып терісі тарс-тұрс жарылып жатқан дон Фернандоны көрді.

Рената туғаннан кейін көп ұзамай үкімет ойламаған

жерден Неерландия бітімінің кезекті жылдығына байланысты полковник Аурелиано Буэндианың мүшелін тойлау жөнінде жарлық шығарды. Мұндай шешім ресми саясатқа мүлде үйлеспейтін, полковник ойланып-толғанбай-ақ бірден қарсы шығып, тойлаудан бас тартты. — "Мүшел" деген сөзді естіп отырғаным осы, — деді ол. — Ол нені аңғартса, соны аңғартсын. Мұның табалау екені айдан анық". Зергердің шағын шеберханасына неше түрлі өкілдер толып кетті. Тағы да қара сюртук киген, бұрынғыдан да қартайған, бұрынғыдан да бапты, заманында полковниктің төңірегінде қара қарғаларша қаптап жүретін адвокаттар құжынап кетті. Соларды көрген бетте олардың соғысты тығырыққа тіреу үшін баяғыда өзіне келгенін есіне түсірді, көшірме сөздерінің астарындағы аярлықты аңдап ызаға булықты. Ол: мазамды алмандар, аулақ жүріңдер деп бір-ақ қайырды, сендер айтқандай мен ұлт бостандығы жолындағы күрескер емеспін, өзі жасаған балықтарының арасында жүрт көзінен де, көңілінен де тасада, таршылықтан, күнбе-күнгі күйбеңнен зорығып көз жұмғысы келетін жалғыз ғана арманы бар, өткенін ұмытқан қатардағы қолөнершімін деп шегелеп тұрып ескертті. Бәрінен бұрын оның зығырданын қайнатқан республика президентінің Макондодағы салтанатқа өзінің келіп, оған өз қолынан Құрмет орденін тапсырмақ ойы жайындағы хабар еді. Полковник Аурелиано Буэндиа бір сөзін қалдырмай айта барыңдар деп сәлем жолдады; ол кеш те болса, еш кетпеген осы бір сәтті, үкіметінің заңсыздықтары мен асыра сілтеушіліктері үшін емес, қарт адамға деген ізеттерінің жоқтығы үшін президентті қақ маңдайдан тапаншадан тартып жіберу үшін асыға тосатын болады. Ол өзінің сәлемін ашына-айбарлана айтқан, содан ба кім білсін, президент дәл соңғы сәтте келмек ойынан айнып, орденді арнаулы өкілі арқылы беріп жіберген. Жан-жағынан қаумалап, түртпектеп қоймаған соң, сал болып жатқан полковник Геринельдо Маркес талап-тілектерге құлақ асып, қарулас қарт жолдасын райынан қайтармақ үшін басын көтерген. Төрт адам көтеріп келе жатқан зембілді, оның үстінде үлкен-үлкен жастықтардың арасында отырған досын көргенде, ол жастық шақтарынан бері жеңісті де, жеңілісті де тең бөліскен полковник Геринельдо Маркестің енді мендеген сырқатына қарамай өз шешімін құптауға, қолдауға

келе жатқанына ол зәредей шүбә келтірген жоқ. Алайда оның бұл келісінің шын мәнін ұққан сәтте ол зембілді полковник Геринельдо Маркеспен бірге шеберханадан шығарып тастаңдар деп бұйырды.

— Әттең көзім кеш жетті, — деді ол досына. — Сені сонда аттырып тастағанда, өзіңе үлкен қызмет көрсетеді екем.

Сөйтіп, мүшелтой Буэндиалар әулетінің ешқайсысының қатысуынсыз өткен еді. Мүшелтой карнавал апталығымен мүлде кездейсоқ түспа-түс келген, алайда полковник Аурелиано Буэндианы үкімет өзін әдейі жәбірлеп, жерлей түскісі келіп, екеуін қат-қабат келтірді деген қыңыр пікірінен ешкім қайтара алмай қойды. Шеберханасында оңаша отырып, әскери музыканы, артиллериялық салют үнін, қағылған қоңырау күмбірін және тұратын көшелеріне өз есімінің берілуіне байланысты дәл есіктерінің аузында сөйленген сөздерді үзік-үзік естіп отырған полковник Аурелиано Буэндиа ызадан терісіне сыймай ашуланып, шарасыздығына күйініп, жанарына жас тығылды, өзі жеңіліс тапқан сәттен бері тағы да бір қан төгіс соғыс ашып, консерваторлар өкіметін түп-тамырымен құртып жіберетін бұрынғы жастық жігері мен қажыр-қайратының бойында жоқтығына алғаш рет өзегі өртенді. Сырттағы салтанаттың тықыры басылмай жатып, Урсула шеберхананың есігін тықылдатты.

— Бөгет жасамаңыздар,— деді полковник Аурелиано Буэндиа. — Қолым бос емес.

— Аш. — Урсуланың сабырлы, қалыпты даусы шықты. — Мұның мерекеге ешқандай қатысы жоқ.

Ол есікті ашқан кезде дәлізде түрі-түсі, кескін-келбеті бір-біріне ұқсамайтын, алайда жатсынып тұратын түрлеріне қарап, жер шарының қай түкпірінде жүрсе де, жаза баспай тауып алуға болатын соқталдай-соқталдай он жеті еркекті көрді. Бұл — өзінің ұлдары еді. Олар бір-бірін мүлде білмесе де, мүшелтой туралы сыбыс құлақтарына тиісімен жалпақ жағалаудың әр түкпірінен алдын-ала уағдаласып қойған адамдарша бір-ақ күнде келіп жеткен екен. Олардың бәрі де мақтанышпен Аурелиано есімін арқаланып, шешелерінің фамилиясымен күн кешіп жатқан. Олар осында өткізген үш күн ішінде Урсуланы қызыққа кенелтіп, Фернанданы шыр-пыр еткізіп, үй ішінің соғыс жүріп кеткендей астан-кестеңін шығарды. Амаранта ескі қағаздардың арасынан Ур-

сула олардың туған, шоқындырылған күнін тәптіштеп түртіп қойған кітапшаны тауып алып, әрқайсысының тұсына адрестерін жазып қойды. Осы тізімге қарап соғыстың жиырма жылын түгін қалдырмай еске түсіруге болар еді. Жиырма бір адамның алдында көтеріліс деген баянсыз дүниені күйттеп, таң алагеуімде Макондодан аттанған сәттен бастап, соңғы рет өлім мен өмірдің екі ортасында жатқан оны қан қатқан плащқа орап әкелген күнге дейінгі полковниктің түнгі жорықтарын бастан-аяқ шолып шығуға болар еді. Мұндай күн енді қашан деген Екінші Аурелиано табылған туыстарының құрметіне шампанды суша ағызып, аккордеонын құйқылжыта тартып, шалқытып той жасады, бұл думан мүшелтой құрметіне өткізілген әлгі карнавалға қарсы қасақана жасалған салтанаттай болды. Қызып алған қонақтар көрпеге салып шайқамақ болған қызыл өгізді қуып жүргенде, үйдегі ваза біткеннің тура тең жартысын күл етіп қиратып, гүлдердің бәрін таптап кетті, мергендік сынасып бірін қалдырмай тауық біткенді қырып салды, Амарантаға Пьетра Креспидің мұнды вальстерін билетіп, Ремедиоска шалбар кигізіп бақанның басына қойылған жүлдені алуға өрмелетті, үсті-басы маймен сыланған шошқаны асханаға кіргізіп қоя беріп, ол Фернанданы қағып жығып кетті, әйтеуір, не керек, жер сілкінгендей етті, бірақ бұған ренжіген жан болған жоқ, иқу-тиқу етіп, үй-ішіндегі бар пәлекет-пәлені тырқырата қуып, бір жеңілейтіп тастады. Тіпті, бастапқыда ұлдарына жатырқай қарап, кейбірінің тегіне күмән келтірген полковник Аурелиано Буэндианың өзін олардың бұл қылықтары сейілтіп, аттанарының алдында әрқайсысына бір-бір алтын балық сыйлады. Сөзі аз, тұйық Екінші Хосе Аркадио немере бауырларын қораз таластыруға ертіп апарып, істің түбі насырға шаба жаздады, Аурелиаолардың көпшілігі қоразшылардың қулық-сұмдығының неше атасын біледі екен, салған жерден падре Антонио Исабельдің қаралық жасағанын әшкерелеп берді. Туған—туысқандардың көптігі сауық-сайранға шексіз мүмкіндік ашатынын аңдаған Екінші Аурелиано қалыңдар, мал-жан мынау, бірлесіп тірлік кешейік деп жата жабысты. Оның ұсынысын құп алған қара нәсіл әйелден туған алып денелі, атасына тартқан жігерлі, құпияға, жаңалыққа құмар, ол дегенде ішкен асын жерге қоятын мұнды Аурелиано ғана болды. Бақыт іздеп,

бақ қуып, жарты әлемді шарлап шыққан оған қайда тұрса да бәрібір еді. Әлі үйлі-баранды болып үлгірмесе де қалғандары өз бетіміз бар, бекіп қалдық десті. Олардың бәрі де бір-бір ошақтың тірегі, шебер қолөнершілер, тыныш адамдар еді. Половниктің ұлдары жалпақ жағалаудағы тұрақтұрақтарына тарасып кетер алдында сәрсенбіде ұлы ауыз бекітудің алғашқы күні Амаранта оларға бар жақсысын киіндіріп, өзімен бірге шіркеуге алып барған. Құлшылық қылудан гөрі қызық көруі басым олардың әрқайсысы мінәжат тұғырдың қасына келіп, падре Антонио Исабель мандайларына күлмен крест[1] салып берді. Шіркеуден келгеннен кейін олардың ең кішісі мандайындағы кресті сүртіп тастамақ болып еді, кетіре алмады, басқа бауырларының кресі де өшпей қойды. Сосын бәрі сабындап жуды, кетпеді, құммен, жөкемен ысты, кетіре алмады, ақыры тас ысқымен тырналап, хлорлы сумен шайды, еш қайраны болмады. Ал Амаранта мен шіркеуде болған басқаларының кресі қол тиісімен жоқ болып кетті. "Мейлі, тіпті, сонысы жақсы, — Урсула немерелерімен қоштасып тұрып. — Енді жоғалмайсыңдар да шатаспайсыңдар". Олар оркестр ойнап, аспанға ракеталар атылып жатқан кезде қалада Буэндиалар әулетінің үрпағы әлі талай ғасырға тарайтындай әсер қалдырып, тобымен аттанып кетті. Ал қалып қойған Мұнды Аурелиано қаланың іргесінде әуей өнертапқыш Хосе Аркадио Буэндиа арман еткен мұз фабрикасын салдырды.

Бәрі жақсы көріп, жақын тартып кеткен Мұнды Аурелиано Макондоға келгеніне бір ай өткен соң, шешесі мен тұрмысқа шықпаған қарындасы (ол полковниктен тумаған) үшін бір қолайлы жай тауып алмақ болып, қала аралап жүргенде, алаң шетіндегі құлағалы тұрған, иен қалған сиякты даңғарадай үлкен үйге назары ауған. Иесі кім деп сұрастырғанда, оның бос қалғанын, баяғыда мұнда топырақ пен қабырғаның әгін жеп талшық қылған бір жесір әйелдің тұрғанын, соңғы жылдары өлерінің алдында оның көшеге екі-ақ рет шыққанын, басына қолдан жасалған бармақтай-бармақтай гүлдер қадалған қалпақ, аяғына қақталған күміс түсті туфли киген әйелдің алаң арқылы тура өтіп, епископке хат жіберу үшін почта кеңсесіне келгенін көргендерін

[1]Католиктер "күлді сәрсенбі" атайтын ауыз бекітудің алғашқы күні священник шоқынушылардың бәрінің мандайына күлден крест салып береді.

айтты. Мұнды Аурелиано жесірмен бірге үйге кірген итмысық, күшікті, басқа да жануар атаулыны өлтіріп, өлексесін қала ауасын ластасын дегендей ірітіп-шірітіп әдейі көшеге лақтырып тастайтын тас жүрек қызметші әйелдің бірге тұрғанын білді. Олардың соңғы рет сыртқа лақтырып тастаған өлексені күн қақтап, жым-жылас күйдіріп жібергеніне де талай заман өтті, сірә, соған қарағанда үй иесі мен қызметші әйел соғыс бітерден көп бұрын көз жұмса керек, дескен жөн айтқандар, үйдің құламай, қалқайып тұрғаны содан бері не бір қатты қыс, не бір дауыл болған емес. Топсаларын тот жеген есік тек өрмекшінің торына ілулі тұрған тәрізді, терезе кәсектері ылғалдан тобарсып кетіпті, жарылып-жарылып кеткен дәліздің цемент еденінің жарықшақтарын шөп пен түз гүлі басқан, ішінде кесіртке, басқа да құрт-құмырсқа өріп жүр, жоқ дегенде бір елу жыл жан түрмаған үй секілді. Үйдің иен екеніне көз жеткізуге асықкан Мұнды Аурелиано не де болса ішіне кірмекке үйғарды. Кіре беріс есікке иығы тиюі мұн екен, құрт-құмырсқа үңгіп, ішін топыраққа толтырып тастаған әбден шіріген ағаш құлап, бірден шаң-тозаңға айналып жүре берді. Үсті-басын жауып кеткен тозаң басылғанша, Мұнды Аурелиано табалдырықта тапжылмай тұрып қалды, шаң сейілген кезде ол қонақ бөлменің ортасында әбден жүдеп-жадаған, өткен ғасырдың ығытына сай киінген, шашы түсіп қалған, бірді-екілі қоқым түскен бас сүйегі жып-жылтыр, жалғыздықтан жағы суалып, беті қыртыс-қыртыс болып қалған, соңғы үміт жұлдыздары баяғыда өшкен үлкен, тұңғиық жанарлары ғана өңіне әр беріп тұрған әйелді көрді.

О дүниеден шыққандай мына көріністен шошып кеткен Екінші Аурелиано әрең дегенде өзіне өзі келіп, әйелдің өңменіне әскери үлгідегі ескі тапаншаны кезеп тұрғанын аңдады.

— Кешіріңіз, — деп күңкілдеді ол.

Әйел маңдайында күлмен салынған кресі бар, екі иығына екі кісі мінгендей алыпты бастан-аяқ шолып, ескі-құсқы толы бөлменің ортасында тапжылмай қадала қарап ұзақ тұрды, ол шаң-тозаңның арасынан көлеңдеп, иығына қосауызын асып, бір топ қоянды қолына ұстап, өткен дәуреннің бозамық сәулесі ішінен шығып келе жатқандай елес берді.

— Жоқ! Тоқта! — Әйелдің қарлыққан ашы даусы шықты. — Мұны енді еске салғаның қандай қаталдығын! Құдай ақына.

— Мен үй жалдап алайын деп ем. — Мұңды Аурелиано күңкілдеді.

Сол кезде әйел тапаншасын көтеріп, қолы қалт етпей, оның мандайындағы күлмен салынған креске кезеді де неден болса да тайынбайтын адамның қимылымен шүріппесін қайырды.

— Кетіңіз, — деп бұйырды.

Кешкі ас үстінде Мұңды Аурелиано болған жайды үй-ішіне айтып бергенде, бұл хабар жанына батқан Урсула үнсіз егіліп жылап жіберді. "О, құданың құдіреті, — деп жағасын ұстады. — Әлі тірі екен—ау".

Уақыт, соғыс, үй-ішіне бірінен кейін бірі топырлап кірген бақытсыздық оған Ребеканы мүлде ұмыттырып жіберген еді. Ребеканың тірі екенін сәт сайын сезініп отырған жалғыз адам — сол бетінде жібімей, тас болып суынған, қартайған Амаранта. Ол таңертең жападан жалғыз жылусыз төсегінде жүрегі мүздан оянғанда да түргеліп солған анарлары мен ішіне кіріп кеткен қарнын сабындап жуып тұрып та, кемпірлер ұнататын ақ шыттан тігілген іш киімдері мен етекшесін киіп жатып та, күнәсін жуам деп, қолын күйдіріп байлаған орауышын ауыстыру үстінде де Ребеканы ойлайтын. Әрдайым, ұйықтаса да, ояу жүрсе де, ең бір жадырап, шаттанған шағында да, төңірегі түнекке айналып, ең бір күйінген сәтінде Амаранта Ребеканы ұмытқан жоқ, жалғыздық оның естеліктерін бір ізге түсіріп, осы ғұмырында жүрегінде жиналып қалған артық-ауысып, қоқысын өртеп жіберіп, жанын тітіреткен ауыр, азапты естеліктерін ғана қалдырған, оларды тазартып өлмейтін-өшпейтін еткен.

Әсем Ремедиос Ребека дегеннің бар екенін Амарантадан естіп білген. Ескі үйдің жанынан өткен сайын Амаранта жас қызға күндесінің есінде қалған жағымсыз, анайы қылықтарын жиіркене әңгімелейтін, сөйтіп оны Ремедиосқа да жек көрініштi етпек болған, сөйтіп өзінің жанын жеген өшпенділік өзі өлгеннен кейін де өлмесін деп ойлаған, оның бұл әрекеті тасқа тигендей мұқалды, Әсем Ремедиосқа, жалпы пенде баласына тән қасиет дарымаған еді, әсіресе жұмыр бастыларды бейшара күйге түсірер пендешілік оған мүлде жат-тын. Ребека туралы ойлағанда Урсула Амарантаның бойын кернеген сезімнен мүлде басқадай күй кешті: Ребека

жамандық атаулыдан арылған естелік болып көңіліне оралды; Макондоға ата-анасының қапшық ішінде саудырап жатқан қураған сүйегімен қоса әкелінген кішкентай бейбақтың бейнесі Буэндиалар әулетінің атына дақ келтірген бойжеткеннің масқара қылығы туралы пікірді санасынан сызып тастады. Екінші Аурелиано салған жерден Ребеканы үйге қайтарып әкеліп, қамқорлыққа алу керек деп шешті, алайда оның ізгі ниеті Ребеканың қасарысқан қайсарлығына тап болып, тек ниет күйінде ғана қалды; талай жыл күйзеліп, күңіреніп жанына жалғыздықтан жаңа ғана сая тапқанда, бұл өмірден таңдап тапқан осы жайлауын енді қартайғанда, бөтен жанның шапағатына, алдамшы аз күндік қызығына, мазасыз тірлікке айырбастағысы келмеген.

Полковник Аурелиано Буэндианың маңдайына күлмен жаққан крестері кетпеген он алты ұлы ақпанда Макондоға қайта жиналғанда, Мұңды Аурелиано дуылдаған бір отырыстарының үстінде бауырларына Ребека жайын айтып берген, олар бір сәтте жиналып барып, бас-аяғы үш сағаттың ішінде үйді қалпына келтірген, есік-терезелерін ауыстырып, сыртын ашық түсті бояулармен сырлап тастаған, қабырғаларына тіреу қойып, дәліздің еденіне қайтадан цемент құйған, енді бұл шаруаны тындырып болғанда ішке енуге рұқсат ала алмаған. Ребеканың өзі есікке де келген жоқ. Ағайындар апалаң-топалаң жөндеу жұмыстарын бітіргенше бағып отырып, жөндеу пұлын есептеп шығарды да қолында баяғыдан түрып қалған қарт қызметшісі Архенида арқылы бір уыс күміс ақша беріп жіберді, бұл ақша баяғыда, соңғы соғыстың кезінде айналымнан шығып қалған-ды. Ребека оны әлі күнге дейін жарамды санап жүрген екен. Сонда ғана барлығы мынау дүниеден оны өткел бермес терең бір ор бөліп әкеткенін түсінді, енді қайтып Ребеканы, кеудесінде шыбыны барда, жалғыздық қапасынан шығарып алу мүмкін еместігін ұққан.

Полковник Аурелиано Буэндианың ұлдары екінші рет келгенде, олардың бірі — Шұбар Аурелиано Макондода қалып, Мұңды Аурелианомен бірге жұмыс істей бастады. Шұбар Аурелиано үйлеріне шоқындыруға әкелген полковниктің алғашқы ұлдарының бірі еді, бірнеше сағаттың ішінде ол үй ішіндегі қолы тиген шыны заттардың бәрін қиратып шыққан да, Урсула мен Амаранта оны есте

сақтап қалыпты. Уақыт оның көкке ұмтылуын дер кезінде тежеп, ол бетінің шешек дағы бар орта бойлы азамат болып жетіпті, алайда қолы жанасқан нәрсені у тигендей қылатын қасиеті сол қалпында сақталған екен. Аз күннің ішінде қолы тимесе де, көзі түскен талай тәрелке тағы күл болды, мұны көрген Фернанда жан ұшырып қымбат сервиздердің қалғанын құртпай тұрғанда деп, тез арада оған қалайы ыдыс—аяқ сатып әперген, алайда төзімді деген темір ыдыстар да көп ұзамай майысып, кетіліп шыға келді. Айықпас дерттей ала бөтен қасиетінен Шұбар Аурелианоның өзі де қатты қорынатын, есесіне ол бір көргеннен-ақ өзіне тартып тұратын дарқан жүректі, ерінуді білмейтін еңбекқор жігіт-ті. Ол қысқа мерзімнің ішінде мұз өндірісін жергілікті рыноктың сатып алу мүмкіндігінен асырып жіберіп, Мұнды Аурелиано өнімдерін жазықтағы басқа қалаларда сату қамын ойластырып басын қатырған. Сол кезде оның санасына бір ой сап ете түскен, ал бұл ойын жүзеге асыруы оның фабрикасындағы өндірісті жаңартуда ғана емес, жалпы Макондоны былайғы дүниемен жалғастыруда шешуші роль атқарған.

— Темір жол тарту керек, — деді Мұнды Аурелиано.

"Темір жол" деген сөздің Макондода түңғыш рет айтылғаны осы. Хосе Аркадио Буэндианың бір кезде күн сәулесімен соғысу жөніндегі нұқсаулыққа қоса жолдаған жобасының тікелей жалғасындай болып Мұнды Аурелианоның қолымен салынған сызбаларды үстел үстінен көрген Урсула уақыт дөңгелеп, шыр айналып жүреді деген дүдәмәлінің растығына көз жеткізген. Алайда Мұнды Аурелиано атасындай емес, үйқысын да, күлкісін де, тәбетін де жоғалтқан жоқ, салы суға кетіп сүмірейген де емес, қайта небір қиялы жобаларды ойға алғанда, оларды таяуда іске асыратынына сенімі кәміл, құны мен мерзіміне байланысты есептерін де дәл жасайды, күмәндәніп іштей мүжілмейді де, қамықпайды да, ойлағанын бекем қайратпен орындап тынады.

Ал Екінші Аурелианоның кейбір мінездері арғы атасына ұқсайды да, полковник Аурелиано Буэндиаға ұқсамайды десек, ең алдымен бұл оның кеше мандайына тигенді бүгін ұмытып кететін қасиеті еді, бір кезде сыңарының кеме жүргізу жөніндегі ерепейсіз ісіне аямай ақша бергені сияқты, бұл жолы да темір жолға қажет қаржыны алды-артына

қарамай бөлді де тастады. Мүнды Аурелиано каленьдарьға бір қарап алды да, жауынды маусым біткен соң қайтып келермін деп, сәрсенбі күні жолға шықты. Содан хабар-ошарсыз кетті. Фабриканың артық өнімін қайда жіберетінін білмей сасқан Шұбар Аурелиано мұз шығару үшін су орнына жеміс-жүзім шырынын қолдану жөнінде тәжірибе жүргізіп, ойламаған жерден балмұздақ жасайтын болған, сөйтіп жаусын өтті, жаз өтті, бір хабар түспей, туысқаны тырс етіп тірлік белгісін бермеген соң, оның фабрикасын амалсыздан өзінікі санай бастаған, фабриканы тоқтатпай, өнім шығара берген. Алайда қыстың басында күннің ең ыситын әлетінде өзенге кір шайқауға барған әйел қатты үрейленіп, әлденелерді айқайлап орталық көшеге жүгіріп жеткен.

— Ана жақта бір құбыжық келе жатыр,— деген әйел әрең дегенде көргенін айтып беруге жарады. — Доңғалағы бар ас үй сияқты, тура бір қаланы тартып келеді.

Сол сәтте Макондо құлақ тұндыратын ащы ысқырықтан, ентіккенде шығатындай ырсылдаған, гүрсілдеген дыбыстан қалшылдап кетті. Осыдан бірер апта бұрын жұмысшылардың артель болып шпал төсеп, рельс тартып жатқанын бәрі көрген, бірақ оған ешкім назар аудармаған, тәйірі, өздерінің жүз жыл бұрынғы сандырағымен сенімнен жұрдай болған, сырнай-кернейлерінің үнімен шақырып, бұл жолы Иерусалим даналары ойлап тапқан, ешкім байқап көрмеген, білмеген бір ішірткіні жер-көкке сыйғызбай мадақтап, бір айналып соққан сығандардың кезекті бір құйтырқысы деп ойлаған да қойған. Тарсыл-гүрсілден туған абыр-сабыр басылған кезде, көшеге ытып-ытып шыққан Макондо тұрғындары паровоздан өздеріне жылыұшырай күлімсіреп қарап, қолын бұлғап тұрған Мүнды Аурелианоны көрді, бірінші сапарында тура сегіз ай кешігіп келген, гүлдермен әшекейленген поезды көрді. Макондоға сонша күдік пен ақиқат, сонша жақсылық пен жамандық, сонша өзгеріс, сонша ауыртпалық пен уайым-мұң әкелетін жұпыны ғана сары поезды көрді.

Небір тамаша өнертабыстарға, жаңалықтарға Макондо жұрты таң қалып үлгере алмай жатты. Поезбен екінші рет сапар шеккенде Мүнды Аурелиано әкелген машинадан қуат алатын бозамық электр шамдарына қарап қиялдап, үйқыла-

ры қашты, оның "тыз-тыз" етіп тұратын дыбысына үйренгенше де алмағайым уақыт өтті. Арыстанның аузы сияқты кассалары бар театрдан шылқи байып алған коммерсант Бруно Креспи көрсететін жылжымалы суреттерге қарап шат-шәлекей ашуланатын, ашуланатын да жөндері бар, бір фильмде өліп, көміліп, көрермендер күңіреніп, иманды болсын айтып қойған батырың келесісінде қайтадан сайран салып жүреді, тіпті, бұл жолы араб болып кетеді. Батырлармен тағдыр талапайын бірге тарту үшін екі сентаво төлеген жұрт көпе-көрнеу бұл мазаққа қайтіп шыдасын, орындық біткенді қиратып, талқандап кетті. Дон Бруно Креспидің өтінуі бойынша, алкальд арнайы декрет қабылдап, кинематограф деген — елес жасайтын аппарат қана, оған күйіп-пісіп бүрқан-талқан болатын дәнеңе жоқ деп жұмсақтады, алайда сығандардың тағы бір айла-шарғысының шырмауына түстік деп ойлаған басым көпшілік енді қайтып киноға бармауға үйғарды, олар дүниеде болмаған баз біреулердің ойдан шығарылған қияметтеріне жүрегімізді ауыртып, көзден сорамызды ағызатын жайымыз жоқ, өзіміздің уайым-қайғымыз да бір басымызға жетеді дескен. Саусақшыл француз гетералары ала келген ескірген органдарды алмастырып, жергілікті оркестрдің кірісіне елеулі нұқсан келтірген граммофондар да осындай ахуалға ұшыраған. Алғашында абыройын ардақ тұтатын адам қия баспайтын көшеге қызық көріп келушілер көбейіп кетті, тіпті, жұмбақ жаңалықты жақыннан, дәл жанынан әбден байыптап көріп алу үшін кейбір салиқалы әйел азаматтардың өзі еркектерше киініп келген екен деген қаңқу да тарады, бірақ көп ұзамай көпшілік бұл — өздері ойлағандай, гетералар айтқандай сиқырлы әмірмен емес, небәрі бұрап қойып күй ойнататын ойыншық қана, оның үні адамның жан-жүйесін елжіретіп тебірентетін, өмір шындығына толы асқақ оркестр әуенінің жанында түкке тұрмайды деген тұжырымға тоқтаған. Сөйтіп одан көпшіліктің көңілі қатты қалған, сөйте тұра граммофон кеңінен тарап, әр үйде пайда болды, бірақ ол ересектердің ермегі үшін емес, еріккенде балалар ішін ақтарып қызықтайтын ойыншық құрлы ғана болып қалған. Алайда қала тұрғындарының біреуі темір жол станциясында орнатылған

телефонды өз көзімен көріп, өз құлағымен тыңдап, құдіретке сенгенде, көзіне шұқып көрсетпесең сенбейтіндердің өзі жағаларын ұстаған, бастапқыда бұрамасаң істемейтін, құлағы бар бұл аппаратты бәрі де граммофонның қарабайыр бір түрі деп ойлап қалған. Қақ тағаланың өзі Макондо жұртының қашанға дейін таңырқай алатынын тексергісі келген секілді, ақыры мынау шынайы болмыс, мынау қиял деп батыл айтатын бір адам қалмағанша, оларды не таңданарын, не күлерін, не сенерін, не сенбесін білмейтіндей күйге жеткізіп, сенделтіп қойған еді. Шындық пен шытырманның арасының шым-шытырық шатасқаны сонша, Хосе Аркадио Буэндианың талшын түбіндегі елесі тапа тал түсте мәңгіріп үй-ішін кезіп жүретінді шығарды. Темір жол ресми ашылып, әр сәрсенбі сайын сағат он бірде поезд тұрақты келіп тұратын болған соң және станция үйі — үстелі, телефоны мен билет сататын терезесі бар қарапайым ағаш жаппа тұрғызылғаннан кейін Макондоның көшесінде өздерін қарапайым шаруа күйттеп келген көп адамдардың бірі етіп көрсетсе де, цирк артистеріне қатты ұқсайтын еркектер мен әйелдер қаптап кетті. Сығандардың қулық-сұмдығынан талай мәрте аузы күйген қалада пайда табу онша оңайға түспесе де, ерен ділмарлықпен ысқырығы бар қазанды да, ауыз бекітудің жетінші күні жан тазалығын сақтау үшін әрнеден тартыну тәртібі жазылған кітапты да жер-көкке сыйғызбай мақтап, сарнап ала жөнелетін аралатпа сауда жасайтын осынау көз байлағыш қулар қыр соңдарынан қалмай қыңқылдағанынан мезі болып, сатып ала салатындардың есебінен де, қай жерде де қарасы үзілмеген ашықауыздардың есебінен де ебін тауып байып алған еді. Бір сәрсенбіде осындай алаяқтармен бірге Макондоға және ізінше Буэндиалардың үйіне түстенуге күлімдеп тұратын, бәкене бойлы мистер Герберт келген. Бұтында салт жүретіндер киетін шалбар, ұзын қоныш байпақ, басында қорғаныш тор қалпақ, болат жақтаулы көзілдірігінің ар жағынан көкшіл көздері жылт-жылт етеді.

Дастарқан басында ол бір шоқ банан жегенше оған ешкім назар аудармаған. Екінші Аурелиано оны "Хакоб мейманханасында" бос номерлердің болмағанына күйіп-пісіп, испан тілін бұзып былдырлап сөйлеп тұрған жерінде кездейсоқ жолықтырып, көңілшек, рақымшыл әдетімен үйге

ертіп әкелген. Мистер Герберт арқандап қойып ұшыратын бірнеше аэростаттардың иесі, солармен жұмыр жердің жартысын шарлап шығып, қыруар пайда тапқан адам еді, амал не, Макондоның бірде-бір түрғынының онымен бірге көкке көтерілгісі келмеген, сығандардың ұшатын сырмағына мініп көрген олар арқандаулы аэростатты менсінбеген де, мұны ілгері басқан аяқтың кері кеткені деп бағалап, бас тартқан. Меселі қайтқан мистер Герберт таяуда кететін поезға билет алған.

Әдетте түстік сайын асханаға әкелінетін, жолбарыс терісі тәрізді тарғыл түсті банан дастарқанға қойылғанда, ол ә дегенде бір жемісті еріне алып, аузына салған. Содан кейінақ сөйлеп отырып, бірінен соң бірін аузына ыта бастады, асықпай шайнап, дәмін алып, толғап жұтады, тәттіқұмар, тамақсау жанның түрі емес, ойы сан саққа жүгірген ғалымның кейпі, жемістің бір шоғын тауысқаннан кейін, тағы біреуін сұрап алды. Сонан кейін жанынан тастамай өзімен бірге ала жүретін аспаптар жәшігінен құралдар салынған бір қобдиды алды. Гауһар сатып алушы адамша қуыстанып бір жемісті олай-былай айналдырып, аударып-төңкеріп көріп шықты, арнаулы ұстарамен жарып та көрді, аптекшінің таразысына салып салмақтап та, қару-жарақ жасаушының елілегішімен өлшеп те көрді. Артынша басқа бірнеше құралдар алып, ауаның қызуы мен ылғалын және түсіп түрған жарықтың шамасын мөлшерледі. Бұл рәсім бәріне де ерсі көрініп, ешқайсысы алдарындағы асқа да қол тигізбей ақырын тосқан, Герберт қазір бәрін түсіндіріп, түпкі тұжырымын айта ма деп тосқан, алайда ол не ойы барын білдіріп, жақ ашпаған. Содан кейін қолына дорба мен себет ұстап, қала іргесінде көбелек қуып жүрген мистер Гербертті көргендер де болды.

Келесі сәрсенбіде бір топ инженер, агроном, гидролог, топограф және жер өлшеушілер келіп, бірнеше апта бойы мистер Герберт көбелек қуған жерлерді сүйем жер қалдырмай зерттеп шықты. Кейінірек сары поездың құйрығына тіркелген дивандарды епископтың салтанатына сай барқытпен жабылған, көк шыны шатыры күміспен күптелген вагонға мініп, сеньор Джек Браун келіп жетті. Сеньор Браунның төңірегінде құзғындарша құжынап қара киіп кердеңдеген чиновниктер, баяғыда полковник Аурелиано Буэнди-

аның қайда барса да, қасынан қалмай салпақтап соңынан ерген сол бір адвокаттар басқа вагонға мініп келді, мұны көрген адамдар агрономдардың да, гидрологтардың да, топографтардың да, арқандаулы аэростаты бар, түрлі-түсті көбелек қуған мистер Герберттің де, доңғалақты мавзолей иесі, қабаған неміс овчаркаларын ұстайтын сеньор Браунның да соғысқа қалайда бір қатысы бар деген ойға келген. Жай айтқан ғой, әйтпесе ойланып жататын да уақыт болмаған, көңіліне күдік кірген Макондо тұрғындары, оу, жарандар-ау, бұл өзі не боп барады, деп жан-жағын бағамдап үлгергенше, қала вагондарға, ашық платформаларға, тіпті, вагондардың шатырларына дейін мініп, әлемнің түкпір-түкпірінен поездармен топырлап келіп жатқан жат жұрттықтар тұратын қаңылтыр шатырлы ағаш жаппаларға толып кетті. Біраз уақыт өте гринголар[1] ар жағынан тәні көрінетін көлүнгір көйлек, шілтерлі үлкен қалпақ киген, былқ-сылқ еткен әйелдерін алдырып, темір жолдың келесі жақ бетінен тағы бір қала салғызды; онда көше-көшеге жағалай пальма отырғызды, терезелеріне сым шілтер тұтылған, саябақтарына аппақ үстелдер қойылған төбелеріне құлаштай-құлаштай қалақтары бар желдеткіштер ілінген үйлер тұрғызды, ішінде тоты құстар мен бөденелер өріп жүретін жасыл даландар жасады. Қалашықтарын электрлендірілген алып тауық қора құсатып, биік темір тормен қоршап тастады, салқын жаз айларында таңертеңгілік оның үсті шүпірлеп қонақтаған қарлығаштардан қап-қара болып көрініп тұратын. Жат жұрттықтардың Макондода не жоғалтып, не іздеп жүргенін, кімді жарылқап, кімді жарытпақ оймен келгенін ешкім біліп болмай жатып, олар бәрін асты-үстіне түсірген; баяғыда сығандар әкелетін ырду-дырду бұлардікінің қасында астары айқын, өткінші ғана бала ойнақ екен. Олар бағзы заманда тәңірінің бір өзіне ғана тәуелді күштердің көмегімен жауын жаудыратын уақытына дейін өзгертіп, тіпті, егін пісетін мерзімді де қысқартып, оны да қойшы, тіпті, өзеннің өзін баяғы орнынан алып кетіп, ақ тастары мен мұздай ағысын қаланың екінші басына, зираттың ар жағына шығарғанын айтсаңшы. Сүйегінен шығып жатқан оқ-дәрінің иісі өзеннің суына сіңіп кетпесін деп, Хосе Аркадионың моласын оңып, мүжілген кірпіштерінің үстінен темір-бетонмен шегендеп, қаптап тастаған да солар. Махаббатқа дарқан француз гетераларының көшесі нақ сүйерлерін

[1]Гринго - латынамерикандықтар ақ адамдарды солай атайды.

ерте келмеген жат жұрттықтар үшін темір тордың ішіндегі қаланыздың өзін жолда қалдыратын үлкен қалаға айналды; сәрсенбінің тағы бір сәтті күнінде адамды күнәға батырып, құнықтыру өнерінің бағзы заманнан бергі неше атасына машықтанған, енжарларды қоздырып, құлдырандатып, момындарыңды тасыр етіп, қомағайларыңның өңешіне құм тығып, ұяндарды жалындатып, мекірлерді сабасына түсіріп, тақуаларды жолдан тайдырып жібере алатын жөні де, жолы да басқа салдақылар мен Бағдат сайқалдарын да шаңына ілестірмейтін жезөкшелер тиелген тағы да бір поезд келді. Бұрынғы жапырайған араб дүкендерінің орнына салынған, сыртқы теңіз елдерінен әкелінген товарларға толы дүкендердің оттары жарқыраған Түрік көшесіне сенбі кешінде қику іздейтіндер құж-құж қаптап кетеді: құмар ойындар қызып жатқан үстелдердің қасында, тирлердің аузында бал ашып, түс жоритын түйықтарда, фританга[1] мен сусын сататын сөрелердің қасында ығы-жығы халық; ертеңінде жексенбі күні таңертең бұл үстелдер жайрап жатқан адам денелерінің — ешкімге залалы жоқ маскүнемдердің, көбіне түнгі төбелестердің ішінде қапияда оққа ұшып, жұдырық жеп немесе пышақ, не шөлмек тиіп жазатайым болғандардың денелерінің ортасында қал-қыған аралдар секілді көрінетін. Макондоға андыздаған халықтың қалың нөпір болғаны, әрі бірден сау ете қалғаны сондай, алғашында бос жер кезіксе бітті, ешкімнен рұқсат сұрап жатпай үй салуға кіріскендердің меншік мебеліне, сандықтарына, құрылыс материалдарына қағылмай-соғылмай, немесе бір шатақ шаруаға ұрынбай, мәселен, тапа тал түсте тамам жұрттың көзінше бадам ағашының арасына ілінген аспалы төсегінің үстінде махаббатпен шұғылданып жатқандардың үстінен түспей деген сияқты, көшеде жүру мүмкін емес. Өздеріне тыныш бұрыш тапқан Антиль аралдарынан келген момын негрлер ғана, олар қаланың шетінен қазықтардың үстіне қалқайта-қалқайта салған ағаш үйлерден түтас бір көше тұрғызып алды да, кешкілікте үй іргесіндегі баққа жиналып, өздерінің түсініксіз тілдерінде мұнды өлендерін айтып тұрып жатты. Қысқа мерзімнің ішінде қыруар өзгерістер болды, мистер Гербертің алғашқы сапарынан беріде өткен сегіз айдың ішінде Макондоның байырғы тұрғындары туған қалаларын танудан қалды.

[1]Фританга — еттен қуырып әзірлейтін тағам.

— Қайдағы бір қаңғыған грингоны бананмен сыйлаймыз деп, басымызға пәле тілеп алдық-ау,— дейтін екі күннің бірінде полковник Аурелиано Буэндиа.

Қайта Екінші Аурелиано жат жұрттықтардың мына тасқынын көріп қуаныштан күпиіп жүрді. Көп ұзамай үй-іші неше түрлі бөгде жандарға, жер шарының түкпір-түкпірінен дәм айдап келген сауықшыл жандарға толып кетті; ауланың ішінен жаңа жатын бөлмелер салып, асхананы кеңейтуге, ескі үстелді он алты кісілік жаңа үстелмен алмастыруға, жаңадан ыдыс-аяқ, ас жабдықтарын сатып алуға тура келді, соның өзінде бір түстіктің кезінде әлденеше рет дастарқан жаю қажет болады. Дәлізді кір-қоқысқа толтырып, бақ ішінде кіші дәретін сындыра беретін, түскі дамыл кезінде төсенішін кез келген жерге тастай салып жата кететін, үлкен отыр, кіші отыр жоқ, әйелдің қысылғанына, еркектің жаратпағанына қарамай аузына келгенді көкитін инабаттан жұрдай, құдай сүйер қылығы жоқ қонақтардан Фернанда жиіркене түрса да, шарасыздан ханшаларша қызмет көрсеткен. Мынау қаптаған күл-құтанға қарап, зығырданы қайнаған Амаранта тамақты баяғыша ас үйде ішетін болды. Шеберханаға сәлем бере кіргендердің көпшілігі іш тартқаннан немесе сыйлағаннан емес, өзіне тарихтың сынығына, музейден табылған тың олжаға қарағандай, қызық көріп келеді деген ойға қалған полковник АурелианоБуэндиа есікті іштен ысырмасын салып бекітіп алды да, есіктің алдына тек оқта-текте ғана шығып отыратын болды. Аяғын сүйрете басып, қабырғаларды жағалай сипаланып әрең жүргеніне қарамай, кезекті поездың келетініне Урсула балаша қуанады. "Ет пісіріңдер, балық пісіріңдер, — деп әмір беріп, ас пісіруші төрт әйелдің есін шығарады, олар құдая құлдық деп Санта София де ла Пьедадтың тыныш билігіне қайтып барғанша асық. — Басқа да тәтті-дәмді пісіріп қойыңдар, жат жұрттықтардың нені жарататынын кім біледі". Поезд күндізгі ең ыстық уақытта келеді. Түстік кезінде үйдің іші дуылдап базар болып кетеді, жомарт қожайындарының түрі-түсін білмейтін терлеп-тепшіген өңшең арамтамақ айғайласып-шуласып, топ-тобымен кіріп, таласа-тармаса дастарқан басындағы тәуір орындарға ұмтылады, тегеш-тегеш көже, қазан-қазан ет пен көкөніс, табақ-табақ күріш тасып, ағаш ожаулармен күбілерден лимонад құйып таратып, аспаз әй-

елдер бір-біріне қағылып-соғылып, зыр жүгіріп табандарынан тозады. Үйдің іші жау тигендей, тәртіп-рет жоқ, кейбір қулардың екі реттен кіріп ас ішкенін көргенде Фернанданың жыны келеді, ал енді баз біреулердің мұның үйін умытып, көшедегі дәмханамен шатастырып есеп айырысуды сұрағанда аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын базардағы алыпсатар қатындарша сыбап-сыбап алғысы келеді. Мистер Герберттің келіп-кеткеніне жыл өтсе де, бір жайт қана — гринголардың баяғыда ұлы жаңалықтар ашудың жолын іздегенде Хосе Аркадио Буэндиа мен оның серіктері жүріп өткен әлгі дұғалап қойылған жерлерге банан өсірмек ойы бары анықталды. Полковник Аурелиано Буэндианың маңдайында күйе крестері бар екі ұлын қалаға сау ете қалған жанартаудың селіндей тасқын ағызып, Макондоға алып келді, басқа жұрт сияқты бұлар да не үшін, қалай кеп қалғанын аңдап үлгермеген, бұлардікі де сол жауап.

— Ел келіп жатқан соң, біз де кеп қалдық.— Жауаптары осы.

Банан дертінің шалығы тимеген жалғыз жан Әсем Ремедиос. Бойжеткен жастықтың бал дәурен шағында тұрақтап қалған сияқты, өзінің қарапайым заттардан ғана тұратын бөлек әлемінде бақытын тауып, күн өткен сайын тіршіліктің таусылып бітпейтін шарттылықтарынан іргесін аулақтата берді, толып жатқан амал-айла, қулық-сұмдықтан қара үзіп алыстай берді. Әйелдердің сан-сапалақ тартқыш, жапқыш, белбеу салып, юбка-сюбка киіп, өздерін неге соншама әуре-сарсаңға салатынын ұқпай-ақ қойған, өзіне қатты матадан бастап бір-ақ тартып кие салатын қапшық секілді бірдеңе тігіп алды да, бар мәселені бір-ақ шешіп тастады, жаланаш та емессің, бірақ тәнің бос, еркін тыныстайды, оның түсінігінше үй жағдайында тыр жаланаш жүру адамның табиғи күйі. Шашынды түзе, қысқарт, бұрым жаса, тарағынды тастама, түрлі-түсті лента тағып, өріп жүр деп ақыл айтып құлағының етін жеген соң, тура толарсағынан түсетін толқынды қолаң шашын бір-ақ күнде сыпыртып тастады да одан парик жасап әулие мүсіндердің басына кигізіп қойды. Қарапайымдылыққа жан-тәнімен ұмсынуындағы ең таңданарлығы сол, қолайлылық іздеп, сәннен бойын ары салған сайын, еркіндіктің ырқына беріліп, әдет-шарт атаулының ноқтасын батыл сыпырып тастаған сайын Әсем Ремедиос-

тың айдай ажары адамның ақыл-есін арбайтындай ашыла түсті, еркектермен қарым-қатынасы да соғұрлым еркін бола түсті. Полковник Аурелиано Буэндианың үлдары Макондоға алғаш рет келгенде немерелерінің де, шөбере қызының да бір кіндіктен тарағанын ойына алған Урсуланың баяғыда ұмыт болған оқиға есіне түсіп, бойын үрей билеген. "Сақ бол, сақ бол, — деп жатпай-тұрмай қақсаған Әсем Ремедиоска. — Бұлардың қай-қайсысынан да торай құйымшақ бала туады". Ұлы шешесінің сөзіне зәредей де мән бермей, бақанның басына шығып жүлде алу үшін еркектерше киініп, құмға аунап тұрған Әсем Ремедиос осы көз қарықтыратын көріністен ақыл-естерінен алжасқан он екі немере бауырларын сәл болмағанда қан төгістіріп қырқыстыра жаздаған. Олар келіп-кетіп жүргенде Урсуланың бірде-біреуін үйде түнетпейтіні содан еді, ал Макондода тұратын төртеуі әжелерінің айтуымен сырттан пәтер жалдады. Ұлы шешесінің бұл сақтығын білсе, Әсем Ремедиос, құдай біледі, күлкіден өлер еді. Осы перизат жер басып жүрген соңғы сәтіне дейін тағдырдың өз пешенесіне күнбе-күн болып жататын табиғат апаты тәрізді еркек қауымының сабырын алып, сергелдеңге салатын пәлекет болуды жазғанын білмей-ақ кетті. Урсула қанша тыйса да, тындамай асханаға кірген сайын ол жат жұрттықтардың арасында түңілуге парапар ала бөтен абдыраушылық сезімін туғызатын. Әсем Ремедиостың үстіне іле салған қапшығының астында льпа жоқ екені бірден көзге ұрып тұратын, әрі жүп-жұмыр, көркем басындағы шашының "мені көр" үшін емес, әуресінен қашып алдырылғанына, салқындау үшін қымсынбай қара санына дейін ашып тастап отыратын, тамақ ішкеннен кейін рахаттанып саусағын соратын әдеті әдейі арбау үшін, көз қылып жасалмаған әрекет екеніне жан баласын сендіру қиын болатын. Буэндиалар отбасындағы бір де бір жан аңғармаған жайт жат жұрттықтардың көзіне бірден шалынған: Әсем Ремедиостың бойынан ол кеткеннен кейін де бірнеше сағат бойы айықпай ауада қалқып қалатын бір беймаза рух, ындынды кептіретін бір леп есіп тұрушы еді. Махаббат азабын тартып, әлемнің әр елінде сүйіспеншілік дәмін татып көрген еркектер бір ауыздан Әсем Ремедиостың бойынан таралатын табиғи иіс туғызатын сезімді ешқашан, еш жерде бастан кешкен емес едік десті. Олар гүлді дәлізде, қонақ бөлмеде,

үйдің қай бұрышында түрса да Әсем Ремедиос болып кеткен жерді айна-қатесіз көрсетіп те, содан бері қанша уақыт өткенін жаңылмай айтып та берер еді. Ол ауада соңынан еш нәрсемен шатастырып алуға болмайтын, айқын, адастырмайтын із қалдыратын, үй-ішінің оны аңғармайтыны бұл иіс сіңісті болып, бұған еттері үйреніп кеткен-ді, ал жат жұрттықтар оны бірден сезетін. Сондықтан болар, олар жас офицердің неліктен махаббаттан шейіт болғанын, ал алыс жерлерден келген жас мырзаның қалайша іш құсадан өзегі талып өртенгенін түсінген еді. Айналасы қауіп-қатерге толы екені, көздеріне көрінсе болды, ерлердің бойларын бойкүйездік, қорқыныш жайлайтыны Әсем Ремедиосқа беймәлім, олармен қысылып-қымтырылмай, қылымсымай еркін тіл қатысады, пәк, аңқылдаған сәби мінезімен байлап, матап тастайды. Жат жұрттықтардың көзіне түсе бермеуі үшін Урсула шөбересін ас үйде Амарантамен бірге ас ішкізіп қойғанда өз еркі өзіне тиген Әсем Ремедиос бұған тіпті қатты қуанған. Расын айтқанда, оған қашан, қайда тамақ ішу бәрібір еді, белгіленген сағатта дастарқан басына келіп отырғаннан гөрі тәбеті шапқан шақта ауқаттанғанды дұрыс көретін. Кейде тіпті түнгі үште түрып бірдеңесін ішіп алатын да, қайтадан кешке дейін үйықтап жататын, содан бір кездейсоқ оқиға үй ішінде орныққан тіршілік ырғағын қайтып қалпына келтіргенше, айлар бойы күн мен түнді алмастырып, қалай болса солай жүре беруге бар. Қайтадан дағдылы тірлікке көшкенде де сағат он бірде бір-ақ тұрады, содан тура екі сағат бойы жуынатын бөлмеге қамалып алып, бұрыш-бұрышта өріп жүрген бүйілерді өлтіреді, сөйтіп, әйтеуір, бойын буған қатты, әрі ұзақ үйқыдан әрең дегенде арылады. Содан кейін асықпай асқабақтан жасалған бақырашпен хауыздан іліп алып үстіне су құя бастайды. Ол жуынып, шайынып, бойын жібітіп ұзақ отырады, күнбе-күнгі көптеген қарекеттерін қайталайды, Әсем Ремедиосты жете білмейтін адам ол сонша уақыт өз тәнінің сұлулығына өзі сүктанып, өзіне-өзі сүйініп отырады екен деп ойлап қалуы әбден мүмкін еді. Шындығында, оның ұзақ шомылуының бәлендей бөтен құпиясы жоқ, сезім баурап отыратын Әсем Ремедиос емес, оныкі қашан қарны ашқанша уақыт өткізудің қаразы ғана. Бірде бойжеткен енді жуына бастағанда, шатырдың кірпішін алып сығалаған әлдебір жат жұрттық жа-

лаңаш тұрған Ремедиосты көріп, таңғажайып көріністен тынысы тарылып, есінен танып қала жаздады. Оның жалынышты жанарларын көріп қалған қыз қымсынған жоқ, қорқып кетті.

— Абай болыңыз. Құлайсыз. — Қыздың шошынған даусы шықты.

— Сізге бір кішкене қарап қана тұрайыншы, — Жат жұрттық күңкілдеді.

— Мейліңіз.— Қыз таңданды.— Қарай беріңіз. Тек сақ болыңыз. Шатыр шіріп тұр.

Жат жұрттықтың жүзінде таңдану мен шарасыздық, екі ұдай сезім алаулады, қарсы алдындағы ғажайып елес қозғалса, ғайып болатындай ындыны құрып тұр. Ол шатыр түсіп кете ме деп қорқып тұр екен деп ойлаған Әсем Ремедиос адамды қауіпке байламас үшін тезірек жуынып алуға тырысты. Үстіне су құйып тұрған қыз шатырдың құлағалы тұрғанын, сірә, оның үстінде үйіліп жатқан жауыннан шіріген жапырақтардан шығатын болса керек, тегі бүйі қаптап кететінін айтып тыным таппай сөйлеуде. Жат жұрттық оның бұл мінезін емеурін білдіргені деп ұғып қалды да, Әсем Ремедиос үсті-басын сабындай бастағанда емексіп, бағын сынап көруге бел буды.

— Үстіңізді сабындап берейін, –деп сыбырлады.

— Ізгі ниетіңізге рахмет, — деп жауап қапты қыз — Өзімнің де екі қолым бар.

— Тіпті болмаса, арқаңызды ысып берейін.— Жат жұрттық жалына бастады.

— О несі?! — Қыз таңданды. — Адамдардың арқасын сабынмен жуғанын қашан көріп едіңіз?

Ол сүртініп тұрған кезде, жанарына жас толы жат жұрттық қыздың өзіне түрмысқа шығуын өтініп жалбарынды. Оған қыз ағынан жарылып, жуынып жатқан әйелді көрем деп аш қалғанына да қарамай, бір сағат уақытын сарп еткен ашықауызға өмір-ғұмырда тимейтінін кесіп айтты. Ақырында Әсем Ремедиос өзінің желбегейін киіп алғанда, көпшілік күмәндәнғандай, оны тура жалаңаш төніне іле салатынына әбден көз жеткізген жат жұрттық өзіне ғана сыры ашылған бұл құпия мәңгі-бақи қызған темір басқандай жанын қарып тұратынын сезіп, тағатынан айырылды. Ол шомылатын бөлмеге түспек болып,тағы да екі кірпішті суырып алды.

— Мына ара өте биік. — Қыздың үрейленген даусы шықты. — Құлап өлесіз.

Шіріп түрған шатыр тау құлағандай гүрс етіп, опырылып кетті, жан даусы шыққан еркек цемент еденге жалп ете түскенде, бас сүйегі жарылып, табан астында жан тәсілім етті. Шу шыққанға асханадан жүгіріп келген жат жұрттықтар өлікті қолма-қол ала жөнелгенде, оның терісінен Әсем Ремедиостың таңғажайып иісі шығып тұрғанын аңдады. Осы иіс маркұмның денесіне сіңіп кетіпті, тіпті, басындағы жарықтан қан орнына аққан қоңыр түсті сүйықтан да осы жұмсақ хош иіс есті, Әсем Ремедиостың иісі еркектерді олар өлгеннен кейін де, сүйектері күлге айналып кеткенше жай таптырмай қинайтынын түсінді. Алайда осы сұмдық оқиға Әсем Ремедиос үшін өлген алдыңғы екі еркектің қазасымен сабақтас деген ой ешкімнің көңіліне кірмеген. Тағы бір адам бақи болғаннан кейін ғана жат жұрттықтар мен Макондоның көптеген тұрғылықты адамдары Әсем Ремедиостың бойынан махаббат жалыны емес, ажалдың жан жалмайтын лебі еседі деген алып қашпа сөзді аңыз санауын қойған еді. Бұл қауесеттің растығына бірнеше айдан кейін Әсем Ремедиостың құрбы қыздарымен бірге банан плантациясын көруге барған күні көз жетті. Қатар тізген банан ағаштарының ұзына-ұзақ қамбаз аралығында қыдырыстау Макондо тұрғындарының көңіл аулар қызығына айналды;адамдар мұннан жап-жаңа, әлі шырқы кетпеген,басқа ешкімнің қолы тимеген, ешкім пайдаланбаған жерден әкелгендей,әлі адам даусын таратуды білмейтін өзге тыныштық тапқан. Кейде дәл қасыңыздан, жарты метр жерден айтылған сөз естілмейтін де, есесіне плантацияның келесі басындағы сөз дәл жаныңыздан шыққандай құлаққа саңқылдап жететін. Макондо қыздары бұл қызықты ойынға айналдырып, әзіл-күлкінің, шошытып-үркітудің әдемі ілігі етіп, мәз-мейрам болысатын, ал бастан кешкендерін кешкілік ерсі түстей еске алатын. Банан аллеяларының аты шулы қасиеті күллі Макондоға таралған. Урсула Әсем Ремедиостың сонда барып, бой жазып, сейілдеп қайтсам деген бейкүнә тілегіне қарсы бола алмады, тек басқа жұртша киінуді тапсырып қоя берді. Қыздар плантацияның шетіне іліккенде-ақ, ауа адамның есін алатын хош ииске толып кетті. Суландыру жыраларын тартып жатқан еркектер бір сиқырлы күштің тегеуріні түсіп,

төбелерінен бір беймәлім қауіп төнгенін сезді, көпшілігі еріктеріне ие бола алмай, егіліп жылады. Әсем Ремедиос пен үрейленген құрбылары көздері қарауытып, өздеріне тап беруге тақау қалған «қораздардан" таяу маңдағы үйге тығылып бас сауғалады. Сәлден кейін қыздарды тығылып отырған жерлерінен маңдайындағы күйе крестері олардың адамға алдырмас төтен жаратылысын білдіріп, тәңірінің өзі таңбалап қойғандай, төңіректегілерді тітіретіп тұратын төрт Аурелиано келіп, босатып жіберді. Әсем Ремедиос апалас-топаластың арасында бір жұмысшының қияның қырынан тырнақтарымен қарманған қыран құстай қарнынан мытып ұстай алғанын ешкімге айтпай жасырып қалды. Бір сәтке санасында бір жарық сәуле жарқ ете түсті, жәбірлеушісіне жалт қарағанда, оның жалбарынышты жанарлары жүрегінің түкпіріне дейін бойлап, бойында мүсіркеушілік сезім оянғандай болды. Кешке Түріктер көшесінде әлгі жұмысшы өзінің ожар қылығын айтып, өзін бақытты санап күпсінген, бірнеше минуттан кейін оны ат теуіп кеудесін күйретіп кетті; қиылып бара жатқан пақырдың айналасына жиналған жат жұрттықтар басқа істер қайраны жоқ, оның жан бере алмай қиналып,өз қанына өзі қақалып, көшенің ортасында тыпырлап жатқанына қарады да тұрды.

Әсем Ремедиостың ажал әкелетін кепиеті жөніндегі болжам сөйтіп бұлтартпайтын төрт дерекпен дәлелденді. Кейбір дарақылау еркектердің мынадай қылықты әйелмен бір түнеп шығу үшін бүкіл өмірімді қияр едім деп мақтанатыны бар, алайда олардың бір де бірінде ондай батыл қадам жасайтындай әрекет жоқ. Ал Әсем Ремедиосты жүгіндіріп, оған жұғыссаң болды, басына үйірілетін қауіп бұлтын сейілту үшін, сонадан келе жатқан жабайы да қарапайым махаббат деген сезім шаш-етектен жетіп жатыр еді, алайда бұл ой ешкімнің басына келмеді, бәрінікі көрсеқызарлық, қораздық қана. Шөбересін тәрбиелеуге Урсула да уақыт таппай кетті. Ертеректе қызды бұл фәниге тұрақтату үміті үзілмей тұрған кезде оны-мұны шаруасына машықтандырмақ әрекет жасап та көрген. "Сен ойлағандай емес, еркектерге көп нәрсе керек — деген ол шөбересіне жұмбақтап. — Сенің көкейінде тұрғанға қоса, тамақ пісіру, сыпырып-сиыру керек деген сияқты, азабын да тарту қажет дегендей". Жүрегінің терең

түкпірінде Урсула шөбересін бақытты зайыптық тірлікке бағыттаймын деп текке әлектеніп жүргенін түсінген-білген, өз құмарын бір қандырып алғаннан кейін Әсем Ремедиостың айтарға сөз жетпейтін кержалқаулығына төзетін бір еркектің бұл әлемде жоқтығы өзге-өзге болар, ал Урсулаға аян. Соңғы Хосе Аркадионың дүниеге келуі, оны қайтсем де папа етемін деген ой шөбересін бағып-қағуға мүлде уақыт қалдырмады. Ақыры, бәрі де бар бұл фәниде ерте ме, кеш пе тағы бір ғажап болмас дейсің бе, мынадай зілмауыр жүкті арқалап алуға төзімі жетер бір азамат табылмас дейсің бе деген оймен шөбересін тағдырына тапсырған. Әсем Ремедиосты үй жұмысына мойын бұрғыздырам деген әрекетін Амаранта Урсуладан көп бұрын қойған-ды. Амарантаның бөлмесінде өткен сонау алыс кештерде-ақ сіңлісінің басқаны былай қойғанда, тіпті, тігін машинасының құлағын айналдыруға құлқы жоқ екенін көргенде-ақ Амаранта Әсем Ремедиосты олай-бұлай дейтіні жоқ, кәдімгі жарыместің нағыз өзі деген пікірге келген. Қыздың ерлер жайлы әңгімеге де мүлде мән бермейтініне алаң болған Амаранта :"Тегінде сені лотереяға салып ұтқызбасақ не ғылсын", – дейтін. Кейінірікте Урсула Әсем Ремедиосқа шіркеуге барғанда бетіне перде тұтып жүруді міндет еткенде, Амаранта осы құпиялылық бір еркекті еліктірмес дейсің бе, мұны қызық көрген бір жігіт жұмбақ арудың жүрегінің осал тұсын іздеп, қырындап соңына түсетін шығар-ау деп ойлаған. Алайда кез келген шаһзадаңыздан кем түспейтін сондай бір үміткердің меселін қыз ойланып-толғанбай-ақ тойтарып тастағаннан кейін, Амаранта мүлде күдер үзген. Фернандаға келетін болсақ, ол Әсем Ремедиосты білуге де, түсінуге де тырыспаған. Әлгі қанды карнавалдың тұсында ханша киімімен жүргенін көріп, оның ғажайып жаратылыс екенін пайымдаған. Ал оның тамақты қолымен жейтін әдетін, ақымақшылығын аңдатып алмай, адамша бір ауыз тіл қатысуға қабілеті жоқтығын білгенде, Буэндиалар әулетінде осындай жарыместердің ұзақ жасайтынына кәдімгідей өкінген. Полковник Аурелиано Буэндиа бұл жалғанда өзі көрген адамдардың ішінде Әсем Ремедиостай парасатты адамды кезіктірмегенін үлкен сеніммен қайта-қайта айтып отыратын және бұл пікірін пенде баласын жержебіріне жетіп келемеждей сөйлейтін қасиетімен басқа

жұмырбастылармен салыстыру үстінде дәлелдеп беретін, сөйткен туысқандары қызды бір тәңірге тапсырып жайына қалдырған. Сөйтіп Әсем Ремедиос жалғыздық шөлін кезіп кете берген, бірақ бұған қамығып, қайғы жұтқан ол жоқ, өзімен-өзі жүріп, жаманатсыз жақсы түстер көру, ұзақ-ұзақ шомылу үстінде, беймезгіл тамақтана жүріп, талай сағаттарды жым-жырт үнсіз отырып өткізсе де, санасында жанын жейтін ешбір естелігі жоқ бейкүнә перизат есейе берген. Наурыз айының жайма-шуақ бір күніне дейін, Фернанда алдында жуып, жайып қойған бақ ішіндегі ақ жаймаларын жинасып жіберуге әйелдерді тегіс көмекке шақырған күнге дейін, уақыт ретімен жылжып өтіп жатқан. Олардың іске кіріскені сол, кенеттен Амарантаға Ремедиос бір түрлі қуарып, түсі бозарып бара жатқандай көрінді.

— Ойпыр-ай, бір жерің ауырып тұрған жоқ па? — деді сасқалақтаған Амаранта.

Ақ жайманың келесі ұшын ұстап тұрған Әсем Ремедиос өзіне қиыла қарап, мұңдана жымиып жауап қатты:

— Жоға. Қайта бұрын-соңды өзімді мұндай жақсы сезінген емеспін.

Әсем Ремедиостың аузынан осы сөздің шығуы мұң, Фернанда шуаққа толы майда самалдың қолындағы ақ жайманы суырып әкетіп бара жатқанын сезді, келесі сәтте оның ауада жалпағынан жайылып, қалықтап бара жатқанын көрді. Амаранта болса, не ғажабы барын, көйлегінің етегіндегі шілтерлердің желбірей бастағанын сезді, ал Әсем Ремедиос қалықтап көтеріле берген кезде, құлап қалмас үшін ақ жайманың өзі жақ ұшынан мықтап ұстап алды. Дәл осы сәтте рух айқындығын сақтап, мынау құдіретті желдің табиғатын тап басып түсінген көзі мүлде көруден қалып бара жатқан Урсула ғана, түсінді де, қолындағы ақ жаймасын шапағатты самалға тапсырып, өзімен бірге қалқып, желбіреп көтеріле берген ақ жаймалардың ортасында қол бұлғап қоштасып бара жатқан Әсем Ремедиоска көз тікті, міне, ол қоңыздар ұшып жүрген, нарғызгүл жайнап тұрған ауа қабатынан өтіп, келесі сәтте уақыт өлшемі жоқ, түстен кейінгі сағат төрт дегеніңіз болмайтын қабаттан асты да, адам зердесінің шырқау биіктерге самғай алатын ақ құсы да қуып жете алмайтын алыс ауаға сіңіп жоқ болды.

Жат жұрттықтар Әсем Ремедиосты көкке ұшып кетті

дегенде, үй-ішінің абыройын қорғаштап, өздері ойдан шығарған да тегінде бойынан бал-гүлдің иісі шығатын қыз өзінің пешенесіне жазылған бал ара падишасының тірлігіне көшкен болар деген байлам жасады. Күншілдіктен іші күйген Фернанда ақыры құдіретті кереметтің болғанын мойындаған, бірақ көпке дейін ақ жаймаларымды қайтар деп жалынып, құдайдың құлағының құрышын жеді. Макондоның көпшілік тұрғылықты адамдары да кереметтің болғанына шүбәланбаған, сөйтіп шырақ жағып, жанын жаннатта ете көр деп дұғаларын оқысты. Адамдар басқа әңгіменің бәрін жиып қойып, әлі талай уақыт тек осы таңғажайып оқиғаның төңірегінде ғана сөйлесіп жүрер ме еді, қайтер еді, қалаға барлық Аурелианолардың айуандықпен қырып тасталғаны жөніндегі сұмдық хабар жетіп, бәрі таңырқауды қойып, қатты үрейленген. Полковник Аурелиано Буэндиа ұлдарының күндердің күнінде осындай қайғылы халге ұшырарын емісеміс сезген, бірақ бұл сезімін сұңғылалық болды деп айту қиын. Жат жұрттықтардың нөпіріне ілесе келген екеуі Пышқышы Аурелиано мен Аурелиано Аркайя Макондода қалмақ ойларын білдіргенде, әкесі олардың шешімін құптай қоймады. Қараңғы түсісімен жүрудің өзі қауіпті болып кеткен қалада олардың не істемек ойы барын түсіне алмаған. Алайда Шүбар Аурелиано мен Мүнды Аурелиано, оларды Екінші Аурелиано қоштап, бауырларына өз кәсіпорындарынан жұмыс берген. Полковник Аурелиано Буэндиаға олардың бұл қадамы ұнамай-ақ қойды, неге екенін өзі де айқын түсіне алған жоқ, әйтеуір оларды қалдырғысы келмегені анық. Макондоға келген алғашқы автомобильге – үсті ашылатын, барқыраған гудогі қала иттерін қорқытып, үйді-үйге қуып тыққан жалқын сары машинаға мінген сеньор Браунды көргенде, байырғы жауынгер осы грингоның алдында жалпақтап құрша жорғалағандарға зығырданы қайнаған және қиын сәтте қаруын асынып, қатын-баласын қалдырып, қан майданға аттанатын азаматтардың қалмағаны ма деп қатты қапаланған. Неерландия бітімінен кейін Макондода жергілікті өкімет дербестігі жоқ алкальд пен қаланың болбыр, болдырған консерваторларының ішінен сайланған ешбір өкілеттігі жоқ судьялардың қолына берілді. "Дүбәралар билікке жетті деген осы.– Қасынан өтіп бара жатқан жалаң аяқ, ағаш

таяқпен ғана қаруланған полицейлерге қарап, полковник Аурелиано Буэндиа мырс-мырс етеді.— Біз сонша уақыт соғысқанда, бар-жоғы үйімізді көк түске боятпаймыз деп соғысқан болып шықтық қой". Ал банан компаниясы орнағанда жергілікті чиновниктерді қатыгез жат жұрттықтар алмастырды, олардың бәрін сеньор Браун өз қызмет-дәрежелерінің рақат-игілігін көрсін, қаланың өзінде тұратындар құсап ыстыққа күймесін, шыбын-шіркей таламасын, басқа көптеген таршылық пен тапшылық көрмесін деп электр жарығы бар тауық қораға қоныстандырды. Бұрынғы полицейлердің орнын қайқы пышағы бар жалдамалы жаналғыштар алмастырды. Шеберханасын жауып алған полковник Аурелиано Буэндиа осы өзгерістердің бәрін оңашада ой елегінен өткізді, оқшау қалған ұзақ жылдары ішінде ол түңғыш рет соғысты ақырына жеткізіп, не олай, не былай шығармай тастағаны үлкен қателік болғанына көз жеткізіп, өзегі өртенді. Міне, дәл осы күндердің бірінде жұрттың бәрі әлдеқашан ұмытып кеткен полковник Магнифико Висбальдың ағасы өзінің жеті жасар немересімен лимонад ішуге алаңдағы қалқайма дүкеннің қасына келеді. Бала байқаусызда қасына келе қалған полиция капралының мундиріне лимонад төгіп алады, сонда қаны қарайған дүлей оны қайқы пышағымен турап салады да, немересіне ара түскен атасының басып шауып түсіреді. Бірнеше еркек көтеріп әкеле жатқан шалдың бассыз денесін, бір әйел шашынан алып көтере ұстаған басын, баланың денесі салынған қан-қан қапшықты бүкіл қала көрді.

Осы көрініс полковник Аурелиано Буэндианы күнәкешті томаға-тұйық күйінен сәтінде арылтты. Бойын баяғыда жас кезінде құтырған ит қапты деп, солдаттар мылтықтың дүмімен ұрып өлтіретін әйелдің өлігінің жанында тұрған кездегідей ыза-кек кернеді. Ол қанды оқиғаны қызықтап, көшеге жиналғандарға бір қарап алды да, өзіне, әлсіздігіне деген шексіз өшпенділік бойынан ытып шығарған бұрынғы дабылды даусымен көкірегін кернеп кеткен өшпенділік сезімін бір-ақ аңғартып тастады.

— Тұра тұрыңдар, — деп айғай салды ол. — Таяуда ұлдарымның қолына қару ұстатпасам, олар мына малғұн гринголарды бордай қылар.

Ал келесі апта бойы көзге түспейтін бір қаскөйлер бүкіл

жағалауды кезіп, аң қаққандай қуып, полковниктің ұлдарын қырумен болды: көбінесе оларды маңдайларындағы күйе крестердің қақ ортасынан атып кетіп жүрді. Мұнды Аурелиано анасының үйінен кешкі жетілердің шамасында шыққан еді, кенеттен гүрс етіп мылтық атылды да, маңдайын оқ тесіп өтті. Шұбар Аурелианоның денесі фабрикадағы әдетте жатып, демалып жүретін аспалы төсегінен табылды: оның екі қасының қақ ортасында тура сабына дейін сұғылған мүз оятын сүймен қадалып түрды. Кинодан шыққаннан кейін қалыңдығын үйіне дейін ұзатып салған Пышқышы Аурелиано жарығы мол Түріктердің көшесімен қайтып келе жатқан, тапаншадан атылған оқ тиген ол тура май қайнап жатқан қазанға құлады да, оны өлтірген адам сол бетінде көптің арасына сіңіп, табылмай кетті. Тура бес минут өткеннен кейін, әлдекім Аурелиано Аркайя әйелмен жатқан бөлменің есігін қағып:"Тез бол, бауырларыңды өлтіріп жатыр!"– деп айғай салды. Артынан әйелдің айтуынша, Аурелиано Аркайя төсектен ұшып түрегіліп, есікті ашады, сол сәтте маузерден атылған оқ оның бас сүйегін талқандап кетеді. Осынау ажал түні үй ішіндегілер төрт арысты арулап жатқан кезде, есі шығып кеткен Фернанда қаланы шарлап күйеуін іздеді, оны полковник есімділердің бәрін құртып жатыр екен деп ойлаған Петра Котес киім ілетін шкафка жасырып қойған еді. Петра Котес Екінші Аурелианоны тек төртінші күн дегенде, келіп жатқан телеграммалардан көрінбейтін дұшпанның кегі тек күйе крестермен таңбаланған ағайындыларға кезелгені айқын болғанда ғана, жасырған жерінен шығарды. Амаранта бауырлары туралы деректер жазылған кітапшаны тауып алып, телеграммалардың келіп түсуіне қарай бір-бірлеп аттарын сыза берді де, онда бір-ақ есім – ең үлкеннің есімі қалды. Қоңырқай жүзді, мөлдіреген жасыл көзді бұл адамды үй-ішіндегілер жаттап алғандай есте сақтап қалған-ды. Оның есімі Ғашық Аурелиано болатын, ол тау жотасының тарам-тарам сілемдерінің арасындағы бір шағын селенде балташы еді. Оның қазасы туралы бір хабар түсіп қалар деп еленде деп екі апта тосқаннан кейін, Екінші Аурелиано Ғашық Аурелианоға бәрінен де бейбахар шығар деген оймен басына төнген қатерден сақтандыру үшін шапқыншы жөнелтті. Шапқыншы Ғашық Аурелиано қауіпсіз жерде деген хабар жеткізді. Қырғын салатын түні оған екі адам келіп, тапан-

шаларынан оқ жаудырады, бірақ күйе креске тигзе алмай, мүлт жібереді. Ғашық Аурелиано дуалдан секіріп түсіп, тауда тасаланады, өзіне тақтай әкеп сататын үндістермен достығының арқасында ол мұндағы әр соқпақты жатқа білетін.

Полковник Аурелиано Буэндиа үшін бұл қаралы күндер болды. Республика президенті оған телеграмма жолдап, көңіл айтты, марқұмдарды мадақтап, мұқият тергеу жасататынына уәде берді. Президенттің бұйрығы бойынша алкальд төрт венок алып, жерлеуге келіп, оларын табытқа қоймақ болғанда полковник қуып жіберді. Жерлеуден кейін ол республика президентінің атына ашулы телеграмма дайындап, өз қолымен почта кеңсесіне апарып беріп еді, телеграфист оны жіберуден бас тартты. Олай болса деп полковник Аурелиано Буэндиа аманатын сүйектен өтетін ауыр-ауыр сөздермен толықтырып конвертке салып, почтамен жөнелтіп жіберді. Әйелі қайтыс болғанда да, соғыста жүріп жақсы достарынан айрылғанда да, ол қайғыланып, қапаланған жоқ, тек бойын күйініш, шексіз ыза, шарасыздық буған еді, бұл жолы да сол күйді кешті. Ол күйініш үстінде падре Антонио Исабель – ана қанішерлердің сыбайласы, дұшпандары танысын деп ұлдарымды әдейі өшпейтін крестермен таңбалап қойды деп жариялады. Ақылынан алжаса бастаған, уағызының үстінде киелі сөзді талай шатастырып мінәжәт ете келгендерді үрейге бөлеген құдайдың қаусаған қызметшісі ауыз бекітудің алғашқы күніне арнаған күлін ұстайтын шарасымен әдейі келіп, тисе кетіп қалатынын дәлелдеу үшін үй ішіне тегіс күл жағып шықпақ болған. Бірақ мына бақытсыздықтан кейін бәрінің жүректері қатты шайлығып қалған, ақыр аяғы Фернандаға шейін оның бұл ұсынысынан ат-тонын ала қашқан, содан кейін Буэндиалардың бір де бірінің ауыз бекітудің алғашқы күні мінәжәт тұғырдың қасына келіп тізесін бүккенін ешбір жан көрген емес.

Уақыт өтіп жатты, алайда сабырынан бір айрылған полковник Аурелиано Буэндиа сабасына түсе алмады. Ол алтын балық жасауын да қойып кетті, тамағынан ас өтпейді, ертеден қара кешке дейін мәңгіріп кеткен адамша плащын сүйретіп, бойын буған ызаның жібін есіп үй ішінде сенделеді де жүреді. Үшінші ай бітерде оның шашы мүлде ағарып кетті, бұрап қойғанда ұшы тікірейіп тұратын мұрты салбырап кеберсіген еріндеріне түсті, есесіне көздерінде туғанда

бәрін шошытқан, баяғыда бір қарағанда орындықтарыңыз қозғалып жүре беретін жанарлары қайтадан екі шоқтай маздап, от тұтанды. Өзегі ызадан өртенген полковник Аурелиано Буэндиа өзін жас шағында қауіп-қатер соқпақтары арқылы даңқ пен дабыраның шөліне жетелеген жүрегіндегі алдын-ала болжап тұратын сұңғыла сезімді қайта оятпақ болып тыраштанды. Ешкім де, еш нәрсе де бойында жылылық сезімін жағудан қалған мынау бөтен шаңырақта ол адасып қалған жандай, өлуге шақ. Бірде ол соғыстың алдындағы мамыражай уақыттың ізін табам ба деп, Мелькиадестің бөлмесіне бас сұқты, сонда көргені – көң-қоқыс, баянсыз өткен жылдар ішінде жиналып қалған, жанға керегі жоқ ескі-құсқының үйіндісі. Талайдан бері ешкім оқымаған кітаптардың тысын, ылғалдан езіліп кеткен пергаменттерді бозғылт мүк басыпты, бір кездегі осы үйдің ішіндегі ең таза, кәусар ауада шіріген естеліктердің қолқаны қабатын жаман иісі ғана қалыпты. Бір күні таңертең ол талшын түбінде қайтыс болған шалының тізесіне бетін басып жылап жатқан Урсуланы көрді. Жарты ғасыр бойы жел мен жауын-шашын астында мүжілген құдіретті қартты осы үйде жалғыз ғана полковник Аурелиано Буэндиаға қайтып көруді жазбаған еді. "Әкеңе сәлем бер", – деді Урсула. Ағаштың жанында бір сәтке аялдаған ол мына бос қалған орынға шейін бойында селт еткізер титтей де сезім туғызбағанына көзі жетті.

– Ол бүгін не дейді? – деп сұрады полковник Аурелиано Буэндиа.

– Мұңайып отыр,– деп жауап қатты Урсула.– Оған сен таяуда өлетін сияқты көрінесің.

– Оған былай деңіз,– полковник езу тартты. – Адам өлуге тиіс кезде емес, оған мұршасы болған кезде ғана өледі.

Марқұм әкесінің сәуегейлігі полковник Аурелиано Буэндианың жүрегінде жылтырап қана жатқан соңғы намыс шоғын үрлегендей болды да, оның сәл ғана қайта қоздағанын полковник баяғы күш-қайратының бойына қайтып оралғаны деп ұқты. Сол-ақ екен, әулие Жүсіптің гипс мүсінінен табылған алтын теңгелерді қайда көмгенін сұрап, шешесінің қыр соңынан қалмай қойды."Мұны сен ешқашан білмек емессің, – өткеннен ащы сабақ алып, аузы күйген анасы бірден кесіп тастады. – Иесі кел-

генде, өзі тауып, қазып алады". Бұрын дүниеқоңыздығы жоқ адамның аяқ астынан ақшаға құнығып шыға келгеніне бәрі де аң-таң болған, әрі күнбе-күнгі тіршілікке қажет азын-аулақ сома емес, қапшық-қапшық қаржыны жамбасына боспақ ойда, оның мөлшерін естігенде тіпті Екінші Аурелианоның өзінің екі көзі тас төбесіне шыққан. Полковник Аурелиано Буэндиа ақша сұрап, өтініш айтқан бұрынғы партиялас жолдастары оны көргенде қашып жүретін болды. Оның нақыл боп тараған: "Либералдар мен консерваторлардың арасындағы қазіргі жалғыз айырмашылық: либералдар уағызға ертерек барады да, консерваторлар кештеу барады",– деген сөздері дәл осы уақытта айтылған еді. Ол сонша төзімділік көрсетіп, абырой-атақ туралы түсінігін жиып қойып, жалынып, кішірейіп, алған бетінен қайтпай сазарып, барын салып жүріп, сегіз айдың ішінде Урсула тыққан ақшадан көп қаржы жинап алған еді. Содан кейін ол жаңадан жаппай соғыс ашуға көмектесуін сұрап, науқас полковник Геринельдо Маркеске барды.

Сал болып төсек тартып жатқанына қарамастан бұл кезде көтерілістің тот басқан шығырын қозғай алатын жалғыз ғана адамның полковник Геринельдо Маркес болғаны рас-ты. Неерландия бітімінен кейін полковник Аурелиано Буэндиа алтын балықтарынан алданыш таппаққа талпынып жатқанда, полковник Геринельдо Маркес ақырына дейін өзіне адалдығын сақтаған көтерілісші офицерлерімен байланысын үзбеп еді. Солармен бірге ол күн сайын кішіреюдің, бас июдің, өтінудің, шағынудың, таусылып болмайтын "ертең келіңіздің", "енді таяуданың", "сіздің істеріңізді зер сала зерттеп жатырмыздың" қатаң майданынан өткен-ді, бұл түбінде жеңіліске ұшырайтын соғыс еді бұл "сізге бас иетіндерге", "сіздің құрметтеуші құлыңызға" қарсы, бәрін беруге уағда етіп, бірақ ардагерлерге сол бетінде өмірлік пенсияны иіскетпей кеткендерге қарсы соғыс еді. Өткен жиырма жылғы қанды соғыстан гөрі ардагерлерді күнде ертеңмен діңкелетіп бітпей қойған соғыс қатты қансыратып кеткен еді. Өміріне жасалған үш қастандықтан құтылып, бес жарақаттан тірі қалған, толып жатқан қанды шайқастардан аман шыққан полковник Геринальдо Маркес мәңгі тосудың қатаң тегеурініне төтеп бере алмай, соңғы рет, түпкілікті жеңілгенін мойындап, кәрілікке берілген, содан өзінің әткеншек-орындығында отырып, терезеден еденге түскен төрт бұрышты күн сәулесіне қадала қарап, Амарантаны ойлайды. Серіктерін

содан кейін ол көрген емес, айтпақшы, бір рет газеттен бірнеше ардагерлердің полковник Геринальдо Маркес атыжөнін білмейтін республиканың кезекті президентінің қасында тұрып түскен суреттерін көрген, бұрынғы жауынгерлердің қабағы қатулы, омырауларына тағып жүрсін деп президент осының алдында ғана оларға өзі бейнеленген бір-бір белгі тапсырып, табыттарына жапсын дегені ме, шаң басып, қан қатқан бір жауынгерлік туды қайырып бергенді. Ең лайықты деген ардагерлер қоғам көрсеткен қайырымның қалтарыс-қалтарысында шықпа жаным шықпамен күнелтіп, пенсия туралы хабарды екі көзі төрт болып тосты; біреулері бұралып аштан өліп жатты, біреулері іштерінде қайнаған ыза дем беріп, қалтақтап жүріп, атақ-даңқтың айтулы қақ-соғында кәріліктен шіріп бара жатты. Содан болар, полковник Аурелиано Буэндиа шетелдік басқыншылар қолтығына дым бүркіп отырған, іріп-шіріген мынау масқара тәртіптің жер бетінен күлін көкке ұшыратын, өліспей беріспейтін аяусыз соғыс өртін маздатайтық деген ұсынысын айта келгенде, полковник Геринальдо Маркес бойында оянған аяушылық сезімін жасыра алмады.

– Әй, Аурелиано, Аурелиано,– деп күрсінді.– Сенің қартайғаныңды білетін едім. Бірақ мен ойлағаннан да кәрі екеніңді бүгін ғана ұқтым.

Соңғы жылдардың ту-талапай тыраш тірлігі Урсулаға уақыт таптырмай кетті де, Хосе Аркадионы папа тұғырына қондыруға дұрыстап даярлай алмай қалды, сол екі ортада оны семинарияға жіберетін мезгіл де жетіп, табан астында олқының орнын толтыру қамы жасалды. Қатал Фернанда мен қам көңіл Амаранта қосарласа тәрбиесіне алған Хосе Аркадионың қарындасы Меме де дәл осы кезде жас жағынан күйсандықта құйқылжыта ойнауға үйретіп шығаратын әдиярат мектебіне түсуге жарап қалған еді. Осы орайда Урсуланың ойы бір күмәнға тірелген, ол өзінің тумысынан болбыр болашақ папаның рухын шыңдауға бағытталған тәсілдерін тым болымсыз санап, іштей мүжілген, бұл үшін өзінің қалтақтаған қарттығын да, көз алдын тұмшалаған қара тұманнан төңірегіндегі заттарды бұлдыратып әрең-әрең көрсететін жанарының жасықтығын да кінәлаған емес, бар пәлені, не нәрсе екенін өзі де дәл басып айтып бере алмай-

тын бір құбылыстан көрген, еміс-еміс мұны уақыт сапасының күннен-күнге нашарлап бара жатуынан деп топшылаған, күнбе-күнгі тіршілік уысына ұстатпай сусып бара жатқанын ұққан қария: "Жылдардың өзі де баяғыдай емес, басқаша жылжитын болып кетті ғой"— деп мұңын шағатын. Урсуланың ойынша, баяғыда балалар да баяу өсетін. Байқап отырса, үлкен ұлы Хосе Аркадио сығандарға ілесіп қашып кеткенше де қаншама заман жылжыған екен, ол үсті-басы жылан сияқты әлеміш-әлеміш болып, жұлдызшының сөздері сияқты бір түсініксіз тілде былдырлап сөйлеп қайтып келгеннен кейін де, неше ықылым оқиға бастан кешкен екен, ал Амаранта мен Аркадио үндістердің тілін ұмытып, испанша сөйлеп үйренгенше де көрмегендері аз екен. Байғұс Хосе Аркадио Буэндианың қанша күн, қанша түн талшын түбінде отырғанын айт, әлі елуге толар-толмас шағында ажал аузындағы полковник Аурелиано Буэндианы үйге әкелгенін қайда қоясың, мұның алдында оны жоқтап, қаншама көз жасын көлдетті, сонша ұзақ соғысты, қанша азапты бастан кешпеді десеңізші, жоқ, еске алудың өзі қиын. Қалай уақыт тапқан десеңші, күндіз күні бойы зыр жүгіріп, кәмпит-сәмпитін әзірлейді, балаларын қарауға мүрсат табады, көздеріне қарап, майсана ішкізіп те үлгереді. Қазір ертеден қара кешке дейін қолы бос, жалғыз Хосе Аркадионы бағып-қаққаннан басқа жұмысы жоқ, соның өзінде бір шаруаны дәйегіне жеткізіп үлгермейді-ау, сірә, уақытқа бір кілтипан түскені рас. Уақыт сау ғой, бірақ көңілі қартайған ба, қанша жасап, қанша қойғанынан жаңылып қалса да, Урсула кәрілікті мойындағысы келмей, күні бойы бар шаруаға килігіп, аяққа оралғы болып жүреді, жауын басылғанша тұра тұрсын деп, әулие Жүсіптің гипс мүсінін тастап кеткен сендер емессіндер ме деп күніне қырық сұрап, жат жұрттықтардың есін шығарады. Урсуланың қай уақытта көзі көруден қалғаны бәріне беймәлім. Төсектен тұра алмай қалған өмірінің соңғы жылдарында да бір де бір адам Урсуланың мүлде зағип болып қалғанын байқамаған, тек кәрілік жеңген ғой деп ойлаған. Көзінің нұры тая бастағанын Урсуланың өзі кішкене Хосе Аркадио дүниеге келерден біраз бұрын аңдады. Алғашында қайтер дейсің, өтер деп ойлаған да, ешкімге сездірмей мипалау жасап, сорпасын ішіп, көзіне бал тамызған, қанша қам жасаса да, қараңғы-

лықтың тоқтаусыз тартып бара жатқанын сезді, ол сол бетінде электр жарығының не екенін де біле алмай кетті, Макондоға электр шамы орнатылғанда, Урсула оларды еміс-еміс, бозамық сәуледей ғана көретін. Өзінің көрмей қалғанын тырс етіп тірі жанға сездірген емес, көзі көрмейтін адамда күн бар ма, пайдасыз боп қалудан асқан қорлық бар ма! Жанарын шел басып, мына дүниені мүлде тұмшалап тастағанда, көкірек көзімен көру үшін Урсула ешкімге білдірмей заттардың арасындағы алшақтық пен адамдардың даусын зерттей бастады. Кейін заңиптығын сездірмей, қорлықтан құтылуына иісшілдік қасиет бітіп, сол себеп болды, қараңғыда сүлбесі мен түсін айырудан гөрі иісімен пайымдау оңай. Қою қараңғылықта қалғанына қарамай Урсула ине сабақтап та, ұшын түйіп те бере алатын, сүттің қайнап жатқанына дейін сезе білетін дәрежеге жетті. Қай заттың қайда жатқанын жатқа білетін ол кей-кейде, тіпті, өзінің соқырлығын ұмытып кететін. Бірде Фернанда неке сақинасын жоғалтып алып бүкіл үйді басына көтергенде, Урсула сақинаны балалардың бөлмесіндегі сөреден тауып берді. Мұның да бөтен сиқыры жоқ-ты, мәселен басқалар үйдің ішінде бей-берекет босып жүргенде, Урсула өзінің көр соқырлығын сездіріп алмас үшін қалған төрт сезімімен олардың бір де бір қимыл қозғалысын қалт жібермей қадағалап отырады, ол мынадай бір заңдылықты ашты: үй ішінің адамдары өздері де байқамай бір жермен жүреді екен, тіпті, бірдей қимыл-қарекет жасайды екен, оныменқоймай әр уақытта айтатын сөздеріне дейін дерлік қайталайды екен. Демек, Буэндиалардың қалыпты тіршілік ырғағы бұзылғанда ғана заттарын жоғалтып алуы мүмкін. Фернанданың ойбайын естігенде Урсула оның бұл күнгі әдеттегісінен өзге ісі түнде Меменің төсегінен қандала шығып, ертесімен балалардың төсеніштерін желге қақтырғанын есіне түсірді. Бұл кезде балалар бөлмеден шыққан жоқ-ты, яғни Фернанда сақинасын олардың қолы жетпейтін жалғыз ғана жерге, сөреге қойды деп ұйғарған Урсула. Күнделікті үйреншікті дағды жоғалған заттарды табуға қиындық келтіретінін, сондықтан да заттардың жоғалып, табылмай қоятынын білмейтін Фернанда болса, жоғын күнде жүріп, тұратын жерлерінен іздеп әуре-сарсаңға түскен.

Хосе Аркадионы оқытып, тәрбиелеу Урсуланың үйде болып жатқан елеусіз өзгерістердің өзін жаза баспай біліп отыруына көмектесті. Мәселен, Амарантаның балалардың бөлмесіндегі әулие мүсіндердің киімін ауыстырып жатқанын естісе, баланы түс тануға үйреткенсиді.

— Ал, айта ғой, кәне,— дейді шөпшегіне,— әулие періште Рафаэльдің киген киімінің түсі қандай?

Сөйтіп Урсула көзімен көре алмайтын деректерге бала арқылы қанығып жүрді, ол семинарияға жүрерден көп бұрын әулиелердің киімінің түсін саусағымен сипап айыруға өзі де машықтанып алды. Кейде ойламаған оқиғаларға ұшырап та қалады. Бірде Урсула гүлді дәлізде кесте тігіп отырған Амарантаға соғылып қалды.

— Құдай ақы, өзіңе бірдеңе болған,— Амаранта ашуланды.— Көзіңе қарамайсың ба?

— Жә, жә, — Урсула жекіп тастады.— Отыратын жеріңе отырмай, өзіңнен көр.

Урсула өзінің зәредей де қателеспегеніне сенімді еді, алайда ойлана келе, ешкімнің басына келмеген тағы бір қызық ашты, жыл маусымдарының алмасуына қарай күннің аспандағы орны да бірте-бірте байқаусыз өзгереді, соған қарап дәлізде отырғандар өздері де аңдамай жылжып, орындарын ауыстырады. Сол уақыттан бастап Урсула қай күн екенін есіне түсірсе болды, Амарантаның қай арада отырғанын айна-қатесіз айтып береді. Күннен күнге қолдарының дірілдегені күшейіп, аяқтары қорғасын құйғандай ауыр тарта бастаса да, оның шөкімдей денесі ана жерден бір, мына жерден бір көрініп, зыр жүгіріп жүреді. Баяғыда үйді бір өзі үстап тұрған кезіндегідей Урсула ширақтығын әлі де сақтап қалған-ды. Енді, міне, әбден қартайған шағында, жарық дүниеден жырақ, жалғыз қалғанда бойына үй ішіндегі елеусіз деген оқиғалардың өзін айрықша көрегендікпен пайымдайтын қасиет бітті, бұрын мазасыз тірлік мұрша бермей, аңғармай келген ақиқатты ақырына дейін айқын көрді. Хосе Аркадионы семинарияға әзірлей бастаған кезге дейін-ақ Урсула Буэндиа әулетінің өмірін Макондо орнаған күннен бастап бүге-шігесіне дейін қалдырмай ой елегінен өткізіп, ұрпақтары туралы пікірін түбірінен қайта өлшеп-пішкен еді.

Урсула пайымдап отырса, полковник Аурелиано Буэндианы жат бауыр етіп жіберген өзі ойлағандай, соғыс емес

екен, енді, міне, оның ешкімді де: өз әйелі Ремедиосты да, бір-ақ түндік қызығы болып өмірінен өте шыққан толып жатқан құмар әйелдерін де, әсіресе өз кіндігінен туған ұлдарын да сүймегеніне әбден көзі жетіп отыр. Ол сонша рет соғыс ашқанда да, жұрт ойлағандай, игі мұрат үшін емес, қолға келіп тұрған жеңістен бас тартқанда да, жұрт ойлағандай, шаршағандықтан емес, жеңсе де, жеңілсе де бір себептен — өзінен басқа жанды сүймейтін барып тұрған тас бауырлықтан, парықсыз менмендіктен істегенін қәзір айқын ұққандай. Ол ойланбай-ақ жолында шыбын жанын қиюға бар, жанындай перзенті жаратылысында сүюге қабілетсіз болып туған деген қорытындыға келді. Урсуланың оған екіқабат кезі, бір күні түнде оның жатырында жатып жылағанын естіді. Жалына жылаған даусының анық естілгені сонша, қасында жатқан Хосе Аркадио Буэндиа оянып кетіп, бұл көзімен-ақ көпті ұқтыратын шешен болады деп қуанышын білдірген. Жоқ, бұл көріпкелі бар керемет сұңғыла болады, деп болжам жасағандар да бар. Жатырынан шыққан бұл үн, әлгі тәңірі басқа бермегір, торай құйымшақтың белгісі, тек сол ғана, деген ой санасына сақ ете қалған Урсула жатырда жатқанында-ақ оның жанын ала көр деп құдайға жалбарынған. Кәрілік жетіп, көкірек көзі көреген тартқанда, баланың анасының жатырында жатып жылағаны жақсылық емес, оның шешендік немесе көрегендік қасиетінің белгісі емес, қайта оның махаббатқа қабілетсіз болатынының айқын нышаны деп әлденеше қайталаған. Ұлы жайлы ойы өзгергенде оған өзі дарыта алмаған аяушылық сезімінен өзегі өртенген. Қатыгездігін көріп қорқып, қам көңілдігін көріп уайымдайтын Амарантасы Урсулаға ұлына қарағанда нәзіктіктің, мейірбандықтың үлгісіндей көрінген: шексіз аяушылық сезімі көзін ашқан анасы Амарантаның Пьетро Креспиді қыңырлықпен азаптап, сергелдеңге салғаны, жұрт ойлағандай, кек алудың, алдына келтірудің қарызы емес екенін, полковник Геринельдо Маркесті бақытсыз етіп, ұзақ қинап, әуреге салғаны, жұрт айтқандай, мейірімсіздігінен, кердендігінен немесе айықпас қайғыға ұшыраганынан еместігін жан-жүрегімен түсінді. Шынын айтқанда, алдыңғысы да, артқысы да шексіз махаббат пен жеңсік бермеген қорқыныштың өліспей беріспейтін қатаң қақтығысының нәтижесі еді, ақыры бұл айқаста Амаранта-

ның азап шеккен жүрегін құрт болып үңгіп келген ырық бермес үрей үстем түсті. Сол кезде Урсула Ребеканың есімін аузынан тастамай жүрді, оны бәз баяғы сүйіспеншілікпен елжіреп ойына алатын, өкініштен өзегі өртеніп, сүйсіне таңданады, топырақ пен қабырғаның әгін жеп өскен Ребека, тамырында Буэндиалардың қаны емес, сүйектері қабірге салғанда да салдырлап жатқан белгісіз адамдардың белгісіз қаны соғып тұрған Ребека, жүрегі жанып тұрған Ребека, тәні тойымсыз Ребека, міне, пір тұтарлық көзсіз батыл адам осы екенін Урсула енді түсініп отыр. Урсула құдайдан өз ұрпақтарына дәл осындай қасиет беруді тілер еді.

— Ребека,— деп ол қабырғаны сипалап, күбірлейтін болды.— Кешір бізді, сені түсінбеген екенбіз.

Бәрі Урсула сандырақтап отыр деп санаған, әсіресе ол періште Жебірейілдей оң қолын алға созып жүре бастағаннан кейін бұл ойлары расқа шыққандай көрген. Алайда осы сандырақтың қою түнегінің арасында ақыл ұшқындарының кейде күн сәулесіндей жарқ-жұрқ етіп тұратынын Фернанда аңғарып қалды, бірде Урсула өткен жылы үйде қанша ақша ұсталғанын мүдірмей айтып берген. Бірде ас үйде қазандағы көжені араластырып тұрып, сөзін тыңдап тұрған адамның барын аңдамай шешесі аяқ астынан алғашқы келгенде сығандардан сатып алынған, Хосе Аркадио алпыс бес рет жер шарын айналып шығатын сапарына аттанбастан бұрын ұшты-күйлі жоғалып кеткен жүгері тартатын қол диірменнің күні бүгінге дейін Пилар Тернеранікінде тұрғанын күңкілдеп айтқанын естіген Амаранта да дәл сондай пікірге келіп еді. Бір кезде сақылдаған күлкісінен кептерлер үркетін, осы кезде семіріп кеткені сондай, жуандығынан балалар қорқатын, жүз қайдасың деп тұрса да әлі тың, қунақ Пилар Тернера Урсуланың сөзіне таңырқаған жоқ, ол көрегендігі кейде карта ашқаннан да дәл шығатын қарттардың кемеңгерлігіне сенейін деген еді.

Көңілі ашық, санасы айқын бола тұрса да Хосе Аркадионы жолына салып, аяғына тұрғызып кетуге уақытының, жетер-жетпесін ойлағанда Урсуланың еңсесін сары уайым басады. Бұрын көңілімен-ақ айқын көре беретін заттарын енді көзімен көрмек болып, сыр бере бастады. Бір күні таңертең иісті су екен деп, баланың басына сия сауытты ақта-

ра салғаны бар. Баяғы көңілмен бәріне араласып, бәрін өзі шешпек болған әрекетінен танбай, сәтсіздіктен соң сәтсіздікке ұшырады, бойын дәрменсіздік билеп бара жатқанын сезді, барған сайын қымтай түскен қараңғылық құшағынан құтылмақ боп қарманғанынан да еш нәтиже шықпады. Урсулаға бұл ой сонда келген: басындағы баянсыз хал – қарттық пен қараңғылықтың өзін сүріндіргені емес, уақыттың өзінің бұзылғандығының – заманның бүлінгендігінің нышаны. Баяғыда жібекті еліле́п өлшеп беретін саудагер түрікше тәңірі де қуланбай, ай мен жылды жылдамдатпай бабымен айналдырып түрғанда бәрі де басқаша еді. Қазір балалардың тез өсетіні өз алдына, адамдар өзге, нысабы өзге. Әсем Ремедиостың жаны мен тәні көкке жетіп үлгерген жоқ, арсыз Фернанда бұрыш-бұрышта ақ жаймасын жоқтап күңкілдеп құлақты сарсытты. Он алты Аурелианоның моласының топырағы кеппей жатып, Екінші Аурелиано христиандар емес, құдды бір ит өлгендей-ақ аккордеон тартып, шампан ішіп шалқу үшін маскүнем достарын шұбыртып алып келді. Бұл не сонда, бар денсаулығын сарп етіп, кәмпит сатып, салпылдап жүріп салдырған мына жындының үйі жынойнақ үшін түрғызылып па тегі. Хосе Аркадионың сандығына заттарын салып жатып, неше алуан ауыр ойларды бастан кешкен Урсула бүйтіп жүргенше, қара жердің қойнында бір төмпешік болып жатқаным жақсы емес пе деп өзіне-өзі сауал қойған; дәл осы сауалын қаймықпай құдайға қойған, сонша азап пен қайғы жібергенде тәңірі адамды темірден жараттым деп санай ма екен деп шүйлікті; көкірегінде оянған ойларына жауап іздеген сайын бас-аяғына жете алмай шатаса берді, оның да жат жұрттықтарша аузына келгенді көкіп, ақтарылғысы келді, бір сәтке ғана, қас-қағым сәтке ғана ұйқы көрмей, күлкі көрмей осылар үшін деп келгені үшін бір көтерілгісі келді, өзінің бар екенін білдіргісі келді, бәріне де түкіріп тастап, бір ғасыр бойы бәрін – ауыртпалығын, азабын қыңқ етпей, арып-шаршап арқалағанда көкірегіне жиналған жаман сөздерді ақтарып, ақтарып тастағысы келді.

– О, сұмырай!– деп айғайлап жіберді Урсула.

Сандыққа киімдерді сала бастаған Амаранта шешесін бүйі шағып алған екен деп ойлады.

– Қайда?– деді шошып кетіп.
– Не?
– Бүйі,– деді Амаранта.
Урсула саусағымен жүрегін нұсқады.
– Мында.

Бір бейсенбіде түскі сағат екіде Хосе Аркадио семинарияға аттанды. Урсула оны шығарып салып тұрған сәтте, көзіне елестеткеніндей өзінің үйретуі бойынша қоштасарда көзінен бір тамшы жас көрсетпей, сабырлы рай танытқан, жасыл барқыт костюм киіп, жағасына крахмалданған бант таққан арық бала қалпында жүрегінде сақтап қалған. Хосе Аркадио шығып кеткенде, асханада, үй ішінен оны тез тауып алу үшін Урсула күн сайын баланың басына жағып жүретін әтір судың мұрын жаратын иісі қалды. Қоштасар алдында ас ішіп отырғанда бәрі де толқуларын жасырып, падре Антонио Исабельдің әзіліне келсін-келмесін күлісіп, қалжыңдасып көңілді болуға тырысқан. Алайда бұрыш-бұрышына күміс қақталған, барқытпен тысталған сандықты алып кеткенде, бәрі де үйден табыт шығарылғандай күйге түскен. Полковник Аурелиано Буэндиа шығарып салуға келген жоқ.

– Енді қалғаны осы еді, бізге киелі папа жетпеп еді– деп мұрнының астынан күңк етті.

Үш айдан кейін Екінші Аурелиано мен Фернанда Мемені әдиярат мектебіне апарып салып, қайтарында күйсандық ала келді, оны апарып пианоланың орнына қойғызды. Амарантаның өзіне кебін тіге бастағаны да осы кез. Банан дүрбелеңі де басылайын деген. Жат жұрттықтардың өздерін шеттетіп тастағанын сезген Макондоның тұрғылықты халқы бұрынғы азын–аулақ кірістерін әрең-әрең сақтап қалса да, кеме апатынан аман құтылған адамдарша бұған біршама жеңілейіп, желпініп қалысты. Бұрынғысынша Буэндиалар үйінің дастарқанының басынан лек-легімен келіп-кетіп жататын қонақ-қопсы үзілген жоқ, дегенмен үй ішінің баяғы тыныс-тіршілігі банан науқаны басылғаннан соң бірнеше жылдан кейін ғана қалыпты арнасына түсті. Сөйтсе де билік Фернанданың қолына тигеннен кейін шаңырақтың дәстүрлі қонақжайлығы түбірлі өзгерістерге ұшыраған. Урсула қаранғылық елінде айдауда жүр, Амаранта кебінін тігіп әлек, сөйтіп ханша тағынан бұрынғы үміткер дастарқандастарын іріктеуге

қалауынша толық еркіндік алып, оларға ата-анасынан үйренген қатаң тәртіпті танытуға мүмкіндік тапты-ау ақыры. Жат жұрттықтар оңай түскен мол олжаларын онды-солды шашып, тұрпайылықтан тітіреген қалада Буэндиалардың үйі Фернанданың батыл басқаруы арқасында күні өткен әдет-ғұрыптың қамалына айналған-ды. Банан хикаясына қатысы жоқ адамдарды ғана Фернанда жақсы жандар деп санайды. Банан дүрбелеңі басталған алғашқы ию-қию күндері таластыратын тамаша қораздарын сатып жіберіп, плантацияға бақылаушы болып кірген қайнысы Екінші Хосе Аркадио да оның осы қаһарлы кемсітушілік шарасының көріне ұшыраған.

– Бойында жат жұрттықтар жұқтырған індеттің жұқанағы барда үйге аттап бастырмаймын,– деп тепсінген Фернанда.

Үйдегі өмірі тозаққа айналған Екінші Аурелиано өзін Петра Котестің қасында әлдеқайда жайлы сезінеді. Алдымен зайыбының жүгін жеңілдету сылтауымен сауық-сайранды ашынасының үйіне көшірген. Содан кейін мал өсімталдығын жойып барады деген сылтаумен қора-қопсысын солай қондырған. Ақыры үйі салқын, қоңыржай деген сылтаумен шаруасын жүргізетін шағын кеңсесін соңда көшірген. Келе-келе өзінің тірі жесір боп қалғанын аңдаған Фернанда санын бір-ақ соқты. Екінші Аурелиано үйден ас ішпейді десе де болады, тек түнемелікке ғана келеді. Оныcы да сырт көзге сырдаң көрінбестің қаразы ғана, әйтпесе бұл қарекетінің астары да баршаға мәлім. Бірде ол қара басып таң аппақ атқанша Петра Котестің қасынан шыға алмай қалды. Енді көресіні көрем деген, олай болмады, Фернанда шатақ та шығарған жоқ, қабақ та шытқан жоқ, тек оның киім-кешегін екі сандыққа сықап салып, ашынасының үйіне апартып тастады. Тапа тал түсте жөнелткен, көшенің қақ ортасымен, елдің көзінше алып жүріңдер деп тапсырған, күйеуі бұл масқараға шыдамас, қайда барар дейсің, бұзауына иіген сиырдай әукесі салбырап қайтып келер деген ой. Жоқ, Фернанда күйеуінің мінезін де, өз ата-анасының түйсік-түсінігіне түбірінен шәлкем-шалыс Макондо жұртының мінез-құлқын да түптеп түсіне алмапты, бұған оның батыл болғанмен баянсыз қарекеті кепіл, күйеуі мен ашынасының қарым-қатынасы баяғыда сыр болудан қалған-ды,

сондықтан да сандықты көргендер болар іс ақыры болып тынған екен дескен де қойған. Бұған қыңған Аурелиано жоқ, қолға тиген бостандығының құрметіне үш күн-үш түн сауық-сайран салды. Өз сорына қарай ылғи да сүрқай түсті киім киіп, ескі, сән болудан қалған алқа-жүзік тағынып, онысымен қоймай, маңғазсып, паңсып жүретін әйелі өз жасынан қартаң көрінетін, есесіне шымқай ашық түсті таза жібек көйлек киіп, жоғалтқанын қайта тауып, жанарларында қуаныш нұры ойнаған ашынасы тіпті жайтан қағып, жасарып шыға келген. Сөйтіп, Екінші Аурелиано қайтадан Петра Котестің құшағына құлады, әрі баяғыдағыдай, құдай тағала күтпеген бақыт сыйлап, бір өзі екі еркектей ғашық бола алатын адамды әкеп қойынға салды деп қуанған әйел мұны сыңарымен шатастырып, бауырына басып, ағайындылармен алма-кезек аймаласып жүрген кездегідей, жалын-жігермен көзді шарт жұмып қойып кетті. Қайта тұтанған құмарлықта түп жоқ, жиі-жиі тамақ ішіп отырғанда жанарлары түйісе қалса бітті, алдындағы астарын ысыра салып, аштық пен махаббаттан бұралып өлу үшін жатын бөлмеге зытады. Француз гетераларына жасаған жасырын жорықтары кезінде көріп қалғаны бар, Екінші Аурелиано Петра Котеске архиепископтің төсегіндей далда шымылдықты төсек сатып әперді, терезелерге барқыт перде тұтқызды, жатын бөлменің кабырғалары мен төбесіне тау хрусталінен жасалған аумақты-аумақты айналар ұстатқызды. Ол бұрынғы бұрынғы ма, одан да сауықшыл, ойына келгенді істейтін қызыққұмар болып кетті. Күнде таңертеңгі сағат он бірде келетін поезбен оған жәшік-жәшік шампан, бренди жеткізіледі. Станциядан соларын әкеле жатқанда Екінші Аурелиано көпшілік қатысатын кумбиамба[1] кезіндегідей шұыртып, тұрғылықты адам ба, әлде басқа жерден келген бе, тани ма, танымай ма онда шаруасы жоқ, кезіккен пенде баласын ертіп ала жөнеледі. Ол өзінің түсініксіз тілінде ғана түсінісе алатын жылмаң қаққан сеньор Браунның өзін қолды-аяққа тұрғызбай ертіп әкеліп, Петра Котестің үйінен талай рет сылқита мас қылып шығарған. Ол бірде қызып алғаннан кейін, аккордеонның сүйемелдеуімен барылдап айтқан техастық әндеріне қосылтып, қайда барса да қасынан қалдырмайтын қабаған неміс овчаркаларын билеткен.

— Көбей, сиырларым, көбей!— Көңілі тасыған Аурелиано айғайға басады.— Өмір қысқа!

---

[1]Кумбиамба— Колумбияның халық биі.

Ол дәл сол кездегідей бұрын-соңды жомарт, жақсы болған емес, бұрын-соңды жұртқа жаққан емес, дәл сол кездегідей оның малы сағат санап, күн санап көбейген емес. Таусылып бітпеген сауық-сайранға арналып сойылған бұзау, шошқа, тауық тіпті қисапсыз, ауланың іші қаннан қарайып, шылқылдап кетті. Осында толассыз төгіліп жататын сүйек-саяқ, ішек-қарын, ас қалдықтарын аңдып үшып келетін ауралар[1] қонақтардың көзін шұқып кетпеуі үшін соның бәрін сағат сайын жинап-теріп өртеп отыру да қажет болды. Екінші Аурелиано ерепейсіз толып алды, бет-аузы барбиып, ісініп, қара қошқылданып, күлкілдеп, тасбақаға ұқсап кетті, бұл оның сұмдық тамақсаулығының салдары болатын, оның қасында Хосе Аркадионың жер шарын шарлап қайтқаннан кейінгі тәбеті түк емес еді. Екінші Аурелианоның адам айтқысыз жегіштігі, құлақ естіп, көз көрмеген шашылып-төгіліп жатқан мырзалығы, асқан қонақжайлығы туралы дабыра жазықтан асып, жалпақ елге тарап, талай-талай аты шулы месқарындардың құлағына тиді. Макондоға жағалаудың түкпір-түкпірінен Петра Котестің үйінде өтіп жататын жөн-жосығы жоқ, жегіштік бәсекесіне қатысу үшін небір аты шулы мешкейлер келіп жатты. Дене бітімі тұтас қиыла салған тас балбаны еске салатын, күллі елге дөп басып айтылған Пілдей атымен әйгілі болған Камила Сагастуме деген әйел келіп жеткен сол бір сұмдық сенбіге дейін Екінші Аурелиано бұл тартыста жан шыдатпаған. Бұл сайыс сейсенбі күні таң атқанша созылды. Алғашқы тәулікте маниока мен амстан жасалған жаймасымен, қуырылған бананмен қосып, бір бұзау жеп, бір жарым жәшік шампан ішкен Екінші Аурелиано жеңісіне күмән келтірмеген. Ол өзінің шабытына, ықыласына сенген, оның байсалды бәсекелесі бір қарағанда болбырлау көрінген, әрине тамақ жеу тәсілінде машық, дағды сезілген, сондықтан да үй ішіне толып кеткен, арасында неше түрлі адамдар бар көпшілікке онша үнай қоймаған еді. Жеңісті көксеген Екінші Аурелиано әдепті ұмытыңқырап, етті тісімен тартып жұлмалап жатқанда, Пілдей болса да хирургке тән ептілікпен бұтарлап, рақаттанып, дәмдеп асықпай жейді. Ол обиған таудай денелі және күбідей жуан болатын, соған қарамастан Пілдейіңіз нәзік, майда мінезді, қолдары жұп-жұмыр,

[1]Аура– қаршығаның бір түрі.

жұп-жұмсақ жүзінен нұры төгілген аса сүйкімді жан болып шықты, оның кіріп келе жатқанын көргенде Екінші Аурелианоның күңкілдеп, онымен дастарқан басында емес, төсекте бәсеке өткізуді қалар едім деуі содан. Ал енді Пілдейдің сыпайыгершіліктің қылауын бұзбай, ішкенжегенін де сездірмей, көргенділіктің ғажап үлгісін көрсете отырып, бір өзі қарынға салып пісірілген бір бұзаудың етін соғып алғанда, Екінші Аурелиано мынау әдепті, сүйкімді түпсіз мес, оны-мұны есепке алмағанда, менікі-ақ болсын дейтіндей әйел екен деп ағынан жарылып айтқан. Ол қателескен жоқ еді. Оның алдын орап келіп жеткен Пілдейді қойға түсетін бүркіттей етіп сипаттаған сыбыстың да қисыны жоқ-ты. Ол өгізді сүйегімен қоса қылғитын жайын, грек циркінде өнер көрсететін сақалды әйел деген қанқудың да он екіде бір нұсқасы жоқ өтірік еді, шын мәнінде ол ән мектебінің директоры болатын. Оның тамақты мұнша көлемде қылғи алатындай дәрежеге жетуінің өзіндік тарихы барды. Балалы-шағалы болған шағында сәбилеріне тамақты көбірек ішкізудің қыбын іздегенде, тәбетті қолдан қоздырып көп ішкізе алмайсың, жаны жай, алаңсыз адам ғана көп ішуге тиіс деген ойға қалған. Оның тәжірибе жүзінде тексерілген пайымы мынаған саятын: ары таза, жаны таза, тәні сау адам тамақты тынымсыз, әбден шаршап құлағанша іше алады. Сөйтіп, ол мектептегі шаруасын тастап, ошағын қалдырып келгенде, атағын шығару үшін емес, тек таңдаусыз, талғаусыз мешкей атанып, күллі елге атағы жайылған адаммен жекпе-жекке түсіп, өз пайымын тағы бір тексеріп алмақ болған, бәсекелесін де тәубесіне бір түсіріп қоюды ойлаған. Шынында да, Екінші Аурелианоны көрген беттеақ Пілдей бәсекелесін құртқанда асқазаны емес, мінезі құртатынын бірден сезген. Расында да, солай болды. Алғашқы күні таңға жуық Пілдей көп қайрат-жігерін бойында іркіп қалғанда, көп күлем, көп сөйлеймін деп Екінші Аурелиано қуатын сарқып алған-ды. Содан кейін олар төрт сағаттан үйқтады. Тұрған соң әрқайсысы елу апельсиннің шырынын, сегіз литр кофе мен отыз шикі жұмыртқа ішті. Кірпік ілмей, дастарқан басынан тұрмай өткізілген талай сағаттан кейін таңға тақау екі шошқа, бір бұта банан тәмам болып, төрт жәшік шампан ішілгенде, Пілдейдің көңіліне Екінші Аурелиано өзі де байқамай, кездейсоқ менің тәсілімді тауып

алған жоқ па екен, деген күмән кірді. Бәсекелесінің өзі ойлағанынан әлдеқайда қауіпті екенін байқады. Сол екі ортада Петра Котес дастарқанға екі қуырылған күркетауықтың етін қойды. Екінші Аурелиано бұл кезде көзі бозарып, құлауға шақ қалған.

– Жегіңіз келмесе, жемей-ақ қойыңыз, – деген ұсыныс жасады Пілдей.– Теңге келісейік.

Қазіргі күйінде бір асам еттің өзі бәсекелесіне қауіп екенін көргенде, өзінің тамағынан да ас өтпейтінін біліп шын көңілімен айтқан еді. Оның бұл сөзін Екінші Аурелиано: "Әуселеңді енді көрейін!" екені деп ұғып, қақалып-шашалып бір күркетауықты соғып алды, қанша түпсіз болса да, шаранасынан асып кетіп, денесі құрысып есі ауып қалды. Аузынан құтырған иттің аузынан кеткендей, ақ көбік шашылып, өліп бара жатқан адамдай қырылдап-сырылдап, алдындағы мүжілген сүйекке толы табаққа етпетінен түсті. Төңіректі қара түнек басып кетті. Екінші Аурелиано өзін биік мұнараның үшар басынан түпсіз тұңғиыққа құлап бара жатқан адамдай сезінді, қою қараңғылық тұмшалап тастаған санасында бір ұшқын жылт ете қалып, осы шыңырау түбіне жете өзінің де жан тәсілім тапсыратынын түсінді.

Оның:

– Мені Фернандаға апарып салыңдар,– деуге ғана шамасы келді.

Ашынасының төсегінде өлмеуге әйеліне берген уағдасын орындағаны екен деп ойлаған достары оны дереу үйіне жеткізді. Петра Котес табытқа салғанда кигізіндер деген лақ бәтеңкесін тазалап беріп жіберетін біреуді енді іздей бастағанда, Екінші Аурелианоның аман қалғаны жайлы хабар жетті. Шынында да, бір аптадан кейін басын көтерді, ал екі апта өткеннен кейін өзінің өліп-тірілуінің құрметіне бұрынсонды болып көрмеген той жасады. Ол қайта айналып Петра Котестің үйінде тұрып жатты, бірақ Фернандаға күнде келіп тұрады, кей-кейде үй-ішімен бірге отырып түстеніп кетеді, сөйтіп оны ашынасына күйеуіндей етіп, некелі әйеліне көңіл қосары қылып қойған тағдырдың тәлкегін қараңыз.

Фернанда да әрең дегенде ух деді-ау. Жалғыз қалған тастанды әйелдің жабырқау күндері таусылған ба, әйтеуір, түскі дамыл кезінде күйсандықта ойнап, балаларынан кел-

ген хатты оқып көңілін демдейді. Айына екі рет Хосе Аркадио мен Мемеге өз қолымен ішінде бір ауыз шындығы жоқ ұзын сонар хат жазады. Фернанда басына түскен бақытсыздықты балаларынан жасырып бақты. Күн шуағына малынған дәліздегі гүлдерге, тал түстегі қапырыққа, көшеден ауық-ауық талып жететін мерекедегідей шат-думанның дүмпуіне қарамай, үнемі түнеріп тұратын өз ата-анасының үйі секілді болып бара жатқан осы шаңырақтың да қайғымұңын сездірмеуге тырысады. Үш тірі елестің және бір өлі елестің (жатын бөлменің қараңғы бұрышына келіп отырып, оның күйсандықта қалай ойнайтынын бас алмай тыңдайтын Хосе Аркадио Буэндианың) арасында жаны тірі, жалғызілік Фернанда ғана. Бұрынғы полковник Аурелиано Буэндианың көлеңкесі ғана қалған. Полковник Геринельдо Маркесті жаңадан бейсаубат соғыс ашуға азғыра барған күннен бері ол тырс етіп, үйден шыққан жоқ, талшын түбіне барып, ұсақ қажетін өтеп қайту үшін ғана бас қылтитады, әйтпесе ұзақты күн шеберханасында. Үш аптада бір кіретін шаштараздан басқа жан баласын қабылдаған емес. Талшығы – күніне бір рет Урсула әкеп беретін тағам, бұрынғысынша шұқшиып алтын балық жасауын қоймаса да, оны елдің әшекей ретінде емес, тарихи естелік ретінде алып жүргенін білген соң, сатқызуды да доғарған. Бірде ол неке тойынан бері бөлмесінде ілулі тұрған Ремедиостың қуыршақтарын аулаға алып шығып, үйіп, өртеп жіберді. Құлағы сақ Урсула ұлының не істеп жатқанын білгенмен, тоқтатуға дәрмені жетпеді.

– Жүрегің сенің тас екен, тас,– деп қатты күрсінді.

– Жүректің бұған қатысы қанша, үй ішіне күйе қаптап кетсе, – деді ол.

Амарантаның бар ермегі– өзіне кебін тоқу. Хосе Аркадионың есімін аузына алмайтын Амарантаның неліктен Мемеге ауық-ауық хат жазып, сый-сыяпат салып тұратынын Фернанда түсіне алмай-ақ қойды. Мұның сырын Урсула арқылы сұратқанда: "Неге екенін олар өле-өлгенше білмек емес", – деп Амаранта келте қайырған: оның осы бір ауыз жұмбақ жауабы Фернанданың көкірегінде сол құпия қалпында мәңгіге сақталып қалды. Әрдайым көбікше көпіршіп тұратын ақ шаңқан юбка киіп, өткен жылдар мен жанын жеген ауыр естеліктерге қарамастан асқақ ажарлы қалпын сақтаған сұңғақ бойлы, тіп-тік, паң кейіпті Амарантаның

мандайына да бір күйелі крест – ер қызығын көрмеу кресі соғылған секілді. Ондай крестің бары да рас, ол тіпті Амаранта түнде шешпейтін, өзі жуып, өзі үтіктеп жүретін қара шүберек емес пе. Амарантаның бар өмірі кебін тоқумен өтіп барады. Ол күндіз тоқығанын түнде тарқатып жіберетін секілді, бұл – жанын жайлаған жалғыздықтан қашқандағы қарекеті емес, қайта соны сақтап қалу үшін жасаған әрекеті тәрізді.

Күйеуімен арасы суысып жүрген кездері бәрінен бұрын Фернанданың жанына демалысқа келген Меме әкесін үйден көре алмай, себебін сұрайды-ау деген ой қатты батқан. Ақыры, күйеуі өлім аузынан қалып жаны жай тапты. Қыздары қайтып келгенше екеуара бәрін кесіп-пішіп қойды, Меме екеуінің арасындағы дүрдараздықты да, үй-ішіне үйездеген шер мен мұңды да сезбей қалуы үшін Екінші Аурелиано көнбіс қожайынның кебін киюге тиіс. Жыл сайын Екінші Аурелиано бетіне адал жардың пердесін тұтып, ұланасыр той жасап, кішкене меймандардың аузына балмұздақ пен печеньеден бастап барын тосады, монахинялардың ақ жарқын қағылез тәрбиешісі күйсандықта ойнап, бұл жиындардың сәнін келтіреді. Кішкене қыздың мінезінің шешесіне мүлде тартпағаны сонда-ақ көзге шалынған. Қайта Меме он төрт-он бес жастағы алаңсыз ақ жарқын Амарантаның, Пьетра Креспиге деген құпия құмарлық әлі жүрегіне қаяу салып, қия жолға түсірмеген, секектеп жүрген жүрісінен-ақ үй-ішіне шуақ кіргендей болатын кішкентай Амарантаның көшірмесіндей болатын. Шүкіршілік, Амаранта секілді, тағдыр еншісіне жалғыздықты жазған басқа Буэндиалар сияқты Меменің бойынан ондай белгі әлі байқалмаған, қайта қоршаған дүниеге көңілі тоқ жанның пішіні, тіпті, күндізгі сағат екіде барып, темірдей төзіммен тапжылмай отырып, күйсандықта ойнап үйренуге де ықыласы зор. Сыртта жүріп үйін сағынатыны, жыл бойы құрбы-құрдастары улап-шулап қарсы алатын күнді аңсайтыны да айдан анық, оған қоса Меменің бойынан әкесінің сауықшыл, қонақжай дарақы мінездері де қылаң берген. Бойына біткен, қанмен біткен осы қырсықтың нышаны Меме ешкімнен рұқсат та сұрамай, алдын ала ескертпей, дәнеңе етпей үшінші каникулының тұсында бір аптаға қонақшылап қайтуға қасына

төрт монахиня мен алпыс сегіз кластас құрбысын ертіп, сау ете түскенде айқын білінген.

– Тартпасаң тумағыр, – деп жүрегін ұстаған сонда Фернанда.– Баласы да құдды әкесі сияқты, есалаң.

Амал жоқ, көрші-қоланнан артық-ауыс төсек орын, көрпе-жастық жинап, тек тамақ ішу үшін ғана тоғыз топқа бөлінуге, жуыну үшін кезек қоюға, формалы көк көйлек пен еркек кебіс киген оқушы қыздар күн ұзаққа аяғынан тік тұрып, текке жүрмеуі үшін және қырық орындық іздестіріп тауып алуға тура келді. Не керек, абыр-сабыр бастан асып жатты, осы шулаған қара-құра қалың топ азанғы асын ішіп болмай жатып, алғашқы тобын қайта түстікке отырғызу қажет, сол екі ортада ақшамғы ас келеді, сөйтіп оқушы қыздардың бір апта ішінде бар бітіргендері бір рет плантация басына барып қайтты. Қараңғы түсе монахинялардың есі кетеді де, тәрбиеленушілерін үйге кіргізіп, жатқыза алмай сілікпелері шығады, сонда да қанша тыраштанғанмен бір топ жас өрім қыз аулада қалып, мектептің көңілсіз гимндерін қосылып айтқанын қоймайды. Бірде оқушы қыздар баяғы әдетімен жағаласпайтын жерде жағаласып жүретін Урсуланы қағып құлатып кете жаздаған. Келесіде монахинялар полковник Аурелиано Буэндианың оқушы қыздардың көзінше талшын түбінде дәрет сындырғанын көріп қалып шу шығарды. Енді бірде Амаранта жерде ойбай, көкте айғай жасай жаздады, ас үйде Амарантаның көжеге тұз салғаны сол, осы кезде кіре қалған монахинялардың бірі тұз көрмеген немеше қазанға салып тұрған ақ ұнтағың не деп сұрағанда, ызадан жарыла жаздаған Амаранта:

– Тотияйын, – деп қырсыға жауап қатқан.

Алғашқы кеште оқушылар жатар алдында әжетханаға кіре алмай қорлық көріп, тура түнгі бірге дейін тықыр басылмаған-ды. Сонда Фернанда жетпіс екі дәрет сауытын сатып алған, бірақ онымен тапқаны шамалы, тек түнгі мәселені таңға шегерген, таң атар-атпастан ыдыстарын тазалап алмақ болып бір-бір қуман ұстаған қыздар әжетхананың қасына қаздай тізіліп кезекке тұрады. Тұмау тиіп сыркаттанғандарына, маса шағып бет-ауыздарын көлкілдетіп ісіріп тастағанына қарамай, оқушы қыздардың көпшілігі қиыншылыққа төзе білді, тал түсте күн жанып тұрғанда бақ ішінде сайран салудан тайынбайды. Ақырында мейманд ар қош айтысып кеткен кезде соңдарында бірі қалмай тапталған гүлдер қалды, қираған мебель мен жазу мен сызудан

көрінбейтін қабырғалар қалды, қанша зиян шектіріп кетсе де, өздерінен аман-сау құтылғанына қуанып Фернанда қалды. Төсектер мен орындықтарды көршілерге таратып берді де, ал дәрет сауыттарды Мелькиадестің бөлмесіне бірінің үстіне бірін қойып үйіп тастады. Кезінде бір шаңырақтың рухани өмірінің кіндігі болған, кейіннен қаңырап қалған жай сол күннен бастап "сауыт бөлме" атанды. Полковник Аурелиано Буэндиа аты тауып қойылған екен деген, осы орайда, үй-іші болып қанша уақыт иен тұрғанына қарамай, Мелькиадестің бөлмесінің сыны да, сыры да кетпегеніне таңырқап жүргенде де ол оны қоқыс қойма атайтын. Ол оның ішіне кейіннен кіріп көрмеген, көргісі де келмеген, басқалардың сөзіне де мән бермеген, тек өзінің жұмыс істеуіне бөгет жасап сауыттарын даңғырлатып Фернанда арлы–берлі жүгіріп жүргенде ғана бөлменің қандай халге ұшыраганын сезген.

Екінші Хосе Аркадионың үйге қайтып келгені сол кезде. Ешкіммен аман-сәлемі жоқ, тарп-тарп басып тура тартады да, шеберханаға кіріп, полковникпен ұзын-сонар күпия әңгіме жүргізеді, түр-түсін көретін қауқары жоқ, тек оның плантация бақылаушысының ауыр етігімен дүрс-дүрс басқан аяғының тықырын естіп отырып-ақ Урсула осы шөбересінің туған ошағының басынан сонша қашықтап кеткеніне, ақыр аяғында бала кезінде киімдерін ауыстырып киіп, жүртты шатастырып зықысын қашырып, бірге ойнайтын кіндігі бір егіз бауырының өзіне жатбауыр тартып, екеуінің бір де бір ұқсас белгісі қалмағанына таң-тамаша. Екінші Хосе Аркадио ұзын бойлы, арық, өзін тәкаппар ұстайды, бағзы заманда ғы көшпенді араб кескіндес қоңырқай, мұңды жүзінен жабырқаушылықтың лебі еседі. Екінші Хосе Аркадионың үйге келіп жүргенін, келген сайын оны полковниктің жұмысын тастап шеберханасында қабылдайтынын естіп, сезіп жүрген Урсула ол жайлы есінде қалғандардың бәрін қайтадан көз алдынан өткізіп, сондағы күмәнінің расқа шыққанын түсінді, бала кезінде ол дәу де болса сыңарымен ауысып кеткен, сірә бұл Екінші Хосе Аркадио емес, Екінші Аурелиано болуға тиіс. Оның былайғы өмірін егжей-тегжейлі білетін жан жоқ. Бір уақыттарда оның тұрақты мекенінің жоқ екені, таластыратын қораздарын Пилар Тернераның үйінде өсіретіні,

анда-санда сонда ұйқтап жүретіні, қалған түндердің бәрін француз гетераларының жатын бөлмесінде өткізгені мәлім болған. Сөйтіп ол өзімен-өзі, жақсы көрер жақыны, жаның жаныр жарқын мақсаты жоқ, Урсуланың шоғырындағы бір адасқан жұлдыз болып өмір ағысымен ығып келе жатты.

Шындығына келсек, полковник Геринельдо Маркес оны ату үкімін көрсету үшін казармаға ертіп апарған таңнан бастап, ол осы шаңырақтың адамы болудан қалған, басқа ошаққа да бауыр басарлық қасиетінен айрылған, полковник оны атуды көрсету үшін емес, атылған сорлының мұнды жүзін, әжуа табы бар жымиысын көрсін, есінде сақтап қалсын деп әдейі казармаға әкелген секілді. Балалық шағынан көңілінде жатталып қалған жалғыз естелігі, ең ежелгі елес осы ғана. Айтпақшы, тағы бір естелігі бар, ол көмескілеу, бұл терезеден текшеленіп түскен күн сәулесінің ортасында отырып небір ғажайыптар жайлы әңгіме қозғайтын атамзаманғы көнетоз кеудеше, қарғаның қанаты секілді қалқайған жиекті шляпа киген қарттың бейнесі. Бірақ Екінші Хосе Аркадио бұл естеліктің қай уақытқа қатысы барынан жаңылып қалған-ды. Алғашқыдай емес, бұл естелігі бұлыңғыр, алдыңғысындай ащы запыран әсер де қалдырмаған, тіпті, сабақ алар-лықтай да айта қалатын ықпалы болмаған, ал енді біріншісі болса, шын мәніне келгенде, келешегіне бағдар сызған да сол естелік, уақыт өтіп, қартайған сайын сол көрініс көкірегінде айшықтала, айқындала түскен, көз алдына тақала берген. Урсула полковник Аурелиано Буэндианы қамаулы қапасынан бір сәтке болса да сыртқа алып шығу үшін осы Екінші Хосе Аркадионың көмегіне сүйенбек болған. "Киноға баруға көндірсеңші оны,– деп өтініш айтқан.– Рас, киноны онша ұнатпайды, бірақ ауа жұтып қайтса да қайда жатыр". Алайда көп ұзамай-ақ полковник сияқты Екінші Хосе Аркадионың да өзінің тілек-зарына мүлде меніреу екенін Урсула түсініп тауы шағылды, екеуінің де жақындық-туысқандық сезімін бойларына дарытпайтын қалқаны бар сияқты. Олардың шеберханаға қамалып алып, ұзақ сағат бойы не туралы, не жайлы сөйлесетіні Урсулаға да, басқаларға да беймәлім, тек Урсуланың бір пайымдайтыны бұл шаңырақта тонның ішкі бауындай бір-біріне жақын адам осы екеуі ғана.

Шынын айтқанда, Екінші Хосе Аркадио Урсуланың өтінішін қанша орындамақ болса да орындай алмас еді. Оқушы қыздар қаптап кеткен кезде полковниктің төзімі әбден сарқылған болатын. Ремедиостың күйеге талшық болатын тамаша қуыршақтарын құртқан соң да, жатын бөлмеде әлі де күйе қаптап жүр деген сылтаумен шеберханасына аспалы төсегін іліп, қажетін өтеуге болмаса, мүлде далаға шығуды қойған. Урсуланың оны әңгімеге тартпақ болған әрекетінен еш нәтиже шыққан жоқ. Ұлына келе жатқанда ол оның тамақты үстелдің келесі жақ шетіне ысыра салып, көженің бетіне майы қатып, еттің суып қалғанына да қарамай алтын балығын жасап отыра беретінін алдын-ала білетін. Қартайғанда соғыс ашпақ әрекетіне полковник Геринельдо Маркес қолғабыс жасаудан бас тартқаннан бері ол мүлде тұнжырап, тұйық болып кетті. Бөлмесіне кіріп, есікті ішінен жауып алады да қайтып шықпайды, үй-іші оны өлдіге санайтындай, бар-жоғын да ұмытып кетті. Содан қазанның он біріне дейін есік алдына шығып, үйдің жанынан өтіп бара жатқан циркке қарап тұратын күнге дейін полковник Аурелиано Буэндиа тырс етіп, пенде баласына тән бір де бір мінез—қарекет көрсеткен емес. Бұл күн де полковник Аурелиано Буэндиа үшін соңғы жылдардағы көп күндерінің біріндей басталған. Таңғы сағат бесте ол аулада құрбаныз құрқылдап, шегірткенің шырылдауынан оянады. Сенбі күні басталған жауын әлі себезгілеп тұр екен, жауын жауып тұрғанын ол бәрібір бірден сезген, бақтағы ағаш жапырақтарының тынымсыз сыбдырынан емес, сүйек-сүйегін сырқыратып әкетіп бара жатқан суықтан сезді. Әдеттегісінше ол сөлбірейген жүн плащын, ыңғайлы ықшам болған соң үстінен тастамайтын көнетоз, қолданудан қалып бара жатқан түріне қарап, полковниктің өзі "готтардың дамбалы" атайтын қызыл асығына түсетін түз киімін киіп шықты. Әйтеуір, жуынатын болған соң сыртынан киген тар шалбарын түймелен жоқ, көйлегінің жағасын да бағзы алтын запонкамен ілмей қалдырды. Содан кейін плащын күләпара құсатып басына жауып, саусақтарымен салбыраған мұртын бір сипап өтті де, дәрет сындырмаққа сыртқа шықты. Күн шыққанға дейін әлі бірсыпыра уақыт бар, Хосе Аркадио Буэндиа жауыннан шіріген пальма жапырақтарымен жабылған қалқаймасының астында ұйқтап жатқан. Полковник бұл жолы да әкесін

көрген жоқ, елес бәтеңкесіне тиген ыстық зәрден оянып кетіп, ұлына түсініксіздеу тілде бірдеңе деп еді, ол естіген жоқ. Кейінірек жуынармын деп ойлады, ызғырық пен ылғалдан қорғаштанған жоқ, қазанның қара тұманы еңсені езіп, мойын бұрғызбады. Шеберханаға беттеп келе жатқанда, ас үйде Санта София де ла Пьедад жағып жатқан пештің түтіні мұрнына келді, бір шыны қантсыз кофені өзімен бірге ала кету үшін ас үйде ақ шәугім қайнағанша тосып тұрып қалды. Құдайдың құтты күнгі таңертеңгі әдеті бойынша Санта София де ла Пьедад одан бүгін қай күн екенін сұрады, ол сейсенбі, қазан айының он бірі екенін айтты. Қарсы алдында тұрған әйелдің байсалды, алау ойнаған қызғылт тартқан жүзіне бүгін де күдіктене қарады, оның бұл дүниеде бар адам ба, әлде елес пе деп ойлаған жан сияқты сүзіле көз салатынын полковник кенеттен есіне түсірді. Соғыстың қақап тұрған шағында, дәл қазан айының он бірінде, неге екені белгісіз, шырт үйқыда жанында жатқан әйелдің өлі екеніне анық көз жеткізгендей бір сұңғыла сезіммен оянды. Иә, дәл солай болғаны рас, сол оқиғадан бір сағат бұрын ол әйел де одан бүгін қай күн екенін сұрағанды. Осыны апайқын есіне түсіргенде де полковник Аурелиано Буэндиа алдын-ала болжау сезімінен мүлде айрылғанын аңдаған жоқ, ақ шәугім қайнағанша ол есімі сол бетінде өзіне белгісіз болып қалған, төсегіне тастай қараңғыда сүріліп, жығылып әрең жетіп, бет жүзін өлгеннен кейін ғана анықтап көрген әйел туралы ешқандай қобалжусыз, көкірегі қарс айрылмай-ақ бастан кешкен бір қызық ретінде ғана ойлаған. Оның төсегіне дәл солайша, дәл сол жолмен келген әйелдерде қисап жоқ, сондықтан да нақ сол әйелдің алғаш қауышудың парықсыз, ессіз жалынында өртеніп, көлдете төккен көз жасына тұншығып жатып, өлерінен бір сағат бұрын өзін өлеөлгенше сүйіп өтетініне серт бергенін де есіне түсіре алмады. Шеберханаға қайта кіргенде оның есінен бұл әйел де, басқа әйелдер де ізім-ғайым жоқ болған-ды, ол шам жағып, қаңылтыр қалбырға салып сақтайтын алтын балықтарын санап шықты. Тура он жеті екен. Балықтарын сатуды қойғаннан кейін ол күніне екеуден жасап, жиырма беске жеткізгеннен соң қайыра бақырашқа салып балқытып алады да, қайтадан жасай бастайды. Бұл күні таңертең ол бүкіл

бейілін салып, белін жазбай ұзақ отырып істеді, еш нәрсені ойлауға да мүршасы болған жоқ, сағат онға таман жауын құйып кетіп, шеберхананың жанынан өткен біреудің есікті жабыңдар, үйді су алып кетеді деп айғайлағанын да естіген жоқ, тамақ әкелген Урсула шамды өшіргенше өзінің де бұл фәниде бар-жоғын ұмытып кеткен еді.

– Бұл неғылған жауын екенін, – деді Урсула.

– Қазанда қашанда солай емес пе, – деп жауап қатты.

Бұл сөздерді айтқанда да ол басын көтерген жоқ, бүгінгі жасаған алғашқы алтын балығына асыл тастан көз орнатып жатқан еді, жұмысын бітіріп, балықты қалбырдағы қалғандарының қасына салғаннан кейін ғана асын алдына алды. Көжесін ішкеннен кейін асықпай баптап отырып пиязбен бұқтырылған бір кесек ет, күріш және сол тәрелкеге салынған бір тілім қуырылған банан жеді. Қуанышты сәттерінде, қиын-қыстау кездерде де оның тәбеті бір қалыптан көп айнығаны емес. Тамақтан кейін біраз дамылдағысы келді. Ас қорытуға арналған екі сағат өтпейінше, ол жұмыс та істемейтін, кітап та оқымайтын, не жуынбайтын, не махаббатпен шұғылданбайтын, әйтеуір, белгілі бір дәрежедегі ғылыми дәлелденген ақиқатты ырымға айналдырып, солай істеу қажеттігіне иланғаны сонша, полковник Аурелиано Буэндиа өзінің солдаттарын құрыспа ауруына шалдықтырып алмас үшін соғыс операцияларын бастайтын сәттерді неше мәрте тежей тұрған. Ол аспалы төсегіне жантайып, бәкісінің ұшымен құлағын шұқып жатып, ұйқтап кетті. Ұйқтап жатып түс көрді, түсінде осы табалдырықты аттаған тұңғыш пенде өзі екенін біліп, ауыр күйзеліс сезімімен қабырғалары аппақ, қаңырып тұрған бос үйге кіріп жүр екен. Түсінде өткен түнде де, оның алдында да жалпы соңғы жылдары талай рет осы түсті көргенін есіне түсірді, ал оянып кетсе болды, көргенін табан астында ұмытып қалатынын түсінді, әлденеше қайталанған бұл түсінің бір ерекшелігі, ол дәл осындай түс көру үстінде ғана есіне түсетін. Айтты айтпады, келесі сәтте шеберхананың есігін шаштараз келіп тықылдатқанда, полковник Аурелиано Буэндиа бірнеше секундқа ғана қалғып кетіп, ешқандай түс көрмеген жанның әсерімен көзін ашып алды.

– Бүгін қажет емес,– деді ол шаштаразға.– Жұма күні келерсіз.

Ара-арасында ақ қылтанақ жиілеп бурыл тартқан сақалына ұстара тимегелі де үшінші күн, сөйтсе де қырынуға құлқы болмады, жұма күні, әйтеуір, шашын алдырады, сонда екі шаруаны бір-ақ тындыруға үйғарды. Күндізгі жайсыз үйқыдан кейін үсті-басын бір жылбысқы сасық тер басып, қолтығының астындағы іріңді жарадан қалған тыртық сыздады. Жауын басылыпты, бірақ күн көзі көрінбейді. Полковник Аурелиано Буэндиа кекіріп еді, аузына алдында ішкен көженің ащы дәмі келді, ол мұны іш құрылысының плашыңды жамылып, әжетханаға бар деген бұйрығындай ұқты. Ол несептің иісі мұрын жаратын ағаш жәшіктің үстінде жүрелеп қажетінен тыс ұзақ отырып қалды, содан кейін барып дағдысы жұмыс істеуі керектігін кәперіне салды. Әжетханада отырып, бүгін сейсенбі екенін, Екінші Хосе Аркадионың шеберханаға келмегенін есіне түсірді, сейсенбі күндері әдетте банан компаниясы жұмысшыларымен есеп айырысатын. Соңғы жылдары зердесінен өткен басқа да естеліктер сияқты мына естелік те оның ойын біртіндеп ойыстыра ойқастата әкеліп соғысқа тіреді. Полковник Геринельдо Маркестің өзіне ақ төбел ат тауып бермек болғанын есіне алды, бірақ ол қайтып бұл туралы жұмған аузын ашпай кетті. Содан кейін соғыстың жеке-жеке сәттерін көз алдынан өткізді, сөйтсе де өткенге оралу оның бойында не қуаныш, не күйініш сезімін туғыза алмады, қайда барса да соғыс туралы ойдан қашып құтыла алмайтынын білген ол ақыры сезімінің шырқын бұзып алмас үшін қанды күндерді шімірікпей еске алуға өзін-өзі дағдыландырып қойған еді. Шеберханаға келе жатқанда ауаның шіліңгір тартқанын аңғарды, шомылатын бөлмеге бұрылған еді, Амаранта жуынып жатыр екен. Ол екінші балықты жасауға отырды. Ол балықтың құйрығын енді қыстыра берген сәтте күн шықты, жарықтық ғажайып бір күшпен жарқ ете түскенде, төңірек балықшының салмақ түскен ескі қайығындай сақыр-сұқыр ете қалғандай болды. Үш күнгі жауыннан тазарған әуе ұшатын құмырсқаларға толып кетті. Полковник осы тұста өзін зәр қысып отырғанын сезді, бағана шығып келмек болған, бірақ балығын бітірем деп айналып, ұмытып кеткен екен. Сағат төрттен он минут кеткенде аулаға шыққан бетте алыстан мыс кернейлердің үні, үлкен барабанның дүңкілі мен мәз-мейрам болған балалардың даусы естілді,

ол жастық шағымен қош айтысқан күннен бері тұңғыш рет әдейі өз еркімен сағыныш торына барып түсті, әкесі мұзды көруге өзімен бірге ала барған, сығандармен бірге өткізген сол бірге ғажайып күнді қайтадан басынан кешірді. Санта София де ла Пьедад ас үйдегі бар шаруасын тастап, далаға жүгіріп шықты.

– Цирк келе жатыр, – деп айғай салды.

Талшын түбіне қарай тартудың орнына полковник Аурелиано Буэндиа да сыртқа шығып, көшені өрлеп келе жатқан салтанатты көшке көз тігіп тұрған көптің арасына сіңіп кетті. Ол пілдің үстінде отырған алтын киімді әйелді көрді. Маң-маң басқан қам көңіл нарды көрді. Ырғақтың ыңғайын тауып, қасықпен даңғырлатып кәстрөл қағып отырған әйел киімін кигізген аюды көрді. Шерудің соңынан неше түрлі күлдіргі әрекеттер жасап келе жатқан сайқымазақтарды көрді, бәрі өтіп кеткеннен кейін көшеде шуақ жолы бос кеңістіктен, ұшатын құмырсқалардан және қалай жүрерін білмей бойкүйездіктің батпағына батып тұрған бір-екі сенделбайдан басқа ешкім қалмағанда ғана ол өзінің сүмірейіп тұрған жалғыздығымен қайта тоқайласты. Сосын ол цирк туралы ойлаған бойы талшынға қарай беттеді, зәр сындырып тұрып та сол ойын қайта өрбітпек болды, бірақ есіне еш нәрсе түсіре алмады. Содан кейін мойнын ішіне тартып, маңдайын ағаштың діңіне сүйеген қалпы қимылсыз тұрып қалды. Үй-іші болған жайды ертеңінде он бірлер шамасында бір-ақ білді, ішкі аулаға қоқыс төгуге шыққан Санта София де ле Пьедад талшынға ауралардың андыздай ұшып келіп қонып жатқанын көрген мезетте ғана барып білді.

Меменің соңғы каникулы полковник Аурелиано Буэндианың қазасына байланысты аза тұтумен тұспа-тұс келді. Есік-терезелері тарс жабылған үйде ойын-сауық жайына қалған. Бәрі де сыбырласып сөйлеседі, тамақтарын үнсіз отырып ішеді. Күніне үш уақ дұға оқылады, тіпті, Меменің түскі дамыл кезінде күйсандықта ойнайтын жаттығулары да азалы музыкадай естіледі. Үкіметтің қаза болған қас дұшпандарының бейнесін канша қастерлеп, сән-салтанатпен еске алуына таңырқап, полковникті іштей канша жек көрсе де осындай қатаң

аза тұтуды енгізген де Фернанданың өзі. Қызының демалысының кезінде Екінші Аурелиано әдеттегісіндей үйде түнеп жүрген, осыған орай Фернанда да өзінің зайыптық құқын қалпына келтірудің қамын жасаған сияқты, келесі келгенінде Меме кішкене сіңлілі болғанын білді, шешесінің қарсы болғанына қарамай оған Амаранта-Урсула есімі берілген екен.

Меме де оқуын тәмамдады. Оған күйсандықта ойнап, концерттер беруіне жол ашатын диплом оқуды бітіруіне байланысты өткізілген салтанатта он жетінші ғасырдағы халық әуендерін нақышына келтіре, аса шебер орындап бергеннен кейін күшіне енгізілген. Аза тұту да осымен тынған-ды. Қонақтарды Меменің өнерінен гөрі екі ұдай мінезі тәнті қылған. Бір қарағанға бала секілді жеңілтек мінезді, қажырды қажет етерлік қандай іске де мүлде қабілетсіз сияқты көрінеді, ал енді күйсандыққа жақындаса болды, табан астында өзгеріп, басқа байсалды адам болып шыға келеді. Дәйім солай. Шынын айтқанда, Меменің музыкаға асып бара жатқан бейімі де, құлқы да жоқ, тек шешесіне қарсы келмейін деп қана, күн-түн демей шұғылданып, күйсандықта шебер ойнауға төселіп алған-ды. Оны басқа да кез келген істі дәл осылай ойдағыдай меңгеруге бейімдеу қиынға түспес еді. Фернанданың қаталдығы, бәрін өзінің шешіп-пішетін әдеті оны бала кезінен зәрезап қылған-ды, басынан сөз асырмайтын шешесінің осы бір қасарысқан қырсық мінезінен ығыр болған Меме не істе десе де, көнуге бар. Мектепті бітіру рәсімінде қолына берілген готикалық өрнекпен, бас әріптері айрықша әшекейленіп жазылған бір парақ пергамент көңілі қаламаса да, құлағым тыныш болсын деп басын байлаған күйсандығы құрғырдан құтқарар деп бір жеңілейіп қалған, бүгіннен бастап бір қисайса көнбейтін Фернанда да монахинялардың өздері музейге қоятын белгі деп қана бағалайтын аспапты қайтып аузына алмас деп ойлаған. Алғашқы жылдары Меме есебімнен жаңылдым деп ойлап қалған, өйткені ошақ басының сауық-сайрандарында, жәрдем жасау үшін берілген концерттерде, оқушылар кештерінде және мүшелтойлар мен мереке-думандарда оның күйсандығының әуендерінің әлдиінен қаланың қақ жартысы үйқы қандырып үлгерсе де, Фернанда қызымның талантын тани біледі— ау деген кез келген адамды үйге шақыруын қоймап еді. Тек Амаранта қайтыс болғаннан кейін, үй-іші қайтадан аза құша-

ғына енгенде ғана Меме күйсандығын тарс бекітіп, қашан, кімнің кінәсінен жоғалғанын шешесі індетіп жүрер деп те қаймықпай кілтін шкафтардың біріне тығып тастады. Оған дейін дарынын қалың көпшілікке дабыра етпек анасының айдауымен көрмегенді көрсе де, бәріне де ойын жаттығуларын жаттаған кездегідей темір төзіммен шыдап баққан болатын. Бұл оның бас бостандағы үшін берген төлемі. Қызының бетіне тіке келмейтін көңіштігіне риза болып, әрі көпшіліктін оның өнерін жер-көкке сыйғызбай мадақтағанына масаттанған Фернанда Меме құрбыларын үйге шақырам, плантацияларға барып қыдырам десе де бетінен қақпады. Екінші Аурелианомен немесе мархабатты әйелдермен ілесіп киноға баруға да, әрине, фильмді падре Антонио Исабель қасиетті тұғырынан көруге лайық деп тапса, қарсылық білдірмеді. Меменің шын талғам-талабы да осындай көңіл көтерген сәттерде көрінген. Талап пен тәртіптің жұрнағы жоқ жерде ғана ол өзін өте бақытты сезінетін, ол у-шуы той-думанды ұнататын, ғашықтық жайлы, ерлер жайлы әңгіме-дүкен құрып, өсек айтып, шылым шегуді үйреніп, бір оңашада құрбы қыздарымен жалықпай отыра беруге бейіл, ал бірде қыздар үш шөлмек құрақтан қайнатылған ромды бөліп ішіп алып, тыр жалаңаш шешініп, дене мүшелерін салыстырып, өлшеп әуреге түскен-ді. Сол кеш Меменің есінен кетер емес: иісі шықпасын деп мияның тамырын шайнап, Фернанда мен Амаранта тіс жармай, тым–тырыс кешкі астарын қаужап отырған асханаға кіріп, дастарқан басына жайғасқанда, ешкім мұның өңі келіспей отырғанын аңдамаған. Мұның алдында ғана құрбы қызының жатын бөлмесінде біресе көзінен жас аққанша күліп, біресе қорқыныштан қалтырап жылап, екі сағат бойы өзіне-өзі келе алмай жаман күйді бастан кешкен, ішімдіктің уыты өткен кезде ғана, бойына көзсіз бір батылдық, әдиярат мектебінен қашып кетейін дегенде, қолына түспеген, шешесіне майдалап болса да, мына күйсандығыңызды сегіз көзіңізден төмен түсыңызға қыстырып қойыңыз дегісі келгенде, бойынан табылмаған төтен батылдық біткенін сезді. Дастарқан басында асқазанына зәмзам суындай құйылған тауық сорпасын сораптап отырып, Фернанда мен Амарантаның шын кескін–келбетін, олардың неге тұратынын тап басып көргендей болды. Олардың жәдігөйлігін, көр соқырлығын, соған қарама-

стан көкірек керген кердеңдігін беттеріне басып айтып-айтып тастағысы келді де, өзін әрең тежеді. Екінші каникулының түсында-ақ Меме әкесінің әдеп сақтап қана үйге түнеп жүргенінен хабардар болған, Фернанданың жайы өзіне мәлім, ойлана келе, Петра Котес жайлы сұрастырып біліп, қандай жан екенін түсіне келе, әкесінің жағына шыққан. Фернандадан емес, әкесінің ашынасынан неге тумадым екен деп те ойлаған. Бойынан ішімдіктің қызуы тарқамаған Меме ойындағысын ақтарып тастаса ғой, қазір мыналардың қалай тас-талқан болатынын көз алдына елестетіп ішінен марқайып қалды, осы ойына рахаттанғаны сонша, жүзіндегі өзгерісті Фернанда аңғарып қалды.

— Саған не болған?

—Жай, — деп жауап берді Меме.— Екеуінді сондай сүйетінімді осы қазір түсініп тұрмын.

Бұл сөздердің астарынан анық қылаң берген жек көрушілікті жазбай аңдап қалған Амаранта шошып кетті. Төбесі көкке жеткендей болған Фернанда түн ортасында оянған Меме басы көтертпей ауырып, құса бастағанда есі ауып қала жаздады. Фернанда қызына бір құтыдай майсана ішкізіп, қарнына ыстық тартып, маңдайына мұз басты, екі сағат бойы қарағаннан кейін жай әйел затына тән дімкәстік қой деп күлдібадамдау қорытынды жасаған, мінезі әнтек, әуейілеу жаңадан келген француз дәрігердің кеңесімен тек кенеусіз тағам ішкізіп бес күн бойы үйден шығармай қойды. Меменің бойына біткен батылдық қайтадан үшты-күйлі ғайып болып, еңсесі мүлде түсіп кетті, осы бейшара қалпында айтқанға көніп, айдауға жүргеннен басқа лаж таппады. Жұрт олай-былай деп жатқанда, көзі көруден қалса да көкірегі ояу, әлі де сергек сезімтал Урсула ғана Меменің дертін дәл басып тапқан еді. "Мен білгенде, мұндай емді маскүнемдерге қолданушы еді", — деп ойлады іштей. Ізінше бұл ойын қуып тастап, жеңілтек пікір түйгені үшін іштей өзін кінәлады. Меменің күйзелген күйін көрген Екінші Аурелианоның ар-ұяты жанын жеп, келешекте қызына көбірек көңіл бөлуге серт етті. Сөйтіп әкесі мен қызының арасында оны уақытша болса да мастық буының, қызығының ара-арасында буа бастаған жалғыздықтың ащы запыранынан құтқарған перзентін Фернанданың әбден мезі қылған гөй-гөйінен арашалаған жап-жақсы жолдастық

қарым–қатынас орнады, мұның өзі шешесі мен Меменің арасында ұшығып келе жатқан шиеленісті шегеріп тастаған секілді еді. Екінші Аурелиано сол күндері бос уақытының денін қызына арнады, Мемемен бірге кешті өткізу, киноға немесе циркке бару мүмкіндігі туа қалса, ойланбастан кез-келген кездесуді кейінге қалдыруға бар. Соңғы жылдары шамадан тыс толып кетуіне байланысты бәтеңкесінің бауын байлаудан бастап, басқа да оны-мұны тілек-қажеттерін өз қолымен өтеуден қалып бара жатқан Екінші Аурелианоның да соған орай мінезі де өзгеріп, бұзылайын деген еді. Қызымен табысуы Екінші Аурелианоны баяғы ақ жарқын қалпына түсіріп, онымен әңгіме-дүкен құрып бірге жүруден жаны жай тауып, бүрынғы қызық-шыжық берекесіз дәуренінен алыстай берді. Меме көктемде жапырақ жайған тал шыбықтай құлпырып шыға келді. Ол да Амаранта секілді пәлендей сұлу емес, есесіне сүйкімділігімен, кішіпейілділігімен, әрі бірден баурап алатын қасиетімен ерек. Оның жаңа заманның рухына бейімдігі Фернанданың сығымдап тұратын қараулығына, жан жадаулығына қатты тиіп, оны ыза қылатын, есесіне Екінші Аурелианоға қатты ұнайды да, қызын қолынан келгеніше қолдап бағады. Әулиелердің мүләйім жанарлары жанына үрей үйездететін кішкентай кезінен бергі жатын бөлмесінен Мемені жаңа кең бөлмеге көшірген де Екінші Аурелиано, қызының жаңа бөлмесін тақ тәрізді жаңа кереуетпен де, үлкен сәндік үстелмен, барқыт пердемен жасақтатқан да сол, алайда ол Петра Котестің мекенінің көшірмесіндей етіп жиғызғанын өзі де байқаған жоқ. Ол қызынан ақша аяған емес, бергенін есептеген де емес, Меме керегінше қалтасынан өзі алып жүреді. Екінші Аурелиано банан компаниясының магазинінде ғана қолға түсіруге болатын әйел ажарына қажет керек-жарақтың бәрін түк қалдырмай қызына алып берді. Меменің бөлмесі неше түрлі тырнақ ысқыш, қырғыштарға, шаш бүйралайтын қысқыштарға, тіс тазартатын эликсирге, жанарларды мөлдірететін көзге тамызатын тамшыларға дейін, опа-далаптардың неше түрлі соңғы үлгілері мен басқа да сұлулық түзеу құралдарына толды, қызының бөлмесіне кірсе Фернанда қызының сәндік үстелі де, сірә, француз гетераларының үстелінен айнымайтын шығар деп қатты қамығатын. Ол кезде Фернанданың жаны шолжаң, аурушаң Ама-

ранта-Урсуланың үстінде, әрі атын естімеген балгер-емгерлермен хат жазысып көңілі күпті, басқаға мұршасы жоқ болатын. Сондықтан да әкесі мен қызының бір-біріне қатты бауыр басып, сырлас-мұндас болып алғанын көргенде, Екінші Аурелианодан, әйтеуір, Мемені Петра Котестің үйіне апара көрмеуін өтінді, бұл сақтықтың басы артық еді, әкесі мен қызының арасындағы жарасымды достық Петра Котестің жүрегіне қаяу салған, сондықтан ол Меменің затын көрмек түгіл атын естігісі келмеген. Екінші Аурелианоның ғашығының көкірегіне бір үрей кірген, ол Фернанданың құдіреті жетпеген нәрсе Меменің қолында тұрғанын сезгендей болған. Петра Котестің қартайғанша қасымнан шығармасам дейтін махаббатын, қаласа бітті, қағып алып әкете беретіндей көрінген. Екінші Аурелиано тұңғыш рет ашынасының үйінде зілді қабақ көріп, мұқата сөйлеген уытты сөздерді естіген, тіпті, сандықтарым қайтқан қаздай кері ұшып жүрер ме екен деген үрей де кірген көкірегіне. Әйтеуір, мәселенің ұшығы оған жете қойған жоқ. Өйткені бірде-бір әйел бірде-бір еркекті дәл Петра Котес өзінің ашынасын зерттеп білгендей білген емес, сандықтардың келген орнынан енді қайтып тапжылмайтыны бір өзіне мәлім, өйткені өзгерту-түзетулермен өз өмірін қиындатуға қаны қас бір адам болса, ол – Екінші Аурелиано. Сол себепті де сандықтар орнында қалды да, Петра Котес көңілдесін қызының қолында жоқ жалғыз қаруымен қайтарып алуға күшін төкті-ай келіп. Ол текке тыраштанған, әкесінің шаруасына кірісу Меменің кәперіне де кірген емес, тіпті, сондай қадам жасай қалғанда да мұның өзі Петра Котеске тиімді болар еді. Басқаны былай қойғанда, пенде баласына жамандық жасауға Меменің уақыты да болған жоқ. Күн сайын, монахинялар үйреткендей, жатын бөлмесін өзі сыпырып-сиырып, төсегін де өзі салады. Күнде таңертең дәлізде киер киімін тәртіпке келтіреді, тәптіштеп түзеп, шақтап, Амарантаның ескі іс машинасында оны-мұнысын тігіп алады. Түстен кейін елдің бәрі ұйқыға бас қойғанда Фернанданың көңілі жай болсын деп, тура екі сағат күйсандықта ойнап жаттығады. Бұрынғыдай емес, шақыртудың сирей бастағанына қарамай, тағы да Фернанданың тыныштығын ойлап, шіркеу базарлары мен мектеп мерекелерінде концерт беруін де доғарған жоқ. Кешке әкесімен бір жаққа бармайтын

болса, жұпынылау көйлегі мен биік қоныш баулы бәтеңкесін киіп, кешкі асқа дейін құрбы қыздарының бірінікіне барып отырып қайтады. Алайда мұндай кездер сирек, Екінші Аурелианоның қызын киноға апармайтын күні жоқ.

Мемеңің жақын құрбыларының ішінде әлгі электрлі тауық қорадан аттап шығып, Макондо қыздарымен тамыртаныстық орнатқан үш американ қызы бар. Олардың бірі – Патриция Браун . Екінші Аурелианоның қонақжайлығына риза болған сеньор Браун Мемеңің алдынан үйінің есігін айқара ашып, сенбілік билерге келіп тұруға шақырды, әдетте гринголар жабайылармен сол билердің тұсында ғана жақындасып, қарым-қатынас жасайтын. Мұны білгенде, Фернанда Амаранта–Урсуланы да, оның науқасын да, дұғай сәлем жолдаушы емгерлерін де ұмытып, шәт-шәлекей болып айғай-шу шығарған. "Сұмдық-ай, сұмдық-ай, – деген ол Мемеге. – Мұнынды білсе полковник моласында тыныш жата алмас". Фернанда сол сәтінде қолдау күтіп, Урсулаға шағынды. Күтпеген жерден соқыр кемпір жас қыз биге барса, өзіндей американ қыздарымен дос-жар болса, онда тұрған не бар, абырой-ұжданын сақтаса, протестанттық дінге көшіп кетпесе болды да деп Мемеге ара түскен. Ұлы шешесінің сөзін Меме бірден көкейіне түйе қойды, сол кезден бастап би болған күннің ертесінде ертерек тұрып шіркеуге баруды дағдыға айналдырды. Қызының аузынан американдықтардың өзінің күйсандықтағы ойынын тыңдағысы келеді деген хабарды естіп көңілі көншігенше Фернанда бәрібір іштей қарсы болып жүрді. Күйсандық қолма-қол сеньор Браунның үйіне жеткізілді, жас өнерпаздың ойыны ыстық ілтипатқа бөленді, оған шын жүректен қол шапалақталды, зор қошемет көрсетіліп, құттықтау-алғыс жауып кетті, содан кейін-ақ ол биге ғана емес, жексенбі күні хауызға шомылуға, аптасына бір рет түстікке шақырылды. Сөйтіп Меме суда балықша жүзуге, теннис ойнауға үйреніп алды, ананаспен қосып виргиния шұжығын жеуден де тартынбайтын болды. Бірге билеп, шомылып, теннис ойнап жүріп Меме өзінен-өзі ағылшын тілін үйреніп алды. Қызының табыстарына есі кете қуанған Екінші Аурелиано оған кезбе саудагерден арасында көптеген түрлі-түсті суреттері бар алты томдық ағылшын энциклопедиясын сатып әперіп, Меме қолы тисе-ақ соны оқиды. Оқу оны құрбы қыздарымен оңашала-

нып, өсек айтудан көңілін аулаған,– оқуға сонша құныққанынан да емес, Меме бүкіл қалаға мәлім құпияларды қайта-қайта пыш-пыштаудан зерігіп кеткен. Өзінің мас болғанын қазір ақылсыз баланың оспадар қылығындай күліп еске алатын, мұны естігенде Екінші Аурелиано ішек-сілесі қатқанша күлген. "Мынауынды шешең естісе ғой", – деген күлкіден сөйлей алмай қыстығып, қызы өзінің шалдуар қылықтарын айтқанда әкесінің осылай дейтін қашанғы әдеті. Әкесі қызынан алғашқы махаббатым туралы жасырмай айтып берем деген уәдесін алған, көп ұзамай-ақ Меме әкесіне Макондоға ата-анасына каникулға келген бір жирен американдық бозбаланың өзіне ұнап қалғанын хабарлады. "Мәссаған! – деп күлген Екінші Аурелиано.– Мынауынды шешең білсе ғой". Кейінірек Меме бозбаланың еліне кетіп, сол беті үшті-күйлі жоғалғанын құлақ қағыс етті. Меменің байсалды парасаты ошақ басынын тыныштығын ұйыта түсті, мүмкіндік тиген соң Екінші Аурелиано біртіндеп Петра Котеске баруды қайта жиілете түсті. Сауық-сайран бұрынғыдай бойын жеңілейтіп, жанын жадыратпайтын болса да, кейбір баспалары жіппен байланған аккордеонын қабынан алып, құлаштай созатын мүмкіндікті әлі қолдан бергісі жоқ. Үйде Амаранта әлі де кебінін тоқумен әлек, ал Урсула өзін қараңғыға сүйреген көрілікке әбден көнген, қазір қою қараңғылық құшағында, талшын түбіндегі Хосе Аркадио Буэндианың елесінен басқа еш нәрсені көретін қайраны жоқ. Фернанданың билігі беки түсті. Ай сайын ұлына жолдайтын хаттарында сол кезде бір ауыз өтірік болсашы, шешесі Хосе Аркадиодан тек өзінің көзге көрінбейтін емгерлермен сәлем алмасып жүргенін ғана жасырып қалды, олар Фернанданың тоқ ішегінен қатерсіз ісік тауып, соны алыстан зердемен үшкіру арқылы емдеуге дайындалып жатқан.

Тағдырдың таусылып бітпеген талапайынан титықтаған Буэндиалар шаңырағына әрең дегенде береке бітіп, тыныштық пен тоқтық орнады дейтін күн туған сияқты еді, аяқ астынан Амаранта қайтыс болды да, тағы да бәрінің астан-кестеңі шықты. Бұл ешкім күтпеген зауал емес-тін. Қартайғанына, айналасындағы тіршіліктен мүлде қол үзіп кеткеніне қарамастан Амаранта әлі де тіп тік, сырт көзге сергек, темірдей берік денсаулығын да сол қалпында сақтап қалғандай көрінетін. Полковник Геринельдо Маркеспен арасын үзілді-кесілді үзіп, оны мүлде аулақтатып тастағаннан

кейін, жатын бөлмесін бекітіп алып, көз жасын көлдетіп бір төгіп тастаған күннен бері оның не ойлағанын ешкім білген емес. Амаранта сол жолы көз жасын мәңгіге сарқып, тауысып бір-ақ шыққан еді. Ол Әсем Ремедиос көкке ұшып кеткенде де, Аурелианоларды түгелдей қырып салғанда да, полковник Аурелиано Буэндиа өлгенде де көз жасын бір сығып алған жоқ-ау, ал дүниедегі ең жақсы көретін кісісі осы ағасы еді ғой, рас, жаны жылитын жалғыз адамы сол екенін кеш түсінген, талшын түбінен өлігін тапқанда ғана түсінген, сонда да міз бақпаған. Ол өлікті көтерісуге өз қолымен көмектесті. Өз қолымен әскери киімін кигізіп, шашын тарап, сақалын қырды, полковник атақ-даңқтың құшағында шалқақтап жүрген кезінде де дәл солай сәндей алмағандай етіп мұртын бастырып ширатып қойды. Бірақ оның бұл қам-қарекетінен махаббаттың титтей ұшқынын да ешкім көрген емес, бәрі де өлікті жөнелтуге Амарантадай жетік жан жоқ деп білген. Фернанда Амаранта католик дінінің өмірмен байланысынан бейхабар, оны тек өлім түрғысынан түсінеді, немене сонда католиктік дін емес, өлікті жөнелту рәсімі ғана ма екен сонша деп өз бетімен лақты. Алайда өзінің өткен өмірінің елестеріне бойлай еніп кеткен Амаранта оның католик дінін қорғап, өзінше күстаналап, білгішсінген сөздерін құлағына да қыстырған жоқ. Ол көрілікке өзінің шер-мұңын таза мөлдір қалпында сақтап енген. Ол Пьетро Креспидің вальстерін естігенде өткен уақыт пен бастан кешкені жанына ешбір белгі қаяу салмай кеткен жанша жас кезіндегідей егіліп жылағысы келетін. Ол ылғалдан қатырма қағаздары шіріп барады деген сылтаумен күй табақтарды өз қолымен әлдеқашан лақтырып тастаса да, олар санасында айналып, қаққыштарын қимылдатып, әуен төгіліп тұратын. Ол бұл елестерден құтылу үшін не істемеді, бойын баурап алып, арылмас күнәға ұрындыра жаздаған бауыры Аурелиано Хосеге деген құмарлық буына батырып та көрді, полковник Геринельдо Маркес сияқты салмақты ердің қандай қиындықта да қалқан боларлық панасына барып бой тасаламақ та болды, ақыры қартайғанына қарамай алқын-жұлқын ессіз әрекет жасап, семинарияға аттандырардан үш жыл бұрын кішкентай Хосе Аркадионы жуындырғанда оны немересін әлпештеген әжедей емес, жұрттың сөзіне қарағанда, француздың салдақы қатындарындай ындыны кеуіп, он екі-он төрт жасында үстінде биге арнап киген тар шалбары бар, қолындағы сиқырлы таяқша-

сын пианоланың ырғағына қарай сілтеп түрған Пьетро Креспиді күшып, құмарын басқысы келген сәттеріндегідей, еркекті аймалаған әйелдей өліп-өшіп үстіне түсіп, көз алдынан кетпей қойған елестен, құлағынан кетпей қойған әуеннен арылмақ та болды. Кейде Амаранта өмірінде талай адамға зәр жүтқызып, запыран құстырғанын ойлап қайғыратын, кейде өзіне-өзінің ит жыны келіп, саусағына ине сұққылайтын, бәрінен бұрын оны өзімен бірге өлмесе, өзінен ерте өлмейтін, құрт жеп жатса да жұпар иісін жоймаған махаббаттың гүлзары қапаландырды, долдандырды, ақылынан айырып, азапқа салды. Полковник Аурелиано Буэндиа соғыс туралы ойламай тұра алмайтын болса, Амаранта Ребека туралы ойламай тұра алмайды. Алайда полковник сабасына түсіп, өткенін сабырмен шолатындай күйге жетсе, Амаранта қайта жанын қоярға жер таппай ширыға түседі. Жылдар бойы Амаранта тәңірге Ребекадан ерте ала көрме де жалынды. Байырғы бәсекелесінің үйінің жанынан өткен сайын қираған жерлерін көріп, тілеуім тәңірінің құлағына шалынған екен деп қуанатын. Бірде дәлізде іс тігіп отырып, кенеттен бойына Ребеканың өлімі туралы хабар жеткенде, дәл осы жерде, дәл осылай отыратынына, жарықтың да осылайша түсіп тұратынына көзін айқын жеткізгендей бір сенім бітті. Содан былай Амаранта хат күткен адамдай аландап хабар тосты, қол бос болса уақыт өтпей қоятындай көрініп, текке зерікпес үшін түймесін үзіп, қайтадан қадап, өзінеөзі жұмыс тапты. Мұның бір өтірігі жоқ. Барын салып тоқып жатқан мынау әдемі кебінді Амарантаның іштей Ребекаға арнағанын үй-ішінде жан баласы сезбеген. Мұнды Аурелиано Ребеканы көргенін, оның терісінің тырысыпбырысып тірі өлік болып, тап-тақыр басына қоқым түсіп отырғанын айтқанда, ол суреттеп берген елестің әлдеқашан өз көкейінде жасаған бейнеге егіздің сыңарындай ұқсас екеніне Амаранта таңданған жоқ. Ребеканың денесін өзі арулайды, балауыз жағып бет-әлпетін дұрыстайды, басына әулиелердің жасанды шашын кигізеді. Сөйтіп, тәнін тазартып, ақ арулап кеңеп кебінге орап, сырты пүлішпен қапталған, іші қызғылт жібек матамен көмкерілген табытқа салып сән-салтанатпен зиратқа апарады да, құрткұмырсқаға тапсырады. Өшпенділігі қара қазандай қайнаған Амаранта өз жоспарын жобалап отырғанда, санасына егер Ребеканы жақсы көрген жағдайда да дәл осылай істемес пе едім деген ой келген. Сонда өз ойынан өзі селк ете түскен,

бірақ еңсесін бастырған жоқ, санасына ұялаған жоспарды ұштай берген, жетілдіре берген, көп ұзамай жерлеу рәсімін өткерудің маманы емес-ау, нағыз майталман шебері болып алған. Сонша күпіршілік жоспар құрғанда ол бір ғана нәрсені ескермеген, құдайға қанша жалбарынсам да Ребекадан бұрын өліп кетуім мүмкін-ау деген ой келмеген санасына. Айтты, айтпады, ойлағанындай болмады. Алайда алдандым-ау, үмітім ақталмады-ау деп қиналған Амаранта жоқ, қайта ажал шіркін рақымшылық жасап, талай жыл бұрын уақытының таяғаны жөнінде алдын ала хабар беріп, қайғы-шерінен арылып жеңілеюіне сеп жасаған. Ажалы Амарантаның көзіне Мемені әдиярат мектебіне жіберген жылы тал түстегі ми қайнатар ыстықта көрінген, дәлізде дәл қасына келіп іс тігін отырды. Амаранта оны салған жерден таныды. Кейпінен қорқынышты еш нәрсе аңғарылған жоқ, шашы ұзын, баяғы үлгі бойынша олпы-солпылау тігілген көк көйлек киген кәдімгі әйел, тіпті, Урсулаға үй шаруасына қолғабыс жасап жүретін кездегі Пилар Тернераға ұқсайтын секілді. Фернанда Амарантамен дәлізде бірге болса да, кәдімгі адам кейпінде келіп қатар отырған, тіпті, бірде Амарантадан мархабат қылып, ине сабақтап беруін өтінген ажалды көре алған жоқ. Ажал Амарантаның Ребекадан ерте ме, кеш пе, қай жылы, қай айда, қай күні өлетінін хабарлаған жоқ, тек таяудағы көкек айының алтыншы күнінен бастап өзіне арнап кебін тігуді қолға алуы қажет екенін тапсырды, ол Амарантаның кебінді қалауына қарай асықпай әшекейлеп, әдемілеп тігуіне мүрсат берді, бірақ оны да Ребекаға кебін тіккен кездегідей шын көңілмен, ықыласпен тігу қажет екенін ескертті, сондай-ақ Амарантаның жұмысын тәмамдаған күні түнде қиналмай, еш қапаланбай, қаймықпай көз жұматынын есіне салды. Уақытты барынша көбірек жұмсауға тырысып, Амаранта зығырдың ең жақсы түрінен есілген жіп алдырып, матаны өз қолымен тоқуға кірісті. Ол бұл шаруаны барын салып, байыппен істеді, сөйтіп мата тоқудың өзіне ғана тура төрт жыл уақыт жұмсады. Жаратушы бөліп берген күндері бітуге тақаған сайын Амаранта кебін тоқуды Ребека өлетін күнге дейін, бір құдіреттің көмегі болмаса, өзінің бәрібір соза алмайтынын айқын түсінді, алайда жұмысқа ауған назары көңілін аулап, Амарантаның бойына байсалдылық бітірді, ол өз үмітінің ақталмағанына шыдаммен, сабырмен қарай-

тындай дәрежеге жетті. Полковник Аурелиано Буэндианың қайта қорытып, қайта жасайтын алтын балық хикаясының мәнісі Амарантаға енді жеткендей. Сыртқы дүниені ол енді тек терісімен ғана сезетін болды, ол ішкі дүниесі күйкі тірліктің қуаньш-қайғысы жетпейтіндей заңғарға самғап кеткен еді. Ол осыны бұдан көп жыл бұрын түсінбегеніне өкінді, сонда ол өзінің естеліктерін таттан аршып, ғаламды өзгеше құруға жетер ме еді, сонда бейуақта Пьетро Креспидің бойынан таралған әтіргүл иісі мұрнына келгенде мұнша шошымас па еді, сонда жақсы көргендіктен, яки жек көргендіктен емес, тек оның жанын жайлаған жалғызіліктіктің ауыртпалығын ұғып, қарапайым аяушылық сезіммен ғана Ребеканы қайыршылықтан, қайғы-қасіреттен құтқарып қалуға жарар ма еді. Меменің кешкі ас үстінде айтқан сөзінің астарынан қылаң берген өшпенділіктің өзіне арналғанынан шошыған жоқ-ты, Амарантаны қорқытқан нәрсе басқа, ол жас қыздан өзінің осыдан талай жыл бұрынғы жастық шағын, таза, бейкүнә болуға тиіс, бірақ, амал не, көкірегінде жаманшылық, жек көрушілік ұрығы тамырланып, улана бастаған балғын шағын көріп шошыған. Енді еш нәрсені өзгерте алмайтынын білгенде де ол қапаланып, қамыққан жоқ, өз тағдырына әбден мойынсұнған еді. Тек қана кебінін тезірек тоқып бітіргісі келді. Алғашқы кездегідей оны-мұны сылтауратып, жұмысты соза түсудің орнына Амаранта асыға түсті. Жұмыстың бітуіне бір аптадай уақыт қалғанда ол соңғы жөргеуін ақпанның төрті күні жүргізетінін есептеп шығарды да, Мемеге бесіне белгіленген күйсандықтағы концертін, себебін түсіндіріп жатпай, кейінге шегере түруын өтінді, бірақ Меме оның бұл өтінішіне мән берген жоқ. Сонда Амаранта бітіру мерзімін тағы да қырық сегіз сағатқа соза түрудың амалын іздеген, ажал да оның тілегін құп алғандай болды, ақпанның төрті күні қатты дауыл тұрып электр станциясын істен шығарып кетті. Сөйтсе де ертеңінде таңертең Амаранта бұл әлемде, бұрын—соңды әйел қолы тіккен ең әсем кебінге соңғы тігісін жүргізіп, даурықпай, дабырламай, салқын қалпында бүгін кешке өлетінін хабарлады. Үй ішін ғана емес, бүкіл қаланы құлақтандырып шықты, өйткені көпшіліктің алдында текке өткен өмірі үшін кінәсін жуып, тым құрығанда бір қайырымды іс тындырып кеткісі келді, сөйтіп басқа не істей алсын, жұрттың о дүниедегі туған-туысқандарына хат-хабарларын жеткізіп бермек болды.

Амаранта Буэндиа бүгін кешке зәкір көтеріп, желкен

тігіп, жұрттың хаттарын алып, өлілер патшалығына жүзіп кетеді екен деген хабар түске дейін-ақ бүкіл Макондоға таралды, ал күндізгі сағат үште қонақ бөлмеде төбесіне дейін үйілген хат толы аумақты жәшік тұрды. Хат жазғысы келмегендер сәлемдерін Амарантаға ауызша айтып жатты, ол өлген кісінің аты-жөнін, адресін, қайтқан күнін тәптіштеп кітапшасына жазып алып жатты. Мұның бәрі былайғыларға көз қылу сияқты көрінген. Бірақ Амарантаның жүзінде титтей де қобалжу нышаны, не уайым-қайғы табы да жоқ, міндетін адал өтеген жанның алаңсыз кейпі, қайта жасарып кеткендей. Қашанғысындай тіп-тік сұлу мүсінді Амаранта жағының суалып, күрек тістерінің түсіп қалғаны болмаса, өз құралпыластарынан әлдеқайда жас көрінуші еді. Хаттарды қара маймен ысқан жәшікке салуды өз аузымен тапсырып, дым тартып бүлінбеуі үшін моланың ішінде жәшікті қалай қою қажеттігін тәптіштеп түсіндірді. Таңертең ағаш шеберін шақыртып, табыт жасату үшін денесін өлшеттірді, онда да тігіншінің қасында көйлек тіктіргелі тұрған адамдай өзін сабырлы ұстады. Соңғы сағаттарда қақшаңдап, қажыр—жігер танытқаны сонша, тіпті, Фернанданың көңіліне өлем деп өзеуреп, Амаранта бізді тәлкек етіп жүргеннен сау ма деген күмән да кірді. Барлық Буэндиалардың ауырмай өлетін әдетін білетін Урсула Амарантаның өлетінін іштей сезгеніне күмән келтірген жоқ, бірақ қаптап кеткен хабар-ошар, аманат жолдаушылар мынау абыр-сабырдың ортасында сәлем-сауқаттарымыз тезірек жетсін деп қызын тірідей көміп тастар деп қорыққан. Содан Урсула бұрқылдап ұрсып, бұларың не түге деп ренжіп қуып, төрттің шамасында дегеніне жетіп, үйді келушілерден айықтырып алды. Бұған дейін Амаранта да киім-кешегін кедей-кепшікке тегіс таратып беріп, тақтайдан үстіріктеліп жасалған табытында жату үшін бір қабат таза киімі мен өзіне өлген соң кигізуге тиіс өкшелігі жоқ барқыт туфлиін ғана қалдырды. Өйткені полковник Аурелиано Буэндиа өлгенде шеберханасында киіп жүретін шәрқейінен басқа аяғына ілер түк табылмай, жаңа бәтеңке сатып алу керек болған. Амарантаның туфлиін алып қалғаны да содан. Сағат бестердің шамасында Мемені концертке апармақ болып келген Екінші Аурелиано үй-ішінің өлік шығарардай жиылып-терілгеніне қарап қатты таңырқады. Осы шаңырақта дәл сол сәтте ажалдан алшақ тұрған бір адам

болса, ол бәз-баяғы сабырлы қалпында аяқ-қолының сүйелін-күсін тазалап отырған Амаранта еді. Екінші Аурелиано мен Меме бір аптадан кейін қайта тірілуіннің құрметіне ұлан-асыр той жасаймыз десіп, онымен әзілдесіп қоштасты. Амаранта Буэндиа өлгендерге ала бару үшін хат жинап жатыр деген хабар жеткен падре Антонио Исабель бестердің шама-сында ажал құшағындағы жанды арулап аттандыру үшін дереу келіп жеткен-ді, алайда Амаранта жуынатын бөлмеден шыққанша жиырма минуттан астам тосып қалды. Үстінде ұзын шыт көйлегі бар, шашын тарқатып қоя берген Ама-рантаны көргенде, қарт священник алданған екем деген ой-мен киелі сый ала келген ұланды да кері қайтарып жіберді. Дегенмен орайы келген соң ойына алғанын орындамақ бол-ған ол жиырма жыл бойы тәубешілік етпей келе жатқан пендені күнәсінен арылтып, арыздамақ болды. Оған Ама-ранта арым таза, жаным таза, ешкімнің де құдайы көмегінің қажеті жоқ деп бірден кесіп тастады. Мұны естіген Фернан-да шошып кетті. Сонда ол күнәһар күйінде көз жұмуға бел байлап түрған соң мойнына алуға дәті шыдамайтын қандай ауыр күнәға батып еді. О, тоба-ай, деп күңкілдеген болып, Амарантаға әдейі естіртіп айтты. Бұл сөз шамына тиген Ама-ранта шалқасынан жатып, тамам жұрттың көзінше Урсула-ны қасына шақыртып, бейкүнә күйінде дүниеден кетіп бара жатқанын көрсеттіріп куәге тартты.

– Мен үшін ешкім қам жемей-ақ қойсын,–Амаранта Фернанда естісін деп әдейі айғайлап айтты.–Амаранта Бу-эндиа бұл дүниеге қандай болып келсе, сол қалпында кетіп бара жатыр.

Ол содан қайтып түрған жоқ. Науқас адамша жастыққа басын салып, ұзын шашын қос бұрым етіп өріп, құлағынан асыра тастады, табытта осылай жату қажет екенін ажал түсіндіріп кеткен болатын. Содан кейін Амаранта Урсулаға айна алдырып, қырық жылға жуық көз салмаған көркіне қарап, уақыт пен қайғы-шер тоздырған ажарын көріп, өзі осылай шығар-ау деп ойланғандай болып шыққанына таң-данды. Жатын бөлмеде орнаған тыныштыққа қарап, Урсула көз байлана бастағанын бағамдады.

– Фернандамен бақұлдас, – деп жалбарынды ол. – Кешу-шешу ету сәті тату-тәтті өткен тұтас ғұмырдан да артық.

– Қайтесіз соны, енді керегі бола қоймас, – деп жауап қатты Амаранта.

Қолдан жасалған уақытша сахнада қайтадан жарық жанып, концерттің екінші бөлімі басталғанда да Меменің ойынан бір сәтке Амаранта шықпай қойған. Орындап отырған пьесасының орта тұсына жеткенде, әлдекім құлағына болған жайды хабарлап сыбыр етті, қолма-қол концерт те тоқтатылды. Үйге кірген Екінші Аурелиано қаптаған қалың жұрттың арасынан сығылысып өтіп, қыз болып өткен қарт әпкесінің денесіне әрең жетті, айрықша көркем кебінге оранып, сүйкімсіз жүзі қан-сөлсіз, қолындағы қара шүберегі де шешілмеген күйінде жатыр екен. Табыт қонақ бөлмеде хат-хабар салынған жәшіктің қасына қойылыпты.

Амарантаның тоғыз түн күзетінен кейін Урсула жатып қалды да, қайтып басын көтерген жоқ. Оны Санта София де ла Пьедад өз қарауына алды. Тамағына, шайынар суына шейін төсегіне әкеп береді, Макондода болып жатқан жаңалықтарға дейін жеткізеді. Екінші Аурелиано да жиі келіп көңілін сұрап тұрады, неше түрлі киім-кешектер әкеп береді, оның бәрін Урсула күнбе-күн пайдаланатын заттарының қасына қоя берді, сөйтіп қол созым жерде өзіне оқшау бір дүние жасап алды. Мінез-құлқына шейін өзіне тартқан кішкентай Амаранта-Урсула оған қатты бауыр басып кетті, ол тіпті, кішкентай шөпшегін кітап оқуға да үйретіп шығарды. Урсуланың мүлде зағип болып қалғанынан күні осы уаққа дейін бәрі бейхабар, тек нашар көретін болып кетіпті деген ойда, көкірек көзінің ояулығы, сырт көмекті қажетсінбеуі жүз жасаған оңай дейсің бе, кәріліктен шау тартып қалған ғой деген нобай жасатқан былайғыларға. Қолының бостығы, сабасына түскен сара көңілі оның үйішінің тіршілік тынысын жаза баспай тынып таразылап отыруына мүмкіндік берген, сөйтіп Меменің іштей күйзеліп жүргенін алдымен аңдаған да өзі.

– Бері келіп кетші, – деген бірде Урсула бойжеткенге. – Ал енді көзбе-көз қалғанда алжыған кемпір деп қорықпай, жасырмай сырынды айтшы. Сенікі бұл не әуре-сарсаң?

Меме күлген болып, сырғақси берді. Урсула да қадала қойған жоқ, тек бойжеткен бөлмесіне басын сұқпай кеткен соң, күдігі күшейе түсті. Бірақ Урсула Меменің кәзір әдеттегіден ерте тұрып жүргенін, үйден кететін уақыты бо-

лар—болғанша, жанын қоярға жер таппай мазасыз күй кешетінін, таң атар-атқанша көз ілмей көрші бөлмедегі кереуетінде аунақшып шығатынын, бөлмеге кіріп кеткен көбелектің оған үйқы бермей мазасын алатынын сезіп, біліп отырады. Бірде Урсула Меменің әкесіне барам деп үйден шығып кеткенін естіді, осыдан көп ұзамай Екінші Аурелиано келіп, қызының қайда екенін сұрағанда да кәперіне күмән кірмеген Фернанданың аңғалдығына қайран қалды. Фернанда Меменің кинода бір еркекпен сүйісіп отырғанын көріп, бүкіл үйді табанынан тік тұрғызғанға дейін-ақ бойжеткеннің құпия істерінің, шұғыл шаруаларының, жасырын жүріс-тұрысының көбейіп кеткені айдан анық-ты.

Қара басының ғана қайғы-мұңымен болып кеткен Меме бәрін Урсуладан көрген. Шын мәнінде ол өзін-өзі байлап берген еді. Басқаны былай қойғанда, соқырдың күдігін туғызарлық шуда-шуда із қалдырғаны қашан, Фернанда сонша уақыт көз жұмбайлық жасап келсе, көзге көрінбейтін емгерлерімен құпия қарым-қатынас жасаймын деп жүріп байқамай келген. Ақырында қызының мінезінің өзгергенін, оның біресе томсарып, біресе өзінен-өзі селк ете түсетінін, табан астында мінезінің өзгеріп шыға келетінін, ашушаң болып, айтқанды тыңдамай бара жатқанын Фернанда да аңғарған. Фернанда Меменің соңынан қия басқан ізіне дейін байқатпай андитын бақылау қойды. Қызының құрбыларымен бірге жүріп-тұруына да бөгет жасаған жоқ, бұрынғысынша сенбілік салтанатқа барарында да өз қолымен киіндіріп жібереді, қазбалап оны-мұны сұрастырып та қыз көңілінде секем туғызған емес. Меменің сөзі мен ісінің үйлеспейтінін, мүлде басқа сергелдеңмен жүргенін тап бастырмай мойнына салып беретін дәлелдер Фернанданың қолында аз емес-ті, алайда тапжылтпайтын ілік тапқанша шешесі күдігін тырс етіп сездірген жоқ. Бір күні кешке Меме әкесімен киноға баратынын айтып шыққан. Көп ұзамай Фернанда Петра Котестің үй жағынан сауық-сайранның қызғанын көрсетіп, ракеталардың сарт-сұрт атылғанын, басқа аккордеондардың үніне мүлде ұқсамайтын Екінші Аурелианоның аккордеонының үнін естіді. Ол тез киініп, киноға келді, қара күңгірт зал ішінде алдыңғы қатарлардың бірінде отырған қызын айырды. Күдігі расқа шығып, жүрегі алқымына тығылған Фернанда Мемені құшып-сүйіп отырған еркектің түрін де анықтап көре алмады, құлақ түндыратын ысқырық, күлкі,

айғай-шудың арасында оның тебірене шыққан даусын ғана естіп қалды."Кешір, сүйіктім менің", – деген даусы қана құлағына жетті, ол әй-шәйге келмей Мемені сүйреп сыртқа алып шықты, содан, масқара қылғанда, Түріктер көшесіндегі қайшыласқан қалың жұрттың арасымен қолынан жұлқылай сүйрелеген күйінде үйге әкелді де, жатын бөлмесіне кіргізіп сыртынан кілттеп тастады.

Ертеңінде кешкі сағат алтылардың шамасында үйге тағзым жасап бір жігіт келді, Фернанда оны даусынан таныды. Уыздай жас, әрі қам көңіл екендігі байқалады, бұрын сыған атаулыны көрмеген Фернанда оның мұңды қой көздеріне қатты таңырқады, Фернандадан басқа әнтек мейірімділеу әйел болса, кім біледі, оның арманшыл жүзіне қарап, бәлкім Мемеңің көңілін түсінер ме еді. Мейманның үстінде тозған кенеп костюм, аяғында дұрыстау қалпына келтіру үшін қанша тазалап, ақ бояу жақса да еңбекті еш қылып жарылып, жарылып кеткен көнетоз бәтеңке, қолында өткен сенбіде ғана сатып алған кең жиекті шляпа. Оның қатты қобалжып тұрғаны, өмірінде мұндай үрейлі күйді бастан кешпегені сезіледі, бірақ күбіжіктеп, кішірейіп-мүләйімсімей, өзін терезесі тең, көшелі адамдай ұстайды. Ауыр жұмыстан тырнақтары мүйізденіп, кір сіңіп кеткен қолдары демесе, бойынан тумысына біткен бір бекзадалық сезіледі. Соған қарамастан Фернанда салған жерден-ақ қарсы алдындағы адамның қарапайым жұмысшы екенін аңдады. Оның шығарға киер жалғыз костюмін киіп келгеніне шейін, көйлегінің астындағы тәніне банан компаниясы індетінің сіңіп кеткеніне шейін бірден біле қойды. Сол сол-ақ екен, аузын аштырған жоқ. Тым құрыса табалдырықтан да аттатпай қойды, үйдің ішіне сары көбелектер қаптап кеткен соң, дәл алдынан сарт еткізіп есікті де жауып алды.

– Аулақ, аулақ, – деп айғайлады Фернанда. – Мұндай салиқалы шаңырақта шаруаңыз болмасын ендігәрі.

Оның аты-жөні Маурисио Бабилонья еді. Өзі Макондода туып өскен, банан компаниясының шеберханасында механиктің шәкірті болып істеп жүрген. Меме онымен кездейсоқ Патриция Браунмен бірге плантацияға барып-қайтуға автомобиль іздеп шыққанда таныскан-ды. Шофер наукас екен, машинаны жүргізу Маурисио Бабилоньяға тапсырылды, бұл Мемеге жақсы болды, ол көптен көксегеніне

жетіп, шофердің қасына отырып, бүкіл басқару жүйесін көріп алды. Бұрынғы басыбайлы шофердей емес, Маурисио Бабилонья оған бәрін тәптіштеп түсіндіріп берді. Ол кезде Меме сеньор Браунның үйіне жаңа-жаңа келгіштеп жүрген, әрі ол уақытта автомобиль жүргізу әйел затына жараспайтын іс саналушы еді. Сондықтан да ол автомобиль жайлы алған жалпы түсінігін қанағат тұтқан да, бірнеше ай бойы Маурисио Бабилоньяны кезіктірмей кеткен. Плантацияны аралап жүрген кезінде оның ер пішінді қайратты жүзі ұнап қалғанын, тек қана барбиған кір қолы ғана ерепейсіздеу көрінгенін, сосын Патриция Браун екеуі отырып, оның өзімшіл менмендігінің жағымсыз әсер қалдырғаны жайлы сөз қылғандарын кейіннен есіне түсірді. Содан кейін бірде сенбі күні әкесімен киноға барған Меме тағы да Маурисио Бабилоньяны көрді, үстінде сол баяғы кенеп костюмі бар, өздеріне тақау тұста отыр екен. Оның фильмде көп ісі жоқ сияқты, қайта-қайта бұрылып өзіне қарай бергенін байқады, оны көргісі келіп, үздігіп отырғаннан емес, оған өзінің қарап отырғанын сездіріп әдейі солай істегенін түсінді. Меме оның бұл тәсілінің тәлімсіздігіне іштей ыза болды. Сеанс біткен соң Маурисио Бабилонья Екінші Аурелианоға жолығып сәлемдесті, соған қарап Меме олардың бұрыннан таныс екенін білді, бір кезде ол Мұнды Аурелианоның шағын электр станциясында істеген еді, содан болар Меме оның әкесімен бағынышты адамша ізетпен тіл қатысқанын аңғарды. Мұның өзі Мемені жігіттің менмендігінен туған жаратпаушылық сезімінен арылтқандай болды. Олар оңаша кездескен де емес, аман-есендіктен басқа тіл қатысқан да емес, әйтеуір, ол бір күні Меменің түсіне кірді, ол кеме апаты кезінде өзін құтқарып жүр екен дейді, неге екені белгісіз, бұл оған риза болудың орнына, ыза болып жүр. Түсінде Меменің өзі оған сондай ерлік жасайтындай жағдай туғызған көрінеді, ал Меменің Маурисио Бабилоньядан ғана емес, өзіне ілтипат білдіре қалғандай болса, басқа жігіттерден де күткені бұл емес-ті. Ал ұйқысы ашылып кеткенде ол Маурисио Бабилоньяны жек көрудің орнына аңсары ауып оны-мен кездескісі, сөйлескісі келді, сол үшін өзінен-өзі ашынды. Күн өткен сайын оны көргісі келіп, тағаты таусыла бастады, ал сенбі күні мүлде бәшересі кетіп, Маурисио Бабилонья өзіне сәлем берген кезде жүрегі алқымына тығы-

лып, тынысы тарылып кеткенін сездіріп алмас үшін бойын зорға тежеді. Көкірегін қатар кернеген қуаныш пен ызадан көзі бұлдыраған қыз оған түңғыш рет қолын ұсынды. Маурисио Бабилонья түңғыш рет қолын қысты. Қас қағым сәттің ішінде аңдаусыз әрекет жасағанын ойлап опынған қыз, келесі сәтте оның қолының да мұздай болып тершіп тұрғанын сезіп, жүрегі жай тапты. Маурисио Бабилоньяға текке тыраштанып дәмеленіп жүргенін көзіне шұқып дәлелдемейінше, көңілінің жай таппайтынын түнде айқын түсінген, тіпті бір апта бойына басына басқа бір ой келген жоқ. Патриция Браунды автомобильмен серуендеуге шығарудың неше түрлі амал-айласын қарастырып еш нәтиже шығара алмаған. Әрең дегенде әлгі жирен шаш американдықтың Макондоға келе қалуын пайдаланып, жаңа машиналардың үлгісін көреміз деген сылтаумен оны қоярда-қоймай гаражға ертіп апарған. Маурисио Бабилоньяны көрген сәтте-ақ Меме өзін-өзі текке алдаусырататынын ұқты, бар болғаны онымен оңаша қалғысы келіп өліп-талып жүргенін түсінді. Қызды есіктің аузынан көрген сәтте-ақ жігіт те оның көңілін жазбай таныды, мұны аңдап қалған Меме ашуланып, алабұртып шыға келді.

– Машиналардың жаңа үлгілерін көруге келдім, – деді Меме байсалды болуға тырысып.

– Несі бар, оңды сылтау, – деді ол мырс етіп.

Оның менмендігінің жалыны жанын шарпып өткен Меме Маурисио Бабилоньяны табан астында тәубесіне түсіріп, кемсітетін сөз аузына түспей, сасып қалды. Ол қыздың аузын аштырып үлгертпеді. "Қапа болмаңыз,– деді ол сыбырлай сөйлеп.–Еркекті ойлап әйелдің есінен айрылғаны бір бұл емес". Көңілі қоңылтақсып, өзінің қорғансыздығын сезінген Меме жаңа үлгілерге көз қырын да салмай гараждан тайып отырудан басқа амал таппады, түні бойы ол төсегінде аунақшып көз ілмей, долданып жылап шықты. Шынын айтқанда, бірте-бірте көңілін аулай бастаған жирен американдық енді оған жөргектегі сәбидей көрінді. Маурисио Бабилоньяның алдын орап, сары көбелектердің ұшып жүретінін де байқағаны сол кезде. Ол көбелектерді бұрынырақта, көбінесе гаражда кезіктірген, онда бояудың иісіне ұшып келетін шығар деп ойлап қойған. Бірде қара көлеңке кино залында отырып та Меме

көбелектердің төбесінде ұшып жүргенін байқады. Қыр соңынан қалмай қойған елес құсап, қаумалаған қалың көптің ортасында жалғыз өзі көзіне оттай басылып, Маурисио Бабилонья қарсы алдынан шыға бергенде ғана Меме сары көбелектердің оған бір қатысы барын іштей сезген-ді. Концерттерде, киноларда, шіркеуге мінәжат ете барғанда Маурисио Бабилонья әрдайым қалың көпшіліктің ортасында жүретін, оны көргісі келсе болды, Меме көзімен сары көбелектерді іздеп тауып ала қояды. Көбелектердің ызыңы бірде құлақ етін жеген Екінші Аурелиано мазасы кетіп күңкілдей бастағанда, Меме берген уәдесін орындап әкесіне жүрекжарды құпиясын айтып қоя жаздады да, бірақ бұл жолы әкесінің әдеттегідей: "Мұны шешең ести көрмесін",– деп күлмейтінін іштей сезіп, тілін тістей қойды. Тағы бірде таңертеңгілікте Фернанда мен Меме раушан гүлдерін қырқып, тәртіпке келтіріп жүрген, Фернанда кенеттен айғайлап жіберді де, қызын басқа жаққа қарай сүйрелей жөнелді, кезінде Меме тұрған жерден Әсем Ремедиос көкке көтеріліп кеткен болатын. Фернанда төңірегіндегі ауаның толқи бастағанын байқап қалып, баяғы ғажап бұл жолы қызына келген екен деп, шошып кеткен. Бірақ бұл көбелектер болатын. Олар кенеттен күн сәулесінен шыққандай Меменің көз алдына көлеңдеп толып кеткенде, қыз жүрегі зырқ ете қалды. Сол сәтте баққа пакет ұстаған Маурисио Бабилонья кіріп, қолындағысын Патриция Браунның сыйлығы еді деп, қызға ұсына берді. Беті ду ете қалған қыз өзін-өзі зорға билеп көңілдене жымиған раймен, қолының кір екенін айтып, пакетті дәліздің сәкісіне қоя салуын өтінді. Фернанда бірнеше айдан кейін, тіпті, бір рет кезіктіргенін ұмытып, үйінен қуып шығатын адамға көңіл тоқтатып қараған да жоқ, тек аурушаңдығын аңғартып тұратын жүзіндегі сарғыш реңді аңдап қалыпты.

– Бір түрлі адам екен, – деді Фернанда. – Сарғайып кеткеніне қарағанда бұл жалғанда көп жүре қоятын жан емес-ау, сірә.

Меме шешесінің көз алдынан сары көбелектер кетпей тұр екен деп ойлады. Гүлдерді қырқып болғаннан кейін қолын жуып, пакетті жатын бөлмесіне алып кіріп, ашып көрді. Ішінде қытай ойыншығына ұқсас, бірінің ішіне бірі салынатын бес қорапша, оның ең кішкенесінің ішінде әрең

қара танитын біреу айдақ-сайдақ жазуымен: “Сенбі күні кинода кездесейік”, – деп анық етіп жазған тілдей ашық хат жатыр екен. Пакет дәлізде біраз жатып қалған-ды, Фернанда ішінде не бар екен деп көз салуы мүмкін-ау деген ойдан Меменің жүрегі тас төбесіне шықты. Дегенмен Маурисио Бабилоньяның тапқырлығы мен батылдығы ұнап қалды. Алайда қыздың шымбайына батқаны оның келмегенде қайда барасың дегендей өктем рай танытуы еді. Сенбі күні кешке Екінші Аурелианоның қолы босамайтыны Мемеге жақсы мәлім. Бірақ апта бойы жанын қоярға жер таппай қобалжып жүрді де, сенбі күні әкесін өзі киноға алып барып, сеанс біткен соң қарсы алуға көндірді. Залдың жарығы жанып тұрғанша төбесінде сусылдап түнгі көбелектер ұшып жүрді. Бәрі де содан кейін басталды. Жарық өшісімен-ақ, Маурисио Бабилонья қасына келіп отырды. Меме өзін ми батпаққа батып, малтығып шыға алмай жүрген дәрменсіз адамдай сезінді, түсіне кіргеніндей, өзін бұл күйден құтқаратын жалғыз пенде баласы мына қара көлеңке залда түрі-түсі бұлдырап көрініп отырған, үстінен машина майы аңқыған осы кісі ғана секілденді.

– Егер келмей қалсаңыз, – деді ол, – онда мені бұдан былай мәңгі-бақи көрмейтін едіңіз.

Меме тізесіне салған оның қолының салмағын сезді, осы сәттен бастап екеуінің де қорғансыз емес екенін ұқты.

– Сенің адамды ыза қылатын бір мінезің бар, – деп жымиды Меме. – Ылғи айтпай-ақ қоятын нәрсені айтатының.

Қыз оған есі кетіп ғашық болды. Ұйқысы қашты, тәбетінен айрылды, іштен тынып өзімен-өзі болып кетті, тіпті, әкесінен қашқақтайтынды шығарды. Фернанданы шатастырып кету үшін пәлен жерге шақырылдым, пәлен шаруам бар деп, ұзын-сонар шым-шытырық тізім жасады, құрбы қыздары да жайына қалды, беттің арын белге түйіп, қай жерде, қай уақытта болса да, әйтеуір, бір сылтау тауып Маурисио Бабилоньямен кездесуге құба-құп. Бастапқыда қызға оның дөрекілігі жақпай қалды. Алғаш рет гараждың сыртындағы алаңқайда оңаша қалғанда, ол аярлық көрсетіп қызды адам айтқысыз күйге жеткізген, Меме сонда буын-буыны құрып, қатты шаршаған еді. Бұл да аймалаудың бір түрі екенін Меме кейіннен ұққан, содан былай жатса да,

түрса да ғашығын ойлап, машина майы мен борпық тастың иісін сәт сайын аңсап тағатынан айрылды. Амаранта қайтыс болардың аз-ақ алдында Меме бір сәтке алды-артын парықтай алатындай күйге жетіп, болашағының бұлыңғыр екенін ойлап қамыққан. Сонда ол карта ашып, болашақты болжайтын әйел барын естіп, соған баруға бекінді. Бұл – Пилар Тернера еді. Ол Мемені көрген жерден-ақ қандай себептің қызды өзіне айдап әкелгенін айтпай-ақ түсінді."Отыр, – деген ол қызға. – Буэндиалардың тағы біреуінің тағдырын айтып беру үшін маған карта ашып жатудың қажеті жоқ". Меме жүз жасаған мына күпсектей мыстанның өзінің үлкен әжесі екенін білген жоқ, сол бетінде білмей кетті. Қысылып-қымтырылмай-ақ адамды дел-сал етіп, сенделтіп жүретін махаббат құмары тек төсекте ғана тарқайды деп бетің-жүзің бар демей қойып қалған Пилар Тернераның өзіне сондай жақындығы барына Меме айтса да сенбес еді. Кемпірдің пікірі де Маурисио Бабилонья айтқан түстан шықты, бірақ оған Меме жүрегінің терең түкпірінде білімі жоқ, тоқығаны шамалы қара жұмысшының пайымы санап сенбеген-ді. Ол тән құмары мен жан құмары біріне-бірі қайшы, тойынған адамның асқа қарамайтыны секілді, мұнда да бірі болса бірі жоқ деп ойлаушы еді. Пилар Тернера мәселені бірден шешіп берді, ол Меменің күмәнін сейілтіп қана қойған жоқ, бір кезде Меменің атасы Аркадио бойына біткен, кейіннен немере атасы Аурелиано Хосеге жүкті болған арқаннан тоқылған төсегін де қалауына қарай қарауына беретінін айтты. Онымен қоймай Мемеге қыша басып, жүкті болып қалмаудың жолдарын үйретті, ал енді ондай мұнар күн туа қалса деп, басқаны былай қойғанда, "ар азабынан да арылуға" мүмкіндік беретін неше түрлі ішірткілер жазып берді. Мүннан Меме құрбы қыздарымен арақ ішетін күнгідей бойына қайрат-жігер бітіп шықты. Алайда Амарантаның ажалы бел буған ісін ұзатпай жүзеге асыруға тұсау салды. Тоғыз күзет түні өткенге дейін де үнемі үйден үзілмеген қара-құра адамдардың арасында жүрген Маурисио Бабилоньядан көз жазған жоқ. Содан соң үйден аттап бастырмайтын ұзын-сонар аза тұту басталды, ғашықтардың біраз уақыт кезікпей тұра тұрудан басқа лажы болған жоқ. Бұл бір іштей елжіретіп, ындынын құртып ынтызар еткен, құмарлық бойын жайлап, есін

алған күндер болды, үйден шығудың ыңғайы түсісімен-ақ Меме Пилар Тернераның үйіне тартты. Үлкен әжесінің сабағы зая кеткен жоқ, ол Маурисио Бабилоньяға қарсылық та көрсетпей, қысылмай, қылымсымай бірден берілді, бұл шаруаға зеректік, бейімділік танытып, әлдебір кемеңгер түйсіктің түртпегімен ұмсынды, кінәмшіл, күмәншіл басқа еркек болса, кім біледі, оның бұл қарекетін тәжірибелігі санап, дік алып қалуы да мүмкін еді. Қызын шешесінің қыспағынан құтқармақ ниетпен, қызының басқан ізінің бәріне аңқау көңіл, ақ ниетпен өзі де білмей кепілдік беріп келген Екінші Аурелианоның арқасында олар үш ай бойы аптасына екі рет құмардан шығып жүрді.

Фернанда Меме мен Маурисио Бабилоньяны кинода қапияда үстерінен тап басқан күні кешке өзін кінәлі сезінген Екінші Аурелиано өзіне берген уәдесі бойынша болған жайды бастан-аяқ баяндап берсе, шері тарқап, көңілі аршылар, сергір деген оймен қызының қамауда отырған бөлмесіне кірген еді. Бірақ Меме бәрінен танып шыға келді. Уәж тыңдар, айтқанға көнер қызы жоқ, жалғыз қалғысы келген сыңай танытады, Екінші Аурелиано екі үдай күйге түсті, қызымен арасындағы дәнекер мүлде үзілгендей, араларындағы өзара толық түсіністікке негізделген тап-тамаша қарым-қатынас мүлде болмағандай, соның бәрі өткен күндердің алдамшы елесіндей ғана көрінді. Бұрын қожайыны болғаны да бар, бір сөзім өтер, алған бетінен қайтар деген оймен Маурисио Бабилоньямен сөйлесіп көруге де оқталған, бұл райынан әйелдердің шаруасына араласпа деп Петра Котес қайтарды, сөйтіп ол осынау оқшаулығы да қызын азабынан арылтар деген дәмемен әрі-сәрі күйде қала берді.

Өзінің бұл күйіне қиналып жүрген Меме жоқ секілді, көрші бөлмедегі Урсула естіп жатады, қайта бұрынғыдай емес түн баласында тыныш ұйқтайтын болған тәрізді, күндіз бейілін беріп күнбе-күнгі шаруаларымен шұғылданады, уақтылы тамағын ішеді, асқазаны да бұзылған сыңай білдірмейді. Мемені екі ай бойы қамауда ұстағанда Урсулаға бір ғана нәрсе – оның шомылатын бөлмеге басқалар құсап таңертең емес, кешкі жетіде баратыны бір түрлі күмәнді көрінген. Тіпті, бірде ол байқағайсың, бүйі шағып алмасын деп сақтандырғысы келген-ді, алайда өзінің осындай пұшайман күйге түскені үшін ұлы әжесін кінәлі санайтын Меме

одан сырттап жүретін болған еді де, Урсула қарттың мылжың ақылы кімге керек, мазасын алмайын деген ойға тірелген. Іңір қараңғылығы үйіріле үй ішінде сары көбелек қаптап кететінді шығарды. Күнде кешке шомылатын бөлмеден шығып келе жатқан Меме мүрнына су жетпей дәрі шашып қырып жүрген Фернанданы көреді. "Бұл не пәлекет болды, – дейді абыржыған Фернанда. – Түнгі көбелек бақытсыздыққа көрінеді дегенді талай естіген ем". Бірде Меме шомылып жатқан кезде оның бөлмесіне кездейсоқ кіре қалған Фернанда ауызға, көзге тығылып қаптап кеткен көбелекті көрді. Қолына түскен шүберекті ала салып, көбелектерді қумақ болып сілтеп қалғаны сол еді, еденге шашылып кеткен қыша қағаздарын көргенде қалшиды да қалды, қызының кешкі шомылуының мәні санасына сонда жеткендей болды. Бұл жолы Фернанда анадағыдай қолайлы сәтті тосып күйбеңдеген жоқ. Ертеңінде-ақ өзі сияқты тау жақтың түрғыны болып келетін, таяуда ғана тағайындалған қаланың алкалын түстікке шақырып, біреулердің түн баласында тауық қораға кіріп, тауық ұрлап жүр ме деген күмәні барын айтып, аула жақтағы ішкі есікке күзет қоюын өтінді. Бірнеше сағаттан кейін күзетші соңғы екі ай бойы күнде кешке шомылатын бөлмедегі көбелек пен бүйілердің арасында махаббаттан бойы қалтырап, тыр жалаңаш тосып отырған Мемеге түспек болып шатырдың кірпішін көтере берген Маурисио Бабилоньяны атып, жалпасынан түсірді. Дәл жуан омыртқаға тұрып қалған оқ Маурисио Бабилоньяны өлеөлгенше төсектен тұра алмайтын сал қылып тастады. Ол жалғыздықтан жапа шегіп қартайып өлді, ол ешкімге мұңын да шаққан емес, ешкімді қиянаттап, кінәлаған да емес, ешкімді ұстап та берген емес, тауық ұрлаушы ретінде елге мазақ болған, сары көбелектер соңынан қалмай мазасын алған бір бейбақ қалпында естеліктері титықтатып, көз жұмды. Меме Буэндианың ұлын үйлеріне әкелген кезде күллі Макондоға өлтіре соққы беретін оқиғалар көкжиектен қылаң бере бастаған еді. Басқалардың үй-ішіндегі шатақ жөніне түрсын, қала халқы басымен қайғы болып кеткен, Фернанда да осы қолайлы сәтті пайдаланып, дүниеге нәресте келмегендей оны тыға тұруды жөн көрді. Жиенін алмай қоюдың қаразын таппаған, оны үйге әкелгендегі жағдайдың өзі бас тартуына мүмкіндік бермеген. Қаласын, қаламасын, Фер-

нанда өле-өлгенше осы балақанға төзуге мәжбүр болған, бір кезде іштей хауыздағы суға тұншықтырып тастауға да бекінген еді, бірақ шешуші сәтте дәті шыдамады. Оны полковник Аурелиано Буэндианың бұрынғы шеберханасында жасырып ұстады. Фернанда Санта София де ла Пьедадты баланы өзенде кәрзеңкенің ішінде ағып келе жатқан жерінен ұстап алдым деп сендіріп қойды. Урсуланың пешенесіне тағдыр оның дүниеге келу құпиясын білмей өтуді жазған екен. Фернанда нәрестеге шеберханада тамақ беріп отырғанда, үстерінен түскен кішкентай Амаранта-Урсула да кәрзеңке туралы хикаяға құлай сенген еді. Меменің бүкіл өмірін өксіткен хайуандық қылығынан кейін әйелінен мүлде суынып кеткен Екінші Аурелиано бұл фәниде жиені барын тура үш жыл өткен соң бір-ақ білген-ді, жиенін Фернанданы жер соқтырып кетіп қамаудан құтылып, адамнан гөрі энциклопедиядағы кісі жегіштің суретіне көбірек ұқсайтын кейіпте — тыр жалаңаш, тарақ көрмеген шашы үйпа-түйпа, сорасы ағып тұратын күрке тауықтың түмсығы тәрізді еркек нышаны шолтаңдап, дәлізге жүгіре шыққан бетінде түңғыш рет көрген болатын.

Фернанда өзінің тұрлаусыз тағдырының тарапынан мұндай қатыгездікті тоспап еді. Мына нәресте осы әулеттің басына түскен масқараны өзімен бірге қайта ала келгендей болды, Фернанда одан мәңгі құтылдық деп ойлаған. Жаралы Маурисио Бабилоньяны алып кетпей тұрып-ақ, ол мына масқарадан арылудың жай-жапсарын бүге-шігесіне дейін ойластырып қойған еді. Күйеуімен де ақылдаспай ертеңіндеақ өзінің қол жүгін жиды да, кішкене шамаданға қызының үш қабат іш киімін салып, поездың кетеріне жарты сағат қана қалғанда Меменің жатын бөлмесіне кірді.

— Кеттік, Рената, — деді ол.

Қайда бара жатқандарын Фернанда да айтқан жоқ, Меме де сұраған жоқ, оның, тіпті, білгісі де келген жоқ. Мемеге бәрібір, қасапханаға апарса да мейлі деген адамның райымен соңынан ере берді. Аула ішінен атылған мылтық даусы шығып, ауырсынған Маурисио Бабилоньяның ащы айғайын естіген сәттен былай Меме үндеген жоқ, содан өмірінің ақырына дейін тіс жармай өтеді. Шешесі жатын бөлмесіне кіріп, жүретіндерін айтқан соң да, Меме жуынып, таранған жоқ, сол қалпында жүре берді, төбесінде топ-

талып үшып жүрген сары көбелектерге де назар аудармай, үйқылы-ояу мәңгүрт адамша поезға келіп отырды. Қызының неге тілден тыйылғанын, әдейі қасарысып тас болып қатқанын немесе басына тиген ауыр соққыдан есеңгіреп қалғанын Фернанда да сол бойы білген жоқ, білуге де тырысқан жоқ. Меме ата-бабалары сырын аша алмаған сиқырлы жерлерден қалай асқанын да аңғарған жоқ. Темір жолдың қос қапталымен жарыса жүретін ұшы қиырсыз саялы банан плантацияларын да көрген жоқ. Гринголардың аптап пен шаң-тозаң құртқан бақтары бар ақ шатырлы үйлерін де, олардың саябандарында карта ойнап отырған қысқа шалбар, көк жолақ ақ кофталар киген әйелдерді де көрген жоқ. Шаңдақ жолда банан тиелген лауларды тартып келе жатқан өгіздерді де көрген жоқ. Мөлдір сулы өзендерді торсиған төстерімен жолаушы қауымын күрсіндіріп балықша шоршып ойнаған қыздарды да көрген жоқ, жұмысшылар тұратын тұрқы да, түрмысы да нашар барақтарды, олардың айналасында үшып жүрген Маурисио Бабилоньяның сары көбелектерін, есік-есіктің алдында құмандарда отырған арық, бозарған балаларды, өтіп бара жатқан поездың соңынан аузына келген былапыт сөздерді айғайлап тұрған шермеңдеген екіқабат әйелдерді де көрген жоқ. Ертеректе әдиярат мектебінен келе жатып осы көріністерге қарап, Меме жадырап сала беретін, енді көз алдынан көлеңдеп өтіп жатса да, көңілін селт еткізер емес. Ылғал мен қапырық ескен плантациялар бітіп, поезд әлі күнге шейін испан кемесінің шіріген қаңқасы қалқайып тұрған көкнәр қаулап өскен алқапты қуалап өтіп,шыңылтыр ауалы жазық арқылы осыдан жүз жылдай бұрын Хосе Аркадио Буэндианың бүкіл арман-мұраты күл болған көпіршік атқан кір теңіздің жағасына шыққанда да Меме терезеге көз салған жоқ.

Кешкі сағат бесте поезд жазықтағы соңғы станцияға жетіп, Фернанда Мемені вагоннан жетелеп алып шықты. Содан олар жемікпеге шалдыққан адам сияқты қырылдап, қансорпасы шыққан мәстек жеккен жарқанат тәрізді пәуескеге мініп, жадау қаланың үстінен өтті, оның қаңыраған ығы-жығы бос көшелерінің, теңіз түзынан жарылып-жарылып, соры шыққан жерінің үстінде Фернанда жас шағында түскі дамыл тұсында күн сайын еститін әуендер қалқып тұр. Содан олар темір қаптамалары от жағылған пештей бет қарып тұрған, ағаш доңғалақтары шылп-шылп су күреп зыңыны қашыратын өзен кемесіне мінді. Меме содан каюта-

сынан қайтып шыққан жоқ. Фернанда күніне екі уақ оған төсегіне ас әкеп береді, онысын ауыз тимеген қалпында күніне екі уақ қайта алып кетеді, Меме тамаққа қарай алмайды, қара су ішсе де қайта құсып тастайды, әйтпесе аштан өлейін деген ойы жоқ. Қыша қойғаннан қайыр болмағанынан Меме әлі күнге бейхабар, нәрестені бір жыл өте үйіне көтеріп әкеліп салғанша, болған жайдан Фернанда да бейқам қалып еді. Қапырық каютада темір қабырғалардың дірілі мен кеменің ағаш доңғалағы шылаған балдырлардан шығатын сасық иістен берекесі кеткен Меме күндердің есебінен жаңылды. Арада талай уақыт өтті, көз алдында желдеткіштің зырылдауығына қағылып, ең соңғы сары көбелек те құлап түсті, сонда ғана ол Маурисио Бабилоньяның баз кешкеніне, енді оның бұл жалғанда жоқ екеніне көз жеткізді. Бірақ Меме ғашығын көкірегінен қарыс тастаған жоқ. Қашыр мініп итпектеп, Екінші Аурелиано әлемдегі ең ажарлы әйелді іздеп сенделген сағым бұған сары шөл арқылы келе жатқанда да оны ойлаумен болды, үндістердің тар соқпағымен тауға көтеріліп, отыз екі шіркеуінің қоңыраулары ның қайғылы үні күңіренген қапалы қаланың тік өрлейтін тас көшелеріне кіргенде де ол жайындағы ойы тежелген жоқ. Бұл түнді олар ескі, иен қалған үйдің алабота өсіп кеткен бөлмесінде Фернанда еденге төсеген тақтайлардың үстінде жатып өткізді. Ол терезелердің әлдеқашан албажұлба болған пердесін жұлып алып, қурап қалған ағаштың бұтағына іліп қойды, әбден тозығы жеткен мата сәл дірілденак тоз-тоз болып ұшып жатыр. Меме қайда келгендерін шамалады, өйткені түнде ұйқтай алмай жатқанда, қасынан баяғыда жаңа жылдың қарсаңында қорғасын табытқа салып әкелген адам қара киініп өтіп, қатты шошынған. Ертеңінде мінәжат өтегеннен кейін оны Фернанда сырты жадау бір ғимаратқа ертіп әкелді. Шешесінің өзін ханша болуға даярлаған әдиярат туралы әңгімесін ұмытпаған Меме мұның не жай екенін жазбай танып, сапарларының осымен тәмам болғанын пайымдады. Фернанда қабырғаның ар жағында әлдекіммен сөйлесіп отыр, жағалай майлы бояумен салынған испан епископтарының суреті ілінген қабылдау бөлмесінде қалған Меме қара гүлді жеңіл көйлегін, шөлдің ызғары жеп, ақ жем болған биік қоныш бәтіңкесін тастамаған еді, қалты-

рап тоңып кетті. Қабылдау бөлмесінің ортасында терезелерден төгілген сары сәулелерге шомылып тұрған Меме Маурисио Бабилонья туралы ойдың құшағында еді, сол сәтте қолына өзінің үш қабат таза іш киімі салынған шамаданын ұстап көрші бөлмеден аса бір нұрлы жүзді сопы әйел шықты. Ол қыздың қасына тақағанда да тоқтамай, тек қасынан өте бергенде қолын ұсынып:

— Кеттік, Рената, — деді.

Меме созған қолды алып, салбырап соңынан еріп жүре берді. Фернанда қызын соңғы рет өзінің ізінше жабылған әдияраттың темір торлы қақпасының ар жағынан көрді, ол аяғын сопы әйелмен бірдей алуға тырысып, кібіртіктей басып бара жатыр екен. Меме Маурисио Бабилоньяны, оның бойынан шығып тұратын машина майының иісі туралы, төбесінде бұлтша үйіріліп соңынан қалмайтын сары көбелектер туралы ойлап бара жатты, ол өмірінің соңғы сағатына дейін, сол бетінде жақ ашпай әбден кәрілік жетіп бөтен біреудің атымен Краковтың қара күңгірт, қапас ауруханасында алыс бір күздің таңында көз жұмғанша күн сайын сол туралы ойлаумен өтеді.

Фернанда Макондоға қарулы полицейлер күзеткен поезбен қайтып оралды. Жол үстінде ол жолаушылардың әлденеге алаңдаған жүздерін, қалалар мен селендердің көшесіндегі әскерлерді көріп, әлдеқандай елеулі оқиғаның айғағындай болып, төңіректі тылсым тымырсық торлап тұрғанын сезіп таңданды, Фернанда Макондоға келіп, Екінші Хосе Аркадионың банан плантациясының жұмысшыларын ереуіл жасауға итермелеп жүргенін естіп білгенше түкке түсінген жоқ. “Ендігі жетпегені осы еді, — деп ойлады Фернанда. — Бұл шаңырақтан анархист қана шықпаған-ды”. Ереуіл екі аптадан кейін басталды да, жұрт қауіптенгендей болған жоқ, ешбір қайғылы оқиғасыз тынды. Жұмысшылар жексенбі күндері банан кесіп, тиеуден бас тартты, олардың бұл талабында ешқандай асылық жоқ еді, оның құдай заңына еш қайшылығы жоқ деп падре Антонио Исабельдің өзі құптаған-ды. Осы ереуілдің де, содан кейінгі айларда да бірінен кейін бірі бұрқ-бұрқ ете қалған басқа ереуілдердің де жеңіспен тынуы бұған дейін тасада қалып келе жатқан, жұрт қалаға француздың салдақы қатындарын қаптатқаннан басқа еш нәрсеге қабілетсіз санап қойған Екінші Хосе

Аркадионың бейнесін көп алдында бір марқайтып тастады. Баяғыда батыл қадам жасап, кеме қатынасын орнатам деп сандырақтап, таластыратын жә деген қораздарын сатып жіберетіні сияқты Екінші Хосе Аркадио тағы да көзсіз ерлікке басып, банан компаниясының бақылаушысы қызметінен бас тартты да, жұмысшылардың жағына шықты. Көп ұзамай ол қоғамдық тәртіпке қас халықаралық топтың тыңшысы деп жарияланды. Неше түрлі қорқынышты қауесет кеулеген аптаның бір түнінде Екінші Хосе Аркадио өзінің астыртын жиналыстан шығатын кезін аңдыған біреудің тасадан атқан төрт оғынан ғайыптың күшімен аман қалды. Кейінгі айларда қауіп-қатер лебі бұрынғыдан күшейе түсті, соуле түспейтін әлемде жарық дүниеден жырақ қалған Урсуланың өзі өзегін жарып шыққан перзенті Аурелианоның қалтасына бүлікшілік тастарын сықай толтырып алып, лаң салатын кездердегі сияқты ахуалдың қайта туғанын сезіп отырған. Бастан кешкен оқиғалары жайлы сұрастырып білмек болып Екінші Хосе Аркадионы іздеттіріп еді, Еінші Аурелиано қастандық жасалған түннен бері сыңарының қайда екенін жан баласы білмейтінін айтты.

— Айнымаған Аурелиано, — деп күңк етті Урсула. — Сірә, дүниенің бір ізбен айнала беретіні рас-ау.

Фернанда бұл күндердің әуресінен алыс, өзімен өзі. Меменің тағдырын ақылдаспай, келіспей өз қалауымен шешкеніне зығырданы қайнаған күйеуімен арадағы қатты керістен кейін Фернанда сыртқы дүниемен қарым-қатынастан мүлде тыйылған. Екінші Аурелиано, керек болса, полицияның көмегіне жүгініп, әдияраттан қызын босатып алып қайтатынын айтып қоқиланғанда айылын жимаған Фернанда оған Меменің сопылық тірлікті өз ықтиярымен қабылдағанын әйгі ететін қағазды көрсетіп мысын құртты. Шындығында, Меме бұл қағаздарға алдын-ала емес, әдияраттың темір қақпасынан аттап кірген соң, өзін үйден алып кетерде қыңқ етіп, қарсылық білдірмегені сияқты, бәріне де көнген, бәрінен де безген адамның райымен бір-ақ қол қойған. Маурисио Бабилоньяның үйлеріне тауық ұрлай түскеніне сенбеген Екінші Аурелиано әйелінің көлденең тартқан дәлелдерінің бірде-біріне шын бейілімен иланбаған еді, алайда ол осы долбарды да көңіліне тоқ тұтып, арын аршып алды да, олардың анық-қанығын салмақтап жанын ауыртып жат-

пай, Петра Котестің қолтығының астына қайта кіріп, жаюлы дастарқан, армансыз сайранына қайта басқан. Бүкіл қаланы жайлап алған қауіп-қатерде де шаруасы жоқ, Урсуланың жан шошытарлық сәуегейліктеріне де құлақ аспаған Фернанда Хосе Аркадиоға ұзын сонар хат жолдап, оның қарындасы Ренатаның сары ауруға шалдығып, бақыл болғанын хабарлады. Сосын Амаранта-Урсуланы Санта София де ла Пьедадтың қарауына бүтіндей тапсырды да, Меменің басындағы бақытсыздыққа байланысты үзіліп қалған көрінбейтін емгерлерімен байланысын қайтадан қалпына келтіру қамына кіріскен. Ең алдымен ол телепатиялық операция өткізілетін нақтылы күнді белгіледі. Бірақ көзге көрінбейтін емгерлер Макондодағы тәртіпсіздік тыйылмайынша операция жүргізу абайсыздық болар еді дегендей бұлдыр жауап қатты. Қаладағы жағдайдан мүлдем бейхабар, тағаты таусылған Фернанда бар пәле қайнысының ақымақ қылықтарында болып түр, бір кезде қораз таластырумен, кеме жолын салумен елдің есін шығарған сорлы енді кәсіподақ дегенді тауып, жүртты әурелеп жүр, әйтпесе ешқандай берекесіздік атымен жоқ деген түсінік берді. Қолына себет ұстаған қартаң монахиня келіп, аспан айналып жерге түскендей ыстық сәрсенбіде есіктерін қаққанда, олар әлі бір байламға тоқтай алмаған еді. Есік ашқан Санта София де ла Пьедад біреудің беріп жіберген сыйы екен деп монахиняның әдіптеп тоқылған әдемі шілтермен жабылған жүгін алмақ болып қолын созды. Бірақ кемпір бермеді, донья Фернанда дель Карпио де Буэндианың өз қолына құпия табыс ет деген қатаң бұйрығы барын айтты. Кәрзеңкедегі Меменің ұлы екен. Фернанданың бұрынғы тәлімшісі хатында нәрестенің осыдан екі ай бұрын туғанын және шешесі тілегін айтып тіс жармай қойған соң, өздері амалсыздың күнінен оны атасының құрметіне Аурелиано деп ат беріп, шоқындырғандарын атап жазыпты. Тағдырдың мына тәлкегін естіген Фернанда талып құлай жаздаған, бірақ монахиняның көзінше сыр бермеуге қайраты жетті.

— Қайтеміз енді, өзенде ағып келе жатқан кәрзеңкенің ішінен тауып алдық деп қоярмыз, — Фернанда жымиюға жарады:

— Бұған кім сене қояр екен? — Монахиня күмән білдірді.

— Қасиетті жазудағы осындай оқиғаға жұрт сенгенде, менің оған иланбауыма негіз жоқ. — Фернанда оның сөзін қоштамайтынын білдірді.

Кері қайтатын поезды тосып, Буэндиалардың үйінде түстене қалған монахиня өзіне әдияратта (монастырь) берілген нұсқауды бұзған жоқ, бала туралы қайтып жұмған аузын ашпады, алайда табан астында тап болған мынау масқараның куәсі қасында болуы еңсесін езген Фернанда жаманат хабар жеткізген жаушыны жарға асатын орта ғасырлық дәстүрдің қалғанына іштей қынжылған еді. Сонда Фернанда монахиня жүріп кетісімен нәрестені хауыздағы суға түншықтырып тастауға байлам жасаған да, ол пиғылын жүзеге асыруға батылы бармай, құдіреттің шексіз рахымы түсіп, өзі берген масылды өзі алғанша тосудан басқа лажы қалмаған.

Жаңа Аурелиано жасқа толған шамада Макондоны жайлаған қатер кенеттен тарс жарылып барып сейілген еді. Астыртын жұмысқа ауысқан Екінші Аркадио мен басқа да көсіподақ басшылары аптаның ақырында аяқ астынан қалаға келіп, банан аймағындағы поселкелерде демонстарциялар ұйымдастырды. Полиция тек тәртіпті қадағалаумен ғана шектелді. Әйтсе де дүйсенбі күні түн ішінде көсіподақ жетекшілерін төсектерінен тұрғызып алып, аяқтарына бес килограмдық кісен салып, провинцияның бас қаласындағы түрмеге айдады да жіберді. Басқалармен бірге Екінші Хосе Аркадио мен жер аударылып Макондода жүрген, өзінің кіндік бауыры Артемио Крустың[1] ерен ерліктерінің куәсі болдым деп жүретін Мексика революциясына қатысушы полковник Лоренсо Гавилан да тұтқынға алынды. Арада үш ай өтпей жатып-ақ, үкімет пен банан компаниясы тұтқындардың тамағын кімнің төлеуі керектігі жөнінде мәмілеге келе алмай, олардың бәрі бірдей еркіндік алған-ды. Көп ұзамай азық-түлік өнімдерінің сапасыздығы, әрі азапты ауыр еңбек жағдайы жаңа наразылық толқынын туғызды. Сондай-ақ жұмысшылар еңбек ақының ақшалай емес, компанияның магазиндерінде виргиния шұжығынан басқа еш нәрсе сатып алуға жарамсыз айырбас қағаздармен төленетініне де шағым жасады. Екінші Хосе Аркадионы осы айырбас қағаз жүйесін

---

[1] Артемио Крус — Мексика жазушысы Карлос Фуэнтестің "Артемио Крустың ажалы" романының кейіпкері.

әшкерелегені үшін түрмеге отырғызған болатын. Ол бұл жүйенің компанияға сауда кемелерін арзанға жалдауға мүмкіндік беретінін, өйткені Жаңа Орлеанға банан тиеп барған кеме қайтарында магазиндерге товарлар тиеп ала қайтады, бұл жүк болмаса олар банан тиелетін порттарға дейін бос қатынар еді, сөйтіп бұл товарларын айырбас қағазбен тиімсіз екенін көзге шұқып түрып көрсеткен еді. Жұмысшылардың қалған талаптары тұрмыстық жағдай мен дәрігерлік қызметке қатысты қойылды. Компанияның дәрігерлері жұмысшыларды қарап та жатпайды, емхананың алдына кезекке тізіп қояды да, келген адам безгекпен ауырса да, мейлі, соз болып қалса да, іші түйіліп қалса да мейлі, медсестра жағалата ауыздарына тотияйын түсті дөңгелек дәрі салып шығады, бар емдерінің сиқы осы. Бұл жалпақ ем, әсіресе, балаларға жаққан-ды, олар әлденеше кезекке тұрып, дәрілерді жұтып жібермей, үйлеріне алып қайтатын да, лото ойнағанда басар етіп пайдаланушы еді. Жұмысшылар адам айтқысыз таршылықта, қираған барактарда тұрып жатты. Инженерлер оларды ақыр аяғы әжетханаға зар ғып қойды, жаңа жыл қарсаңында әр елу адамға бір-бір қалқайма орнатып, игіліктеріне қиратпай, бүлдірмей еппен пайдаланыңдар деп, тамам жұрт алдында қалай қажетке жаратуға шейін көрсетіп берді. Баяғыда полковник Аурелиано Буэндианы төңіректеп жүретін, енді банан компаниясының мүддесін көздейтін қара сүртікті қартайған адвокаттар жұмысшылардың таққан айыптарын теріске шығарып, аударыстырып тастағанда қайран қалған жұрт жағасын ұстады. Сонда жұмысшылар бірігіп, бірауыздан мақұлдаған ортақ петиция жазып еді, бірақ оның өзін ресми түрде банан компаниясының қатеріне жеткізу күшке түсіп, талай уақыт кетті. Петиция туралы хабар құлағына тиісімен сеньор Браун өзінің шыны шатырлы тамаша вагонын поезға тіркетіп, фирманың бетке шығар деген белді өкілдерін ілестіріп алды да Макондодан ізім-ғайып жоқ болды. Алайда жұмысшылар келесі сенбіде сондай мықты өкілдердің бірін алдын-ала келісім бойынша әдейі алдаусыратып емексіткен әйелмен тыр жалаңаш жатқан жерінен үстінен басып, петицияның көшірмесіне қол қойдырып алды. Бұдан да қайыр болған жоқ, қаралы заңшылар сотта бұл адамның банан компаниясына құйта-

қандай да қатысы жоқ екенін дәлелдеп шықты, әрі өз сөздерінің растығына шүбә келтірмес үшін, өкімет орындарына әлгі байғұсты жалған атты жамылушы етіп көрсетіп, түрмеге қаматтырып қойды. Кешікпей жұмысшылар поездың үшінші класында жасырынып жол жүріп бара жатқан сеньор Браунның өзін қолға түсіріп, петицияның тағы бір көшірмесіне қол қойғызып алды. Ертеңінде ол әділ қазылардың алдына шашын қараға боятып шыға келді, испанша сөйлегенде де көмекейі бүлкілдейді. Қара киімді адвокаттар бұл банан компаниясының бас директоры, Алабама штатының Пратвилл қаласында туып-өскен сеньор Джек Браун емес, Макондода туып, сонда шоқындырылып, сонда Дагоберте Фонсека есімін алған шипалы шөптер сатып күнелтетін бір бейбақ деп дәлелдеп шықты. Көп ұзамай жұмысшылар сеньор Браунды қайткен күнде де тауып алуға тағы бір қарекет жасап көргеннен кейін заңшылдар Джек Браунды тоғызыншы шілдеде Чикагода өрт сөндіретін машина басып кетті деген елшіліктің консулдары мен кеңесшілері куәлендірген оның өлімі туралы анықтаманың көшірмелерін қоғамдық орындардың бәріне қаптатып іліп тастады. Мынау адам сенбейтін сандырақтан шаршаған жұмысшылар жергілікті өкімет орындарына қолды бір сілтеп, арыздарын жоғарғы сот орындарына жолдаған-ды. Ол жақтағы заң күзетінің көзбайлағыштары да жұмысшылардың талабы мүлде тұрлаусыз деп тауып шыға келді, неге десеңіз, компанияның анда-санда науқандық жұмыстарға жалдағанын айтпағанда, оның штатында ешқандай жұмысшылар жоқ, болған емес және болмайды да деп дәлелдеп берді. Сөйтіп қасқаларың, виргиния шұжығы, тотияйын түсті мың да бір дәру дәрі, жаңа жылға сыйға тартылған әжетханалар туралы хикаяның қисынсыз өтірік екенін бір орауға келтірмей әшкерелеп шықты, соттың шешімі бойынша ешқандай жұмысшылар деген болған емес және жоқ деген ұйғарым жасалып, салтанатты жағдайда жария етілді.

Қуатты ереуіл басталды. Плантациялардағы жұмыс тоқтады, жеміс жиналмай шіріп жатты, жүз жиырма вагоннан тіркеген поездар станцияның түйық жолдарында қаңтарулы қалды. Қалалар мен селендерде жұмыссыздар қаптап кетті. Түріктер көшесінде күнде сенбі, "Хакобтың мейманханасындағы" биллиард бөлмесінен кезек күткен ойыншы-

лар тәулік бойына бір үзілмейді. Армияға қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру жөнінде бұйрық берілгендігі туралы хабар тараған күні Екінші Хосе Аркадио осы биллиард бөлмесінің ішінде жүрген. Көріпкелдік қасиеті жоқ болса да, ол бұл хабарды полковник Геринельдо Маркес ату жазасын көрсетуге ертіп апарған алыс таңнан бері алаңдап тосқан ажалдың жақындағанының белгісі деп қабыл алған. Алайда ол қобалжу сезіміне бой алдырған жоқ, өзін қашанғысындай байсалды ұстады. Ол таяғымен қалаған шарын қағып торға түсірді. Біраздан кейін даладан естілген барабанның тарсылы, маңқылдаған керней үні, көшедегі айғай-шу биллиард ойыны ғана емес, осымен бірге сол ату жазасы орындалған алыс таңнан бері бойынан арылмаған өзінің екі ұдай күйінің өзімен-өзі, жалғыздан-жалғыз өмір бойы ойнаған ойынының да тамам болғанын пайымдады. Далаға шыққан бетте көрді. Тура үш полк екен, барабанның дүмпуіне ілесіп бір қалыпты аяқ басуларынан жер солқылдайды. Жарқырап тұрған тал түс еді, төңірек осынау алтыбасты аждаһаның сасық демінен мұнар тартты. Солдаттар шеттерінен бәкене бойлы, бірақ берендей берік, әрі дөкір көрінді. Үстерінен аттың ашы тері мен қураған қайыстың қышқылтым иісі шығады, бойларынан тау тұрғындарына тән жүрек жұтқан батылдық пен байсалдылық байқалады. Олар Екінші Хосе Аркадионың қасынан нық басып өтіп болғанша бір сағат уақыт кетсе де, түрлерінің бір анадан туғандай ұқсастығына қарап, бір-екі бөлімше солдаттар қайта-қайта бір ізімен жүріп жатқандай көрінген, бәрі де қоржын-торсықтарының ауырлығы мен сүңгісі қайырулы винтовкаларының масқара сұсын қатар арқалап, көзсіз бағыныштылықтың бәтуәсіз жүгі мен арлылық жайлы арам тер түсініктерін топас кейіппен мықшия тартып келеді. Өзінің тас қараңғы тұғырында отырған Урсула олардың аяқ басқан дүрсілін естіп, саусақтарын айқастырып, қолын жоғары көтерді. Өрнекті алжапқышты үтіктеп бола берген Санта София де ла Пьедад еңкейген қалпында бір сәт қалт тұра қалды, есіне ұлы Екінші Хосе Аркадио түсті, ал ол бұл кезде "Хакоб мейманханасының" аузында қасынан өтіп бара жатқан солдаттардың соңғы легіне қаннен-қаперсіз қарап тұрған.

Әскери жағдайдың енгізілуіне байланысты әскерлер, заң бойынша, екі арадағы дауды шешуге дәнекер болуға

тиіс еді, алайда ешбір жақтан да мәмлеге келуге талпынған әрекет танылған жоқ. Макондоны көктей жүріп, күш көрсетіп өткеннен кейін солдаттар винтовкаларын қосарлап, қостап үйіп тастады да, банандарды кесіп түйықтан шығарылған поездарға тией бастады. Осы уаққа дейін әліптің ақырын тосқан, ормандарға тасалап, қару дегенде жалғыз қайқы пышақтары ғана бар жұмысшылар штрейхбрехерлерге қарсы күрестерін бастады. Олар компанияның орталық жайлары мен магазиндерін өртеп кетті, пулеметтен атқылап алдарынан жол аршуға мәжбүр болған поездардың қозғалысына кедергі келтіру үшін темір жол табанын бөлшектеп, телефон мен телеграф сымдарын қиып тастады. Суландыру каналдарындағы су қанға боялды. Бұған дейін өзінің электрлі тауық қорасында қылауы түспей аман-сау отырған сеньор Браун өзінің үй-ішімен, басқа да отандастарының үй іштерімен солдаттардың күзетімен Макондодан әкетіліп, қауіпсіз жерге жеткізілді. Оқиғалар ушығып, қан төгіс қырғын азамат соғысына ұласып кету қаупі төнгенде, өкімет орындары жұмысшыларға Макондоға жиналуға шақырған үндеу жолдады. Үндеуде провинцияның азаматтық және әскери басшысының келесі жұмада қалаға келіп, жанжалдың байыбына барып, басалқалық айтатыны атап көрсетілді.

Екінші Хосе Аркадио жұма күні таңертеңнен станция басына ағылған қалың топтың арасында жүрді. Таяуда ол кәсіподақ басшыларының мәслихатына қатысып, онда полковник Гавилан екеуіне халықтың арасында болып, жағдайға қарай олардың қимыл-қарекетін бағдарлап отыру тапсырылған-ды. Әскерлер вокзал алаңының айналасына пулеметтер орнатып, ал банан компаниясының темір тормен қоршалған қалашығын зеңбіректермен қорғап тұрғанын білгеннен кейін Екінші Хосе Аркадио өзін бір түрлі жайсыз сезініп, аузынан ашқылтым кермек дәмі кетпей қойды. Күндізгі сағат он екінің шамасында кешігіп жатқан поезды тосқан үш мыңнан астам адам — жұмысшылар, әйелдер мен балалар станцияның алдындағы ашық алаңға, солдаттар пулеметпен кесіп тастаған іргелес көшелерге шүпірлеп толып кетті. Бұл сырт көзге халықтың мерекелік серуеніндей әсер қалдырған. Түріктер көшесінен фританга толы үстелдер, сусын сататын қалқайма дүкендер жеткізіліп, халық қайнаған ыстықты да елемей, мойымай тосумен болды. Сағат үшке

тақаған кезде ресми адамдар мінген поезд ертеңнен ерте келмейтін көрінеді деген қаңқу шықты. Тоса-тоса талықсыған халықтың көңілі су сепкендей басылап, гу ете түсті. Әлдебір аға лейтенант үнірейген ауыздары жиналған жұртқа зіл шаша төнген төрт пулемет қатар қойылған станция павильонының шатырына шығып, халықты тынышталуға шақырды. Екінші Хосе Аркадионың қасында төрттер мен жетілер шамасындағы екі бала ерткен жалаң аяқ, жалаң бас жуан әйел тұрған. Ол кішісін өзі көтеріп алып, не айтылып жатқанын анық естісін деп, мүлде танымаса да Екінші Хосе Аркадиодан ересектеу баласын көтеріп алуды өтінді. Екінші Хосе Аркадио баланы мойнына мінгізіп алды. Арада талай жыл өткен соң осы бала бәріне аға лейтенанттың граммофон трубасына айғайлап, провинцияның азаматтық және әскери басшысының төртінші номерлі декретін оқығанын өз көзімен көргенін айтады, сонда оған ешкім сенбей қояды. Генерал Карлос Кортес Варгас пен оның секретары майор Энрике Гарсиа Исара қол қойған сексен сөзден құралған үш тармақтан тұратын декрет ереуілшілерді "қылмыскерлердің бандасы" деп жариялап, әскерлерге оларды аямай атуға рұқсат беріпті.

Декрет ызалы наразылық, айғай-шу туғызды, осы арада шатырға лейтенанттың орнына капитан шығып, граммофон трубасын сілтеп—сілтеп жіберіп, сөйлеймін дегендей ишара жасады. Көпшілік қайтадан тым-тырыс бола қалды.

— Бикелер мен мырзалар, — деді капитан әрең естіртіп, баяу, шаршаңқы дауыспен. — Сіздердің қарауларыңызда бес минут уақыт бар, тарап кетулеріңізге жетеді.

Бөлінген уақыттың санауға алынғанын білдіріп тартылған керней үнін ысқырық, айғай-шу басып кетті. Ешкім орнынан қозғалған жоқ.

— Бес минут өтті, — деді капитан баяғы даусымен. — Енді бір минуттан кейін оқ ата бастаймыз.

Бойын суық тер жауып кеткен Екінші Хосе Аркадио баланы мойнынан түсіріп, шешесінің қолына ұстатты. "Бұл жексұрындар, сірә, атудан да қаймықпас", — деп күңкілдеді әйел. Екінші Хосе Аркадио жауап қатып үлгерген жоқ, сол сәтте әйел аузынан шыққан сөздерді жаңғыртып айнытпай қайталап саңқ ете түскен полковник Гавиланның қарлығыңқы даусын естіді. Мынау қатерлі сәт пен құлаққа

ұрған танадай тыныштық елірткен, әрі ажал арбап, арқандап тастаған мына қалың көпті орнынан қозғай алатындай күштің жоқтығына шүбәсіз сенген Екінші Хосе Аркадио аяғының ұшына тұрып ілгері ентелеп, өмірінде тұңғыш рет даусын көтеріп алдында тұрған адамдардың басынан асыра айғай салды:

— Малғұндар! Сол минуттарыңа қақалып өліндер!

Оның айғайы басылып болған сәтте іле-шала болған оқиға көрген түстей бұлдырап кетті де, Екінші Хосе Аркадио, тіпті, мына сүмдықтан шошып үлгерген жоқ. Капитан атуға бұйрық берісімен, он төрт пулемет бірдей оған жауап қатты. Мұның бәрі алғашында парықсыз ойын сияқты көрінген. Оқсыз патрондармен атып жатқан секілді, пулеметтер сарт-сұрт қақалып-шашалып жан-жаққа от түкіріп жатыр, алайда бір араға ұйығып топтала қалған көпшілік тым-тырыс, бәрі демін ішіне тартып алған тәрізді, күрсінген бір жан болсашы, тырс етіп дыбыс шығарған бір жан болсашы, бәрі де оқ өтпейтін, от шалмайтын қара тас болып қатып қалғандай. Кенеттен станция жақтан шыққан жан тәсілім берердегі: "А-а-а-а, мама!" деген ащы айғай құрғақ дәмені сәтінде сейілтіп жіберді. Қуатты жанартау атып, жойқын тасқын ақтарылып келе жатқандай, қалың көптің ортасы дүр ете түсті де, қас-қағымда бүкіл алаң жапырылып кетті. Екінші Хосе Аркадио манағы баланы көтеріп алып үлгерді, қолына екінші баласын ұстаған анасын дүркірей қашқан қалың нөпір ағызып ала жөнелген болатын.

Талай жылдар өткен соң әлгі бала көршілерінің алжыған шал атандырғанына қарамай осы көрініс қайта-қайта айта береді. Екінші Хосе Аркадионың қолындағы бала үрей билеген қара-құра топтың үстінде қалқып келе жатып, қуатты тасқынның өздерін қақпақылдап, алаңға мандай тірейтін көшелердің біріне ағызып кіргізгенін көрді. Нөпірдің үстінде қалқып келе жатқан бала жоғарыдан лек-легімен жапырылысып көшеге анталай кірген қалың нөпір бұрышқа іліне бергенде, қарсы алдарынан бұрышта тұрған пулеметтердің от шашып қоя бергенін көрді. Бірнеше дауыс қосарлана:

— Жатыңдар! Жатыңдар! — деп айғай салды.

Алдыңғы лекте келе жатқандарды жаңбырша жауған пулемет оқтары баудай түсірді. Тірі қалғандары жерге жата-жата қалудың орнына қайта бұрылып алаңға қарай тарт-

ты. Сол екі ортада үрей аждаһаның құйрығымен соққандай қайырған қалың нөпір келесі көшеден екінші аждаһаның екінші құйрығы серпіп жіберген келесі нөпірге келіп қағылып сеңдей соғылысты, ол жақтан да тарсылдап пулеметтер тынымсыз атылып жатты. Адамдар шетенге қамалған малдай қабат-қабат қоршаудың ішінде қалды; олар ортасы опырылып өзіне тарта бастаған орасан зор иірімде шыр көбелек айналып жүрген сияқты, пулеметтер сепкен тынымсыз ажал оғы біртіндеп қидалай бастаған оның шет-шеті пияз турағандағыдай кертіле берді, кертіле берді. Баланың көзіне қолдарын айқастыра кеудесіне басып, қалайда оқ ала алмайтын дұғаланған арал сияқты ортадағы бос кеңістікте тізерлеп отырған әйел шалынды. Бетін қан жуған Екінші Хосе Аркадио етпеттеп құлап бара жатып, баланы солай қарай ытып үлгерді, келесі сәтте ақтарылып келе жатқан жойқын адам тасқыны сол бос кеңістікті де, тізерлеп отырған әйелді де, ыстық төгіліп түрған зеңгір көк аспанның жарқылан да, Урсула Игуаран соншама көп хайуанаттар кейпіндегі кәмпиттер сатқан мынау сүм жалғанды да жалмап әкетті.

Екінші Хосе Аркадио есін жиғанда шалқасынан жатқанын сезді, айналасы көрдей қараңғы. Ол бір шет-шегі көрінбейтін, жүрісі білінбейтін поезда келе жатқанын сезді, басын жан-жағынан қабыршықтанып қатқан қан қалыптай сығып тастапты, сүйек-сүйегі сырқырап әкетіп барады. Өзінің қатты қалжырап, үйықтағысы келіп жатыр екен. Бастан кешкен зұлымдық пен жексұрындықтан жырақта, қауіпсіз жерде үйқысын қапысыз қандырып алмақ болып, келесі жамбасына аунап түскенде ғана өліктердің үстінде жатқанын білді. Бүкіл вагон сықай толтырылыпты, тек ортада ғана бір бүйірлеп жүруге жарарлық жол қалған екен. Қырғыннан бері де бірталай сағат өтсе керек, байқайды: өліктер күзді күнгі қара тастай сүп-суық екен, сипалап көріп еді, денелері суықта қатқан көбіктей тобарсып, қатып қалыпты, мұнда әкелгендер асықпаған секілді, әдетте банан шоғы тәрізді өліктерді қатар-қатар етіп қалап жатқыза беріпті. Бұл жантүршігерлік көріністен тезірек құтылғысы келген Екінші Хосе Аркадио еңбектеп, вагоннан вагонға өтіп, поездың бас жағына қарай жылжыды, состав үйқыдағы поселкелердің қасынан жүйткіп өтіп бара жатқанда вагон жақтауларын-

дағы саңылаудан түскен жарықта өлген еркектерді, өлген әйелдерді, өлген балаларды көрді, оларды да жарамсыз банандар сияқты теңізге тоғыта салу үшін әкетіп бара жатқанын шамалады. Ол екі адамды ғана таныды: қала алаңында сусын сатып тұратын әйелді шырамытты, полковник Гавиланды көрді, полковниктің білегінде айылбасы мексика күмісінен құйылған белдігі ораулы жатыр, тегі ол соның көмегімен есі кетіп, үрей билеген қара-құра топтың ішінен жол салып шығуға әрекеттенсе керек. Өліп-талып бірінші вагонға жеткен Екінші Хосе Аркадио қараңғыға қойып кетті, бүкіл поезд жанынан өтіп болғанша тырп етпей орда жатты. Осы уақытқа дейін көргендерінің ішіндегі бұл ең ұзын состав еді, екі жақ басында екі паровоз, ортасында үшінші паровоз екі жүздей жүк вагондарын жүйткітіп барады. Поездан жылт еткен от көрінбейді, тіпті, қызыл-жасыл белгі оттары да жоқ, рельстердің үстімен үнсіз сырғып өте шықты. Вагондардың шатырында пулеметтердің қасында отырған солдаттар қаранДайды.

Түн ортасына таман жауын құйып кетті. Екінші Хосе Аркадио қай түста секіріп түскенін білмейді, поезд кеткен жаққа қарсы бағытта жүріп отырса Макондоға жететінін нобайлады. Ол үш сағаттан астам салпылдап жүріп отырып, қара бақайына дейін малмандай су болып, таң қылаң бере қаланың шеткі үйлерін көрді, көзі қарауытып, басы сынып бара жатыр. Кофе иісі мұрнына келген ол алғаш кезіккен үйге бас сұқты, қолына бала ұстап қазандықтың қасында тұрған әйелді көрді.

— Сәлеметсіз бе? — деді әбден әлі құрып қалжыраған ол. — Мен Екінші Хосе Аркадиомын, Буэндиамын.

Сол аты-жөнін толық, өзінің тірі қалғанына әбден көз жеткізгісі келген адамша, буын-буынымен бөліп-бөліп айтты. Онысы жақсы болды, ажал аузынан шыққандай арып-шаршаған адамды көрген әйел елес пе деп абыржып қалған. Ол Екінші Хосе Аркадиоңы шырамытты. Әйел киімі кепкенше оранып отырсын деп көрпе әкеліп берді, абиыр болғанда бетінің терісі ғана сыдырылған екен, жарасын жуу үшін су ысытып жіберді, жарасын таңуға шүберек берді. Содан кейін Буэндиалар қантсыз ішеді дегенді естігені бар, алдына бір шыны қантсыз кофе қойды да, киімдерін ошақтың қасына іліп-іліп қойды.

Екінші Хосе Аркадио Буэндиа кофесін ішіп болғанша тіл қатқан жоқ.

— Шамасы, үш мың адам бар шығар, — деп күбірледі әлден уақытта.

— Кімдер?

— Өлгендерді айтам, — деп түсіндірді ол. — Станцияға жиналғандардың бәрі кетсе керек.

Әйел оған мүсіркей қарады. "Қайдағы өлгендерді айтып отырсың, — әйел таңырқады. — Өзіңнің туысқаның полковник Аурелиано Буэндианың заманынан бері Макондода ондай оқиға болған емес". Өз үйіне жеткенше Екінші Хосе Аркадио тағы да екі-үш үйге кіре шықты, алған жауабы жалғыз: "Өлгендерді көргеміз жоқ". Ол вокзал алаңы арқылы өтті, бірінің үстіне бірі үйілген фритангаға арналған үстелдерден басқа ештеңе көзіне шалынбады, қызыл қырғынның ізі де жоқ. Жаңбыр толассыз төгіп тұр, көшелер қаңырап бос қалған, есік-терезелері тас бекітулі, үйлер иесіз тәрізді. Қалада адамдар барының жалғыз куәсі — таңғы мінәжатқа шақырған шіркеу қоңырауларының үні. Екінші Хосе Аркадио полковник Гавиланның үйінің есігін қақты. Келіп-кетіп жүргенінде өзі талай көрген жүкті әйел есікті дәл қарсы алдынан тарс еткізіп жауып алды. "Ол қайтып кеткен. — Әйел есіктің ар жағынан үрейлене үн қатты. — Еліне қайтса керек". Электрленген тауық қораның үлкен қақпасының алдында қашандағыдай жергілікті екі полицей тұр, үстеріне сулық, бастарына жылтыр дулыға киген олар жауын астында тұрған тас мүсіндер тәрізді. Шеткі көшеден Антиль негрлерінің қосылып, діни өлеңдерді айтып жатқаны естілді. Екінші Хосе Аркадио Буэндиалар үйінің ауласының шарбағынан қарғып түсіп, бірден ас үйге кірді. Санта София де ла Пьедад ұлының құлағына сыбыр ете түсті: "Байқа,Фернанданың көзіне түспе. Жаңа тұрып жатыр". Бір үлкен күпия келісімді орындап жүрген адам секілді Санта София де ла Пьедад ұлын дәрет сауыты қойылған бөлмеге кіргізіп, аяғының ұшынан басып жүріп, Мелькиадестің қаңсып біткен жаймалы төсегін салып берді де, күндізгі сағат екіде Фернанда үйқыға бас қойғанда, тамақ әкеліп қойып кетті.

Екінші Аурелиано жауыннан қорғалап үйде түнеп қалған, міне, сағат үш болса да, әлі күннің ашылуын тосып

отырған-ды. Санта София де ла Пьедад күпиялап сыңарының келгенін хабарлады, ол Мелькиадестің бөлмесіне бас сұқты. Екінші Аурелиано алаңдағы қырғын жайлы хикаяға да, теңізге бет алған өлік тиеген түнгі поезд туралы сұмдыққа да сенбей қойды. Кеше екінді кезінде Макондода үкіметтің жұмысшылардың станцияны босату жөніндегі бұйрыққа бағынып, лек-лектерімен үйді-үйлеріне тарап кеткені туралы төтенше мәлімдемесі жарияланған болатын. Мәлімдемеде, сондай-ақ жоғары патриоттық сезім кернеген кәсіподақ жетекшілерінің өз талаптарын дәрігерлік қызметті қайта құру және барақтардың қасынан әжетханаларды көбейту жөніндегі екі тармаққа ғана тірегені халықтың назарына жеткізілгенді. Кейінірек Екінші Аурелиано әскери орындардың жұмысшылармен арадағы шаруаны тындырғаннан кейін алдиярлап бұл жайында сеньор Браунға хабарлағанын, ол қойылған талаптарды орындауға келісіп қана қоймай, айрықша мырзалық көрсетіп, келісімнің құрметіне компанияның есебінен үш күн халық серуенін ұйымдастыруды ұсынғанын естіп білді. Сол кезде әскерилер келісімге қол қоюды қай күнге тағайындау жайын сұрағанда, сеньор Браун терезеден нажағайдың жарқылы дамыл-дамыл тілгілеп тұрған аспанға қарап, екі ұшты ишара жасапты.

— Ауа райы түзелсін де, — дейді ол. — Жауын кезінде біз барлық шаруаны доғарамыз.

Жауынсыз маусым болатын, үш ай бойы жерге нәр тамбаған-ды. Алайда сеньор Браунның аузынан әлгі сөздердің шығуы мүң екен, күллі банан аймағында Екінші Хосе Аркадио Макондоға келе жатқан жолда астында қалатын қалың нөсер төпей жөнеледі. Содан бір апта көз аштырмай жауды. "Ұра берсе құдай да өледі" үкіметтің қолындағы барлық хабар-ошар құралдары ертелі-кеш қақсай берген соң кім қайда барсын, өлген жан жоқ, қанағаттанған жұмысшылар өз ошақтарының басына қайтып келді, банан компаниясы жауын біткенше жұмысын тоқтата тұрады деген қолдан жасалған ресми шындыққа бәрі де рас болса рас шығар-ау дегендей бас иген-ді. Әскери жағдай толассыз топан мынау, түткиылдан бірдеңе бола қалса, төтен шаралар қолдану керек бола ма деген оймен сақталып отыр екен, бірақ әскерлер казармаларға қайтарылыпты. Күндіз солдаттар балақтарын тізелеріне дейін түріп алып, көше-көшеде сарқырап

аққан суды кешіп жүріп, балалармен бірге қағаз кемелер ағызып ойнайды. Түн баласында, комендант сағаты туысымен, олар есіктерді мылтық дүмімен ұрып ұшырып түсіріп, күдіктілерді төсектерінен суырып алып, барса келмеске әкетіп жатады. Қылмыскерлер, кісі өлтірушілер, өрт қоюшылар мен нөмірі төртінші декретті бұзушылар ұсталып, көздері құртылып жатыр, бірақ әскерилер тұтқынға алынғандарының тағдырын білмек үмітпен гарнизон бастығының қабылдау бөлмесіне толып кеткен өз құрбандарының туған-туысқандарының алдында да түк білмегенсиді. "Мүмкін емес. Тегі түсіңізде көрген шығарсыз, — деп гарнизон бастығы бет бақтырмайды. — Макондода ештеңе болған емес, болып та жатқан жоқ, болмақ та емес. Мұндай құтты қала қайда". Барлық кәсіподақ жетекшілері осылайша құртылды.

Тірі қалған жалғыз Екінші Хосе Аркадио ғана. Ақпан айының бір түнінде үйдің есігі солқылдап қоя берді. Мұндай тарсылды ештеңемен шатастыру мүмкін емес, мылтық дүмінің үні. Үйден шығып кету үшін осы уақытқа дейін күннің ашылуын тосып жүрген Екінші Аурелиано есік ашып, плащтары жауыннан су болған офицер бастаған алты солдатты көрді. Тілге келген олар жоқ, бөлмеден бөлме қалдырмай, шкаф, әбдіре, шошалаларды түк қоймай ақтарып тінте бастады. Бөлмесінде жарық жағылған кезде оянып кетіп, тінту біткенше демін ішіне тартып тырп етпей жатқан Урсула саусақтарын айқастырып кіреш жасап алып, солдаттардың аяқ тықыры ойысқан жаққа қарай бағыттаумен болды. Санта София де ла Пьедад Мелькиадестің бөлмесінде ұйықтап жатқан Екінші Хосе Аркадионы оятып үлгерді, ол басын көтеріп алғанда-ақ, қашуға кеш қалғанын ұқты. Санта София де ла Пьедад қайтадан есікті бекітіп кетті де, ол көйлегі мен бәтеңкесін киіп төсегіне отырды да аналардың келуін күтті. Бұл кезде олар шеберхананы тінтіп жатқан болатын. Аспалы құлыпты ашуға бұйырған офицер қол шамының жарығымен бөлмені тез шолып өтті, жұмыс үстелін, қышқылдар құйылған шынылар тұрған әйнекті шкафты, қожайыны қойып кеткен жерінде жатқан аспаптарды көріп, бөлменің иесіз екенін түсінсе керек. Дегенмен Екінші Аурелианоға зергер ме едің дегендей құйтырқылау сұрақ қойып, ол мұнда полковник Аурелиано Буэндианың шеберханасы

болғанын айтып түсіндірді. “Солай деңіз”, — офицер жарықты жағып, бөлмені мұқият тінтіп шығуға бұйрық берді, олардың көзі алдымен шынылардың ар жағындағы қаңылтыр қалбырдың ішінде балқытылмаған күйінде қалып қойған он сегіз алтын балыққа түсті. Офицер олардың бәрін үстелге төгіп, әркайсысын мұқият қарап шықты, сонан соң барып біраз жұмсарайын деді. “Егер қисаңыз, біреуін өзіме алар едім, — деді ол. — Кезінде бұл көтерілісшілердің бірінбірі танитын белгісі еді, қазір енді тарихтың көзі болып қалды ғой”. Офицер кемеліне жаңа келген уылжыған жап-жас жігіт екен, сонысына қарамай өзін ұстасы мығым, бойында бір тартымдылық та бар. Екінші Аурелиано сөзге келген жоқ, алтын балықтың біреуін ұстата берді. Офицер балаша қуанып, көздері жайнап кетті, алтын балықты қалтасына салып алып, қалғандарын қалбырға тастады да, қайтадан орнына қойды.

— Мұндай сыйлыққа баға жете ме, сірә, — деп жатыр. — Полковник Аурелиано Буэндиа біздің ұлы адамдарымыздың бірі еді ғой.

Алайда бойынан қылаң берген осынау адамгершілік ұшқыны оның міндетін қатал атқаруына ұшығын тигізбегені бірден сезілді. Мелькиадестің бөлмесінің есігінің алдында басқа амалы таусылған Санта Софья де ла Пьедад соңғы айласын қолданып көрді. “Мұнда жан баласы тұрмағалы дәл жүз жыл болған шығар”, — деді ол мән бермегенсіп. Офицер бұған назар аударған жоқ, бөлмені ашқызып, ішін қол шамының жарығымен шарлап шықты, Екінші Аурелиано мен Санта София де ла Пьедад бетіне жарық түскенде жылт ете қалған Екінші Хосе Аркадионың қой көздерін көріп, қатты қысылды, бір қатердің бітіп, енді екінші қатердің басталғанын, енді ақырын тосқаннан басқа амалдарының жоғын сезді. Алайда офицер еш нәрсеге көңіл аудармаған күйі қол шамының жарығымен шкафтың ішінде қалаулы тұрған жетпіс екі дәрет сауытқа көзі түскенше айналаны мұқият шолып шықты. Сонда ғана ол шам жақты. Бұрынғы қай кездегісінен де шоқтықты көрінген Екінші Хосе Аркадио байсалды пішінде төсектің шетінде отыр екен, әмір шықса тұрып жүре беруге әзір. Ар жағынан шет-шеті қайрылап, кетеуі кеткен кітаптар мен ораулы пергаменттер жатқан сөрелер, үстінде сия толы сия сауыттар тұрған әлі тап-

таза, әрі жинастырулы жұмыс үстелі көрінеді. Бөлме ішінде Екінші Аурелиано бала кезінен көріп есінде сақтап қалған сол таза, шыңылтыр ауа, шаң-тозаң мен уақытқа алдырмайтын бөтен рух бар, мұны тек полковник Аурелиано Буэндиа ғана аңғара алмаушы еді. Офицердің назары тек дәрет сауыттарға ауған, басқада шаруасы жоқ.

— Үйде қанша адам тұрады, — деп сұрады ол.

— Бесеу.

Офицер қатты таңырқаған тәрізді. Оның жанарлары Екінші Аурелиано мен Санта София де ла Пьедад Екінші Хосе Аркадионы көріп тұрған кеңістікке қадалды, бұл арада Екінші Хосе Аркадио офицердің өзіне қарап тұрғанмен, өзін көрмегенін аңғарды. Содан кейін офицер шамды өшіріп, есікті жапты. Оның солдаттармен сөйлескен сөзіне қарап Екінші Аурелиано Мелькиадестің бөлмесін полковник Аурелиано Буэндиа қандай көзбен көрсе, жас офицердің де нақ солай көргенін түсінді.

— Мұнда, шынында да, дәл бір жүз жыл жан баласы бас сұқпаған шығар, — деді ол солдаттарға. — Тіпті, жылан пайда болмаса неғылсын.

Есік жабылған соң, Екінші Хосе Аркадионың бойына өзі үшін майдан атаулының осымен тынғанына берік сенім пайда болды. Осыдан талай жыл бұрын полковник Аурелиано Буэндиа оған соғыстың өзіне тартып тұратын күші бар екенін айтып, бұл пайымдауын бастан кешкен неше түрлі мысалдармен дәлелдеп беруге тырысқан. Екінші Хосе Аркадио оған шүбәсіз сенген-ді. Бірақ офицер өзіне қадалып тұрып өзін көрмеген түні ол соңғы мазасыз айларды, түрмеде көрген қорлығын, станция басындағы аласұрған жұртты, өлік тиелген поезды тағы да көз алдынан өткізіп, полковник Аурелиано Буэндиа не кәдімгі суайттың өзі, не барып тұрған ақымық деген ойға келген. Ол "қорқыныш" деген бір ғана сөзбен түйіп тастаудың орнына соғыста адамның қандай күйді бастан кешетінін түсіндіріп беру үшін соншама сөз шығындаудың қанша қажеті болғанына түсінбей-ақ қойды. Бөлме ішіне таралған бір сиқырлы сәуле, жауынның шуылы өзін былайғы дүниеден түмшалап тастағанын, бойына көзге көрінбейтін қасиет пайда болғанын сезінген ол Мелькиадестің бөлмесінде отырып, осыған дейінгі өмірінде бір сәтті басынан кешпеген бір жайбарақат күйге бөленген;

енді ол өзін тірідей көміп тастамаса игі еді, деген бір ғана ойдан қатты шошыған. Бұл ойын ол өзіне ертелі-кеш тамақ әкеліп беріп тұратын Санта София де ла Пьедадқа айтқанда, ол өзінді әбден демің біткенде көмгеніңе көз жеткізбейінше өлмес үшін, мейлінше ұзақ өмір сүру үшін қолдан келгеннің бәрін істейтінін айтып уәде берді. Сонда ғана қорқыныш-үрей атаулының бәрінен арылған Екінші Хосе Аркадио Мелькиадестің пергаменттерін зерттеуді қолға алды, оларды неғұрлым аз түсінген сайын, солғұрлым беріле, шұқшия зерттей бастады. Жауынның шуына да бойы үйреніп кетті, екі айдан соң бұл дыбыс ол үшін тыныштықтың екінші бір түріне айналғандай болды, оның жалғыздығын бұзатын тамақ әкеліп жүретін Санта София де ла Пьедад қана. Ол шешесінен тамақты терезенің алдына қойып кетіп, есіктің сыртынан құлпын іліп қоюын өтінді. Үй-ішінің басқа адамдары, тіпті, офицер бөлмесіне кірсе де, мұны көрмей шығып кеткенін естігеннен бері қайнысының үйде тұра беруіне қарсылық білдірмеген Фернандаға шейін Екінші Хосе Аркадионы ұмытып кетті. Әскерлер Макондодан әкетіліп, Екінші Хосе Аркадионың қамалып отырғанынан жарты жыл өткен соң, жауын біткенше әйтеуір, бір әңгіме-дүкен құрып, шер тарқатуды көксеген Екінші Аурелиано бөлменің есігіндегі құлыпты ашты. Кірген бетте сасық иіс қолқасын қапты, ол еденде жағалай тұрған, негізгі мақсатына сай неше мәрте пайдаланылған дәрет сауыттарды көрді. Шашы түсіп, маңдайы қасқайып кеткен Екінші Хосе Аркадионың ауаны бүлдіріп, жүректі лоқсытатын айналадағы иіс-қоңыста шаруасы жоқ, түсініксіз пергаменттерді қайта-қайта оқу үстінде. Жүзі әулие пішінденіп, нұрланып тұр екен. Есік ашылған тықырға ол үстелден басын көтеріп бір қарады да, қайтадан төмен шұқшиды, осы қас-қағым сәтте-ақ сыңары оның жанарларынан бабасының тұрлаусыз тағдырының тағы да қайталанатынын аңдап қалды.

— Олар үш мыңнан астам адам болатын, — деп күбір етті Екінші Хосе Аркадио. — Станцияға жиналғандардың бәрінің де сонда болғанына ешқандай шүбәм жоқ.

Жауын тура төрт жыл, он бір ай және он екі күн көз аштырмай төпеледі. Әредік-әредікте саябырси бастағандай көрінеді, сонда Макондо жұртты сүле науқастан сауығып келе жатқан адамдардай беттеріне қан жүгіріп, үстеріне тәуір

киімдерін киіп, мына зобаланнан енді құтылатын болдық-ау дегендей бір серпіліп қалушы еді, алайда көп ұзамай қала халқының бұл алдамшы құбылысқа еті үйреніп алды, өйткені жауынның сәл себезгілеп барып қайта селдете жөнелетініне көздері әбден жетті. Аспан қақ айрылғандай сатыр-сұтыр күн күркірейді, Макондоға терістіктен соққан қатты дауыл дүрсе қоя береді де, шатырларды жұлып, қабырғаларды қақыратып тапап өтеді, сол дауыл плантацияларда қалған соңғы банан ағаштарына шейін түп-тамырымен қопарып кетті. Урсула сол күндері әлсін-әлі есіне алған сонау үйқысыздық дерті жайлаған кездегі сияқты, апат өзі әкелген қол бостықтан іш қуса ететін пәлекеттің дауасын да өзі айтқан. Шаруасыздыққа шам алып қарсы шыққан бір адам болса, ол нақ Екінші Аурелиано. Сеньор Браунның тілеп алған дауылы Екінші Аурелианоны Фернанданікінде басты, мұнда ол сол күні бір ұсақ-түйек шаруамен бас сұққан еді. Фернанда жүбайына көптен бері қабырғалық шкафта жататын сынық қолшатырды да тауып берген. Алайда Екінші Аурелиано өз-өзінен: "Қажет емес. Жауын біткенше осында бола түрам", — дей салды. Оның бұл айтқанын айнымас анты деп ұққан жан жоқ, тек аузынан шыққан сөзді берген сертке балаған Екінші Аурелианоның өзі. Бар киім-кешегі Петра Котестің үйінде қалған ол үш күн сайын үстіндегі бір қабатын сыпырып тастап, дамбалшаң отырып жуғызып қайта киеді. Текке зерігіп қарап отырмау үшін ол үй ішіндегі бірталайдан жиналып қалған кем-кетіктерді бүтіндеп, бүлінгенді қалпына келтіріп, жөндеуге кіріскен. Ол есіктің топсаларын оңдап қағып, құлыптарды майлап шықты, көлденең ағаштарды дұрыстап бекітіп, босаған жақтауларын қайтадан жымдастырып қақты. Бірнеше ай бойы оның сонау Хосе Аркадио Буэндианың заманында, шамасы сығандар ұмыт қалдырған аспаптар салынған жәшікті қолтығына қысып, үй ішінде күні бойы күйбеңмен жүргенін көрер едіңіз; неге екені белгісіз, әлде қолы қимылдап қара жұмыс істегеннен бе, әлде өлердей іші пысқаннан ба, немесе амалсыз ләззат-думаннан қағылғандықтан ба, әйтеуір, қарны біртіндеп күннен күнге босап бара жатқан шарап құйылған торсықтай тартылып, алып тасбақаның пошымы сияқты торсиып тұратын жүзінен көбеңсіген қызыл қошқыл реңк те қайтып, қос қатпарланып салбырап кеткен бүгағы орнына

түсіп, азып кеткен Екінші Аурелиано ақыры бәтеңкесінің бауын өзі байлай алармықтай халге жетті. Күйеуінің күн сайын ықтияттап есіктің қапсырма темірін орнына салып, қабырға сағатты бөлшектеп отырғанын көрген Фернанда алғашында бұл да алтын балықтың әуресіне түскен полковник Аурелиано Буэндиа сияқты, түймелерін қырық рет қайта қадап, кебінін қырық тарқатып, қырық тоқыған Амаранта сияқты, пергаменттермен әуре-сарсаңға түскен Екінші Хосе Аркадио сияқты, ертеден қара кешке дейін естеліктерін езгілеп отыратын Урсула сияқты тесік күпсекке су құю дертіне ұшырағаннан сау ма деп қорқып кеткен еді. Жоқ, гәп басқада болатын. Бәріне де астын үстіне түсіріп, дүниенің астан-кестеңін шығарып кеткен жауын кінәлі еді, тіпті, сағат сықылды күтім сұрамайтын қара дүрсін механизмдердің өзі екі-үш күнде бір майлап отырмаса, тістерінің арасына гүл өсіп, оқа жіптерді тат басып, әбден дым тартқан ақ киім-кешек, төсеніш-жапқыштардың үстін жасыл мүк жауып кететін. Ауа ауа емес, су болып кетті, тіпті, есіктен қоя берген балық бөлме-бөлмені аралап, терезеден жүзіп шығардай елестейтін. Бір күні таңертең ояна келгенде, Урсула бойынан әл кетіп әбден тұралап қалғанын сезді, сағатым тақаған екен деп ойлаған ол зембілге салып апарып падре Антонио Исабельге жолықтыруды өтінген, Санта София де ла Пьедад кемпірдің арқасын сүлік басып кеткенін сонда байқады. Добалдай-добалдай болып күмпиіп кеткен пәлекеттерді Урсуланың қанын сорып алмауы үшін шаламен күйдіріп, бір-бірлеп суырып отыруға тура келді. Суды жырып ағызып, үйді құрбақа мен ұлудан тазарту қажет болды, сонда ғана еденді сүртіп, төсектің аяғына қойылған кірпіштерді алып тастап, бәтеңкемен жүруге жағдай туды. Күн сайын қол қажет қылатын сан-сапалақ шаруамен жүріп, Екінші Аурелиано кәріліктің қылаң бергенін де аңдамай қалған-ды, бір күні қараңғылық ерте үйіріліп, түс болса кеш жетті дейтін шақта арқалы орындықта терезеге қадалып, Петра Котес туралы салқын, сабалы ойда отырған, сонда ғана барып қартайып келе жатқанын сезді. Кемеліне келіп, бұрынғыдан да ажарлана түскен Фернанданың құшырсыз құшағына да оралатын кез жеткен секілді, бірақ бұрынғыдай емес, ынтық-ықыласын жауын жуып кеткен бе, жүрегі кілкіп әбден тойынған адам секілді бойы

байсал тартыпты. Екінші Аурелиано баяғыда осындай бір жылға созылған жауын болса әттең не істеп, не қоймас едім, деген оймен бір сәт езу тартты. Банан компаниясы бәсекеге айналдырмай тұрып-ақ, шатыр жабатын мырыш қаңылтырды Макондоға алғаш әкелгендердің бірі — өзі. Ғапырау, ол кезде жаңбыр тырсылы бойына ғажайып шабыт бітіруші еді, сондықтан да екеуара жақындықтың рақатына кенелу үшін қаңылтыр таптырып алып, Петра Котестің жатын бөлмесінің төбесін шатырлатқан да өзі еді-ау. Жастықтың басын тауға да, тасқа да ұрғызған парықсыз бал дәурен шақтары есіне түскен кезде де Екінші Аурелиано селт ете қойған жоқ, соңғы сауық-сайранның үстінде бар сезімін сарқып алып, есесіне бойына махаббат, қызық мол жылдар жайлы өрекпімей, өкінбей еске алатын бір есіл қасиет біткен тәрізді. Бір қарағанға, мына жауын бір сәт бел шешіп отырып, өткен өмірін саралап, салмақтауға, атауыз бен майқұты салынған жәшікті ашып, тындырмай тастаған істерін қайтадан қолға алуға мүмкіндік берген тәрізді, ал шындығында бұл Екінші Аурелианоның тыншу тауып, тірлік іздегенінен, ақылға салып ақиқаты осы деп тапқан өмір тәжірибесінен, немесе басына тиіп, жүрегі шайлығып қойғанынан емес-ті. Оны бұл пиғылға жетелеген жауын, Мелькиадестің бөлмесінде отырып ұшатын сырмақ жайлы, кемелеріңізді адам-адамымен қоса жұта беретін жайындар жайлы қиял-ғажайып ертектер оқып отыратын сонау балалық кезі арқылы ол осындай ойға ойысқан еді. Міне, осындай күндердің бірінде Фернанданы сан соқтырып кетіп, кішкентай Аурелиано дәлізге жүгіре шықты. Екінші Аурелиано баланың өз жиені екенін салған жерден сезген. Ол баланың шашын алып, үстіне киім кигізді, адамдарға бойын үйретті, көп ұзамай оның нағыз Аурелиано Буэндиа екеніне ешкімнің күмәні қалған жоқ, осы әулетке тән шығыңқы шықшыты, таңырқай қарайтын жанары мен жалғызсырап тұратын жүзі-ақ оның кім екенін айқын айғақтап тұрды. Содан бері Фернанданың жаны да жай тапты. Ол әлдеқашан-ақ баланы тығып абырой таппайтынын білген, бірақ оны қалай көрсетіп, жария етудің жолын таппаған, талай амалдарды алып-салып, кесіп-пішіп көрген, бірақ соның бір де бірі қолайлы көрінбеген. Екінші

Аурелиано көктен түскен жиенін бұлай мекіреніп, мейірленіп қабыл алатынын білгенде, бүйтіп жасырынбақ ойнап, айлашарғы жасап несі бар, өткен жылдан бері өз жынысына өзі қиянат жасап несі бар. Бұл кезде сүт тістері түсіп, ақыл тісі шығып қалған Амаранта-Урсула үшін кішкентай жиені әбден ығыр қылған толассыз жаңбыр кезінде ермек ететін таптырмайтын тірі ойыншық болды да шықты. Бірде Екінші Аурелиано Меменің жатын бөлмесінде барлығы ұмытып кеткен ағылшын энциклопедиясының қалғанын есіне түсірді. Ол балаларға кітап суреттерін: алдымен жануарлардың бейнелерін, содан кейін географиялық карталарды, алыс елдердің табиғатының көріністерін, атақты адамдардың кескіндерін көрсетіп, көздерін қанықтыра берді. Екінші Аурелиано ағылшынша хат танымайтын, ең әйгілі қалалар мен атағы кең тараған адамдардың өзін әрең-әрең ажырата алатын, сондықтан бәрін білуге ынтық бала меселін қайтармас үшін адамдардың атын ойдан шығарып, суреттерге түсінікті түспалдап соқтыртуға мәжбүр болды.

Күн ашылса болды, жұбайының бір күнде тоқтамай, ашынасына тартатынына Фернанданың енді құйттай күмәні жоқ. Алғашында ол жұбайы өзінің жатын бөлмесіне басып кіріп жүре ме деп қатты қауіптенген, онда Амаранта-Урсула туғаннан бері өзінің зайыптық өтелін өтеуге жарамай қалғанын айтып, әбден масқарасы шығатын еді. Фернанданың көрінбейтін емгерлерімен хат жазысуды күшейте түсуіне қамшы болған да осы қауіп, почта байланысы ауық-ауық тоқтап қалып, олардың хат тасуы да үзіле берген. Алғашқы жауынды айларда дауылдың салдарынан бірнеше поезд апаты болып, Фернанда көрінбейтін емгерлердің бір хатынан өз аманаттарының арналған жеріне жетпегенін білді. Кейінірек белгісіз сәлемшілермен байланыс мүлде тыйылғанда оның шынымен-ақ қанды карнавал кезінде күйеуі киген жолбарыстың маскасын жамылып, жасырын атпен банан компаниясының дәрігерлерінің қабылдауына баруға да тәуекелдеп көргісі келіп еді. Көбіне-көп үйге телегей тасқынның тигізген соңғы зардаптары туралы келіп-кетіп құлақтандырып тұратын әйелдердің бірінен компания емханаларын жауын жаумаған жақтарға көшіріп әкеткенін білді. Сонда ғана Фернанда үмітін үзді. Тағдырдың басқа салғанына төзіп, жауын басылып, почта қайта жұмыс істей бас-

таганша тоса тұрмақ оймен жасырын дерттеріне естіген-білген ем-домдарын жасай берді, ал енді Макондода қалған жалғыз дәрігер — ат әлде есек болып кеткен неме ме, әйтеуір, үнемі шөп-шалам жейтін әңгүдік французға барып қаралғанша өлгенді артық көрді. Дәру болар дауа айтар деп сыр тартпақ болып Урсуланы төңіректеді. Турасын айтудың орнына тұспалдап сілені қатыратын Фернанда тағы да сол тоғышар дағдысына басып, себебін айтпай салдарын айтты, қан кетіп жүр деудің орнына қызуым көтеріліп жүр деп соқты. Оның қысылмас жерде қылымси қалғанын қайдан білсін, Урсулада жазық жоқ, бұл, сірә, жатырдың емес, асқазанның дерті болар деп, сынаптан дәрі жасатып ішуге кеңес берді. Парық-пайымы дұрыс әйел үшін беттен басарлық дәнеңесі жоқ осынау азын-аулақ дімкәсі болмаса, хаттары ұштыкүйлі жауапсыз кетіп жатпаса, Фернанда мына жауынға да көңіл бөлмес еді, тегінде мұның алдында да ол барша ғұмырын сыртта нөсер төгіп тұрғандай томаға-тұйық өткізіп келе жатқан жан екені аян. Ең ақыры тамақ ішетін уақытына дейін ол ғұмырында бір де бір дағдысынан айныған адам емес. Тамақ ішкенде аяқтары су болмас үшін үстелдің аяқтарының астына кірпіш қойып, орындықтарды қалың тақтайдың үстіне қойып отыруға тура келсе де Фернанда дағдысының жазбаған, бұрынғысынша голландық матадан тігілген ақ жаймасын жайып, қытайы ыдыс-аяқтарын саусылдатып алып шығады, әдетінше кешкі ас алдында шырағдан жағады, топан суы қаптаса да белгіленген тәртіпті бұзуға жол жоқ, бұл оның қанына сіңген әдеті, нанымы. Үй ішінің бір де біреуі тырс етіп, сыртқа шыққан жоқ. Ал Фернанданың еркіне салса, есікті ежелден, жауын басталмастан бұрын-ақ қайтып ашпастай етіп бекітіп алар еді, оның пікірінше, есіктің өзі о бастан жабуға жаралған, көшеде болып жатқан оқиғаларды көру үшін есік ашу дегеніңіз — зинақордың ісі. Сөйте тура үйдің жанынан полковник Геринельдо Маркестің табытын алып өтіп бара жатқанын естігенде, алдымен терезеге ұмтылған нақ сол Фернанданың өзі, жартылай ашық тұрған терезе арқылы сондағы көзіне түскен көрініс көңілін күпті етіп, ол артынан көпке дейін бір сәт сабырсыздық көрсеткеніне өкініп жүрді.

Мұндайлық жадау жерлеу рәсімін көзге елестетудің өзі қиын. Өгіз жеккен жайдақ арбаның үстіне табыт қойы-

лыпты, төбесінде банан жапырақтарынан жасалған шатырша ырғатылып қалт-құлт етіп келеді, жауын толассыз құйып тұр, арбаның дөңгелектері күпшегіне дейін батып, қалқа құлауға шақ тұр. Табыттың үстіне жабылған малмандай су болған ту арқылы екі жаққа нөсердің азалы тасқыны ақтарылып келеді, бұл — ең уазипалы ардагерлердің өзіне опа таптырмаған, көздеріне түссе зығырданын қайнататын, оқдәріге ысталып, қанға боялған баяғы жауынгерлік ту. Табыттың үстінде сабы оқаланып, жібек жіппен қапталған қылыш жатыр, бұл да — баяғыда полковник Геринельдо Маркес Амаранта іс тігіп отырған бөлмеге қарусыз кіру үшін қонақ бөлмедегі киім ілгіште қалдырып кететін қылыш. Табыттың соңынан батпақ кешіп салпаңдап, Неерландия бітімінен бері тірі жүрген ардагерлер еріп келеді, шалбарының балақтарын тізелеріне дейін түріп алыпты, кейбіреулері жалаң аяқ, бір қолдарында қурай таяқ, бір қолдарында су тиіп, бүрісіп-бүрісіп қалған қағаз гүлдерден жасалған азагүлдер. Елестер легіне ұқсайтын олар әлі күнге шейін полковник Аурелиано Буэндианың есімімен аталатын көшемен жүріп келді де, тұсына жеткенде, бәрі де бұйрық берілгендей бір сәтте оның үйіне қарай мойындарын бұрды, содан кейін бұрышты айналып, алаңға қарай тартты, бұл арада арбалары батып қалып, көмек шақыруға мәжбүр болды. Урсула Санта София де ла Пьедадтан өзін есікке жеткізуін өтінді. Қарияның үй қасынан өтіп бара жатқан қаралы тобырға қадала қараганы сонша, оның бәрін де көріп тұрганына ешкім шүбә келтірмеген, жебеуші періштенің қолындай алға созған қолдары шұқанақтан шұқанаққа түсіп ырғатылып бара жатқан қаралы арбаға ілесе берді.

— Геринельдо, ұлым, бақыл бол, — деп айғай салды Урсула шамасы жеткенше. — Біздердікін көрсең, ізгі тілеуімізді айтқайсың, көп ұзамай көрісетінімізді айт, күн ашылса—ақ келеді де.

Екінші Аурелиано ұлы шешесін сүйемелдеп төсегіне жеткізіп салды да, әдеттегі шалдуарлау мінезіне басып, оның әлгінде не айтпақ болганын төтесінен сұрады.

— Нені айтушы ем, шындықты айттым, — Урсула жиырыла қалды. — Мына жауын бітісімен, мен де қайтам.

Көшені алып кеткен лайсаң Екінші Аурелианоның да мазасын кетірді. Есіне кеш түссе де, малының жайын ойлап

тықыршыған ол иығына кенеп сулығын жауып, тура Петра Котестікіне тартты. Петра Котес аулада арам қатқан атты орнынан қозғай алмай белуарынан су кешіп әуре-сарсаңға түсіп жүр екен. Қолына ағаш сырық алып Екінші Аурелиано екінші жағынан демеп жіберді. Сол сәтте-ақ орнынан жылжыған үрген қарындай болып тырсылдап ісіп кеткен өлексені лайсаң нөпір ала жөнелді. Жауын басталғаннан бері Петра Котестің бар шаруасы ауланы өлекседен тазартумен болған. Алғашқы апталарда әйел күн сайын бір амалын жасауды өтініп, Екінші Аурелианоға хат үстіне хат жолдаумен болса да, ол бүлініп жатқан не бар, қайда асығамыз, жауын біткен соң, бір мәнісі табылармен бейқам жауап қатты. Ақырында Петра Котес жайылымды су алып кеткенін, малдың тегіс тауға шығып кетіп, онда ит-құс жеп, топалаң тиіп қырылып жатқанын айтып адам да жіберді. Оған Екінші Аурелианоның қайтарған жауабы: "Қам жеме. Жауын бітсін де. Мал табылады". Петра Котестің көз алдында мал шіркін ондап қырылып жатты, ол батпаққа тұншыққандарын балталап, бөлшектеп тастауға әрең-әрең үлгеріп жүрді. Ол бір кезде Макондода ең берекелі де берік санатта саналатын дәулеттің көз алдында құрып бара жатқанын көріп шарасы таусылды, содан енді қалғаны мынау сасық өлексе. Екінші Аурелиано әрең дегенде мойны жар беріп келген кезде, бар қазынадан қалғаны — қабырғасы ырсиған өлімтік қашыр мен төбесі түскен ат қораның ішінде жатқан жалғыз аттың өлексесі ғана еді. Петра Котес көңілдесін көргенде таңданған да, қуанған да жоқ, не ашуланған рай танытқан жоқ, тек ащы мысқылмен мырс етті.

— Қош келіпсіз, — деді Петра Котес.

Әйел әбден қартайып, жүдеп кетіпті, жыртқыш аңның жанарындай жалтылдап тұратын сарғыш жанарларының жауынға қарай-қарай жалыны қайтып, тағдырға бас иген адамдай мұңая қарайды. Содан Екінші Аурелиано оның үйінде тура үш ай тұрақтап қалды, туған ұясынан гөрі мұндағы тірлігі жайлы болғандықтан емес, қысқа мерзімде есін жия алмады, қайтадан кенеп сулығын иығына жабуға батылы барғанша солай болды. "Асығатын не бар. — Ол тағы да Урсуланың үйінде отырып айтатын сөздерін қайталады. — Әне-міне аспан да айығып қалатын шығар". Жүрдек уақыт пен толассыз жауын сүйіктісінің көркіне де салқынын

тигізбей қоймапты, сөйтіп, ол алғашқы аптада Петра Котестің бойындағы өзгерістерге көзін үйретіп алды, көп ұзамай-ақ дағдылы күйіне түсіп, түні бойы көз ілмей қызыққа бататын кешегі малының өсімталдығын есіне алып, екінші аптаның ортасында бір жағынан құмарлық буып, әрі намыс шіркін қуып, түн ортасында Петра Котесті өліп-өшіп аймалай бастаған-ды. Бірақ әйел салқын. "Тыныш жатшы, — деп күңкілдеді әйел. — Осындай ерсіліктермен шұғылданатын заман ба". Екінші Аурелиано төбедегі айнадан өзін көрді, сосын Петра Котестің кепкен тарамысқа тізіп қойған төрешектер тәрізді қырдай болған арқасын, көрді, көрді де әйелді түсінді, бірақ өзгерген уақыт емес өздерінің сол бір сүйкімді ерсі қылықтарға енді жарамай қалғандарын ұғып, күрсінді.

Екінші Аурелиано сандықтарын арқалап үйіне, Фернандаға қайтып келді, әрі жалғыз Урсула ғана емес, жауыннан запы болған Макондо жұрты шетінен өле қалу үшін тек күннің ашылуын тосып отыр деген берік сеніммен оралды. Қайтып келе жатып, көздері өлеусіреп терезеге қадалып отырған адамдарды көрді, қолдарын кеуделеріне айқастырып қойып алған олар ырыққа көнбейтін, өлшемі жоқ, түтас нөпір болып тоқтаусыз жөңкіліп бара жатқан уақыт тасқынын бүкіл жан-дүниесімен сезініп, жауынға қарағаннан басқа бітірер шаруаң болмаса, уақыт шіркінді айға, жылға, күнге, сағатқа бөлгеннен не шара деген райда. Балалар Екінші Аурелианоны алақайлап қарсы алды, ол даусы тарғылданып шығатын көне аккордеонында ойнап, бір сәт балғындардың көңілін аулайды. Алайда Буэндиалардың кейінгі ұрпағы бәрінен бетер энциклопедиядағы суреттерді көруге құмар, олар Меменің жатын бөлмесіне ертелі-кеш жиналып, ұшқыр қиялы дирижабльді бұлттардың арасында қоналқалық қолайлы жер іздеп жүрген ұшатын пілге айналдырып жіберетін Екінші Аурелианоның ертектерін жалықпай тыңдауға бейіл. Бірде ол кітап бетінен киген киімінің қораштығына қарамастан, көзіне жылыұшырай кеткен салт аттының суретін кезіктірді, олай бір қарап, бұлай бір қарап, Екінші Аурелиано бұл полковник Аурелиано Буэндианың суреті деп шешті. Суретті Фернандаға көрсетіп еді, ол да ұқсайтынын айтты, тек полковникке ғана емес, жалпы Буэндиа біткендердің бәріне түрі келіп тұр деп мырс еткен. Шындығында, бұл татар

жауынгерінің суреті еді. Екінші Аурелианоның көперінде түк жоқ, кітаптағы жылан арбаушылар мен Родостағы Колосс суреттеріне алма-кезек үңіліп, тіршілік кешіп жатқан, аяқ астынан үйде алты килограмм сүр ет пен бір қап күріштен басқа тамақ қалмағанын айтып әйелі шырқын бұзды.

— Сонда маған не қыл дейсің? — деп ол әйеліне шұқшиған.

— Мен қайдан білейін, — Фернанда мүләйімси қалды. — Бұл — еркектің шаруасы.

— Жарайды, — Екінші Аурелиано да бәсеңсіді. — Жауын басылсыншы, бір амалын жасармыз.

Күніне бір жапырақ ет пен бір уыс күрішті талшық етіп жүрсе де, үй шаруасында жұмысы жоқ, есілдерті бәз-баяғыша энциклопедияның үстінде. "Қазір қылар қайран жоқ, — дейді ол ақталып. — Мына күн мәңгі жауар дейсің бе, бір басылар. Ол шошаланы толтыру қамын кейінге қалдырған сайын, Фернанданың ашуы үдей түсті, анда-сандағы күңкілі мен арагідік беттен бір алып тастайтын ұрт мінезі болмаса, ондайы жоқ еді, бұл жолы, тіпті, бұра тартып бой бермей кетті, таңертеңнен кешке дейін жақ жаппай қақсайтынды шығарды; көзін тырнап ашқаннан гитараның үстіңгі шегінің күмбірі сияқты бір ызыңға басады да, содан тынбайды, уақыт өткен сайын мақамын құбылта, әрлендіре түседі, келе-келе шаңқылдай бастайды. Алғашында Екінші Аурелиано бұл әуенді құлағына қыстырмаған, алайда екінші күні-ақ таңертеңгі астан кейін сыртта төпеп тұрған нөсер тарсылын да түншықтырып жіберген бас-аяғы жоқ ызың басының әңкі-тәңкісін шығарды. Фернанда тағы да гөй-гөйіне басты, үйдің ішін кезіп жүріп, тынбай сарнайды, сол баяғы әуен: патша қызындай тәрбие көрген қайран басым өңшең жындының үйіне кезігіп, қор болды-ау, ханша едім, күң болдым-ау, байдың сиқы анау: жатып ішер, кержалқау, құдайдан безген сүмелек, қатынжанды қаңғыбас, аузына аспаннан ас келіп өзі құйылатындай ертеден кешке дейін төсекте шалжиып жатуға бір ерінбейді; мұның сиқы мынау: таңның атысы – күннің батысы қу жанында тыным жоқ, мынау қаран қалғыр үй жалғыз осыған керектей, сыпырып-сиырып, жамап-жасқаудан бел жазбайды, жатар орынға келгенде көзіне құм толтырып тастағандай әрең жұмады, сонда да тәңір жарылғасыны жоқ,

— қайырлы таң, Фернанда, қалай ұйықтап тұрдың, Фернанда, неге жүдеп жүрсің, көзіңнің алды күлдіреп, көгеріп тұр ғой, деп халін сұрап, жылы сөз айтатын бір құдайдың құлы болсашы; әрине, атай көрмеңіз, бұл үйдің ішінен қайыр күтіп жүрген ол жоқ, олардың бұған көрсетпегені бар ма, олар үшін ыдысты оттан алғанда ұстайтын шүберек те бір, бұл да бір, бәрі де бұған жарымжан адамға қарағандай қарайды, бәрі де мұны пыш-пыштап сөз етпеуші ме еді, біресе жәдігөй, біресе екі жүзді, біресе суайт етіп, тақпаған айдарлары бар ма, тіпті, Амаранта марқұм, қара жер хабар бермесін, жұрттың көзінше мұны ауызды артпен шатастыратын ақымақ деп те табалаған, о тәңірі, артық кеткен жерлері болса өзің кеше көр, алайда бұл пақыр, құдай басқа салған соң, шара жоқ, соның біріне қыңқ етпейді ғой, бірақ төзімнің де шегі бар емес пе, әсіресе мына малғұн Екінші Хосе Аркадио енді әулетіміз құритын болды-ау, әйел кейіпті абжыланды, ойпырмай, аузы қисаймай, зәндемілігіне найза бойламайтын ұрғашыны, анада жұмысшыларды атуға жіберген сұмырайлар сияқты үйге кіргіздіңдер, деп зар илегенде, пенде емес пе, мұның да шыдамы шарт сынған, ол иттің сонда мұны, Фернанданы, мегзегені айдан анық-ты, сонда ол герцог Альба өз қолымен шоқындырған Фернанданы, затына қарап, президент әйелдерінің өздерінің іші күйетін асыл текті бикені, қатарынан тізіп он бір испан атымен бірден қол қоюға хақысы бар ақсүйек әйелді, мынау өңшең сүмелек жайлаған қалашықта, он алты бекзадаға дастарқан жайып, қолынан ас беруге жарайтын жалғыз әйелді, Фернанданы мегзеген, ал сонда ышқырына ие бола алмай жүрген мына жалаң бұт байы мұнша қасық пен шанышқының, мұнша пышақ пен бал қасықтың қырықаяққа болмаса ниеті түзу христиан баласына қажеті қанша деп шегі қатқанша тырқылдап күлген, ол сорлының парқы болса ойламай ма, қай уақытта ақ шарап ішуге, оны қай қолмен құйып беруге болатынын, қай уақытта қызыл шарап ішуге, оны қай қолмен құйып беруге болатынын білетін жалғыз жан Френанда емес пе, жоқ, бұл көргені жоқ, түйгені аз Амаранта емес-тін, марқұм қара жер хабар бермесін, ол ақ шарапты күндіз, қызыл шарапты кешке ішеді деп ойлаушы еді; бұл аз десең, түнгі алтын дәрет сауытқа дәрет сындыратын осы жағалаудағы жалғыз

адам осы Фернанда емес пе, соның өзінде ана без-бүйрек полковник Аурелиано Буэндиа, беті бүлк етпей, тегі мұндай құрметке ие болғаныңызға қарағанда артыңыздан иіс май төгілетін шығар-ау деп те сұраған, марқұм қара жер хабар бермесін, ұялмай-қызармай тура солай қойып қалған, ал өз жатырынан шыққан қызы Рената мұның жатын бөлмеде үлкен дәрет сындырып отырғанын қымсынбастан сығалап көріп алып, дәрет сауытының алтын екені алтын, көптеген таңбаларының бары да рас, ал енді ішіндегісі кәдімгі қи, өзге жұрттыкінен жаман болмаса, жақсылығы жоқ, кәдімгі жаман қалдық деп жұрттың бәріне жайған, мінеки, өз ішінен шыққан перзентінің істегені осы; жарайды, бұл үй-ішінің басқа жандарын былай қояйық, ал енді өз күйеуінің ықыласқұрметіне мұның хақысы бар ма, жоқ па, айтып-айтпай не керек, құдай қосқан қосағы екені пенде баласына аян, тәңірінің әмірімен, қара басының ықтиярымен үлкен міндетін мойнына алып, мұңсыз-қамсыз тұрып жатқан ата-анасының ақ ордасынан әкеткен соң панасы болар, саясы болар адам емес пе, иә оның үйде уақыт өткізу үшін аза шоқтарын өргені рас, ол жөнінде кіндік атасы да өзіне алтын сақинасымен растап, белгісін басып, жолдаған құсни-хатта да кіндік қызының қолы пенде баласының пешенесіне жазылған іс атаулыны тындыру үшін, күйсандықта ойнау үшін жаралған деп ап-айқын жазған, алайда қара тас та бір, бұл да бір сезімсіз маубас байы ата-анасының ақ батасын алып, тілеуін арқалап алып келгенде, мына тозаққа — пенде баласы бір жұтым ауаға зар мына қапасқа әкеп қамаған жоқ па, сонда-ақ бұл Фернанда аузы берік күндері бойын қақ шалдырмай ұстамақ болған біраз күнге шыдамай, "саяхатшы" сандықтары мен жаман аккордеонын арқалап, қағына зар болып заң қоспаған ашынасына — ар-ұяттан безген салдақысына жөнеген; онысы жібі түзу адам болса бір сәрі, ауызға келген сөз екен, әйтеуір, айтып қалайын, байталдың сауырындай жалпақ бөксесін бұрандатқанынан-ақ оның қандай зымыстан, зинақор екені көзге ұрып тұрған жоқ па; қайда жүрсе де, қора сыпырып, шошқа тазалап жүрсе де, дастарқан басында да, ақ төсегінде де Заңнан аттамайтын, тағдырына бас иіп, құдайын аузынан тастамайтын асыл текті қалпынан жазбайтын Фернанда емес, оның тегі басқа, әрине, Фернанда ана қатын құсап нас қылық көрсетіп, қыл-

мыңдап, ырбаңдай алмайды, ал анау ма, анау француздың сайраншыл әйелдері секілді, қайда тіпті олардан да мың есе зәндемі, француз әйелдері бұған қарағанда не істесе де ашық істейді ғой, есіктерінің алдына қызыл шам іліп қояды ғой, жоқ, Фернандадан садаға кетсін о салдақы; донья Рената Арготе мен дон Фернандо дель Каприоның жар дегенде жалғыз қызы – маңдайларына біткен жұлдызы ондай арсыз қылықтарға бара алмайды; әке–шешесі қандай текті жандар еді, әсіресе әкесін айтсаңшы, жарықтық, әулие еді-ау, әулие, нағыз христиан еді ғой. Қасиетті мазар орденінің иесі емес пе еді, ондай адамдардың жаны жаннатта, ал тәндері қабірде де шірімек емес, құдайдың құдіретімен өлгеннен кейін де олардың сүйегі құрап, еті солмайды, терісі қалыңдықтың атлас көйлегіндей тап-таза, жып-жылтыр қалпынан жазбайды, көздері де асыл тастай нұр шашып, жайнап жатады.

— Әй, дәл осыңның қисыны жоқ. — Шыдамай кеткен Екінші Аурелиано сөзін бөлді. — Әкеңді әкелген кездеақ денесі иістене бастаған жоқ па еді.

Фернанданың өтірігінің үстінен түскенше ол күні бойы мойнын ішіне тығып, тыңдай берген-ді. Фернанда тура жауап қатқан жоқ, бірақ әжептәуір бәсеңсіп қалды. Есесіне сол күні кешкі астың үстінде жүйкені жейтін ызыңын қатайтып, тіпті, жауынның шуылын басып жіберді. Екінші Аурелиано дастарқан басында еңсесі түсіп, сүлесоқ отырды, алдындағы астан бір-екі шұқып аузына салды да уақыт ерте болса да, жатын бөлмесіне кіріп кетті. Ертеңінде Фернанда азанғы астың үстінде бойы қалтырап мазасызданып отырды, ұзақ түнді ұйқысыз өткізгені көрініп тұр, кешегідей емес, өткен-кеткен реніш-күйініштер де мазасын алмайтын секілді. Алайда Екінші Аурелианоның піскен жұмыртқа бар ма деп сұрауы мүң екен, қайтадан шатынап шыға келді, жұмыртқаның өткен аптада біткенін хабарлаумен тынған жоқ, кір кіндігінің басына қарап, бос жатумен қоймай, бозторғайдың бауырын әкеп дастарқанға қой дейтін есер еркектерге арналған айып сөзін қайтадан бастап ала жөнелді. Екінші Аурелиано әдетінше балалармен бірге энциклопедияның суреттерін қарауға кірісті, алайда Фернанда қыр соңынан қалар емес, Меменің жатын бөлмесін жиыстырған болып жүріп, барып тұрған ар-ұяттан безген жан ғана энциклопедиядағы суретте полковник Аурелиано Бу-

эндиа бейненленген деп бейкүнә аңқау сәбилерді алдайды деп қасақана естірте күңкілдейді. Түскі дамыл түсында балалар үйқтауға жатқан кезде, Екінші Аурелиано дәлізге шыққан еді, бірақ Фернанда оны мүннан да іздеп тауып, соңынан қалмай сары масаша ызыңдап, келекелеп, мазақтап, зықысын шығарды, қарандар, байдың сиқы мынау, бұрау басын сындырмайтын кержалқау, арамтамақ, ез, ынжық, қатынның есебінен қарнын толтыратын емінсек, үйде қара тастан басқа тіске басар талшық қалмағанша парсы сұлтанынша жауынға қарап талтиып отырмақ, ертек тыңдап, елтіп отыра беретін тамағы тоқ, көйлегі көк патша қызының байымын деп ойлай ма екен өзін деп сұңқылдайды. Екінші Аурелиано екі сағаттан астам уақыт бойы Фернанданың сарнауын керең адам секілді селт етпей тыңдаған. Қара кешке дейін әйелінің ызыңын тіс жармай көтере берген оның да ақыры төзімі таусылды. Әйел сөздері құлағының құрышын жеп болған соң, шыдай алмай кетіп:

— Құдай ақына, қойшы енді, — деп жалынып жалбарынды.

Фернанда онан сайын өршелене түсті. "Неге қоям, қоймаймын, — деп тепсінді. — Менің сөзім жақпайтын жан болса, тайып түрсын, жолы әне!" Сол-ақ екен, Екінші Аурелиано да шарт сынды. Ол бойын жазып керілгісі келген адамша орнынан баяу көтерілді де, алажапырақ, қырыққұлақ, киік оты өсіп тұрған құман, құмыра біткенді орындарынан алып, бірінен кейін бірін еденге атып ұрып, күлталқанын шығарып сындыра бастады. Фернанда шошып кетті, өзінің қым-қуаты ызыңының астарында дүниенің астан-кестеңін шығаратын қуатты қопарғыш зат жатқанын аңдамаған сорлы есі шығып аңырап қалды, алайда енді бітім іздеудің реті жоқ-ты. Көзі қанталап, бойын әлдебір есірік сезім билеп, еркінсіп кеткен Екінші Аурелиано шынылы сөренің быт-шытын шығарып, ішіндегі ыдыстарды: тәрелке, стақан, құмырсқа бел бокалдарды саудыратып еденге ұрып, қирата бастады. Ол аспай-саспай, бір кезде қабырға қалдырмай жағалата қағаз ақша жапсырып шыққан бипаз қимылмен, сол баяғыдағыдай алаңсыз, бейқам жүзбен қонақ бөлмеден бастап, көр-көр қоятын қоймаға дейін бөлме-бөлмені аралап жүріп, Богема хрусталі, қолдан әшекейленген гүл вазалары дейсіз бе, раушан гүлі толы қайықта майысып отырған қыздар бейненленген суреттерді, алтындаған әсем жақтаулы айналар дейсіз бе, әйтеуір, сындыруға болатын нәрсе біткеннің бәрін шағып шықты. Ең соңынан қолы-

на ілінгені — ас үйде тұратын үлкен қыш құмыра. Сыртқа атып ұрғанда құмыраның да бомба жарылғандай тарс етіп, күл-пәршәсі шықты. Содан кейін Екінші Аурелиано қолын жуып, кенеп сулығын жамылып шығып кетті де, түн ортасы аумай тұрып-ақ бірнеше кесек тұздалған арық еті бар, ішіне күріш, жүгері, кепкен балық салынған бір-екі дорба арқалап, солыңқырап қалған бес-алты банан шоғын ұстап қайтып келді. Сол күннен бастап үйден тамақ қоры үзілген жоқ.

Амаранта-Урсула мен кіші Аурелиано жауынды жылдар мен күндерді өз өмірлерінің ең бір бақытты шақтарындай елжіреп еске алатын. Фернанданың ұрысқанына қарамай олар ертелі-кеш аулада шалшық кешіп жүреді, кесіртке ұстап сояды, ойын қылып, көже улаған болып Санта София де ла Пьедадтың көзін ала беріп, кәстрөлге көбелектің қанатын үгітіп сеуіп жібереді. Сонда да олардың ең сүйікті ойыншығы — Урсула. Олардың кемпірді тозығы жеткен үлкен қуыршақ құсатып бұрыш-бұрышқа жетелеп кеп жүргені, үсті-басына түрлі-түсті шүберектер жапсырып, бетіне күйе жағып қояды, тіпті, бірде талай рет көлбақаның көздерін ойып алғандары сияқты, бақта қырқатын үлкен қайшымен көзін шұқып ала жаздағандары бар. Әсіресе олар кемпір сандырақтай бастаған кезде әбден қызыққа батады. Жауынның жауғанына үшінші жылға айналғанда Урсуланың санасында бір өзгерістер болған секілді, сірә, болғаны да анық, өйткені ол біртіндеп күнделікті тірліктен қол үзіп, алжаса бастаған-ды, қазіргі кезді өмірінің баяғыда өткен күндерімен шатастыратынды шығарып, өзінің жүз жыл бұрын көз жұмған арғы әжесі Петронила Игуаранды жоқтап, үш күн ұдайы сұңқылдап жылағаны бар. Оның ойындағының бәрі былығып, араласып кеткен-ді: мәселен, ол кіші Аурелианоны баяғыда мүзды көрсетуге апарған кезіндегі полковник ұлы деп санайтын, ал семинарияда оқып жүрген Хосе Аркадионы сығандармен қашып кететін тұңғыш ұлымен шатастыратын. Урсула өз әулеттері жайлы күн құрғатпай ұзын-сонар әңгіме айтатын, оны тыңдап өмір сүрген, баяғыда бақи болған туған-туысқандарды атап, солар сізге қонаққа келіп отыр деп кемпірді алдайтынды шығарды. Қарияның шашының күл-күл болып, көзінің қызыл шүберекпен шарта таңып тасталғанында шаруасы жоқ, төсекте туған-туысқандарымен бірге отырған адамдай өзін бақытты сезінеді. Ама-

ранта-Урсула мен Аурелиано "қонаққа келген" ағайындарды шынында көзбен көріп тұрғандай еріндері-еріндеріне тимей суреттей бастайды. Урсула шешіліп отырып, баяғыда өткен бабаларымен әңгіме-дүкен құрады, тіпті, өзі тумай тұрған кездегі — не заманғы оқиғаларды қозғайды, олардан қазбалап кейінгі жаңалықтарды сұрастырады, олар өткеннен кейін, тіпті, бертінде көз жұмған жандарды қосылып жоқтайды. Балалар көп ұзамай Урсуланың әрдайым соғыс кезінде жауын басылғанша сақтай тұруды өтініп үйлеріне әулие Жүсіптің кісі бойындай гипс мүсінін әкеліп тастап кеткен адамның кім екенін анықтамақ болып әуре-сарсаңға түсіп жүргенін де аңғарып қалған-ды. Сонда үйдің Урсула ғана білетін бір жерінде тығулы жатқан қазына бары Екінші Аурелианоның есіне сап ете түсті, бірақ оның қанша амалдап, олай бір, бұлай бір қулық жасап бұлталақтатып сұрастырғанынан еш нәтиже шыққан жоқ, Урсула әбден алжып, есі бір кіріп, бір шығып отырса да, өзі білетін құпияны қорғаштап, сыр алдырмастай пайымын сақтап қалған-ды, ол тығылған алтынның ақ иесі келіп, өзінің шынайы сол адам екенін дәлелдегенше ешкімге ол жайлы тіс жармауға бекем бел буған болатын. Екінші Аурелиано бұлаң құйрыққа салып, өзінің көнекөз шөлмектес достарының бірін қазына иесі етіп көрсетпек болғанда да Урсула айрықша айла, төтен сақтық танытты, кәдімгідей егжей-тегжейлі жауап алып, неше түрлі әккі сауалдар қойып, жалған қазына иесінің бетін айдай қылды.

Урсула бұл құпияны өзімен бірге молаға ала кетеді-ау деп қорыққан Екінші Аурелиано үйдің айналасын құрғату үшін жыра қаздыртам деген желеумен бір топ адам да жалдады, төңіректі түгел темір істік жүгіртіп, өз қолымен тінтіп шықты, неше металл алғыш аспаптармен де айналаны шарлап шықты, алайда үш ай бойғы әуре-сарсаң зая кетті, алтын түгіл, алтынның иісі де сезілсейші! Сонда ол жер қазушы көрмегенді карта көрер деген оймен Пилар Тернерадан көмек сұрады, бұған Пилар Тернераның берген жауабы: картаны үлестірерде Урсула оны өз қолымен көтертпесе карта да дұрыс сөйлемейді. Әйтсе де балгер тығулы қазынаның барын растады, оған қоса қазынаның мөлшеріне дейін айтып берді, аузы мыс сыммен байланған үш кенеп қапшыққа салынған жеті мың екі жүз он төрт алтын теңге қоймасы

жүз жиырма екі метр шеңбердің ішінде жатыр, ол шеңбердің ортасы Урсуланың төсегі. Алайда Пилар Тернера жауын басылып, үш рет маусым айы тумайынша, күн қыздырып, жер әбден құрғамайынша қазына бәрібір қолға түспейді деп те қорқытып қойды. Дәл басып, дәлелді айтып отырғандай болғанмен Екінші Аурелиано ақылға салып бақса, бұл жорамалдың күмәнді күңгірт тұстары көп, баяғыда елестер жайлы естіген ертектеріне ұқсас нәрсе, әрі тамыздың туғаны жаңа, ал уағдалы мерзімді әлі үш жыл тосу керек, оған дейін кім бар, кім жоқ деп ойлаған ол қазынаны одан әрі іздестіре беруге бекінген. Бірақ мына бір жайт оны қатты таңырқатты да, айрықша абыржытты, Урсуланың төсегінен үйдің сырт жағындағы қоршауға дейін тура жүз жиырма екі метр екен. Екінші Аурелианоның бөлме-бөлмені өлшеп жүргенін көріп, жер қазушыларға жыраларды тағы да бір метрге тереңдетіңдер деп жарлық бергенін естіген Фернанда сыңары сияқты бұл жазған да есінен жаңылған шығар деп шошып кетті. Заманында бабасының бойын буған ұлы жаңалықтар ашуға құмарлығы сияқты желік кеулеген Екінші Аурелианоның да құр сүлдері қалды, бәз-баяғыдай сыңарының көшірмесі болды да шықты, дене бітімі, арықтығы, сұңғақтығы ғана емес, ешкімге көз тоқтатпай, өзімен-өзі болып, бәрін жатсынып тұратын кескін-келбеті де құдды. Екінші Хосе Аркадио. Балаларды да мүлде ұмытты. Үстібасы саталақ-саталақ балшық, тамақты да кез келген уақытта, ас үйдің тиген жеріне отырып талғамай іше салады, Санта София де ла Пьедадтың сауалдарына ернін жыбырлатып қана жауап қатады. Екінші Аурелианоның бұрынсоңды бойынан байқалмаған ыждаһаттылықпен жұмыс істеп жүргенін көрген Фернанда оның желөкпелігін еңбексүйгіштігі, баюды ойлап, екі иығын жұлып жегенін қажырлылығы, алған бетінен қайтпай, қарысып қалғанын қайсарлығы деп танып шүкіршілік етті, біраз бұрын оны енжар күйінен шығару үшін бетіне салық қылған былапыт сөздері үшін іштей өкініп, өзін-өзі кінәлай бастаған. Алайда ол кезде табысу, татуласу жайын ойлаған Екінші Аурелиано жоқ. Шіріген бұта, гүл мен қоқым-соқым аралас ми батпақты белуарынан кешіп жүріп, бақтың ішін айнала қазып шықты, аула ішінде де, үй сыртында да аман қалдырған жері жоқ, сөйтіп жүріп, дәліздің шы-

ғыс жақ бетінің іргетасының астын көбірек үңгіп жіберсе керек, бір күні түнде үй іші түгел жер астынан шыққандай әлдеқандай бір сатыр-гүтірден оянып кетті, бәрі де жер сілкінген шығар деп ойлап қалған еді: сөйтсе үш бөлменің бірдей едені опырылып төмен түсіп кетіпті, ал дәліздің еденінде бір шеті Фернанданың жатын бөлмесіне дейін жететін үлкен жарық пайда болған екен. Сонда да Екінші Аурелиано қазына іздеу жөніндегі пиғылынан бас тартқан жоқ. Соңғы үміті өшсе де, картаның болжамынан қайыр күткен ол үйдің қисайған іргетасын түзеп бекітіп, жарықты әк қосындысымен бітеп тастады да үйдің батыс жақ бетін қазуға кірісті. Ол сөйтіп жүргенде келесі жылдың маусымы да туды, оның да екінші аптасы өте бастады, бұл кезде жауын да саябырси берді. Енді біразда күннің ашылатынын сездіргендей аспанды торлаған жауын бұлттары да ыдырай бастады. Күткендей болып шықты. Жұма күні күндізгі сағат екіде күйдірген кірпіштей кедір-бұдыр су жаңа түйтіксіз күн жарықтық бәз-баяғыдай үшкіл әлемді жарқыратып жіберді. Сол күннен бастап тура он жыл бойы жаңбыр қайтып тамған жоқ.

Макондоның қираған орны жатыр. Көшелердің аты болғанмен заты жоқ, тек жылға-жылға батпақ, Макондоға келуі қандай тез болса, кетуі де сондай тез болған қалың нөпір жат жұрттықтардың қалдырған белгісіндей — батпақ пен балдырдың арасынан ана жерде бір, мына жерде бір үстіне шөп өсіп кеткен мебельдің сынықтары, өлген малдың сүйектері көзге шалынады. Банан дүрбелеңі кезінде дүркірете салынған үйлер қаңырап бос жатыр. Банан компаниясы барлық мүлік-мүкәмәлін тасып әкеткен-ді, оның сым тормен қоршалған қалашығының орнында төбе-төбе болып үйілген қоқыс қалыпты. Жапсарластыра салынған салқын лапастарында кеш сайын алаңсыз жандар жайбарақат отырып, карта ойнайтын әсем ағаш үйлердің орны тыптипыл, жел ұшырып әкеткендей, соңыра Макондоны жермен-жексен етіп кететін қара дауылға жоралғы жасап тұрған секілді. Ал ол алапаттан кейін заманында бұл арада адамдар тұрғанын әйгілейтін жалғыз ғана белгі — Патриция Браун автомобильдің ішінде ұмыт қалдырған мүк басып кеткен сыңар қолғап қалды. Кезінде, қаланың іргесін көтерген кезде Хосе Аркадио Буэндиа зерттеген, кейіннен банан плантаци-

ялары жайқалған киелі жерлер енді шіріген томардан аяқ алып жүргісіз құлазыған ку сорға айналыпты, көз ұшына дейін жалаңаш қалған алыс көкжиекте демін ішіне тартып көпіршіп теңіз жатты, ол алдағы уақытта да әлі талай жыл бойы өстіп алыстан қарауытып тұрады. Қаланың қандай күйде екенін көрмек оймен үстіне күрғақ киімін киіп, алғашқы жексенбі күні көшеге шыққан Екінші Аурелиано қайран қалды. Жауыннан кейін тірі қалғандар негізінен Макондоға банан дүрбелеңінен туған шатақ оқиғалардан бұрын қоныс тепкендер екен, кәрі-жасы жапа-тармағай көшенің ортасына шығып, алғашқы күн сәулелеріне қыздырынып, рақатқа батып отыр. Кескін-келбеттерінен балдыр түстес жасыл реңк те әлі айықпаған, жауын жылдары дым тартқан қабырғалардан бойларына әбден сіңіп кеткен көк иісі де ұшып үлгермепті, алайда туып-өскен, бауыр басқан қалалары қайтып өз қолдарына көшкеніне масаттанған жүздерінен қуаныш лебі еседі. Сән-салтанатты Түріктер көшесі ұсақтүйек заттарын тоты құстарға айырбастап жер шарын шарлаған, аяқтарына жұлығы жоқ кебіс киіп, құлақтарына добалдай темір сырға таққан арабтар мыңдаған жылдар бойы әлемді кезіп келіп, баяғыда Макондодан тыныш тұрақ тапқан кездегідей күйге түсіпті. Сөрелерге жайып тастаған кездемелердің жауын кезінде түте-түтесі шығып, есіктерге ілінген бұлдарды көк басып кетіпті, сөрелерді құрт-құмырсқа мүжіп, қабырғалар дым тартып бүлініпті, алайда арабтардың үшінші ұрпағы бабалары, аталары мен әкелері отырған жерде, дәл солар құсап малдас құрып, көшкен уақыт пен көп апатқа мойымай, сол бір сабырлы, сыр бермес қалпында, үйқысыздық індеті немесе полковник Аурелиано Буэндиа салған отыз екі соғыстан кейінгі кездегідей тірісі тірі, өлгендері өлгендегідей күйде қалған екен. Мынау ту-талапайдың тура ортасында, сынған үстелдер мен орындықтардың, атыс алаңдарының, бір кезде сәуегейлер түс жорып, болашақты бал ашып болжайтын түгі қалмай қираған тұйық көшелердің арасында жүрсе де арабтардың рух асқақтығын сақтап қалғанына таң-тамаша болған Екінші Аурелиано мәңгүр-сүңгірінде шаруасы жоқ, бірбет мінезіне басып, олардан мынадай алапаттың арасында қандай тылсым күш сендерді аман алып қалды, тұншығып өлмей қалай тірі қалдыңдар деп жағалай сұраған; ол бұл сауалын талай

есікті ашып, сан рет қайталаған, соның бәрінде ол бір ғана жауап алды, арабтар арманшыл жанарларын бір-бір төңкеріп, сәл ғана езу тартып, бір ауыздан:

— Біз жүзіп жүрдік, — десті.

Қаланың басқа тұрғындарының арасында жүрегі арабтарша соққан жалғыз жан Петра Котес болып шықты. Көз алдында шошқа қоралары мен ат қораларының төбесі орталарына түсіп, қабырғалары күйреп жатса да, ол жабырқап жасыған жоқ, үй-ішін тап-түйнақтай етіп ұстауға тырысты. Соңғы жылы ол хат соңынан хат жазып, Екінші Аурелиано-ны қайтарып алуға әрекет жасап бақты, бірақ анау қай күні үйіне қайтып келерім белгісіз, бірақ, әйтеуір, қашан келсем де бір қапшық алтын әкеліп, жатын бөлмеңе үйіп тастарым анық деп екі ұшты жауан қатқан. Сонда Петра Котес өзінің жан жүрегін ақтарып, мына сұм тағдырдың талапайын қайыспай көтеріп шығатын күш іздеген, бірақ ызадан, әділетті ызадан, кекті жанитын ызадан басқа бойынан еш нәрсе таппаған, сонда әйел ашынасы шашып, жауың құртқан бар байлықты қайтадан қалпына келтіруге өзіне-өзі іштей серт берген. Бұл байламын жүзеге асыруға байғұс әйелдің барын салып бекінгені соншa, соңғы жазған сәлемін алғаннан кейін сегіз ай өткен соң Екінші Аурелиано үйіне келгенде, көзі шүңірейіп ішіне кіріп, терісін теміреткі жеп, көкпеңбек болып кеткен Петра Котестің щашының үйпа-түйпасы шығып, бір—бір жапырақ қағаздарға номерлер жазып, лотерея билеттерін жасап жатқанын көрді. Таң-тамаша болған Аурелиано оның жанына келіп мелшиіп тұрып қалды, оның мына жүдеу, жабырқаңқы кейпін көрген Петра Котес өз көзіне өзі сенбеді, қарсы алдында бүкіл өмірін бірге өткізген ашынасы емес, оның сыңары тұрғандай көрінді.

— Есің дұрыс па? — деп тіл қатты ол ақыры. — Ұтысқа не тікпексің? Әлде сүйек-саяқты салмақсың ба?

Әйел жатын бөлмені нұсқады, есікті ашқан Екінші Аурелиано бөлменің ортасында тұрған қашырды көрді. Қашыр да иесі сияқты әбден арыған, сүйек пен терісі ғана қалыпты, бірақ бұл да иесіндей ширақ, жұтынып тұр. Сірә, оны Петра Котес өз бойындағы ыза-зілмен асыраған ба дерсің, талшық етер не шөп, не жүгері, не тамыр қалмағанда, әйел қашырды жатын бөлмесіне кіргізіп алып, батсайы ақжаймалармен, парсы кілемімен, пүліш көрпелерімен, барқыт тере-

зе тұтқыштармен, ақырында алтын оқа жіптермен әдіптелген жібек шашақты дәл архиепископтікі сияқты төсекжапқышпен асыраған еді.

Мына жауын бітісімен мен де көз жұмармын деген уағдасын орындау Урсулаға оңайға түскен жоқ. Жауын кезінде ол көбіне-көп есінен адасып, шатасып отырушы еді, раушан гүлдерінің тамырына дейін солдырып, батпақ біткенді қара тасқа айналдырған, ал Макондоның тот басқан мырыш шатырлары мен жүз жыл тұрған бадам ағаштарын ыстық шаңтозаңға көміп тастаған аңызақ соғып, тамыз айы туғанда Урсуланың есі жиі-жиі кіретін болды. Тура үш жыл бойы балаларға ойыншық болғанын білгенде, өзін-өзі іштей аяп, көз жасын бір сығып алды. Амаранта өлгеннен бері алғаш рет ешкімнің көмегінсіз төсегінен тұрып, үй-ішінің шаруасына араласуға ниет қойып, алдымен бет-жүзінің кірін кетіріп, балалар үсті-басына іліп-іліп қойған түрлі-түсті қиықтарды, кесіртке мен құрбақаның терісін, таспиық, моншақтарды алып тастады. Тас қараңғыда жол сілтеп, жөн көрсететін жалғыз серігі — баяғы көкірек. Кемпірдің қимыл-қозғалысындағы ебедейсіздікті аңдап, оның жан-жағын сипалақтап алға созған қолын көрген жұрт оны бұл мүсәпір күйге түсірген кәрілік деп ойлап мүсіркеген, бірақ Урсуланың заңып болып қалғанын сол беті жан баласы білген жоқ. Алайда көзі мүлде көруден қалғанмен, Урсула осы үй алғашқы салынған күннен бастап өз қолымен өсіріп баптаған гүл көшеттерін жауын шайып, Екінші Аурелианоның қазып тастағанын, еден мен қабырға айқыш-ұйқыш жарылып тұрғанын, мебельдің қаңсып, оңып кеткенін, есіктердің топсасының босап, үй-ішінің берекесі қашып, бәшересі кете бастағанын жүрегімен сезді. Сипалақтап жүріп жатын бөлмелерді аралап шыққан Урсула ағаштың ішін кеулеп кеткен құмырсқалардың гуілін, киім шкафтарының ішіндегі қаракүйенің суылын, жауынды жылдары қаптап кеткен бармақтай-бармақтай қызыл құмырсқалардың үйдің іргетасын сыр-сыр еткізіп үңгіп жеп жатқанын көрмесе де естіді. Бірде ол киім-кешек салынған сандықты ашып жібергенде, ішіндегі зат біткенді жеп тауысуға тақаған тарақандар қарақұрттай өріп шыға келіп, сасканынан Санта София де ла Пьедадты көмекке шақыруға мәжбүр болды. “Мұнша батып былығып кеткен үйде тұру мүмкін

емес, — деді кемпір. — Бүйте берсек, біз де бір күні құрт-құмырсқаға жем боламыз". Сол күннен бастап Урсула бір сәтте тыным тапқан жоқ. Құлқын сәріден түрып алады да қыбырлаған жанның бәрін, тіпті, балаларға дейін аяғынан тік түрғызады. Киюге жарайды-ау деген киім-кешектің қалған-құтқанын далаға алып шығып жаяды, неше түрлі улы дәрі-дәрмек сеуіп, тарақан атаулының көзін жоя бастады, есік-терезе кәсектеріндегі құрт тескен саңылау-тесіктерді жағалай бітеп тастады, қорытылмаған әк төгіп, құмырсқа илеулерін де шетінен құртып шықты. Бәрін де қалпына келтіру қамына білек сыбанып белсене кіріскен қария бас сұқпаған куыс қалдырған жоқ. Даналық дәнегін табам деп, сергелдеңге түсіп, су ми болған Хосе Аркадио Буэндианың бөлмесін көң-қоқыс пен өрмекшінің торынан тазарттырды, солдаттар астын-үстіне түсіріп, былықтырып кеткен зергерлік шеберхананы қалпына келтіртті, содан кейін қандай күйде екенін тексермек ниетпен Мелькиадестің бөлмесінің кілтін сұрады. Өлгеніме әбден көз жеткізбейінше бұл бөлмеге ешкімді енгізе көрме деген Екінші Хосе Аркадионың өтініші есіне түскен Санта София де ла Пьедадтың Урсуланы райынан қайтару үшін қолданбаған құйтырқысы, жасамаған амалы қалған жоқ. Бірақ кемпір алған бетінен қайтар емес, үйдің бір де бір қалтарыс-қуысында тірі жәндік қалдырмауға бекем бел буған оның еш нәрседен тежелер сыңайы жоқ, үш күннен кейін қоярда-қоймай жүріп, Мелькиадестің бөлмесін аштырып алды. Бірден сасық иіс қолқаны қапты, Урсула, әйтеуір, есіктің кәсегінен қарманып қана құламай қалды, алайда екі секунд өтпей жатып-ақ ол бәрін есіне түсірді, бұл бөлмеде Меменің құрбылары — оқушы қыздарға арналып сатып алынған жетпіс екі дәрет сауыттың сақтаулы тұрғаны, жауынды түндердің бірінде солдаттардың Екінші Хосе Аркадионы іздеп бүкіл үйді төңкеріп тінтіп шыққаны, бірақ сол бетінде таба алмай жөндеріне кеткені санасына сап ете түсті.

— О, жасаған жақсы ием! — Қария бәрін көріп тұрған адамша күңірене тіл қатты. — Сені жинақылыққа үйретем деп, қанша әуре-сарсаңға түскенімді қайтейін, сенің шошқа құсап, белуарыңнан балшыққа батып отырғаныңды қайтейін.

Екінші Хосе Аркадио баяғыша пергаменттерді оқымақ болып әуре-сарсаңға түсіп отырған. Иегіне дейін жайылып

түсіп кеткен ұйпа-тұйпа шашының арасынан көгерген тісі жылтырайды, бір нүктеге қадала қараған жанарлары ғана көрінеді. Ұлы әжесінің даусын таныған ол басын көтеріп, есікке мойын бұрып, жымиған болды, сосын бір кезде Урсуланың өз аузынан шыққан сөзді айны қатесіз қайталағанын аңғарған жоқ.

— Сен қалай деп ойлап ең, — деп күңк ете түсті. — Уақыт өтіп жатыр ғой.

Сасып қалған Урсула:

— Әрине, әлбетте, — деп оның сөзін қоштап қойды. — Әйтсе де...

Сол арада оның есіне өлімге кесілгендердің абақтысында отырған полковник Аурелиано Буэндианың өзіне түптура осылай жауап қатқаны түсті, уақыттың өтіп кете бермейтіні, бір шеңбердің бойымен жылжып жүргендей қайта-қайта айналып соғатыны жайында баяғыда түйген пікіріне тағы да тіреліп, өз-өзінен селк ете түсті. Сонда да Урсула сыр берген жоқ. Бұл жолы ол Екінші Хосе Аркадиоға кішкене балаша зекіп тастады, оны жуынып, сақалын алуға көндіріп, үйді жөндеп қалпына келтіруге қолғабыс тигізуге бұйырды. Жанына байыз таптырған бөлмеден шығатынын ойлағанда өзінен-өзі қиналған бейшара жан шошып кетті. Ол құдай айдаса да бұл бөлмеден шықпайтынын, себебі күн сайын Макондодан теңізге қарай жүретін өлім тиелген екі жүз вагон тіркелген поезды көргісі келмейтінін айтып азар да безер болды. "Станцияда болғандардың бәрі соның ішінде. Үш мың төрт жүз сегіз адам". Сонда ғана Урсула оның өзі сенделектеп әрең жүрген қараңғы қапастан да меңіреу дүниеде, баяғыда баз кешкен бабасы сияқты бір оқшау, томаға түйық ала бөтен әлемде жүргенін ұқты. Сөйтіп ол Екінші Хосе Аркадионы жайына қалдырды, тек оның бөлмесінің есігіндегі құлыпты алдыртып тастады, күн сайын бөлмені жуып-шайып тұруға, дәрет сауыттардың біреуін ғана қалдырып, қалғанын лақтырып тастауға бұйырды, ерікті тұқынды жалғыз талшын түбінде ұзақ уақыт байлауда отырған бабасынан кем ұстамай бағып-қағуды тапсырды. Алғашында Фернанда Урсуланың бұл күлшынысын алжығандығына жорып, оны беттен ала жаздап, өзін әрең тежеген. Абырой болғанда осы кезде Римнен хат келе қалды, Хосе Аркадио құдай жолына мәңгіге түсер алдында Макондоға келіп қай-

тпақ ойы барын білдірген екен, бұл хабар Фернанданың төбесін көкке жеткізіп, өзі де ертеден қара кешке дейін үй шаруасымен әлекке түсті, ата қонысы ұлының көзіне қораш көрінбесін деп, тіпті, күніне төрт уақ гүл суаратын болды. Фернанда қайтағанын Урсула естіп білмей жатып істеп тастады. Содан кейін Фернанда асханалық күміс ыдыс-аяғын сатып жіберіп, орнына қыш ыдыстар, қалайы тегене мен ожау, қасық, шанышқы сияқты оны-мұны алды, қайтсе де бұрын ағылшын фарфоры мен богема хрусталі жарқырап тұратын қабырғалық шкафтар бұдан кейін тартып—ақ қалды. Үйдің іші біраз тәртіпке келтірілсе де, Урсуланың — деп айғайға басып жүр. — Ет асыңдар, балық пісіріңдер, тасбақалардың ең үлкендерін сатып әкеліңдер, келем деген шетелдіктер келсін, төсектерін ұнатқан жерлеріне салып, аунаа-қунап жатсын, тіпті, гүлдің үстіне дәрет сындырса да мейлі, үндемеңдер дастарқан басына отырғызыңдар, қалағандарынша ішсін-жесін, құсса да мейілдері, тырс етпеңдер, ауыздарына келгенін айтып лаға берсін, кір етіктерімен бөлмелерге де кіріп, таптасын, ластасын, беттерінен қақпаңдар, не істеймін десе еріктері, көне беріңдер, сонда ғана жоқшылықтан құтыламыз, ырыс қонады". Бірақ Урсула шамасынан шатасқан еді. Ол өзінің әбден қартайып кеткенін де, бұл фәниде мөлшерінен көп жүріп қалғанын да, баяғыда неше түрлі кәмпит жасап, игілікті молайтатын қайратының бойынан қайтқанын да ескермеген еді, үрпақтарына өз бойындағы өміршең күш-жігердің дарымағанын да білген жоқ. Сөйтіп, ол аш деген есікті Фернанда жаптырып тастаған.

Сандықтарын Петра Котестің үйіне қайта көшірген Екінші Аурелианоның тапқан-таянғаны талғажулық қана дүние, әйтеуір, үй-ішін аштан өлтірмеудің қаразы ғана. Ұтысқа қашыр тігілген лотереяден түскен ақшаға екі-үш тұяқ сатып алған Екінші Аурелиано мен Петра Котес қайтадан қара дүрсін лотерея ойынын ұйымдастырды. Екінші Аурелиано үй-үйді аралап жүріп, билет таратады, оларын жұртты қызықтыру үшін кішкентай-кішкентай қағаздарға түрлі-түсті сиямен неше түрлі өрнектер салып, өз қолымен әрлеп-әшекейлеп жасайды. Жұрттың дені билеттерді оның көңілін қимай, ал басым көпшілігі оны мүсіркеп сатып алатын, мұны

Екінші Аурелианоның өзі де аңғара бермейтін. Дегенмен, аяушылық білдірсе де, меселін қайтарғысы келмесе де, сатып алушылардың көңілінде жиырма сентавоға торай немесе отыз екі сентавоға бұзау ұтып алсам деген үміт те болмай қойған жоқ. Осынау үміт шырағы қыздырмалатқан жұрт әр сейсенбінің кешінде апыр-жұпыр Петра Котестің ауласына жиналып, ереуілдесіп, елендесіп тұрып, қолы жеңіл деп таңдап алынған бала қапшықтың ішінен бақытты билетті суырып шығаратын сәтті тосады. Бұл жиын көп ұзамай-ақ апта сайын өтетін өзіндік бір жәрмеңкеге айналды, сол күні ымырт үйіріле аулаға үстіне ет, ішімдік қойылған дастарқан жасалады, бағы жанғандары ұтып алған малын ортақ қазанға салады да, музыканттар шақырып, арақ қоюды басқа біреу өз мойнына алады; сөйтіп оқиғалардың ығыты Екінші Аурелианоны еріксізден қолына аккордеонын алуға мәжбүр еткен, онымен қоймай тағы да баяғы кездегі жемпоздық бәсекесінің шерігіне жетпейтін сайысқа қатысуына да түрткі болған. Бірақ баяғы сауық-сайран қайда, бұрынғы байлық та, барлық та жоқ, сөйтсе де осы кішкентай бейшара бәсекенің өзі Екінші Аурелианоға баяғы қайрат-жігердің бойынан бүлбүл үшып, ойын-тойдың гүлі болуға енді жарамай қалғанын айқын сездірді. Иә, заман өзгерді, бұл да өзгерді. Баяғыда Пілдей бәйбішемен тайталасқа түскен кездегі күн құрғатпаған ішкіліктен сүйкімді бет жүзі ісініп, мұрны көрінбей тасбақаның басындай жып-жылмағай болып кеткен салмағы жүз жиырма килограмдық атпал азамат енді жоқ, қазір оның бойында қалғаны небәрі жетпіс сегіз килограмм ғана, жағы суалып жүзі де сүйірлене түскен. Дидарынан жабырқаушылық, шаршағандық табы арылар емес. Алайда Петра Котес Екінші Аурелианоны дәл бұлайша бұрын-соңды сүймеген еді, оның жүрегін мұнша елжіреткен, сірә махаббатан гөрі аяушылық сезімі, екеуінің басына түскен қайыршылық күй болса керек. Олардың сықырлауық көне кереуеті махаббатың асып-тасқан қан қызыл майданы болудан қалған, бұл күндері ол оңаша әңгіменің ошағы ғана. Олардың әр қимылын қалт жібермей қайталап тұратын баяғы қабырға толы айналар да тегіс сатылған, олардан түскен ақшаға лотереяға тігілетін мал алынды. Сезімдерін қытықтап қыздыратын әсем ақ жаймалар мен пуліш көрпелер қашырға жем болған, ғашықтарда да бұрынғыдай тасып төгіліп

жатқан күш, өрекпіген көңіл жоқ, бұлар бүгін үйқысы қашқан, әңгімелерінің төркіні ұтыстан түскен ақшаны ұқсатуғана болатын, өзге қарекеттен қалған екі пірәдар жан. Олар жиі-жиі таңғы тауық шақырғанша отырып, мынау Фернандаға, мынау Амаранта-Урсулаға бәтеңке әперуге, мынау Санта София де ла Пьедадқа, бақыр әлгі аумалы-төкпелі заманнан бері көйлек киіп көрген емес, мынау, кім біледі, карт адам, көз жұма қалса, Урсулаға табыт сатып алуға, ал мынау кофе сатып алуға, оның да әр фунты үш ай сайын бір сентавоға қымбаттап жүр, мынау қантқа, оның да күннен күнге дәмі кетіп бара жатқан секілді, ал мына бірі отынға, ол түскірі жауыннан бері кеппей қойды ғой, ал ана бірі лотерея билеттерін жасауға, ал мына бір молдауы — көкек айында ұтысқа тігілген құнажын қарасан тиіп, арам қатқан болатын, әйтеуір, терісі ғана кәдеге жараған, соның сатылып кеткен лотерея билеттерінің ақшасын қайыруға деп, бөлек-бөлек үйме жасап, тиын-тебендерін бөледі, кейде жетпей қалып жүре ме деп бірінен біріне көшіреді. Жоқшылық қылтасын қиып отырса да, Екінші Аурелиано да, Петра Котес те еншінің үлкенін Фернандаға бөледі, оның алдында өздерін кінәлі сезініп, немесе оны мүсіркеп солай істемейді, екеуі де ақ бейілмен Фернанданың тоқшылық-саушылығын өз игіліктерінен жоғары қояды. Әділін айтсақ, екеуі де Фернанданы сыртынан өздері сонша армандап, бірақ қақ тағала бермей қойған қыздарындай көруші еді. Жасырары не, Фернандаға голландық кездемеден тігілген дастарқан сатып әпереміз деп үш күн бойы қара суға пісірілген ботқа жеп отырған күндері де бар. Алайда олар белдерін жазбай жұмыс істеп, қанша ақша тапса да, қанша амал-айла жасаса да, олардың жебеуші пірлері ақша саналып, бөлініп болғанша шаршап-шалдығып, ұйқтап қалатын да, ақша күнбе-күнгі талғажулықтан аспай-ақ қойды. Сөйтіп олай тартса да, бұлай тартса да жетпейтінді шығарды, сонда үйқысы қашқан олар кірпік іле алмай жатып, малдың баяғыдай көбеймейтіні несі, ақшаның қолына ұстаған сәтте-ақ құны кететіні несі, бір кезде би билеп жүріп бір буда ақшаны тұтатып, шырақ етіп ұстайтын адамдар енді алты тауық ұтысқа тігілген лотереяға қатысуға қажет он екі сентавоны әлден ерік қылып, тапатал түсте тонадың ғой деп өзеуреп шыға келетіні несі, бұл дүние не боп барады деген шытырман ойға батады. Екінші

Аурелиано ойлайды: зұлмат мынау айнала дүниеде емес, Петро Котестің жүмбақ жүрегінде, соның бір түкпіріне қонып алған да, сонда ұялап қалған; ол пәлекет, сірә, топан қаптаған кезде кірген, мал біткеннің қысыр қалып, ақшаның берекесі қашып су болып кетуі де содан; бірақ бұл ойын ол тісінен шығарған емес. Осы құпияның сырын ашуға құныққан ол көңілдесінің жан-жүрегінің түкпіріне көз салған, көз салған да қайран қалған, сөйтіп мал табам деп жүріп махаббат тапқан; пайда құмар пиғылмен Петра Котестің көкірегінде, ынтық отын тұтатам деп тыраштанып жүріп, өліп-талып өзі ғашық болған. Екінші Аурелианоның үздігіп, асты-үстіне түскенін көрген Петра Котестің жауыраған жаны жылып, бұрынғыдан да жалындай түскен, сөйтіп өмірінің қоныр салқын күзіне енген шағында "жоқшылық махаббатпен бірге жүрер" деген мәтелдің растығына балалық балаң сеніммен құлай сенген. Ендігі жерде екеуі бірдей баяғы бәтуасыз, басы артық сауық-сайрандарын, тасып-төгілген баянсыз байлықтарын, көзсіз құмарлық құшағында еленде, есірген шақтарын, қысылып-қымтырылып естеріне алып, ерепайсыз ашылып-шашылғандарына налыған, сөйтсе жанды жай таптырар жұмақ — екеуінің осы оңашалығы екенау. Сонша жыл бірге тұрғанда тұл бітпеген тұлдырсыз екі асық төсектегі махаббаттың жөні бір басқа деп жүрсе, дастарқан басында отырып та өліп-талып сүюге болатынына көздері жетіп, шексіз ләззатқа бөленген, әбден кәрілік жетіп, қауқардың қалмағанына қарамастан қоянның көжегіндей асыр салып, күшіктерше алысып-жұлысып, өздерін бақытты сезінген.

Лотореядан түскен ақша жұрынға жұқ болар емес. Алғашында Екінші Аурелиано баяғыда мал сататын кезіндегі байырғы кеңсесіне кіріп алып, лотореяға тігілген ұтыстың сипатына қарай, әйтеуір, нобайын келтіріп қызыл сиырдың, жасыл торайдың немесе шүпірлеген көкшіл мекиендердің суретін салып, үсті-үстіне билеттер жасайды, неге екені белгісіз, өздерінің осы кәсіптерін Петра Котес "Тәңірі аян еткен лотерея" деп атаған, сондықтан да ол билеттің бұрышына маржандай етіп тізіп осы сөздерді жазады. Бара-бара оның аптасына екі мыңнан астам билет жасауына тура келді, ақыры, бұл шаруадан әбден діңкелеген соң лотореяның аты мен нөмірі жазылып, түрлі түліктің суреті

салынған каучук штамптарға заказ беруге мәжбүр болды. Көзі сонда ашылды, ендігі шаруасы — түрлі-түсті сия құйылған жастықшаларға штампын матырып алып, қағазға басу ғана. Өмірінің соңғы жылдарында Екінші Аурелиано билеттердің номерінің орнына бір жұмбақ жазып, ұтысты жауабын тапқан адамдарға бөліп бермек те болған, алайда бұл жүйе әрі қиын, әрі неше түрлі шүбә, күдік, сенімсіздік туғызған соң, бір-екі әрекет жасап көрді де, онысынан түк шықпаған соң, жылы жауып қоя қойды.

Ертеден қара кешке дейін Екінші Аурелиано лотореяның ел ішіндегі беделін арттырам деп әлек, тіпті балаларын көруге мүршасы келе бермейді. Ал Фернанда болса, бұл кезде Амаранта-Урсуланы жылына тек алты шәкірт қыз қабылдайтын жеке иеліктегі оқу орнына орналастырды да, кішкене Аурелианоны тіпті қалалық мектепке жіберуге де рұқсат берген жоқ. Ол баланың үй-ішінде еркін жүріп-туруына рұқсат беріп, онсыз да үлкен кеңшілік жасадым, соған да риза болсын деген ойда. Оның үстіне мектепке о кезде тек ата-анасының некесі шіркеуде қиылған балалар ғана алынатын, ал ішіне Аурелианоны салып үйіне жіберген себетке емізікпен бірге оралып байланған тууы туралы куәлікте оның тастанды бала екені анық жазылған еді. Осылайша Аурелиано қамауда, Санта София де ла Пьедадтың қамқор қарауында өмір сүріп жатты, есі кіре қалған сәттерде Урсула да оны бауырына басып бас-көз болады, сөйтіп бала ертелі-кеш екі кемпірдің ертек-естеліктерін тыңдап, төрт қабырғаның төңірегіндегі тар дүниені танып-біліп есейе берді. Ол өзімшіл, ибалы қыздай сызылып тұратын кішік мінезді болып жетіп келе жатты, бұл да полковник атасы секілді білімге құштар, зейінді, оны-мұны сұрастырып, үлкендердің есін шығарады, алайда полковниктің адамның өңменінен өтетін сұңғыла көзқарасы бұған бітпеген, бұл сүлесоқтау қарайды, әрі көзін де жыпылықтатып, жиі қаға береді. Амаранта-Урсула болса мектепте, ал мұның ертеден қара кешке дейін бітіретін бар шаруасы — бақта жауын құрт қазады, жәндіктер мен құрт-құмырсқаларды аулап, көзін құртады. Бірде Урсуланың төсегіне қоя бермек оймен қорапқа бүйілерді салып түрған жерінде оны Фернанда ұстап алып, Меменің бұрынғы жатын бөлмесіне кіргізіп қамап тастады, мұнда ол жалғыздықтан іші пысып, қайтадан эн-

циклопедиядағы суреттерді қарай бастады. Қолына бір уыс қалақай ұстап, ауаны тазартпақ болып, қабырғаларға таза су шашып жүрген Урсула оны осы бөлмеден тапты, бұған дейін талай ұшырастырып жүрсе де, сен кім едің деп қайтадан сұрады.

— Мен — Аурелиано Буэндиамын, — деді ол.

— Рас-ау, — деді кемпір. — Зергерлік шаруаны да қолыңа алатын кезің жеткен екен.

Қалың нөсерден кейін іле-шала басталып, біраз уақытқа дейін оның алжасқан ақылын қайтып арнасына түсірген аңызақ басылған кез, кемпір баланы тағы да өз ұлы ма деп қалды. Қария қайтадан шатаса бастады. Жатын бөлмесіне кірсе болды, қаптаған ағайын-жұрағатты көреді: үстінде қонаққа киетін төгілген қос етек бүрмелі көйлегі, басында бөртпе шәлісі бар Петронила Игуаран манаурап отыр, тотының қанатымен желпініп, арқалы өткеншек-орындығында шәниіп, сал болып қалған әжесі Транкилина Мария Миниата Алакоке Буэндиа жатыр; кіші король сарбазының сарпағын киген Урсуланың бабасы Аурелиано Аркадио Буэндиа, оқығанда сиырдың оқырасы ұрығымен бірге сыпырылып түсетін дуға шығарған әкесі Аурелиано Игуаран, құдайын аузынан тастамайтын көнбіс шешесі, торай құйымшақпен туған немере ағасы, о дүниелік болған үлдары да осында; бәрі де қабырғаны жағалап қойылған орындықтарда, қонаққа келген сияқты емес, өлген жанның күзетіне жиналған адамдар секілді томсарып отыр. Қария олармен болған жері, өткен уақыты жөнінен ешбір байланысы жоқ оқиғалар жайлы қымқуат қызу әңгіме жүргізеді, мектептен қайтқан Амаранта-Урсула мен энциклопедияны ақтара-ақтара зеріккен Аурелиано жатын бөлмеге кірген кезде қария өткендер туралы естеліктердің шым-шытырық шатқалдарында шатасып, төсекте өз-өзінен әңгірлеп сөйлеп отырады. Бірде оның "өрт, өрт" деп бажылдап, үй-ішінің зәре-құтын қашырғаны бар, сөйтсе төрт-бестер шамасындағы кезінде ат қораның өртенгенін көргені есіне түскен екен. Ол өткендегі мен бүгінгіні үнемі шатастыра беретін, тіпті қайтарының алдында екі-үш мәрте есі кіріп парасат-пайымы орнына түскен шақтардың өзінде жұрт оның қандай күйде болғанын, не қазіргі сәт жайлы, не кешегі өткен күндер туралы айтып отырғанын айыра алмай дағдарған-ды. Урсула біртіндеп шөге берді,

сола берді, демі таусылмай тұрып-ақ тірі өлікке айналды, жарық жалғанды кешкен соңғы айларында ол тіпті шүберекке орап қойған кепкен қара өріктей ғана болып семіп қалды, үнемі алға созып жүретін қолы маймылдың табанындай бүгіліп, құрысып қалды. Ол бірнеше күн бойы тырс етіп, тіршілік белгісін сездірмей жата береді, сонда Санта София де ла Пьедад оның тірі екеніне көз жеткізу үшін бір сілкіп көтеріп алады да, тізесіне отырғызып, қасықтап шекер суын ішкізеді. Урсула да бір, жаңа туған нәресте де бір. Амаранта-Урсула мен Аурелиано жатын бөлмеде оны кезек-кезек кішкене балаша қолдарына алып көтеріп жүреді, сосын шоқынатын жерге әкеліп жатқызып, Ғайсаның кішкентай күніндегі бойымен өлшеп, салыстырады, оның сәл ғана үлкен екенін көріп, мәз болысады; ал бір күні кешке олар кемпірді шошаладағы әбдіреге апарып салып қойып, оның егеуқұйрықтарға жем бола жаздағаны бар. Талды жексенбі[1] күні таңертең Фернанда мінәжат етуге кеткенде, олар жатын бөлмеге кіріп, Урсуланы біреуі басынан, біреуі аяғынан алады.

— Қайран, ұлы әжем-ау, — деп күңіренді Амаранта-Урсула, — кәріліктен көз жұмдың—ау.

Урсула жан-тәсілім қозғалақтайды:

— Мен әлі тірімін, — дейді дауыстауға тырысып.

— Көріп түрсындар ма? — дейді Амаранта күлкісін әрең тыйып. — Демі таусылған екен.

— Мен сөйлеп жатырмын, — деп ышқынады Урсула.

— Тілден де қалған екен, бақыр-ай, — дейді Аурелиано. — Шегіртке құрлы болмай көз жұмды деген осы.

Сонда Урсула хаққа дауа жоқ екен деп мойынсұнған. "О, тәңірі, — деп іштей күбірлеген ол. — Өлім дегенің осы екен ғой". Ол содан екі күннен аса әр нәрсенің басын бір шалып жақ жаппай дұға оқыған, онысы сейсенбі туа адам ұғып болмайтын бір қойыртпаққа айналды, құдайға сынуы да, сары құмырсқаны құртыңдар, әйтпесе үйді құлатады, Ремедиостың дагерротипінің алдындағы шырағданды өшірмеңдер, Буэндиалардың бір де бірі өзінің сүйекшатыс

---

[1] Христиандардың діни мерекесі - "пасханың" қарсаңындағы жексенбі; аңыз бойынша, Ғайса Иерусалимге кіргенде оның аяғына тал шыбықтың бүрлері төгілген екен.

адамына үйленбесін, одан торай құйымшақ бала туады деген үй-ішіне айтқан ақыл-өсиеті де соның ішінде. Екінші Аурелиано қарияның сандырақтап жатқан осындай сәтін пайдаланып, алтынның қай жерге тығылғанын біліп алуға әрекеттенген еді, онысынан түк шыққан жоқ. Урсула: "Оған қам жеме, иесі келген соң, құданың құдіретімен өз қазынасын өзі тауып алады", — деп келте қайырды. Урсуланың әне-міне деп жатқанына Санта София де ла Пьедадтың көзі жеткендей, өйткені дәл осы күндері табиғатта төтен құбылыстар пайда болған, раушан гүлдер жусан иістеніп, Санта София де ла Пьедадтың қолынан түсіп кеткен асқабақ астаушадан шашылған құмалақ дәндер еденге түскен бетте өзөзінен қолмен қойғандай жиналып, теңіз жұлдызшасының сұлбасын құрады, ал бір күні түнде аспанда бірінің соңынан бірі тізіліп айналасына сәуле шашқан жалқын сары дөңгелектердің ұшып өткенін көрді.

Қария азапты аптаның[2] бейсенбісінде таңертең ерте көз жұмды. Баяғыда, банан компаниясы дәуірлеп тұрған кезде Урсула туған-туыстарының көмегімен жасын санағанда ең бері қойғанда жүз он бестемін, ары дегенде жүз жиырма екідемін, бірақ одан артық та, кем де емес деп түйген еді. Ол кезінде Аурелианоны салып әкелетін себеттен сәл ғана үлкен, кішкене табытқа салып қойылды, жерлеуге де адамдар аз жиналды. Мұның себебі көпшілік адамдар Урсуланың бар-жоғын ұмытып кеткен еді, әрі сол күні тал түсте күннің ыстық болғаны сонша, аспандағы ұшқан құс бағытынан жаңылып, ұшып келе жатқан бойда үйлердің қабырғаларына соғылады, немесе әйнектерді сындырып, бөлмелерге тарс-тұрс құлап түседі.

Алғашында жұрт оларға оба тиген екен деп ойлап қалған. Әйелдер әсіресе түскі дамыл кезінде баудай түсетін өлген құстарды бөлмелерден сыпырып тастаймыз деп-ақ қара тер болады, ал еркектер жағы оларды арбалап апарып өзенге төгіп жүрді. Ғайсаның жарқын жексенбісінде жүзге келген падре Антонио Исабель азан тұғырынан құстарға қырғын жіберген Мәңгі Жөйіт, оны өткен түнде ғана өз көзіммен көрдім деп жамиғатқа жар салды. Падре оның жарты денесі

---

[1] Православие шіркеуі атап өтетін пасханың (діни мейрам) алдындағы ауыз бекітетін соңғы апта. Шіркеу заңы бойынша діндарлар бұл күндері креске керілген Ғайсаның кешкен азабын еске алуға тиіс.

жезтырнақтыкіндей, қалған жартысы текенікіндей деп суреттеді, ал демі қуырып жіберердей ыстық, ол аяқ басқан жерде жас әйел атаулының бойына тек миғұла бітеді деп сарнады. Күллі қала қаріп дін аталарын баяғыдан-ақ ақылынан алжасқан адам санайтын, сондықтан оның дегеніне мән берген жан жоқ. Алайда сәрсенбі күні таңертең көрші әйелдің шошынған айғайы төңіректі аяғынан тік түрғызды, ол әлдебір қос аяқты тірлік иесі қалдырған айыртұяқ ізден қорыққан екен. Ап-айқын, сайрап жатқан ізді көрген адамдардың оның священник айтқан құбыжықтыкі екеніне еш күмәні қалған жоқ. Әр аулада тосқауыл қойылып, тұзақ құрылды. Көп ұзамай-ақ жұмбақ мақұлық қолға түсті. Урсула қайтыс болғаннан кейін екі апта өткен соң Петра Котес пен Екінші Аурелиано түн ішінде көрші ауладан естілген торпақтың мөңірегені тәрізді сай-сүйектен өтетін өкірген дауыстан оянды. Олар не болғанын білмекке далаға шыққанда, бір топ еркек беті құрғақ жапырақпен жабылған ордың түбіндегі үшкір қазықтарға құлаған құбыжықты шығарып алып жатыр екен, ол жан-тәсілім берсе керек, үн шығармайды. Қолды аяқты баладай ғана екеніне қарамастан атан өгіздей бір зіл батпан неме, жарасынан қоймалжың жасыл түсті қан ағып жатыр. Денесін сабалақ-сабалақ шүлеңке жүн секілді арасына кене жабысып, құмалақ қатқан, қалың түк басқан; жүндес дегені болмаса, кейбір дене мүшелері священник айтқандай жынперіге емес, кәдімгі адамға ұқсайды, тіпті адам емес жүдеп-жадаған шілтенге тартатын тәрізді; қолдары сүйрік, тап-таза, көздері баданадай, тұңғиық, жауырынында жырым-жырым болып біткен бір кездегі қуатты қоя қанаттың орны бар, тегінде оларды әлдекім балтамен шауып түсіргенге ұқсайды. Жиналғандар өлікті жұрт көрсін деп қызыл асығынан орталық алаңдағы бадам ағаштарының бірінің бұтағына іліп қойды, ал енді денесі бұзыла бастағанда, не арулап қоятын азған адам екені, не өзенге ағызып жіберетін хайуан екені белгісіз мақұлықты тек өртеп жіберуге тура келді. Құс біткенге қырғын тигізген осы ма, жоқ па, ол жағы белгісіз қалды, бірақ священник айтқандай, жаңа түскен бір де бір келіншек не жарым-құрсақ қалған жоқ, не жарымес бала туған жоқ, бірақ аптаптың да айықпай тұрып алғаны рас.

Жыл шыға Ребека қайтыс болды. Өмір бойы қасында болған қызметшісі Архенида оның осыдан үш күн бұрын жатын бөлмесіне кіріп алып, қайтып шықпағанын өкімет

орындарына хабарлап, есікті сындыруды өтінді. Оның айтқаны істеліп, ішке енгенде, теміреткіден шашы түсіп қалған басы тап-тақыр, о дүниелік Ребека бүктетіліп, жұдырықтай ғана болып, бармағын аузына салған қалпы өз төсегінде жатыр екен. Екінші Аурелиано жерлеу шығынын өз мойнына алды, үйді жөндеп сатуға да әрекет жасаған еді, онысынан түк шықпады: қабырғаға бояу жақса, сәтінде қобарсып қалады, күшті әк ерітіндісін қайта-қайта құйса да, арамшөп еден тақтайларының арасынан қаулап шыға келеді, пүліш ораған тіреулер де үгіліп түсуге шақ тұр.

Жауын біткеннен кейін Макондодағы тірлік осылайша өтіп жатты. Сылбыр, салбөксе жандар там-тұмдар естелік біткенді жалмап жұта бастаған обыр уақыттың ығытына қайдан қайрат қылсын, Неерландия бітімінің жылдығына орай кезінде полковник Аурелиано Буэндиа талай мәрте бас тартқан орденді қайткен күнде де тапсыру жөніндегі бұйрықпен келген республика президентінің өкілдері батырдың үрпақтарын білетін тірі тышқан таппай бір кеш бойы сенделген-ді. Таза алтыннан жасалған екен деп қызығып кеткен Екінші Аурелиано бастапқыда орденді алуға келісе жаздап, оны бұл қылығың затыңа лайық емес дегенді айтып, Петра Котес тежеген, сонда ғана ол президенттің өкілдері оркестр жалдап, салтанатты рәсімге арналған сөздеріне дейін дайындап қойғанына қарамай бұл пиғылынан бас тартып еді. Сығандардың Макондоға қайтып оралатыны да осы түс, Мелькиадестің білімінің жұрнағын сақтаушылар қаланың құлазып кеткенін, оның тұрғындарының басқа дүниеден бейхабар, азып-тозып бара жатқанын көрген; сонда сығандар мынау дегеніңіз Вавилония даналары ашқан ең соңғы өнертабыс деп жар салып, қолдарына магниттелген темір кесектерін ұстай салып, үй-үйді аралап кеткен, шарық табақтай үлкейткіш шынымен күн сәулелерін тұтып өнер көрсеткен, бір ғажабы, магнитке тартылып, сөреден ұшып түскен шылапшындарды, жан біткендей жылжи жөнелген тегеш-құмандарды аузын ашып тамашалаған милаулар да, елу сентаво төлеп, сыған әйелдің алмалы-салмалы тістерін жаңадан көргендей болып, пай-пай дескен кеңкелестер де табылды. Иесіз қалған станция басында жолаушысы да, жүгі де жоқ бірнеше сары вагон тіркеген көне паровоз бір минут қана аялдайды, бір кезде Браун мырза ішіне епископтарға

лайық жадағай орындықтар қойылған шыны шатырлы вагонын тіркеп жүретін, жолаушылар иін тірескен поездан, бұрынғы сапырылысқан қозғалыстан, әрқайсысына жүзім тиелген жүз жиырма вагон тіркеп, бір кеште әлденеше келетін составтардан бар қалғаны осы. Падре Антонио Исабельдің құстарға тиген қырғын жайлы және мәңгі жөйіттің қолға түсіп, құрбандыққа шалынғаны туралы хабарын оқиға болған жердің өзінде тексеруге келе қалған сот орындарының шенді-шекпенділері қадірменді дін басының жалаң аяқ, жаланбұт балалармен тығылмақ ойнап жүргенін көрген соң оның хабарларының анық-қанығын да тексерген жоқ, мұның бәрі шатасқан шалға көрінген елес деп шешті де, қарттың өзін ақылынан алжасқандардың үйіне жөнелтті. Бірнеше күннен кейін қалаға екіленіп түрған падре Аугусто Анхель келіп жетті, тауаны шағылмаған, тайсақтауды білмейтін дін басы құдай дегендердің құлқы қалғымасын деп күніне әлденеше қаладағы қоңырау біткенді қағып шығады, үйді-үйге кіріп, мең-зең күйдегі маубастарды оятып, мінәжат етуге шақырады. Алайда оның бұл ағыны алысқа барған жоқ, жыл өтпей жатып-ақ падре Аугусто Анхельдің де жүні жығылды, айналаны жайлап алған енжарлық рухын сейілтуге, дүниенің әрін кетіріп, көнетоздандырып, айналаны басып кеткен ыстық шаң-тозаңды арылтуға қауқары да, құдіреті де жетпеді, түскі дамыл кезіндегі аспан айналып, жерге түскендей аптап пен түсте желінетін майлы ет жарықтық өзінің де еңсесін жаздырмады.

Урсула өлгеннен кейін үй-ішінің тағы да берекесі кетті, бұл шаңырақ содан қайтып оңалмады, оны бұл күйзелген халден шығаруға, арада талай жыл өткен соң, парасаты биік, заманына сай іскер, білімді, жайдары жан болып жетілген Амаранта-Урсула секілді жігерлі бекем жаратылыстың да шамасы жетпеді, үй-ішіндегі үйездеген бүлінщілік рухын қуып тастау үшін есік-терезені шалқасынан ашып, бау-бақшаны қалпына келтіріп, тапа-тал түсте үй-ішінде қаймықпай өріп жүретін қызыл құмырсқаларды қырып, небір әрекет жасаса да, Буэндиалар ошағына бұрынғы қонақжайлық лебін қайыра қонақтата алған жоқ. Урсуланың жүз жылғы жарқын дәуренінің жолында кесе-көлденең алынбас қамал болып Фернанданың көкірегін кеулеп алған оқшаулық жатты. Айлап, жылдап соққан аңызақ ба-

сылған кезде оның есікті ашуға рұқсат бермегені былай тұрсын, ата-бабаларының тұмшаланып-тығылып өлетін дәстүрлеріне берік Фернанда терезелерге айқастырып тақтай шегелеп тастауды бұйырды. Оның әлгі көзге көрінбейтін емгерлермен тым қымбатқа түскен байланысы да құрып тынды. Әне-міне деп соза-соза Фернанда ақыры күнін-сағатын тағайындап, мезгілі келгенде жатын бөлмесіне кіріп, басын терістікке беріп, үстіне тек бір қабат ақ жайма жамылып, төсегіне жатты; түнгі бірлердің шамасында ол бетіне мұздай бір сұйыққа малынған орамал жабылғанын сезді. Ояна келсе терезеден жарық түсіп тұр екен, қарнында тура қызыл шаптан басталып кеудесіне дейін жететін доға тәрізді бадырайған тыртық қалыпты. Операция соңынан демалуға бөлінген уақыт өтпей жатып-ақ көзге көрінбейтін емгерлерден жайсыз хат келді. Хатта оны алты сағат бойы мұқият тексергендерін, бірақ бұл өзі қайта-қайта қыңқылдап, тәптіштеп айта берген дертті туғызатындай тәнінен, іш құрылысынан пәлендей өзгеріс таппағандарын хабарлаған екен. Шашты шаш демей, басқа өсетін жүн дейтін Фернанданың үнемі орағытып сөйлейтін әдеті тағы да қырсығын тигізді, көріпкел-хирургтердің тапқан жалғыз дерті — жатыры төмен түскен екен, ал оған операцияның қажеті шамалы-тын, "бандаж" салып-ақ, оны көтеруге болушы еді. Көңілі қалған Фернанда сұрау салып, мәселенің жай-жапсарын білуге тырысып еді, көрінбейтін хабарлаушылар тырс етіп жауап қатпай қойды. "Бандаж" деген түсініксіз сөздің түп-төркінін таба алмай титықтаған Фернанда үят-сұятты жиып қойып, мұның не нәрсе екенін француз дәрігерден сұрап біліп алмақ болған, амал не, ол сонда ғана француздың осыдан үш ай бұрын сырғауылға асылып өліп қалғанын, оның халықтың қалауынсыз, қасақана полковник Аурелиано Буэндианың қарулас қарт жолдастарының бірі — соғыс ардагерімен бір зиратқа жерленгенін білді. Фернанда сонда амалсыздан ұлы Хосе Аркадиоға мұңын шақты, ол сонау Римнен қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқаулығымен қоса құрсаубелдік салып жіберді. Ең алдымен Фернанда нұсқаулықты жаттап алды, содан кейін мазасыздандырып жүрген дерттің сыры жұртқа мағлұм болмасын деп, белдігімен қосып, әжетханаға тастап жіберді. Мұнысы тіпті басы артық сақтық еді, үй-ішінің қалған жұмырбастыларынан Фернандаға назар

аударып жүрген жан жоқ-ты. Кәрілік жетіп қағажу қалған Санта София де ла Пьедад өзімен-өзі, оны-мұны талшық етіп үй ішіне ас пісірумен, қалған уақытында Екінші Хосе Аркадионы бағып-қағумен әлек. Аздап болса да әсем Ремедиоска ұқсап бой жетіп келе жатқан сұлуша ғана Амаранта-Урсула бұрын Урсуланы әурелеумен өткізетін уақытын сабағын қарауға арнаған. Екінші Аурелианоның қызы айрықша зеректік, зейінділік танытқан, әкесінің бір кезде Мемеге артқан үміті енді осының үстінде. Ол баяғыда банан компаниясының тұсында орнықкан дәстүрге орай Амаранта-Урсуланы Брюссельге одан ары білімін көтеруге оқуға жіберем деп уағда еткен, оны топан суы жылан жалағандай етіп кеткен жерлерді қайтадан өңдеуге мәжбүр еткен осы мұраты. Екінші Аурелианоның үйге келуі сирек, онда да Амаранта-Урсуланы көру үшін анда-санда бір бас сұғады, ал Фернанда үшін оның бөтен адам болып кеткені қашан, ал кіші Аурелиано өскен сайын түйықталып, алыстап бара жатыр. Екінші Аурелианоның ендігі бір үміті — Фернанда қартаяр, кергуін қояр, не бопты, жұмсарар, жібір, жиеніне қала тірлігіне араласуға мүмкіндік берер, ал оның шыққан тегіне келетін болсақ, онда кімнің қандай шаруасы бар. Алайда Аурелианоның өзіне осы оңаша оқшау күйі бек ұнаған секілді, осы табалдырықтан былайғы дүниеде не болып жатқанын білмекке онша құлқы жоқ. Урсула қоярда қоймай Мелькиадестің бөлмесін ашқызған күннен былай, Аурелиано есіктің саңылауынан қарағыштап, осы араға қайта-қайта келгіштей берген, сөйтіп жүргенде Екінші Хосе Аркадио екеуі бірін-бірі ұнатып, бауыр басып кеткен болуы керек. Әйтеуір, екеуінің арасында қашан, қалай берік дәнекер орнағанын бастапқыда Екінші Аурелиано да аңдамай қалған, тек бір күні бала станция басындағы қанды қырғын жайында сөз қозғағанда барып бір-ақ білді. Бірде дастарқан басында біреулер Макондодан банан компаниясының кеткеніне өкініш білдіріп, сол күннен бастап қаланың құлдырай бастағанына налыған; дәл осы сәтте кішкентай Аурелиано толысқан адамдарша толғамды пікір айтып сөзге араласқан. Оның көзқарасы, байқағандарға, ел ішінде кең тараған пікірден өзге, оның пайымдауынша банан компаниясы келіп дұрыс жолдан тайдырып, аздырып, түгін қалдырмай тонап алғанша Макондо болашағы үлкен, гүлденіп, көркейіп келе

жатқан қала еді, ендігі күйі мынау, топан қаптатқан да — жұмысшылардың айтқанына көнгісі келмеген компанияның нженерлері. Баланың сөздері ірі, ол Фернанданың көзіне өңшең тақуалардың ортасындағы Ғайсадай елестеп, бұл күпіршіліктен оның өзі қатты шошыды, бірақ бала мығым, әскердің станцияға жиналған үш мыңнан астам адамды — жұмысшылардың қалың тобын пулеметтен атқылып жусатып салғанын, өліктерді екі жүз вагон тіркеген составқа тиеп, теңізге апарып тоғытқанын қолмен қойғандай етіп айтып берді. Басқа да көптеген адамдар секілді вокзал алаңында ешқандай оқиға болған жоқ дейтін ресми мағлұматқа шәк келтірмейтін Фернанда мына жүгірмектің полковник Аурелиано Буэндиаға тартып бүлік іздеп отырғанына зығырданы қайнап, оны тыйып тастады. Екінші Аурелиано да, керісінше, сыңары айтқан әңгіменің айна-қатесі жоқ екенін растады. Тегінде, былайғы жұрт Екінші Хосе Аркадионы қанша есуас санаса да осы үйдің ішіндегі ең есі дұрысы сол болатын. Ол кішкентай Аурелианоны оқу-жазуға үйретті, пергаменттерді танып-талдауға бейімдеді, баланың бойына Макондоға банан компаниясы нендей зұлмат әкелгені жайындағы өз пікірін сіңірді, ал бұл пікір тарихшылар айтатын, оқулықтарға жазылған жалған қисынмен мүлде қиыспайтын. Соңыра, көп жыл өткен соң, Аурелиано есейген шақта оның бұл жайлы әңгімесін елдің бәрі өтірік санайды. Анызақ та, шаң-тозаң да, аптап та жетпейтін оңаша бөлмеде екеуі өздері дүниеге келерден көп жыл бұрын, осында, арқасын терезе жаққа беріп отырып әлем жайлы әңгіме толғаған, қарғаның қанаты тәрізді жалпақ жиек қалпақ киген қарттың алыста қалған елесін еске алады. Олардың екеуі де осы бөлмеде дәйім наурыз айы, дәйім дүйсенбі болып тұратынын бір мезгілде байқады, сол сәтте олар үй-ішінің Хосе Аркадио Буэндианы шатасты санап қатты қателескенін түсінді, қайта осы үйде парасаты биік адам жалғыз сол ғана еді, соның арқасында ол қозғалыс үстінде уақыттың неше түрлі кедергілерге ұрынатыны, сөйтіп апатқа ұшырайтын кездері де болатыны жайындағы ақиқатты ашқан еді, ал енді сондай қақтығыстардың кезінде ұшып түскен уақыттың бір кесегі бөлмелердің бірінде мәңгіге қалып қоюы да ықтимал ғой. Онымен қоймай Екінші Хосе Аркадио пергаменттердің криптографиялық белгілерін жүйе-

леп, олардың кестесін жасауға да жарады. Ол белгілердің қырық жетіден елу үш әріпке дейін жететін алфавитке сай келетініне көз жеткізді, бір қызығы: жеке-жеке жазғанда құрт-құмырсқаға ұқсайтын әріптер, жол-жол етіп хатқа түсіргенде сымға тізген жуылған кір секілді. Аурелиано осыған ұқсас иректерді ағылшын энциклопедиясынан көргенін есіне түсіріп, салыстырмақ үшін ағып барып алып келді. Айтса айтқандай кестелер бір-біріне дәл келді.

Екінші Аурелиано сонада, жұмбағы бар лотерея ұйымдастырып жүрген кезінде, күнде таңертең көмейіне бір кесек сығымдалған көз жасы кептеліп қалған тәрізді алқымын әлдененің сығып тұрғанын сезетін. Петра Котес мынау беті бұзылған заманның салқыны да, жай ыңқыл-сыңқыл шығар деп ойлаған, содан бір жылдан астам уақыт бойы күнде ертеңгілік кішкене қауырсынмен оның таңдайына, тамағына бал, шомыр шырынын жағып, өзінше ем жасап жүрді. Өңешіндегі ісік үлғайып, тыныстаудың өзі қиынға түскен шақта Екінші Аурелиано ем боларлық шөпті сол білер деген үмітпен Пилар Тернераға барған-ды. Әлі күнге дейін үйін ашыналардың жасырын әмпей-жәмпей мекені еткен, жүзге жетсе де уақытқа бой бермеген күйлі-қуатты әжесі бәз баяғысынша емгерлікті еріккеннің ермегі санайтын, бірден картаға жармасты. Ашып жібергенде, қарға валеттің қанжары алқымына қадалған қызылайыр король шықты, соған қарап-ақ балгер, сірә, Фернанда күйеуінің суретіне түйреуіш қадап, баяғы ескі тәсілмен оны қасына қайтарып алуға әрекет жасаған, алайда дұғалаудан хабары шамалы неме, асыра сілтеп, асқындырып алған, содан мына пақырдың тамағы іскен деген тұжырым жасады. Үйлену тойынан басқа кезде суретке түскені есінде жоқ, олары болса аман-сау отбасылық альбомда жатыр, сондықтан да Екінші Аурелиано әйеліне сездірмей үйдің ішін тегіс тінтіп шығып, әбдіренің бір қуысында тығулы жатқан өзгешелеу ораудың ішіндегі толып жатқан бандаждарды тауып алды. Мынау әдемі резеңке бүйымдардың дұғаға қандай да бір қатысы бар деген оймен солардың біреуін қалтасына тығып алды да көрсетуге Пилар Тернераға әкелді. Бұл жұмбақ заттың табиғатын, не үшін керек екенін кемпір де біле алмай дағдарды, бірақ күмәнді көріне берген соң бәрін бірдей алдырып, аулаға алып шықты да бірін қалдырмай өртеп жіберді. Алайда Фер-

нанда жіберген дұғаның жайылып кетпей тұрғанда уытын қайтару үшін Екінші Аурелианоға мекиенді зәріне малып, талшынның түбіне тірідей көміп таста деп кеңес береді. Екінші Аурелиано кемпірдің кеңесіне құлай сеніп, бар дегенін қалт жібермей істеді, айтса айтқандай, қазылған жерді құрғақ жапырақтармен жауып бола бергенде-ақ тынысы ашылғандай көрінген. Ал Фернанда бандаждардың жоғалып кетуін көрінбейтін емгерлердің өш алуына балап, көйлегінің астарынан іш қалта тігіп алып, ұлы салып жіберген жаңа бандаждарды сонда салып жүретін болды.

Мекиенді көмгеннен кейін алты ай өткен соң, Екінші Аурелиано түн ортасында қатты қысқан жөтелден оянды, орасан зор шаяннның темір құрсаулары іштен сығымдап бүріп әкетіп бара жатқанын сезді. Ол дәл осы сағатта сиқырланған қаншама белбеуді жақса да, дұғаланған қаншама тауыққа зәрін сындырса да, бәрібір ажалдан қашып құтыла алмайтынын айқын сезді, қайғылы болса да, жалғыз ғана қапысыз шындық осы еді. Бірақ бұл ойын ол ешкімге ашқан жоқ. Ажал ерте жетіп, Амаранта-Урсуланы Брюсселье жіберіп үлгере алмай қалам ба деген қорқыныш қуалаған ол өмірінде бұрын-соңды жасамаған қарекет жасап, бір лотореяның орнына аптасына үшеуін өткізетін болды. Боз ала таңнан тұрып, жарық дүниеде санаулы сағаты қалған адамға тән қапа жан дүниесін қымтаған сорлы билеттерін сатып бітпек оймен ең бір шалғай, кедей-кепшік тұратын көшелеріне дейін қалдырмай қаланы зыр айналып шығады. “Тәңірі өзі қалаған ұтыс бұл, — деп сампылдайды ол. — Қармап қалыңдар, мұндай ұтыс жүз жылда бір түседі”. Ол көңілді, ақ жарқын, әзілкеш көрінуге тырысып, әуре-сарсаңға түсетін, алайда тер жуған, боп-боз жүзіне көз түскенде-ақ, оның жарық жалғанмен қош айтысқан жан екені аңғарылатын. Ара-арасында сұқ көзден сырт, қағаберістеу қалтарыс тауып ішкі дүниесінің тоз-тозын шығарып әкетіп бара жатқан темір шеңгелден бір сәтке болса да дамылдап алмақ болып сұлқ түседі. Түн ортасы ауа жарнамалардың қасында көкіректері қарс айрылып күрсініп тұратын жалғыз басты әйелдерді үлкен ұтысқа кенелесіңдер деп қызықтырып, қайтадан көңілді көшені қуалай жөнеп береді. “Мына бір номердің шықпағанына да төрт ай, — дейді ол әйелдерге билеттерін көлденең тартып. — Осы мүмкіндікті пайдаланып қалың-

дар. Біз ойлағандай өмір ұзақ емес, қысқа". Бұрынғыдай емес, бұл кезде жұрт оны құрметтеуді қойып, тәлкек қыла бастаған, тіпті өмірінің соңғы айларында оны баяғыдағыдай дон Аурелиано деп атауды қойып, бетің бар, жүзің бар демей сөзіне орай "Тәңірі қалаған дон" деп қымсынбай көзіне айтатын болған. Оның даусы тарғылданып, әлсірей берді, ақыры иттің қырылдағаны сияқты дыбыс қана шығаратындай халге жетті, соған қармастан Екінші Аурелиано әупірімдеп Петра Котестің ауласына жиналған жұрттың көңілін аулап, ұтыстарын тапсыруға жарап жүрді. Алайда даусы бітіп, дерті мүлде асқынып, жан шыдатпастай күшейе бастағанда ол шошқа мен ешкіні ұтысқа тігіп, қызын Брюсселге жіберетін қаржы таба алмасына әбден көз жеткізді, бұл арада оның санасына керемет лоторея ұйымдастыру: топан суы құлазытып кеткен жерлерді ұтысқа тігу жөнінде бір ғажап ой сап ете түсті, несі бар, қалтасы бар адамдарға оларды қалпына келтіру онша қиынға түспейді, деген ойға келген ол. Оның бұл ойы көпшілікке қатты ұнады, алькальдтің өзіне шейін лоторея туралы арнаулы жарлық жариялап, құлшынып шыға келді; билеттердің әрқайсысы жүз песодан сатылды, жұрт оны көп болып қосылып алып жатты, сөйтіп апта өтпей жатып тегіс таралып кетті. Ұтыс өткен күні кешке айы оңынан туғандар баяғы банан компаниясы дәуірлеп тұрған кездегі тасып-төгіліп жататын салтанаттарға жетпесе де, әжептәуір думанды той-домалақ өткізді, осы тойда Екінші Аурелиано аккордеонын соңғы рет қолға алып, Адам Франсисконың ұмытылған әндерін әуендерін ойнады, алайда сол әндерді шырқарлық шамасы болған жоқ.

Екі айдан кейін Амаранта-Урсула Брюсселге жүріп кетті. Екінші Аурелиано қызына әлгі таңғажайып лотореядан түскен бар қаражатты ұстатты, оған қоса соңғы айларда тірнектеп жиған біраз пұлын, сондай-ақ пианоланы, күйсандықты, сосын басқа да керегі болмай қалған мебельді сатып құраған азын-аулақ ақшаны да қоса берді. Оның шамалауынша, бұл сома қызы оқуын бітіргенше жетіп қалуға тиіс, бірақ үйге қайтар жолына қаржы қала ма, жоқ па — гәп сонда. Брюссельдің жынойнақтың ордасы болған Париждің іргесінде тұрғанын ойлап, төбе-құйқасы шымырлаған Фернанда қызын жібермеуге тырысып, азар да безер болған, дегенмен оны Амаранта-Урсула оқуын бітірер-бітіргенше сонда тұрмақ бо-

лып уәде берген монахинялардың қарауындағы католик дініндегі жас қыздардың пансионына падре Анхельдің жолдаған тілек-хаты біршама сабасына түсірген еді. Онымен қоймай священник бір топ францискандық монахинялардың Толедоға бара жатқанын біліп алып соларға өтініш айтты, олар қызды өздерімен бірге ала кетуге, ал Толедога жеткеннен кейін оны Брюссельге дейін ерте баратын сенімді жолсерік тауып, қосып жіберуге келісім берді. Алдағы сапар жайлы әңгіме жүріп жатқан кезде Екінші Аурелиано Петра Котестің көмегімен Амаранта-Урсуланы жолға жинаумен болды. Оның заттары буылып-түйіліп, бір кезде Фернанданың жасауы сақтаулы тұратын сандыққа қатталып салынып болғанша кешке дейін болашақ студент қызға айтылатын ақылкеңес те әбден құлағына құйылып біткендей еді, ол Атлант мұхиты арқылы жүзген кезде қай көйлегін, барқыт кебістерінің қайсысын киетініне, мыс түймелі көк мауыты пальтосының және жағаға түскенде киетін сафиян башмағының қай жерде жатқанына дейін жаттап алды. Ол баспалдақтан кемеге көтерілген кезде суға құлап кетпес үшін аяғын қалай басу керектігіне дейін бес саусағындай білетін, әрі монахинялардан бір елі де қалмау қажет екенін құлағына құйып алды; каютасынан тек тамақ ішу үшін ғана шығуға болатынын, ашық теңізде еркек болсын мейлі, әйел болсын мейлі, ешкімнің сауалына ләм-мим деп жауап қайтармау керек екенін де көкірегіне тоқып алды. Ол өзімен бірге теңіз дертінен сақтандыратын дәрі құйылған шағын шөлмек пен падре Анхель өз қолымен дауылға қарсы оқитын алты дұға жазып берген дәптерді ала шықты. Фернанда оған кенептен ақша сақтайтын белдік тігіп, оны түнде, жатқан кезде де шешпеу үшін қалай буыну керектігіне дейін өз қолымен байлап көрсетті. Ол қызына құммен ысып, спиртпен сүртіп жуылған түнгі алтын дәрет сауытын сыйламақ болып еді, Амаранта-Урсула соңыра колледжде бірге оқитын қыздар күлкі қылады деген қорқынышын айтып, бас тартты. Алайда бірнеше ай өткен соң Екінші Аурелиано өлерінің алдында қызын сол жолы соңғы рет көрген кезіндегідей, Фернанданың айғайлап айтып жатқан ақтық ақыл-кеңестері естілмеген соң Амаранта-Урсуланың екінші класты вагонның шаң басқан әйнегін аша алмай әлек болып жатқан күйінде елестетеді. Үстінде оң иығына қолдан жасалған

үкікөз гүлдің бір шоғы қадалған бозғылдау қызғылт жібек көйлек, аяғында жұқа табан сафиян кебіс, жалпақ рәзеңке тартқышы бар жібек шүлық. Бәкене бойлы, шашын өрмей тарқатып қоя беріпті, осы жастағы Урсула сықылды жанарлары өткір, сондай-ақ қоштасарда көзіне жас алып жасымағанына немесе көңілшектеніп күлмегеніне қарағанда бұған үлы шешенің рух мықтылығы да дарыған секілді. Күлап қалмасын деп Фернанданы қолтығынан ұстап алған Екінші Аурелиано да поезд жүрісінің үдей түскеніне қарай вагонмен жарыса, шапшаң басып келеді. Ол қызының саусақтарының ұшымен сүйдім дегендей ишара жасағанын көріп, қолын бұлғап үлгерді. Ерлі-зайыпты екеуі шақырайған күннің астында үйлену тойынан бері тұңғыш рет қол ұстасып, көз ұшында бұлдырап, қара ноқаттай ғана болып кеткен поездың соңынан қарап, қозғалмай ұзақ тұрды.

Брюссельден жазылған алғашқы хат әлі жетіп үлгерген жоқ, тоғызыншы тамыз күні Мелькиадестің бөлмесінде Аурелианомен әңгімелесіп отырған Еінші Хосе Аркадио кенеттен әй-шай жоқ:

— Өмірінде ұмытпа. Олар үш мыңнан да көп болатын, олардың бәрін теңізге апарып тастады, — деді.

Содан кейін ол пергаменттердің үстіне етпетінен құлады да көзі ашық қалпында жан тәсілім етті. Дәл сол сәтте Фернанданың төсегінде оның сыңары өзін алқымынан алып аяусыз сыққан шаянның темір құрсауына қарсы жүргізген ұзаққа созылған азапты шайқас та тынған еді. Осыдан бір апта бұрын тынысы бітіп, үні шықпай, әбден титықтап, ку сүйек болып қалған Екінші Аурелиано жанында өлуге айыбына берген уағдасын орындау үшін көшпелі сандықтары мен көне аккордеонын арқалап туған ошағының басына қайтып келген-ді, киім-кешегін жинастырып, көңілін бекем ұстап, көзіне жас алмай қоштасқан Петра Котес оның табытқа киіп жатсам дейтін лактелген қара бәтеңкесін сандыққа салып жіберуді ұмытып кетіпті. Екінші Аурелианоның қайтыс болғанын естіген бетте ол үстіне шымқай қара киіп, бәтеңкені газетке орап алды да, Фернандаға келіп мәйіттің қасына барып, қоштасуға рұқсат сұрады. Фернанда оны табалдырықтан аттатпай қойды.

— Менің күйімді де түсінсеңізші, — деп жалынып-жал-

пайды Петра Котес. — Соншама кішірейіп алдыңызға келгенде... Оны соншама сүймесем бұлай істер ме едім.

— Ашына қатындар қашаннан абыройын ойлайтын болған, — Фернанда кекірейді. — Тоса түрғаның абзал. Төсінен бастырған талайлардың тағы да біреуі өлер. Бәтеңкеңді соған кигізерсің.

Өлгеніне әбден көз жеткізгенше көмгізбеймін деген уәдесін орындау үшін Санта София де ла Пьедад Екінші Хосе Аркадионың өлігін тамағынан пышақпен орып жіберді. Ағайындылардың денесі бірдей табытқа салынды, жұрттың бәрі екеуінің өлгеннен кейін қайтадан баяғы бала кездеріндегідей бір-біріне айна-қатесіз ұқсап жатқанын көрді. Екінші Аурелианоның шөлмектес ескі достары оның табытына: "Көбей, сиырларым, көбей, өмір қысқа!" деген жазуы бар қошқыл қызыл лента оралған азагүл қойды. Мұндай күпіршілікке зығырданы қайнаған Фернанда оны күресінге лақтыртып тастатты. Абыр-сабырдың ішінде естерінен жаңылып қалған мұндар маскүнем бейбақтар үйден шығарған кезде табыттарды шатастырып алып, Екінші Аурелианоның денесі екінші Хосе Аркадио үшін қазылған қабірге, ал Екінші Хосе Аркадио болса сыңарына арналған қабірге жерленді.

Аурелиано тағы да талай жылдар бойы Мелькиадестің бөлмесінен шықпай күнелтті. Ол әбден тозып алым-жұлым болған кітаптағы неше түрлі қиял-ғажайып аңыздарды, сал аурулы монах Герман ілімінің қысқаша мазмұнын, көріпкелдік ғылымы туралы жазбаларды, даналық дәнегін іздестіру тәсілдерін, Нострадамустың "Ғасырларын" және оның оба туралы зерттеулерін жаттап алды, сөйтіп ол орта ғасырлық адам білуге тиіс аса маңызды ілімге қанық болғанмен, өз уақытынан мүлде бейхабар қалпы бозбала шағына қадам басты. Бөлмеге қай уақытта кірсе де, Санта София де ла Пьедад оның ылғи да кітапқа шұқшиып отырғанын көреді. Таң алагеуімде нағашы әжесі бір шыны қантсыз кофе, түсте бір тәрелке бұқтырылған күріш пен екі-үш жапырақ қақталған банан әкеліп береді, Екінші Аурелиано өлгеннен кейінгі бүл үйдің бар тамағы да осы. Оның шашын алып беретін де, бит-бүргеден тазартатын да, ұмыт қалған сандық-сандықты ақтарап жүріп тауып алған ескі-құсқыны жамап-жасқап, бойына шақтап тігіп беретін де осы кісі. Ал енді оған тебіндеп мұрт шыққан кезде полковник Аурелиа-

но Буэндиадан қалған ұстара мен сабын езетін тостақты әкеліп қолына ұстатқан да осы кісі. Меменің ұлы полковникке оның өз кіндігінен туған үлдардан да гөрі, тіпті Аурелиано Хосеге қарағанда да көбірек ұқсайтын, әсіресе шығыңқы шықшыты мен кісіні жақтырмағандай жымырылып тұратын жұқа еріндері тура аузынан түсіп қалғандай етіп көрсетуші еді. Бір кезде, Мелькиадестің бөлмесінен Екінші Аурелиано шықпайтын кезде, сырттан бақылап жүретін Урсула оның өзімен-өзі сөйлесіп отыратын машығы бар деп ойлаушы еді, қазір Аурелиано туралы Санта София де ла Пьедад та дәл осындай пікірде. Шындығында Аурелиано Мелькиадеспен әңгімелесіп отырған еді. Ағайынды егіздер қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай аспан айналып жерге түскендей ыстық күндердің бірінде тапатал түсте ол терезеден текшеленіп түсіп тұрған жарықтың тап ортасында отырған, жиегі қарғаның қанаты сияқты жалпақ қара қалпақ киген жүзі сұсты қартты көрді, қарттың кескін-келбеті Аурелиано дүниеге келмей жатып, оның зердесіне жазылып қалған секілді, көзіне ежелгі танысындай елестеді. Бұл кезде Аурелиано пергаменттердің әріп жүйесін саралап бітіріп қалған-ды. Сондықтан да Мелькиадестің мынау қай тілдегі жазулар деген сауалына мүдірмей табан астында жауап қатты.

— Санскритте, — деп тақ ете қалды.

Мелькиадес енді өзінің бөлмесіне келіп-кетіп жүретін онша көп уақыты қалмағанын білдірді. Алайда қарт пергаменттерге жүз жыл толып, оларды жіктеп оқуға болатын күнге дейін қалған жылдардың ішінде Аурелианоның санскритті жаттап үлгеретініне әбден сенетінін, сондықтан да сағаты жеткенде қайғыланбай—қапаланбай ажалдың ақ ордасына енді қайтып қайрылмастай мәңгіге кіріп кете беретінін айтты. Баяғыда банан компаниясының заманында бал ашып, түс жоритын сәуегейлер тұратын, тура өзенге барып тірелетін тұйық көшеде каталондық бір ғалымның кітап дүкенін ұстайтынын, сол дүкенде "Санскрит тілінің оқулығы" барын да ол осы қарттан біліп алды, тек асығуы керек екен, әйтпесе енді алты жылда кітапты қара күйе құртуы мүмкін. Ұзақ өмірінде түңғыш рет Санта София де ла Пьедад өзіне бейтаныс бір сезімнің құшағына оранды, ол Аурелиано кітап дүкені сөрелерінің екінші қатарындағы оң

жақ бұрышта "Азат етілген Иерусалим" мен Мильтон поэмаларының арасында тұрған кітапты әкеп беруін өтінгенде жағасын ұстап қатты таңырқады. Қара танымайтын Санта София де ла Пьедад оның айтқандарын көкірегіне тоқып алып, шеберханада тығулы жатқан он жеті алтын балықтың біреуін сатып, қажет ақшаны тапты да, дүкенге жөнелді, ал солдаттар үйді түк қалдырмай тінтіп кеткен күннен бері алтын балықтардың қайда тығулы жатқанын да тек Аурелиано екеуі ғана білуші еді.

Аурелиано санскритті айрықша зейін қойып, тез меңгере бастады, алайда Мелькиадестің келуі де сиреп кетті, келе қалғанда да алыстан, тал түстегі ыстық мұнардың арасынан бұлдырап әрең көрінетін болды. Соңғы келгенінде тіпті Аурелиано оны көре алған да жоқ, тек қасында тұрғанын сезілер-сезілмес тынысынан аңғарды, әлден уақытта "Мен Сингапур батпақтарында безгектен көз жұмған едім" деген естілер-естілмес сыбыр құлағына әрең жетті. Сол күннен бастап бөлмеге шаң да, ыстық леп те тоқтаусыз кіретін болды, күндердің күнінде кітаптарды да, пергаменттерді де, ішіндегі жаңалығымен қоса күл етіп құртып жіберуге тиіс құрт, қызыл құмырсқа, қара күйе қаптап кетті.

Жасырары не, үйден талшық үзілген жоқ. Екінші Аурелиано өлген күннің ертеңінде оның анада ерепайсыз жазуы бар гүлшоқ ұстап келген әңгүдік достарының бірі марқұмға қарыздар екенін айтып, мойнымда кетпесін деп Фернандаға ақша ұсынды. Сол күннен бастап сәрсенбі сайын ішінде неше түрлі тағам сықай салынған аумақты себет арқалап бір лаушы келеді. Себеттің ішіндегі ішіп-жем бір аптаға қаптал жетерлік. Бұл тағамды өзінді қорлаған жанды өлтіре табалаудың ең бір мықты түрі оған үзбей құдайы садақа беріп тұру деп санайтын Петра Котес жіберіп жатыр-ау деген ой ешкімнің қаперіне келген жоқ. Петра Котестің жүрегін жайлап алған ыза ойлағанындай болған жоқ, тез тарқап кетті, алайда Екінші Аурелианоның асық әйелі алғашында намысқа шауып, артынан аяушылықтан сүйгенінің жесіріне тамақ жіберуін тоқтатпады. Соңыра, Петра Котес күш-қуаты қайтып билет сатуға жарамай қалған кезде де, адамдар лотореяға салқын тартып, алмай қойған кезде де өзі аш отырса да, Фернанданы асырауын доғармаған және өз ықтиярымен мойнына алған міндеттемесін күндесінің жерлегенін өз көзімен көргенше орындауын доғарған жоқ.

Үй іші адамдарының азаюы жарты ғасырдан астам уақыт бойы Санта София де ла Пьедадтың мойнына артылған міндет жүгін жеңілдетсе керек еді. Осы шаңыраққа Әсем Ремедиостың періштедей пәктігін, Екінші Хосе Аркадионың өзіндік өктем өрлігін сыйлаған және бүкіл жалғызілік, томаға түйық өмірін өздерінің бұған немере-шөбере, үрім-бұтақ болып келетінін ұмытып, өзін күндей етіп жұмсайтын кішкентайларды бағып-қағуға арнаған осынау үн-түнсіз әйелдің қанша мүршасы болмай жүрсе де, қабақ шытып, қапаланғанын көрген жан жоқ, ең ақыры Аурелианоны да, ол бұған туған жиеншары болып келетінін білмесе де, ең аяулысындай бауырына басып, асырап сақтады. Басқа бірде-бір шаңырақта ол қысы-жазы дәл осы үйдегідей бойрасын төсеп, шошаланың бұрышында егеуқұйрықтардың түні бойғы тықырының астында ұйқтамас еді. Бір күні түнде қараңғыда әлдекімнің өзіне қадала қарап тұрғанын сезіп шошып оянғаны бар, көзін ашса: әбжылан, ол сол сәтте мұның қарнының үстімен жорғалап өтіп жоқ болды, бұл туралы да ешкімге жақ ашқан жоқ. Бұл туралы Урсулаға айтсыншы, оның өзін әкеліп өз төсегіне саларына Санта София де ла Пьедад күмән келтірген жоқ, әрі уақыттың өзі де сондай еді ғой, біреуге біреу мұңын шағатын кез емес-ті, айғай салып мен мұндамын деудің қажеті не, қаптап келіп-кетіп жатқан жұртқа күндіз-түні нан пісіру, соғыс лаңы, балалардың күтімі бір сәт өзі жайлы ойлауға да мұрша келтірмеді ғой. Бірде-бір рет беті-жүзін көрмесе де, Санта София де ла Пьедадты есінен шығармаған бұл жалғандағы жалғыз жан Петра Котес. Лотореядан түскен азын-аулақ ақшаны амалдап, онда-мұнда жеткізсем деп, Екінші Аурелиано түн ұйқысын төрт бөліп аласұрып жүрген ауыр күндерде де Петра Котес Санта София де ла Пьедадтың әрдайым көп көзіне қорынбай көрінер бір қабат жөндем киімі мен кебісі болуын естен шығармаған. Фернанда келін болып түскенде де әу баста Санта София де ла Пьедадты осы үйдің құлаққесті қызметшісі деп ойлап қалған, мұнысында ешқандай әбестік жоқ еді, соңынан бұл жанның кім екені оған тәптіштеп талай рет түсіндірілгенде де мұның өзі оған ерсілеу көрініп, оның құдай қосқан қосағының шешесі, өзінің енесі екенін есінен қайта-қайта шығара берген-ді. Осындай қоңсы күйін Санта София де ла Пьедадтың өзінің де қомсынатын түрі сезілмейді. Қайта осылай үндемей жүріп, бөлме-бөлмені аралап, қуыс-қалтарыс қалдырмай жинастырып, балаң шағынан бауыр басқан үлкен үйді мұнтаздай етіп ұстауды ұната-

тын тәрізді, тіпті банан компаниясының тұсында бұл үй отбасынан гөрі, солдат қазармасына ұқсап кеткен күндерде де осы дағдысынан жазған жоқ. Алайда қанша қайсар, шаруақор, жаны сірі десек те, Урсула қайтқанан кейін Санта София де ла Пьедад сыр бере бастады. Өзінің қартайып, қайратының қайтқанынан емес, күн өткен сайын үйдің қаңсып, қаусай бастағанынан берекесі қашты. Үйдің қабырғаларын жұмсақ мүк басып, аулаға шөп қаулап кетті андыздаған арамшөпке төзе алмай дәліздің цемент еденіне дейін шыныдай шытынап, қақ бөлініп, арасынан осыдан аттай жүз жыл бұрын Мелькиадестің алмалы-салмалы қызыл иегі салынған тостағаннан Урсула көретін бармақтай-бармақтай сары гүлдер қаптап шыға келді. Жан-жақтан жармасқан табиғаттың тегеуріні төтеп беретін күш қайда, уақыт қайда, Санта София де ла Пьедад күндіз күні бойы жатын бөлмелерге кіріп-кіріп кеткен кесірткелерді қуалап-ақ есінен танады, түн баласында кесірткелер қайтадан лап қояды. Бір күні таңертең ол үйдің іргесін үңгіп біткен қызыл құмырсқалардың бақ арқылы өтіп, дәлізге жеткенін, ондағы гүлдердің күлгін тартып солып қалғанын, олардың одан әрі бойлап бүкіл төргі бөлмелерге дейін қаптап кеткенін көрді. Санта София де ла Пьедад оларды алғашында сыпыртқымен-ақ сыпырып тастамақ болды, содан кейін дәрі септі, ақыры қорытылмаған әк төкті, ештеңеден қайран болған жоқ, ертеңінде қызыл құмырсқалар жер-көктің бәріне қайтадан қаптап шыға келеді. Айнала дүниенің аяусыз азып, тоқтаусыз тозып бара жатқаны Фернанданың қаперіне кірер емес, ертелі-кеш ұл-қызына хат жазумен әлек, тек қана Санта София де ла Пьедад жалғыз шайқасып жүр: ас үйге жібермеймін деп арамшөпті жұлады, қабырғадан бірер сағат өтер-өтпесте қайтадан пайда болатын өрмекшінің ұясын қайыра-қайыра сыпырып-сиырып, ағаш кеміргіш құмысқаларды інінен пышақпен қырнап тастайды. Қанша қарекет жасаса да, қысқа күнде үш рет сыпырып-сиырса да Мелькиадестің бөлмесіне дейін өрмекші торы мен шаң-тозаң басып бара жатты, әрдайым мұнтаздай тап-таза болып тұратын үйдің баяғыда полковник Аурелиано Буэндиа мен жас офицер сұңғылалықпен болжап білгендей лас, ыбырсыған күйге түскенін көргенде оның да амалы таусылды. Сонда ол үстіне өңі қайтқан, топқа шығар жалғыз көйлегін, аяғына

Урсуланың кебісін, Амаранта-Урсула сыйға тартқан қарапайым шұлықты киіп, бірді-екілі таза киімі салынған түйіншегін қолына алып жолға шықты.

— Басқа қылар қайраным жоқ, — деді ол Аурелианоға кетерінде. — Мына қаңыраған үйді ұстап тұруға енді шамам жетер емес.

Аурелиано одан қайда бармақ ойы барын сұрағанда, ол болашақ тағдырынан мүлде бейхабар адамша, әйтеуір, басым ауған жаққа барармын да дегендей қолын селсоқ сілтей салды. Дегенмен дәл кетерінің алдында енді қалған азын-аулақ ғұмырын Риочада тұратын немерелес сіңлісінің қолында өткізбек ойы барын айтты. Мұның өзі де сенер-сенбес естілді. Ата-анасы қайтқаннан бері Санта София де ла Пьедадтың Макондода кіріп шығатын үйі де қалмаған еді және ешқайдан хат-хабар, сәлем-сауқат та алған емес, иә болмаса пәлен жерде пәлендей туысым бар еді деген сөз де оның аузынан шыққан емес. Пақырдың бар жиған-тергені бір песо, жиырма бес сентаво екен, ол неге жетсін, сондықтан да Аурелиано қолына он төрт алтын балықты ұстатты. Жасаған жылдар жүгінен шөгіп қаусаған, қолына түйіншек ұстаған қарияның аяғын сүйрете басып, аула арқылы өтіп, сыртқы есіктің ысырмасын қайырғанын, содан далаға шығып, есікті сырт еткізіп қайта жапқанын Аурелиано терезеден көріп тұрды. Содан қайтып ол қарияны көрген де жоқ, ол туралы естіген де жоқ.

Санта София де ла Пьедадтың кеткенін білгеннен кейін Фернанда күні бойы өзінен-өзі бұрқылдады да жүрді, енесінің еш нәрсе алып кептегеніне көзі жеткенше үйі ішінде не сандық, не әбдіре, не сөре қалдырмай түгел тінтіп, бар затты жағалай тізіп, түстеп шықты. Ғұмырында алғаш рет пеш жақпақ болып еді, саусаған күйдіріп алды, сосын құдай тілеуінді берсін, кофесі түскірді қалай пісіретінін көрсетіп берші деп, Аурелианодан өтінді. Ақырында ас қамдау қамын түп-түгел бала жігіттің өз қолына алуына тура келді. Фернанда ояна келгенде, азанғы астың үстел үстінде тұрғанын көреді, асықпай тамақтанып алады да, қайтадан жатын бөлмесіне кіріп, содан тек түс кезінде бір-ақ шығады. Аурелиано шоғы қоздап жатқан пештің үстіне қойып кеткен, жып-жылы күйінде тұрған азын-аулақ сәскелік асты алып асханаға келеді, сосын аппақ бөз дастарқанмен жабылған,

айналасында он бес бос орындық тұрған үстелдің басында, екі жақтан қойылған екі күміс шырағданның дәл ортасында жападан-жалғыз сопайып отырып тамағын ішеді. Қаңыраған бір шаңырақтың астында екеуден-екеу қалғанда да Аурелиано мен Фернанданың әрқайсысы бәз-баяғыдағыдай өзімен-өзі жалғызілік, жат. Олардың әрқайсысы тек өздерінің жатын бөлмесін ғана жиыстырған болады, ал қалған үй ішін біртіндеп өрмекшінің ұясы алып бара жатыр, ол раушан гүлінің шоқтарын торлап, қабырғаларды түгел жауып, керегеге шейін басып кетті. Фернанданың үйді жын жайлады деп күмәнданатыны да дәп осы кез. Заттар жоғалатынды шығарды, әсіресе қия бассаң керек заттар жан біткендей сол сәтінде үшты-күйлі жоқ болып кетеді. Әлгінде ғана төсекке қойған қайшысын Фернанда кереуетін әлденеше аударып-төңкеріп талай сағат бойы іздеп, ақырында ас үйдегі сөренің үстінен табады, ал мүнда бас сұқпағалы, есінен жаңылмаса, табаны күректей төрт күн секілді еді. Немесе жәшікте жатқан шаныштқылар аяқ астынан ғайып болады да, ойламаған жерден табылады, алтауы мінәжат тұғырда, үшеуі жуынатын бөлмеде жатады. Зат атаулы тығылмақ ойнауға кіріскен тәрізді, бұл не пәлекет, деп Фернанданың әсіресе хат жазуға отырған кезде берекесі қатты қашады. Осы жаңа ғана оң жақта тұрған сия сауыт қас пен көздің арасында сол жаққа шығып кетеді, ал пресс-папье үстел үстінен із-тозсыз жоғалады да, екі-үш күннен кейін Фернанда оларды жастығының астынан табады, Хосе Аркадиоға жазылған хаттың парақтары Амаранта-Урсулаға жіберілетін конверттің ішіне түсіп кеткен кездер де ушырасқан, сол себептен де конверттерді шатастырып алдым ба деген оймен Фернандада зәре жоқ, өйткені мұндай сәттерді де талай басынан кешкені бар. Бірде қаламсабы жоғалып кетті. Арада он бес күн өткеннен кейін онысын хат тасушы әкеліп берді, абайсызда қалтасынан шыққан қаламның иесін іздеп оның да бармаған үйі қалмаған екен. Басында Фернанда заттардың жоғалып кетуін, баяғыда бандаждардың ғайып болғаны сияқты, көрінбейтін емгерлерден келген кеп деп ойлап, оларға енді мазамды алмаңдар деп өтініш айтып, хат жазуға да оқталған, алайда дәл осы сәтте әжет қысып, сыртқа шығып кетті де, енді бастап келе жатқан хаты со күйі жазылмай қалды, қайтып кірсе парағы да орнында жоқ екен,

әрі сол екі ортада Фернанданың өзі де дұғай сәлем жолдамақ пиғылын ұмытып кеткен еді. Бәрін Аурелианодан көрген кезі де бар. Ол байқатпай оның өзін аңдуға көшті, тығып қоюға тырысып жатқанда қылмысының үстінен түспек арам оймен бозбаланың жолына әдейі әр түрлі заттар қойып кетіп те көрді, ақырында Аурелианоның Мелькиадестің бөлмесінен тек қана ас үйге немесе әжетханаға бару үшін ғана шығатынына, әрі ондай тәлкекке бармайтын жан екеніне әбден көз жеткізді. Фернанданың үйді жын жайлады деген байлам жасауы содан, сондықтан да ол әр затты орын-орнына қойып, бекітіп тастамақ болды. Ұзын арқанмен қайшыны төсегінің басына, қаламұш салынған қорап пен пресс-папьені үстелінің аяғына байлап тастады да, сия сауытты әдетінше қағаз қоятын жерінің оң жағына дәл түбінен желімдеп тастады. Оның мұнысынан да еш нәтиже шыққан жоқ, іс тігуге отырса болды, екі-үш сағаттан кейін жын-сайтан қас қылып жібін қысқартып кете ме тегі, әйтеуір, қайшыға қолы жетпей әлекке түседі. Айнала бір қырсық, пресс-папье салынған арқанға да, тіпті Фернанданың өз қолына да осындай кеп жеткен секілді, хат жазуға кіріссе болды, біраз уақыттан кейін не ғажабы барын, қолы қысқарып қалған сияқты сия сауытқа жетпей әуреге түсіреді. Брюссельде Амаранта-Урсула, Римде Хосе Аркадио оның басындағы бәлекеттерден бейхабар. Өйткені өз басы екі хатының бірінде осы тіршілігіне ризалық білдіреді, өзін бақытты сезініп жүргені де рас, қазір баяғыда, оң жақта отырған кезіндегі сияқты тірліктің уақ-түйегінде шаруасы жоқ, еш нәрсеге басы ауырып, балтыры сыздамайды, тамақ байдан, өлім құдайдан, бар мәселені тек оймен шешіп тастап, жүріп жатқан жайы бар. Ертелі-кеш хат жазудан басқа ермегі жоқ Фернанда, шынында, уақыт тынысын түйсінуден мүлде қалған еді, оның бұл күйі Санта София де ла Пьедад кете салысымен-ақ бірден көзге түсті. Айдың, күннің, жылдың есебін Фернанда балалары үйге қайтуға тиіс мезгілді бетке алып есептеуге көшкен болатын. Ал енді ұлы да, қызы да қайтар кездерін кейінге қалдырған сайын уақыт былығып, шатасып кетті, біріне-бірі ұқсас күндер жылжымай бір орнында тапжылмай тұрып алған тәрізді. Балаларының бұл қылығына ренжіген Фернанда жоқ, қайта шүкіршілік етеді. Тіпті Хосе Аркадио таяуда жоғары теология курсын тамамдап, саясатшылық ілімін зерттеуге кіріспек ойы барын ха-

барлағанда да Фернанда қабақ шытқан жоқ, бір тұлан тұтар түс та осы еді, өйткені оқу-тоқуым енді тамам, тек тәңірі алдында ант қабылдар күннің қарсаңындамын деп ұлының дұғай сәлем жолдағанына да талай жылдың жүзі өткен, бірақ әулие Петрдің тағына апаратын баспалдақтың тік те тайғақ екені өзге-өзге, ал Фернандаға мәлім. Өзге жұрт елемейтін хабарлардың өзі шеше байғұсқа медет, мәселен ұлының папаны көрдім деген хатын алғанда қуаныштан төбесі көкке аз-ақ жетпей қалды. Ал енді қызы Брюссельдегі оқуын одан әрі жалғастыратынын, әкесі өзін оқуға жіберерде білмепті, жақсы оқығандарға берілетін жеңілдік бар екен, енді соны пайдаланбақ ойы барын хабарлағанда да, Фернанда қайғырған жоқ, қайта қуанып кетті.

Санта София де ла Пьедадтың Аурелианоға санскрит грамматикасын әкеліп бергеніне де үш жылдың жүзі ауған, алайда оның пергаменттердің алғашқы бетін аударып біткені осы. Бала жігіттің күндіз-түні көз майын тауысып тындырған ісі қисапсыз, бірақ көзге қораш, байқаса, мұнысы межелі жері белгісіз ұзын-сонар сапардағы тұңғыш қадам ғана, өйткені испан тіліне түсірген алғашқы парағының өзі түсініксіз, мазмұны көмескі әлдебір өлең жолдары. Сиқырлы сөздердің сырына үңілерлік түпкі дерек қолында жоқ, шифрды білмейді, тек Мелькиадестің ғалым каталондықтың дүкенінде пергаменттердің терең мәнін ашуға мүмкіндік беретін кітаптардың бар екенін айтқанын есінде тұтқан Аурелиано Фернандамен жүздесіп, рұқсат сұрап іздеуге шықпаққа бекіді. Төңіректі түгел толтырып, күн емес, сағат сайын өсіп келе жатқан көң-қоқыс үйінділерінің ортасында отырып, Аурелиано онымен кездескенде айтатын сөздерін салмақтап, әрі бипаз, әрі байсалды, әрі батымды етіп айту мәнерін ойластырды, көкейіндегіні жеткізудің қолайлы сәтін іздестірді, бірақ шешуші сағаты туып, Фернанданы кезіктірген кезде, ол ас үйге кіріп, пеште тұрған тамағын алып жатқан кезде әр сөзін тізіп алдын ала ойластырып қойған айтпақ өтініші алқымына кептеліп үні шықпай қалады, кездесудің бұдан басқа реті жоқ. Енді ол ертеңгі күнді тосып, Фернанданың ізіне түседі. Жатын бөлмесінде аттаған қадамына дейін құлақ түреді. Хат тасушыдан балаларынан келген хаттарды алып, өзінің жазғандарын оларға жөнелту үшін сыртқы есікке беттеп бара жатқан Фернанданың аяғының тықырын естіп тұрады, содан кейін түн ортасы

ауғанша оның қағаз тырнаған қаламүшының шиқылын, содан кейін тырс еткізіп шамды өшіріп, күбірлеп тәңірге сыйынғанына дейін естіп жатады. Сонда ғана келесі күні сәтін салар деген оймен Аурелиано ұйқыға батады. Рұқсат алатынына еш күмәні жоқ ол бір күні таңертең иығына түскен шашын күзеп, ұйысып қалған сақалын алып, тар шалбар мен кімнен қалғаны беймәлім алмалы-салмалы жағасы бар көйлегін киіп, ас үйге кіріп Фернанданың тамаққа келетін сәтін тосты. Ал дегенде ол абдырап қалды, қарсы имей керденеп тұратын әйел емес, иығына түсі сарғая бастаған сусар тайжақы жауып, басына қатырма қағаздан жасалған алтындаған тәж киген, арулығын тілмен айтып жеткізу қиынға түсетін бір бәйбіше тұрды, оңашада ұзақ жылаған адамның сыңайы, түсі сынық. Осыдан былай Фернанда Екінші Аурелианоның шамаданынан тауып алған, қарақүйе тиген ханша киімін екі күннің бірінде үстіне кептеп алатынды шығарды. Ханшаға тән санайтын тал бойына тамсанып, айна алдында көлбеңдеген қақсал қатынды көрген жұрт оны есуас санары хақ еді, бірақ оның есі дұрыс болатын. Тек ханша киімі оның өткенін еске салып, өзегін өртейтін дертке айналды. Үстіне оны алғаш киген бетте жүрегі сазып, екі көзі боталап, ханша жасаймыз деп өзін іздеп келіп, ертіп әкететін әскери адамның етігінен шыққан май иісі мұрнына келді, сол сол-ақ екен жүзеге аспай қалған арманы есіне түсіп, көкірегін тырнады. Ол өзін өмірінің жақсы-жақсы сәттері көзден бұл-бұл ұшқан қаусап біткен қауқарсыз қарт сезінді, бір кезде кекірелеп, қадірін білмей лағнет айтқан, қуанышсыз күндеріне шейін қайтадан аңсады, майда самал айдап, дәліздің бойын қуалап өтетін жұпар шөптің иісін, бейуақытта раушан гүлдердің үстінен көтерілетін бозамық нұрды өзегі талып аңсады, бір кезде өз кейпін көріп, жиырылатын доңыз мінез жат жұрттықтарға дейін елжіреп есіне алды. Тыраш тіршіліктің талай тарпаң соққысына төтеп беріп, тас болып қатып қалған жүрегі өткен күндерді аңсатып, лүп еткен алғашқы сағыныш самалынан-ақ күл болып шашылып кетті. Жылдар өткен сайын артта қалған күндерді аңсап, Фернанда айрықша ләззат табатынды шығарған, бірақ соңынан жаны құлазып, жабырқап қалатын болды, келе-келе аңсауы айықпас дертке айналды. Жалғыздық оны да өзге жандарға ұқсатып жіберген. Сөйтіп ас үйге кірген күні та-

нертең ол өзіне бір шыны кофе ұсынған ашаң жүзді арық бала-жігіттің жанарларынан бір қуақылық көргендей болып, өзінің осы әлем-жәлем киімінен, кескінінен қысылып, қомсынып қалып еді. Бірақ Фернанда Аурелианоның тілегін тыйып тастағаны былай тұрсын, сол күннен бастап үйдің кілтін, бандажын салатын құпия қалтасынан тастамай, тығып жүретін болды. Бұл басы артық сақтық-ты, қаласа Аурелианоның жан баласына сездірмей үйден шығып, қайтып келуіне мүмкіндік шаш етектен еді. Бірақ былайғы дүниеден бейхабар, жылдар бойы оқшау тірлік кешіп, жан көрмей, бағынышты болып, телмеңдеп өскен мұндардың жүрегіндегі бүлқыныс, бұлалық ұрығы мүлде семіп қалған еді. Ол үнтүнсіз, қуысына қайта кіріп алды да, бәз-баяғыша пергаменттеріне шұқшиды, құлағына Фернанданың жатын бөлмесінен оның жиі-жиі аһылап-үһілегені талып естіледі. Бір күні таңертең әдетінше пеш жағайын деп ас үйге кірген ол кеше өзі Фернандаға қалдырып кеткен астың сөнген шоқтың үстінде сол қалпында тұрғанын көрді. Жатын бөлмеге бас сұққан ол өңі бұрынғыдан да айрықша ашылып, ажарланып, бет терісі кіршіксіз аппақ, әрі мәрмәрдай жып-жылтыр болып кеткен Фернанданың тайжақысын жамылып, төсегінде шалқасынан жатқанын көрді. Осыдан төрт айдай, қылау түспеген қалпында көрді.

Анасына мұнша тартып, сірә, ұл тумас. Хосе Аркадионың үстінде қара мақпал костюм, ойма қатты жағалы көйлек, галстуктың орнына тамақтың астынан айқыштап тартқан жібек таспа байлапты. Көзін төңкеріп таңырқай қарайтын ақ сүр жүзді адам екен, салпылау еріндері жасықтау жаңды аңғартады. Дәл төбесінен қақ жарып тараған көмірдей қара жып-жылтыр шаштары әулиелердің мүсіндеріне кигізіп қоятын қолдан жасалған шаш секілді, балауыздай ақ жүзінде қырынғаннан соң көгеріп көзге басылып тұратын иектері іштен тынып жасып жүретін уайымшыл адамды меңзетеді. Тамырлары жасыл тартып, көрініп тұратын жұп-жұмсақ, аппақ қолдары бұрау басын сындырмаған еркетотайды бейнелейді, сол қолының сұқ саусағында жұмыр басты алтын сақина. Есік ашқан Аурелиано бір көргеннен-ақ оның алыстан келген адам екенін жазбай аңдады. Ол жүріп өткен жерде соқырлықтың зардабын шеккен Урсула төңірегін торлаған қара түнектің ішінен адаспай табу үшін оның басына

жағатын әтір судың иісі аңқып қалады. Бір таңданарлығы, талай жыл жырақта жүрсе де Хосе Аркадионың сол баяғы, жатырқағыш, жабыққыш, жасына жетпей қартайған бала қалпында қалғаны еді. Ол бірден анасының бөлмесіне тартты, онда Аурелиано Мелькиадестің жазбасына сүйеніп, мәйіттің бүлінбеуі үшін атасының атасынан қалған шойын қазанда төрт ай бойы түтінін үзбей сынап қайнатумен болған-ды. Хосе Аркадио тіл қатқан жоқ. Ол өліп жатқан Фернанданың маңдайынан сүйді де, юбкасының ішкі қалтасынан қажетке жаратылмай қалған үш бандаж бен киім шкафтың кілтін суырып алды. Оның дәл, ширақ қимылы болбырлау кейпіне үйлеспейді екен. Шкафтан қамқаға оралған қақпағына анасының әулетінің таңбасы басылған кішкене қобдишаны шығарды, ал оның түбінен Фернанда көзінің тірісінде ұлынан жасырып келген бар жүрекжарды сырын жазып қалдырған үзын-сонар хат табылды. Хосе Аркадио анасының хатын түрегеліп тұрған қалпында ықылас қойып оқи бастады, бірақ толқып-тебіренген түрі сезілмейді; тек үшінші бетіне жеткенде ол басын көтеріп, жаңа көріп тұрғандай Аурелианоға бастан-аяқ бажайлай қарады.

— Сонымен, — деді ол ұстара тигендей әсер қалдыратын қатқыл үнмен. — Әлгі жолдыбай сен екенсің ғой.

— Мен — Аурелиано Буэндиамын.

— Бар жоғал, бөлмеңе кет, — деді Хосе Аркадио.

Аурелиано бөлмесіне кіріп алды да, қайтып шықпады. Фернанданың жұтаңдау өткен жерлеу рәсімінде де бас көрсеткен жоқ. Анда-санда ашық қалған ас үйдің есігінен алқына, ауыр тыныстап, үйдің ішінде арлы-берлі сеңделіп жүрген Хосе Аркадионы көріп қалады, кейде тіпті түн баласында да қаңыраған жатын бөлмеден оның аяғының тықыры естіліп тұрады. Содан талай ай бойы Хосе Аркадионың даусын да естіген жоқ, оның ірілік көрсетіп, менсінбей қойғанынан да емес, өзінің де онымен сөйлесуге ықыласы да болмаған, пергаменттерінен басқа нәрсені ойлауға мұршасы да келмеген. Фернанда өлгеннен кейін ол тығулы жерінен қалған екі алтын балықтың біреуін алып, қажет кітаптарын алуға білімдар каталондықтың дүкеніне тартқан. Жарық дүниені көргені осы болса да, жол бойы көзі түскендердің ішінде бірде-бір нәрсе оны селт еткізген жоқ, ешбір естелігі, көргенін салыстырарлық бұрын-соңды алған әсері болма-

ғандықтан шығар; әйтеуір, жым-жырт көшелер, иен үйлердің баяғыда бір көруге зар болып сол үшін жанын пида етуге бар кезде көзіне елестеткендегісінен еш айырмасы жоқ екен. Енді, міне, Фернанда бермеген рұқсатты өзіне-өзі беріп, бір ғана рет, жалғыз ғана мақсатпен, оның өзінде де қас қағым сәтке, қас пен көздің арасындай жерге бармақ болып, табалдырықтан аттады, өз үйінен бір кезде түс жорып, бал ашатын тұйық көшеге дейінгі аралықтағы он бір көшені бір де рет тоқтап, демалмай екі өкпесін қолына алып жүгіріп өтіп, жүрегі атша тулаған ол жалғыз адам айнала алмайтын лас, қараңғы жайға келіп кірді. Онысы кітап дүкені дейтін емес, құмырсқалар кеулеп, өрмекші торынан көрінбейтін ескі сөрелердің үстінде, олардың екі ортасындағы кісі бір бүйірлеп жүрмесе өте алмайтын тар аралықтарда қалай болса солай шашылып жатқан көне кітаптардың мазары секілді. Үстіне үйіліп тасталған қалың кітаптардан қайысып кеткен ұзын үстелдің басында дүкен қожасы басы жоқ, аяғы жоқ әлденені тоқтамай жазып отыр, оқушы дәптерінен жұлып алынған парақтарға көк сиямен иқы-жиқы әріптерді тізіп жатыр. Әдемі ақ шаштары құс айдарланып, маңдайына түсіп тұр. Жылт-жылт еткен кішкене жанарларында әлемдегі кітап атаулыны оқып тауысқан жанның мерейлі мейірбандығы маздайды. Үстінде жалаң қабат іш киімнен басқа лыпа жоқ, терге малынып отыр, кірген бойда бір қарады да, қайтып басын көтерген жоқ. Осы әптер-тәптер дүниенің ішінен Аурелиано өзіне қажет бес кітапты адаспай барып бірден тапты, баяғыда Мелькиадес айтқан жерде тұр екен. Үн-түн жоқ, іріктеп алған кітаптары мен алтын балығын білімдар каталондыққа ұсына берді, ол жалт етіп бір қарады да, кітаптарды тез парақтап шығып, қабағын қайта жауып алды. Иығын қиқаң еткізіп, ана тілінде: "Сірә, сен ақылыңнан ауысқан боларсың", — деп бір күңк етті де, кітаптарды да, алтын балықты да Аурелианоға қайтарып берді.

— Ала бер, — мұны испан тілінде айтты. — Бұл кітаптарды соңғы рет оқыған адам, мен білсем, Соқыр Исаак, сондықтан осыларды қолына алмас бұрын әбден ойланса қайтеді.

Хосе Аркадио Меменің жатын бөлмесін жөндеттіріп, сосын барқыт шілтерлер мен ханша төсегінің тұсына тұтылатын батсайы шымылдықты жуғызып, жаматып-жасқатып

алды, цементпен қапталған хауызының қабырғаларын қапқара ыс басып кеткен шомылатын бөлмені де тәртіпке келтіртті. Ол өзінің иелігін жатын бөлмемен, шомылатын бөлмемен шектеп, олардың ішін әр түрлі әлекей-шәлекей, бір көрмекке ғана қызық, ұсақ-түйек заттармен, арзанқол әтірлермен және басқа алдамышш әсем бүйымдармен толтырып тастады. Қаңырап қалған үйдің ішінде оның көзіне түскені мінәжат тұғырға қойылған әулиелердің мүсіндері ғана, неге екені белгісіз олар бұған ұнамай қалды да, бұл бір кеште бәрін саусылдатып сыртқа алып шығып, бірін қалдырмай өртеп жіберді. Әдеттегі оның тұратын мезгілі — күндізгі он екілердің шамасы. Ояна сала тысына зерлеп алтын-аждаһалар салынған көнетоз халатын киіп, жалаң аяқтарына шет-шетіне алтын жіп жүргізілген шарқайын іліп, шомылатын бөлмеге барады да, ұзақтығы жөнінен Әсем Ремедиостың жуынып-тарануынан бір кем түспейтін, ал сәнсалтанаты одан асып жататын рәсімін бастайды. Астауға түспес бұрын ол суға үш ақ құтыдан әр түрлі жұпар иісті тұз себеді. Ол Әсем Ремедиос құсап үстіне асқабақ бақыраштан су құйып шайынбайды, есесіне жұпар аңқыған судың ішінде Амаранта туралы ойға батып, бойы балбырап тура екі сағаттай шалқасынан түсіп жатады. Келгеніне бірнеше күн өткеннен кейін терлетіп мазасын алған соң, әрі бір киерінің өзі де сол ғана болған соң қара мақпал костюмін шешіп қойды да, баяғыда би сабағына барарда Пьетро Креспи киетіндей тар шалбар мен әдіптеліп аты-жөнінің бас әріптері жазылған шымқай жібек көйлек киіп жүрді. Аптасына екі рет ол киімдерін хауызға салып жуып, шайқап алады да, олары кепкенше үстіне ілер басқа лыпасы болмағандықтан, халат жамылып жүреді. Хосе Аркадио ешқашан үйде тамақтанған емес. Тал түстегі ми қайнатар ыстық басылған соң көшеге шығып кетеді де, содан жеті қараңғы түнде бір-ақ қайтады, келген соң ырсылдап тыныстап, Амарантаны ойлап, қапаланып көпке дейін бөлме-бөлмені аралап жүреді. Амаранта мен әулие мүсіндердің шырағданның жарығымен жалтылдап тұратын қорқынышты жанарлары — туған босағасы туралы оның көкейінде қалған естелік осы екеуі ғана. Римде жүргенінде тамыздың алакөбең түндерінде талай рет көз алдынан Амаранта кетпей қойған: үстінде желбір көйлек, қолында бәз-баяғы байлауышы бар жырақта жетімсіреп жүрген жанның райымен мәрмәр хауыздың ішінен көтеріліп

келе жатады. Амарантаның бейнесін қарғыс атқан соғыстың қан-жынына батырып, көз алдынан қуып тастауға тырысып арпалысқан Аурелиано Хоседей емес, Хосе Аркадио барлық уақытта да қайта әлдилеп, аңсаған көңілінен қарыс шығармауға әрекет жасаған, сол қалпы шешесін рухани толысу қамындамын деп алдаусыратып жүріп жатқан. Екеуінің хат жазысуы да қызық, хал-жағдай ахуал білісу емес, сен қалайсың жарқыным жоқ, бар болғаны көкіректеріндегі түйткілдерін бір-біріне білдіру ғана. Бірақ бұл жайды ойлап жатқан олар жоқ. Хосе Аркадио Римге келісімен-ақ көп ұзамай семинарияңызды жылы жауып қойған, алайда шешесінің сандырақ екі хатының бірінде айтылатын мол мұрадан мақұрым қалмас үшін дін ілімі мен иманшартты жаттап жатырмын деп күпсінеді, ал есіл-дерті мынау тапшылық пен таршылықтан, екі досымен бірге тұрып жатқан Трастевер көшесіндегі тар тамның шатырындағы аядай лашықтан құтқаратын қымбат қазынада. Фернанданың ажалдың тақағанын аңдатқан ақтық хатын алысымен-ақ ол былайғы жұртқа көз қылатын баянсыз барлығының қалған-күтканын жинап алып, өзі сияқты эмигранттармен бірге қасапхана қақпасының алдындағы үймелеген малша суып қалған макарон мен иістенген ірімшікті қорек қылып, кеменің трюмінде мұхитты кесіп өтті. Осы шаңырақка түскен ауыртпалық пен қиындықты кештеу болса да түгін қалдырмай тізіп шыққан Фернанданың өсиетін оқымай тұрып, қираған мебель мен арамшөп басып кеткен дәлізді көрген бетте-ақ ол құрулы торға түскенін, қанша тырбанса да одан шыға алмайтынын, енді қайтып Римнің көкшіл түсті көктемін көріп, оның көне кәусар ауасын жұтудың жоқ екенін бірден сезген-ді. Демікпесі қысып, үйқысы қашқан сәттерде ол бір кезде кәрілік жеңіп, ақылы жеңілейген Урсуланың сандырағы өзіне күллі дүниені құбыжық етіп көрсететін қапас үйді кезіп жүріп, қайта-қайта өзінің осынау бақытсыз, ғаріп халін ойлайтын. Қараңғыда Хосе Аркадиодан көз жазып қалмау қамымен Урсула оны жатын бөлменің бұрышына тығылып, тырп етпей отыруға үйретіп тастаған еді, қараңғы түскен соң бүкіл үйді қыдырып кезіп жүретін аруақтар келмейтін жер осы ғана дейтін. “Жаман қылық жасасаң-ақ, — деп қорқытатын Урсула, — маған әулие мүсіндер бәрін табанда жеткізеді”. Бала кезінде ол үйқтар уақыт болғанша әулие қарауылдардың адамның өңменінен өтетін, кірпік

қақпайтын сұмдық сұсты жанарларынан қит ете алмай бойын суық тер жуып, орындықта тапжылмай отырып, талай төбе-күйқаны шымырлататын үрейлі кештерді бастан кешкен еді. Оның шыбын жанын бұлайша шырқыратудың мүлде қажеті де жоқ еді, онсыз да бейбақ бұл кезде қарайғаннан қорқатын халге жеткен, адам қанын бүлдіретін көлденең әйелдерден де, біреулерінің ажалына көрінетін, біреулерінің ар азабын тартуына әкеп тірейтін таластыратын қораздардан да, қолың тисе болды жиырма жыл бойғы соғыс отына салатын мылтық атаулыдан да, ақыры әуремен, ақылдан алжасумен тынатын есірік ниеттен де, түптеп келгенде тәңірі шексіз ізгі тілекпен жаратса да, шайтан ит шапқа түртіп шатаққа бұратын қам-қарекет атаулының алдында қалтырап тұратын болған. Таңертең түсіне кіріп, есіне түскен құбыжықтардан діңкелеп мең-зең болып тұрады, тек түнгі қорқынышты күйінен оны әйнектен құйылған күн нұры мен хауызға шомылдырып, пысып кетпесін деп шабына жібек матамен опа жағатын Амарантаның аялы алақандары ғана арылтар еді. Күн нұрына малынған бақтың ішінде Урсула да өзге адам, неше түрлі үрейлі оқиғаларды айтып, зәресін алмайды, қайта папаның күлкісіндей жарқын болсын деп, жарқыратып қою үшін тісін үнтақ көмірмен тазалайды, жұмыр жердің түкпіртүкпірінен жиналған мінәжат етушілер папаның қолына кіршік жұқтырмайтынына қайран қалсын деп тырнағын алып, тазалайды; бойыннан дін бабаға тән жұпар ессін деп, әтір су жағады. Оның папаның Кастельгандольфо сарайының балконына шығып, мінәжат етушілердің алдында жеті тілде сөйлегенін көргені бар, бірақ көзі дін ағзамның аппақ борықтай қолында, есіл дерті оның жарқ-жұрқ еткен жазғы киімінде, бойынан таралған айрықша хош иісте болған.

Туған шаңырағына қайтып оралғанына жыл өтер-өтпесте-ақ Хосе Аркадио күміс шырағдандар мен бекзадалық таңбасы бар алтын дәретсауытты сатып жеп тауысты, заты алтын болмай шықты, тек таңбасы ғана алтындалған екен, содан кейінгі оның ермегі қала балаларын жинап алып, улатып-шулатып еркіндікке қоя беру. Ол түскі дамыл кезінде олардың бақ ішінде арқан құрып қойып секіріп ойнауына, дәлізде отырып өлең айтып, ән шырқауына, креслолар мен дивандардың үстінде асыр салуына мүрсат береді, өзі әр

топқа алма-кезек келіп балғындарды ізеттілікке баулуға тырысады. Бұл кезде ол тар шалбар мен жібек көйлегін тастап, арабтардың дүкенінен сатып алған қарапайым костюмге көшкен, тек өзінің бұрынғы кекір күйі мен папа құсап кісімсуінен арыла алмай жүр. Баяғыда Мемеиің жолдас қыздары сиякты балалар да үйге тез бауыр басып, үйреніп кетті. Ұзақты күнге олардың ойын—күлкісі, әні мен биі бір тынбайды, үй үй емес, балалары бейбастақ болып кеткен мектеп-интернат секілді. Алғашында Аурелиано мұның бәрін аңдамаған, бірақ көп ұзамай ішкене қонақтар ойыса-ойыса Мелькиадестің бөлмесіне дейін жетті. Бір күні таңертең есікті ашып қалған екі бала үстел басында пергаменттерге үңіліп отырған сақал-шашы өскен, үсті басы алба-жұлба адамды көріп қорқып кетті. Балалардың ішке кіруге батылы жетпеді, бірақ содан былай олар мынау алабөтен бейтанысты сырттай торуылдауын қойған жоқ. Есік-тесіктен сығалап, сыбырласып, келе-келе терезеден бөлмеге неше түрлі қоқыр-соқырды лақтыратынды шығарды, бірде асқандықтары сонша, есік-терезені сырттан шегелеп кетіп, Аурелианоның бөлмеден шыға алмай тура жарты күн әуреге түскені бар. Не істесе де тыйым көрмей шектен шығып кеткен олар әбден өктемсіп кетті, бір күні Аурелианоның ас үйге шыққанын пайдаланып, төрт бала пергаменттерді құртпақ пиғылмен бөлмеге кіреді. Бірақ олардың сарғайып кеткен пергаменттерді ұстауы мұң, әлдебір құдіретті күш оларды жерден тік көтеріп әкетті де, Аурелиано келіп қолдарынан пергаменттерді жұлып-жұлып алғанша осылай әуеде қалқытып, түсірмей тұрды. Содан былай балалар оның маңына жолаған жоқ.

Балалық шақтан өтіп, балғын сәтіне көшсе де, әлі қысқа шалбар киюлерін қоймаған ~~төрт~~ ересек бала Хосе Аркадионың күтушісі есепті. Олар таңертең өзгелерден ертерек келіп оның сақалын алады, қыздырған орамалмен тұла бойын бипаздайды, қол-аяғының тырнағын алып жонып, тазалап шығады, үстіне хош иісті гүл суын себеді. Анда-санда олар хауызға бірге түседі, шалқасынан түсіп Амаранта туралы ойға шомып жатқан Хосе Аркадионы басынан аяғына дейін сабындап шайып шығады. Содан кейін балалар оның тәнін орамалмен әбден құрғатып сүртіп, үстіне опа-далап жағады, киіндіреді. Көзі қызғылт шыныдан жасалғандай көжек жанар-

лы, жалқын шашы ширатылып, күлтеленіп тұратын балалардың біреуі көбінесе түнеп қалады. Оның Хосе Аркадиоға бауыр басып кеткені сонша, анау демікпесі ұстап, үйқтай алмай қараңғы бөлмелерді кезіп жүрген кездерінде де қасынан екі елі қалмайды. Бір күні түнде олар Урсуланың жатын бөлмесінде цемент едендегі жарықшақтан таралып жатқан алабөтен жалқын сәулені байқап қалды, бөлменің еденін нұрға бөлеп тұратын жер астында күн пайда болған секілді. Мұның өзі не гәп екенін білу үшін олар шам жағып та әуре болған жоқ. Тек Урсуланың төсегі тұрған бұрышта жарық көбірек шығып жатқан жердегі сынған цемент текшені аударып тастағанда, астынан Екінші Аурелиано қаншама азапқа түсіп, арып-шаршып табанынан тозып іздеген көмбе шықты. Онан аузы мыс сыммен шандылған үш кенеп қапшық табылды, ал олардың ішінде қоздап жатқан көмір шоқтарындай қараңғыда жарқ-жүрк етіп, жеті мың екі жүз он төрт алтын теңге жатты.

Қазынаның табылуы түн түнегін тіліп түскен жарық сәуледей әсер етті. Ғайыптан төбесіне келіп құлаған мынау қазынаны арқалап, қарны қабысып, қайыршының тірлігін кешкен жылдары өзі арман еткен Римге жетудің орнына Хосе Аркадио үй-ішін осы заманғы сән-салтанатқа сай жасақтап, ұжмаққа айналдырды. Ол барқыт перделер мен шымылдықты жаңартып, жуынатын бөлменің еденіне тас текшелер төсеттіріп, қабырғаларына әшекейлі мәрмәр тұтқызды. Асханадағы әбдірелер бейіштің асына: шекер себілген жеміс-жүзімге, қақталған, сүрленген, тұздалған асқа, қаңырап қалған қоймалардың қойнауы қайтадан шарбат, шарапқа сықай толтырылды, бұл ішімдіктер Хосе Аркадионың аты жазылған жәшіктермен жеткізіледі, ол бұл жүкті станция басынан тікелей өзі барып қабылдап алады. Бір күні түнде ол өзі жақсы көретін төрт баламен бірге таң атқанша сауық-сайран құрды. Таңғы сағат алтыда жатын бөлмеден тыр жалаңаш шыққан олар хауыздың суын ағызып жіберіп, ішіне шампан толтырды. Балалар хауызға қойып-қойып кетті де, алтын аспан астында жапырласа ұшқан құстардай қыж-қыж қайнаған көпіршіктердің арасында асыр салды, олардың ду-

манынан аулақтау шалқасынан түсіп Хосе Аркадио жатыр. Оның көздері ашық, Амаранта жайлы қиял құшағында қалқып жүр; көп ұзамай шаршап қалған балалар тобымен жатын бөлмеге тартты, мұнда олар барқыт перделерді жұлып-жұлып ойнап жүріп, тау хрусталінен жасалған айнаның күлпәршесін шығарды, сосын таласа-тармаса төсекке шығып алуға тырмысқанда, шымылдықты түп орнымен ұшырып түсірді. Хосе Аркадио келгенде, олар осынау ойран-топырдың арасында бүк түсіп-бүк түсіп ұйқтап жатыр екен. Қирап, бүлінген дүниеден гөрі мына күйге түскен өзін аяп, әрі жан-дүниесін жалмап кеткен осынау дырду думанға жол бергеніне іші удай ашып, ашуға булыққан Хосе Аркадио сандығының түбінде тозақ көйлекпен және адамның мазасын алып бойын ауырлататын әдеттерін тыйып, тәубесіне түсіретін басқа да темір-терсектермен бірге сақтаулы жататын дырауды қолына алып, балаларды үйден тыр-қыратып айдап шықты, есі ауысқан адамша өкіріп-бақырып жүріп күні кеше емешесі үзіліп, емексіткен сүйіктілерін нақ бір қорқауды сабағандай шырқыратып аяусыз шықпыртты. Сөйтіп ол жалғыз қалды, әрі әбден діңкелеп қалды. Оған қоса демікпесі ұстап, бірнеше күн бойы шыбын жанын көзіне көрсетті. Дертінің беті қайтқанда, Хосе Аркадио да титықтап біткен еді. Қайта-қайта ауа жетпей тынысы тарыла берген соң, ол үшінші тәулікке айналғанда басына түскен азапқа шыдай алмай, кешкілік Аурелианоның бөлмесіне келіп, таяу аптекалардың бірінен тамақ булайтын ұнтақ әкеп беруін өтінді. Бұл Аурелианоның өмір-ғұмырында көшеге екінші рет шығуы еді. Ол екі көшені көктей өтіп, үшіншісіне іліккенде қарсы алдынан ұзыннан-ұзақ салынған аптеканың сыртында латынша жазулары бар жанан ыдыстарға құйылған дәрі-дәрмек самсап тұрған шынылы беті көрінді, түрпатында Нілдің ақ жыланындай арбайтын құпия сұлулық бар бір қыз тілдей қағазға Хосе Аркадио атын жазып берген дәріні қолына ұстатты. Бұл жолы да шамдардың өлеусіреген сарғыш сәулесіне малынған иен көшелер Аурелианоның назарын селт еткізе алмады. Хосе Аркадионың көңіліне Аурелиано қашып кетпесе неғылсын деген күдік

кірген кезде, әрең деп алып, ұзақ уақыт қозғалмай отырғаннан сал болып қалған аяғын сүйрете басып бұл да келіп кірді. Айнала қоршаған әлемге аңсары ауып тұрған Аурелиано жоқ екеніне әбден көзі жеткен Хосе Аркадио анасының алдындағы антын бұзып, оның қалаған уақытта көшеге шығуына мұрсат берген.

— Онда мен ұмытқан не бар? — Аурелиано келте жауап атты.

Ол пергаменттеріне үңіліп, сол қамаулы қалпында отыра берді, біртіндеп құпиясын да аша бастағандай, бірақ оқыған жерлерінің мән-мағынасы әлі де түсініксіз. Хосе Аркадио оған бір-екі үзім шұжық, таңдайда көктемнің дәмін қалдыратын қантқа қақталған гүл бүрлерін әкеп беріп жүр, екі мәрте қолына жақсы шарап ұстап кіргені де бар. Хосе Аркадионың пергаменттердегі шаруасы шамалы, ол мұны көне дүние даналарының ғана ермек етер ісі деп біледі, оның көңілін өзіне аударған — мынау дүние сырын тәптіштеп білетін, өзінің ғажайып білімдарлығымен тәнті еткен қағажу қалған мынау туысқан. Байқаса, Аурелиано ағылшын тіліне де біршама жетік, пергаменттерді зерттеуден зеріккен әредік-әредіктерде энциклопедияның алты томын бірдей қызықты романға құныққандай бастан-аяқ оқып шыққан екен. Әу дегенде Аурелианоның Рим туралы көп жыл бойы сонда тұрған адамша сайрататынына қарап, Хосе Аркадио мұның бәрін ол энциклопедиядан оқып-біліп алдыға жорыған, бірақ көп ұзамай-ақ сұқбаттасының басқадай жәйттерге де, атап айтқанда товарлардың құнына шейін қанық екеніне көз жеткізген. Бұл деректерді қайдан алдың деген сауалға Аурелианоның қайтаратын жалғыз жауабы: "Көңіл қойсаң біліп алуға болмайтын нәрсе жоқ". Аурелиано да өз тарапынан жаңалық ашқандай, бөлме-бөлмені аралап жүргенін алыстан көретін Хосе Аркадио жақын таныса келгенде өзі ойлағандағыдан мүлде басқа адам болып шықты. Ол да өзге пенде баласы құсап қайғырып, күле білетін, осы шаңырақтың бір кездегі барлығын-байлығын айтып, қапаланып, Мелькиадестің бөлмесінің мүлде тозып кеткенін ойлап күрсіне білетін адам болып шықты. Тамырында соққан қаны бір екі бейбақтың бұл табысуы үлкен достыққа ұласпаса да, екеуін әрі жақындатып, әрі алыстатып тұрған сүйектеріне жазған жалғыздықтан аз да болса арылуға мүмкіндік бергендей. Сол кезден бастап өзінде ондай қауқар жоқ Хосе

Аркадио кезек күтпес оны-мұны үй шаруаларын шешерде Аурелианоға ақыл салатынды, соның көмегіне сүйенетінді шығарды, ал Аурелианоға дәлізде отырып-тұруға, оқып-жазуға, бұрынғысынша арасы үзілмей келіп тұратып Амаранта-Урсуланың хаттарын алып тұруға рұқсат берілді, оған бұрын Хосе Аркадионың өзі қия бастырмайтын шомылатын бөлмеге баруға да жол ашылды.

Күн көтерілмей жатып ысып кететін бір таңертеңгілікте олардың екеуін әлдекімнің асыға есік қаққан дыбысы оятты. Үлкен көкшіл көздері қаяулы жүзіне мөлдір реңк беріп тұрған, маңдайында күл кіресі бар бір қарт екен. Үстіндегі албажұлба киімі, әбден тозығы жетіп, шойқиып қалған кебісі, бойына біткен бар мүлік-мүкәмәлі ретінде мойнына асқан жалғыз дорбасы мүсәпір етіп көрсетіп тұрса да, өзін ұстауында бір көшелілік бар. Ала көлеңке қонақ бөлменің өзінде-ақ бұл адамның өміріне нәр беріп, өзек болған нәрсе — адам жаратылысына тән өзін-өзі сақтау сезімі емес, бойынан бір сәт те айықпаған қорқыныш сезімі екені бірден көзге шалынды. Бұл — полковник Аурелиано Буэндианың он жеті ұлының ішінде тірі қалған жалғызы Ғашық Аурелиано болатын; оның бар көксегені — мына ғұмыр бойғы қашып-пысқан тайғақ кешу тірлігінен бір сәтке болса да, бойын босатып, бір еркін тыныстау еді. Сонда ол кірпік ілуге мүршасы келмей, кіріптарлық көрген түндері жержаһандағы бас сауғалар жалғыз тұрағы ретінде осы үйді аңсаған, ол өзінің атын атап, пана беріңдер деп жалбарынып қоя берді. Бірақ Хосе Аркадио да, Аурелиано да мұндай туыстары барынан бейхабар-ды. Олар оны қаңғырған қайыршы шал деп ойлап, далаға шығарып жіберді. Сол сәтті екеуі бірдей есіктің аузында тұрып, Хосе Аркадио дүниеге келмей жатып басталған қайғылы оқиғаның немен тынғанын өз көздерімен көрді. Осы кезде көшенің қарсы бетіндегі бадам ағашының түбінен көптеген жылдар бойы иісшіл тазыларша Ғашық Аурелианоның соңына түсіп, сүмеңдеп ізін кескен полицияның екі жансызы көрінді; сарт-сарт етіп екі рет мылтық атылды, Ғашық Аурелиано сылқ етіп, жер құшты, екі оқ та маңдайындағы күл кірестің қақ ортасына тиген еді.

Балаларды үйден қуып шыққан күннен бері Хосе Аркадио мұхиттың арғы бетіне асатын кеме жайлы хабар то-

сып еленде́п жүрді, ниеті — соған отырып, жаңа жыл тумай Неапольге жетіп алу. Бұл ойының шет жағасын Аурелианоға да жеткізген, ол үшін кішкене сауда-саттық дүкенін ашып бермек ойы бар, өйткені Фернанда қайтқаннан бері ас толы себетінің келуі де тыйылған болатын, сондықтан да тіршілік көзі керек. Алайда оған бұл ойын іске асыруды жазбаған екен. Қыркүйек айының бір күні таңертеңгілік Аурелианомен бірге отырып кофесін ішіп алған Хосе Аркадио әдетінше шомылып жатқан, бір кезде кірпіштен жабылған төбедегі тесік арқылы өзі үйден қуып жіберетін төрт жасөспірім секіріп-секіріп түсті. Олар киімшең күйі хауызға қойып кетті де, есін жиғызбай Хосе Аркадионың шашына жабысып, оның басын хауыздың бетіне ауа көпіршіктері шығып болғанша тұқыртып суға тығып ұстап тұрды, папа мұрагерінің былқ-сылқ еткен аппақ жансыз денесі қалқып хош иісті хауыздың түбіне түсті. Содан кейін олар өздеріне және өздерінің құрбандарына ғана мәлім көмбеде тығулы жатқан үш қап алтынды көтеріп ала кетті. Тарлық шаруа әп-сәтте әскерлерге тән шапшаңдықпен, ұйымшылдықпен, әрі қатыгездікпен тындырылды.

Өз бөлмесін іштен бекітіп алып отырған Аурелиано бәрінен бейғам, бейхабар қалды. Тек кеш түсе, ас үйге кіргенде ғана ол Хосе Аркадионың жоғын аңдап, оны бүкіл үйді айнала іздеп, ақыры шомылатын бөлмеден тапты. Ол Амарантаны аңсаған Хосе Аркадионың ісініп, қауқиып кеткен аппақ денесі хауыздың хош иіс аңқыған айнадай айдынында қалқып жүргенін көрді. Сонда ғана Аурелиано оған өзінің қаншалықты бауыр басып кеткенін аңғарды.

Оңынан тұрған жел айдаған Амаранта-Урсула желтоқсанның, алғашқы күндерінде оралды. Мойнына жібек жіп салып, бір ұшын қолына ұстап, тізгіндеп, соңынан ертіп алған күйеуі бар. Ол алдың-ала хабарлап жатпай, көктен түскендей бір-ақ күнде келіп жетті, үстінде піл сүйегі түстес сұр көйлек, мойнына тізесіне дейін төгіліп түсіп тұрған лағыл жіп байлапты, саусақтары толы зүбәржат, құбыл-тас сақиналар; дөңгелете қырыққан жылтыр шаштары қарлығаш қанатындай иіліп келіп беттерінің ұшын жауып тұр. Осыдан жарты жыл бұрын онымен некеге отырған кескін-келбеті теңізшіге ұқсайтын кемеліне келген сымбатты ер-

кек фламандық жігіт екен. Қонақ бөлменің есігін ашқан бетте-ақ үй-ішінің өзі ойлағандағыдан бетер азып-тозып кеткенін көріп Амаранта-Урсула ұзақтау жүріп қалғанын сезді.

— Ой, тәңірім-ай, — деп сұқ ете қалды ол. Үнінде кейістіктен гөрі көңілділік лебі басым. — Әйелі жоқ үйдің көрген күні осы да.

Оның жүгі дәлізге сыймай кетті, Бір кезде өзімен бірге Брюсельге ала кеткен Фернанданың көне сандығына қоса ол көйлек-көншіктері сықай салынған екі сымбал, төрт үлкен шамадан, бір қапшық қолшатыр, сегіз қалпақ қорабын, сосын ішінде елу шымшығы бар үлкен тор және бөлшектелген қалпында виолончель құсатып арнаулы қорапқа салып жүруге болатын велосипед дейсіз бе, біраз дүние әкелді. Ұзақ жолдан кейін бір күн демалып, ес жиюға мұршасы келген жоқ, Автомобильшіге қажет неше түрлі керек-жарақпен бірге ала келген күйеуінің кенеп комбинезонын киіп алып, үйді қайтадан жаңғырту қамына кірісіп кетті. Алдымен дәлізге әбден кірігіп, орын теуіп қалған қызыл құмырсқаларды құртып, раушан түптерін қайтадан өндеп, көрік берді, арамшөптерді түп-тамырымен отап, гүл құмыраларға қайтадан қырыққұлақ, киікоты мен алажапырақ түптерін отырғызды. Ағаш шеберлерінің, ұсталардың, тас қалаушылардың тобын бастап, едендегі барлық жарықтарды жаматып, есік-терезелерді бүтіндетті, мебель біткенді жөндетіп, үйдің іші-сыртын әктетіп шықты, сөйтіп келгеніне үш ай болар-болмаста үй-ішіне баяғы күйсандық заманындағыдай жарқын, жайлы рух орнатты. Бұл шаңырақта әлі Амаранта-Урсуладай жан болып керген емес, ол —қандай қиын іс түссе де жасымай кез келген сәтте жанып тұратын, ән шырқап жіберуге де әзір, билеп беруден де қашпайтын, ескірген заттарды да, әдет-ғұрыптарды да аямай лақтырып тастаудан тайынбайтын төтен жаратылыс. Ол жерлеуден қалған құрал-жабдықтарды, бұрыш-бұрышта ыбырсып жатқан ескі-құсқыны бірін қалдырмай сыпырып-сиырып шығарып тастады, Урсуланың, рухын сыйлағаннан ғана ілулі тұратын Ремедиостың портретін қозғаған жоқ. «Қарандаршы, қандай көркем, ә, — Амаранта-Урсула күлкісін “тыя алмай әңгірлеп жүр.— Он төрт жасар ұлы әже! Тас қалаушылардың біреуі үй-ішін елестер жайлап алған, оларды

бездіріп жіберу үшін солардың тығып кеткен қазынасын іздеу керек дегендей сыңай танытып еді, күлкісін әрең тыйған Амаранта-Урсула еркек затының діндарлығына сенбеймін деп қолын бір сілтеді. Бұл мүлде басқа Амаранта-Урсула, ашық-жарқын, жайдары, еркін, қылымсуды білмейтін қазіргі заман әйелі, содан да болар, оны көрген бетте Аурелиано аяқ-қолын қояр жер таппай қатты қысылған. «Мынаны қара,— деп куана самбырлай сөйлеп күшақ жая ұмтылған.— Көріндер қалай есіп кеткен менің сүйікті жан алғышым. Абдырап қалған Аурелиано аузын ашып үлгергенше, ол қолмен бұрайтын патефонға күйтабақты қойып жіберіп, оған таңсық билерді үйретуге кірісіп кетті. Қоярда-қоймай оның полковник Аурелиано Буэндиадан қалған сауыс-сауыс шалбарын ауыстырып, оған алабажақ гүлді көйлек пен сәнді кебіс сыйлап, еркі алдына қоймай есік алдына алып шықты.

Бұл да Урсула сияқты түрымтайдай түрқына қарамастан елгезек, лыпып тұр, моюды білмейді, ал сұлулығы, сыры мен сыны Әсем Ремедиостан әсте кем емес, мода біткеннің аңысын алдын-ала аңдайтын айрықша қабілеті және бар, Почтамен келген соңғы модалар журналына қарағанда, үлгісін өзі жасап, өзі пішіп, Амарантаның әбден тозығы жеткен іс машинасымен өзі тігіп алған киімдері оның еш модадан кенже қалмағанын дәлелдеуші еді. Ол Европада шығатын барлық мода журналдарын, өнер мен көпке танымал музыка жөніндегі барлық басылымдарды жаздырып алатын, алайда журналды немесе кітапты ашқан сәтте-ақ әлемде болып жатқан өзгерістердің өзі ойланғандағыдан онша көп өзгешелігі жоқ екенін бірден аңғарады. Бір ғана нәрсе, осындай парасат-пайымы зор әйелдің шаң басып, аптап езген осынау марғау қалаға, әрі оның сыртында әлемнің қай түкпірінде тұрам десе де қалтасы қаптал жететін күйеуін, өзін құлай сүйетіні сонша, мойнына жібек қарғы бау салғызып айдағанына көнген күйеуін ертіп келуі шешімі жоқ жұмбақ. Алайда уақыт алға жылжыған сайын Амаранта-Урсуланың мұнда мәңгіге қалмақ ойы бары айқын бола түсті, өйткені не істесе де болашақты ойлап істейді. Макондода қайғысыз-мұңсыз қартайып, қолымды жылы суға малсам дейтін адамның қамы. Шымшық толы торлар оның көкейіне бұл пиғылдың кездейсоқ қона қалмағанын көрсетсе керек.

Шешесінің бір хатында құс атаулының қырылып қалғанын хабарлағаны есіне түскен Амаранта-Урсула Европада тағы да бірер ай аялдай тұрып, Канар аралдарына соғатын кемені тосты, ал онда келісімен, Макондо аспанында қайтадан қалықтатпақ оймен таңдап жүріп, ең тұқымы тәуір дегендерінен шымшықтың жиырма бес жұбын сатып алды. Оның іске аспай қалған жоспарларының ішіндегі ең сәтсізі осы болды. Шымшықтар ұя басып, тұқымын көбейткен сайын Амаранта-Урсула оларды бір-бірлеп босатып қоя береді, алайда құстар сол бетінде қайтып оралмай кетеді. Қайтарып алу үшін қолданбаған айласы жоқ, осы үй алғаш салынған кезде Урсула арнап жасаттырған үлкен торға алдап түсірмекке де әрекеттенді. Бекерден-бекер бадам ағашының бұтақтарына шүберек қиықтарынан ұялар да жасаттырды, шатыр-шатырға жем сепкізіп те тастады, даусына алданып келер ме екен деп, торда қалғандарын сайратып қоюдың да амалын жасап бақты, бәрібір текке арамтер болып жүр, тордан босаған шымшықтар әуелі тік атылып аспанға шығады да сосын қаланы айналып бір самғап өтеді, ал мұны Канар аралдарының дүниенің қай бұрышында жатқанын бағамдап, қанатын жазып алу үшін істейтін секілді, содан соң ізім-ғайым жоқ болады.

Амаранта-Урсуланың қайтып келгеніне бір жылдай уақыт өтсе де, ол Макондо жұртымен жақындасып, етене араласып кете алған жоқ, бәрінің басын қосып, бір сауық-сайран өткізудің де ыңғайы келмеді, сонда да басынан бақытсыздық бұлты арылмай-ақ қойған осынау сормаңдай адамдар қауымының түндігін түріп, бойларында тіршілік отын маздатсам деген үмітін үзген емес. Күйеуі Гастон оның бір де бір қарекетіне қарсылық білдірген жоқ, мейлің деген адамның сыңайы, өйткені екеуі ми қайнатар тал түстегі ыстықта Макондоға келіп түскенде-ақ ол зайыбын мұнда туған жерге деген сағыныштан басқа еш нәрсенің айдап әкелмегенін сезіп еді.

Көп ұзамай-ақ күнбе-күнгі болмыстың өзі оның көкірегіндегі аңсау сезімін әлі-ақ сейілтетініне күмән келтірмеген ол велосипедіне шейін сол бөлшектеулі қалпында қалдырып, тас қалаушылар қабырға-қабырғадан сыпырып-сыпырып тастаған өрмекші торының арасын қопарыстырып, өрмекші жұмыртқаларын іздеумен болған. Со-

дан кейін жұмыртқаны тырнағымен шұқып жарады да, аспай-саспай жапа-тармағай жан-жаққа өре жөнелетін титімдей-титімдей өрмекшілерді үлкейткіш шыны арқылы бақылап тұрады. Содан кейін ол Амаранта-Урсула аялаған арманының күлі көкке ұшқанын мойындағысы келмейді, сондықтан да үйді жаңғырту жұмысын қасақана тоқтатпай отыр деген байлам жасады да, өзінің алдыңғы доңғалағы артқысынан әлдеқайда үлкен тамаша велосипедін құрастырып алып, бос уақытын осы маңайдағы жәндіктерді аулап, кептіруге арнады, оларын тосаптан босаған шыныларға салып, Льеж университетіндегі табиғаттану тарихының карт профессорына жолдайды, бір кезде өмірінің ең бейім ісі авиация болса да, сол қарттың басшылығымен этномология ілімімен бейілін салып шұғылданғаны бар. Велосипедпен жолға шығарының алдында Гастон әдетте акробаттың тоқыма шалбар-көйлегін, сыбызғышы-музыканттың сала құлаш қонышты шұлығын, тыңшылардың басынан түспейтін ұзын күнқағарлы қалпағын киеді. Жаяу серуенге шыққанда, ақ кірпіштей кенеп костюм, жалпақ жақтаулы қалпақ, ақ бәтеңке киеді, мойнына жібек галстук байлап, қолына тал таяқ ұстайды. Оңып кеткендей сұрғылт көздері оны теңізшіге ұқсатып тұрушы еді, тиін терісі сияқты сұрғылт-күлгін мұрты бар. Ол жоқ дегенде әйелінен он бес жастай үлкен, дегенмен бозбалаға тән сергектігі, зайыбын еркелетіп оның алдында құрақ ұшып тұратын әдеті, еркектің еркегіне ғана лайық қажыры мен қабілеті араларындағы бұл алшақтықты сездірмей тұр. Үнемі цирк велосипедін мініп жүретін, мойнынан жібек қарғыбауын тастамайтын осынау ұстамды қырықтағы қырқылжынды көрген адам ол өзінің жас зайыбымен тежеусіз махаббатқа серт байласқан жандардай сезімдері селт ете қалған сәтте табан астында жер талғамай, күй талғамай құмарлық құшағына батып жүре береді деп ойламайтын-ды, танысқан алғашқы күндерінен басталған олардың ынтызарлығы уақыт өтсе де, ортаймай неше түрлі оқиғаларды бастан кешсе де, кемімей, қайта терендей, байи түсті деп ойламас еді. Гастон дегеніңіз махаббат іліміне аса жетік, асығын киял-күшінің арқасында шексіз рақатқа бөлейтін айлакер әлді ашына ғана емес, көкірегіне қазтамақ гүлдер өскен құрақтың үстінде қауышу жайлы ой түсіп кеткенде, өзімді, қалыңдығымды құртармын-ау деп қорықпай, сол құрақтың үстіне самолетін қондырған тарихтағы жалғыз еркек те осы еді.

Олар үйлену тойынан үш жыл бұрын танысты, бірде Гастон өзінің қос қанатты спорт самолетімен Амаранта-Урсула оқитын колледждің үстінде әуеде неше түрлі өрнек салып ұшып жүргенде, ту ілінген мұнараға соғылып қалмас үшін кілт бұрылады. Сонда кенеп пен алюминийден жасалған қара дүрсін ұшу құралы құйрығымен сымға оралып, ауада ілініп тұрып қалды. Сол күннен бастап сынған аяғының ағаш қалыпқа салынып байланғанына қарамастан Гастон әр сенбі сайын Амаранта-Урсулаға бола монахинялар пансионына келетінді шығарды, сәтін салғанда мұнда Фернанда көксегендей қатаң тәртіп жоқ-ты, сондықтан да ол қызды емін-еркін ертіп алып, өзінің спорт клубына алып барады. Олардың махаббаты да бес жүз метр биікте жексенбі күні басталды, төменде қалып бара жатқан заттар кішірейіп, жер алыстай берген сайын, олардын бір-біріне деген ықыласынтызары да арта түскендей. Қыз оған әлемдегі ең әсем, ең мамыражай қала Макондо жайлы, сондағы киікотының жұпар иісі әрдайым аңқып туратын үлкен үй туралы сыр шертеді, ол адал жар сүйіп, сол үйде қартайсам деп армандайды. Родриго меп Гонсало атты екі тентек ұл көрсем деп армандайды, оларға бұл өмір бақи Аурелиано немесе Хосе Аркадио деп ат қоймақ емес; сондай-ақ Виргиния атты қыз туғысы да келеді, ол оған ғұмыр-дүниеде Ремедиос есімін бермек емес. Ол өзінің туған қаласын сағынып аңсайтыны, оны бір сәт те аузынан тастамай асқақ тұтатыны сонша, Гастон өзі Макондоға еріп бармаса, қыздың тұрмысқа шығып, мұнда қалғысы жоқ екенін салған жерден ұқты. Сондықтан ол ере баруға да, мойнына қарғы бау салуға да қарсы болған жоқ, мұның бәрін ол күндердің күнінде өзіненөзі қалатын еркетотайлық деп ұққан. Алайда Макондода екі жыл тұрғаннан кейін де Амаранта-Урсула алғашқы отау көтерген күндердегідей қайғысыз-мұнсыз қалпынан жазған жоқ, сонда ғана Гастон алаңдаушылық білдіре бастады. Ол Макондода кездесетін жәндік біткенді кептіріп те бітірді, ал испанша сөйлегенде осы араның тұрғылықты адамдарынан бір кем түспейтін болып алды, почтамен келетін журналдардағы кроссворд атаулыны да тегіс шешіп түгесті. Ауа райының ыстықтығы да Гастонның қайтар күнді тездетуіне сылтау бола алған жоқ, жаратылыстың өзі оған қиыр кешіп, отар отарлауды жазғандай, темірдей берік бауыр сыйлаған

екен, тал түстегі ми қайнатар ыстықты да, жып-жылымшы сасық суды да елер емес, Жергілікті жердің дәм-тұзы да оның таңдайына татыған сияқты, бір күні түсте оның кесірткенің сексен екі жұмыртқасынан пісірілген быламықты жалғыз соғып алғаны бар. Ал Амаранта-Урсула болса, мұзы бар жәшікке салынған балық пен устрица, қалбырға салынған консервіленген ет пен компот алдырып отырады, басқадай ас оның өңешінен өтер емес ел алдына шығып, қонаққа барып дегендей сән-салтанат атаулының көзден бүлбүл ұшқанына қарамайАмаранта-Урсула мода журналдарын жаздырып алуын, европалық үлгіге сай киінуін қойған жоқ; алайда оның қысқа көйлектері мен шекесіне түсіре киген мақпал бөріктерін, жеті жіпке жыпырлата тізген маржан моншақтарын мадақтауға қанша мықты десек те, дәл осы арада Гастонның құдірет күші жетпеді. Сонда да Амаранта-Урсула зерігер емес, ол жоқ жұмысты іздеп тауып алатын, өз қолымен артық шаруа туғызып, оны қайтадан өз қолымен тындыратын адам. Өзі бір қате жасайды да ертеңгі күні бар ықылас-бейілін салып қайта түзетеді, мұны көрсе, Фернандо құдай біледі тұқымдарына біткен елекпен су таситын әуейлік тағы да осының бойынан шыққан екен деп жағасын ұстар еді. Әйтейір, Амарантаның бойындағы қайрат-жігер тасып, төгіліп жатыр, жаңа күйтабақтар келген күні, ол күйеуін қонақ бөлмеден шығармай, түн ортасы ауғанша жалықпай жаңа билеу керектігі туралы сипаттамалр мен суреттерді колледжде бірге оқыған құрбы қыздары жіберіп тұрады. Би сабақтары әдетте махаббат майданымен тынады, жұбайлар жер талғамайды, әткеншек-креслоның үсті ме немесе тақыр еден бе оған қарап жатпайды, іске кірісіп кетеді. Өзін шын бақытты сезіну үшін Амаранта-Урсулаға бір жас иістің ғана жетпей жүргені рас, алайда ол қосақ құрғандарына бес жыл толмай, бала сүймейміз деп күйеуіне берген сертін қалтқысыз сақтап отыр.

Қол бос уақытты қалай өткізерін білмей зеріккен Гастон күнде ертесін Аурелианомен әңгіме-дүкен құрмаққа Мелькиадестің бөлмесіне бас сұғады. Өз Отанының оңаша, тыныш түпкірлерін есіне алып отыру ол үшін үлкен ғанибет, әрі оның жай-жапсарына ұзақ жылдар бойы сонда тұрған адам сияқты Аурелиано да қанық. Тіпті ешбір энциклопедиядан табылмайтын бұл деректерді қайдан

алдың, Аурелиано, деген сауалға Хосе Аркадио сияқты Гастон да бір ғана жауап алды; "Біліп алуға болмайтын нәрсе жоқ". Санскритке қоса Аурелиано ағылшын, француз тілдеріне де жетік, латын мен грекшеге де қара жаяу емес. Амаранта-Урсула оны-мұны ұстағанына деп апта сайын азын-аулақ қаржы бөліп, Аурелианоның әр кеш сайын үйден олай-бұлай шығып, жүріп-тұруға қолы жеткеннен бері Мелькиадестің бөлмесі ғалым каталондықтың кітап дүкенінінің кішігірім бір бөлімшесіне ұқсап кеткен-ді. Аурелиано бар бейілін беріп, түннің біраз уақытына дейін отырып кітап оқиды, алайда оның тамамдаған кітаптары жайлы пікірін тындай отырып, Гастон Аурелиано оларды білімін толықтыру үшін емес, өзіне мағлұм ақиқаттардың аныққанығына көз жеткізу үшін оқып жүр-ау, сірә, деген ойға келген, Бәз баяғыдай оның дүниедегі ең ынтық нәрсесі — пергаменттер, сондықтан да таңертеңгі өзінің сергек нәтижелі сағаттарын соларға арнап жүр. Гастон да, Амаранта-Урсула да оны жатсынбай өз орталарына алуға осы қазір-ақ құбақұп, тек Аурелианоның, өзі оқшауланып тұрады, сыр бермейді, төңірегі толы құпия, ал уақыт өткен сайын құпиялық бұлты тарқаған жоқ, қайта қоюлай түсті. Онымен достасуға тырысқан Гастонның барлық әрекеттерінен еш нәтиже шыққан жоқ, сондықтан да фламандиялық жігіттің, уақыт өткізудің өзге жолдарын қарастырудан басқа амалы қалмаған. Оның басына авиациялық почта қызметін құру жөніндегі ойдың сап ете түсетіні де осы түс.

Бұл онша тосын ой емес-тін, Амаранта-Урсуламен таныспастан көп бұрын Гастонның авиапочта құрмақ пиғылы бар еді, сол кезде ол өз ағайын-туғандары сары ағаш майын өндіруге қаржы қосып отырған Бельгияның, қол астындағы Конгомеп авиапочта байланысын жүзеге асыратын компания ұйымдастырмақ болған-ды. Алайда үйленуі, сосын зайыбының көңілін аулап, бірер ай болып қайтпақ оймен Макондоға келуі ойға алған жоспарын жүзеге асыруды кейінге қалдыра түруға мәжбүр еткенді. Ал енді Европаға қайту жөнінде әңгіме қозғамақ болған әрекеттерінен түк шықпай, айтқан уәждерін күле тындаған Амаранта-Урсула қаланы көркейту қоғамын құру қамына кірісіп кеткенде, Макондода әлі ұзақ уақыт тұра тұрмасқа

болмайтынын үққан Гастон Брюссельдегі ұмыт бола бастаған бір кездегі пікірлес әріптестерімен қайтадан байланыс орнатып еді. Ол жаңалықты жер шарының кай ауданында — Африкада, әлде Кариб теңізінде жүріп ашсаң да бәрібір емес пе деген ойға келген. Әріптестерімен хат жазыса жүріп, ол сынған кірпіш, қоқыр-соқыр басып, иесіз құлазып жатқан баяғы сиқырлы жерлерде қону алаңын аршып тазалап қойды, бұл арада соғатын негізгі желдердің бағыттарын айқындап алды, үшудың неғұрлым тиімді бағдарларын белгіледі, сөйтіп жүріп ол мистер Герберттің бір кездегі қарекет-қылығына ұқсас өзінің осы тыраш-тірлігінің Макондо тұрғындарының көкірегінде қауіпті күмән туғызғанын аңдаған жоқ, олар авиапочта туралы әңгімені желеу етіп, Гастон банан отырғызу қамымен жүр деген ойда. Басқаны айтпағанда, Макондода мәңгіге қоныс тебу жөніндегі көңіл түкпіріндегі үйғарымы үшін өзін-өзі алдаусыратып, ақталуға себеп тауып берген оқыста туған ойына масайраған фламандиялық бірнеше мәрте провинция астанасында болып, рұқсат қағаздар алып, жеңілдік жасайтын шарттарға қол қойып қайтты, Сонымен бірге ол Фернанданың көзге көрінбейтін емгерлермен қатынасы сияқты Брюссельдегі әріптестеріне қайта-қайта хат жазып жүріп, ақыры оларды теңіз арқылы алғашқы аэропланды тәжірибелі механикпен қоса салып жіберуге қоярда-қоймай көндірді, ал мұнда жеткен соң механик Макондоға таяу порттардың бірінде аппаратты құрастырып алады да қалаға үшып келетін болады. Алғашқы метеорологиялық өлшеулер мен болжамдар жасағанына жыл өткеннен кейін әріптестерінің әлденеше қайтара берген уәделеріне шөкімдей күмәні жоқ Гастон көкке қарап, жел үніне елегізіп құлақ түріп, көше кезіп журуді әдетіне айналдырды.

Амаранта-Урсула мұны аңғарған жоқ, алайда оның қайтып келуі Аурелианоның өміріне түбірлі езгерістер енгізді. Хосе Аркадио өлгеннен кейін ол каталондық қарттың кітап дүкенінен шықпайтын болған. Еркі өзіне тиіп, қолы босаған Аурелиано қалаға да құлық қойып, Макондоны зерттей бастаған, бірақ еш нәрсе де, ештеңе де оны таңырқата алған жоқ. Ол шаң басып, иен калған көше-көшені кезіп, қираған үйлерді, ыстықтан қырылған құстар сетіп кеткен тере-

зеге түтылған, әбден тат басқан темір торларды, ауыр естеліктер еңсесін езген жандарды көрді, оның бұл сыр бағуында кәдімгі пендешіліктен, қызықтап үңілуден гөрі ғылыми пайымшылдық басым. Ол бір мезгіл зерде күшімен қала мен банан компаниясының, баяғы дәуірлеп тұрған шағын көз алдына елестетуге тырысады; қаланың қазіргі күйі мынау: құрғап қалған хауыз шіріп тоз-тозы шыққан еркек бәтеңкелері мен әйел кебістеріне тура кемеріне дейін лық толы, ал енді банан компаниясының, қирап, арамшөп басқан үйлерінің арасында Аурелиано немістің бөрібасарының қаңқасын да тапты, темір қазыққа байланған қара шынжырына дейін қасында жатыр; тіпті Аурелиано трубкасын көтеріп, алыстан талып естілген, ағылшынша сөйлеген, абыржыңқы әйел даусына, иә, ереуіл біткелі, өлген үш мың адамның сүйегі теңізге тасталғалы, банан компаниясы кетіп, Макондода тыныштық орнағалы қашан деп жауап қатқанша, телефонға дейін қайта-қайта шар етіп безілдеп тұр екен. Оның жаяу серуендері күндердің күнінде бір ғана қызық үшін кезінде бума-бума ақша күйген, құмарлық үйлері жағалай қонған көшелерге әкеліп шығарды, бұл көшелер баяғы көркінен айрылып, күйкі халге ұшырапты, әйтсе де әр жер-әр жерден әлі өлеусіреген қызыл шам жарығы көрінеді, алайда би алаңдары қағаз әшекейлері салбырап, шаң басып, қаңырап жатыр; ал бай көрмей, бала сүймей, не байлық таппай қартайған жесірлер, арығы бар, семізі бар, не керек, әже болар жасқа жеткен баяғы француз сайқалдары, вавилон қақсалдары бәс тартар жәшіктердің қасында алағызып әлі де тосу үстінде. Аурелиано олардың ішінде өздерінің үй-іші, тым құрымаса полковник Аурелиано Буэндиа туралы естіген, білген бір жан кезіктірсеші, тек ауып келген антиль негрлерінің ішіндегі ең көне көзі — әлі күнге шейін есігінің алдында отырып мұңды дұғасын әндетіп сұңқылдатып отыратын бір ақсақалдың ғана құлағы түрік екен. Қардай аппақ шашы мен көмір қара кейпі оны фотографиялық негативке ұқсатып тұр. Аурелиано онымен өзі бірнеше апта ішінде үйреніп алған адам ұғып болмайтын бір тілде әңгімедүкен құратын болды, бірер мәрте қартпен табақтас болып, оған шөбересі байтал жонындай деңгеленген тоқ мықынды, қос анарлары уылжып тертіп тұрған қос қауындай, жүп-

жұмыр, әп-әдемі басында орта ғасыр сарбазының дулығасы тәрізденген сым секілді қайратты қара шашы бар, жардай денесі тығыншықтай негр қызы әзірлеп берген қораздардың басынан пісірілген көжені бірге ішкен. Негр қызын елдің бәрі Сиқыршы деп атайды. Ол кезде Аурелиано ыдыс-аяқ, шырағдан және үй ішінде қолына түсе қалған басқа да оны-мұны заттарды сатып, талшық қылып жүрген. Қалтасында көк тиын қалмаған күндері, ондай кездер де жиі болып тұратын, ол базарда саудагерлер күресінге тастайтын қораз бастарын сұрап алып, Сиқыршыға әкеледі, ол болса, бұған қараот пен жалбыз қосып, көже пісіріп береді. Сиқыршының бабасы қайтыс болғаннан кейін Аурелиано бұл үйге баруын қойып кетті, бірақ қызбен кеш сайын дерлік қала алаңындағы бадам ағаштарының түбінде кезігеді, қыз мұнда түнделетіп жүрген бірен-саран еркектерді аулайды, ақырын ысқырып, олардың аужайын байқайды. Аурелиано оның, қасынан шықпай бірге қыдырып, екеуі қыздың тілінде қораз бастарынан пісірілген көже жайлы және кедей сорлының таңдайына татыған басқа да дәм-тұз жайлы әңгіме құрады, тіпті Сиқыршы бұл жанында жүрсе, өзіне жан жоламай кетіп, құр қалатынын меңземегенде, Аурелиано алдағы уақытта да осылай тарта беруге бар-ды. Анда-санда көңілі кеткені болмаса, Аурелиано оның шымылдығын сырған емес. Сиқыршы да ол бір емеурін білдірер, екі жетімек тар төсекте бір тоғысармыз деп тосқан. Сөйтіп, Амаранта-Урсула Макондоға қайтып келген кезде ол әлі бейкүнә күйінде жүріп жатқан-ды, ойында түк жоқ әпкесі бауырына басып, бетінен сүйгенде, мұның алабұртып, тынысының тарылғаны содан. Амаранта-Урсуламен кездескен сайын, әсіресе әпкесі оған жапа билерді үйретпек болып жақындап кетсе болды, бұл бір бейшара күйге түсіп, буын-буынынан әл кетіп, сүйегіне шейін былқылдап, былбырайды да қалады, баяғыда Пилар Тернера бал ашам деп алдап, шошалаға кіргізіп алған кезде арғы атасын алқындырған алабөтен сезім. Осындай алақұйын, азапты күйінен арылмақ болып Аурелиано пергаменттеріне шұқшия түсті, иісі мұрнына келсе мазасы кетіп, титықтаған ол әпкесінің ешбір астарсыз жақсы көріп, еркелеткенінен де қашқақтайды, бірақ қашқан сайын оның сыңғырлаған күлкісі мен күн демей, түн демей, кез келген сәтте, кез келген жерде, үйдің, қай бұрышында болса да махаббаттан

оліп-өшіп, ындыны кеуіп жатып бебеулеп, ыңырсыған, үйлыққан мысықша ышқынған үнін, жаратылысына ризашылық білдірген әлдилі әуенін естігісі келіп тықыршитынын кайтерсің. Бір күні түнде көрші бөлмеде, бұрынғы зергерлік шеберханада, Аурелианоның, төсегінен небәрі он қадамдай жерде ынсапсыз жұбайлар тура үстел үстінде дағдылы ынтық әуендерін бастап кетіп, абайсызда шыны шкафты сындырып алғандарына да қарамай төгілген түз қышқылының ортасында жатып ындынды ырғақтарын одан әрі созып еді. Содан Аурелиано түні бойы кірпік ілген жоқ, сосын ертеңінде күні бойына бойы қалтырап, ықылық атып, өзіне-өзі келе алмай жүрді. Бұл күн оған бітпестей ұзақ корінді, асыға күткен ымырт қараңғылығы үйіріле ол бадам ағашының түбінде тықыршып Сиқыршыны тосты, мың сан ине секілденіп, тұла бойын піскілеп сенімсіздік сумаңдап жүр, шылқылдап терлеген алақанына қысып алған бір жарым песосы бар, оны Амаранта-Урсуладан сұрап алды, ақша жетпегендіктен емес, өзін осындай күйге түсірген әпкесіне жасаған қысасы, өз күнәсіне оны да ортақтастыру, өзінің азғындауына оны кінәлі ету қаразы. Сиқыршы оны дұғалы шырағдандар жанулы лашығына әкеліп, кермелі кенебінде күнәһар махаббаттың табынан сау жер қалмаған жиналмалы төсегіне салып, именуден, иілуден, июден қалған қаншық тәнін айқара ашты. Ол ауызданбаған, абдыраған "сәбиді" маңдайға шертіп қоя бермек ойда еді, алайда сәлемдесіп үлгермей жатып, құдіретті күші жатырын жер сілкінгендей аударып-төңкеріп кете жаздаған қуатты еркекке кезіккенін аңғарды.

Сөйтіп ол екеуі ашына болды. Ертеңгісін Аурелианоның есіл-дерті пергаменттерінің үстінде, ал түскі дамыл кезінде Сиқыршы өзін тосып отырған лашықтың тылсым тыныштығына барып кіреді, мұнда оны Сиқыршы махаббат өнеріне машықтандырады, алдымен ол бұл машақатты күрттардың, содан кейін ұлулардың, артынан балықтардың, қалай істейтінін көрсетеді, ал уақыты келгенде сабағын доғарып, адасып жүрген асықтарын тосып алуға аттанады. Аурелиано бірнеше апта өткенше аңғармапты, бақса, ғашығының белінде виоленчельдің шегіндей, бірақ болаттан жасалғандай қап-қатты шығыршық бар екен, оның не басы, не аяғы жоқ, тегінде Сиқыршы сонымен туып, сонымен

өссе керек. Махаббат ойынының әредігінде олар тыныс тарылтатын қапырық бөлмелерінің ішінде төсектерінде тыржаланаш отырып терлеп-тепшіп тамақ ішіп, әл жинайды, тат жеген мырыш шатырдың шүрк-шүрк тесіктері төбелерінде күндіз де жұлдыз жыпырлап түрғандай әсер қалдырады. Осылайша Сиқыршы да басыбайлы бір еркектің етегінен ұстады, өзі ішегі қатқанша сықылықтап күліп жатып айтатынындай, оның да құдай оңғарып тұрақты қоразға қолы жетті, айтты айтпады, бақырдың көкірегінде үміт ұшқыны да жоқ емес екен, бірақ бұл туста Аурелиано өзінің жан сырын ашып, Амаранта-Урсулаға деген құштарлық құпиясының шет жағасын шығарды, басқа әйелдің құшағы да оны сол күнәһар құмарлық құрсауынан құтқара алмаған еді, қайта махаббат мәселесінен мағлұматы кеңейген сайын, дерті меңдей түспесе кемімеген. Көңіл түкпірін көргеннен соң да Сиқыршы оны жатырқамай бұрынғысынша ыстық ықыласпен қабылдай берген, бірақ қызметі үшін міндетті түрде ақы төлететінді шығарған, ал Аурелианоның қалтасында ақша болмай қалса, қарызға жазады, цифрмен емес, сүк саусағының тырнағымен есіктің жақтауына бір сызат салады. Қараңғы түсе Сиқыршы қайта кәсібіне кіріседі, алаңның қараңғы түкпіріне барып, арлы-берлі жүре бастайды. Аурелиано болса үйге қайтады; ол дәлізден осы сәтте кешкі асты алдарына енді ала берген Амаранта-Урсула мен Гастонға бөгде адамша ернін жыбырлатып қана амандасып өте шығады, бөлмесіне кіріп іштен бекітіп алады, содан түні бойы үй ішін кернеп кететін күлкі мен сыбыр-күбірден, ынтызарлықтың кіріспе қыңқылы мен ләззатқа түншығардағы сұңқылынан ұйқысы қашып, ындыны құрып аласұрып шығады. Гастон аэроплан алдырам деп тоспастан екі жыл бұрын да және одан кейін де өзгермей, бір күні ғалымкаталондықтың дүкеніне барып, орта ғасырлардағы тарақанды құрту тәсілдері туралы қызыл кеңірдек болып дауласып отырған төрт мылжың бозбаланы кезіктіргенше Аурелиано осылайша біртоға, бірақ беймаза тірлік кешіп жатты. Сірә, Кадірменді Бэдадан[1] өзге жан оқымады деп айтуға болатын көне кітаптарға Аурелианоның айрықша құмарлығын білетін дүкеннің карт қожайыны, астарында қулығы да жоқ емес аталық мейіріммен, оны қоярда-қоймай осы ғылыми айтысқа қазылық етуге итермеледі. Аурелиано да шегінген жоқ, тарта жөнелді: тарақан дегеніңіз — жұмыр Жердегі ең

[1]Кадірменді Бэда /шамамен 673-735 ж./—ағылшын-саксон монары, оқымысты тарихшы.

ежелгі қанатты жәндік, тіпті Көне өсиеттің өзінде тарақанды шарқаймен шылп еткізіп ұрып өлтіретін түстар бар, алайда жәндіктің, бұл түрін құрту үшін қолданылған құралдардың бәрі де үстіне бор қышқылы себілген помидордан бастап қант қосылған ұнға дейін қауқарсыз болып шыққан; тарақанның ғылымға мәлім мың алты жүз әулеті әлімсақтан бері қыр соңынан қалмайтын аса қатал қудалауға ұшырап келеді, арғы-бергі адамзат тарихында кісі баласы бірде-бір тіршілік иесіне, тіпті өзінің еншілес-қоңсылас бауырластарына да, дәл тарақанға шүйілгендей, қаһарын тігіп қырғынға ұшыратпаған, ал енді тарақандарды құртуға деген құмарлық, әділін айтсақ, көбею, тұқым жалғастыру тәрізді адам табиғатына тән қасиеттердің бірі, егер тарақандар күні осы уақытқа дейін құрып кетпей, аман келе жатса, бұл олардың адам қолы жетпейтін қараңғы қалтарыстарға тығыла білетін қабілетінен, ал қараңғыдан қашқақтау пенде баласының туа біткен осал тұсы, ал енді тал түстегі жарыққа шығарсаң, тарақаннан қауқарсыз тіршілік иесі жоқ; демек тарақандарды құртудың ең сенімді жолы — оларды күн нұрымен қарықтыру, орта ғасырларда да, қазір де, келешекте де солай бола бермек. Оның жазмышқа бас иіп тұрып айтқан, бірақ бірегей білімдарлыққа, көрегендікке толы сөзі төрт жігітпен арадағы қыл өтпес достығының басы болды. Содан былай Аурелиано өз ғұмырындағы ең алғашқы әрі ең ақырғы достары дәукес төрт жігітпен—Альваро, Герман, Альфонсо және Габриэльмен күнде кешке кездесуді дағды еткен. Дүниені кітаппен өлшеп, кітаппен пішіп, қалтарыста, қамауда өскен оған кешкі алтыда кітап дүкенінде басталып, таң аппақ атқанда, ермек үйлерде бітетін улы-дулы сауық-сайран алабөтен жаңалық еді. Мәселен, ол күні осы уаққа дейін әдебиет адамды ақымақ қылып, абиырсыз ету үшін ғана жасалған ең жақсы ермек құралы екенін білмейтін, бұған бір күні түнде шайқап ішіп отырған Альваро көзін жеткізді. Мұндай бас бұзар пікірлер айтқанда Альваро әдетте ғалым каталондыққа еліктейтінін Аурелиано біраз уақыт өткеннен кейін ғана барып бірақ білді, ал енді қарттың пікіріне сайсақ, тым құрығанда түріктер сататын бұршақты пісірудің жаңа әдісін ашып бермейтін болса, ондай білімнен еш қайыр жоқ.

Аурелиано тарақандар туралы ғылыми баяндама жасаған күнгі пікірталастары олар Макондоның түбіндегі елес тәрізді ермек үйлердің бірінде аштықтан тәнін сатқан қыздардың қойнында аяқталған-ды. Үй иесі — есікті ашып-жауып тұрғанына мәз, езуінен күлкі ізі кетпейтін тоғышарлау қақсал қатын. Ол көкірегіндегіні көзбен көргендей көңілге тоқ тұтатын жеңіл мінезді меймандарын тәлкек етіп жымиятын тәрізді; шынында да, бұл үйдегінің бәрі де қолмен ұстап көруге болатын заттарға шейін еміс-еміс түс секілді; отыра кетсең болды, қирай салатын мебеліне, ішінде тауық жұмыртқа басып отырған виктролдың қуыс қорабына, бақтағы қағаз гүлдерге, қабырғаларға ілінген банан компаниясы келмес бұрын шығарылған календарьларға, бұрынсоңды шықпаған журналдардан қиып алып, шынылап қойған литографияларға дейін көңілде бар, көзде жоқ. Мейман келді деп қожайын қатын хабар бергенде, көрші үйлерден сәтінде жетіп келетін бір көргенге үяң сайқалдарға дейін ойдан шығарылған елес секілді. Олар аман-есені жоқ, ағып жетіп келеді де үстеріндегі бес жыл бұрын гүлді бұлдан тігілген, қазір әбден оңып кеткен көйлектерін осының алдында қалай кисе дәл солай бұлданбай сыпырып тастайды да, күзырыңа күлдық, ал ләззатқа тұншығып жатып, ең бір қолайсыз сәтте: "Бәле, ананы қараңыз, төбенің сылағы түскелі тұр" – деп сұңқ ете қалатынын қайтерсің. Ал ақысына алған бір песо елу сентаволарына олар табан астында бір үзім нан мен бір тілім сыр сатып алады, оны осы сәтте өңіне күлкі үйіріп, мүлде көлгірси қалатын әлгі мекір қатыннан алады, оның бүйтіп жымиып жампаңдайтын жөні бар, өйткені ұсынып тұрған дәм-тұзына дейін жалған екені оның өзіне мәлім. Ал енді айнала-төңірегі Мелькиадестің, пергаменттерінен басталып, Сиқыршының төсегімен тұйықталатын Аурелиано үшін бұл ермек елес үйдің өзін жасықтық дертінен жазған дәру болғаны анық. Алғашында ол шаруасын аяғына дейін жеткізе алмай қатты қиналып жүрді, оған жұмыстың ең қызған шағында кіріп келіп, басты кейіпкерлердің күпия қарекетіне байланысты сан түрлі ақылкен, есін айтып, есті кетіретін қақсал қатын кедергі жасауын коймады. Бірте-бірте бозбаланың тіршіліктің, мұндай ұсақ-түйектеріне

---

[1] Бас тігіп ойнайтын құрал.

еті өліп алғаны сонша, бір күні түнде — ең бір ырду-дырдуы көп тәйтік түнде ол қабылдау бөлмесі саналатын кішкене ғана дәлізде тыр жалаңаш шешініп тастап, еркек затына құдайдың өзі берген тұғырдың басына қалтылдатып бір шөлмек сыраны тік қойып алып, үйді зыр жүгіріп бір айналып шыққан. Неше түрлі бейбастақтық жасауды достарына көрсетіп берген де өзі. Бірақ айтары жоқ, бұлардың ожар қылықтарына қынатын қожайын емес, дүние жалған дейтін секілді, жымиып отыра береді. Герман үйдің шын емес, елес екенін дәлелдеу үшін от қойып өртеп жібере жаздағанда да, Альфонсо тотының мойнын бұрап алып, бүрқ-сарқ етіп тауық көже қайнап жатқан қазанға атып түсіргенде де, ол сол жымиған қалпынан жазған жоқ.

Ешқайсысын алаламай, бөле жармай төрт досын бірдей бір кісідей жақсы көрсе де, олардын ішіндегі Аурелианоға ен жақыны Габриэль еді. Екеуінің арасындағы жақындық Аурелиано полковник Аурелиано Буэндиа туралы кездейсоқ әңгіме қозғаған кештен басталған-ды, сонда досының қылжақтамай, көкірегінде жүрген шеменін айтқанына сенген жалғыз адам осы Габриэль ғана. Әдетте бұлардың әңгімесіне көп кірісе бермейтін осы ермек үйдің иесіне шейін өсекші қатындарша өрекпіп, полковник Аурелиано Буэндиа деген біреу туралы естігенін айтып, дегенмен оны үкімет либералдарды қырып салу үшін ілік іздеп, ойдан шығарды деп сыпсындаған. Габриэль қайта полковник Аурелиано Буэндианың бұл фәниде болғанына күмән келтірмек түгіл, оның өзінің арғы атасы полковник Геринельдо Маркестің арасынан қыл өтпейтін қарулас досы болғанын дәлелдеп бергені. Ал енді жұмысшылар қырғыны жайлы сөз туа қалса, Макондо жұртының есіне мүлде еш нәрсе түспей қоятыны ғажап. Аурелиано осы тақырыпта әңгіме қозғай қалса болды, қожайын қатын бір басқа, тіпті көпті көрген көне көз қарттардың өзі бұл ертектеріндi қойындар дегендей қолдарын сілтейді, олар станция басында әскерлер қоршап алған жұмысшылар, өліктер сықа тиелген екі жүз вагон тіркеген поезд оқиғасын теріске шығарып, заманында сот тергеуі шығарған, содан бастауыш мектептерге арналған оқулықтарға енген уәжге сенуге бейіл. Осылайша екеуін өзге жұрт тегіс мойындамай қойған оқиғалардың болғанына деген шүбәсіз сенім, пиғыл мен пікір ортақтастығы Аурелиа-

но мен Габриэль екеуін жақындастырған, бұл фактілер екі досқа айрықша әсер етіп, соңында қайтадан басқа қара қылтанақ қалдырмай сонау бағзы заманда құрып кеткен көне дүние тылсымы жарға соғып кері лықсыған теңіз толқынындай екеуін өзіне тартып ала жөнелген. Габриэльдің жатар уақыт жеткенде кез келген жерде ұйқтай салатын әдеті бар. Бір-екі рет оған Аурелиано зергерлік шеберханаға төсек салып берген еді. Бірақ бөлме-бөлмелерді кезіп жүрген аруақтар мазасын алып, Габриэль түні бойы ұйқтай алмай шықты. Кейінірек Аурелиано досын Сикыршының қамқорлығына аманат еткенде, ол Габриэльді қолы босай қалған кездерде қалаған адамға есігін айқара ашық қараша лашығында қабылдап, есіктің жапсарындағы Аурелианоның қарызын жаза-жаза аман қалған алақандай жерге тырнағымен сызат түсіріп мұның есебін жүргізе берді.

Байыпсыз, байызсыз тірліктеріне қарамастан төрт дос ғалым каталондықтың ақылымен айтуға татырлық, бір іс тындырмақ ойда. Олардың мұндай деңгейге көтерілуінің өзі ешкім де бастауыштан ары білім ала алмаған, алуға құлқы да, мүмкіндігі де болмаған қалада олардың, отыз жетінші қатерлі оқиғаны күйттеп, күндіз-түні кітап кеміретіндей дәрежеге жетуінің өзі бұл қарттың—бұрынғы антик әдебиеті мұғалімінің, тірнектеп жиған сирек кітаптар қорының, арқасы. Достық нұры көкірек көзін оятып, осы уақытқа дейін Фернанданың, қатыгездігінен қапыл қалған әлемнің әсемдігін ашып, өзіне-өзі келген Аурелиано сұңғыла жырлардың сыры енді-енді қылаң бере бастаған кезде пергаменттерді зерттеуді қойып кеткен болатын. Алайда бертін келе есебін тапса, уақытты бәріне — ермек үйге де, оқуға да жеткізуге болатынына көзі жеткен. Мелькиадестің бөлмесіне соңғы жолының құпиясын ашқанша жұмысын жүргізе беруге бекем бел буып, екілене ентелей басып кірген еді. Осы кезде аэропланын тосқан Гастонның мұршасы болмай кетіп, өзін жалғызілік сезініп әбден іші пысқан Амаранта-Урсула жаймашуақ, күндердің бірінде таңертеңгілік Аурелианоның бөлмесіне бас сұққан,

— Қал қалай, жаналғыш,—деді ол сыңғырлап.— Үңгіріңе қайта кірдің бе?

Үстіне әлем-жәлем көйлегін киіп, қаппа балықтың қаңқасынан бір-бірлеп тізіп өз қолымен жасап алған көп

моншақтарының бірін таққан Амаранта-Урсула көздің жауын алғандай екен. Күйеуінің адалдығына көзі әбден жеткен келіншек оның қарғы бауын сыпырып, бос қоя берген соң ғана Макондоға келгеннен бері алғаш рет бос уақыт тапқан секілді. Амаранта-Урсуланың бөлмеге кіргенін көрмесе де, тықырын естімесе де, Аурелиано бірден сезді. Келіншектің қол созым жерде жұмыс үстеліне сүйеніп, майысып тұрғанын көргенде, Аурелиано тәнінің сонау бір тереңінде сүйексүйегінің сырқырап сынып бара жатқанын сезді, пергаменттерден басын көтерерге күші жоқ, әлі құрып сіресіп қалған санасын әрең дегенде икемге келтіріп, шықпа жаным шықпамен өліп-тіріліп, өңешінен кептеліп әзер шыққан дауыспен ол Амаран-Урсулаға санскриттің қасиетті жүгі, оның жарыққа қарсы қойып қарағанда қағаздың қарсы бетінен көрінетін әріптер сияқты сәулеленіп қат-қабат уақыт қатпарынан сыр тартуға мүмкіндік беретін болашақты ғылыми тұрғыдан болжаудағы маңызы, болжауларды құпиялап жазудың кажеттігі, әйтпесе оның, өзін-өзі құртатыны жайлы, сосын Нострадамустың "Ғасырлары" туралы жане Әулие Мульян[1] күйрейтінін алдын-ала болжап білген Кантабрия туралы әңгімелеп берді. Біраздан кейін дүниеге өзі келген күннен бері бойында қалғып жатқан құмарлық сезімінің қудалауымен Аурелиано сөйлей отырып, алақанымен Амаранта-Урсуланың, қолын баса қойды, көкейінде осы батыл қарекеті жанына жан таптырмай жүрген алақұйын сезімді сабасына түсірер ме деген үміт. Алайда Амаранта-Урсула еш астарсыз пәк көңілмен бала кезіндегі әдетінше шап беріп оның саусағынан ұстай алды да, содан қайтып Аурелиано өз сұрақтарына жауап беріп болғанша қолын жазған жоқ. Араларын не олай, не бұлай жылжи алмай қатып қалған мұздай суық сұқ саусақ жалғаған олар осылай біраз тұрып қалды; содан кейін Амаранта-Урсула абдыраған күйінен тез арылып, сәтінде бойын жиып алды да өзін-өзі маңдайға салып қалды, "Қап енді қайттім, құмырсқалар" — деп сұнқ етті де, өзінің аяғын қадап басатын ырғақты жүрісімен есікке беттеді, шыға бере Брюсселге аттанып бара жатып, қоштасарда әкесіне әуе арқылы жолдағандай қос саусағыньң ұшымен бұған да сүйдім деген белгі берді.

---

[1] Ә у л и е М у л ь я н /474—574/—испан дәруіші. Кантабрия— Испаниядағы қазіргі Бискайя және Сантандер провинцияларына сай келетін аудан.

— Қалғанын кейін бір айтып берерсің—деді ол,— Бүгін құмырсқаның илеуіне әк құюды тарс есімнен шығарыппын.

Ол үйдің, осы жақ жартысына шаруасы болып келе қалса соқпай кетпейді, күйеуі телміріп көк жүзін шолып тұрған сәтті пайдаланып, бөлмесіне бір-екі минутке бас сұғады. Бұл өзгерісті оңға балап емексіген Аурелиано қайтадан түскі асын үйде ішетін болды, әйтпесе Амаранта-Урсула қайтып келген алғашқы айларда тамағын сырттан асырап жүруге кешкен-ді. Аурелианомен аралас-құраластық Гастонға да жақ-қан. Көбіне сағаттан артыққа созылатын дастарқан басындағы әңгіме-дүкен үстінде ол әріптестерінің жолсыздықтарын айтып, Аурелианоға мұңын шағады. Олардың мұны ақымақ қылып, алдап жүрген сыңайы бар, әйтпесе аэропланды теңіз арқылы жібердік деп хабар бергендері қашан, алайда айтқан кемелері әлі күнге дейін жоқ, ал теңіз агенттігінің айтуынша, мұнда келетін кеме жоқ, өйткені кеме тоқтайтын порттардың тізімінде Кариб теңізі ауданында мұндай порт тіркелмеген, дегенмен әріптестері жібердік, жібердік деп айтқандарынан танар емес, қайта Гастонның өзін өтірікші қылуға әзір. Олардың бір-біріне сенуден қалғаны сонша, алыстағы солемнен түк өнбейтінін ұққан Гастон хат-хабар алмасуды доғарып, бірер күнге Брюсельге барып, мән-жайдың бәрін сол жердің өзінде анықтап, аэропланды өзім алып қайтсам ба деген ойға келген. Алайда Амаранта-Урсула бұл дүниеден байсыз өтсем де енді ғұмыр-дүниеде Макондодан қия баспаймын деген бәз баяғы шешімінен қайтпайтынын қайталаған сәтте онын бұл ойының, күлі көкке ұшқан. Макондоның басқа жұрты сияқты Аурелиано да алғашында Гастонды велосипед мінген әумесер санап, оны іштей мүсіркеп жүретін. Кейінірек, ермек үйде еркек табиғатының терең қатпарларының, сырына қаныға келе, фламанд жігіттің қатынға құл болуының, әйеліне деген ессіз құмарлықтан өнге құпиясы жоқ деп және бір пікір түйген. Алайда Гастонмен етене таныса келе оның шынайы мінез-құлқы мен көрер көзге пұшайман халінің арасында әлдебір үйлесімсіздіктің барын аңғарып, Аурелианоға оның бар қимыл-қарекеті, тіпті аэропланды тоскаңына шейін тек елдің көзін алу үшін жасалған аярлықтай көрініп, көкірегіне күмән кірген. Сол кезде оның санасына Гастон жұрт ойлағандай ақымақ та емес, аусар да емес, қайта алған

бетінен қайтпайтын, қулығына құрық бойламайтын, көнтерілі көнбіс адам деген ойға келген, бұл ма бұл айтқанына көніп, айдауына жүріп, не істесе де қарсы келмей, қарсы бір ауыз сөз айтпай, құлақ кесті құлы болғансып жүріп, әйелін, әйтеуір, күндердің, күнінде өз ырқына көндіріп, өзі жайған торға өзін құндақтап, өз қиялынан өзі жеріп, іш құса болып, ақыры шыдай алмай Европаға қайту үшін шамадандарын сайлай бастайтын күйге жеткізгенше тоқтамайтын аяр деген байлам жасаған. Осыдан былай Аурелианоның жүрегіндегі Гастонға деген аяушылық шексіз жеккөрушілікпен алмасқан. Гастонның бұл пиғылы оған асқан арамзалық көрініп, әрі бір адамның басын айналдырып аларлықтай әлі барын сезініп, Аурелиано ақыры Амаранта-Урсуланы сақтандырмаққа бел буып күдігін сездірген. Алайда ол мұның күмәніне көңіл бөлген жоқ, сүйіспеншілік, сенімсіздік пен қызғаныш жүгінен жүрегі күпті жан басындағы байыпсыз күйді сездіріп алмас үшін күлген де қойған. Ол көпке дейін Аурелианоның, өзіне кезқарасының туысқандық сезімнен өзге астары барын аңдамаған, тек шабдалы қалбырын ашам деп, саусағын кесіп алған күні, Аурелианоның ес-түсі қалмай жаралы саусағының арам қанын соншама құныгып сорғанын көргенде ғана оның көкірегіне күмән кіріп, көмекейін таныққандай болып Амаранта-Урсула қатты түршікті.

— Ойпырмау, Аурелиано,— деді ол шошынып.— Байқасаңшы, бүйте берсең нағыз қанішер болып кетерсің.

Сол-ақ екен Аурелиано ақтарылып кетті. Жаралы қолының алақанын сүйе берді, сүйе берді, жүрегінде қалтарыс-қуыс қалдырмай түгел ақтарып салды. Сөйтіп жанын жегідей жеп, азабына семірген көкірегіндегі добалдай сүлікті суырып тастады. Амаранта-Урсулаға көргенін, кешкенін түк қалдырмай төгіп жатыр, түн ішінде тұрып алып, мұның шомылатын бөлмеде кептіріп кеткен құпия керек-жарақтарына бетін басып, шарасыздық пен ызаға тұншығып талай өксіп жылағанын айтты. Мысықша шыңғырып, өліп-өшіп құлағыма "Гастон, Гастон, Гастон" деп сыбырлашы деп Сиқыршыға жалынып-жалбарынғанын айтты, аштықтан тәнін сатқан жап-жас қыздардың бойынан мұның иісін сезу үшін, Амаранта-Урсуланың әтір толы шыныларын небір қулық жасап қымқырғанын да жасырған жоқ. Оның ағынан

жарылған бас-көзсіз ессіз құмарлығынан шошыған Амаранта-Урсула саусақтарын біртіндеп жұмып алды, оның алақандары ұлуша жиырылып тарс жабылды, жаралы қол жігіттің көзінше лағылдай, маржандай жарқырап барып жұмылып, ақыры тастай қатты сүйекке айналды.

— Хайуан!—Амаранта-Урсула көзге шұқып, шегелеп айтты.—Алғашқы кеме келісімен-ақ Бельгияға кетпесем... Мұның не?

Бірде Альваро ғалым каталондықтың дүкеніне ғажап жаңалық ашқандай, бақшасында бұлбұл сайраған, орманын аң-құс жайлаған бір ермек үй тапқанын айтып алқынып кірді. "Алтын бала" аталатын ермек үй ашық аспан астындағы ауқымды алаңқай екен, мұнда жылан арбаушыдай уілдеп екі жүз шақты оқпақ еркін сайрандап жүр. Би алаңының айналасындағы бөлек-бөлек сым қоршаулардың ішінде неше түрлі аң мен құс жүр: құшақ әрең жететін амозонкалық ақ жапырақты гүлдердің арасында құтандардың неше түрлері, құдды шошқа құсатып семіртілген қолтырауындар, оны екі сылдырмағы бар абжыландар, қолдан жасалған кішкене мұхитқа дәміл-дәміл сүңгіп кететін қабыршағы алтын жалатып қойғандай жалтылдаған тасбақа дейсіз бе, бәрі осында. Сездірмей ғана арттан келіп артылатын ақ төбет те жүр, жұдырықтай түріне қарамай, қаншықтардың жалғыз жасауылы өзі, оның сол үшін де саптыаяғына ас құйылады. Мұндағы ауа, осы жаңа ойлап тапқандай, салқар. Жұтсаң жан сарайынды ашып жібереді, ал қан қызыл әлеміш гүлдердің арасында, баяғыда таңсық болудан қалған күйтабақтардың әуенінің, ортасында көзін сүзіп тоса-тоса үмітін үзген аралас нәсілді қыз-келіншектер жер бетіндегі бейіште еркек атаулы ұмыт қалдырған махаббат машақатының неше атасын біледі деседі. Алғашқы күні-ақ достар қиялдағыдай қызық мекенге бас сұққан, ал енді қақпа аузында шырмауықтан тоқылған тербелмелі орындықта отырған иманжүзді, бабасал бәйбіше жаңадан келген бесеудің ішіндегі маңдайына дүние жаралғаннан бері ұрпағының ұрпағына бұл фәниде тек жалғыздық жазылып қойғандай сүйекті, татар өңдес, шығыңқы шықшытты, мұнды жүзді еркекті көргенде уақыттың, қайта айналып тағы бір соққанын сезгендей болды.

— Ойпырмай,—деп қыстыға сыбырлады ол,—Аурелиано!

Қарсы алдында полковник Аурелиано Буэндиа түр, баяғыда көргеніндей, барлық соғыстар басталмас бұрын, жан-дүниесін жұтатып кеткен атақ-даңққа жетпес бұрын қуғын-сүргін көріп қажып, шаршамай тұрған кезіндегі, сол бір алыста қалған ақ таңда өз өмірінде алғаш рет әмір беру, мені сүй деп әмір ету үшін мұның лашығына кірген кезде майшамның жарығында көрген кезіндегі қалпында. Бұл қария Пилар Тернера еді. Қайғысыз-мұнсыз жүз қырық беске жетіп, жасаған жылдарыңды санаудың мүлде қажеті жоқ екенін пайымдаған ол есептеуді доғарып, тұйық көше тәрізді өзінің оқшау дүниесінде дамылдап, тоқтап қалған уақыттың арасында, естеліктерінің ортасында өмір сүріп жатқан; бұрынғыдай, карта ашқандағыдай, бұлдыр болжам, сүйқыл сәуегейсуге сырт берген кезі, қазір бұның көкірегінде мандайға не жазылса, сол болады деген терең сенім бар.

Сол түннен бастап Аурелиано күні осы уақытқа дейін бар-жоғы өзіне беймәлім болып келген ұлы әжесінің жанынан жабыққанда жан саялар пана тапты. Өріп жасалған әткеншек орындығында тербеліп отырып, кемпір қалғулы зердесін оятып, Буэндиалар әулетінің бұрынғы құдіреті мен құлдырауы, Макондоның құрып біткен сан-салтанаты жайлы әңгіме қозғайды. Аурелианоның қалған достары өздерімен-өзі. Альвароның, қайта-қайта айналаны жаңғырықтыра күлген күлкісінен қолтырауындар қорқып зәрезеп болған. Альфонсо қымсынар емес, өткен аптада оқпақтар жаман қылық көрсеткен төрт кісінің көздерін шұқып тастапты деп жұртты шошытып кейітіп отыр. Габриэль ойлы жүзді аралас нәсілді қыздың бөлмесінен шығар емес, қыз көрсеткен қызметі үшін ақша сұрамайды, тек Ориноконың әр жағында абақтыда отырған контрабандист — күйеу жігітіне хат жаздырып алады, ол жігітті шекарашылар қолға түсіріп, іш қуалайтын дәрі ішкізіп, дәрет сауытқа тосқанда, оннан уыс-уыс маржан табылса керек. Елес емес, өмірде бар осынау ермек үй, оның, мейірбанды мархабатты қожайын кемпірі-ұзақ уақыт бойы жалғыздықтан жабығып жүргенде Аурелиано аңсаған, армандаған әсем әлем секілді. Ол өзін

еш жерде дәл мұндағыдай жақсы сезінген емес. Амаранта-Урсула күллі үмітін күл қылған күні оның бас сауғалар жалғыз панасы-дүниенің осы аядай пұшпағы ғана болған. Ол көкірегіндегі күйікті ақтарып тастап, мұңын шаққысы, жанын жегідей жеген дерттен айыққысы, тынысын тарылтып кеудесін сығымдап бара жатқан құрсаудан арылғысы келді, бірақ сөйлеуге шамасы келген жоқ. Пилар Тернераның етегіне бетін басып, өзін-өзі тоқтата алмай, солқылдап ағыл-тегіл жылады, бойды жеңілейтіп, уайым-қайғыны жеңілдететін ыстық жас екен. Пилар Тернера үндеген жоқ, оның сабасына түсуін тосып, ақырын ғана шашынан сипай берді; Аурелиано махаббат машақатынан мүжіліп отырғаны жайлы жақ ашпаса да, еркек затының тарихындағы ежелден келе жатқан көне көз жасының сырын салған жерден сезе қойған.

— Қои деймін, қой, балақан,— деп мейірлене тіл қатты Пилар Тернера. – Онын кім өзі, айтшы.

Аурелианоның есімді атауы мұң екен, Пилар Тернера жылдар өте келе, сәл-пәл қырылдай шығатыны болмаса, кептерлердің қыт-қыттайтыны сияқты бәз баяғыдағыдай жайдары сыңғырлаған күлкісіне басты. Буэндиалар әулетінен шыққан адамның жүрегінде ол білмейтін құпия бар ма, сірә? Бұл әулеттің тарихы шексіз қайталана беретін бір шынжырдың шығыршықтары сияқты бірыңғай хикая екеніне карта ашып та, өз көзімен көріп те қаныққан жоқ па, баяғыдан бері зырылдап айналып түрған дөңгелек қой бұл тарих, амал не, дөңгелектің білігі тозып, бітіп бара жатыр.

— Текке арып-шаршама. — Пилар Тернера жымиды, — Қайда жүрсе де, қайда түрса да, ол сені тосып жүр.

Беске жарты сағат қалғанда Амаранта-Урсула шомылатын бөлмеден шықты, Аурелиано басына сүлгісін қоқырайта орап алып, халатын желбегей жамылған Амаранта-Урсуланың бөлмесінің тұсынан өте шыққанын көрді. Ол мас адамша шайқалақтап, еппен басып соңынан ерді, Амаранта-Урсула халатының өңірін енді аша бергенде, бұл да ерлізайыптылардың бөлмесіне енді; шошып кеткен келіншек өңірін жаба қойды, көздерімен есігі сәл-пәл ашық қалған көрші бөлмені мегзеді, Гастонның хаттарын осында отырып жазатыны Аурелианоға мәлім, Амаранта-Урсуланың еріндері үнсіз ғана жыбырлап:

— Кет, — деді.

Аурелиано жымиған қалпы келіншекті белінен ұстап, гүл өсіретін құмырадай тік көтеріп алды да төсегіне шалқа-

сынан атып үрды. Келіншек қорғанып үлгерген жоқ, тарпа бас салып, көйлегін сыпырып тастады, қарсы алдынан көзді қарықтырып тұңғиығына тартып, бас айналдыратын шыңырау сияқты жаңа ғана жуылған тап-таза әйел тәні ашылды, өзін аңсатқан бұл денеде түн түнегіне тесіліп жатып Аурелиано көз алдына елестетпеген бір де бір ноқат, бір де бір мең, бір де бір қалы, бір тал шаш жоқ-ты. Амаранта шынымен-ақ барын салып қорғанды, тағы мысықтай серпіліп қайрат керсетті, аймалауға жаралған, хош иіс аңқыған, тал шыбықтай майысқан, жібектей жып-жылтыр денесімен мың бұралып бұлқынып, сусып босанып шығуға тырысты; тізесімен тепкілеп Аурелианоның бүйірін түсірмек те болды, өткір тырнақтарын аямай беттеріне де қадады, сөйте тұра екеуі үнсіз, тіпті ентіккендеріне дейін сездірмей, ары кетсе, мамыр кешінде кешкі аспанға сүйсіне көз тіккен адамның, тыныстағаны секілді, тырс еткен бөгде үн шығармай арпалысып жүр. Сырттай қараған адамға екеуінің жанұшыра жараласуы — бірінің баяу ұмтылып, екіншісінің асықпай жалтаруының ара-арасында гүлдің шешек жарып, ал тіпті көрші бөлмедегі Гастонның аэронавтика жайлы арманын ұмытуына да жетерлік уақыт өтетін бейкүнә қимыл-қозғалысы аяқ астынан араздаса қалған асықтардың мөлдір терең, суға сүңгіп жүзіп, енді жақындасу қамы үшін жасап жүрген әрекеттеріндей көрінгенмен, бұл өліспей беріспейтін аяусыз шайқас еді. Асықпай-саспай шамасының жеткенінше шырқырай қарсылық көрсете жүріп, Амаранта-Урсула өздерінің үнсіздігі көрші бөлмедегі күйеуінің күдігін туғызуы кәдік екенін сезе қойды, мұндайда өлі тыныштықтан гөрі былайғы адамдардың анау-мынау шуға көңіл қоймауы ықтимал. Сонда барып, ол аузын ашпай күле бастады, бірақ күресін доғарған жоқ, дегенмен бұрынғыдай емес, пәс, тек тістеніп жасқамақ болады, бұрынғыдай серпіліп, бойын босатып алуға да онша құлықты емес екені сезіледі, сөйте жүріп екеуі бір жағынан қарсыластар, бір жағынан жақтастар екендіктерін пайымдағандай, көңіл түкпірінде кетәрілік жоқ, қарсыласу-табысуға, шабуыл-аймаласуға айналып бара жатқандай. Сондай сәтте тағы да бір ойранды бастауға әзірленген адамша Амаранта-Урсула қасақана, қалжың үшін қарсылығын бір сәтке ғана доғара қойғанды, ізінше бұл әрекетінен өзі шошып кеткен ол табан астында қайтадан қарсылық көрсетпекке қамданған еді, бірақ кеш қалды. Аса күдіретті бір дүмпу жас әйелді төсегіне атып ұрып, кіндік

тұсынан тырп еткізбей шегеледі де тастады, сол сәтте көзіне елестеген дүниеде өлгеннен кейін өзін тосып тұрған ана жалқын сары дыбыстардың көзге көрінбейтін шарлардың не екенін білмекке құмарлық оның қарсыласуға деген ерікжігерін салдыратты да тастады. Ол әрең дегенде қолын созып, бүкіл ішкі дүниесін кеулеп, көкірегіне сыймай, аңырай сыртқа ақтарылғалы тұрған дыбысты шығармас үшін, мысықша шыңғырып қоя бермес үшін сүлгіні сипалап тауып алып, аузына салып, тістелеп жатты.

Пилар Тернера мереке қарсаңындағы түнде өзі жасаған жұмақтың қақпасын күзетіп, шырмауықтан тоқылған әткеншек орындығында отырған қалпы көз жұмды. Марқұмның соңғы тілегіне орай оның денесі табытқа салынған жоқ, орындығында отырған қалпында жерленді, оның мүрдесін би алаңының қақ ортасында қазылған орасан зор қабірге сегіз еркек жабылып әрең түсірді. Жылап-сықтаудан жүздері қуқыл тартқан, қара киген аралас нәсілді әйелдер өздерінің дұғалау рәсімдерін жасады, содан кейін сақина, жүзік, сырға атаулы әшекейлерін сыпырып алып, қабірге тастады, бұдан соң қабір не заты, не аты, не туған-өлген күні жазылмаған үлкен текше таспен жабылды да тастың, үстінен Амазонканың, ақ гүлдері тау болып үйіліп қалды. Ақырында аралас нәсілді әйелдер аңқұс біткенді тегіс у беріп көзін құртты да, есік-терезелерді кірпішпен тас қылып бекітіп тастап, ішіне әулиелер кескінделген литографиялар, журналдардан қиып алынған түрлі-түсті суреттер және ішінен маржан төгілетін адамның, немесе бір-бірін тірідей түтіп жеуге бар қанішерлердің не болмаса теңіз кезген кіреукелі корольдердің кейпінде бейнеленген өмірлерінде бір көрініп жоқ болған, не көкейлерінде жүрген, тіпті болмаса қамыққанда ойдан шығарған, әйтеуір, нақсүйерім осы болар ма деп үміттенген еркектердің суреттері жағалай жапсырылған ағаш сандықтарын арқалап, бастары ауған жаққа тартты.

Бәрі де бітті деген осы еді. Пилар Тернераның қабірінде, зинақор әйелдердің арзанқол бұйымдарының арасында Макондода қалған өткен өмірдің азын-аулақ жұрнағы қоса шіріп жатты, алайда еліндегі ұзаққа созылатын шынайы көктемді аңсап, ғалым каталондық кітап дүкенін жәрмеңкеге салып бір күнде сатып жіберіп. Жерорта теңізінің жағалауындағы тұрған деревнясына қайтып кеткеннен кейін ондай белгі де қалмаған еді-ау. Ал қартты қайтып кете қояды-

ау деп ешкім ойлаған емес. Ол Макондоға банан компаниясының дәуірлеп тұрған шағында келген еді, көз аштырмаған көп соғыстың бірінен бас сауғалап қашып шыққа керек, ең алғаш жарық көрген кітаптар мен көптеген тілдердегі бірінші басылымдарды сататын дүкен ашудан басқа жан сақтаудың өзге амалын таппаған; түскен пайда да шамалы, дүкеніне көбіне көп қарсы үйдегі түс жоритын сәуегейге келген кездейсоқ адамдар кезегі жеткенше уақыт өткізу үшін бас сұғады, олар көне кітаптарды күресіннен тауып алған дүниедей қолдарының ұшымен ғана байқап-байқап парақтайды. Каталондық түске дейінгі уақытын дүкеннің түкпіріндегі аядай қапырық бөлмеде оқушы дәптерінен жұлып алынған парақтарға әріптерін мұқият тізіп әлденелерді жазумен өткізеді, оның, не жазып жатқаны жан баласына беймәлім. Аурелианомен танысқанға дейін қарт тура екі жәшікті жазбаларына сықай толтырған екен, онысы бір есептен Мелькиадестің пергаменттеріне де ұқсайтын секілді. Ал енді кетер күніне дейін үшінші жәшікті толтырып үлгерді, тегі Макондода тұрған кезінде осыдан басқа шаруамен шұғылданбаған тәрізді. Қалада ол қарым-қатынас жасап тұрған адамдар әлгі төрт жігіт қана, тіпті олар мектепте жүрген кездеақ каталондық кепілдікке зырылдауықтары мен қағаз батпырауықтарын алып қалып, кітап беріп, балғындардың Сенека мен Овидийді оқуға құмарлығын туғызды. Классиктердің өзіне табынатын қартыңыз жоқ, оларды қатар құрбысы құрлы көрмейді, солармен бір бөлмеде тұрған жан сияқты, олардын өмірінің жан баласы білмеуге тиіс жай-жапсарына бастан аяқ қанық, мәселен әулие Аогустин монах жамылғысының астынан жүннен тоқылған жеңсіз кеудеше киіп жүретін, онысын он төрт жасынан былай үстінен тастаған емес, ал енді сиқыршы Арнальдо де Виланова[1] бүйі шағып алып бала күнінен белден қалған болатын деп соқтыртып отырады. Кітап сөзіне жан-тәнімен іңкәр ғалым-каталондық оларды бір жағынан ардақ тұтады, әрі әрдайым мұқатып кемсітіп отырады. Оның бойындағы осындай екіудай қайшыласқан сезім өзінің жазбаларына деген көзқарасынан да мен мұндалап тұр. Қалтасы қашанда газет

---

[1]Әнгіме белгілі каталондық алхимик, дәрігер және құдай жолын қуған білімпаз Арнау де Виланова /1235/'?/1313/ туралы болып отыр.

қиындылары мен сирек кездесетін бірегей мамандықтар жайлы анықтамалықтарға толып жүретіп Альфонсо.қарттың жазбаларын испан тіліне аудару үшін әдейілеп каталон тілін үйреніп алып, күндердің күнінде қарт жазбаларының бір бумасын қалтасына салып жүргенде, бір түнде аштықтан тәнін сатқан қыздардың қасында ермек үйде жоғалтып алады. Альфонсо енді құрыдым-ау деп қатты қорыққан, бірақ мән-жәйді білген ғалым-каталондық айғай-шу шығару былай тұрсын, қайта қатты қарқылдап күліп алып, әдебиет біткенді күтіп тұрған жағдай осы деп қолын сілтей салған, ал енді сөйткен шал үш жәшік қолжазбаны сонау туған деревняңызға несіне тасып әуре боласыз, қалдырып кетпейсіз бе дегенге көнбей қиғылық салған, ал енді жәшіктерді жүк бөліміне тапсыруды талап еткен теміржолшы-тексерушілерді сонау Карфаген заманында қолданылған қиянат сөздермен бастан-аяқ сыбап салған, содан жүгін жолаушылар вагонында қалдыруға рұқсат еткенше сабасына түсе алмай, қиянаттай берген-ді. "Адамдардың өздері бірінші класты вагондарға мініп, кітаптарды жүк вагондарымен таси бастаған күні ақырзаман болды дей бер" — деп бір қайырып, содан аттанар-аттанғанша тастай қағып, тіс жармай қойған. Ақтық жол дайындығының өзіне тура бір апта уақыт кетті, бұл апта ғалым каталондық үшін ауыр апта болды, жүретін уақыт тақаған сайын қарттың көңіл-күйі де құлдырай берді, алағызып, қойғанын қойған жерінен таба алмай ұмытып әбігерге түсті, бір жерге қойғаны ойда жоқта екінші жерден шығады, баяғыда Фернанданы ыза-сырықтан өткізген жын-перілер шалдың да заттарын шаша бастаған секілді.

— Collous!'— шал жатып сыбайды.— Қап әкеңді, атаңды, Лондон синодының жиырма жетінші сүресі...

Герман мен Аурелиано шалды қамқорлықтарына алды. Оны баланы күткендей бағып-қақты, жол билеттері мен қоныс аудару документтерін рет-ретімен қалта-қалтасына салып беріп, Макондодан аттанып кеткен сәтте Барселонаға жеткенінше не істеу керек екенін тәптіштеп, жүйе-жүйесімен жазылған қағазды қолына ұстатты, сөйткен шалыңыз амалын тауып, тура жарты пұлы қалтасына салынған шалбарын қалай күресінге лақтырып тастағанын өзі де байқамай қалған-ды. Жәшіктері буылып-түйіліп, шегеленіп, Макондоға ала кел-

ген шамаданына ұсақ-түйектері тегіс салынып, ертең жолға шығам-ау деген күні қарт ұлудың, қабыршағы сияқты қабағын тарс жауып, көзін жұмды да ақ батамды бердім дегендей алақанын жайды, мұнысы күпірлеу көрінген-ді, содан қолдарын жырақта жүргенде Отанын аңсаған сағынышты жеңілейтуге сеп болған,жалғыздығын байқатпаған кітаптарға қарай созып, қалып бара жатқан достарына былай деді:

— Мына боқтықты осында қалдырдым.

Арада үш ай өткен соң қарттан үлкен пакет келді, ішінде ашық теңізде іші пысқан кезде жазған жиырма тоғыз хат пен елу фотосурет бар. Қай күні жазғанын каталондық көрсетпесе де, хаттардың қайсысының қай уақытта жазылғаны сайрап тұр. Өзіне тән сайқымазақтығы да жоқ емес қарт алғашқы хаттарында жәшіктерін каютаға қоюға рұқсат бермеген біреуді теңізге атып жібергісі келіп қолы қышып жүргенін, он үш деген сан аталса төбе шашы тік тұратын бір сеньораның адам айтып болмайтын ақымақшылығы және оның ырым қылып қорықпайтынын тек бұл санда бір жетімсіздік бар деп түршігетінін, кеме жүзіп келе жатқан судың дәмі іргедегі алқаптарда өсетін қызылша иісі аңқып тұратын Лерида маңындағы бастаулардың суының, дәміне ұқсайды деп бөс тігіп, ұтқанына дейін тәптіштеп жазған екен. Алайда күн өткен сайын бұрынғыдай емес кеме тіршілігінің оны зеріктіре бастағаны сезіледі, қайта осы таяуда ғана бастан кешкен ұсақ-түйек оқиғалардың өзі ойына оралса, Макондоны аңсап жүрегі сазатын секілді, кеме ұзай берген сайын оның да ес-зердесін сағыныш бұлты торлап, қайғысының қоюлай түскені көрініп тұр. Оның өткен күндерді аңсап зарығуының күннен күнге күшейе бергенін көрсететін белгілер фотосуреттерде де сайрап жатыр. Қашанғыдай қазан айында бұйраланып толқып жататын ал қара көк Кариб теңізінің, ортасында күміс шашы жылтылдап, үстіне ақ көйлек киіп түскен алғашқы суреттерде бақытты адамның нышаны бар. Соңғы суреттерде үстіне қара пальто киіпті, мойнында жібек бөкебай, жанарларында бұрынғы ұшқын жоқ, өңі жадау, селбірейіп беймағлұм бір кеменің үстінде тұр, күзгі мұхитты кезген түнгі елестер мазасын алып титықтаған адамның түрі.

Қарттың хаттарына Герман мен Аурелиано жауап беріп жүр, Алғашқы айларда одан хат-хабар күн құрғатпай келіп түрды, ол тіпті Макондода жүрген кезіндегіден бір табан жақындай түскен секілденді, достардың ол кеткен кезде қатты құлазыған жан-дүниесі де сабасына түсіп, орныққан еді. Алғашында ол туған жерде бәрі де бәз баяғыдай, тіпті қызғылт түсті ұлу тас та бұрынғы орнында жатқанын, нанның жұмсағымен қосып жегенде қақталған балықтын дәмі де дәл бала кезіндегідей таңданына татығанын, деревняның төңірегіндегі бастаулардан бұрынғыдай айналаға хош иіс таралып тұрғанын хабарлап, дұғай сәлем жолдады. Достардың алдына күн аралата көк сиямен айдақ-сайдақ жазылған оқушы дәптерінің парақтары келіп түседі, оның ішінде әрқайсысына жеке-жеке арналған бір-бір парақ бар. Келе-келе хаттардағы науқасынан айығып келе жатқан адамның көңілкүйіндегі сергектік секілді жарқын сезім сейіліп, өкініш пен қамығу ауаныныи меңдеп бара жатқаны аңғарылды, мұны каталондық қарттың өзі де байқаған жоқ. Макондода жүрген-де қазандықтағы қызылшоқтың үстіндегі тегеште қайнап тұрған көжені, кофе дәндерін аралап жүріп сататын саудагердің даусын, анда-санда көктемде құлағы шалып қалатын бозторғай үнін сағынса, енді қарт қыстың ұзақ кештерінде қазандықтың қызыл шоғының үстінде қайнап тұрған көжеге қарап отырып, кітап дүкенінің, түкпіріндегі өзінің жапырық бөлмесін, бадам ағаштарының шаң басқан жапырақтарында шыңылдап тұратын шақырайған күн сәулесін, түскі дамылдың шырқын бұзатын паровоз ысқырығын аңсады. Қарама-қарсы қойылған қос айналары көріністердің бір-біріне шағылысып сәулеленетіні секілді көкірегіндегі осы екі сурет қалжыратқан қарт өзінің қиялмен күн кешетін әсем сезімінен айығып, ақыры жас достарына Макондодан кетіңдер, әлем мен адам жүрегі жайлы айтқанымның бәрін естеріңнен шығарындар, Горацийді бір түкіріп, жылы жауып жайына тастаңдар, бірақ қайда жүрсеңдер де өткеннің бәрі — өтірік екенін, зерде жібі келте екенін, бүгінгі нәрсе ертең қайтып келмейтінін, бір өткен көктемнің екінші рет оралмайтынын ұмытпаңдар, ең бір ақыл-есіңді алған армансыз махаббаттың өзі жалған, өткінші селтен, сезім ғана екенін есте ұстаңдар деп ақыл-кеңес беруге дейін жеткен.

Макондодан кетіндер деген кеңеске алдымен күлақ түрген Альваро. Ол түк қалдырмай, өткен-кеткен жүргіншінің зәресін алып, үйінің ауласында шынжырлаулы жататын қабыланына дейін сатып жіберіп, барар жері белгісіз поезға билет алып мәңгілік үзақ сапарға шықты. Аралық станциялардан жолдаған, іші бірыңғай леп белгісіне толы, ашық хаттарында Альваро вагон терезесінен ағып өте шыққан қас қағымдық көріністерді аузының суы құрып суреттейді, ол өткінші елес дүние туралы ұзын сонар дастанды үзік-үзік сәттерге бөліп тастап, осы түтам-түтам көріністерді бір-бірлеп мәңгіге ұмытудың тылсым тұңғиығына ытып бара жатқан секілді; міне тізбек-тізбек көріністер: Луизиананың мақта плантацияларында қараң-құраң етіп жүрген негрлер, Кентуккидің, көк шалғынындағы қанатты сәйгүліктер, Аризона күнінің кешкі шапағына малынған грек ғашықтар, міне, Альвароға қылқаламын бұлғаған, Мичиган көлі төңірегін түрлі-түрлі бояулармен салып түрған жабық жағалы қызыл кеудеше киген суретші қыз; қыздың қол бұлғауында қоштасудан гөрі кезігуге деген үміт басым, көз алдынан көлеңдеп өтіп бара жатқан поездың қайтып оралмасқа бара жатқанын ол қайдан білсін! Альвародан кейін Альфонсо мен Герман кетті, дүйсенбіде қайтып келмек болып, сенбі күні жолға шыққан, содан бұл екеуі туралы хабар-ошар естіген жан жоқ. Ғалым каталондықтың кеткеніне бір жыл өткенде Макондода калған жалғыз Габриэль; ол да екі ұдай сезімнің үстінде, бірақ әлі күнге дейін Сиқыршы қыздың қауіпті қамқорлығын пайдалануын қояр емес; сонымен бірге бірінші бәйгесіне Парижге сапар тігілген бір француз журналы ұйымдастырған конкурстың сұрақтарына жауап береді; бұл журналды жаздырып алатын Аурелиано Габриэльге сұрақтары бар парақтарды толтыруға көмектеседі; ол бұл шаруаны кейде өз үйінде, кей кезде Габриэль іштей қалыңдығым болар деп үйғарып жүрген Мерседес деген қыз тұратын, Макондодағы аман қалған бірден-бір аптекадағы жаман ыдыстардың арасында алтын тамырдың ашқылтым иісін жұта отырып істейді. Қалада қалған көненің көзі — осы аптека ғана, қаланың қирап тозуы әлі де жетер шегіне жетер емес, өзін-өзі жалмап тынатын өткеннің түгесілуі оңай емес, оның бір сәтте бітуі де мүмкін, сонымен бірге бітуінің өзі итырақта-

тып талайға созылуы да ықтимал. Қаланың иесіз қалып күйзелгені сонша, поездар Макондоға тоқтамай ағып өте беретін болған, сондықтан конкурста жеңіп шыққан Габриэль ауыстыратын бір-екі таза киімін, екі пар бәтеңкесін, Рабленің толық жинақтарын буып-түйіп, Парижге жүрмек болғанда, олар Макондо станциясының тұсында машинистке қол бұлғап, поезды әрең тоқтатқан-ды. Ежелгі Түріктер көшесі бұл күнде каланың тұлдырсыз түкпіріне айналған, мұнда атам заманғы дәстүрлері бойынша дүкендерінің есігінің аузында малдасын құрып, ақырғы арабтар сол байсалды қалыптарында ажал жетіп, ақтық демі таусылар күнді тосып отыр, олар соңғы кездемелерін сатып жібергендеріне де талай жыл, құлазыған сөрелерде басы жоқ манекендер жайрап жатыр, нәсілшілдік жайлаған, асының алды түз қияр саналатын өлкеде — Алабама штатының, Пратвилл қаласында тұратын Патриция Браун мүмкін анда-санда есіне алып, немере-шөберелеріне әңгімелеп беретін банан компаниясы қалашығының орнында қазір жайқалып шөп өсіп тұр. Падре Анхельдің орнына келген, аты-жөнінің кім екенін білуге бір құдайдың құлы құлық қоймаған қарт священик буын-буыны сырқырап, көкірегінде оянған күпіршілік күмәнді ойы мазасын алып, ұйқтай алмай, аспалы төсегінде аунақшып жатқанда, дәл қасында құрт-құмырсқа, кесіртке, егеуқұйрық ғибадатханаға иелік ету үшін өзара шайқас салып жүр. Аптап пен аңызақ еркін тыныстауға мұрша бермейтін, тіпті, құс екеш құсқа дейін тастап кеткен мынау Макондода айналаны кеулеген құрт-құмырсқаның тықыры бір сәтке үйқы бермейтін үйге жалғыздық әрі махаббат пен сүйіспеншілік әлегі әкеліп қамаған Аурелиано мен Амаранта-Урсуладан басқа бақытты тырс еткен бір де бір пенде баласы жоқ еді, жалпы жер бетінде олардан бақытты жандар жоқ еді.

Гастон Брюсселье қайтып кетті. Аэропланды тоса-тоса тағатынан айрылған ол күндердің күні болғанда шамаданына керек-жарағы мен жазысқан хат-қағаздарын қаттап салып алды да, өзінің жеңілдік беретін лицензиялары провинцияның үкімет орындарына мұның жобасынан да ғаламат жоспар ұсынған неміс авиаторларының бірлестігіне тапсырылғанға дейін әуе арқылы ұшып келмек оймен тартып кеткен. Алғашқы махаббат көшінен кейін Аурелиано мен Амаранта-Урсула Гастон олай-бұлай шығып кеткенде, көзін ала беріп құмар қандыруға көшкен, бірақ үрлықтың, аты

ұрлық, күйеуі келіп қала ма деп алаңдап сезімдерін ірке берген. Екеуден екеу қалған соң олар ұзақ уақыт бойы шарасынан шыға меймілдеп тұрған әсер сезімді ой еркіне жіберді-ау. Бұл тіпті Фернанда марқұмның, баяғыда қурап қалған сүйегін сұмдықтан шоршытқан, ес-түстен айырып, бір сәт те бел жаздырмайтын, бір тояты жоқ арсыз жалмауыз құштарлық, Амаранта-Урсуланын ойпырмайы, өліп-талып гей-гейлеп ыңырсуы, құштарлық мақамы күндізгі екіде ас үстелдің үстінен сыңғырлап естілсе, түнгі екіде сыңсып шошаланың, ішінен шығады. "Бәрінен бұрын қанша уақытты текке өткізгенімізді айтсаңшы," — деп сылқсылқ күледі ол.—Тіпті өкініштен өзегім өртенеді. Құмырсқалардың бақшаны жапырып құртқанын да көрді, содан жаратылысында тойымсыз обыр немелердің үйдің, ағаш бөлектеріне ауыз салғанын да, қара құрым нөпірінің дәлізге жайылып кеткенін де көрді, бірақ құмарлық улап тастаған бойын қозғай алмады, ақыры құмырсқалар жатар бөлмесіне кіріп, өздеріне ауыз сала бастағанда ғана оларды құртуға кірісті. Аурелиано да үйден шықпайды, пергаменттерін де жайына қалдырды, әйтеуір, анда-санда ғана ғалым каталондықтың хатына жауап жазады. Ашыналар өзге дүниенің бәрін де ұмытты, уақытқа қарауды қойып кетті, күнбе-күнгі тіршілік ырғағынан да жаңылып қалды. Есік-терезені тарс бекітіп алып, киініп-шешінуге уақыт кетірмес үшін үй ішінде баяғыда Әсем Ремедиос арман еткендей күйде жүре береді, аңсарлағы ауса тыр жалаңаш қалыптарында ауладағы шалшыққа да аунай кетеді, тіпті бірде хауыз ішінде құмардан шығамыз деп, суға түншығып қала жаздағандары да бар. Аз уақыт ішінде олар үй-жайға құмырсқалардан көбірек күйзелушілік әкелді; қонақ үйдегі мебель атаулыны қиратып, полковник Аурелиано Буэндианың, жорық үстіндегі көңілсіз қызық-шыжықтарының куәсі болған аспалы төсекті қақ айырып тастады, мақтадан боран боратып, асыр салып жүріп, матрастар мен көрпелердің, төсек-орынның түте-түтесін шығарды. Ашыналық арыны жөнінен Аурелиано сапарда жүрген бәсекелесінен титтей де кем соқпайтын, алайда, мына қызыл майдан қызықта небір адам қиялы жетпейтін құйтырқыларды шығаруға келгенде айрықша айлалы, әрі ләззатқа әсте тойымсыз Амаранта-Урсула үстем. Арғы шешесі аң-құс кейіпті кәмпит пісіруге арнаған алапат жалын-жігерді

ол тек махаббат үшін жұмсауға жаралғандай. Амаранта-Урсула өз қылығына өзі насаттанып, рақаттан ән салып, шаттықтан күлкіге шашалып, жарқылдай түскен сайын, Аурелиано томсарып, бүйыға түседі, оның сезімі жүрек түкпірінде, үндемей іштен күйіп-жанады. Дегенмен махаббат ойынында екеуі бір-бірінен қалысар емес, олардың бұл өнерді шегіне жете меңгергендері сонша, әбден шөл қандырып шаршап титықтаған шақтың, өзінде қызықтан шыжық шығаратын болған. Ләззат жолы жалғыз болса, олар құмар тарқатудың мың сан соқпағын тауып, пұтқа табынатын адамдарша өз тәндерін тамашалап, таңырқауға көшіп еді. Айталық, Амаранта-Урсуланың, тертіп тұрған анарларының баданадай үрпісіне жұмыртқаның ағын жағып, тығыншықтай томпайған мықыны мен майда селдір түк басқан қарнын Аурелиано кокос майымен уқалап бипаздап жатқанда, Амаранта-Урсула оның қолақпандай тентегімен қуыршақша ойнайды, ерін бояуымен ол түскірге сайқымазақтың көзіндей дөңгелетіп көз, қас бояйтын қарындашпен түріктің мұртындай мұрт салып, атлас лентадан галстук жасап тағады, күміс қағаздан шляпа жасап кигізеді. Тіпті бір күні түнде үстібастарына шабдалы шырынын жағып алып, бірін-бірі итше жалап, дәліздің еденінде аунап, есі ауысқан адамдарша еліріп, қызыққа батқан да, содан үсті-бастарына құмырсқалар жабылып кетіп, өздерін тірідей жеп қоя жаздағанда барып бірақ оянған.

Сабасына түсе қалған әредік-әредікте Амаранта-Урсула Гастонның, хаттарына жауап береді. Ол алыстап, өгейсіп кеткен секілді, оның қайтып келуін көз алдына елестете алар емес, өзінің, алғашқы хаттарының бірінде ол сыбайластарының өзіне аэроплан салып жібергені рас болып шыққанын хабарлады, алайда Брюссельдегі теңіз агенттігі шатасып, оны Танганьикаға салып жіберіп, ал онда аэроплан макондтар тайпасына табыс етіліпті. Бұл шырғаланның шатағы бастан асып жатыр, аэропланды онан алып қайтуға табандатқан бірер жылдың қажет болатын түрі бар. Сондықтан да Амаранта-Урсула күйеуі межелі мерзімнен ерте, сірә, келе қоймайтын шығар деп ойлаған. Ал енді Аурелианоның былайғы дүниемен байланысының арнасы — ғалым каталондықтың хаттары және аптеканың үндемес қожасы Мерседес арқылы қолына келіп тиетін Габриэльдін хабар-

ошары. Бастапқыда байланыста мін болған жоқ. Габриэль Парижде қалу үшін қайтар жолының билетінің ақшасын қайтарып алып, енді ескі газеттер мен Дофин кешесіндегі бір сұрықсыз мейманхананың қызметші қыз-келіншектері күресінге тастайтын бос шөлмектерді сатып күнелтіп жүр. Ол кезде Аурелиано әлі де досының кескін-келбетін айны қатесіз көзіне елестете алатындай күйде еді: ол Монпарнастың бойы қол ұстасқан ғашықтарға толып кететін көктем шыққанша, үстінен биік жағалы жылы кеудешесін тастамайтын, аштықта сыр алдырмас үшін күндіз үйқтап, түн баласында Рокамадур[1] көз жұмған, түрлі-түсті піскен капустаның, иісі айықпайтын аядай бөлмеде жазу жазып отырған досын анық көреді. Алайда Габриэль туралы хабарлар біртіндеп көмескілене берді, ғалым каталондықтан келіп тұратын хаттар да сиреп, мазмұны мұнарлана, мұңдана бастады, сөйтіп Амаранта-Урсула күйеуі жайлы қандай ойда болса, келе-келе Аурелиано да Габриэль мен карт туралы да солайша ойлайтын күйге жетті, осылайша ғашықтар оңаша, өздерінен басқа тірі пенде жоқ, оқшау дүниеге тап болды, онда тек махаббат қана өмірлерінің жалғыз мәніне, мәңгі нәріне айналды.

Кенеттен парасат-парық безіп кеткен осы патшалықта Гастонның қайтып келе жатқаны жайлы хабар дәл құлақтың түбінен сарт еткізіп мылтық атқандай әсер еткен.

Аурелиано мен Амаранта-Урсула сонда ғана көздерін ашып, әрқайсысы өз жан сарайының терең түкпірлерін, қатпар-қатпар қалтарыстарын шолып шықты, сонан соң қолдарын көкіректеріне қойып тұрып, бір-бірінің дидарына көз тікті, олар сол сәтте өздерін енді ажалдан басқа құдірет ажырата алмайтын, жандары жабысып, біте қайнасып кеткен бір тұтас тұлғаға айналғандықтарын ұқты. Осыдан соң Амаранта-Урсула қолына қалам алып, күйеуіне қым-қуыт, қарама-қайшы шындыққа толы хат жазды: Гастонды бұрынғысынша сүйеді, тіпті көргісі де келеді, бірақ тағдырдың, тәлкегі ме кім білсін, әйтеуір, ендігі жерде Аурелианосыз да күні жоқ екенін жасыра алмайды. Олардың хаупі бекерге шықты, Гастон ағалық ақылын айтып, сабырлы жауап қатты, хатының екі парағында құштарлық-құмарлықтың өткінші

---

[1] Рокамадур—осы заманғы Аргентина жазушысы Хулио Кортасардың "Классиктер болып ойнау" романының кейіпкері.

сезім екенін айтып ескерте келіп, соңын ала аз күн бірге сүрген дәуреніміздің ішінде біз қандай бақытты болсақ, сендер де сондай мерейлі болыңдар деген тілегін де астарлап жеткізген екен. Дәл Гастоннан мұндай мінез күтпеген Амаранта-Урсула тегінде бұрын күйеуі мұны тағдырдың талапайына тастап кетуге себеп таппай жүрген де, мына сылтау арам пиғылына дөп келген екен-ау деген пікірге тіреліп, іштей қатты қорланып еді. Арада жарты жыл еткен соң Гастонның аэропланын қайтып қолына қондырғанын хабарлап, сосын Макондода қалдырған заттарының ішінде өзі қымбат санайтын жалғыз ғана мүлкін — велосипедін салып жіберуді өтінген бір ғана тілектен басқа ештеңесі жоқ. Леопольдвильден жазған хатын алғанда, тағы да бір ширығып шамданған болатын.

Аурелиано қуанышты сәттерде ғана емес, қиын-қыстау күндерде де өзінің жақсы жар бола алатынын дәлелдеуге тырысып, қатты қапаланған Амаранта-Урсуланы жанын салып жұбатып бақты, Гастоннан қалған каржы біткеннен кейін бастарына түскен жан сақтау қамы екеуінің бұрынғы қатынастарын ендігі жерде жолдастық, достық сезіммен бекіте түсті, бұл бұрынғы тықыршып тұратын бағдарсыз асыптөгілген құмарлықтан да күшті бір-біріне іштей ынтықтыратын сүйіспеншілік еді, Пилар Тернера дүниеден қайтқан кезде олар нәрестелі болғалы жүрген.

Аяғы ауыр кезінде Амаранта-Урсула балық жондарынан моншақ жасап сатуға да әрекет жасады, алайда онысын өзіне арнап он шақтысын сатып алған Мерседестен басқа алушы табылмады. Өмірінде түнғыш рет Аурелиано әйелінің мөлшермен алғанда күллі Макондоның соңғы тұрғындарының барлық қаржысына тең деп шамалауға келетін әулеттерінің қымбат мүлік-мүкәмәлі салынған қорапшасы сияқты, өзінің де тілге зеректігінің, энциклопедиялық білімдарлығының бір қарағанда, өзіне беймәлім баяғыда өткен оқиғалар мен шалғай жатқан жерлердің хикаясына қатысты заттарды табан астында тауып айтып бере алатын алғырлығының жан баласына қажеті жоқ екенін түсінді. Әйтеуір, бір ғайыптың күшімен жан сақтап жүр. Әйтсе де Амаранта-Урсула жайдары мінезінен жаңылып, махаббат майданындағы қылықтарын да қойған жоқ, дегенмен астан кейін дәлізге шығып ойға шомып ұзақ отыруды дағдыға айналдырды, арман қуды,

ұйқтамады демесеңіз, бұл да түскі дамыл рәсімі секілді. Аурелиано қарсы келіп отырады. Кей кезде олар бір-бірінен көздерін айырмай жанарларымен аймаласып, тырс етіп тіс жармай, қараңғы түскенше рахаттанып отыра беруге бар, сөйтсе де олардың махаббат нұры бұрынғы қиқу салған кездегіден де бір кем емес, іштей еміреніп, елжіреседі. Болашаққа сенімсіздік олардың жанын қайтадан өткен күндерге қарай жетеледі. Толассыз жаңбыр жауған жылдар көзден бүлбүл ұшқан ұжмақ екен ғой, олар аулалары шалшықта жалаң аяқ, жалаң бас асыр салып ойнаған, кесірткелерді ұстап алып өлтіріп, Урсуланың үстіне іліп кететін кездерін еске алады, ұлы шешелерін әдейі өлдіге санап тірідей көмеміз деп қорқытқан тұстарына күліседі, бұл естеліктер екеуінің мына бір ақиқатқа көзін ашқандай: ес білгелі бұлар тек бірге болған кездерде ғана өздерін шынайы бақытты сезінген екен. Амаранта-Урсула зергерлік шеберханаға кірген кешті, сонда Фернанданың кішкентай Аурелианоны ғайыптан кезіккен бала, оны өзенде ағып келе жатқан себетінің ішінен тауып алдық деп түсіндіргенін есіне түсірді. Олар бұл сөздердің шындыққа жанасымы шамалы екенін бірден бағамдады, алайда бұл қисынды теріске шығарарлық ақылға қонымды дәлел таба алмай қиналды. Талай болжам-нобайларды ой елегінен өткізе келе, олар Аурелианоның Фернандадан тумағанына ешқандан талас жоқ деген бір тұжырым қайырды. Амаранта-Урсула болса, ол Петра Котестен туды деген нобайға бейіл, бірақ әкесінің құштары туралы неше түрлі иянат өсек-аяң құлағына сіңіп қалғандықтан ба, көкейлеріне осындай ой келе қалса-ақ, екеуі де іштей тыжырынады.

Өз әйелінің өзіне жақын туысқандығы жайлы көкірегіне сыналап кірген ойдан аза бойы қаза тұрған Аурелиано көк шалып, қара күйе жеген архивтен өзінің дүниеге келу тарихының, тым құрымаса бір түйінін табам ба деген оймен священниктің үйіне соқты. Оның қолына түскен ең көне куәландыру қағаздарының бірінде бой жетіп қалған шағында падре Никанор Рейне шоқындырған Амаранта Буэндиа туралы ғана жазу бар екен, бұл әлгі священниктің қолына шоколад құйылған кесе ұстап көкке қалықтап, көз байлаушылық өнерін көрсетіп жүрген кезі. Он жеті Аурелианоны шоқындыру жайлы төрт томға жайылған жазбаларды көрген-

де, Аурелианоға көкірегінде мүмкін мен солардың бірі шығармын деген үміт ұшқыны да жылт ете қалған, бірақ туу уақыты тым арыға кетеді екен. Буын-буыны сырқырап, аспалы төсегінде мұның қимыл-қарекетін үнсіз бақылап жатқан священник Аурелианоның, аласұрып, өз тегін, қандас байланысын таба алмай адасып, алабұртып жүргенін көріп, аты-жөнін сұрады, үнінде мүсіркеу бар.

— Мен Аурелиано Буэндиамын.

— Онда текке әуре болма,—дін қызметшісінің даусы қаттырақ шығып кетті.— Бұдан біраз жыл бұрын қалада осындай бір көше болғаны рас, ол кезде жұрт балаларына көше атын беруді жаппай әдетке айналдырған-ды.

Аурелиано ызадан жарыла жаздады.

— Ойпырмай. Сонда сіздің де сенбегеніңіз бе?

— Нені айтып тұрсың?

— Полковник Аурелиано Буэндиа дегеннің болғанын, оның отыз екі рет азамат соғысын ашып, отыз екісінде бірдей жеңіліс тапқанын айтып тұрмын,—Аурелиано төпеп жатыр,— Әскерлердің станция басында үш мың жұмысшыны қоршап алып, қырып салғанын, сосын олардың, сүйегін апарып теңізге тастағанын айтын тұрмын. Соған да сенбейсіз бе?

Священник оны бастан-аяқ шолып шықты, жанарларында аяушылық бар.

— Ай, балам-ай,— деп ауыр күрсінді,— Оны қойып, осы дүниеде өзімнің бар-жоғыма өз көзім жетер емес.

Осылайша Аурелиано мен Амаранта-Урсула себет туралы болжамға тоқтаған, оның шын екеніне көз жеткізгендіктен емес, көкіректерінде кілкіп тұрып алған күмәннан арылып, бойларын жеңілейту үшін сенген еді, әйелдің, айы-күні жақындаған сайын олар бір кісідей болып кетті, жел үп етсе қопарыла қирағалы тұрған осы үйді жайлаған жалғыздықты да сезер емес. Оларды қоршаған орта да біртіндеп тарылып келеді, екеуі шегіне-шегіне махаббатқа түпкілікті кірісуге мүмкіндік ашатын Фернанданың бөлмесінен басталып, андасанда Амаранта-Урсула сәбиге арнап башмақ пен кепеш тоқып отыратын, Аурелиано ғалым каталондыққа арасына апталар салып сәті түскенде бір хат жазатын дәліздің аядай қанатын қамтитын кішкене ғана кеңістікте тірлік кешуде. Үйдің қалған бөлегі күйретуші күштің тегеурініне төтеп бере алмады. Зергерлік шеберхана, Мелькиадестің бөлмесі,

Санта София де ла Пьедадтың патшалығы болған үнірейген қараңғы қуыс басқа жақта, сағымды сары шөлде қалған секілді, баруға ешқайсысының жүрегі дауаламайды. Жанжақтарынан обыр табиғаттың қыспағына түскен Аурелиано мен Амаранта-Урсула да бой бермей, киікоты мен жұпаршепке су құйып күтуін қойған жоқ, адамзат пен құрт-құмырсқа арасында атам заманнан келе жатқан қанды айқаста қорытылмаған әктен табан тірер соңғы шөп жасап аянбай-ақ шарпысып жатыр. Күтім көрмей, өсіп, қобырап кеткен шашы, бетіне қаптап кеткен қара дақ, аяғының ісіп, балғын денесінің, әсем бедерлерін жүкті болуы бүлдірген Амаранта-Урсуланың баяғыда, күйеуін қарғы бау салып жетелеп, үмітін ақтамай, пыр-пыр ұшып, бет-бетіне кеткен шымшық толы торын ұстап келген кездегі уылжыған күйі жоқ, бірақ рух сергектігі сол қалпында. "Бұл неткен масқара,—деп сылқ-сылқ күледі.— Күндердің күнінде біз осылайша, кісі етін жейтін жабайы жандарша өмір сүреміз деп кім ойлаған! Оларды былайғы дүниемен байланыстырып тұрған соңғы дәнекер аяғының ауырлағанына алты ай толғанда үзілді, қолдарына хат тиісімен-ақ екеуі де мұның ғалым каталондықтан емес екенін бірден сезген. Хат Барселонадан жөнелтіліпті, бірақ конверттің сыртындағы адрес тек ресми қағаздардан ғана көруге болатын бірыңғай көк сиямен, маржандай әріптермен жазылған. Бірақ ниеті бұзық адам тартатын сый секілді жұпыны, қарапайым аманат Аурелиано енді аша берген кезде конвертті Амаранта-Урсуланың қолынан жұлып алды.

— Оқымай-ақ қойдым,— деді. — Ішінде, мейлі, не жазылса, о жазылсын.

Жүрегі сезген екен, ғалым-каталондықтан хат содан кейін кілт тыйылды. Бейтаныс адамдардан келген хат сол ешкім оқымаған күйінде бір кезде Фернанда неке сақинасын ұмытып кететін сөреде шаң басып: күйе жеп, бір жағынан ішіне жазылған жаманат хабар жалмап қозғаусыз жата берді, ол екі ортада оқшау дүниедегі ғашықтар екеуін басқалар сияқты өкініш пен мәңгіге ұмыт қалудың сары шеліне қарай тықсырып әкетпек болып, өзін текке кетіріп, тыраштанған уақыттың өмірді тоқтаусыз сарқып, жұтып, құртатын дауасыз уақыттың ағысына қарсы жүзді, өздеріне төнген қатерді сезген Аурелиано мен Амаранта-Урсула соңғы ай-

ларда қол ұстасып, жұптарын жазбай, ала құйын ессіз құмарлық құшағында біткен перзенттерін әлденелеп өмірге әкеле жатты. Түнде құшақтасып төсекте жатқан шақтарында олар ай жарығындағы құмырсқалардың қыбырына да, қара күйенің пырылдап ұшқанына да, көрші бөлмелерді басып кеткен арамшөптің сыбдырына да елең етпейді. Көбінесе аруақтардың сыбыр-күбірінен оянып кетеді. Олар Урсуланың ұрпағымды сақтап қалам деп жаратылыс заңдарына қарсы жүргізген тынымсыз арпалысын, Хосе Аркадио Буэндианың ашылған ұлы жаңалықтардың ақиқаттығын дәлелдеймін деп текке әуре-сарсаңға түскенін, Фернанданың дұға оқығанын, өзекті өртеген өкініш, көз аштырмаған көп соғыс пен алтын балықтардың полковник Аурелиано Буэндианы аздырып жібергенін, сауық-сайранның үстінде Екінші Аурелианоның қалайша жалғыздықтан мерт болғанын естіп жатып, адам баласының жеңсік бермейтін, ең басты құмарлық сезімі ажалдан да құдіретті екеніне көз жеткізеді, екеуі де елеске айналғаннан кейін де, болашақ тіршілік иелерінің, жаңа түрлері құрт-құмырсқа атаулыдан тартып алатын жұпыны жұмақты көп ұзамай құрт-құмырсқа адамдардан қайтадан тартып алып қоятып уақыт туғаннан кейін де, бір-бірін бәз баяғыдай сүйе беретінін ойлап, шүкіршілік етеді, өздерін бақытты сезінеді.

Жексенбі күндердің бірінде, кешкі сағат алтыда Амаранта-Урсула толғағы келгенін сезді. Аштықтан тәнін сатқан қыздарға қызмет қылып жүрген, езуінен күлкі кетпейтін акушер келіншек оны ас ішетін үстелдің үстіне ұзынынан жатқызып қойып, қарнына отырып алып, атқа шапқан адам құсап ал келіп дүмімен түйгіштесін, ол екі қабат әйелдің жан ұшыра бебеулеген айғайына дүниеге келген бас-аяғы балғадай еркек жынысты сәбидің, шыр ете қалған даусы ұласқанша, солай тыным таппай секектеп түйгіштей берген. Қуаныш жасы жанарларын жуған Амаранта-Урсула сәбидің Буэндиалар әулетіне лайық келбетін, Хосе Аркадио есімін алғандар секілді кесек кескінді, Аурелиано аталғандар секілді сәуегей, тесірейе қарайтын отты көзді екенін байқады, тұқымдарын жалғыздық пен өгейлік батпағына батқан, құрдымға тартатын жаман қасиеттерінен арылтып, жаңа қуатты әулеттің басы осы болар ма деп ойлады, өйткені жүз жыл бойы дүниеге келген Буэндиалар-

дың ішінде жалғыз осы нәресте ғана нағыз махаббат үстінде бойға біткен еді.

— Нағыз кісі жегіш қой мынау,—деді Амаранта-Урсула.— Атын Родриго деп қояйық.

— Жоқ,— Күйеуі қарсылық білдірді.— Біз мұны Аурелиано деп атаймыз, бұл әлі отыз екі соғыста да жеңіске жетеді.

Сәбидің кіндігін кескен акушер келіншек жұмсақ шүберекпен онын үстіндегі көкшіл шуланды сүртуге кірісті, Аурелиано оған жарық түсіріп тұр. Нәрестені аударып, етпетінен салған сәтте ғана олар баланың бойында басқа адамдарда жоқ белгі барын байқап қалды, екеуі де бір мезгілде көрмекке еңкейді. Бұл — торай құйымшақ еді.

Аурелиано да, Амаранта-Урсула да мұны қаперлеріне алған жоқ. Олар Буэндиалар әулетінде болған хикаядан да бейхабар, Урсуланың жеті дүниеде жақын жұрағатпен қан араластырмандар деп зарлаған өсиеті де естерінде жоқ, оған қоса акушер келіншектің соңыра өсе келе баланың сүт тісі түскен соң керегі жоқ құйымшақты кесіп тастауға болады деген сөзінен соң көңілдері мүлде орнына түсті. Келесі сәтте олардың бұл туралы ойлауға мұршасы болған жоқ, кенеттен Амаранта-Урсуладан қан кетіп, әрі кәдімгідей тоқтаусыз құйылып, оны екеуі бірдей жабылып тежей алмай әлекке түсті. Жас босанған әйелге өрмекшінің торын жинап алып басып та, күл сеуіп те көрді, бірақ ешқайсысының көмегі болмады, фонтанды саусақпен бітеген ғұрлы әсер еткен жоқ. Ал дегенде Амаранта-Урсула сергек көрінуге тырысып-ақ бақты. Қорқып кеткен Аурелианоның қолынан ұстап, қайрат беріп, өзі сияқты жандардың тікелей келіп қалған зауал болмаса, жөбшендіге бой бермейтінін айтып, абыржыма деп қояды, акушерка келіншектің күйбеңіне қарап, сылқ-сылқ күліп те алды. Алайда Аурелианоның үміті өшкен сайын, оның да жүзінен нұры тайып, қуқыл тарта бастады, ақыры әлсіреп ауыр ұйқыға шомды. Дүйсенбіде таң елең-алаңда үйге алдырылған әйел науқастың басында тұрып, қан тоқтататын дұға оқи бастады, әдетте бұлар жанға да, малға да, аңға да табан астында әсер етуші еді, бірақ Амаранта-Урсуланың қайнаған махаббатқа толы қаны айла-шарғы әрекеттердің ешқайсысына да көнбей-ақ қойды ғой. Ақшам туа, шарасыздыққа толы жиырма төрт сағат өте, олар Ама-

ранта-Урсуланың, баз кешкенін көрді, қанды бұлақ суалып тынды, жүзінен қиналғандық нышаны өшіп, өңі мәрмәрдай аппақ болып шыға келді, ернінде қайтадан күлкі табы пайда болды.

Сонда ғана Аурелиано достарын есіне алып, оларды соншалықты жақсы көретінін сезді, дәл қазір қасымда болса шіркін деп аңсады, оларды бір көріп, бірге болу үшін ол сол сәтте етінен ет кесіп беруге бар еді. Ол баланы шешесі алдын-ала әзірлеп қойған себеттің ішіне жатқызып, марқұмның бетін көрпемен жауып, иесіз қаланың көшелерін кезіп, өткен күндерге апаратын соқпақтарды іздеп сенделіп жүре берді. Ол көптен бері бас сұқпай кеткен аптектің есігін келіп қақса, оның орнына ағаш ұсталарының шеберханасы орнапты. Қолына шам алып, есік аша шыққан кемпір оның шатасқанына аяушылық білдіріп, мұнда алда-жалда аптека болып көрген жоқ, Мерседес есімді аққу мойын, тұнық көз әйелді естіген емеспін деп бет бақтырмай қойды. Ол ғалым каталондықтың бұрынғы кітап дүкенінің есігіне маңдайын сүйеп тұрып солқылдап жылады, ақыл-санасымен бұл қарекетінің кезінде махаббаттың шырқын алмайын деп уақтылы жоқтамаған қадірменді жанның, қазасына көрсеткен құрметі екенін ұқты. Ол Пилар Тернераны шақырып, "Алтын баланың" қабырғаларын ұрғылай-ұрғылай қолдарын жарақаттап алды, сөйтіп тұрып, ол өзі талай рет оқпақтар сайрандап жүретін ауладан балаша құмарта көз тіккен аспанды тілгілей ұшқан жалқын сары шарлардың жарқырап аққанын да көре алмай қалды. Құмарлық үйлері жағалай қонған иесіз көшедегі ең соңғы аман қалған үйде аккордеоншылардың оркестрі епископтың жиені, Адам Франсиско құпиясының мирасқоры Рафаэль Эскалонанын әндерін ойнап тұр екен. Үй иесі, анасына қол көтергені үшін бір қолы күйген ағаш құсап қатып-семіп қалған кісі Аурелианоны бір жартыны бөліп ішуге шақырды, екінші жартыны Аурелиано қойды. Үй иесі қолына байланысты басына түскен бақытсыздықтың жай-жапсарын әңгімелеп берді. Аурелиано өз мұңын шақты, азғындық жасап, әпкесіне ғашық болғаны үшін жүрегінің өртеніп күлге айналып кеткенін айтты. Ақыры екеуі де ағыл-тегіл жылай бастады. Аурелиано жанын сыздатып әкетіп бара жатқан дерттің бір сәтке бәсеңсігенін сезді. Ал Макондо тарихын-

дағы ақырғы таңда тағы да жалғыз қалған ол алаңның ортасына тұрып алып, қолдарын жайып, шамасы жетсе, бүкіл әлемді дүр сілкіндіруге дайын, кеудесін керіп күллі жандүниесімен ақтарыла айғай салды.

— Дос біткеннің, бәрі де шетінен ит!

Сиқыршы қыз оны көз жасына шашалып, құсығына аунап жатқан жерінен тапты. Сүйрелеп бөлмесіне алып келіп, үсті-басын тазалап, қояр да қоймай бір кесе сорпа ішкізді. Жұбатып, қайғысын ортайту қамымен оның махаббаттың сансыз көп күндері үшін әлі күнге шейін өтелмей жүрген берешегіне дейін көмірмен өшіріп тастады. Аурелианоны жалғыз жылатпау үшін өміріндегі ең бір қайғылы, ең бір күйінішті күнді есіне алып, қосыла еңірегісі келді. Қысқа уақыт қана, бірақ қатты ұйқтап оянған Аурелиано таң ата бере есін жиды. Басының сынып әкетіп бара жатқанын сезді, көзін ашқан сәтте ойына бала түсті.

Нәресте себеттің ішінде жоқ болып шықты. Қас қағым сәтте көңілінде қуаныш оты жылт ете түсті, ұлын уатпақ болып Амаранта-Урсула тіріліп кеткен шығар-ау деген ой келді. Бірақ ол тастай қатты қалпында көрпемен жабулы күйінде жатыр екен. Үйге келген кезде жатын бөлменің есігінің ашық тұрғаны есіне түсті; таңғы таза ауада киікотының жұпар иісі аңқыған дәлізді басып өтіп, асханаға кірді, бағана Амаранта-Урсула толғатқан кездегідей күйінде үлкен қазандық, қанға былғанған ақ жаймалар, күл салынған қыш сынықтары мен үстелдің үстіне жайылған үлкен жаялықтың үстінде қайшы мен жіптің қасында нәрестенің ораулы кіндігі жатыр. Аурелиано тегі акушер келіншек түнде балаға қайтып келген болуы керек деген ойға келді де көңілі орнына түскендей болып, бір сәтке ес жиып, өзіне-өзі келіп байыз тапты. Ол заманында кесте тігуді үйреніп жүргенде Ребека, кейіннен полковник Геринельдо Маркеспен дойбы ойнаған кездерінде Амаранта, нәрестесіне арнап киім-кешек тіккен уақытта Амаранта-Урсула отырған әткеншек орындыққа құлай кетті, дәл осы сәтте санасына айрықша бір сұңғылалық бітіп, енді өз жанының өткеннің ауыр мұң-шеріне, естеліктің зіл батпан салмағына төтеп бере алмайтынын айқын сезгендей болды. Қара басының, қалған жұрттың қайғы-мұңының қара қанжары-

нан өлімші болып жарақат алған ол солып қалған райхан бұталарын айқыш-ұйқыш шандып тастаған-өрмекшінің торына, шайдай ашық ақпан таңының шыңылтыр таза ауасына ұмсынып, саңылау-тесіктерден тегіс жоғары ұмтылған арамшөптерге тандана қарады. Дәл осы сәтте құрысып, бырысып, мүжіліп біткен баланың сүлдеріне көзі түсті, күллі әлемнен жиналған құмырсқалар бақ ішіндегі тас төселген жолмен оны жапыр-жұпыр жағаласып, илеулеріне қарай сүйреп барады. Аурелиано есеңгіреп қалған секілді. Шошынып немесе қатты абыржып есінен айрылған жоқ, дәл осы, аса бір құдіретті тылсым сәтте, оның қолына Мелькиадестің, құпия жазуының ең ақтық кілті ілінді, көз алдынан адамзат әлеміндегі уақыт пен кеңістік өлшеміне толық сай келетін пергаменттер эпиграфы жолма-жол тізіле қалды: "Әулет басы ағашқа байлаулы күн кешер, соңғысы құмырсқаға жем болар".

Аурелиано өзінің бұған дейінгі емірінде бұрын-соңды дәл сол күні таңертең тындырғандай парасатты қам-қарекет жасаған емес, ол өлгендерді де ұмытып, оларды арулау, жоқтауды да ұмытып, баяғыда Фернанда жаптыратын ағаштармен есік-терезені қайтадан тас қылып шегелеп тастады, ол мұны мына дүниенің тырс еткен лебі өзіне бөгет жасамасын деп істеді, өйткені Мелькиадестің пергаменттерінде өз тағдырының да жазулы екенін Аурелиано білетін. Ол пергаменттерді дүниеге адамзат келмей тұрып пайда болған әлдебір өсімдіктердің, осы бөлме ішінде фәниде адамдардың өмір сүргенін сездіретін еш белгі қалдырмай жойып жіберген, жалтыраған бақа-шаян мен буланған шалшықтардың арасында ешбір ақау түспей, сол қалпында сақтаулы жатқан жерінен тапты; ол пергаменттерді жарыққа алып шығып, асықпай-саспай зер салудың орнына, шыдамы жетпей, сол түрегеп тұрған жерінде бас қойды және еш қиналмай, олар бейне бір испан тілінде жазылғандай-ақ ежіктемей, әрі тапа тал түстегі жарықта тұрғандай дауыстап сыдыртып оқи бастады. Бұл Мелькиадес бүге-шігесіне дейін теріп, әрі жүз жыл бұрын алдын-ала болжап жазған Буэндиалар семьясының тарихы екен. Сыған оны өзінің ана тілінде, санскритте жазған екен, әрі тағандағы жұп ұйқастарды император Августың жеке шифрымен құпиялапты да, ұйқасты лакедемондықтардың әскери цифрімен таңбалаған екен.

Мелькиадестің бұл құпиясын Аурелиано енді-енді шеше бастаған кезде, Амаранта-Урсула ғашықтық көңілін аулап дәйегіне жеткізе алмаған, шал соңғы цифрді, енді байқап тұрса, адамдардың уақыт санауындағыдай тізбектеп жатпай, бір ғасыр ішіндегі күнбе-күнгі ұзын сонар оқиғаларды бір сәтке тоғыту үшін әдейі істеген екен. Ашқан жаңалығына масаттанған Аурелиано бір кезде Мелькиадестің Аркадиоға оқып бермек болған, (бұл шынында, Аркадионың атылатындығы жайында болжам еді) әуені бар қос тағандарды бастан-аяқ оқып шықты; содан кейін Аурелиано жаны мен тәні аспанға ұшып кетуге тиіс әлемдегі ең тамаша әйелдің дүниеге келетіндігі жайындағы көрегендік болжамды көрді, содан кейін әкелері өлгеннен кейін екі егіздің дүниеге келгенін, олардың пергаменттің құпиясын зердесі мен қажыры жетпегендіктен емес, құпияны ашу уақыты келмегендіктен шеше алмағанын білген. Бұл тұста өзінің шығу тегін білуге асыққан Аурелиано бірнеше парақты тастап кетті. Осы кезде баяулап жел көтеріле бастады, өткеннің үніне — көне қазотының сыбдырына, сары уайым сазын шертетін ah үрған күрсінуге толы жел қатая берді. Дәл осы сәтте жеңіл мінез көрсетіп, бақытсыздыққа душар ететін әсем әйелді іздеп, сағымды тақырды кезіп, тентіреп кететін нағашы атасының бойынан өз тіршілігінің нышандарын көріп қалған Аурелиано мұны байқаған жоқ. Мұны біліп алған соң Аурелиано өз тұқымының құпия соқпақтарымен ары қарай жылжыды, міне, ол бір жұмысшы адамның өзіне мұның пікірін теріске шығару үшін қасақана берілген әйелмен құмарынан шығатын, шомылатын қара көлеңке бөлмеде, шаяндар мен сары көбелектердің арасында өзінің бойға бітетін сәтіне жетті. Бар бейілі мен ақыл-ойы алдындағы пергаменттерге ауған Аурелиано желдің екінші рет ышқына соққанын да аңғарған жоқ, бұл қуатты леп есік-терезені ілгіштерінен жұлып әкетіп, дәліздін шығыс жақ шатырын аударып түсірді, әрі іргені қопарып кетті. Бұл сәтте Аурелиано Амаранта-Урсуланың өзіне қарындас емес, әпке болып келетінін білді. Фрэнсис Дрейк бұлардың қан қуалап, оның бұрылыс-бұлталаңында шырмалып, бірін-бірі шарқ ұрып іздеп, дүниеге өз тұқымдарының түбіне жететін құбыжық туғызуы үшін Риоачаны әдейі жаулап алған секілді. Бұл кезде Макондо заман ақырда көтерілетіндей құтырына

соққан қара құйынның ортасында шаң-тозаңға айналып кеткен-ді, дәл сол сәтте Аурелиано өзіне мәлім оқиғаларға текке уақыт кетірмес үшін он бір бетті тастап кетіп, өзіне тікелей қатысы бар тағандарды қолға алды, болашақты көрсететін құдіретті айнаға қарап отырған адамдай, өз тағдырынан сыр тартты. Ол алға озып, өзінің қашан және қалай өлетінін білу үшін тағы да бірнеше парақтарды тастап кетті. Бірақ соңғы таңанға жетпей жатып, өзінің енді қайтып осы бөлмеден шықпайтынын түсінді, пергаменттердің айтуына сай, Аурелиано Бабилонья пергаменттердің құпиясын ашып біткен сәтте қатты дауыл сағым қаланы (немесе елес қаланы) жер бетінен де, адамдардың зердесінен де жым-жылас жоқ қылады, әрі пергаменттерде жазылған хикая енді өмірбақи қайталанбайды, өйткені пешенесіне жүз жылғы жалғыздық жазылған адамзат әулетінде екінші қайтара дүниеге келуді жазбаған.

М А З М Ұ Н Ы

Кеңес ЮСУП. Кестелі сөз, кесек кескіндер.....3
Жүз жылдық жалғыздық.....13

Габриель Гарсиа Маркес

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Роман

Аударған ***Кеңес ЮСУП***

/На казахском языке/

Редакторы *Қ. Назырбаев*
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*
Корректоры *Х. Тәжіқұлова*

ИБ № 120

Теруге 26.12.2001 ж. жіберілді. Басуға 27. 12. 2001 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс". Басылымы офсеттік.
Шартты баспа табағы 22,68. Есептік баспа табағы 23,51. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 5469.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
"Елорда" баспасы, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.
"Ақмола полиграфия" жабық акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.